

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ

ҚҰЛМАТ  
ӨМІРӘЛИЕВ

**ҚАЗАҚ  
ТІЛ БІЛІМІНІҢ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**



Алматы  
2014

УДК 811.512.122

ББК 81.2 Қаз

Ө 44

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі  
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша  
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың  
2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»  
аясында шығарылды*

**Ө 44** **Өмірәлиев Қ.**  
**Қазақ тіл білімінің мәселелері** / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес  
және Ж.Қ. Ибраева. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. –  
640 бет.

ISBN 978-601-7172-38-1

Өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдарында қазақ тіл білімі жаңа бір белеске көтеріліп, күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоғалтпаған шоқтықты зерттеу еңбектермен толықты. Сол кезеңде жемісті еңбек етіп, аз ғұмырында қазақ филологиясына мол олжа салған ғалымның бірі – Құлмат Өмірәлиев (1930–1985). Ғалымның бұл жинағына XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілін жан-жақты қарастырған еңбектері енгізілді. Сондай-ақ XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясының жанрымен стилі және VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері бойынша текстологиялық зерттеу мәселелері кең түрде баяндалады.

Бүгінгі ғылым үшін де маңызын жоймаған бұл ғылыми зерттеулер тілші ғалымдарға және көпшілік тіл жанашырларына арналады.

УДК 811.512.122

ББК 81.2 Қаз

ISBN 978-601-7172-38-1

© Өмірәлиев Қ., 2014

© «Абзал-Ай», 2014

## АЛҒЫ СӨЗ

Арамыздан ерте кеткен дарынды ғалым Құлмат Өмірәлиев «Қазығұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неге қалған? Жетім қозы басында жатып қалып, Шопан ата жануар сонан қалған» деп, ұрпақтан ұрпақ аңыз ғып жырға қосқан, өзі де іштей толғана талай айтқан Қазығұртта дүниеге келді...

Ол Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология факультетін, аспирантурасын бітірді (1953-60); Атырау пединститутында ұстаздық етті (1961-62); «Қазақстан мектебі» журналында бөлім басқарды (1962-72); академик І. Кеңесбаевтің жетекшілігімен «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1972 жылдың көктемінен бастап аз ғұмырында Ұлттық Ғылым академиясында А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тұркітану бөлімінде жемісті еңбек етті.

Қ. Өмірәлиевтің зерттеулері туралы сөз болғанда алдымен әдетте тарих ауызға алынады. Олай болуы әбден заңды да. Себебі оның үш жүзден астам үлкенді-кішілі еңбектерінің тікелей із жанамалай болса да тарихқа соқпай кетпейтіні жоқ. Біреуінде азырақ, екіншісінде одан көбірек дегендей, бәрі сол тарих тұрғысынан таразыланады. Ол – тіл тарихы, әдебиет тарихы, ел тарихы. Үш өрім осы тарихтық талдау соншама еңбектің қай-қайсысында да өзара тығыз байланыста әрдайым жарыса қатар жүреді, бірін-бірі толықтыра келе тұтас бір бүтінге айналады. Бұл – Өмірәлиев шығармашылығындағы айқын бір жүйе. Осы реттен ол әрі лингвист, әрі әдебиеттанушы, әрі тарихшы – үшеуінде де және тең дәрежедегі, жан-жақты білімдар ғалым десе болады. Зерттеулерін бұлай бірнеше ғылым тоғысында жүргізетін, ғұламалығы жағынан сойы бөлек мұндай тұрпатты ғалымдар ғылымда жалпы сирек құбылыс, жиі ұшыраса бермейді.

Ғылым, білім салаларының қай-қайсысы да қашанда өзара сабақтастықта, жалғастықта дамиды. Қ. Өмірәлиев шығармашылығының да өзіндік бастау тіні, алды бар. Мәселе бұл жерде ғалымның сан сала тақырыпқа жазылған қыруар зерттеулерінің

кешенді сипат алуына, ғылыми ой-жүйесінің даму арналарының қалыптасуына бастау, мұрындық болған мектеп туралы болып отыр. Ол – Сәрсен Аманжолов мектебі. Қ. Өмірәлиев үлкен ғылымға осы Аманжолов «бесігінен» келді, ғалым ретінде осы Аманжолов бағытында қалыптасты. Аяулы ұстазының асыл қасиеттерінен көп нәр алғаны, бойына ғылымға деген құштарлық, махаббат сезімінің терең дарығаны оның қысқа ғылым жолынан, артында қалған бай мұрасынан айқын көрінеді.

Қ. Өмірәлиев еңбектері туыстас түркітанушылардың ғана емес, алыс шетел ғалымдарының да назарына көзінің тіпті тірі кезінде-ақ іліне бастайды. Мысалы, Charl F. Carson мен Hasan Oraltay 1983 жылы Лондонда «Central Asian Survey» дейтін ағылшын басылымында «Күлтегін: келешек үшін насихат па?» дейтін үлкен мақала жариялайды. Осы мақала 1985 жылы енді Анкарада түрік тіліндегі «Asia-Afrika Arastirmalari Grubu» атты жинақта аударылып тағы басылды. Авторлар өздерінің осы екі тілде шыққан мақалаларында Қ. Өмірәлиевтің 1982 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Күлтегін» дейтін проблемалық үлкен мақаласына 68 жерде сілтеме жасаған.

Міне, бұл да дарынды әріптесіміздің түркітану ғылымындағы қарым-өресін көрсетсе керек.

Д.С. Лихачев В.В. Виноградовтың «О теории художественной речи» дейтін кітабының соңына берілген өзінің «О теме данной книги» атты көлемді мақаласында оның жұмыс стилін былай сипаттайды: «Он работал постоянно. Читая, беседея, слушая радио, следя за выступлениями на заседаниях, все время делал наблюдения над языком, размышлял. Он держал в уме программу своих исследований на много лет вперед». Қ. Өмірәлиев те дәл осылай, қатаң жұмыс стилін ұстанды. Әсіресе, өмірінің соңғы он жылында. Бұл жылдар ғалым үшін бір қарбалас, қат-қабат, асығыс, тынымсыз еңбекке толы, жанкешті қиын жылдар болды. Оның осы кітапқа толықтай топтастырылып отырған белгілі төрт монографиясының төртеуі де («XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзияның тілі», «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі», «VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері» және «Оғыз қаған» эпосының тілі» дейтін ең іргелі бас кітаптары) осы аралықтағы, күнді күнге, танды таңға ұрған, толассыз ауыр еңбектің нәтижесі, сол жемісті он жылда шықты.

Ғалымның көне түркі әдеби ескерткіштері деп отырғаны «Күлтегін», «Моғон Чур», «Тоңукук», «Могиян хан», тағы осы-

лар тәрізді Орхон-Енисей тас жазбалары. Бұлар – түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарының баяны. VIII ғасырдың басында хан жарлықтары мен шежіре үлгісінде жазылған шағын-шағын көркем әңгімелер «Күлтегінде», мысалы, ертедегі түркілердің айшықты әдемі сөз орамдары, мақал-мәтелдері, жоқтау өлеңдері, шешендік сөзі, образды тіл өрнектері, эпостық суреттеулер, тарихи баяндаулар – бәрі бар.

Ғалымның тағы көне түркі әдеби ескерткіштер деп отырғаны Хас Хаджип Юсуп Баласағунидің бастан-аяқ поэзия «Құтадғу білік» дастаны мен Махмуд Қашқаридың «Девону луғат-ит турк» еңбегі. Қ. Өмірәлиев бұларда VIII ғасыр әдеби ескерткіштеріндегі қарағанда көне түркілік поэзияға тән сұлу сөзқолданыстардың, көріктеу құралдарының әлдеқайда мол екенін атап көрсетеді. Ол ұсынылып отырған бұл монографиялар топтамасында «Оғуз қаған» эпосының тілі» де дәл осы бағытта, осы күнгі көркем тіл жүйесімен салыстырылады. Осы күнгі көркем тіл жүйесімен сабақтастықта, жалғастықта қарастырылады.

Ал топтамаға кірген келесі еңбекте XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясының жанры мен стилі, өлең түрлері зерттеледі. Көріп отырғанымыздай, алдыңғы екі еңбекке қарағанда, бұнда көне түркілер дәуірінен көп берідегі қоғамдық ой-сана, әлеуметтік жағдай сөз болады. Бұнда автордың зерттеу әдісі де басқарқ: ол бұл аталмыш дәуірдегі поэзияны қазақ әдеби тілі мен әдебиет тарихының мәселелерімен, яғни әдебиеттану мен тіл білімінің объектілері өзара қабаттастыра, өзара тығыз байланыста алып, тақырыпты әрі лингвист, әрі әдебиетші, әрі тарихшы ғалым ретінде қарастырады.

Ұсынылып отырған кітапқа Қ. Өмірәлиевтің бүгінде библиографиялық мәні жағынан сирек ұшырасатын, аса зәру дереккөзіне айналған монографиялық зерттеулері топтастырылған. Аяулы әріптесіміздің онша ұзақ емес шығармашылық жолынан лайықты қорытындысы есепті бұл монографиялары, өзге де түрлі зерттеулері қазақ филологиясында, түркологияда бүгінде де жоғары бағаланады және алдағы уақытта да ғылыми құндылығын жоймайды деп ойлаймыз.

Ескерте кетер бір жайт – біз жинақты дайындау барысында ғалымның құнды мұрасына қол тигізбеуді, ешқандай өзгеріс, редакция жасамауды жөн деп таптық. Сол себепті, әсіресе, монографиялардың алғы сөзіндегі кеңестік идеологияның сарынымен жазылған жолдарға бүгінгі оқырман қауым түсіністікпен қара-

ғаны жөн. Өйткені ол кезде әрбір зерттеудің «біссімлләсі» осылайша басталмаса, олардың жарық көруі екіталай болатын.

1991 жылы ғалымның кіндік қаны тамған Үшбұлақ ауылындағы өзі оқыған мектепке Қ. Өмірәлиев есімі берілді. 2001 жылы оның 70 жылдық мерейтойына бағышталып мектеп алдына ескерткіш-бюсті орнатылды. 2003 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы қаулысымен Қазығұрт кентіндегі аудандық орталық кітапханаға Қ. Өмірәлиев есімі берілді, 2010 жылы осы кітапхана алдына еңселі ескерткіші тұғырға қонды.

Қашанда «Ғалымның хаты өлмейді». Әсіресе ол ізашар еңбек жазса, өз тұсында да, бүгінде де, болашақта да ол еңбегі көп қажетіне жарап, ел игілігіне айналса. Осындай ұлттық мәдени мұраға айналған Қ. Өмірәлиевтің еңбектерінің алғаш рет бәрі бір жерге жинақталып, тізбекті топтама құрап, жарық көруі қазақ филологиясы үшін ғана емес, исі қазақ ғылымына қосылған үлес деп білеміз.

\* \* \*

Көрнекті тілші-ғалым, қазақ мәдениеті тарихы мен тіл біліміне сүбелі үлес қосқан Ербол аға Жанпейісов те бақилық болды. 2010 жылы Қ. Өмірәлиевтің «Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер» атты топтама жинағы жарыққа шыққанда ерекше қуанып, осы «Алғы сөзді» жазысып еді. Сондықтан Ербол ағамыздың әлі сиясы кебе қоймаған талғампаз, жанашыр жазба-жолдарына қосымша жамауды қош көрмедік.

\* \* \*

Өкінішке орай, ғалымның «Оғыз қаған» эпосының тілі» атты құнды монографиясын қалыпты көлемнен аса алмағандықтан «Антологияға» енгізе алмадық. Кітап соңындағы әлі толық емес библиографиялық көрсеткішке көз жүгіртсеңіз, зерттеуші мұрасының өзекті тұстары, көкірегі ояу жастың шам алып іздейтін мақала-жазбалары аз еместігіне көз жеткізесіз.

**Ербол ЖАНПЕЙІСОВ,**

филология ғылымдарының докторы.

**Ғарифолла ӘНЕС,**

филология ғылымдарының докторы



*(1930 – 1985)*





I

**XV–XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ  
ТІЛІ**

## **КІРІСПЕ**

### **ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

## **I ТАРАУ**

### **ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ XV ҒАСЫРҒА ДЕЙІНГІ АРНАЛАРЫ**

## **II ТАРАУ**

### **КӨНЕ ДӘУІР МЕН ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР, СТИЛЬ, ФОРМА БІРЛІГІ**

1. VIII–XI ғасыр ескерткіштеріндегі мақалдар мен қазақ поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдердің бірлігі
2. XI ғасыр ескерткіштеріндегі ауызша поэзия үлгілері мен қазақ поэзиясы арасындағы байланыс белгілері
3. XIII ғасырдағы ауызша поэзия үлгілері
4. Алтын Орда құрамында болған халықтарға ортақ поэзия

## **III ТАРАУ**

### **XV–XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АВТОРСЫЗ ҮЛГІЛЕРІНІҢ СТИЛЬДІК, ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

1. XV–XIX ғасыр поэзиясына тән ортақ мотив пен варианттылық
2. Ортақ мотивті, вариантты толғау-өлеңдердің мақал-мәтелдермен стиль, тіл жағынан бірлігі

## **IV ТАРАУ**

### **БҰХАР ЖЫРАУ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ**

1. Бұхар өлеңдерінің текстологиясы
2. Бұхар поэзиясы тілінің лексикалық құрамы
3. Бұхар поэзиясының грамматикасы жайлы
4. Бұхар поэзиясында сөздердің мағыналық қолданысы жайлы

## **V ТАРАУ**

### **МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ**

1. Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысы
2. Махамбет поэзиясы тілінің лексикасы
3. Махамбет поэзиясындағы сөз тіркестері мен фразеология, халықтық дәстүрлі сөз орамдары, тұрақты сөйлемдер, афоризмдер
4. Махамбет поэзиясында сөздердің стильдік-мағыналық қолданысы
5. Махамбет поэзиясында стильдік-тілдік тәсіл ретінде жұмсалатын формалар
6. Махамбет поэзиясының синтаксистік жүйесі

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

## КІРІСПЕ

### ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### 1. Поэтикалық тіл және оны қай тұрғыдан зерттеудің міндеттілігі

Тұрған өңір-төңіректі білу биікке қараудан, биіктен барып қараудан басталады. Сол сияқты қазақ әдебиеті тарихында Абай шығармалары жаңа сипатты жазба поэзияның басы әрі асқар биігі болды да, әрбір жаңа қайнар бастау-көздің, ұлық жаратындының әуелі өзіне соққызбай өткізбейтіні сияқты, қазақ филологиясында әдебиетке әрі әдеби тілге қатысты жайдың бәрінде Абай шығармаларына бару, оны ойға оралта отырып, өзге сөз дүниесіне қарау дәстүр болды. Бұл алтын күмбезді ұлы сөз сарайы қазақ әдебиетінің рельефінде өте биік меже-шек болды. Ақын өлеңдері, оның тілі өзіне дейінгі әрі-бергі дәуірдегі қазақ әдебиеті мен оның тілі үшін бірден-бір өлшем болды. Бұл екі кезеңнің көп мәселесі аралық биік Абай шығармаларына салыстырылып барып бағаланып, сипатталып, дәлденіп отырды.

Міне, қазақ филологиясында қазақ әдеби тіліне қатысты мәселе қою бірінші рет Абай шығармаларына арналды [1] және біршама жүйеленіп, зерттеле бастаған да Абай шығармалары тілі болып отыр [2].

Ал Абайдан бұрынғы дәуір әдеби тілі – поэзия тілі бұл күнге дейін нақты түрде түбегейлі зерттелген емес. Оқулық көлеміндегі баяндауларды [3] немесе бірлі-жарым эпос тілін зерттеулерді [4] атамасақ, бұл дәуір әдеби тілі тек ғылыми топшылау, тезистік тұжырым сипатында ғана сөз болып келеді [5]. Нақты бір дәуір поэзиясы тілін я бір ақын тілін тұтастай: әрі лексикология, әрі грамматика, әрі стиль мен жанр, әрі көркемдік компоненттері, әрі өлең құрылысы жағынан әр жақты талдау әлі жоқ.

Бірақ қалай дегенде де, қазақ әдеби тілінің проблемалық мәселелеріне қатысты бұрын-соңды айтылған пікірлер Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, С. Аманжолов, І.К. Кеңесбаев, М.Б. Балақаев, Ғ.Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, М. Әуезов, З. Ахметов, т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылған пікірлер қазақ поэзиясы тілінің тарихына арналған зерттеулерге бағыт, бағдар берді, ықпал етті, қазақ поэзиясы тілі мәселелерін шешуді жеңілдетті.

1. Қазақ филология ғылымында поэзия тілі туралы зерттеулерден мына еңбектерді айрықша бөліп айту керек. Олар: Қ. Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» деген докторлық диссертациясы (1946), З.Ахметовтың «Казахское стихосложение» деген монографиясы (1964), Р.Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968) және «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (1970) деген монографиялары.

Бірақ бұл үш автор еңбегі де өздерінің зерттеуге алған объектісі жағынан үш түрлі: егер Қ. Жұмалиев өз зерттеуін Абай тілінің (1) лексикасын, (2) тропаларын талдауға құрса, Р. Сыздықова бірінші еңбегінде Абай тілінің (1) лексикасын, (2) қара сөздеріне қатысты морфологиялық формаларын, ал екінші еңбекте синтаксистік құрылысын талдаған. З. Ахметов қазақ поэзиясын (1) өлең түрі, (2) ырғақ-екпін, (3) ұйқас, (4) буын, т.б. жағынан талдаған.

Шын мәнінде, бұл монографияларда дара-дара зерттеу объектісіне алынған мәселелер белгілі дәрежеде басы қосылып, тұтас-тай алынып, оның сыртында стиль, жанр дегендерді қамти, қоса бірлікте алып зерттемейінше, поэзия тілі өзінің толық болмыс-тұрпатымен дараланып көрінбек емес. Әсіресе, бұл поэзия тілін тарихи даму тұрғысынан алып қарастырған кезде барынша анық сезілмек.

2. а) Өлең құрылысын зерттеуде көбірек көңіл бөлінетін ырғақ (ритм) – поэзия тілі теориясының ең бір күрделі саласы. Ырғақ – өлеңнің моторы. Өлең өлең болып туу үшін әуелі ол белгілі бір ырғақта туу керек. Өйткені поэзия музыкалық әуенге құрылатындықтан да, әуен құндағында туатындықтан да, өлеңдегі барша жеке сөздер де осы әуен нормасына бағынып, белгілі бір ырғақ толқынына бөлінулі болады. Ырғақ толқыны тізбегі сөйлеу тілінде тұрақты интонацияға ие тізбектерді бөліп жібереді, инверсияға түсіреді. Ал бұл бөлу –

поэзияға тән көп ерекше белгілердің бірі, поэзияның ырғақ, инверсия заңына тән норма.

Демек, ырғақ – өлеңдерді түрге, жанрға бөлуге қатысатын негізгі белгілердің бірі.

ә) Өлеңнің тіркес жүйесі, синтаксистік жүйесі өлең ырғағымен бірлікте қаралуы керек. Ырғақтың қатысу-қатыспауына қарай қазақ поэзия тілінің синтаксис (әрі тіркес) жүйесі ғана әр алуан болып келмейді, тіпті қазақ поэзиясы осы ырғақтың қатысу-қатыспауы жағынан дәуірге де әрі түрге де бөлінеді.

Яғни қазақ поэзиясында белгілі бір жанр үшін ырғақ – тарихи категория.

б) Қазақ поэзиясы тарихында ырғақтың, белгілі бір грамматикалық формалардың – сөйлеу тілі жүйесінде ауызекі тіл нормасында сөзсіз көрінуге тиіс формалардың – өлеңде көрінбеуіне ықпал-билігін жүргізген кезеңі де болған.

3. Демек, өлеңнің ырғағын тарихи тұрғыдан қарастырғанда өлеңнің синтаксисіне, дәлірек айтқанда, өлеңнің тіліне соқпай, жалаң дара алып қарастыруға болмайды.

Жеке ақын тілінің лексикасын талдау – сол ақынның әдебиеттің белгілі бір кезеңінде әдеби тілді жасауда, дамытуда, қалыптастыруда үлкен қызметі, рөлі болғандығын мойындау. Себебі мұндай ақын тіліндегі лексиканы талдаусыз одан кейінгі әдебиет тілінің лексикасы туралы зерттеу жүргізу мүмкін емес.

4. Сөйтсе де поэзия тіліндегі лексиканың жартысы ауыс мағынада қолданылған сөздерден тұрады. «Сөздің мағынасын «филиациялау» жолымен жаңа сөз жасау» (Б.В. Томашевский) поэзияның бірден-бір негізгі ерекшелігі. Бұлар – поэтикалық лексика (сөздердің образды, айшықты нақышта қолданылуы) поэзияның өзі. Поэзия прозадан өзінің лексикасында бөлектенгенде ілгері көрініске (қатарға) шығаратын осы сияқты белсенді сөздерімен бөлектенеді. Бұл белсенді сөздер өзге қалыпты «пассив» сөздердің аясында, құндағында соларды фонына алып тұрады.

Белгілі бір тілдік компонентті бояулы беру – оны ілгері шығару тәсілі. Өрнекті бояулы компонент өзінің осы өрнегі, бояуымен көріну үшін, оған өзінен кейін тұратын, өзінің ерекшелігін

көрсетуіне мүмкіндік беретін қалыптылық, қалыпты қарапайым фон керек (онсыз өрнектілік те, бояулылық та жоқ). Міне, осы қалыпты фон сөздер тобы мен ілгері қатарға көрініске шығатын авангард (белсенді) сөздердің өзара теңдік, үйлесімділік қатынасы – поэтикалық тілдегі көркемдік. Егер бұл белсенді сөздер болмаса, өлең тек қалыпты («пассив») сөздерден тұрса, керісінше, қалыпты («пассив») сөздер болмаса, өлең тек белсенді сөздерден тұрса, онда өлеңде көркемдік болмайды. Яғни поэзияға тән ең негізгі қасиет болмайды.

Я. Мухаржовский поэзияда болатын осы ерекшелікке тоқтап, былай дейді: «... в этом языке актуализация приобретает максимальную интенсивность, то есть такую, которая оттесняет на задний план сообщение как цель высказывания и становится самоцелью; она совершается не для того, чтобы служить цели сообщения, а для того, чтобы выдвинуть на передний план сам акт выражения, говорения... Актуализация какого-либо компонента обязательно сопровождается автоматизацией одного или нескольких компонентов... одновременная актуализация всех компонентов практически невозможна. Кроме того, одновременная актуализация всех компонентов поэтического произведения немислима, так как актуализация какого-либо компонента означает выдвигание его на передний план, а все, что находится на переднем плане, познается только в сравнении с чем-то, что является фоном (задним планом)» [6].

Міне, сөздердің поэзияда қолданысқа түскен сәтінде болатын процестер, дәлірек айтқанда, өлең-постановкасында сөздердің рөл бөлісуі, негізгі герой-сөздер мен фондық, көпшілік сөздердің қимыл-әрекеті тамаша көрсетілген.

Демек, поэзия тілі тарихи сөз болғанда поэзия лексикасы екі бағытта: тектік-мағыналық әрі мағыналық-жұмсалыс бағытында қатар қарастырылуы керек.

5. Поэзия тілінің грамматикасы мен әдебиет тілінің грамматикасы да бірдей емес. Поэзия тілі әдебиет тілінде бар жеке морфологиялық формаларды әрі сөйлем түрлерін қолдануда да одан барынша ерекшеленеді. Яғни поэзияда барлық морфологиялық формалар емес, белгілі бір морфологиялық формалар ғана актив қолданысқа түседі. Бұлар – поэтикалық реңк алған формалар.

Тіпті қазақ поэзиясында мақтау-арнау өлеңдер, әсіресе, жоқтау өлеңдер үшін есімшенің бір ғана *-ған* қосымшасы негізгі морфологиялық форма – поэтикалық тәсілі ретінде жұмсалады. Арысы VIII ғасыр, берісі XI ғасыр түркі жазба сөз үлгілерінде жоқтау, мақтау-арнау өлеңдерде де бірден-бір суреттеу, баяндау тәсілі болған, ішкі әрі жол аяғы ұйқасты құрауға қатысқан бұл форма бергі XVIII әрі XIX ғасыр поэзиясында да осы өлең түрлерінің бірден-бір поэтикалық тәсілі болды. Немесе шартты райдың *-са* және есімшенің *-ар* қосымшалары қосары негізгі баяндаушы форма болып келу мақалдарға әрі осы сөз үлгісінен дамыған дидактикалық мәнді шешендік сөздерге, шешендік толғау өлеңдерге тән.

6. Әдебиет тілі үшін мүмкін емес жүйеде сөйлем құру немесе сөйлеу тілінде бар барша сөйлем түрлері негізінде толғаусыз сөйлем құра бермей, тек белгілі бір сөйлем түрлерін ғана таңдау – поэзияны прозадан ерекшелейтін бір белгі. Айталық, тек қана бірыңғай көсемшелі не есімшелі тізбекті сөйлем проза тілі үшін норма болмаса, ал мұның өзі поэзия үшін норма болып табылады. Басқаша айтқанда, мұның өзі поэзияның сөйлеу тілі мен проза тіліне тән нормаларды б ұ з у арқылы тапқан өзіндік нормасы. «Деформация литературной нормы касается, однако, самой сущности поэтического языка и поэтому было бы неверным требовать от поэтического языка его подчинения литературной норме» (Я. Мухаржовский).

Демек, поэзия тілін оны өзге жанр тілінен бөлектейтінін осы ерекшеліктерді ескере отырып зерттемесе, поэзия тілі грамматикасын осы ерекшеліктің жемісі ретінде қарап талдамаса, онда поэзия тілінің барынша алабөтен өзіндік стильдік тәсілі ұмыт қалмақ. Ырғақпен, ұйқаспен астасып жатқан синтаксистік-морфологиялық норманы қарастырмаған жерде белгілі бір дәуірдің поэзиясы, тілі туралы түбегейлі сөз айту мүмкін емес.

Айталық Абайдың:

Бір күйгізіп, сүйгізіп,  
Ескі өмірді тіргізер  
Өмір тонын кигізіп  
Жоқты бар қып жүргізер, –

деген жолдарында әдетте «тірілтпей» түрінде келетін сөзді өзге жолдардағы «жүргіз», «кигіз», «сүйгіз» сөздерінің әуенімен «тір-

гіз» түрінде алуы ұйқасқа бағындыру. Яғни бұл – ұйқас тапқан «бұзу», ұйқастық норма табу.

## **II. Белгілі бір ақын-жырау тілін шығармасында көтерген тақырыппен, идеямен, жанрмен бірлікте алып қарау**

1. XV–XIX ғасырлар арасында жасалған: «Тоқтамыс толғауы», «Сыпыра жыраудың толғауы», «Қазтуған туралы сөз», Шалкиіз сөзі, Жиёмбет, Ақтанберді өлендерінің (XV–XVII ғғ.) әрі Бұхар (XVIII ғ.), Махамбет (XIX ғ.) сияқты белгілі ақын-жыраулардың қазақ поэзиясы тарихындағы орнына баға бергенде В.И. Лениннің «Тарихи қайраткерлердің сіңірген тарихи еңбектері олардың осы күнгі талаптарға қарағанда жаңалық енгізбегеніне қарап бағаланбайды, өзінің алдындағы өткендерге қарағанда олардың қандай жаңалық енгізгендігіне қарай бағаланады» [7], – деген қағидасы тұрғысынан баға беру керек.

2. «Қазтуған туралы сөз», Шалкиіз, т.б. ақындар өлендері негізінен алғанда, феодалдық дәуір поэзиясына тән о да мен е р л і к - с е р і л і к өлендер. Ал осылармен тұстас туған «Орақ – Мамай», «Әділ сұлтан» сияқты жырлар – е р л і к - ж а у ы н г е р ш і л і к тақырыптағы тарихи жырлар.

Бұл дәуір поэзиясының осы сипатта туып дамуы – оның жеткен биігі. Бұларда көрінбеген қоғамдық ой, жалпы халықтық мүдде мәселесі сол дәуірдің күн тәртібіне қойылмаған мәселесі, яғни қоғамның даму дәрежесінің мүмкіндік бермеген мәселесі.

3. Бірақ бұл ақын-жыраулардың шығуы, ерлік-жауынгерлік тақырыптағы жырлардың тууы – тарихи құбылыс. Өйткені бұлар, біріншіден, қазақ поэзиясының XV–XVIII ғасырлар деген үлкен бір дәуірін құрайды, екіншіден, осы XVII ғасырға дейінгі дәуірдегі қазір із-түзсіз, беймәлім поэзия туралы түсінік-топшылаулар жасауға мүмкіндіктер береді, үшіншіден, өте көне дәуірден қалған сөз үлгілеріне соңғы дәуір поэзиясы тұрғысынан кері жүріп өткелек құруға аралық дәнекер болады.

4. Қазақ поэзиясында қоғамдық ой, жалпы халықтық мүдде Бұхар жырау поэзиясында көрінді.

Бұған негізгі себепші қалмақ шапқыншылығы болды. Сыртқы жаудың шапқыншылығы күн тәртібіне қазақ халқының қ а й т а



бірігу мәселесін қойды. Дәлірек айтқанда, «Бұхар қазақтың үш жүзінің басы қосылып, бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсайды. Сондықтан Абылайды осы арманды жүзеге асырушы деп есептеп, оны ісімен де, жырымен де қолдайды, хандықтың нығаюы, хан үкіметінің берік болуы жолында күреседі» (ҚСЭ, 2-т., 532-б.).

Хандық мекеме – бұқара халықты қанаушы мекеме болғанына қарамай, қоғамдық даму жағдайы негізінде келіп шыққан заңды, тарихи құбылыс. Өзінің еркін билеуші осы тарихи мекемеге қызмет ету Абылайдың да, Бұхардың да борышы. Адамдардың еркінен тыс болатын нәрселер үшін, адамдардың өздерінің еркінен тыс жасайтын әрекеттері үшін оларды кінәлауға әсте болмайды. Бұған Ф. Энгельстің: «Құлдық сияқты маскара көріністерге асқан адамгершілікпен ашу-ызанды ақтара отырып, құлдық және т.с. жөнінде жалпылама жел сөзді үйіп-төгуден онай нәрсе жоқ. Амал не, бұл ашу әркімге белгілі жайды ғана, атап айтқанда, бұл антикалық мекемелердің біздің қазіргі жағдайымызға және осы жағдайларға байланысты сезімдерімізге енді сәйкес келмейтіндігін ғана көрсетеді. Бірақ мұнда біз бұл тәртіптердің қалай пайда болғаны, бұлардың неліктен өмір сүргені және тарихта қандай рөл атқарғаны жайында мүлде ештеңе білмейтін боламыз» [8], – дегені тұрғысынан қарап баға беру керек болады.

Осы тұрғыдан келгенде, XVIII ғасырда Бұхар қазақ поэзиясында бұған дейін жоқ жаңа тақырыпты – халықты бірлікке шақыру, осы бірліктің ұйтқысы – хандық мекемені нығайтуды уағыздау сияқты қоғамдық дәуірлік тақырыпты көтерді. Ал мұның өзі, екінші кезекте, сол дәуірдегі қоғамдық ойдың көтерілген биігі де болды.

«Адамдардың болмысын олардың санасы билемейді, қайта олардың санасын өздерінің қоғамдық болмысы билейді» [9]. Сондықтан да адамдардың санасына баға бергенде олардың өздері жасаған дәуірдегі қоғамдық болмыстық тұрғысынан келіп баға беру керек болады.

Олай болса, белгілі бір дәуірдегі қоғамдық болмыс адамдарға нені айтқыза алар еді, нені шешуді алға тарта алар еді деген тұрғыдан келуіміз керек болады.

Өйткені «...адамзат өзінің алдына әрқашан тек өзі шеше алатын міндеттерді қояды, өйткені анықтап қарағанда әрқашан да

міндеттердің өзі тек оны шешуге қажетті материалдық жағдайлар болып отырған кезде ғана немесе ең болмағанда, болуға таянып отырған кезде ғана туады» [10].

5. Бұхар поэзиясында қазақ халқы тұтастай жырланады. Оның поэзиясында бай-кедей жоқ, тұтас халық бар. Оның «жақсы», «жаман» деп атайтын адамдары тап мүшелері емес, олар өзі тұтас алып отырған қоғамның адамдары. Мақталып жатқан бай да, кемсітіліп жатқан кедей де жоқ.

Бұхардың ізгі тілегі – қоғамның түгел мүшесіне ортақ тілек. Тыныштықты, берекені, бірлікті, отбасы амандығын адамдарды алаламай, жұрттың бәріне бірдей тілейді. Бұхарда бар осы ерекше сипат XIX ғасырдың 60-жылдарындағы ағартушыларға тән сипатқа көп жақын. В.И. Ленин олар жөнінде: «Ағартушылар өздерінің айрықша көңіл бөлерлік нәрсесі ретінде халықтың бірде-бір табын жекелеп алып қараған емес, бұлар тек жалпы халық туралы ғана емес, тіпті, керек десе, жалпы ұлт туралы сөз қылды» [11], – деген болатын.

6. Қазақ поэзиясында қоғамдық оймен қатар бірінші рет бұқаралық мүдде Махамбет поэзиясы арқылы көрінді.

Мұның басты себебі: Махамбет поэзиясы шаруалар көтерілісі негізінде, соның тікелей әсерімен туды. Ал шаруалар көтерілісі қауым топтарына саяси пішім берді, көтеріліс оларды жікке бөлді. Көтерілістің осы даналығы Махамбеттің даналығы болып поэзияға түсті. Ол көтерілістің тілін сөйледі, көтерілістің көзімен қарады.

Осы себепті де Махамбет нені көріп, нені көре алмаса да, нені айтып, нені айта алмаса да, оны көтерілістің сипатынан іздеу керек болады.

Махамбет қазақты Бұхар сияқты тұтас алған жоқ, оны қара халыққа (бұқараға), ел билеуші әкім, хан-сұлтанға бөліп қарады. Әрине ол әкімдікті сынаған жоқ, әкімді сынады. Әкімді Жиёмбет те, Бұхар да сынаған болатын, бірақ олар терезесі тең адам ретінде сынаса, Махамбет әкімді бұқара көзімен сынады. Ал мұның өзі сол кездегі қазақ поэзиясы үшін ірі табыс болды, қазақ поэзиясының жаңа белесі болды.

7. Поэзияда ненің айтылуы – поэзия назарынаң жемісі, поэзия ақыл-көзінің жемісі. Қазақ поэзиясында ненің айтылып, ненің айтылмауы – поэзияның нені көріп, нені көре алмауының нәтижесі.

Ал енді қалай айту – түсініктің, идеяның жемісі. Демек, қазақ поэзиясында ненің айтылып, ненің айтылмауында әрі ненің қалай айтылуында осы поэзияның сезіну, көру, бағалау тарихы жатыр.

Олай болса, XV–XIX ғасырлар аралығындағы поэзия тілі – осы сезіну, көру, бағалаулардың сипатымен бірліктегі нәрсе.

«Жаңа идея әдетте жаңа тілді талап етіп отырады» (В.Г. Белинский). Өзінің сезініп, көріп-көтерген тақырыбы арқылы поэзияда жаңа объектілер сөз болады, ал идея арқылы бұл объектілерге өзгеше мазмұн белгіледі, олар белгілі бір көзқарас тұрғысынан баяндалады. Айталық, Шалкиіз, Жиёмбет сияқты жырау өлеңінде келетін халық, хан сөзі мен Махамбет өлеңінде келетін х а л ы қ , х а н сөзінің мағынасы да, тілге оралу жағдайы да екі басқа. Ілгергі екі жырауда х а л ы қ , х а н сөзі осы сөздің жай қалыпты атауыш мағынасында қолданылса, Махамбетте бұл екі сөзге таптық (бұқаралық) көзқарас тұрғысынан бөлек, қосымша мағына беріле қолданылады. Немесе қ а з а қ сөзі қазақ поэзиясында жалпы халықтың жиынтық атауы ретіндегі ұғымда бірінші рет Бұхар жырауда ғана қолданылған.

8. Поэзияда ненің (бір объектінің) аталуы, я белгілі бір формалардың қолданылуы поэзияның жанрына да қатысты. Яғни поэзия тілі жанрмен бірлікте қаралуы керек.

Өйткені «әдеби жанр категориясы – тарихи категория. Жанр сөз искусствосы дамуының тек белгілі бір кезеңінде ғана көрінеді де, одан соң үнемі өзгерісте болады» [12]. Ал әрбір жанрдың тіпті өлең түрінің де өзіне тән ырғақ жүйесі, лексикалық құрамы, синтаксисі болады. Бұл ерекшеліктерін жанрына, өлең түрлеріне қатыссыз сөз ету – домбыраның тиегін, ішегін, пернелерін, т.б. тетіктерін оның өзіне қатыссыз, одан бөліп алып сөз ету сияқты болар еді. Ішек, тиекті домбыраның өзінсіз сөз ету қандай болымсыз болса, поэзия тілін жанрсыз, өлең түрлерінсіз сөз ету де сондай болымсыз болар еді.

Мұның сыртында қазақ поэзиясы тарихына үңіле қарасақ, жанрлар тоғысуын (эпостық жырларда азаматтық поэзия үлгілерінің жүруін, т.б.), бір ақынның бірнеше жанрда, бірнеше өлең түрінде мұралар қалдырғанын көреміз. Міне, осы жанр тоғысуы, өлең түрлері айыра ескерілмеген жерде, белгілі бір шығарма я ақын тіліндегі осы жанр тоғысуы таңған ерекшеліктер айыра

көрсетілмеген жерде поэзия тілі жүйелі әрі қажетті тұрғыда зерттелмек емес.

а) XV–XIX ғасырлар аралығындағы қазақ поэзиясында дидактикалық мазмұндағы шешендік сөз, шешендік толғау сөз, терме-толғау өлең поэзияның өзге қай түрінен болсын ең құрметті орынға ие болды. Толғау айту (толғау) қазақ ұғымында даналықтың, ақылгөйліктің белгісі ретінде қабылданды.

Бұл шешендік толғаулар – табиғат құбылыстары заңдылықтарына қорытынды жасайтын, бұл заңдылықтарды өмірде адамдарға өлшемге алатын дидактикалық философиялық туындылар; бұл шешендік толғаулар – өмір тәжірибесінің қорытындыларын тізген ақыл шежіресі; бұл шешендік толғаулар – халықтың тәлім-тәрбие жайлы ережелерінің жиынтығы.

Шешендік толғау сөздер өзінің мазмұны мен тақырыбы жағынан осылайша барынша бір сарынды болғандықтан, форма жағынан да барынша біртектес: белгілі топтағы лексикалары, санаулы формаға құрылған синтаксистік жүйесі бар шешендік толғау өлеңдерде белгілі топтағы жеке сөздер көбіне қайталап отырады және біртектес формаға құрылған баяндауышты сөйлемдер үнемі қайталап отырады. Бұл жағынан, шешендік толғау өлеңдер ауызекі тіл сөйлеу тілі заңдылығына өте жақын заңдылыққа ие мақал-мәтелдерді еске түсіреді.

Демек, қазақ поэзиясындағы ірі бір сала – дидактикалық мазмұнды шешендік сөз, шешендік толғау сөздер өзінің стильдік жүйесі жағынан өзге сөз үлгілерінен барынша ала бөтен. Бұлар мақал-мәтелдер сияқты XV ғасырда да, XVI–XVII ғасырларда да, тіпті XVIII–XIX ғасырларда да бір үлгіде туып отырған.

ә) Ал қазақ поэзиясында XV ғасырдағы «Сыпыра жырау толғауы», «Тоқтамыс сөзі», XVI ғасырдағы «Орақ – Мамай жыры», «Ер Тарғын жырындағы» кейбір үзіктер әрі Махамбеттің (XIX ғ.) біраз өлеңдері – азаматтық-ерлік, ерлік-жауынгерлік мазмұнда туған, өзара өте жақын стильдік-тілдік жүйеге ие сөз үлгілері. Бұлар – өзінің лексикасы әрі синтаксисі, өлең құрылысы жағынан дидактикалық мазмұндағы шешендік толғаулардан бөлек үлгідегі туындылар.

б) Қазақ поэзиясында сипаттай, суреттей айтылатын жоқтау, мақтау түрінде келетін арнау өлеңдер өзінің сөз таңдау, сөзге

поэтикалық мағына беру, белгілі бір грамматикалық формаларды ерекше бөлек қызметке жегу жағынан, әрі синтаксистік жүйесі жағынан өз алдына бір бөлек топ құрайды. «Қазтуған туралы сөз», Шалкиіз өлеңдері осы үлгіде туған. Бұхар мен Махамбет те өздерінің біраз өлеңдерін осы үлгіде шығарған. Тіпті, «Сыпыра жырау толғауында», «Токтамыс сөзінде» де, «Орақ – Мамай жырының» өзінде де осы үлгі аралас күйде жиі келіп отырады. Яғни бұл үлгіде де қазақ поэзиясында мұралық, дәстүрлік, жалғастық әсер-ықпал ізі жатыр.

в) Қазақ поэзиясында, әсіресе, Махамбет поэзиясында эпостық-батырлық жырлардың әсері едәуір. Осы себепті де оның өлеңдерінің стильдік-тілдік жүйесінде фольклордың осы жанрына тән стильдік-тілдік белгілер мол ұшырасып отырады.

### **III. Қазақ поэзиясы тілін осы поэзияның тууы мен дамуын қарастыра отырып зерттеу міндеттілігі**

1. Қазақ поэзиясы мен оның тілінің тарихын осы поэзияға ие халықтың тарихына қатынассыз алып, не халық тарихымен шартты түрде жалаң байланыстыра салып шешуге болмайды.

Қазақ поэзиясының тарихы қазақ халқының халық болып құрылу дәуірінен бұрын басталғанына дау жоқ, бірақ осы «бұрынның» өзі белгілі дәрежеде шек тілейді. Сол сияқты қазақ халқының құрылу дәуірімен тұстас келетін бір ақынның өлеңінен, я шығарушысы белгісіз бір өлең үзігінен **қ а з а қ п о э з и я с ы н ы ң т а р и х ы н** бастау да көп ретте дұрыс болып шықпайды. Өйткені ондай ақындар өлеңінің я өлең үзігінің бізге келіп жетуі – таза кездейсоқтық нәрсе. Айталық, XV ғасырға тән «Қазтуған туралы сөз» не «Досмамбет сөзі» өзінің түрі, әсіресе, мазмұны, тіпті мұралық-еншілестік жағынан қазақ поэзиясы деген үлкен поэзияның көрінісі не соның басы деуге сын көтермейді, ол ең мықтағанда, сол XV ғасырда **қ а з а қ п о э з и я с ы** деген поэзияның болғандығын жанамалап анықтайтын факт ғана.

2. «Қазтуған туралы сөз», «Досмамбет сөзі» деген жыр, «Орақ – Мамай жыры», «Әділ сұлтан жыры», т.б. сөз үлгілері қазақ халқының құрылу қарсаңында, одан бергі дәуірде өзге территорияда Еділ мен Жайық бойында, Еділ, Қырым аралығында

Алтын Орданың өзге бір ордасына ұйытқы болған ноғайлар арасында туды. Ал бұл жырларды осы құрамда болып, қазақ халқына кейін қосылған ру-тайпалар өзімен бірге әкелді. Кейінгі дәуірлердегі қайта жырлаулар негізінде бұл жырлар өзінің бұрынғы ноғай әрі Қырым жұрты редакциясынан біраз өзгеріп, біршама қазақыланды. Осы себепті де бұл сипаттас біраз сөз үлгілеріне қазақ, ноғай, қарақалпақ, т.б. халықтардың ортақ еншілестігі бар мұра ретінде қарау керек.

3. Қазақ поэзиясы (әдебиеті) деген бір тарихи категорияның басталуын жеке, кездейсоқ фактілермен шешуге, дәлелдеуге болмайды. Бір халықтың әдебиеті-тарихының басталуын халық тарихына бейтарап болған шығармалардан іздемей, сол әдебиеттің халықтың тарихи тағдырына қатысы тұрғысынан келіп іздеу керек.

Бірнеше ақын мен олардың өлеңдерінің жиынтығы (мейлі, ол сол халықтың қалыптасуымен тұтас келіп жатсын) белгілі бір әдебиеттің басы болып табылмайды, белгілі бір халықтың қалыптасу процесі тұсында осы тарихи мәселеге үндескен шығарма ғана әдебиеттің басы болып табылады.

4. Әрине, мұндай әдебиет өзіне дейінгі дәуірдегі халық творчествосынсыз дүниеге келген жоқ. Бірақ үлкен дария тоқсан тарау бұлақтан құралса да, ол дария «бұлақ» деп аталмай, «дария» деп аталатыны сияқты, бұл әдебиет те өзіне дейінгі жасалған творчестволық тәжірибелер, үлгілер, мұралар негізінде жасалса да, бұлардың атымен аталмай, өзінің жаңа атымен – халық атын алған атымен аталады.

5. Қазақ халықтығы қалыптасқанға дейінгі жерде әр кезде, әр жерде ру-тайпа мүддесі дәрежесіндегі сандаған мәселелер туып, күн тәртібіне қойылып жатты, ал олар өз уақытының идеологы – ру-тайпа ақындарын ілгері шығарды, ру-тайпа мүддесі тұрғысындағы мәселелер (немесе жеке бір ханның дара мүддесі тұрғысындағы өте тар аядағы мәселелер) поэзияға түсті. Бірақ мұндай өлеңдердің құптаушылары аз болды әрі ертедегі рулық, тайпалық бытыраңқылық дәуірге тән сапырылыстық жағдай әлгі мәселелерді күн тәртібінен тез-ақ шығарып тастады да, бұл мәселелермен бірге туған өлеңдерді де қоса теріске шығарып отырды. Осылайша айтылудан қалған өлеңдер халық ішінде тез ұмы-

тылып қалып отырды. Тіпті қазақ халықтығы қалыптасқаннан кейін де жер-жерде ру-тайпа мүддесінен туған поэзия үлгілері көп болған, бірақ олар да жоғарыдағы себептермен тез ұмытылып отырған, ал сақталса, сол ру-тайпа аймағында (сол өлеңдердегі мазмұнға бейтарап қарау психологиясы бар, көне сөзге құмар көңіл әуені басым ортада) сақталған. Бізге көне дәуірден келіп жеткен өлеңдердің біразы осындай өлеңдер.

Керісінше, бұл сияқты жергілікті рулық, тайпалық я бір жеке хандық мүддеден жоғары тұрған мүдделер болады. О н д а й ж о - ғ а р ы м ү д д е сол ру-тайпадан ж о ғ а р ы тұрған тарихи категория – жалпы халықтық ауқымдағы мүдде. Ал бұл сияқты жалпы халықтық ауқымдағы мүдде сол халықтың басын уақытша немесе түпкілікті біріктіріп отырады. Әрі жалпы халықтық ауқымдағы идеяларды ала келеді. Ал осы жалпы халықтық ортақ мүдде, идеялар негізінде шығармалар туады.

Міне, қазақ атымен аталатын әдебиеттің (поэзияның) басын осындай мұралардан, осы мұралар туған дәуірден іздеу керек болады.

Біз ондай мұраларды дәлелі бар деп айта алмайтын болғандықтан, қазақ поэзиясының басы, оның туу дәуірі дегенді қазірше ашық қалдырдық. Қазақ халқының халық болып құрылу қарсаңында, одан кейін жасаған кейбір жырау өлеңдері мен бірлі-жарым жырларды өздеріне ірі-ірі айдар тақпай, жай зерттеу объектісіне алдық.

6. Қазақ поэзиясы тілінің XV ғасырдан бергі тарихы бұған дейінгі дәуірге тарихи экскурсия жасалмайынша әр уақытта болжам күйіндегі пікірден басталмақ. Ал тарихи экскурсияны жазба мәдениет сақталған VI ғасырға дейін ғана жасауға болады.

Халықтың сөз үлгілері жазуға түскен VI–XII ғасырлар арасында Қара теңізден Байқалға, Орхон жазығына дейінгі кең байтақ жерде мекендеген халықтар тұтастай түрк деп аталған жеке-жеке ру-тайпалар болды, бұл ру, тайпалардың өзара бөліспеген ортақ еншілесі – тілдік-әдеби мұралары болды. Олар V–VIII ғасырда Орхон тас жазбаларына, XI ғасырда М. Қашғаридың үш томдық сөздігіне түсті.

Қазіргі қазақ халқы – ежелгі осы ру, тайпалардың конфедерациялануы негізінде қалыптасқан халық. Олай болса, бір кезде

өзінің халық болып қалыптасуына негіз болған бұл ру, тайпалар тұтынған әдебиет оның қазақ атымен белгілі болған дәуіріне тән әдебиетінің де қалыптасуына негіз болды.

XV ғасырдағы қазақ халқы сонау VI–XII ғасырлардағы халық еместігін мойындай отырғанмен, ол өз тегін сол ғасырлардағы халықтан бастайтындығын қалай терістей алмасақ, XV ғасырдағы әдебиет сонау VI–XII ғасырлардағы әдебиет еместігін мойындай отырғанмен, оның тегі осы VI–XII ғасырлар арасындағы әдебиетте жатқандығын да солай терістей алмаймыз.

Әрине, бұл VI–XII ғасырлардағы жазуға түскен нұсқалар – қазақ әдебиеті деп аталатын дүниеліктер емес, олар – ескі түркі әдебиеті. Бірақ осыған қарамай, қазақ әдебиеті деген әдебиет пен ескі түркі әдебиеті деген әдебиеттің арасында байланыс жоқ және ол сақталмаған деуге болмайды. Ондай байланыс-жалғастық ізі сақталған.

XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясында бар үлгілердің бірсыпырасы осы дәуір аралығында туса, бірсыпырасы одан әрірек XIII және XIV ғасырларда туды, ал енді бірсыпырасы өте әріде, сонау V–VIII ғасырлар мен XI ғасыр арасында туды. Бірақ солардың бәрі де кейінгі дәуірге сол күйлерінде өзгеріссіз жеткен жоқ, мұнсыз әдебиетте даму да болмас еді. Дамудың күрделігіне қарай бұл бастапқы тірек үлгілер мен оның талай замандарды артқа салған кейінгі жалғас-бірлігі арасындағы айырмашылық та күрделі болады, тіпті бастапқы негіз үлгіден басқа сипат та алады. Бұл басқалық олардың өзара бөтендігі емес, дамудың нәтижесі. Даму негізінде барып шыққан өзгеріс. Жаңа сапа – бөтен нәрсе емес, даму нәтижесі алшақтатқан таныс, бейтаныс нәрселер. Бұл жоқ жерден дамуды іздеуге де болмайды. Дамудың кейінгі қалпы түпкі тірек-үлгіден қаншалықты алыстаған сайын, олардың арасындағы ұқсастықтардың дәуірі соншалық бері жақындай береді де, арғы жер ұқсас еместіктер дәуіріне айналады.

Сондықтан да ескі түркі әдебиеті мен кейінгі дәуірдегі қазақ поэзиясын байланыстыра қарастырғанда, бұларды жалғас жатқан әдебиеттер ретінде қарамай, ең әуелі біріншісінен екіншісіне жеткен жеке белгілерді іздеу, керісінше, екіншісінде бардың қайсысы біріншіде болғандығын анықтау керек болады.



7. Орхон ескерткіші деп аталатын ескерткіштер – өз дәуірінің мәдени мұрасы, бірден-бір тілдік мұрасы. Бірақ олар тұтас күйінде бір стильде туған поэзия емес. Айталық, VIII ғасыр ескерткіші «Күлтегін» мен «Тоңуқук» тұтас алғанда «мен» арқылы баяндалатын шежіре; қағандар мен алыптардың, қаған қасындағы Асан қайғы, Бұхар сипаттас шешендердің (білгелердің) жорықтары мен ел басқару ісін баяндайтын шежіре. Ал осы шежіренің кезенді жерінде бергі дәуірдегі Асан қайғыша, Бұхарша шешен сөйлеп кету, толғап кету, мақалдап кету немесе жоқтау айту, тіпті ерлік жорықтарды жырлап кету бар. Яғни XV ғасырдағы «Сөз үлгілері» сияқты «мен»-нің тасасында тұрып айтушы-шежіреші сол кезде үстем болған сөз үлгілерінің біразын, тіпті ауыз әдебиетінде бұрыннан айтылып жүрген сөздерді де тоғыстырып пайдаланған.

8. Қазақ поэзиясы тілі тарихын зерттегенде осы қазақ поэзиясы деген поэзияның тарихи тамырын көне дәуірге жалпылай апармай, осы поэзияны құрайтын сөз үлгілерінің нақты стильдік-тілдік тәсілдерінің қайсысы VIII ғасырдағы «Күлтегін», «Тоңуқук» сияқты ескерткіштерден немесе XI ғасырдағы М. Қашғари «Сөздігінен» кездеседі дегенді негізге алу керек.

9. VIII ғасырдағы «Күлтегін», «Тоңуқук» ескерткіштеріндегі әрі XI ғасырдағы «Дивану луғат-ит түрк» ескерткішіне кірген ауыз әдебиеті үлгілерінде бергі дәуірде қазақ поэзиясын құраған сөз үлгілерінің (1) шешендік сөз, шешендік толғау сөз (2), мақтау (ода) мазмұндас жоқтау-арнау өлең түрлері кездеседі.

10. Сөз жоқ, дидактикалық мазмұндағы шешендік сөз, мақтау үлгідегі жоқтау-арнау өлең өзара тарихи байланысы жоқ екі дәуір әдебиеті ғана емес, екі түрлі әдебиетте, бөлек-бөлек халықтар әдебиетінде де бола береді. Сондықтан байланыстылықты жалаң мазмұн бірлігіне құру қателестіреді, ондай өзара байланыстылықты жоғарғы сөз үлгілерін жасауда негізгі рөл атқаратын стильдік-тілдік формалардың бірлігіне құру керек. Яғни мазмұндық мұралық бірлік пен модельдік (стильдік-тілдік) бірлік ізінің қатар байланыстығына құру керек.

11. Әрине, XV ғасырдан бергі жердегі қазақ поэзиясының VIII ғасырдағы «Күлтегін», «Тоңуқук» ескерткіші мен әрі XI ғасырдағы «Дивани луғат-ит түрк» ескерткішіне енген поэзия

үлгілерімен байланысы бергі ауызша поэзия мен арғы жазба поэзияның (жазба әдебиеттің) байланысы емес, бұл ескерткіштегі сөздер, өлеңдер – бұлардың өзінің тууына қатыссыз өзге себептермен жазуға түскен ауызша поэзия үлгілері.

12. Махмұд Қашғари «Сөздігіндегі» ауызша поэзия үлгілерінің біразы сол XI ғасырға ғана тән мұралар емес, олар түркі халықтарының сол кездегі тілінің даму ыңғайымен өзгеріске түсіп үлгірген арғы дәуірдің, дәлірек айтқанда, IX–X ғасырлар аралығының да, тіпті оған дейінгі дәуірдің де мұралары.

13. Таза күйінде туған жанрлар жоқ. Қазақтың азаматтық поэзиясы дейтін поэзияны құрайтын сөз нұсқаларында бар сөзжасау тәсілдерінің факт ретінде көріну тарихын анықтау үшін, бұл поэзия үлгісінің шеңберінен шығу керек. Яғни нақты сөз тәсілдерінің белгілі бір жанр аясында емес, жалпы қазақ ауыз әдебиеті аясында көрінуін, қызмет ету дәуірін анықтау үшін, сөйтіп, бұл сөз тәсілінің қызмет аясының кеңдігін, тарлығын анықтау үшін, өзге жанрлардағы поэзия үлгілерін қоса қарастыру керек. Ал мұның өзі екінші кезекте жанрлар арақатынасын анықтау да болады.

а) Айталық, қазақтың азаматтық поэзиясында бар мақтау (ода) әрі жоқтау-арнау өлеңдер мен салттық-тұрмыстық поэзиядағы жоқтау өлеңдер, сол сияқты эпостық-батырлық жырлардағы сипаттау-суреттеу үзіктері бір ғана ортақ тәсілде, формада келіп отырады.

Қазақтың эпостық-батырлық жырларының біразы таза эпос жанрында тұмаған. «Едіге» жырында тарихи ерлік жыр белгісі мол. Ал «Орақ – Мамай» жыры – ерлік-жауынгершілік мотивте туған жыр. «Ер Тарғын» жырында ерлік-азаматтық өлең үлгілері араласып келіп отырады. Бұл жырлардың қай-қайсысы да XV–XVII ғасырлар арасында қазақтың азаматтық поэзиясының өркендеу дәуірінен бұрын туған жырлар әрі бұл жырлар – қазақтың азаматтық поэзиясын жасауда елеулі рөл атқарған, Махамбет өлеңдеріне тікелей әсерлері болған жырлар.

ә) Қазақтың азаматтық поэзиясында, әсіресе, Махамбет өлеңдерінде эпостық-батырлық жырмен өте жақындық, байланыстылық бар. Осы себепті де Махамбет өлеңдерінде эпостық-батырлық жырларға тән стильдік-тілдік тәсілдер, дәлірек айтқанда, эпостық жырларға ерекше тән тәсіл – мазмұнға, ұйқасқа дайындық сипаттағы тілге тиек қосалқы-кіріспе жолдар едәуір мол.

б) Қазақтың азаматтық поэзиясында негізгі орын алатын дидактикалық мазмұндағы шешендік сөз, шешендік толғаулар өзінің мазмұн-қызметінде ғана емес, формасында да халық мақалдарына өте жақын. Бұлар, әсіресе, өзінің синтаксистік жүйесінде өзара тығыз бірлікке ие. Сондықтан да бұл екі сөз үлгісін өзара байланыстылықта қарау, әсіресе, сонау көне дәуірде туған мақалдардың синтаксистік-формалық (морфологиялық) жағынан қазақтың шешендік сөз және шешендік толғауларына қаншалықты дәрежеде негіз-үлгі болғандығын тарихи даму, жанрлық әсер ыңғайында қарау басты меже.

в) Бұл сияқты әр жақты байланыстылықтарды қарастырған кезде, өте тар аяда болса да, өзге туыстас түркі халықтары әдебиетіне, әсіресе, қарақалпақ, қырғыз, татар (Бараба), ноғай халқының фольклорлық шығармаларына барлау жасап отыру керек. Бұл арқылы біз туған әдебиетіміздегі қайсыбір поэтикалық формалардың өзге түрік халықтары әдебиеттерімен ортақ еншілесетін мұралық дүниеліктер екенін айырып қана қоймаймыз, сонымен бірге бұл ортақ-еншілес формалардың, тәсілдердің әдебиет тарихында көріну дәуірін шамалауға да мүмкіндік табамыз.

#### **IV. Қазақ поэзиясының ауызша таралып, ауызда сақталуына байланысты туған ерекшеліктерді ескеру міндеттілігі**

1. Қазақ поэзиясының сонау арғы дәуірдегі үлгілері ғана емес, бергі дәуірдегі Бұхар, Махамбет поэзиясы да ауызша шығарылып, ауызша таралып, ауызша сақталған.

2. Ауызша шығарылып, ауызда сақталған фольклор шығармаларында (ертегілер, аңыздар, тұрмыстық-салттық өлең-жырлар, мақал-мәтелдер, эпостық жырлар, т.б.) автор болмайтындығы ақиқат.

Бірақ ауызша шығарылғанына қарамай, шығарушыларын (авторларын) сақтаған ауыз әдебиеті де бар. Қазақтың бұрынғы замандағы әдебиеті өзінің осы сипатымен өзге көп халықтар әдебиетінен ерекшеленеді. Мұның өзі қазақ ауыз әдебиетінің басқа халықтардағы жазба әдебиет атқаратын қызметті өз үлесіне алуына байланысты. Сондықтан да қазақ ауыз әдебиетіне жалпы

өзге халықтарда болған ауыз әдебиет тұрғысынан қарап, баға беруге болмайды. Әрі осы жұртқа белгілі бағалаулар тұрғысынан қарап, қазақтың шығарушылары (авторы) сақталған поэзиясын ауыз әдебиеті деп атаудан қашуға да болмайды.

Қазақ ауыз әдебиетінің бұл саласы – азаматтық тақырыпты сөз ететін поэзиясы.

Қазақтың азаматтық поэзиясының тарихы өте әріде жатыр. Тіпті Асан, Сыпыра, Жиренше, Шалкиіз сияқты XV–XVII ғасырларда жасаған жыраулардан да өлеңдер сақталып, бізге жеткен. Бірақ арада өткен 400–500 жыл бұрын бұл жыраулар өлеңдерінің көбін ұмыттырып жоғалтып, жұрнағын ғана жеткізген. Шығармалары қаншалықты аз сақталған сайын, шығарушылары соншалықты аңызға айналған.

3. Қазақтың ауызша шығарылған азаматтық поэзиясының дәстүрде «фольклор» деп аталатын әдебиеттен айырмасы – авторын сақтауы болса, осы авторын сақтауда да біршама ерекшелік бар. Егер арнау өлеңдер мен ерлік-азаматтық тақырыптағы өлеңдерде шығарушылары даусыз дәл сақталып отырса, дидактикалық-философиялық мазмұндағы шешендік сөздер мен шешендік толғауларда шығарушылардың «сақталуы» шартты нәрсе.

4. Қазіргі әдебиеттану ғылымында дидактикалық-философиялық мазмұндағы белгілі бір шешендік сөзді я шешендік толғауды бірде-бір кісіге, бірде – екінші кісіге телу немесе бір еңбек авторы «пәлендікі» деген өлеңді екінші бір еңбектің авторы «жөк», бұл «түгендікі» деу тенденциясы өте басым болып отыр. Және бір дәуірде жасалған екі ақын өлеңі ғана емес, өмір сүрген дәуірінде 300–500 жыл айырым бар ақындар өлеңі де осылайша өзара «бөліске» түсіп жүр.

5. Қазіргі әдебиеттану ғылымының белгілі бір сөз үлгілерін авторға теліп қателесуінде объективті себептер бар: бұл сөз үлгілерін буыннан буынға жеткізіп салушылар да осылай бір кісіге теліп барып айтқан. Бірақ бұлардың екеуі де уақыт тасалаған бір сырды аңғармаған.

Ақынның «мен-кейіпкер» атынан айтуы автордың «мен-кейіпкер» не «кейіпкер-айтушы» тасасында тұруы, яғни өз өлеңін «мен-кейіпкер» атынан шығаруы ауызша поэзияның белгілі бір дәуіріне, белгілі бір даму сатысына тән болған. Яғни өлеңді мо-

нологқа, диалогқа құру ауызша поэзия дамуының белгілі бір кезеңіне тән құбылыс. Мұның кейінгі дәуірдегі ізін эпостық жырлардағы батырлар монологынан байқаймыз.

6. Поэзия тілін тарихи тұрғыда қарастыру – белгілі бір уақыт аясында қарастыру. Ал әдебиеттану ғылымында әр ақын-жырауға бір телініп жүрген бұл мұралардың дәл кімге тәндігіне ақиқат көз жеткізбейінше, олардың тілін я ана зерттеушінің, я мына зерттеушінің беделіне сүйеніп, белгілі бір уақыт аясында алып қарастыру мүмкін емес.

7. Қазақ поэзиясындағы бұл топтағы мұралар бір ғана ортақ мазмұнға – дидактикалық-философиялық мазмұнға құрылған. Және олар өзара өте жақын санаулы ғана тілдік формада туған. XV ғасырда өмір сүрген ақын-жырау да, XVIII не XIX ғасырларда өмір сүрген ақын-жырау да өз шешендік сөз, шешендік толғау өлеңдерін бір ғана мотивте шығарып отырған. Сөйтіп бір дәуірде не арасы кереғар алшақ дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулардың мұралары әрі мазмұн, әрі форма жағынан бір-біріне өте жақын болған, форма қуалаушылық, мазмұн қуалаушылық қазақ поэзиясында ортақ мотивті өлеңдердің тұтас желісін жасаған.

8. Ортақ мотивті өлеңдер (мазмұн әрі форма жағынан біртектес тұрақты өлеңдер) – поэзиялы мақал-мәтелдер, халық поэзиясының афоризмдері. Бұл типтес өлеңдердегі осы афоризмді жолдар тізбегі өлеңнің ұзын желісінен бөліп алуға өте бейім.

Бұл топтағы өлеңдер ырғақтық, инверсиялық, ұйқастық шарттар екінші қатарға шегеріліп (тіпті бұлар оның әлі поэзия ретінде көтеріліп, жетіліп жетпеген биігі де), тұрақты модель-формаға айналған біртектес баяндауыш формалас, мағыналас сөйлемдер тізбегіне құрылатындықтан, осындай дайын модель-формалы сөйлем-жолдарды қоса беруге «көнгіш». Өлеңнің өзіне тән осы табиғи ерекшелігі кейінгі айтушылардың өкім-билігіне мол түсуіне бірден-бір себепші болды. Айтушылардың ақындық қабілетіне қарай, жаңа жағдайға, жаңа ортаға икемдеу талабына орай ұқсас, сарындас сөйлем-жолдар біріне көп, біріне аз қосылып отырды. Тіпті мазмұн әрі форма жағынан бір тектес болғандықтан, екі дәуірде туған өзара ұқсас екі өлең үшінші дәуірде келіп қосылып кетіп отырды. Әрі алғашқы нұсқалар аз-кем өзгерісімен тағы да сақталып отырды. Міне, бұлар осылайша «бастапқы»

қалпында қалмай, өзара варианттық сипатқа келгендей дәрежеде өзгеріске ұшырады. Осылардың негізінде о баста белгілі бір нақты уақыт аясында туған өлеңдер келе-келе уақыт шиырына көп түсіп, шығарушыларға ғана емес, уақытқа да «телқоңыр» ортақ өлеңдерге айналды.

9. Осы себепті де өз «авторларын» сақтағанына қарамай, қазақ поэзиясындағы бір топ ортақ мотивті, вариантты дидактикалық-шешендік толғауларды белгілі бір ақын-жырауларға телімей әрі тар шеңберде, белгілі бір уақыт аясында алмай, халықтың осы сөздерге өте жақын мақал-мәтелдері сияқты жалпы халықтық редакциядан шыққан ортақ мұра ретінде қарау керек. Олардың тілін осы тұрғыдан келіп талдау керек.

10. Қазақ поэзиясында салттық, этнографиялық, психологиялық, т.б. ұғымдар негізінде туған мақалдарға жақын – фразеологиялар, дәстүрлі өлең жолдары, тұтас шумақтар бар. Олардың біразы эпостық жырларда да, азаматтық поэзия үлгілерінде де қатар кездесе береді. Немесе ауыз әдебиетінде белгілі бір формаға түскен сөз айшықтары қайсыбір ақын өлеңінде айырып алғысыз өзге жолдармен қатар, солармен жымдасқан сипатта бір бүтін дүние ретінде келе береді. Ал бұлардың тілге оралуына тілге тиек-түрткі себептердің ортақтығы негіз болады. Белгілі бір ақын тілін қарастырғанда ауызекі тілдің тұтас дамуы кезінде пайда болған немесе ауыз әдебиетінде туған бұрыннан бар бұл сөздерді айыра қарастыру керек, бұл сөз айшықтарын ақынның творчестволықпен қолданудағы, пайдаланудағы шеберлігі сөз болуы керек.

11. Ауызша шығарылған өлең-жырлар кейінгі дәуірге белгілі дәрежеде өзгеріп жетті. Сондықтан бұл ауызша шығарылған өлең-жыр лексикасын шығарушы жасаған дәуірге тұтас күйінде тели қарауға болмайды. Егер тұрақты тіркес, фраза, кестелі сөз айшығы, афоризм түрінде туған жолдардың лексикасы біршама тұрақты болса, сындық мағыналы сөздер мен жеке ұғымдық атау сөздер кейінгі дәуірде ауызекі тілде актив қолданысқа түскен синонимдерімен (шартты термин) ауыстырылып отырған. Ауызша поэзияда бұл қайта айтушылардың (ақындық күдіреті күштілердің) бәрі де авторлас болды, өзінің ақындық ыңғайымен, дәуір, уақыт, өлеңнің айтылу қарсаңындағы әртүрлі сәт-жағдай

ыңғайымен – тыңдаушы жұрттың нені қалайтындығын, қалай айтқандығын қалау ыңғайымен редактор да болды. Сондықтан белгілі ақын-жырау шығармалары тілін халықтық редакциялаудан өткен, дәуірлік, тілдік белгілер таңылған тіл деп қарау керек. Ал ақын тілін қарастырғанда осы шығарушыға тән тілдік белгілер мен айтушылар қосқан, дәуір қосқан тілдік белгілерді айыра қарау керек болады<sup>1</sup>.

Көркем әдеби тіл дегеніміз – әдебиеттің қоғамға қызмет ету барысында тапқан, өзін осы қызметі арқылы дамытуы барысында тапқан жетістіктерінің бірі. Әдеби тіл – әдебиеттің қоғамдық жағдайдың талабынан туған тақырып, мазмұн, идея сияқты қаруларын дүниеге келтіруге бірден-бір негізгі себепші болған жанр, түр, форма дегендерді белгілеуге, солардың жасалуына атсалысатын құралдың бір түрі.

Көркем әдеби тіл – әдебиеттің әрбір дәуірде тапқан жаңа идеясы, жаңа тақырыбының жемісі, осы жаңа идея мен тақырып тапқан жаңа форманың жемісі. Көркем әдеби тіл әрбір дәуірдегі әдебиеттің өзі. Өйткені идея, пікір, көзқарас, т.б. бәрі де, белгілі бір тілдік формада туып отырды. Яғни Абайға дейінгі дәуірдегі қазақ ақындарының тілі – қазақ халқының әр дәуірлердегі қоғамдық жағдайлары әдебиетте туғызған жаңа идея, жаңа тақырып, жаңа формалардың жемісі.

Сондықтан да Бұхар, Махамбет, Дулат өлеңдерінің тілін сөз ету – олар әдебиетте көтерген тақырыпты, идеяны қоса қамти отырып сөз ету. Мұнсыз жоғарғы ақындардың тілін тану мүмкін емес. Мұнсыз талдау практикалық грамматиканың, ғылыми, тарихи грамматиканың, қазақ тілі лексикасының ғана жұмысы. Көркем әдеби тіл тарихының жалпы халықтық тіл тарихынан айырмашылығының өзі де осында.

Демек, осы ерекшелігімен көркем әдеби тілді зерттеу, тіл білімінің де, әдебиеттану ғылымының да біраз зерттеу тәсілін не ол бұл екеуінің объектісін қатар алып қарайтын, бірақ сонымен бірге өзіндік зерттеу үлгісі бар дара сала. Акад. В.В. Виноградов бұл жөнінде: «По моему глубокому убеждению, исследование

---

<sup>1</sup> Біз үлгі үшін Бұхар жыраудың 2–3 өлеңіне текстологиялық талдау жасадық. Осы кітаптың беттерін қараңыз.

«Языка» (или, лучше, стилей) художественной литературы должно составить предмет особой филологической науки, близкой к языкознанию и литературоведению, но вместе с тем отличной от того и другого» [13], – деген болатын.

Біз оқушылардан өздеріне ұсынылып отырған еңбектен қазақ әдебиеттану ғылымы мен қазақ тілі білімінің жеке-жеке қарастыруы керек сияқты жайлардың басы қосылуына – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімінің шартты түрде бөлектеніп, поэзияға тән біраз құбылысты шартты түрде бөліп зерттеу тәжірибесі таңған түсінік тұрғысынан қарап баға бермеуін, В.В. Виноградов айтқандай, әдебиеттану мен тіл біліміне өте жақын, бірақ әрі осы екеуіне ортақ құбылыстардың басын біріктіре қарастырған әрі осы екеуінен де бөлек зерттеу әдісіне ие еңбек ретінде қарауын қалар едік.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Жұбанов Қ.* Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966; *Кеңесбаев С.* Абай основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан», 1955. № 9; *Сауранбаев Н.* Роль Абая в развитии казахского литературного языка // В кн.: Жизнь и творчество Абая. Алма-Ата, 1954.
2. *Жұмалиев Қ.* Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960 2-т.; *Сыздықова Р.* Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968; *Сыздықова Р.* Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Алматы, 1970.
3. *Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1969.
4. *Жұбанов Е.Х.* Литературно-лингвистические особенности эпоса «Козы Корпеш – Баян сулу»: автореф. канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967; *Байзақов Ж.* Лексические особенности языка казахского героического эпоса «Алпамыс»: автореф. дисс. канд. филол. наук. Алма-Ата, 1967.
5. *Сауранбаев Н.Т.* К истории казахского литературного языка // Вестник АН КазССР, 1947, №12; *Әуезов М.* Қазақ әдебиеті туралы // Әдебиет және искусство, 1961, №4; *Аманжолов С.* Қазақтың әдеби тілі. Алматы, 1949; *Мусабаев Г.* Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии. Алма-Ата, 1952; *Кенесбаев С.К.* Развитие казахского литературного языка в совет-



- ское время // М. Ауэзову. Алма-Ата, 1959; *Ысқақов А.* Әдеби тіліміздің дамуы // Қазақ әдебиеті, 1962, 16 ноябрь; *Жанпейісов Е., Томанов М.* XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. Алматы, 1968; *Сыздықова Р.* XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1968; *Сауранбаев Н.* Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960; *Мусабаев Г.* Об изучении истории казахского языка // Вестник АН КазССР, 1951, №9; *Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М.* Қазақ әдеби тілінің мәселелері. Алматы, 1961; *Жұмалиев Қ.* Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-т. Алматы, 1959; *Өмірәлиев Қ.* Қазақ әдеби тілінің тарихын қай тұрғыдан зерттеу керек? // Қазақстан мектебі, 1963, №4.
6. *Мухаржовский Я.* Литературный язык и поэтический язык // Пражский лингвистический кружок. М., 1967. С. 410.
  7. *Ленин В.И.* Шығармалар. 1958, 2-т. 195–196-бб.
  8. *Фридрих Энгельс.* Анти-Дюринг (қазақша басылуы). Алматы, 1957. 177–178-бб.
  9. *Маркс К., Энгельс Ф.* Таңдамалы шығармаларының екі томдығы. Алматы, 1957. 1-т. 340-б.
  10. *Маркс К., Энгельс Ф.* Таңдамалы шығармаларының екі томдығы. Алматы, 1957. 1-т, 310 – 341-бб.
  11. *Ленин В.И.* Шығармалар, 4-басылуы, 2-том, 582-б.
  12. *Лихачев Д.С.* Системы литературных жанров древней Руси // В кн.: Славянские литературы. V международный съезд словистов. София, сентябрь. М., 1963. С. 47.
  13. *Виноградов В.В.* О языке художественной литературы. М., 1959. С. 4.

## БІРІНШІ ТАРАУ

### ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ XV ҒАСЫРҒА ДЕЙІНГІ АРНАЛАРЫ

#### I

Қазақ халқы рухани мәдениеттен кенде халық емес. Көшпелі қазақ жұртының да өткен тарихы бар, адамзат мәдениеті тарихына қосқан өзіндік үлесі бар, үлкен әдебиеті бар.

Кезінде құлаған мола мен ескерткіш сым-тастарды, жер болып кеткен қала орындарын зерттеп, ел аузындағы барша ертегілерді, аңыз-әңгімелерді, эпостық жырларды, мақал-мәтелдерді жинап, олардан өткен тарихтың бұлдыр саңлауын, өшкен таңбадай көмескі бейнесін көп іздеген Шоқан: «Тарихи деректерден, қалалар мен тас құрылыстардың қалдықтарынан көрінетініндей, тұтас Моғұлстан ерте заманда білімді, мәдениетті, отырықшы халықтың қонысы болған. Әрі ол уақытта кітаптар мен шежірелер жазылған, бірақ ол заманнан қираған мұнаралар мен мешіттердің, имараттардың қалдықтарынан басқа ешқандай ескерткіш біздің заманымызға келіп жеткен жоқ. Ал халықтар мәдениетін ұмытып, қалаларды тастап, шатырларда тұрады, тағылық пен білімсіздікке түскен» [1], – дей келіп, қазіргі қазақтар бір кездегі осы мәдениетті халықтың ұрпағы, ежелгі мәдениеті бар халықтың бірі екендігін айтады.

Расында да солай. VII–XII ғасырларда Жетісуда жасаған біздің аталарымыз үлкен мәдениеттің иесі болды.

Орхон деп танылған жазуды, соңғы екі ғасырда араб жазуын тұтынды. Бүкіл Шығысқа даңқы кеткен кітапханалары болды. Оқымысты ғалымдар, баяндар мен гомерлер өз заманының ерлік тарихын жазды, әдебиетін жасады, ежелгі грек философы Аристотель ілімін ілгері дамытқан еңбектерді дүниеге әкелді.

Кейін осы тарихи дамуға көшпелі моңғолдар шабуыл жасады.

Бір кездегі австриялық мәдениетке швейцар бақташылары жасаған шабуылға тоқталып, Ф. Энгельс: «Бұл күрес білімділікке қарсы білімсіздіктің, мәдениеттілікке қарсы тағылықтың күресі болды. Ол кезде бақташылар мәдениеттілікті жеңіп шықты, ал осының жазасына олардың өздері былайғы мәдениеттіліктің бәрінен бөлектеніп, құралақан қалды», – деген болатын [2]. Осы сияқты көшпелі моңғолдардың тағылық шабуылына ұшыраған Жетісу мен Сыр бергі бес-алты жүз жыл бойында жасалған мәдениетінен айырылды, керісінше, жеңген моңғолдар оларға өз бақташылығын, жартылай тағылығын таңды. Сол үшін де VII–XII ғасырлар қазақ халқы тарихы үшін жоғалған ежелгі грек дәуірі болып қала берді.

Одан бергі жерде үлкен тарихи прогресс заманы – қазақтың халық боп құралу заманы XIV–XVI ғасырлар – тарихымыздағы ең жарқын беттердің бірі. Бұл дәуірде халық әдебиеті де барынша өркен жайды, эпостық жыр-дастандар туғызған эпик ақындар – дала философтары, көреген шешендер өмір сүрді. Осы дәуірдің тарихын жазған Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты шежіре тарихшылар дүниеге келді. Міне, бұл дәуір қазақ халқының қайта ояну дәуірі болды.

Сөз жоқ, XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі поэзия – қазақ халқының мәдениеті өркендеген осы дәуірлерінде туған поэзияның жалғасы, солардың былайғы дәуірлердегі дамыған жаңа үлгілері, замандар бойындағы дамудың нәтижесінде келіп көтерілген биігі.

Демек, бергі XIX ғасырдағы не арғы XVIII ғасырдағы поэзия тілін зерттегенде оны соған дейінгі поэзия тілімен, халықтың өзге жанрындағы әдеби мұралары тілімен сабақтастыра зерттеуіміз керек. Онсыз бұлардың тілін тани алмаймыз және ол тілді солардың тілі деп кесіп те айта алмаймыз. Тіпті ілгергі әдебиетсіз Бұхардың, Махамбеттің, Дулаттың қазақ поэзиясы тіліне сіңірген төл қызметін де, олардың творчествосын да айыра алмас едік.

VI–VII ғасырлар үлесіне тиесілі әдебиет, болмаса, XIV–XV ғасырларда ноғайлы атымен белгілі болған әдебиеттің туу сырын түсініп, пайымдай алмас едік. XIII ғасыр басындағы моңғол шапқыншылығының ғаламат зардаптарынан кейін аз уақыттың ішінде сондайлық әдебиеттің тууы сияқты кереметтің сырын мүлде түсінбей кеткен болар едік.

V–VII ғасырлар арасында Каспийден Алтайға дейінгі кең байтақ жерді мекендеген халықтар тұтастай түрк деп аталды да, ал іштей үйсін, қыпшақ, қаңлы, арғу, дулу, ұйғыр, қырғыз, башқұрт, оғуз, чігіл, жабағу, т.б. ру, тайпаларға бөлінді.

Тіпті бұл кездің өзінде-ақ болашақ жаңа халықтар – жеке-жеке түркі халықтарының негізгі ұйтқы топтары – әрі этногенездік, әрі әкімшілік-территориялық жағынан бөлек-бөлек шоғырлана бастады. Бірақ осыған қарамай ол кездегі тілдік-әдеби мұралар осы аталған ру, тайпалардың өзара бөліспеген ортақ еншілесі сияқты болды.

Әрине, бұл дәуір әдебиеті сөз болғанда әңгіме осы кереғар замандар арасында жасалған дүниеліктердің өзара ұқсас еместігінен олардың бір-біріне жаттығын көруде емес, әңгіме осы өзара ұқсас еместік қалай келіп шықты дегенді анықтауда, бір кездегі *негіз әдебиеттен* оның өзіне «мүлде» ұқсамайтын әдебиет қалай келіп шықты дегенді анықтауда, я болмаса осы *ұқсас еместік қалыптасқанға* дейінгі ұзақ аралықта үзіліссіз жалғастықтың бірте-біртелік өзгерісін, екінші сапаға өтуін анықтауда, ең ақырында, сонау дәуір әдебиетінде еншілестігіміз бар дегенде, осы еншілестіктің былайғы сыртында, кейінгі дәуірдегі әдебиеттен сол дәуір әдебиетін байланыстырып жатқан өзек-негізді анықтауда.

Бұл өзі сондай үлкен мәселе. Біз бұлардың ішінен ең соңғы мәселеге – VI–XII ғасырлар әдебиеті мен XV ғасыр әдебиетін байланыстырып жатқан өзек-негізге тоқталмақпыз.

Соның өзінде әдебиет үлкен өрнек кестесі болса, сол өрнек кестелерден арғы-бергі дәуірлерге тән аздаған ұқсастықтарды ғана іздеп, әңгімені осы өте шағын ұқсастықтар аясына құрмақпыз.

Әрине, бергі XV ғасыр әдебиетінің көне дәуірдегі белгілерін, біз, сөз жоқ, тарихи белгілі дәуірден ғана, дәлірек айтқанда, арғысы енисей-орхон жазулары дәуірі – V–VIII ғасырлардан, бергісі Махмұд Қашғаридың «Дивану луғат-ит түрк» атты еңбегі дәуірі – XI ғасырдан ғана іздей аламыз.

V–XI ғасырлар аралығынан бізге келіп жеткен сөз үлгілері едәуір. Олар бірінші, V ғасырға тән талас-енисей ескерткіштері – мола басына құлпы тасқа жазылған эпитафиялар, яғни өлінің өз атынан айтылған екі-үш, бес-алты сөйлемдік «тарихы»; екінші,

VIII ғасырға тән Орхон ескерткіштері – мола басына құлпытасқа жазылған тарихи шежіре, яғни түркі тайпаларының сол тұстағы атақты қағандары мен батырлары Білге (қаған), Елтеріс (қаған), Күл (тегін), Тон (ұққұк), т.б. жорық жолдары – ішкі бәсекесі, сырт елдерге шеруі, тәуелсіз ел болу жолындағы күресі әңгімеленген тарихи шежіре; үшінші, VIII–X ғасырларға тән ұйғыр жазулары – жору, аяң айту, діни аңыз, т.б.; төртінші, М. Қашғаридың XI ғасырда жазылған «Дивану луғат-ит түрк» атты еңбегі – түркі тайпалары тілінің сөздігі, яғни ауызекі тілде тұтынуда жүрген жеке сөздер, жеке сөйлемдер, мақал-мәтелдер, ауызша және жазбаша поэзияға тән өлең үзіктері.

V–XI ғасырлар арасында жазылған, жазуға түскен осы ескерткіштердің түркі тайпаларының сол дәуірдегі және оған дейінгі ауызша поэзиясына қай дәрежеде қатысы бар бұл ескерткіштер түркі тайпаларының ауызша поэзиясының жалпы тарихы туралы қандай мәліметтер бере алады?

Бұл сұраққа жауап іздеу – бүгінгі түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының көне дәуірдегі, тіпті сөз үлгілері келіп жетпеген дәуіріндегі ауызша поэзиясы қандай болды дегенге жауап іздеу. Дәл осы арқылы ғана бергі дәуірдегі поэзияның арғы жасалу дәуірі жайлы түсінігіміз болады. Дәл осы арқылы ғана ауызша поэзиямызды дәуірге қатесіз тели қарастыра аламыз.

Соңғы кезде тюркологияда әрі қазақ филология ғылымында көне мұраларды поэтиковедение (поэтикознание) тұрғысынан келіп қарастыратын зерттеулер туа бастады.

Мұның өзі түркі тектес халықтардың әрі оның ішінде қазақ халқының да көне дәуір поэзиясы тарихын жасау сияқты ізгілікті жұмыстарға бастап келеді.

Айталық, бұрынырақта V–VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі поэтикалық белгілер туралы жалпылай айтылып келсе, соңғы зерттеулерде бұл ескерткіштер тұтас күйінде поэзия деп танылды [3]. Ал қазақ әдебиеттану ғылымында бұл ескерткіштер көне түркі поэзиясы деп танылып, оларды өлең үлгісіне келтірген кітаптар шықты [4], ғылыми еңбектерде бұл ескерткіштердің көбіне-көп поэтикалық артықшылықтары әңгіме болды.

Сөз жоқ, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – бұл күнде тарихы белгілі ең көне сөз үлгілері. Біз бұл ескерткіштер жазыл-

ған дәуір –V–VIII ғасырлардан арғы жерде түркі тайпалары тілінің құрылысы, фольклорлық әдебиетінің, нақтырақ айтқанда, ауызша поэзиясының сипаты қандай болды деген сұраққа бірден жауап бере алмаймыз.

Өйткені V ғасырдан арғы жерден қалды деген сөз үлгісі бізде қазір табылған жоқ. Бірақ арғы жерде, шамамен I–V ғасырлар арасында, түркі тайпаларында поэзия болмады деп тағы да айта алмаймыз.

Мұны айта алмауымыз ондай поэзияның болғанына күдік келтіруден емес, нақты дерек-фактінің жоқтығынан.

Сөз жоқ, ежелгі түркі тайпалары тілінің, ауызша поэзиясының тарихы – сол халықтың тілдік, поэтикалық сөз үлгісінің тарихы белгілі дәуірден басталады. Бірақ түркі тайпалары тілінің де, поэзиясының да басы, туу басы сол тарихы белгілі сөз үлгілері емес. Ол дүниеге келген тарихи құбылыстың туу басы емес, тарихы белгілі кезеңінің ғана басы. Сондықтан да V–VIII ғасырларға тән сөз үлгілері – түркі тектес халықтар тілінің, сөз мәдениетінің шартты түрде ғана «басы», «алғашқы үлгісі» болып есептелінеді. Ал V ғасырдан арғы жерде, I ғасыр тұсына тән тұтас сөз үлгілері табылған кезде, бұл VIII ғасырдағы сөз үлгілері түркі тектес халықтардың сөз мәдениетінің басы болудан қалып қояды. Өйткені сөз үлгілерінің сақталуы да, табылуы да таза кездейсоқтық.

Міне, орхон жазбаларын VIII ғасырдағы «түркі поэзиясы» деп танушылар осы тарихи заңдылықты, шарттылықты, кездейсоқтықты ескере бермейді.

Жұртқа белгілі (археологиялық) тарих қола дәуірі деген дәуірді атағанда, оны солай танығанда, ежелгі ру адамдарының жасаған, тұтынған құралының сипатынан шығарып барып атаған. Және бұл қола дәуірі деген дәуір мен арғы мыс дәуірі деген дәуірді осылардан жасалған құралдарға қарап айырып, белгілеп отыр. Егер археология қазба арқылы табылған мыс құралды қола деп таныса, біріншіден, ол сол құралдың уақытқа қатысты тарихын жоғалтар еді, екіншіден, заттарды өз атымен атамай, заттардың өзіне тән қасиеті, сапасы туралы ұғымды шатастырар еді.

Міне, Орхон ескерткіштерін поэзия деп танудан осы жайды анық көреміз. Яғни ауызекі тілге тән стильден алшақ емес сөз

үлгісін поэзия деп тану – түркі халықтары VIII ғасырда ауызекі тіл стилі мен поэтикалық стиль бөлінбеген, поэтикалық стильдің элементтері ғана жасала бастаған сөз үлгісіне ие болды деген түсінікке келтірер еді. Мына тұрған VIII ғасырда түркі тайпаларында мәдениетті қалыпқа келген ауызша поэзия болмады деген пікір туғызар еді.

Шынында да солай ма? Жоқ, бұл – мыс құралды қола деп атап, мыс дәуірін жоғалту, қола мен мысқа тән ұғымдарды шатастыру: яғни VIII ғасырдан қалған ескерткіштерді поэзия деп тану – түркі халықтарының сол тұстағы және оған дейінгі поэзиясын жоғалту, оның анық сипаты турасында туар түсініктің өресін кескен болып табылар еді.

Түркі тектес халықтардың ауызша поэзиясының нақты жасала бастау дәуірі туралы пікір айту мүмкін нәрсе емес: егер түркі халықтарының тарихы белгілі тілдік құрылымының сипаты сол тарихи дәуірге дейінгі жерден арыда тағы қанша дәуірді қамтыды дегенді айту қандайлық қиын болса, түркі халықтарының тарихы белгілі поэзия үлгілері сол дәуірден арғы жерде тағы қанша дәуірді қамтитынын айту да сондайлық қиын.

Қазіргі түркі тілдері өзінің фонетикалық, грамматикалық құрылымы жағынан бұдан 1300–1500 жыл бұрынғы руналық жазу тіліне қаншалық жақын болса, мұның өзі – V–VIII ғасырлардағы тілі аздаған біршама өзгерісімен сол өзіне дейін тағы да сондай бірер дәуірді қамтиды деген сөз. Ал мұны әрі түркі халықтарының ауызша творчестволық табыстары туралы да айтуға болады. «Өлең тілі халықтарда тіл әлі жетілмеген кездің өзінде-ақ жасала бастауы мүмкін» (*Гегель. Сочинения. Т. XIV. М., 1958. С. 200*). Сондықтан да бізде әдетте айтыла беретін, көбіміз қолданып жүрген «түркі халықтары поэзиясының V–VIII ғасырдағы алғашқы дәуірі» сипатында келетін танымдарымыз барынша шартты танымдар.

Түркі халықтарының ауызша поэзиясының арғы дәуірдегі тарихына барғанда, осы тарихты белгілі бір *уақыт аясына тели* зерттегенде түркі халықтарының бергі 1000 жылды қамтитын жіктелісінен кейін осы жіктелген жеке-жеке халықтардың тіліндегі бірлікке, айырым сипатына; сол 1000 жылдан арғы жер-

де жасалған сөз үлгілерінің (мақал-мәтелдердің) бұл жеке-жеке халықтарда сақталуының, қазіргі дәуірге келіп жетуінің негізінде туған ортақтыққа, осы сөз үлгілерінде көрінетін айырым сипатына; поэзиядағы ортақ жолдарға, поэтикалық ортақ тілдік тәсілдерге, олардың өзіндегі өзгешелене бастаған айырым сипатына – тағы сол сияқтыларға назар аударып, осы заңдылықтарды, оның даму эволюциясы сипатын зерттеу керек болады. Бұларсыз зерттеу – тарихи тұрғыдағы зерттеу емес, белгілі бір дәуірдегі тілдік үлгіні сол қалпында сипаттау, ең мықтағанда кейбір ерекшеліктерін салыстыру сипатында есепке алу ғана болады. Ал мұндай зерттеу сипаты – салыстыру, аналогия жасау тәсілдері жоқ жағдайда субъективтік пайымдауларға барынша еркіндік беріледі.

Тілде бұрын жасалған творчестволық сөз үлгілері кейінгі дәуірлерге өзін тұтынушы халықтың ауыздан-ауызға көшіріп сақтауымен жай ғана дәуірге талғамсыз жетіп қана қоймайды, сол өзін тұтынушы халықтың тілде болған белгілі бір кезеңдердегі өзгерісін қабылдай, соған бейімделе, қайта өзгертіп айтылуымен келіп жетеді. Сөйтіп, ол әрі тілдің сол өзгерген дәуірінде жаңа туған сөз үлгілерімен бірдей болып, соған өте ұқсап жатады. Бұл тұста өте ертеде туған белгілі бір формадағы творчестволық сөз үлгілерінің жеке-жеке түркі тілдерінде кейінгі кезде олардың тілдік ерекшелігі ыңғайымен белгілі бір айырым-өзгерістерімен тұтытуда жүргенін аналогия ретінде алуға болады.

Фольклорлық мұралар ішінде өзінің туу дәуірі жағынан барынша көне және тілдік белгілер жағынан барынша тұрақты, әрі дәстүрлі формаларға ие сөз үлгілері – мақал-мәтелдер. X–XI ғасырлардағы түркі тайпалары тілінде тұтытуда жүрген осы сөз үлгісінің бірсыпырасы XI ғасырда жазылған «Дивану луғат-ит түрк» ескерткішіне енген. Махмұд Қашғари бұларды түрк тайпаларын аралап жүріп ел аузынан жинаған. Бұл кез түрк тайпаларының ірі-ірі жікке бөліну процесі басталған дәуірмен тұстас келеді.

Осы мақалдардың бірпарасы, мың жыл өткеніне қарамай, қазіргі түркі халықтарында сол «Дивану луғат-ит түркте» жазылған күйінде (аздаған фонетикалық өзгерісімен) сақталған: *Ач не йемес, тоқ не темес; бар – бақыр, йоқ – алтун*, т.б. Ал бірпарасы аздаған грамматикалық (формалық) өзгерісімен сақталған: *Kiwi*



аласы ічтін, йылқы аласы таиштын (кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында); *иуи қанатын, ер атын* (күс қанатымен, ер атымен); *қорқмыш кішіге қой басы қош көрунур*, т.б. Енді бірпарасы аздаған лексикалық, формалы өзгерісімен сақталған: *қуруқ қашуқ ағызга йарамас, қуруғ сөз қулаққа йақышмас; йазмас атым болмас, йаңылмас білге болмас; кіші сөзлешү, йылқы йызлашу; күзекү узун болса елік күймес*, т.б.

Сол сияқты М. Қашғари дәуіріндегі мақалдар қазіргі түркі халықтарында, бұлардың тіліндегі бергі дәуірде болған өзгерісі (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық) ыңғайымен сақталған. *Тағ тағқа қабушмас, кіші кішіге қабушур* (МҚ) – *тау тауға қосылмас, адам адамға қосылар* (қазақ мақалы); *тау тау белән очрашмый, адәм адәм белән очраша* (татар мақалы); *дағ даға қабушмаз, інсан інсана қабушар* (түрік мақалы), т.б.

Осындай бір негізділік, бірлік-жақындық түркі халықтарының кейінгі азаматтық-дидактикалық поэзиясында да сақталған. Айталық, Қырым жұртында:

Бір *дегеште* не йаман?

Бір пытырсыз йыған мэл йаман.

Екі *дегеште* не йаман?

Екі ідіні сала қалсаң о йаман [5], –

деп келетін өлең қарақалпақ ауыз әдебиетінде өзгешелеу болып кездеседі.

Бир *дегенде* не жаман?

Билимсиз өскен ұл жаман.

Екиленши не жаман?

Елеусиз өскен қыз жаман [6].

Ал Қырым жұртында:

Булан мүйіз салмаза

Булутқа йітіп турмас па?

Бурунғы қарылар өлмезе

Бурунчук кара йірлер тулмай ма? [7] –

деп келетін өлең Сібір татарларында өзгеше поэтикалық тілдік формада сақталған:

Пуланның музү түспечең полза,

Пултқа тіри өзөчүк.

Пу йатқан қалық өлбөчөң полза,

Пу йерге сыңмин йадачық [8].

Бұл халықтардың бір-бірінен жіктелу, территориялық жағынан алшақтау дәуірі (осы сөздердің қағазға түскен кезінен арғы жерде) ең берісі үш жүз жылды қамтиды. Міне, соған дейін туған сөз – бұл халықтардың бәріне ортақ үлгідегі сөз – бергі үш жүз жыл ішінде (шартты) бұл халықтардың тілінде болған өзгерістер ыңғайымен, кейінгі тілдік норма ыңғайымен қайыра редакцияланып жырланып отыр. Сөйтіп, ол әр халықтың бергі бөлінген дәуіріне тән өз туындысына айналып отыр.

Енді М. Қашғари сөздігінде бар мақалдарға қайта оралайық. Мың жыл ішінде фонетикалық жағынан біршама, ал лексикалық-синонимдік, морфема-формалық жағынан өте елеусіз өзгеріске түскен осы мақалдардың поэтикалық-творчестволық модель-үлгісі қазіргі түркі халықтарының бәрінде де сол күйінде сақталып қалған.

*I. Оғлан ышы ыш болм а с // оғлақ мәңүзі сап болмас; Ач не йем е с // тоқ не тем е с.*

*II. Қарға қарысын кім біл і р // кіші аласын кім тапа р; Ерге муң тег і р // тағ сеңіріне йел тег і р.*

*Ағыз йе с е // көз уйаз у р; Іңен іңре с е // боту бозлар.* Ал бұл сақталып қалғандық, екінші кезекте, осы бергі Х–XX ғасырлар арасына ғана тән емес, ол арғы кезеңге – Х ғасырдан арғы кезеңге де тән.

Сол Х–ХІ ғасырлардың өзінде қазіргідей барынша абстрактілі ұғымға ие, барынша қалыптылыққа, шарттылыққа ие, барынша жалпы халықтық ортақ түсінікке әрі барынша тұрақты модель-формаға ие мақалдар өзінің түпкілікті жасалып, тұрақталу жағдайына ХІ ғасырдан арғы жерде бірнеше ғасыр көп бұрын келіп үлгірген. Және ХІ ғасырға (М. Қашғари жазып қағазға түсірген дәуірге) өзінің формалық-ұйқастық (морфема-формалық) тәсілдерін – поэтикалық-творчестволық тәсілдерін бірнеше өзгертіп барып жеткен. Ал бұл өзгерістердің бірсыпырасы Орхон ескерткіштері дәуірінен VIII ғасырдан бұрын болып үлгірген. Өйткені «Күлтегін» ескерткішінде кездесетін:

*Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр,*

*Иақұқ ерсер, едгү ағы бірүр [9], –*

деп келетін мақал өзінің модель-үлгісі, формалық-ұйқастық тәсілі жағынан М.Қашғари «Сөздігіндегі» мақалдармен бірдей келіп жатады.

Яғни М. Қашғари сөздігіндегі мақалдардың бірсыпырасы – түркі тайпаларының сол X ғасырдағы *тілінің нормасына түсірілген* көне (X ғасырдан, тіпті VIII ғасырдан көп бұрын туған) мақалдар, бірсыпырасы – өзінің байырғы (түркі тілінің X ғасыр мен одан арғы жердегі даму-өзгерісі сатысындағы) *қалтын сақтап жеткен мақалдар*, енді бірсыпырасы – *көне мақалдар, модель ыңғайымен жаңа жасалған мақалдар*.

Мақалдар өзінің мазмұны жағынан да, модель-үлгісі – грамматикалық формаға құрылған *тең сөйлемдері, баяндауыш ұйқасы* жағынан да творчестволық туынды. Ауызекі (сөйлеу) тілдің жеке бір ерекше формаға ие бөлек материалы, ерекше *жанры*. Бұл – «Күлтегін» ескерткішіндегі *«Антағыңын үчүн ічідміш қағаныңын сабын алматын, йір сайу бардық, қоп анта алқынтығ, арылтығ»* – дегендей, сөйлеу тілінің «ұйқасы» ыңғайымен емес, қалай айту ойластырылған, іздестірілген, осындай талаптану негізінде туған творчестволық туынды, яғни поэзия элементі бар жаңа жанр. Ал бұл «жаңа» жанр ежелгі түркі тайпаларында сөз үлгісінің тарихы белгілі VIII ғасырға дейін, тіпті одан көп бұрын туып қалыптасқан.

Түркі тайпаларында айтыс, қарсы айтыс өте көне дәуірден бар [10]. Егер «өлең тілі халық тілінің әлі жетілмеген кезінің өзінде-ақ жасала бастауы мүмкіндігін» ескерсек, айтыс сияқты сөз дүкені халық ән-өлеңдері, халық поэзиясы жасалып, қалыптасқан дәуірден көп кейін, жеке индивид ақындардың көріне шыға бастауымен орайлас жатады. Жеке ақындық өнер – халық поэзиясының дамуы негізінде барып туатын тарихи құбылыс.

Осы жеке ақындық өнердің тууына байланысты ғана тұрмыс-салт жырларынан бөлек тарихи-элеуметтік тақырыпта өлеңдер туа бастайды. «Дивану луғат-ит түрктегі» X–XI ғасырларға дейін туған «Алп Ер Тоңа»..., «Мыңлақ елін алғанбыз», «Мен жеңбесем кім жеңер» (атаулық шартты) сипаттас ерлік-азаматтық жырлар, өзге де өсиет өлеңдер – осындай жеке ақындық өнердің жемісі.

Міне, VIII ғасырда, осыған қарайлас кезеңде түркі халқында тұрмыс-салт жырлары, айтыс дәстүрі, жоқтау өлең айту салты жеке индивид ақындар, олар шығарған ерлік-азаматтық, өсиет өлеңдер болуын мойындамау ғана «Күлтегін» сипаттас ескерткіштерді «поэзия» деп тануға әкеледі.

Рас, «Күлтегін», «Тоңуқук» ескерткіштерінде поэзияға тән, соған жақын үзіктер бар. Бірақ ол тұтас ескерткіштер тіліне, жанрына тән бір бүтіннің жасалуына тән ерекшелік емес, ол – ескерткішті тасқа түсірген автордың ауызша поэзияға тән тәсілдерді арагідік пайдалануы, кіргізуі ғана.

«Күлтегін», «Тоңуқук» – поэзия да, творчестволық өлең-жыр да емес. Олар жұрт айтқандай «поэма да емес, түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын шежіре ғана. Оның стильдік ерекшелігі – «мен» атынан баяндай айтылуы. «Күлтегін» шығарылған емес, айтып отырып жаздырылған («*барқ итгүчі, бедіз йаратыгма, бітіг таи итгүчі табгач қаған чықаны...*»). «Тоңуқук» та айтып отырып жаздырылған («Түрк Білге қаған еліне бітігтім (жаз-дыр-дым) бен Білге Тоңуқук»). Сондықтан да бұлар ауызекі сөйлеу тілінің баяндай айту нормасына жақын.

Түркі тектес халықтардың ауызекі сөйлеу тілі де, оның бұрын-соңды ертегілер тілі де синтаксистік жүйелі жағынан зерттелген емес. Оның ерекшеліктері, яғни тұрақты, тұрақсыз белгілері есепке алынған емес. Осы салада ғылыми зерттеулер жасалған болса, оны орхон жазбалары тіліне үлгі-фон ретінде қолдансақ, онда біз ескерткіштер тілінің сипатын тез аңғара алар едік. Сол сияқты Орхон ескерткіштері тілі де синтаксистік жүйесі жағынан әлі күнге дейін түбегейлі зерттелген емес, мұның өзі де бұл ескерткіштердің жанры туралы әр ұдай болжам пікірлер айтуға уақытша болса да мүмкіндік беріп отыр.

Біз Орхон ескерткіштері поэзия емес дегенде, оның тілін тұтас талдамай, поэзияға жат белгілерінен бір-екі фактілер келтірумен шектелеміз.

Тағы да салыстырудан басталық. XIX ғасырдың орта тұсында В.В. Радлов Қырым татарларынан «Гумалай ару» атты ертегі жазып алған. Егер осы ертегіні «поэзиялық тәртіпке» түсіріп жазсақ не сөйлем ыңғайымен жазсақ, төмендегіше болмақ:

Қарады:

(жолда) бір хумай жылқы көрдү,  
 (шу жылқының) ішінде бір тай көрдү,  
 (о тай) жұртта болса екі еді,  
 болмаса бір еді,

ондай ділбәр айуан жоқ еді,

өзү жүрүк еді

өзү арык еді [11].

Енді Орхон ескерткіштерін осы ретпен берейік:

1. Үзе көк тәңрі йеті йегірмі йашыма таңут тапа сүледім, таңут будунығ буздым, оғлын йотызын, йылқысын, барымын анта алтым...

2. Болчуда сөнүшдіміз.

Қағанын, йабғусын, шадын анта өлтүртім,

ілін анта алтым.

Отуз йашыма Бес-балық тапа сүледім,

алты йолы сөнүшдім [12].

Міне, жай сөйлемдер соңындағы баяндауыштарға қарасақ, «Тумалай ару» ертегісі де, «Могилян хан» ескерткіші де бір сипаттас. Егер бұларды «поэзия» десек, онда ертегі тілі деген тіл жоқ болып шығады.

Орхон ескерткіштеріндегі поэзияға жат белгілер, біріншіден, сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тізбек қатары жиі келуі:

I. (1) йуғчы, сығытчы өнре, күн тоғсықда *Бөклі чөлліг ел, табғач, түпүт, апар, нурум, қырқыз, уч қурықан, отуз татар, қытаң, татабы* – бунча будун келіпен, (2) *сығтамыс, йығламыс*: антағ күліг қаған ерміс.

II. (1) Теңрі тег теңріде болмыш түрк Білге қаған бу өдке олуртым. (2) Сабымын түкеті есідгіл: (2а) улайу *інійгүнім, оғланым, // бірікі оғушым, будуным, // біріиа шад-апыт беглер, // йырайа тарқат буйуруқ беглер, отуз татар, тоғуз оғуз беглері, будуны // бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңла* [14].

III. (1) Түрк будун *өлті, алқынты, йоқ болты* (тоң. 3). (1) Ечүміз-апамыз Бумын қаған төрт булыңығ *қысмыс, йығмыс, йаймыс, басмыс*. Ол қан йоқ болтукда *кесре* (содан соң. – Қ.Ө.) *ел йітміс, ычғынмыс, қачышмыс...* (Оңғ., I).

Екінші – жалаң сөйлемді, төл сөздің келуі:

I. (1) қыйын айдым,

(2) турғуру котым,

(3) кентү будуным, – тідім,

(4) уду келің, – тідім.

- (5) Қодун бардым, келмеді.  
 (6) Йіче іртім,  
 (7) Бурғуда йетдім.  
 (8) Төртүнч ай тоқуз йаңықа сүнүсдім, санчдым  
 (МЧ., 14, 15).  
 II. (1) Ол сабығ есідіп,  
 (2) қағаным:  
 – Бен ебгеру түсейін,– тіді;  
 (3) – Қатун йоқ болмус ерті,  
 (4) аны йоғлатайын,– тіді;  
 (5) – Сү барың,– тіді;  
 (6) – Алтун йысда олуруд,– тіді.  
 (7) ...Алтун йысда олуртымыз,  
 (8) үч көруг кісі келті,  
 (9) сабы бір:  
 (10) қағаны сү тасықды,  
 (11) он оқ сүсі қалысыз тасықды,– тір,  
 (12) Йарыс йазыда тірілелім, – тіміс.  
 (13) Ол сабығ есідіп, қағанғару ол сабығ уттум.  
 (14) Қантайын.  
 (15) Сабығ йана келті:  
 (16) Олуруң тійіп,– тіміс [14].

Сонда бұлар қандай жанр?

Енисей жазулары – өлінің жер басып тірі жүрген кезіндегі «тарихын» өлінің өз атынан баяндайтын мұң тілі. Мұның «тарих» болатыны – тірі кездегі бірді-екілі істері аталады, мұң тілі болатыны – тума-туыстарымен қызықтасып бірге өмір сүре алмағаны, олардан айрылғаны айтылады. Қараңыз: *Сіз: еліме, кунчуйума, оғланымма, будунымма, сізіме алтмыш йашымда адырылдым. Атым Ел Туған Тутуқ, бен теңрі елімке елшісі ертім, алты бағ будунка бег ертім* – Сіз: елімнен, күнекейімнен, ұлымнан, халқымнан – сіздерімнен алпыс жасымда айырылдым. Атым Елтуған тұтық. Мен теңрінің еліме елшісі едім, алты бау халыққа бек едім [15].

Көлем жағынан бір-екі сөйлем мен он шақты сөйлемнің арасынан шығып отыратын бұл жазулардың қазір жетпістейі табылды және бәрі де бір стильде. Осы себепті де бұлардың лексикалық құрамы бас-аяғы шамалы ғана топтағы заттық мәнді сөздер-

ден тұрады. Ал бұл заттық мәнді сөздер үнемі қайталанып, бірыңғай тіркестіріліп аталып отырады да, сөйлем өлген кісінің әрекетіне тән қимылды білдіретін, онда да үнемі қайталанып келетін санаулы етістік сөздермен аяқталып отырады.

Ескерткіштерде етістіктер жалпы аз, 40–50 түрлі ғана етістік сөздер қолданылған. Олардың өзі де өте сирек қайталанады. Ал өзге реттің бәрінде жазудағы сөйлемдер *адырылдым* (айырылдым, өлдім), *бөкмедім* (қызықтамадым, өлдім) деген екі етістік сөзбен аяқталып отырады.

Енисей жазуларында «қан ердім» сөзі кездеспейді, «қанға бардым», «бек ердім», «Алп туран», «Алп уруқу (тулы) тутуқ бен», «батур мен», «йолчы бен», «Күч күл тутуқ», «Кутлуғ Бақа тарқан Оге буйруқы мен» деген сөздер жиі кездеседі. Мұның өзі ескерткіштердің әлеуметтік топтың орта тобына, көпшілік бұқараға жататын кісілердің басына қойылғанын аңғартады. Екінші кезекте, мұның өзі жазудың халықтың орта тобына да тарағанын, ескерткіш сөз жазу («бегімке бөкмедім», «жолчы бен» дегендерді ескерсек) халықтың бұқара тобына да ортақ болғанын көрсетеді.

Өлінің сөзі ретінде берілуі, өлінің атынан айтылуы – Енисей жазуының стильдік, жанрлық ерекшелігі. Бірақ бұл ескерткіштер поэзия емес.

Орхон жазбалары мен енисей жазбаларының аралығында 300 жыл жатыр. Бұл – ұзақ аралық дәуір. Осы үш жүз жылдық мерзім енисей жазуынан басталған дәстүрді жетілдірді, оны жанр, стиль жағынан күрделендірді.

VIII ғасырдың басына тән «Тоңуқуқ», «Күлтегін», «Мойн чур», «Могилян» ескерткіштері қағандар мен қаған қасындағы сәуегей даналардың мавзолейі жанына тасқа ойып жазған туындылар. Бұлардың енисей жазуымен жақындығы – мола басына жазылуы. Ал негізгі айырмашылығы – өлінің тіріге арнау сөзі ретінде жазылуы. Мұнда жеке бастың меншікті заты аталмайды, тірлікте істеген іс-әрекеті суреттеле әңгімеленеді. Яғни оқиға баяндалады. Ал бұл оқиға – түркі тайпаларының белгілі бір бөлігін билеп отырған қағандардың тіршіліктегі ел басқаруы, көрші туыс тайпалармен, елдермен жүргізген қатынасы, соғысы, т.б. Бұл оқиға – түркі халықтары тарихының белгілі бір кезеңіне тән тарихи оқиға. Демек, бұл ескерткіштер – тарихи деректер баянда-

латындықтан, тарихи ескерткіш. Ал жеке адамның қызметіне байланыстырылып баяндалатындықтан, бұл ескерткіштер – *шежіре-тарих*. Бұлар бергі XIV–XVI ғасырлардағы «Жамиғат тауарих», «Шейбани-наме» сияқты хандар шежіресіне жақын. Ал халыққа қарата айтылатындықтан бергі дәуірдегі хан жарлықтарына ұқсас.

Ескерткіштердің мазмұны мен идеясына келсек, *көп бұрын болып өткен оқиғалар баяндай әңгімеленсе, соғыс тұстары суреттей әңгімеленеді. Бұл тұста өткен тарихқа, өздері ұстаған бағытқа саяси баға беріледі, көрші ел табғач жұртына тәуелді болмау идеясы, түркі тайпаларының бірлігі, ынтымағы уағыздалады.*

Ескерткіштердің жанрына келсек, бұларда ауызекі (сөйлеу) тілдің тынысы анық көрініп тұр. Тындаушыға арналған. Ескерткіш авторы (не авторлары) тындаушысын көз алдына келтіріп қойып, өз сөзін әңгімелесе отырып айтып шығады. Осы әңгіме үстінде автор сөзді таңдап теріп айтады; тұрақты, дағдылы сөз орамдары мен тіркестерді жиі келтіріп, кейде оларды қайталап қолданып отырады; мақал сөз, шешендік толғау сөзді кірістіріп отырады; соғыс-жорықты әңгіме еткен тұста әскери терминдерді, батыр қимылын бейнелейтін образды сөз үлгілерін екпінді ырғақпеп қайталап қолданып отырады. Автор өз сөзін түркі бектеріне, халқына, т.б. арнайды, соларға қарата айтады. *«Тоғуз оғуз бектері, будуны, бу садымын (сөзімді. – Қ.Ө.) едгүті есід, қатығды тыңла!» (10. 27-бет), «Түрк, оғуз бектері, будуны, есідің! Үсте теңрі басмасар, аста жер тілінмесер, түрк будун, еліңді, билігіңді кім бұзды?»<sup>1</sup>.*

Бірақ бұл ескерткіштер ауызекі сөздің, ауызекі әңгіменің сол қалпында жазуға түсірілуі емес. Бір ескерткіштер – ауызекі тілге (сөзге) жақын, тіпті одан әлі бөлектене қоймаған, өзінің айқын үлгі-тәсілін жасап шыға қоймаған *жазба әдеби нұсқа*.

Ескерткіш бір ғана стильде жазылмаған. «Үлкен Күлтегін» аяқталған ойды білдіретін 306 сөйлемнен тұрады. Осы ескерткішті әңгімелеп жазу үлгісі әртүрлі.

<sup>1</sup> Ескерткіш тілін ұғуды жеңілдету үшін, кейбір дыбыстарды, жеке формалар мен сөздерді қазіргі тіл нормасымен беріп отырдық.



Бірінші. «Үсте Көк Теңрі, аста жазық жер қылынмысда, екі арада кісі оғлы қылынмыс», – деп басталатын бірінші сөйлемнен «Қаңым қағанқа баслатып Базғанды балбал тікміс» деген 84 сөйлемге дейін автор өзінің бабалары Бумын қаған, Істемі (VI ғасыр) қаған таққа отырғаны, ел билегені, олардан кейін таққа «білімсіз қаған отырып», елді табғашқа құл еткені, елдің бас көтергені, түрк халқы игілігіне өз әкесі Ілтеріс қағанның таққа отырғаны, «елден, қағаннан айырылған халықты түрк билік-төресін сағынған халықты ата-бабасының билік-төресі кезіндегідей қайта құрғаны», сол үшін қырық жеті рет әскер жүргізіп, жиырма рет соғысқаны, сөйтіп, ақырында қайтыс болғаны жайлы айтады. Бұл – өткен оқиға. Мұны баяндағанда автор сөйлем баяндауышын үнемі-мыш (яғни *-ған екен*) формасымен аяқтап отырады.

Екінші. «Ол билік орынға ечим қаған олурты», – дегеннен бастап, өзі араласқан істер негізінен *-ды(қ), -ды (м)* формасымен беріледі. Осының ішінде 123 – 138 сөйлем түрік бектері мен халқына қарата айтылады: «Түрк, оғуз беклері, будуны, есідің! Үсте теңрі баспаса, аста жер тілінмесе, түрк будун, еліңді, төріңді кім бузады? Өкін! (Көтерген) Білге қазанына, ерген, барған езгу еліңе өзің жаңылдың, жамандық кел (-тірдің)... кенжыш бардың, Құрығары барығма бардың, барған жерде езгі (-лік болды ма?), – қаның суша жүгірді, сүйегің тауша жатты» (қазіргі қазақ тілі нормасына ыңғайлап берілді).

Ал «Кіші Күлтегін» 83 сөйлем. Мұнда «Үлкен Күлтегіндегі» Білге қағанның өзі таққа отырғанға дейінгі ел ішінің бүліншілігін баяндайтын жер (122–144 сөйлем) мұнда 1–53-сөйлемде қайталаынады. Оқиға өзара өте ұқсас тексте баяндалады. Ал «Үлкен Күлтегіндегі» 145–294-сөйлемде баяндалатын оқиға (Білге қаған мен інісі Күлтегіннің қызметі) мұнда 54–57-сөйлемде жинақтап беріледі (Қаған отырып, жоқ-шығай будунды көп жинадым, шығай будунды бай қылдым, аз будунды мол қылдым. Болмаса осы сөзімде жалған бар ма?).

Ескерткіштің 57–83 сөйлемінде «түрк беклер, будун, бұны есідіні» – деп қарата отырып, артқы елге өзінің өсиетін қалдырғанын жазады [«Түрк будун <ын жиып> ел <жора-жарғысын> бұнта ұрдым: жаңылып ұлес <те кететініңді> және бунта ұрдым,

<қандай>, сабым <болса>, бенгі тақиқа ұрдым. Аңар көр <іп> білің!].

«Тоңуқуқ» өмірбаяндық үлгіде басталады [Білге Тоңуқуқ бен өзум, Табғач іліңе қылынтым. Түрк будун табғачқа көрур ерті]. Одан әрі оқиға әңгіме түрінде айтылады. Әңгіме автор (Тоңуқуқ) атынан айтылғанмен, оны диалогқа құрып айту – ескерткіштің негізгі ерекшелігі:

**Қырқызда йантымыз (қырғыздан қайттық). Түргес қағанға көруг келті, сабы антағ:**

Өңден (-алдынан) қағанғару сү (-әскер) йорылым (жүргізілім), – тіміс, – йорымасар бізні, – қағаны алп ерміс, айғучысы білге ерміс, қач нең ерсер, – бізні өлтуртечі күк, – тіміс. – Түргіс қағаны тасықмыс, – тіді, он оқ будуны қалысыз тасықмыс, тір. Табғач сүсі бар ерміс (табғач әскері де бар екен). **Ол сабығ есідіп Қағаным:**

Мен ебгерү түсейін, – тіді, – қатун йоқ болмус ерті, аны йоғлатайын, – тіді. – Сү барың, – тіді. – Алтуи йысда олуруң, – тіді. – Сү басы Инел қаған, Тардус сад барзун, – тіді.

**Білге Тоңуқуқ – баңа (маған) айды:**

Бу сүг елт (ерт), – тіді...

**Алтун йысда олуртымыз. Үч көруг кісі келті. Сабы бір – Қаған сү тасықды, он оқ сүсі қалысыз тасықды, – тір, – Йарыс йаыда тірілелім, – тіміс.**

Бұл ескерткіштер өзінің жазылу стилі жағынан бергі Алтын Орда дәуіріндегі XV–XVI ғасырлардағы шежірелер мен хан жарлықтарын еске түсіреді. «Кіші Күлтегіннің» теңрі тег теңріде болмуш түрк Білге қаған бу өдке олурдым. Сабымын тугеті есідгіл», – деп басталуы, «Могилянның» «Теңрі тег теңрі жаратмыш түрк Білге қаған сабым», – деп басталуы осы XIV–XVI ғасырлардағы хан жарлықтарына, хаттарына ұқсас. Айталық, Тоқтамыстың хаты «Тоқтамыш сөзум Йағайлаға, – деп басталады. Ал «Кіші Күлтегіннің» осы сөзінің жалғасы «улайу інійігүнің оғланым, бірікі оғушым, будуным, бірііе шадарыт беглер, йырайа тарқат буйуруқ беглер, отуз..., тоғуз оғуз беклері, будуны...» – деп келіп, санамалап қарата айтылады. Осы үлгіні «Улуғ Улусының оң қолының уа сол қолының тумен, мың, жүз он білкін оғланлар, билер және ішкі кентлернің уа шаһарларының даруға беклер...» – деп басталатын Дәулет Герей жарлығынан көреміз.

Мұның өзі «Күлтегін», т.б., ескерткіштер жазылған дәуірде, яғни VII ғасырдың аяғы, VIII ғасырдың басында Түрк қағанатында осы ескерткіштер стиліне жақын үлгіде х а т , ж а р л ы қ ж а з у дәстүрі болған дегенге аналогия жасауға мүмкіндік береді. Ал тасқа жазылған ескерткіштер стилі – осы жарлық стилінің шежіре-тарих стиліне ұласқан түрі, бұл екеуінің араласуы негізінде келіп шыққан жаңа стиль үлгісі.

Әрине, Орхон ескерткіштері Білге сияқты қағандардың, Тонуқ сияқты даналардың атынан айтылған, солар айтқан (не жазған) сөз болып көрінгенмен, оны жазған екінші авторлар бар. Олар – қаған қасындағы шежірешілер, хатнама иелері.

Ескерткіш авторлары текстің өзінде «сабым» («сезім») деп айтып отырса да, аяғында келіп бұл сөзді «бітіг» деп атайды. Ал бұл «бітікті» жазушылар басқа адамдар. «Күлтегінде» «беңғу таш тоқытдым, бітідім» (бітідім – жаздым) деп, автор атынан айтыла тұрып, артынша «*Бу бітіг бітігме атысы Йолыг тігін*» деп ескерткіш сөзін аяқтайды. Ал «Могилянда» Білге қаған атынан «бітідім» деп аяқталып келіп, ең соңғы сөзі «Білге қаған бітігін *Йолыг тігін бітідім... қаған атысы Йолыг тігін мен ай артуқы төрт күн* (бір ай төрт күн. – Қ.Ө.) *олуруп бітдім, бедізтім*», – деп аяқталады. Демек, Білге қағанның жарлық сөзін, шежіре-тарихын жазған оның туысы (атысы) Йолық тегін деген бітікші.

Тіпті осылайша «бітік» сөзімен аяқтау Алтын Орда хандарының жарлықтарында, хаттарында да кездеседі. 1428 жылы жазылған Улуғ Мухаммед ханның жарлық хаты «...өзүңіз білүрсіз тіп бітік сәлем үйрдік, йыл бічіп, Орда йағасында бітілді», – деп аяқталады.

Қорытынды: VIII ғасырдың басында жазылған «Тонуқ», «Күлтегін», «Могилян» сияқты ескерткіштер – жазба әдеби нұсқалар. Олар – хан жарлықтары мен шежіренің алғашқы үлгі-нұсқалары. VIII ғасырда туған (шартты) бұл жанр XIV–XV ғасырларға үзіліссіз келіп жеткен.

Демек, түркі халқында сыналы жазумен бірге туған хат, жарлық сөз жанры VIII ғасырға дейін де болды. Ал «Тонуқ», «Күлтегін» осы жарлық жанрының VIII ғасырдың басында шежіре әңгімеге келіп ұласқан әрі жарлық сөз стилін сақтаған жаңа бір жанрлық үлгісі. Бұлар ауызекі әңгіме тіліне өте жақын монолог

түріндегі әңгімеден автор диалог сөзді беруге оңай көшіп отырады; сөйлемдер қысқа [түрк будун өлті, алқынты, жоқ болды; Барс бек ерті; қаған ат бунта біз берді (к); сіңлім кунчуй <ді> берті <к>, өзі жаңылды, қағаны өлді, будуны күң, құл болды], кейде мақалдап, фразеологиялық тіркестерді тізіп, шешендік сөздер қолданып сөйлейді. Сол сияқты тарихи деректерді, оқиғаларды соншалық дәлме-дәл, кішігірім детальдарына шейін тізіп баяндайды. Ал ұқсас оқиғаларды суреттей әңгімелегенде белгілі топтағы сөздерді қайталап қолданып отырады. Мұның өзі шежіренің негізгі бір стильдік тәсілі.

Әрине, біз Орхон ескерткіштері поэзия емес, бөлек жанрда жаратылған дегенде, олардың ішінде поэзия үлгілерінің аралас жүретінін жоққа шығармаймыз. Оларда арагидік өлең-жыр шумақтары аз да болса ұшырасып отырады.

Міне, біздің қазақ поэзиясының арғы дәуірдегі XV ғасырға дейінгі арналары дегенде сүйеніш, тірек етеріміз осындай шамалы дерек-белгілер.

К. Маркс: «Можно априорно определить культурный уровень какого-нибудь народа, зная лишь, из какого металла – золота, меди, серебра или железа – он изготавливает свое оружие, свои орудия или свои украшения» [17], – деген. Міне, көне дәуір ескерткіштерінде кездесіп қалатын бірді-екілі осындай сөз үлгілерін негізге ала отырып, сол дәуірдегі ауызша поэзия сипатын долбармен анықтауға болады.

XI ғасырда М. Қашғари төмендегі өлеңді ел аузынан жинап алып, өз сөздігіне енгізген.

Алп Ер Тоңа өлді мү?  
Есіз ажун қалды му?  
Өзлек өчін алды му?  
Емді йурек йыртылур.  
Улышыб ерен бөрлейү  
Йыртыб йақа үрлейү  
Сыкрыб үні йүрлейү  
Сығтаб көзі өртүлүр...

Түрктердің ұлы қағаны Тоңа Алп ер – Афресиаб (МҚ. III. 379) VII ғасырдан арғы жерде болған [18]. Жоғары ұзақ өлең – осы Тоңа Алп ерге арналған жоқтау. Бұл жоқтау өлең кейбір тілдік

(лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) өзгерістерімен сол VII ғасырдан арғы жерден XI ғасырға – М. Қашғари заманына келіп жеткен.

VIII ғасырдың басында жазылған «Тоңуқуқ» ескерткішінде:

Йуіқа ерікліг топлағалы учуз ерміс,  
Йінчге ерікліг үзгелі учуз ерміс:  
Йуіқа қалын болсар,  
Топлағулук алп ерміс;  
Йінчге йоғон болсар,  
Үзгүлүк алп ерміс [19], –

деген жолдар бар.

Ал бұл жолдар – шешендік толғау өлеңінің үлгісі.

Әрине, бұл сөз Тоңуқуқ білге-шешеннің өз сөзі болуы да мүмкін. Бірақ сөз үлгісі (жанры) Тоңуқуққа дейін де көп бұрын болған. Яғни түркі халықтарының ауызша әдебиетінде дидактикалық-философиялық мазмұндағы шешендік толғау да ескерткіш жазылған дәуірге дейін болды.

Өлеңнің мұндай түрін айтушылар – жыраулар болған. Олар қаған (хан), оның бек (би), шад, жабғу, тарқан сияқты ру-тайпа басындағы әкімдеріне дейінгі жерде ең ежелгі тайпалардың көсемдері болды. Бұл орын және осы орынға келу жолы – білгірлік пен шешендік арқылы, бұларды өнер тұту арқылы келген күрес жолы болды. Олар өз кесім-үкімін, байлам-болжамын жырмен айтатып болды. Ал түрк тайпаларында (одан бұрын хундарда) хандық система құрылған кезде, бұл тайпа көсемдері ханның (қағанның) ақылшылары болды.

Хун дәуірі (б.э. дейінгі 200 жыл) баяндалған тұста И.Я. Бичурин: «хундар сәуегей, даналарын *чжуки* деп атайды» [20]. Бұл – бергі дәуірде *жырау*, ал XI ғасыр жазбаларында *жырағу* деп аталған даналар болатын<sup>1</sup>. Аңыз-әңгімелерде, тарихи деректерде ордада, хан қасында болатын XIII ғасырдағы Улығ жыршы не Сыпыра жырау, бергі Бұхар жырау – бәрі де осындай тарихи негіздің, дәстүрдің үзіліссіз жалғастығын көрсетпек.

<sup>1</sup> Жылнамаларда түрк сөздігіндегі р дыбысы берілмейді: *түрк* – *тугю*, *тарқан* – *даган*, *теңрі* – *дынлы*. Сол сияқты көп ретте сөз басындағы ж(дж) дыбысы ч-мен беріледі: *жабғу* – *шеху*. Демек, бұл *чжу* (*p*) *ки не чжу* (*p*) *аки* сөзі XI ғасырда бар *жырағу* сөзінің алғашқы үлгісі болуы.

\* \* \*

VIII ғасыр жазба ескерткішіндей емес, одан бергі дәуірден – XI ғасырдан бізге келіп жеткен жазба ескерткіште, дәлірек айтқанда, Махмұд Қашғаридың «Дивану луғат-ит түрк» атты еңбегінде сол кездегі түрк тайпалары арасында айтылып жүрген ауызша поэзия үзгілері молырақ ұшырасады.

Бірақ сөздікке енген осы үзіктер 7–8 буынды өлеңдер жайлы тюркологияда әр ұдай пікірлер бар. Егер ертеректе бұл өлеңдерді түрк ауыз әдебиетінің (фольклорының) ежелгі үлгісі дейтін пікірлер (М. Хортман, К. Брокельман) болса [21], кейін П. Пельо сияқты зерттеушілер бұл пікірге қарсы шығып, көне түрк өлеңдері ұйқасты болып келмей, өлең басындағы аллитерацияға (ұқсас дыбыс қайталауына) құрылғанын, М.Қашғари сөздігіндегі өлеңдер ұйқасы, сөзсіз, парсы поэзиясы әсерін көрсететінін айтты. Бұл пікірді И.В. Стеблева да қуаттап, М. Қашғари сөздігіне енген 7–8 буынды өлеңдерді араб-парсы ұйқасы мен аруз өлшемінде туған деп қарайды. Ежелгі түрк поэзиясында аллитерациялық системадан соңғы ұйқасты өлеңге көшу ислам жаулап алған облыстарда болды деген тұжырымға келеді [22].

Әрине, бұл авторлар орхон жазбаларын поэзия үлгісі деп таныды да М. Қашғари сөздігіне енген өлеңдерге тән төрт аяғы бірдей тең өлшемді, ұйқасты орхон түрктерінің орхон «поэзиясы» сипаттас «поэзияны» жаратқан түрктердің тума творчестволық табысы деуге сенбеді. Яғни орхон жазбаларындағы поэзия еместі поэзия деп тану, оларша айтқанда, «орхон поэзиясы» мен М. Қашғари сөздігіндегі өлеңдер арасынан байланыстылықты таба алмау – түрктердің төл творчестволық жасампаздығы дегенді ойлауға ырық бермеді.

Сөз жоқ, М. Қашғари сөздігіндегі поэзия үзіктеріне тоқтаудан бұрын поэзияға қатысты терминдердің, ұғымдардың осы еңбекте берілген классификациясына назар аудару керек.

Қашғари дәуірінде поэзия жаратушы сөз ұсталары *жырағу* және *шайыр* деп екі түрлі терминмен аталған. Юсуф Баласағуни «Құтадғу білігте» шайыр жөнінде былай дейді:

Баса келді шаныр бу сөз теруші,  
Кісіні мадақтап һәм жерлеуші.

Қылыштан өткір бұлардың тілі  
Қылдан жіңішке бу қатер жолы.

Тәтті, нәзік сөзді іздесе көңіл.  
Бұлардан есіт, сөзі ұғуға жеңіл.

Теңізге сүңгір, бақ, көңілмен іздер.  
Гауһар, інжу, жақұт шығарып тізер.  
Мақтаса, мақтауы елге жайылар,  
Тілдесе, жаман ат артқыға қалар.

Бұларды құрметте, ей, қарындас,  
Тіліне ілінбе, олардан алыс бас.

Егер ізгі мақтау тілесен өзін,  
Бұларды сүйсіндір, кесілер сөзін.

Не қолқа қылса, тартынба беруден,  
Өзінді сатып ал бұлардың тілінен [23].

Шайыр жөнінде Юсуфтың әрі сол кездегі жұрттың түсінігі де, шайырдың кәсібі де бұл үзіндіде анық көрінген: мақтаушы, сынаушы шайыр, жұрт именер, имене құрметтер шайыр, тіпті сөзін сататын шайыр бар.

*Шайыр* сөзін М. Қашғари көбіне *шер* (шэър) деп аталатын өлең үлгісін айтушыларға қолданады: «Чөжу – түрк шайырларының бірінің аты» (III, 256); «*шайыр* сүйіктісінің жүзін айға ұқсатып сипаттайды» (I, 358). Ал *йырағу* (жырағу, жырау) сөзін бір «музыка құралын тартушы», «әнші» сөздерімен түсіндіреді (III, 43). М. Қашғаридың «ол йыр йырлады» сөзін бере отырып, «Көбіне бұл сөз шэьрге байланысты қолданылады» (III, 9), – дегенін ескерсек, *йырағу* – өлеңді әнмен, белгілі бір музыка құралымен айтушыны мегзейді.

Көркемсөз үлгілері атауынан М. Қашғари түркі тілі лексикасымен *қошуғ*, *йыр* (жыр) сөздерін келтіреді. Ал бұл екі сөз кейде «шер» сөзінің синонимі ретінде алынады: «Ол йыр йырларды. Көбіне бұл сөз шэьрге байланысты қолданылады (III, 9); «қошуғ – шэьр, қасида. Шэьрде былай деген» (I, 357). Ал *йыр* сөзінің өзін

түсіндіргенде «йыр – ғазал, мақам, күй» (III, 156) деп, йыр сөзін кең мағынада қолданады.

Әрине, йыр сөзі ол кезде күй-саз, ән сөзінің тікелей мағынасында емес, жанама мағынасында жұмсалған. Болмаса ол дәуірде күй-саз, ән мағынасын беретін *көк* сөзі болған: «ер көкледі – адам ән салды» (III, 315), «ер көкленді – адам әндетті» (III, 144). Қазіргі тіліміздегі «көкіме», «күйіне келтіру» дегендер байырғы *көк* сөзінің мағынасын сақтаған.

Ал XI ғасырда *жыр, қошығ* үшін өлшем болды ма? Олар қандай өлшемде, қандай ырғақ желісінде туды? М. Қашғари сөздігінде осы мағынаны беретін *көг* сөзі бар: «көг – шэърдің вэзні. *Б у йыр не көг үзе ол* – бұл жыр қай ырғақ (өлшем) желісінде» (III, 144). Бұл *көг* сөзі – сол кездегі түрк өлең-жырының өлшеміне берілген ат. Ұлы Абай *өнер сөзі* жайында айтқан бір өлеңінде:

Қуаты оттай бұрқырап,  
Уэзінге өлшеп тізілген.  
Жаңбырлы жайдай сырқырап,  
Көк бұлттан үзілген.  
Қайран тіл, қайран сөз [24], –

дейді. Міне, осы «уэзінге өлшеп тізу» М. Қашғари дәуірінде *көг* сөзімен берілген<sup>1</sup>. Яғни XI ғасырда, тіпті оған дейін де түрк тайпаларында өлең-жыр тұрақты өлшемде туатын болған, қатаң тәртібі сақталған ырғақ өлшемінде, белгілі формада туатын болған және бұл өлшемнің атауы – поэтикалық термині болған. Айталық, тұрақты ырғақ өлшемін, форма (ұйқас) бірлігін сақтау – түрк мақалдарында өте ертеде қалыптасқан. Ал бұл өлшем бірлігі сөйлеу интонациясына құрылған мақалдардай емес, әуен ырғағына құрылған көне өлең-жырларда барынша қатаң болды.

М. Қашғари өз сөздігінде поэзияның ауызша және жазбаша үлгілерін қатар пайдаланған. Жазба поэзия үлгілерін автор шэър (бірер жерде бәйіт) деп алып отырады. Бұл топтағы өлең үзіктері көп емес, бас-аяғы жүзге тарта жол. Олар – үгіт-насихат және сүйіспеншілік тақырыптағы 11, 12 кейде 14 буынды болып келетін егіз жолды өлең үзіктері:

<sup>1</sup> «Древнетюркский словарь» М. Қашғари қолданған бұл «көг» сөзін қытайдың *цуй, кхуод* – мелодия деген сөзі деп қарайды (311-б.). Демек, түркітерде өлең өлшемі атауы арабша емес, қытайша аталған. Әрине, бұл арабтар әсері болған дәуірден арғы жердегі тарихи із.



Тоғұп тақы қалмады мәңгү ерен,  
Ажун күні, йулдузы тутчы тоғар.  
[Туды, тағы қалмады мәңгі адам,–  
Күн жұлдызы әлемнің мәңгі қаған]  
Йақын-йағуқ көрмезіп неңні көзүр,  
Қазаш таба ыт кібі қыңру бақар.  
[Жақын-жуық көрмейді, дүние көрер,  
Қарындасқа ит кебі қыңыр қарар].

Егер бұл үзіктерді мазмұнына, ұйқас түріне, ырғақ жүйесіне, буын санына қарай жіктесе, бас-аяғы бес-алты түрлі шығармадан алынғандығы байқалады. Атақты «Құтадғу білігтен» (1070) екі жыл кейін (1072) жазыла бастаған сөздікте автор бұл үзіктерді қандай шығармалардан алып қосқандығы белгісіз, бірақ қалай дегенде де бұларды Қашғари Бағдатқа бармай тұрып, өз мекенінде жүргенде жинаған, яғни «Құтадғу білігтен» бұрын туған жазба поэзия үлгілерін пайдаланған.

Бұл өлең үзіктері – келтірінді жолдар жоғарғы авторлардың араб-парсы поэзиясының әсері туралы айтқан пікірлерін сөзсіз растайды. Ал М. Қашғари сөздігіне енген өзге 7–8 буынды жыр үлгілес өлеңдер – түрк тайпаларының ауызша поэзия үлгілері.

Әрине, уақыт аясынан сырт тұратын поэзия жоқ. Ал белгілі бір көне сөз үлгілерін оның туған дәуірін, уақыт аясын шамамен болса да анықтамай тұрып талдау, яғни белгілі бір дәуірге телімей талдау – сол сөз үлгісін тарихи тұрғыдан талдау болып шықпайды. Өйткені уақытқа телінбеген сөз үлгісінің тарихы – мағынасыз, керексіз тарих.

Міне, осы себепті де XI ғасырда қағазға түсіп, М. Қашғаридың атақты «Сөздігіне» енген поэзия үлгілерін қарастырғанда ол сөз үлгілерінің қағазға түскен дәуірін меже етіп алу, араб-парсы әрі түрк халықтарының сол дәуірде туған мәдени байланысын ескеру, түрк поэзиясына осы байланыс тұрғысынан ғана келіп қарау, олардан осы байланыс ізін іздеу, дәлірек айтқанда, өзге халық поэзиясы өлшемдерін іздеу, соларға ұқсату, бір халық поэзиясы нормаларын екінші бір халық поэзиясына телу – біржақтылық болар еді. Осы сырт әсері үшін ежелгі түркі поэзиясы ұйқасты емес, аллитерациялы (ұқсас дыбысты) системаға құрылған деген ойдан жасалған теорияны, дәлірек айтқанда, поэ-

зия емес сөз үлгілерін поэзия деп қараудан, негізі қате талдаудан туған теорияны шығару – түрк халықтарының ежелгі дәуірде-ақ болған поэзия туғызу қабілетіне, мүмкіндігіне және осы салада жасаған еңбегіне қиянат жасау.

М. Қашғари ел ішінен ауызда жүрген сөз үлгілерін жинады. Ал олардың бірсыпырасы автор өмір сүрген кезеңде туса, бір бөлегі оған дейін, көп бұрын туған. Айталық, «Сөздікте» Зулқарнайн дәуіріне қатысты ұзақ аңыз әңгіме бар. Онда Шу деген түрк ханының Зулқарнайнмен соғысы, бұл соғыстың *Алтун қан* (қазір Алтун хан – МҚ) деген бір тауда болғаны, Зулқарнайнның Шумен бітімге келуі, ол кеткен соң, Шу ханның қазіргі Баласағұн жағына (МҚ сөзі) келіп, *Шу* қаласын салғаны, ол кезде Тараз, Ыспыжаб, Баласағұн, т.б. қалалардың әлі дүниеге келмегені айтылады (III, 419–423). Ал осындай өте көне дәуірге кететін тарихы бар поэзия үлгілерін де «Сөздіктен» табуға болады. Ол үшін бұған мүмкіндік беретін деректерге, өзге тарихи кездерге аналогия жасау керек. Қараңыз:

XI ғасырға дейінгі жерде, әсіресе, Түрк қағанаты дәуірлеген VII–VIII ғасырларда, хундар, ақ хундар (эфталиттер) дәуірі V ғасырға дейінгі жерде бұл халықтар Орта Азиядағы Согдиана мен Иран жұртына ірі-ірі жаугершілік жорықтар жасады: эфталитхундар IV ғасырда бүкіл Согдиананы бағындырып, Амудария алқабын өздерінің мекені етті, ал V ғасырда Иранға қарсы шығып, Сасанидтер мен эфталиттер арасындағы соғыс өте ұзақ, өте қатал қырғынды болды. VI ғасырда Ильхан тұсында (520–553 ж.) Істеме хан (Византия тарихында Дизавул) он түрк тайпасының он туына қолбасшы болып, 100 мың армиямен батысқа жаугершілік жорық жасады, 555 жылы Арал теңізіне дейінгі (Аму мен Сырға дейінгі) жерді алды, 565 жылы эфталиттерді жеңіп, Иранға шабуыл жасады, Істеме баласы Қара Чурын Түрк, оның баласы Соух тегін Иль Арслан (Фирдаусиде *Савэ*, арабтарда *Шэба*) тұсында Иранға шабуыл жасады. Савэнің армиясы, Табаридың айтуынша, 300 мың, Фирдаусидың айтуынша, 400 мың болған. Түрктермен соғысқа Шаханшах Хормизд атақты қолбасшысы Бахрам Чубинді («Шахнамеде» бұл соғыс ұзақ суреттелген) қарсы қояды... Ал Қара Чурын Түрктің немересі Түн Жабғу хан (VII ғасырдың алғашқы 20-жылы) кезінде бұл шапқыншылық жорық жалғаса берді.

Н.Я.Бичуринде бұл жөнінде «Түн Шеху хан батыр болды, оның әрбір соғысы жеңіспен бітіп отырды, өзіне Тиәліні қосып алды, Персияны, Гибинді (Кашмирді) жаулады» деген. Ал оның немересі Нишу 630 жылдары Тунь алэу (Тоңа алп) Валиба Дулу хан деген лақап атпен таққа келді. Ал оның інісі де Тоңа шад, кейін Ышбара Қылыш хан деген лақап атпен таққа келді (Н. Я. Бичуриннің жоғарыда аталатын кітабындағы деректер негізге алынды).

Міне, түрктің осы қағандарының Иранға жорықтары Фирдоусидың «Шах-намесінде» Туран жаулаушылары ретінде суреттелді. «Шах-намеде» Туран ордасының Иранға көп жорық жасаған *Афрасиаб, Демир Алып, Эрджасп, Савэ* (Соух тегін Иль Арслан Дулу хан), т.б. батырлары аталады. Фирдоуси өзінің бұл дастанын негізі III–VII ғасырларда жасалған эпостық аңыздарға сүйене отырып X ғасырда жазды. Сөз жоқ, үш жүз жыл мен бес жүз жылдың арасында бұрын болған бұл оқиғаларды баяндауда әрі түрк қағандарының атын ол оқиғаларға телуде Фирдоусиде анохронизмнің болуы толық заңды: тарихтағы ізі анық бергі дәуір қағандарына арғы дәуірдегі көмескіленген тұтас оқиғалар телінуі мүмкін. «Шах-намедегі» Афрасиаб жөнінде осыны айтуға болады. Ал осы Афрасиаб туралы М. Қашғари былай дейді: «Тоңа – жолбарыс жыныстас хайуан. Ол пілді өлтіреді. Бұл сөздің түпкі мәні осы. Бірақ бұл сөз түрктерде мағынасы өзгерген күйінде қолданылады. Бұл сөз көбіне адамдардың лақап аты орнына қолданылады. Яғни *Тоңа хан, Тоңа тегін* сол секілді. Түрктердің ұлы ханы Афрасиабты *Тоңа алп ер* деп атайды. Жолбарыс секілді күшті батыр адам деу» (III, 379).

Міне, М. Қашғаридағы осы *Тоңа алп ер* Н.Я. Бичуринде, яғни қытай жылнамасында 630 жылдары Батыс Түрк қағанатына хан болған *Тоңа алп Балиби Дулу хан* ба, болмаса оның інісі *Тоңа шад Ышбара Қылыш хан* ба – мейлі, осылардың қайсысы болғанда да әйтеуір М. Қашғари «Сөздігіндегі» *Тоңа алп ер* (Афрасиаб) атты хан VIII ғасырдан арғы жерде болған түрк хандарының бірі.

Жоғарыда М. Қашғари «Сөздігіндегі» поэзия үлгілері белгілі бір уақыт аясында қаралуы керек, өйткені «Сөздіктегі» өлең үлгілері араб поэзиясының әсерімен XI немесе арғы X ғасырларда туған жоқ, олардың көбінде өте көне дәуірдің ізі жатыр дегенде,

біз «Сөздіктегі» осындай «Тоңа алп ер туралы жоқтау» сияқты өлеңдерді ескерген едік. Бұл жоқтау 630 жылдары *Тоңа алп Дулу* хан деген лақап атты ерге, я оның інісі *Тоңа шадқа*, не «Күлтегін» ескерткішінде үлкен асы ескерілетін Тоңа тегінге арналды ма – мейлі, қайсысына арналса да, бұл жоқтау VIII ғасырдан арғы жерде – М. Қашғари «Сөздігі» жазылған дәуірден үш ғасырдан бұрынғы жерде туған. Және ол араб-парсы поэзиясы әсерімен бірге келуге тиіс поэтикалық терминдер жоқ кезде түркі тайпаларының байырғы поэтикалық өлшемінде – *көз* өлшемінде туған:

Алп Ер Тоңа өлді му?  
Есіз ажун қалды му?  
Өзлек өчүн алды му?  
Емді йүрэк йыртылур

Беглер атын арғуруб  
Қазғу аны турғуруб  
Меңзі йүзі сарғарыб  
Куркум анар түртүлүр.

Улышыб ерен бөрләйү  
Йыртыб йақа урлайү  
Сыкрыб үні йүрлейү  
Сығтаб көзі өртүлүр.

Көңлүм ічүн өртеді  
Иетміш йашығ қартады.  
Кечміш үзүк іртеді  
Күн түн кечіб іртелүр...<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Егер соншалық көркем осы өлеңді қазіргі тіл үлгісімен сөзбе-сөз айтып берер болсақ, онда оның бұл көркемдік қасиетінен түк қалмас еді. Себебі өлеңнің интонациялық сазы тілдің сол XI ғасырдағы тіркестік, формалық, синтаксистік ерекшелігіне құрылған. Өлеңнің эмоциясы осы өз ерекшелігінде күшті. Бұларда өзара сәйкестену, жұптасу бар. Осылардың үстіне адамдардың сол дәуірдегі психологиялық түсінігі тағы бар. Айталық, «Тіріг есән болса таң оқуш көрүр» деген мақалада «тіріг» сөзі «адам» сөзінің немесе «тірі пенде» тіркесінің орнында тұр, ал «таң» сөзі «қызықты» (-ты – табыс септігі), «қызықты нәрсені», «таңырқарлықты» (ты – табыс септігі), «таңырқарлық нәрсені» деген сөз бен тіркестің орнында тұр.

М. Қашғари келтіретін бұл өлең үзіктері, олардың мазмұнына қарағанда, әр ру, әр тайпа арасында әртүрлі мекенде туған. Айталық:

Бузруч йеме қудырды,  
Алпағутын азырды,  
Сүсін йана қадырды,  
Келгелімет іркешүр, –

деп басталған өлеңде (I, 161) йабағу тайпасының бастығы Бузручтың өзге бір тайпаға соғысқа дайындалуы (өзге тайпа тарапынан), *Эртіш* суының *йемәк*-терге тән екені сөз болса,

Таң ата йорталым,  
Бузруч қанын ырталым,  
Басмыл бегін өртелім,  
Емді йігіт йувулсун, –

дегенде Бузруч батырдың қанын жоқтап, *басмыл* тайпасына қарсы аттап салған йабағу тайпасын көреміз, солардың атынан ұрандауды көреміз.

Бычғас бітік қылулар,  
Ендкей йама берүрлер,  
Хандан басут тілерлер,  
Басмыл, чумул тіркешүр, –

дегенде *басмыл* мен *чумулға* қарсы соғысқа йабағу тайпасы ханнан көмек сұрайды (I, 427).

Бечкем уруб атлақа,  
Ұйғур дақы татлақа,  
Оғры йавуз ытлақа  
Кушлар кебі учтымыз

(Бечкем тағып, ұйғыр мен татқа құс сияқты тиейін), – дегенде өзге бір тайпа тасада тұр. М. Қашғари: «бечкем – айрым белгі. Батырлар жібек я жабайы сиыр құйрығын ұрыс күндері соғыс белгісі ретінде тағып алады. Оғуздар мұны «парчан дейді», – де-

Бұл мақалдың шын мағынасы бізге осы тілдің қазіргі заңына бағындырып, қазіргі тілдік жүйеде бергенде ғана түсінікті болады. Тілдің форма жағынан баюының өзі адамдардың психологиялық түсінігі мен оларға мағына беруіне де байланысты.

Міне, осы сияқты жоғарғы өлеңдерді аударып беру – оның сол дәуірдегі эмоциялық бояуын, мағынамен астасқан үндік сазын жоғалту деген сөз. Ал бұларды жоғалтпау үшін ондағы ұғымды ғана алып, қазіргі тілдік үлгіде, текке тәуелсіз жаңадан өлең шығару керек болады.

ген (I, 447). Осыған қарағанда, бұл өлең ұйғырдан, оғуздан басқа бір тайпаға тән.

Егер осы өлеңнің өзге шумағындағы:

Кімі ічре олуруп  
Іле сувын кечтіміз  
Ұйғур таба башланып  
Мынлақ елін ачтымыз, –

деп айтылуын ескерсек, өлең Іле өзенінен өтіп, ұйғырға (Мыңлақ мекендегі) жорық жасаған, шамамен, солтүстік-шығыс Жетісудағы тайпаға тән.

Ал осы өлеңнің:

Келінізлейү ақтымыз  
Кендлер үзе чықтымыз

Фурхан евін ыйқтымыз  
Бурхан үзэ сычтымыз, –

деген жолдары ұйғырлардың әлі мұсылман болмаған кезеңін көрсетеді.

Оттуз ічіб қықралым,  
Йоқар қобуб секрелім,  
Арсланлайу көкрелім,  
Қачты сақынч севнелім, –

деген өлең келтіріп, Қашғари былай дейді: «Үшті отыз сөзімен айтушылар да бар. Мен мұны Көңгутте йағмалардан есіттім. Олар «оттуз ічәлім» деп үштен ішкенін өз көзімен көрдім. Өлеңде *отыз* сөзі *үш қайтарадан* дегеннің мағынасын береді (I, 160). Демек, бұл үзік йағма тайпасына тән.

Етіл сувы ақа туруп  
Қайа түбі қақа туруп  
Балық тілім бақа туруп  
Қолуң тақы күшэрүр, –

деген жолдарды келтіре отырып М. Қашғари Етіл қыпшақ еліндегі бір дарияның аты екенін айтады. Бұл өлең, сөз жоқ, Етіл өзені бойындағы түрк тайпаларында туған. Етіл бойында туған бұл өлеңнің М. Қашғари аралаған жерлерге тек ауыздан-ауызға ұзақ уақыт көшу арқылы ғана жетуі, таралуы мүмкін.

Бұл арада айтпағымыз: М. Қашғари жинаған 7–8 буынды өлеңдер, өзінің мазмұнына, оқиға желісіне, объектіге алған топо-

ним, этнонимдеріне қарағанда, Іле, Ертіс, Еділ төңірегінде туған өлеңдер. Ал бұл мекендер IX, тіпті X ғасырда араб әсері бармаған, мұсылман болмаған түрк тайпалары тіршілік еткен мекендер болатын [25].

Ал мұсылмандық үстем болған территорияның өзінде жағдай өте аумалы-төкпелі болды. Арабтардың әдебиеттегі әсері IX ғасырда Орта Азиядан бері тараған жоқ. Жалпы әдеби тіл қалыптастырудың алдында IX ғасырда Персияда, Түркістанда жергілікті диалектіде поэзия жасауға тырысу сияқты баспалдақ болды. Оның үстіне IX, X ғасырларда Персияда, Түркістанда мемлекеттік ісқағаз, діни уағыз әдебиетінде араб тілі мен парсы тілі арасында бәсеке болды. Ал X ғасырда Түркістанда әдебиет негізінен парсы тілінде жасала бастады [26]. Тіпті бұл дәуірде мұсылман дүниесінде дін ісіндегі қаталдық пен төзімсіздікке байланысты парсылар мен түркілер арасында қатты күрес бар еді [27]. Әрине, саясаттағы, әдебиеттегі мұндай бағыттардан гөрі көпшілік халық арасында араласу болды. М. Қашғари дәуірінде (XI ғ.) парсылармен аралас екі тілде сөйлейтіндер *сугдақ*, *кэнжэк*, *арғулар* болды (МҚ, I, 65) және *Тыраз* (Талас) Баласағұндықтар да екі тілде сөйледі (I, 66). Бірақ бұл қала тұрғындары арасындағы ғана құбылыс еді.

Сондықтан да мұсылман түркітеріне араб-парсы әдебиеті жазба үлгіде ғана әсер етті. Ол – XI ғасырдың екінші жартысында (1069–70) жазылған «Құтадғу біліг» сияқты дастандарға тән 11 буыннан жоғары тұратын қосар жолды ұйқасты поэзия. Ал түркі халқының ауызша туған тұрмыс-салт, ерлік-жорық жырына дейін ықпал ету үшін оған жоғарыдағы деректерден басқаша өте күрделі тарихи жағдай керек еді. Ол тарихи жағдай XI ғасырға дейінгі жерді былай қойғанда, бергі дәуірдің өзінде де болған жоқ.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинений. В пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 447.
2. *Маркс К., Энгельс Ф.* Об искусстве. Т. I. М., 1957. С. 206.
3. *Стеблева И.В.* Поэзия тюрок VI – VIII веков. М., 1965.

4. Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967. 26-56-бб. *Мұсабаев Ф., Махмұтов А., Айдаров Ф.* Қазақстан эпиграфиясы, 1-шығыуы. Алматы, 1971. 109-156-бб.
5. *Радлов В.В.* Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. VII. С. 166.
6. Қарақалпақ халық қосықтары. Нөкіс, 1965. 315-б.
7. *Радлов В.В.* Образцы... Ч. VII. С. 439.
8. *Радлов В.В.* Образцы... Ч. II. С. 648.
9. *Малов С.Е.* Памятники древнетюркской письменности. М. – Л., 1951. С. 28.
10. *Бичурин Н.Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. М., 1950. С. 230.
11. *Радлов В.В.* Образцы... Ч. VII. С. 186.
12. *Малов С.Е.* Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии VII–VIII вв. М. – Л., 1959. С. 16-17.
13. *Малов С.Е.* Памятники... 1951. С. 29; II текст. С. 27.
14. *Малов С.Е.* Памятники... 1951. С. 63.
15. *Малов С.Е.* Енисейская письменность тюрков. М.– Л., 1952. С. 11.
16. *Маркс К., Энгельс Ф.* Об искусстве. В двух томах. Т. I. М., 1957. С. 93–94.
17. *Махмұд Қашғари.* Девону луғат-ит турк. I т. Ташкент, 1960; II т., 1961; III т., 1963. Біз бұдан кейін (МК, III) деп қысқартып беріп отырамыз.
18. Негізгі айтылар жерде кеңірек баяндалады. *Малов С.Е.* Памятники... 1951. С. 62.
19. *Бичурин И.Я.* Собрание... С. I. С. 48.
20. *Моллаев Н.М.* «Узбек адабит тарихи». Ташкент, 1963. 137-138-бб.
21. *Стеблева И. В.* Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. М., 1971.
22. *Юсуф Хос Хожиб.* Кутадғу билиг. Тошкент, 1972. 652-б. (Үзік қазіргі тіл нормасымен жеңілдетіліп берілді).
23. *Құнанбайұлы Абай.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I т. Алматы, 1957. 221-б.
24. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. II. Ч. I. М., 1963. С. 125, 241.
25. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. II. Ч. I. М., 1963. 194-195-бб.
26. *Бартольд В.В.* Сочинения. Т. II. Ч. I. М., 1963. 239-б.



## ЕКІНШІ ТАРАУ

### КӨНЕ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ МЕН ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ АРАСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР, СТИЛЬ, ФОРМА БІРЛІГІ

Қазақ поэзиясы және қазақ поэзиясы тілінің тарихы, оны тұтынушы халықтың халық болып қалыптасу дәуірі – XV–XVI ғасырлардан басталса да, оның негіздері бұған дейінгі дәуірлерде жатыр. Өйткені XV–XVI ғасырлардағы халықтың бұл дәуірге дейінгі творчестволарынсыз дүниеге келген жоқ. Бұл – даусыз шындық. Және бұл дәуір поэзиясы қазақ атымен аталатын әдебиеттің өзге туыстас түрк халықтары әдебиетімен бірдей еншілестік ортақ арналары болып табылады.

Ал бұл арналар қайсы?

Тарих неден басталса ой барысы да содан басталуы керек. Осы реттен келгенде, түрк халықтарында ең ежелгі жазба мәдениет V–VIII ғасырлардан қалған енисей-орхон жазуларынан басталады. Яғни бұл ескерткіштер – түркі халықтарының тарихы белгілі сөз мәдениетінің басы.

Әрине, бұл сөз мұралары, тұтас күйінде поэзия емес.

Бұлардың ішінде мазмұн жағынан күрделі, көлем жағынан мол ескерткіштер – «Күлтегін» мен «Тоңуқук». Бұлар «мен» арқылы баяндалатын шежіре, қағандар мен алыптардың, қаған қасындағы білгелердің (сәуегей шешендердің) жорықтары мен ел басқару ісін баяндайтын шежіре. Ал осы шежіреде Сыпыра жырауша, Асан қайғыша шешен сөйлеп кету, толғап кету, мақалдап кету бар. Яғни XV ғасырдағы ерлік-батырлық жыр-өлеңдерді шығарушылар сияқты «мен»-нің тасасында тұрып айтушы-шежіреші бар. Ол шежіреші-айтушы ескерткіштердегі «мен»-геройдың тасасында тұрып сол кездегі үстем болған сөз үлгілерінің біразын – ауыз әдебиетінде бұрыннан айтылып жүрген сөздерді тоғыстырып пайдаланған.

Ал осы сөз үлгілерінің ішінде XV ғасырдан кейінгі дәуірде қазақ поэзиясын құраған сөз үлгілеріне өзінің нақты стильдік-

тілдік тәсілдері жағынан жақын келетіндері бар. Сол сияқты мұндай сөз үлгілері XI ғасырдан қалған ескерткіш – «Дивану луғатит түркте» де бар. Олар: шешендік сөз, шешендік толғау сөз, мақтау мазмұндас жоқтау-арнау өлеңдер.

Әрине, дидактикалық мазмұндағы мақал сөз, шешендік сөз, мақтау үлгілеріндегі жоқтау-арнау өлең өзара тарихи байланысы жоқ әр дәуір әдебиетінде де, түрлі халықтар әдебиетінде де бола береді. Сондықтан да байланыстылықты жалаң мазмұн бірлігіне, жеке сөздерге құру, сөз жоқ, шатастырады. *Өзара байланыстылықты бұл сөз үлгілерін жасауда негізгі рөл атқаратын стильдік-тілдік формалардың бірлігіне құру керек. Яғни мазмұндық бірлік пен модельдік (стильдік-тілдік) бірлік ізінің қатар байланыстылығына құру керек.*

### **1. VIII–XI ғасырлар ескерткіштеріндегі мақалдар мен қазақ поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдердің бірлігі**

Қазақтың азаматтық поэзиясында барынша мол орын алатын жанр – дидактикалық шешендік толғау өлеңдер. Бұлар өзінің стильдік-тілдік белгілері жағынан бір сипаттас келеді де, ол белгілері тілдің белгілі бір тар уақыт аясына, белгілі бір кезеңіне теліп қарастыруға келе бермейді. Және өзінің осы ерекше қасиетімен олар мақал-мәтел жанрына өте ұқсас. Неге бұлай?

Мақал-мәтелдердің түркі халықтарында нақты туу дәуірі туралы сәуегейлік жасау тіпті мүмкін нәрсе емес. Өйткені мақалдар адамдардың табиғат құбылыстарына деген түсінігі сырттай сезіну қожалығынан босаған кезден бергі жерде-ақ жасала бастаса керек. Адам баласы табиғатта болып жатқан сан құбылысты қорытындылауда тәжірибеге «молыққан», оны бағалайтындай дәрежеге жеткен кезде мақалдар туып, ауызекі сөйлеу тілінен жіктеліп шыққан. Сөйлеу тілінің жеке бір ерекше формаға ие бөлек материалы түрінде, ауызекі тілдің «жанры» ретінде қалыптасты. Ең ежелгі дәуірдегі данышпан философтар өз ойларын мақал жүйелес сөз үлгісінде жазды, терең пікірге толы бұл сөз жүйесін өз ойларына тұжырымды түрде беру үшін үлгі етті<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Біз бұл мәселені «Абай афоризмдерінің туу негіздері жайында» деген мақаламызда кеңірек сөз еткенбіз. Қараңыз: Өмірәлиев Қ. Абай нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). Алматы, 1968, 46–63-бб.

Сөз жоқ, жазбаға, жазба мәдениетке дейінгі дәуірде көп халықта мақалдар мен мақалдан дамып күрделенген шешендік сөздер ежелгі Греция сияқты елде туған философияның қызметін атқарды.

Әрине, бұлар – жалпы аналогиялық топшылаулар.

Түркі халықтарына тән ең ежелгі жазба мәдениет – V–VIII ғасырлардан қалған орхон-енисей жазуларынан басталады. Демек, бұл ескерткіштер – түркі халықтарының тарихы белгілі сөз мәдениетінің басы. Ал осы жазба ескерткіштерге көз салсақ, сол V–VIII ғасырлардың өзінде-ақ даналық, данышпандық ұғымы да, оның терминдік-сөздік атауы да толық, түпкілікті қалыптасқанын анық көреміз: ол дәуірде ой, ақыл мағынасындағы *өг*, *білік*, *ал ойшыл*, ақылды мағынасындағы *өгe<sup>1</sup>*, *білгә* сөздері қызмет еткен. Әрі бұл сөздер жеке кісілердің сындық-сапалық қасиетін білдіріп, олардың атымен бірге қосарланып та айтылатын болған: *Білгә Тонуқұқ бан өзүм* (Білге <ақылды> Тонуқұқ мен өзім) [1]; *қағаны ал ерміс, айғучысы білгө ерміс* (ханы алып екен, айтушысы <кеңесшісі> ақылды екен) [2].

Тіпті ескерткіште осы дананың сөзі де берілген:

*Ол сабығ ісідіп, Түн удысықым келмеді, құндүз олурсықым келмеді, Анта отру қағаныма өтүнтүм, Анча өтүнтүм. Табғач, Оғуз, Қытаңбу үчегү қабысыр, қалтачы біз, өз ічі-тасын тутмыс тег біз.*

Йуіқа ерікліг топлағалы учуз ерміс  
Йінчгә ерікліг үзгелі учуз (ерміс),  
Йуіқа қалын болсар,  
Топлағулуқ алп ерміс;  
Йінчге йоған болсар  
Үзгүлүк алп ерміс [3].

Сонғы 6 жол – бізге өзінің формасы жағынан да, әрі ритм жағынан да барынша таныс, бейтаныс сөз. Бұлар бергі дәуірдегі бізге барынша таныс шешендік сөздерден ешбір айна-қатесіз.

Демек, сонау VIII ғасырда ауыз әдебиетінің белгілі жанры шешендік сөздің, шешендік толғау сөздің болуы шешендік толғау

<sup>1</sup> Бұл сөз жөнінде кең талдау «Тіліміздегі кейбір сөздердің этимологиясы туралы бірер сөз» («Қазақстан мектебі», 1966, № 2) деген мақаламызда берілген.

сөз ғана емес, оның өзіне негіз болған мақал-мәтелдердің тарихын да бұл дәуірден көп әріге сілтейді.

Әрине, әңгіме – бұл арада мақал-мәтелдерге тән осы тарихтың мерзім аясын дәлді анықтауда емес, әңгіме – мақал-мәтелдердің тілде болған, қызмет еткен дәуірін шамалауда, оны әрі мақал мен шешендік сөздердің өзара қатынасы тарихы үшін межеге алуда. Осы жағынан келгенде, VIII ғасырға тән жоғарыдағы шешендік сөздің болу фактісі әрі XI ғасырда жазылған М. Қашғаридың «Дивану луғат-ит түрк» атты еңбегінде келтірілетін мақал-мәтелдердің тұрақты формада келіп отыру фактісі, ең сонында осы мақал формаларының, шешендік сөздердің де негізгі форма-үлгісі болу фактісі бізге бұлардың арасындағы бірлік-байланыстың тамыры өте әріде жатқандығын көрсетпек.

Әрине, орхон-енисей жазуы дәуірінен келіп жеткен мақалдарды біз дәл біле бермейміз. Бірақ:

//Йуіқа/ қалын/ болсар,//  
 //Топлағулук/ алп/ ерміс;//  
 //Иінчгэ/ йоған/ болсар,//  
 //Үзгүлүк/ алп/ ерміс,// –

деген шешендік сөзде шартты райдың *-са* жұрнағы мен есімшенің *-міс* жұрнағы жұптық бірлік жасаған. Тіпті «Күлтегін» ескерткішіндегі «*ырақ ерсэр, йаблақ ағы бірүр; йағұң ерсэр, едгү ағы бірүр*» (Жырақ болсаң жаман ағы берер, жақын болсаң, езгі ағы берер) деген сөз мақалға өте жақын: мұның баяндауыш формалары, *-сар, -үр; -сар, -үр* түрінде жұп жасап қайталанса, өзге сөздері *жырақ* (ырақ) – *жақын* (йағұқ); *жаман* (йаблақ) – *жақсы* (едгү) түрінде антонимдік жұп жасаған. Ал бұлар кейінгі XI ғасырдағы жазба ескерткіштерде кездесетін (бол) *-са* және (бол) *-ар* жұптығындағы мақал формаларын еске түсіреді. Анығында солай: XI ғасырда жазуға түскен мақал-мәтелдер сол дәуірдің жемісі емес, олар – одан бірнеше жүз жылдар бұрын туып қалыптасқан мақал-мәтелдер. Өйткені сөйлеу процесінде сөз (речь) ә дегенде-ақ мақал формада туу үшін ол форма алдын ала жасалынып қойылған дайын үлгі-форма болу керек. Ал модельге дайын мұралық сөйлем үлгілері алынуы үшін және олар санаулы-ақ формалар арқылы жасалуы үшін бұл модель-формалар

ауызекі тіл дәстүріне тән сөйлем үлгілерінен бөлініп шыққан өз алдына бөлек категория ретінде танылуы керек. Бұл танудың негізінде мұралық, дәстүрлік сипат жату керек. Тілде, ауызекі тілде осындай бір сөз жанрының жеке бір категория ретінде бөлініп шығуы үшін, сөз жоқ, бірнеше жүз жылдар керек болады<sup>1</sup>. Осы жүз жылдар негізінде барып қана мақалдағы ой абстрактілік сипатқа келеді. Айталық, М.Қашғари сөздігінде: *от тэсэ ағыз күймэс* (от десе <дегенмен> ауыз күймес), *ай толун болса элігін інлэмэс* (ай толы болса, қолмен көрсетпес) – деген мақалдар бар. Ал осы мақал мағынасындағы модельге ие шарттылық сол XI ғасырдың өзінде де дәл бүгінгідей дәрежеде болса керек.

Міне, осы тұрақты модель-форма ғана мақалға өзімен мағыналас, тақырыптас шешендік сөздерді жасауға мүмкіндік берді.

Әрине, жоғарыдағы сияқты бірді-екілі сөздер болмаса, арғы дәуірлерден сақталып қалған шешендік сөздерді біз қазірше біле бермейміз. Олардың бірсыпырасы тақырыбына, айтылу ретіне орай көнеріп, ұмытылса, бірсыпырасы мақалға айналып үлгірген болу керек. Бірақ қалай дегенде де өзара барынша жақын бұл екі сөз түрінің бірлік-жақындығы өте әріде жатыр.

Мақал-мәтелдер (әсіресе, көне мақал-мәтелдер) өзінің сөйлем түрлері жағынан және баяндауыш формалары жағынан барынша тұрақты келеді әрі бұл формалар санаулы ғана болады. Егер құрмалас сөйлем түрінде келсе, олардағы жай сөйлем баяндауыштары шартты түрде егіздесіп, жұптасып отырады. Мақал-мәтелдерде формадағы осы тұрақтылық, шектеулілік жұптық бірлік негізінде келіп, өзіндік модельге ие шарттылық қасиет қалыптасқан. Айталық, ауызекі сөйлеу тілінде: *інген ыңыранса бота боздайды; інген ыңыранғанда бота боздайды; інген ыңырағанда бота боздады* – түрінде келе береді, ал мақалда ондай «еркіндік» жоқ. Олар алдын ала жасалып қойған (немесе модельге айналған) санаулы ғана қалып-формада туады. Қараңыз:

---

<sup>1</sup> Тікелей мақалға қатысты болмағанмен, ауызекі тілдің өзге материалынан бөлек, мақалға жақын идиомдар жөнінде І. Кеңесбаев: «Идиомның шеңберіне енген сөздер дерексизденіп (абстрактеніп), өзінің тікелей мағынасынан айырылу үшін белгілі мерзімдік шарт керек» («Халық мұғалімі» газеті, 1946, №1–2, 46-б.), – дейді. Идиомдарға тән бұл ерекшелік мақалға да тән.

## I

1. Інен інерсә, боту бозлар.
2. Ағылда оғлақ туса, арықда от өнер.

## II

1. Екір болса, өр елмес,  
Андуз болса, ат өлмес.
2. Күзекү узун болса, елік күймес.

## III

1. Тағ тағқа қавушмас,  
Кіші кішігә қавушар.
2. Алын арслан тутар,  
Күчүн қосун тутмас.

## IV

1. Нече мундуз ерсе, еш езгү,  
Нече егрі ерсе йол езгү.

## V

1. //Оғлан/іші/іш/**болмас**//  
//Оғлақ/мүңзі/сап/**болмас**//

## VI

1. Түнлэ уруп//күндүз **сэвнур**  
Кічікдэ евлэніб//улгазу **сэвнур**<sup>1</sup>

Бұл мақалдар негізінен *-са* шарттылық формасы мен есімшенің келер шактық *-ар* және *-ма-с* формалары арқылы жасалған. Әрі бұл формалардың келу түрінде тұрақты заңдылық бар: *болса – болар; болса – болмас; болмас – болар; болар – болмас*, т.б.

Міне, VIII–XI ғасырлар жазба ескерткіштерінде бар мақалдарға тән осы форма – бергі дәуірде қазақ атымен белгілі болған поэзиядағы дидактикалық-шешендік өлең сөздерге тән.

<sup>1</sup> Бұл мақалдар М. Қашғаридың «Дивану луғат-ит түрк» деген 3 томдық еңбегінен алынды. М.Қашғари сөздігіндегі мақалдар баяндауыш формаларына қарай бірінші рет жеке-жеке топталып, «Қазақ тілі тарихи грамматикасының практикумы» (1973) деген кітапта берілген.

Әрине, бұл екі сөз түріне де тән ортақ форма бұлардың өзара жақындығын ғана көрсетпейді, бірінен-бірінің дамуын да көрсетеді. Дәлірек айтқанда, XV ғасырға дейін және XV ғасырдан бергі жерде туған, белгілі бір кісілер атына телініп жүрген не «авторы» белгісіз дидактикалық-шешендік сөздеріміздің басы – стильдік-тілдік үлгісінің басы VIII ғасыр ескерткіштеріндегі мақал, шешендік сөздер мен XI ғасырда қағазға түскен мақалдарға тән стильдік-тілдік үлгіде жатыр.

## **2. XI ғасыр ескерткіштеріндегі ауызша поэзия үлгілері мен қазақ поэзиясы арасындағы байланыс белгілері**

Тарихта кездейсоқтықтар үнемі болып тұратын нәрсе. Белгілі заңдылықтар негізінде туғанына қарамай, XI ғасыр басында М. Қашғаридың сөздігі жасалуы – кездейсоқтық құбылыс. Және оның сақталып, бізге жету тарихы туралы да осыны айтуға болады. Егер осы «Сөздік» жасалмаса, ол бізге келіп жетпесе, бүгінгі буын сол XI ғасырдағы поэзия үлгілерінен құралақан болар еді. Айталық, «Күлтегін», «Тоңуқуқ» ескерткішінен кейінгі IX–X ғасырлар және М.Қашғари сөздігінен кейінгі XII–XIII ғасырлардағы халық поэзиясы тарихы туралы осыны айтуға болар еді. Қазір бұл дәуірлер әдебиеті туралы өте көмескі білеміз. Бірақ біздің білмеуіміз сол дәуірлерде халық поэзиясының болмауының әсте кепілі бола алмайды. Өйткені сонау VIII ғасырда шешендік толғау үлгісіндегі өлеңдердің «алғашқы» (арғы жерден мүлде дерек болмаған соң, біз осылай шартты түрде аламыз) формалары болғанда, XI ғасырда М. Қашғари сөздігінен оның жетілген үлгісін кездестіріп отырғанда, оларды жасаған халық тарихы кейінгі IX–X және XI–XIII ғасырларда да бар болып отырғанда, бұл дәуірлер халық поэзиясы үшін де бар дәуір болды. Түркі халықтары бұл дәуірлер аралығында да өзінің рухани қазынасын байытып, тамаша дүниеліктерді туғызды.

Сондықтан да мұндай «жоғалған» дәуірлер үшін аналогия сөзсіз керек және аналогия бұл дәуірлер үшін бірден-бір ұстанатын принципіміз де болуы керек.

X–XII ғасырлардағы әдебиет кейін XIV–XVI ғасырлардағы Алтын Орда, ноғайлы заманы аталатын дәуірдегі бізге көп нұс-

қалары жетіп үлгірген әдебиеттің тікелей басы болды. Өйткені X–XII ғасырларда түркі тайпалары ірі-ірі одақтарға бөлініп, қайта жіктеліске түсті де, бұрынғы тайпалық сипаттағы әдебиеттер тайпа одақтарының ортақ мұрасына айналды. Әрі бұрынғы тайпа одақтары ыдырап, олар қайыра бөлек-бөлек одақтарға бөлінуіне байланысты әдебиеттің жалпы түркі халқына ортақтық сипат алуы, территориялық шеңберін кеңейтуі ұлғая түсті. Бұл дәуірде Жетісу – Ыстықкөл – Шу және Жетісу – Сарысу – Қаратау – Сыр аралығы түркі халықтары үшін барынша күшті тоғысулар мекені болды. Бұл түркі тайпалары тарихында VII–VIII әрі IX ғасырларда Алтай – Орхон, Алтай – Алатау мекенінде болған ірі араласудан соңғы үлкен тоғысу болды. Егер VIII–X, X–XII ғасырларда туған мақал-мәтелдердің кейін барлық түркі халықтарының ортақ мұрасына айналу шындығын қалай мойындасақ, осы дәуірдің әдебиеті және оның жалпылық сипаты туралы да дәл сондай мойындау керек. Тіпті, мақал-мәтелдерден гөрі әдеби үлгілердің – поэзияның таралу шеңбері кең және бұл процесс тез де болды.

М. Қашғари жинаған ауызша поэзия үлгілері жанр жағынан әр алуан. Олар табиғат, тұрмыс-салт, ерлік-жорық, өсиет-үгіт сипаттас болып келеді.

Табиғат жырларында табиғат құбылыстары сондайлық шебер суреткердің көзімен танылып, көркем бейнеленеді. Жаңа шыққан жазы, жаз аспаны мен бұлты, шешек атқан ұжмақ жері, тіршілікке енген құрт-құмырсқа, жан-жануары ақын тіліне қатар ілінеді, бәрі бірлікте, бір-біріне сабақтас өз алдына бір әлем ретінде жіктеліп суреттеледі. Ақын:

Иай барубан еркүзі,  
Ақты ақын мұндузы  
Тоғды йаруғ йулдузы.  
Тыңла сөзүм к ү л к ү с ү з .

Түрлүк чечек йарылды,  
Барчын йазым керілді,  
Ужмақ йері көрүлді.  
Тумлуғ йана келгүсүз, –

деп жырлайды. Қамтыған объектісі, олардың ерекше қасиетін бөліп алуы, оларды қосарлауы, оларды атауы – бәрі де кейінгі



кезде қазақ атымен аталған поэзияда жасалған табиғат жырларына өте ұқсап жатыр. Сондықтан да жоғарыдағы жырлар мазмұн аясы, бояу тәсілі жағынан XX ғасырдағы бізге барынша жақын.

«Сөздікте» «Мен жеңбесем кім жеңер» (44 жол), «Мыңлақ елін алғанбыз» (20 жол), «Таңғутқа жорық» (32 жол), «Үдере қуып» (24 жол), «Жауға шап» (16 жол), т.б. сияқты ерлік-жорық жырлары бар. Әрине, бұлар үзіктер ғана. Бұлар сөз таңдау ыңғайында ғана «Сөздікке» кіріп қалған жыр үзіктері ғана.

«Мыңлақ елін алғанбыз» жыры жеңіс салтанатының дабылы сияқты.

Кімі ічре олуруп,  
Іле суын кечтіміз.  
Уйғур таба башланым,  
Мыңлақ елін а ч т ы м ы з .  
Түнле біле бастымыз,  
Тегме йаңак бостымыз.

Кесмелерін кестіміз,  
Мыңлақ ерін б ы ч т ы м ы з .  
Келіңі злейү ақтымыз  
Кендлэр үзе чықтымыз  
Фурхан евін йықтымыз  
Бурхан узе с ы ч т ы м ы з <sup>1</sup>.

Мұнда өктем-үстем сес, мадақ-даңқ үні бар. Өлең жорық жолынан кері қарай қайтар бетте, соғыс әсері басылмай тұрып туған; жорық жаңғырығы, жеңіс ырғағы сол қалпында беріле салған.

<sup>1</sup> Кеме ішіне отырып,  
Іле суын кештік біз,  
Ұйғыр жаққа бет қойып  
Мыңлақ жұртқа астық біз.

Түнделетіп бастық біз,  
Тұс-тұсынан бостық біз,  
Ат жалдарын кестік біз,  
Мыңлақ ерін пістік біз.

Селдетіп ақтық біз  
Қала үстіне шықтық біз,  
Фурхан үйін жықтық біз,  
Бурхан үстіне тыштық біз.

Өлеңдегі «Фурхан үйін жықтық», «Бурхан үстіне...» деген жолдар көшпелі тайпалардың психологиясына тән мінез: жеңген жұрттың жеңілген жауының ат құйрық-жалын кесу, қаласын ойрандап, керегесін кесу, туырлығын тілу – жауын мұқату мінезінен туған және оны мақтаныш ретінде жырға қосатын болған.

Ал енді:

Ерен арығ үрпешүр,  
 Өчін, кегін іртешүр,  
 Сақал тутуп тартышур,  
 Көксі ара от түтер.  
 Өпкем келіп оғрадым,  
 Арсланлайу көкредім,  
 Алплар башын туғырдым.  
 Емді мені кім тутар?

Емді мені кім тутар? («Мен жеңбесем кім жеңер») дегенде, жоғарыдағы өлеңдей кейіпкер – ақын «біз» атынан емес, «мен» атынан әрі «ол» болып сөйлейді. Мұнда «жауынгер-ақын» «мен» бар. Қазақтың «Тоқтамыс жыры», «Орақ – Мамай жыры», «Қазтуған сөзі», «Ер Тарғын» жырындағы «Ер Тарғын сөзі» өлең жолдарының жыр үзіктерінің бәрінде де ақын Тоқтамыс, Орақ, Қазтуған, Ер Тарғын атынан сөйлейді, ақын «мен – кейіпкер» тасасында тұрады, «ақын – мен» мен «кейіпкер – мен» қосылып кетеді. Міне, осы ерекшелік «Сөздіктегі» келтірілген жырларда да бар. Яғни жыр тудыру тәсілі қазақ поэзиясындағы ерлік-жорық жырларын жарату тәсілімен бірдей. Осы үшін де «Сөздікке» XI ғасырда енген, ал тууы жағынан VIII ғасырға кететін бұл жырлар бізге ішкі рухы, сыртқы үлгісі жағынан барынша таныс әрі жақын.

М. Қашғари «Сөздігінде» бізге, біздің ауызша поэзиямызға бұлардан да жақын тұрған өлең үлгілері бар. Олар – жоқтау өлеңдер. Бірақ бұлар жасалу дәуірі жағынан жоғарғы өлеңдерден де әрі жатыр.

Алл әр Тона өлді му?  
 Есіз ажун қалды му?  
 Өзлек өчін алды му?  
 Емді йүрек йыртылур.

Өзінің дүниеге келуі жағынан 1200–1300 жыл арыда жатқан осы өлең бүкіл табиғатымен жаңа. Бұл өкінішті зар тілі өксік

үнімен де жаңа. Ал бұл ескінің жаңалығы – бүгінгімен арада жатқан үзілістің жоқтығы. Бағы замандағы бұл жоқтау үлгісі:

Көзүң йашын жүгүртүр,  
Көңлің тулды болғай му?  
Жырың көңіл өкүртүр,  
Жочы өлді болғай му? –

деп Шыңғыс ханға Жочы өлімін есітірген Улуғ жыршының XIII ғасырда айтқан жоқтау сөзі сияқты сатылар арқылы бүгінге жетсе керек.

Ал енді «Сөздікте» келтірілетін екінші бір жоқтау өлең – «Кім еді?» бар. Бұл жоқтауда жоғарыдағы үзіктегідей өлген жанды іздей, сұрай айтпайды, өлген жанды суреттейді, жақсы қасиеттерін термелей тізеді.

Ерді ашын татурған,  
Йавлақ йағығ қ а т а р ғ а н ,  
Бойнын тутуп қазырған  
Басты өлім ағтару (II, 77).  
Йағы отын өчүрген,  
Тойдын аны көчүрген,  
Ішлер қиын кечүрген  
Тегді оқы өлдірүр (I, 476).

Бұл жоқтаудың тілдік үлгісі бірсыпыра сыр бүгіп жатыр. Біріншіден, «Йавлақ йағығ қатарған» дегенде қазіргі «қайыр» сөзі «қатар» түрінде «т»-мен берілсе, бірер сөзі ғана өзгеше болып келетін осы жоқтау өлең шумағы басқа бір жерде:

Ерді ашып татурған,  
Йавлақ йағығ қачурған,  
Оғрақ сүсін қайтарған  
Басты өлүм ахтару (I, 471), –

түрінде келеді.

Яғни бұрын туған жоқтау өлең XI ғасырда да бір тайпа тілінің ерекшелігіне қарай «қатарған», ал екінші бір тайпа тілінің ерекшелігіне сай «қайтарған» түріндегі өзгеріспен бөлек-бөлек мекенде айтылған.

Бұл тілдік айырым белгісі өз алдына. Жоқтау өлеңдегі ең негізгі нәрсе – біріншіден, бұл жоқтау өлең барынша жаңа. Ол өзінің ішкі тынысы жағынан да, сыртқы формасы жағынан да

жаңа. Бұл жай бір кездейсоқ өлең үзiгi ғана емес, сол дәуiрдегi түркi тайпаларының бiразында барынша мол қолданылған жоқтау өлеңдердiң, тiптi азаматтық поэзиядағы мақтау (ода) өлеңдердiң анық көрiнiсi. Екiншiден, XI ғасырдан арғы жерде түрк тайпаларының бiр тобында (түрк тiлдерiнiң солтүстiк тобында) есiмшенiң *-ған* формасы басым болса, бiр тобында (түрк тiлдерiнiң оңтүстiк тобында) есiмшенiң *-мыш* формасы басым болды. Тiптi бұл екi форма түрк тiлдерiн iрi-iрi екi жiкке бөлетiн тiлдiк айырым-белгi ғана емес, бұл форманың поэзияда жұмсалуының, белгiлi бiр өлең түрiнiң стильдiк-тiлдiк ерекшелiгi ретiнде жұмсалуының өзi бұл халықтардың поэзиясына да тән тiлдiк айырым белгi. Өйткенi түркi халықтарының ауыз әдебиетi үлгiлерiне зер сала назар аударған кiсi бұл *-ған* формасының бұл халықтардың бiразының-ақ ауыз әдебиетiнде ерекше стильдiк-тiлдiк белгi ретiнде жұмсалуына түспегенiн анық көредi. Ал, керiсiнше, *-ған* формасы – қазақ және оған тiл жағынан өте жақын халықтардың поэзиясында, дәлiрек айтқанда, тұрмыстық поэзияда жоқтау өлеңдердi, азаматтық поэзияда жоқтау әрi мақтау өлеңдердi, эпостық жырларда батырларды сипаттайтын өлеңдердi жасаудың бiрден-бiр стильдiк-тiлдiк құралы ретiнде барынша кең қолданысқа түскен қосымша.

Демек, Махмұд Қашғари заманындағы жоқтау өлең жасауда жұмсалуына түскен *-ған* формасы, яғни *-ған* формасымен келетiн өлең үлгiсi содан бергi дәуiрлерде үзiлiссiз келiп, қазақ халқы қалыптасқан дәуiрдегi барша жоқтау өлеңдерге тән ортақ тәсiл болып қойған жоқ, мұның өзi батырлық өлең-жырлар мен азаматтық мотивтегi өлеңдер үшiн де ортақ тәсiл болды. Бiз бұл форманы XV ғасыр мен XIX ғасыр арасындағы қазақ поэзиясынан өте көп кездестiреміз.

#### I. Эпостық-ерлiк жырларда кездесуi:

Дус тоқсан екi жасаған,  
Қаздың да етiн асаған

Өз Темiр үйде жоқ болды  
Қос-қос пышақ асынған,  
(«Желкiлдек») [4].

Қосалұқтан отау *тіктірген*,  
Көшкенде бартал *тарттырған*.  
Салтанатын хан ұлынан *арттырған*  
Мойтандардан шыққан екі бірдей  
қос Дәулет [5].

II. Тұрмыстық поэзияда (жоқтау өлеңдерде) кездесуі:

Жеті жасқа келгенде  
Жетуп қиял ойлаған,  
Ойға келген қиялын  
Ең бітурмей *қоймаған*,  
Сегіз жасқа келгенде  
Серпіліп адам ұлы *батпаған* [6].  
(«Әділ сұлтанды анасының жоқтағаны»)

Есіктен қабан *ақыртқан*  
Төріне сұңқар *шақыртқан*  
Қара арғымақ *қатырған*  
Қара лашын *қашырған*  
Көк бесті мініп көп *жортқан*  
Көк бөрідей түн *қатқан* [7].  
(«Арғын Дәулет ақынның жоқтауы»)

III. Азаматтық поэзияда Бұхар мен Махамбет те, тіпті жазба әдебиеттің өкілі Абайдың өзі де жоқтау өлеңдерін осы ортақ тәсілде шығарған.

Күпшек санды күреңді  
Табияға *жаратқан*.  
Қырық сан қара қалмақты  
Жарлығына *қаратқан*  
Айбалтасын алтынменен *булатқан...* [8]  
Садағына сары жебе *салдырған*  
Садағының кірісін  
Сары алтынға *малдырған*  
Тереңнен көзін *ойдырған*  
Сұр жебелі оғына  
Тауықтың жүнін *қойдырған...*  
(Махамбеттің Исатайды жоқтауы)

Орынсызды *айтпаған*,  
 Түзу жолдан *қайтпаған*,  
 Жақсылық қылар орында  
 Аянып бойын *тартпаған*.  
 (Абайдың Әбдірахманды жоқтауы)

IV. Тіпті азаматтық поэзия өкілдері жоқтау өлеңде ғана емес, дидактикалық сарындағы өсиет өлеңдерінде де бұл форманы жиі пайдаланған:

Он ай сені *көтерген*,  
 Омыртқасы *үзілген*,  
 Аязды күні *айланған*,  
 Бұлтты күні *толғанған*,  
 Тар құрсақты *кеңіткен*,  
 Тас емшекті *жібіткен*  
 Анаң бір аңырап *қалмасқа*.  
 (Бұхар)

Қорыта айтқанда, сонау X–XI ғасырларда түркі тайпалары поэзиясында жоқтау, жоқтау-мақтау өлеңдерде негізгі бір тілдік тәсіл ретінде қолданылған бұл форма содан бергі дәуірде, дәлірек айтқанда, қазақ поэзиясы деген поэзия туып қалыптасқан XV–XVIII ғасырларда, біріншіден, тұрмыстық жоқтау өлеңдер үшін де, екіншіден, тарихи-азаматтық өлеңдер үшін де, үшіншіден, эпостық-ерлік жырлардағы азаматтық поэзияға тән мотивтер үшін де ортақ үлгі, тілдік тәсіл ретінде үзіліссіз қызмет етіп келеді. Ал екінші кезекте, арасы мұндай кереғар замандардағы поэзияларда белгілі бір формалардың ортақ қызметке жегілуі – бұл замандардағы поэзиялар арасында мұралық, дәстүрлік байланыстың болғандығын да, бірі екіншісінің басы, керісінше, бірі екіншісінің жалғасы болғандығын да көрсетпек.

Е с к е р т у : Өте таңырқарлық жай, жоқтау өлең формасы ғана емес, жоқтау салтына тән әрекет-ұғым да келіп жеткен. Ежелгі (V–VI) түрк тайпаларында ері өлсе, әйелі жоқтау үстінде бетін пышақпен тілетін болған (Н.Я. Бичурин. Собр., Т. I, 1950. С. 230). Сөз жоқ, бұл әрекет-салт жоқтауда, дауыс айтуда сөзбен құпталаып, жария болып отырған. Және олары жоқтау өлең түрінде айтылған. Міне, осы көне салт «Қыз Жібек» жырында:

Ғашық болсаң сондай бол!

– О, дариға, құдай – деп

Керегені құшақтап,

Етпетінен құлады.

*Қыз Жібектің беттерін*

*Кереге көгі жырады, –*

түрінде өзгеріп жетсе, екінші бір жоқтау өлеңде:

Қыналы бармақ жез тырнақ

Күнінде қанға бояйын,

*Албыраған ақша бет*

*Сүйегіне тақайын, –*

түрінде әрі әрекетте, әрі сөзде жаңғырық береді. Ал өте көнелік ізі бар «Ер Қосай» жырында:

*Байың өлді деген соң,*

Қыналы бармақ жез тырнақ

*Ақ бетіне салады,*

*Алды қанға толады, –*

дегенде сөз де, әрекеттің өзі де бар. Демек, алғашқы екі өлеңдегі *әрекетті баяндау*, соңғы өлеңдегі *әрекет-қимылдың* өзін айту поэзияға өте көне дәуірде түсіп үлгірген. Осындағы поэтикалық тәсілдер, сөз кестесі өте ертеде қалыптасқан.

Әрине, XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясын көне дәуір поэзияларымен жалғастыратын белгілер бұлармен ғана бітпейді, ең бастысы, XV–XVIII ғасырлар поэзиясында барынша өркен жайған дидактикалық мазмұндағы терме, толғау өлеңдер өзінің ең алғашқы негізі жөнінде сонау X–XI ғасырлардағы, оған дейінгі поэзияға қарыздар.

Айталық: X–XI ғасырлардағы және оған дейінгі ауыз әдебиетіндегі азаматтық поэзия дидактикалық-философиялық мазмұнда терме-толғау үлгісінде көрінді. Мұны біз М. Қашғари «Сөздігіне» енген өлең үзіктерінен анық байқаймыз. Қараңыз:

Тавар кімін өкүлсе,

Беглік аңар керкейүр.

Таварсызын қалып,

Бег еренсізін евгейүр.

(Байлық кімде көбейсе, дәреже өзі үйірілер; байлық қолдан тайғанда, бек қасынан жұрт кетер). Не:

Ешітіп ата-ананың  
 Савларыны қадырма.  
 Нең қоп болуп гүвезлік  
 Қылып йана кутурма.

(Ата-ананды тыңда, есіткен сөздерінді қайырма. Дүнием көп деп бойкүйездік қылып құтырма).

Бұлардың формасы жоғарыда келтірілген жырлардан басқаша: мұнда ырғақ желісі баяу тартылған, интонациясы төмен, әңгімелей отырып қана айтылар сөз. Ұйқастағы еркіндік те бұл жанрдың осы қызмет талабынан келіп туған. Тіпті жоғары жолдарды қазақ тілінің сол М. Қашғари дәуірінен бергі жерде болған өзгерістері ізімен болмашы ғана өзгертіп барып айтқанда:

Болған малға сүйінсең,  
 Ақрын оған сүйінгіл, –

деген жолдардың ырғақ желісі

Атың тулап кетпеске  
 Артқы айылдың бегі игі, –

деген бергі дәуірдегі сөзге, ал:

Кеткен малға қайғырма,  
 Азырақ оған өкінгіл,–

деген жолдардың ырғақ желісі, ішкі тынысы, формасы

Өткен айға сүйінбе  
 Өміріңнен орағы, –

деген мақалға өте жақын, бірқалыптан шыққандай. Басқа емес, дәл осы қасиеттерімен бұл сөз үлгілері бізге өте таныс кейпімен қабылданады. Жекелеген дыбыстық, қайсыбір лексикалық өзгешеліктер болмаса, бұл сөздер бізге кешегі XIX ғасырда туған сөздер сияқты. Бізді бұл сөз үлгілерінен айырып тұрған 1000 жыл бар екенін ескермейміз, оны ұмытқандайсыз (!).

Әрине, М. Қашғари дәуіріндегі ауызша поэзия үлгілерінің ұйқас түрі әр алуан. Табиғат жырларында, ерлік-батырлық жырларда ұйқас көбіне тұрақты келіп отырады:

Күчі теңі тоқышты,	а
Оғуш, қонум оқушты,	а
Черіг таба йақышты,	а
Бірге келіп өч өтер.	ә



Қурвы чувач қурулды,	б
Туғум тігіп урулды,	б
Сүсі отун орулды	б
Қанчук қачар, ол тутар.	ә

Емді узын узунды	в
Кедін телім өкүнді	в
Ел болғалы ікенді	в
Андағ ерік кім утар.	ә

Бұл «Біз жеңдік!» деген он екі шумаққа созылған<sup>1</sup> тарихи-ерлік жырда, біріншіден, әр шумақ *a/a/a*, *ә/ә/ә* түрінде үштік ұйқаспен, екіншіден, барлық шумақ */aaa/б* және *(әәә)б+(ггг)б* түрінде бір ғана қаусырма ұйқаспен келіп отырады.

Тарихи-ерлік жырлар 3 жақпен айтылумен қатар, I жақпен де айтылады. «Жауға шап» деген өлең *a/a/a/б*, *ә/ә/ә/б* түріндегі ұйқаспен I жақта келеді:

Қырқып атығ кемшелім,  
Қалқан сөнүн чөмшелім,  
Қайнап йана йүмшелім,  
Қатғы йағы йувылсун!

Таң ата йорталым,  
Бузруч қанын іртәлім,  
Масмыл бегін өртәлім,  
Емді йігіт йувулсун!

Тегрә алып егрәлім,  
Аттын түшүп йүгрәлім,  
Асланлайу көкрәлім,  
Кучі анын кевілсүн!!

Ал өсиет-өнеге мазмұнды өлендерде бұлардай емес, өлең жолының ұйқасында еркіндік бар:

//Ешітіп ата-анаңның//  
Савларыны қадырма//  
Нең коп болуп// гүвәзлік

<sup>1</sup> «Созылған» деген сөз осы 12 шумақ бұл өлеңнің толық тексі еместігіне орай айтылып отыр.

Қылып//йана қутурма//  
 Қолдаш білэ йарашғыл,  
 Қаршып адын удурма.  
 Бек тут наваш тақағу  
 Сувлын йазып адырма

Ағруқ ағыр ішіңні  
 Азнағуқа йүзүрмэ  
 Ажруп өзүң ошарып  
 Азнағуны тозурма, –

деп келетін өлең, біріншіден, *а/ә/б/ә* түрінде бір шумақтағы аяқталған екі ой жіктеліп барып екі баяндауыш ұйқасады, екіншіден, *а/ә/б/ә; в/ә/г/ә; г/ә/д/ә* барлық келесі шумақтардың баяндауыш формалары бір ұйқаспен келеді.

XI ғасырға дейінгі әрі XI ғасырдағы ауызша поэзияға тән бұл классикалық ұйқастың қай дәуірде жасалып, қалыптасып болғанын айта қою қиын. Бірақ та өзге дәуір ескерткіштеріне және өзге сөз үлгілерінің ұйқас түріне, өлшеміне қарағанда, бұл ұйқас түрлері VIII ғасырға дейінгі жерде-ақ бар болған.

Біріншіден, Н.Я. Бичуринде 550 жылы таққа келген Муюй ханға қатысты бір ретте түркітер «өленді айтқанда біріне-бірі қарсы қарап тұрып айтады» (I, 131), – деген дерек бар. Ән ырғаққа құрылады. Ертедегі адамдар өленді әнмен айтатын болғандықтан да, олар өленді осы әуен нормасына, ырғақ желісіне бағындырып отырған. Яғни сөз ұйқасы әуен сазына қарай туып отырған. Ал әуен сазында, ол адамның ішкі тыныс мүшелерінің қалыпты, тұрақты әрекеті негізінде туатындықтан да, қатаң өлшем бар. Біздіңше, ертедегі ұйқасты өлең сырын осындай табиғи заңдылықтардан іздеу керек болар. Екіншіден, М. Қашғари жинаған мақалдардың сөйлем жігінде, буын өлшемінде, ұйқасында қатаң тәртіп бар.

- I. Тік-мәгінчэ/онмэс  
Тілэ-мэчінчэ/болмас
- II. Тутуш-мэгінчэ түз-үл-мэс  
Түбір -мэгінче ач-ыл-мас
- III. Түй-лэ//йүруп/күндүз севнүр,  
Кічік-дэ//евлэн-ин//улғазу севнүр.

- IV. *Ұры/қопса,/уғуш оқлышұр  
Иағы/келсэ,/імрам тебрэшүр.  
Гулум анутса,/кулун болур,  
Тулум унутса,/болун болур.  
Қылну білсэ/қызыл кізэр,  
Йарану білсэ,/йашыл кізэр.*
- V. *От түтүн-сіз болмас,  
Иігіт йазук-сыз болмас.  
Йазмас атым болмас,  
Йаңылмас білгэ болмас.*
- VI. *Кіші сөз-лэшү, йылқы йыз-лашу*
- VII. *Алын арслан тутар,  
Күчін уйук тутмас.*
- VIII. *Өд кечэр, кіші тоймас,  
Йалынуқ оғлы менгү қалмас.*
- IX. *Ізлік болса/ер/өлдімэс,  
Ічлік болса/-ат/йағрымас.*
- X. *Алплар бірлэ урушма,  
Беглэр бірлэ турушма.*
- XI. *Нечэ күндуз/өрсэ еш езгү,  
Нечэ егрі/ерсэ йол езгү.*
- XII. *Сынамаса/арсыңар  
Сақынмаса/утсуқар.*
- XIII. *Пушпас ер//боз күш//тутар  
Евмас ер//өрүң күш//тутар*
- XIV. *Күңдэ/ірүк йоқ,  
Бегдэ/қыйық/йоқ.  
Куш/баласы/кусничағ/  
Ыт/баласы/охшанчағ./*

Міне, бұл мақалдар әртүрлі грамматикалық формалар арқылы ұйқас жасаған. Басқа емес, грамматикалық формалар арқылы ұйқас жасау М. Қашғари жинаған мақалдардың ғана ерекше белгісі емес, ол М. Қашғари жиған барлық ауызша поэзия үлгілерінің де ерекше белгісі. Яғни ұйқасты, біріншіден, грамматикалық формалардың түрленісіне құру, екіншіден, ол сөздердің етістік

болып келуі, үшіншіден, олардың баяндауыш қызметінде тұруы М. Қашғари дәуіріндегі ауызша поэзияның да, бергі дәуірдегі қазақ атымен белгілі ауызша поэзия үлгілерінің де бірден-бір негізгі ерекшелігі.

Біз М. Қашғари сөздігіне енген жазбаша поэзия үлгілерінде де, «Құтадғу білігте» де, өзге жазба поэзия үлгілерінде де бұл үш белгі тұтас сақталып отырмайды: біріншіден, ұйқас жұп, қосар жолдарға құрылады; екіншіден, инверсияға құру күшті болғандықтан, баяндауыш көбіне жол басында не ортасында келіп, ұйқас лексикалық, фонетикалық ұйқас түріне құрылады:

Негү тег/**йүрiрмән**//бу йердэ/құр-уғ  
 Еліккэ **барайын**//,**қылайын**/тапуғ  
**Кетүрді**/сав алтун//,күмүш/, нең/тағар  
**Айур**/өз мунадса//, маңа/бу/**йара-р**  
 Кішікэ керэк/тегмэ йердэ/біл-іш  
 Біліш бірлэ/етлүр/қамуғ,//түрлүг іш.

Және бұл ұйқаста негізгі грамматикалық форма емес, фонетикалық сәйкестік. Мысалы: *тағар – йара-р*; *біліш – түрлүг іш* дегенде біріндегі түбір сөз бен екіншісіндегі грамматикалық форманың дыбыстық үйлесімі ұйқас жасап тұр.

Мұны біз: «Құсрау – Шырын» дастанынан да көреміз:

Нішан берді бу майэ-лэр-қа *ihлас*  
 Бұлар тегмэ амал-дэ болсу теп *hac*  
 Егэр білмэк үчүн болсады бу *raz*  
 Бу нақша-лар-да бірі қылғай ерді *аваз*.

Әрине, араб-парсы поэзиясындағы өлең түрлері, өлең жолының бунақ саны, буын саны, өлең жолының әр тұсында: басында, аяғында, ішкі бунақта, сөз ішіндегі әріпте болатын ұйқас түрлері жөнінде білуіміз өте үстірт. Бірақ бір ғана ақиқат нәрсе бар: түрк тайпаларында мақал тектес шешендік сөз, әуенге, әуезге құрылған ерлік жырлар ту баста лексикалық, морфологиялық-синтаксистік ұйқасқа құрылды, ал олар әуезге негізделгендіктен, ырғақ желісі бұл желінің өлшемі болды.

Егер мақалдардан жол санындағы шарттылықты, бунақ, буын санындағы дәлдікті, мақал жолының негізінен соңында келетін лексикалық, грамматикалық (біртектес түбірлер мен бір ғана грамматикалық формаға негізделген) ұйқасты, мұндай ұйқастың

мақал жолының басқы сөзінде, бастапқы бунақ соңында (лексикалық, грамматикалық түрде) келе беруін, тіпті, *күнде ірүк йоқ*, *Бегде қыйық йоқ*, – сияқты мақалдар тұтас күйінде ұйқастан тұратыны бұлар ғана емес.

//**Йуйқа**/ерікліг//топлағалы **учуз ерміс**//

//**Иінчге**/ерікліг//үзгәлі **учуз ерміс**//;

//Йуйқа/қалын **болсар**//топла-ғулук/**алп ерміс**;

//Иінчгә/йоған **болсар**//үз-гүгүк/**алп ерміс**, –

деген VIII ғасыр ескерткішіндегі шешендік сөздегі поэзияға тән белгілердің молдығын жоққа шығара алмасақ, онда М. Қашғари «Сөздігіндегі» ауызша поэзия үлгілеріне тән өлең жолы соңындағы лексикалық, лексика-грамматикалық, баяндауыштық ұйқастың әрі бунақ, буын санындағы тұрақты өлшемнің ежелгі түрк халқында болғандығын, оның өзі бұл халықтың творчестволық төл, тума табысы болғандығын жоққа шығара алмаймыз.

Бұл ұйқасқа қазақтың ауызша поэзиясы қай дәрежеде мұрагерлік етеді?

Біріншіден, жоғарыдағы «Ешітіп ата-анаңның» деген үзікке тән:

.....	а
.....	ә
.....	б
.....	ә
.....	в
.....	ә
.....	г
.....	ә
.....	д
.....	ә
.....	е
.....	ә

түріндегі ұйқас, немесе:

Бақмас будун севүксүз	//а
Йудкы йузы саранқа	//ә
Қазған улыч түзүнлүк	//б
Қолсун чавың йарынқа	//ә
Көрклүг тонуғ өзүңә	//ә

Татлығ ашығ азынқа	//ə
Тутғыл қонуқ ағырлығ	//в
Йазсун чавың бузунқа	//ə

деген үзіктегі ұйқас бір шумақ ішінде еркін ұйқаспен келеді де, шумақтар тізбегінде бұл ұйқас жалғасып отырады, тіпті екінші үзіктегі соңғы шумақта *a//ə//ə//v//ə* түріндегі ақсақ ұйқас та бар.

Міне, бұл үдетпелі ұйқастылық қазақтың эпостық жырларында, шешендік толғау өлеңдерде сақталған. Бірақ бұларда шумақтық жік жоқ.

Бұл өзгеріс жөнінде бір ғана болжам жасауға болады: X–XI ғасырлардан қалған поэзиядағы *a/ə/б/ə* түріндегі тұрақты шумақтық ұйқас өлеңнің айтылу интонациясына, интонация желісіне өзгеріс енуі арқылы *a/ə/б/ə+б/ə* түрінде дамыды да, төрт жолды тұрақты шумақтың жігі бұзылды. Осы «бұзылу» былайғы барша еркін ұйқас түрлерінің басы да болды. Осы «бұзылу» негізінде ырғақты әуезге құрылған терме өлең туды.

Міне, қазақтың дидактикалық мазмұндағы терме, терме-толғау өлеңдері өзінің тегі жағынан негізінен алғанда X–XI ғасырлар поэзиясында *a/ə/б/ə* түріндегі ұйқасқа құрылған дидактикалық мазмұндағы төрт жолды тұрақты шумақты өлеңге қарыздар. Ал:

Елін түбү йашарды,  
Урут отын йашурды,  
Келнің сувы көшерді  
Сығыр, бұқа мөңрешүр, –

деп келетін табиғат тақырыбына құрылған тұрмыстық жыр да,

Ертең аулым көшеді,  
Уық бауын шешеді,  
Қара қойым қашады,  
Құмалағын шашады [9], –

деп келетін қазақ халқының тұрмыс-салт жырында беріге дейін айтылып келген өлең де бір ырғақ желісінде туған өлеңдер.

### 3. XIII ғасырдағы ауызша поэзия үлгілері

XI ғасырдай емес, бергі XIII–XIV ғасырларда түркі тайпалары әдебиетінде жіктеліс едәуір дәрежеде күштірек болды. Бұған бұл тайпалардың жаңа мекенге ауысуы, жаңа территориялық бө-

лініске түсуі, т.б. себеп болып қойған жоқ, бұған араб жазуы негізінде туған жаңа жазба әдебиет те себепші болды. Жазба әдебиеттің гегомония алуына байланысты қайсыбір түркі халықтарында ауыз әдебиетіндегі азаматтық мотив екінші қатарға шегінді, ол өз қызметін жазба әдебиетке берді. Ал жазба әдебиеті жалпылық сипат алмаған түркі халықтарында ауыз әдебиетіндегі азаматтық мотив ерекше даму жолына түсті. Өйткені халықтың ұлт болып құрылу процесі тұсында әдебиетке қызмет мол жүктелді. Азаматтық поэзия өзінің қызмет аясын кеңейтті. Ол ендігі жерде бұрыннан бар дидактикалық тақырып үстіне жалпы халықтық заң-ереже, жобалардың берілу формасына да айналды, феодалдық қоғамға тән билік-үкім, халық жиынында айтылар шақыру-ұран қызметі осы азаматтық поэзияға таңылды. Феодалдық қоғам әдебиетіне тән ода бұл тұста ерекше дамыды.

Міне, мұның өзі азаматтық поэзияны тақырып жағынан күрделілендірді, ал мұның өзі форма жағынан күрделенуге әсер етті.

XI–XII ғасырларда, әсіресе, XIII–XV ғасырларда түркі халықтары әдебиетінде осы екі тенденция анық көрінді.

XI ғасырда М. Қашғари сөздігіне кірген дидактикалық мазмұндағы терме-толғау өлеңдерді жазба әдебиеті еркін, жалпылық сипатта дамымаған түркі халықтары кейінгі дәуірлерде дәстүрлі түрде жалғастырып әкетті. Бұған негізгі мұрагер кейін Алтын Орда құрамына енген түрк тайпалары, әсіресе, қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар әрі қырғыз тайпалары болды.

Әрине, Алтын Ордада жазба әдебиет те біршама көрінді, сөз жоқ, оның территориясында туған «Мухаббат наме» (XIV ғ.), «Қусрав ба Шырын» (XIV ғ.), т.б. дастандарды жаратқан ақындар өз дәуіріндегі фольклорлық әдебиетті жетік білген ақындар болды. Әрі феодалдық мемлекеттік ұйым құрылған бұл тұста ұлы сәуегей жыраулар орда төңірегіне топтасты да, олар сарайлық әдебиет болған бұл жазба әдебиетпен біршама таныстықта болды. Сөйтіп, бұл дәуірде фольклорлық азаматтық поэзия мен сарайлық жазба әдебиет арасында біршама байланыстылық болып, олар өзара ықпал-әсерінде туып, дамып отырды. Бірақ бұл өзара ықпал-әсер лексика мен сөз тіркестері аясынан асқан жоқ. Өйткені «Құтадғу біліг» поэмасынан әрі М. Қашғари «Сөздігінде» кездесетін белгісіз шығармалардан тартып, жазба поэзия 11 және 11–14 буынды өлеңмен жазылды.

Біз XIII ғасыр, тіпті XIV ғасырда туды дерлік өлеңдерді, жырларды өте аз білеміз. Өйткені моңғол шапқыншылығы Жетісу – Сыр өлкесіндегі халықтың көңіл күйін көп уақытқа дейін тұралатып тастады [10]. Басқыншылық дәуір мұн-шер тілі халықтық-тұрмыстық өлеңдерді ғана туғыза алатындықтан, бұл дәуірде эпикалық, азаматтық жырлар жасалмады десе де болады. Тіршіліктің ұйқас, жалғас қалпы бұзылып, жаңадан кайта тұрмыс құрған халық бұған дейінгі дәстүрлі бай әдеби мұрасын жойып та алады. Қазақ халқы үшін бұл ғасыр жоғалтқан уақыт болды. Араб тарихшысы Ибн-ал-Асир (XIII ғ.) келтіретін «Жошы өлімін естіртуден» басқа жыр бұл ғасырдан келіп жеткен емес.

– Теңіз баштын булғанды,  
 Кім тундуруп, а ханым?  
 Терэк түбтін жығылды,  
 Кім турғузур, а ханым?  
 – Теңіз баштын булғанса,  
 Тундуруп улум Жочыдыр.  
 Терэк түбтін жығылса,  
 Турғузур улум Жочыдыр.  
 – Көзүң йашым жүгүртүр,  
 Көңлүң тулды болғаймы?  
 Жырын көңул үркүтүр,  
 Жочы өлді болғаймы?  
 – Сөйлэмәккә әркім йок  
 Сен сөйләдің, а ханым!  
 Өз йарлығың өзүнгә жуаб  
 Айу ойладың, а ханым?  
 – Қулун(ын) алған қуандай  
 Қулунумдан айырылдым  
 Айырылысқан аққудай  
 Ер улумдан айырылдым [11].

Бұл естірту өлең бас-аяғы 5-ақ шумақ. Бірақ сонау XIII ғасырдың бірінші ширегінде туып, сол кездің өзінде-ақ жазуға түсіп үлгірген осы бір көлемі шағын, небары 20 жол өлең әдебиет тарихы үшін, әрі қазақ тілі тарихы үшін соншалық құнды. Ол тұтас бір дәуірдің әдебиеті үшін болжам жасауға мүмкіндік береді. Егер бұл жерде К. Маркстің: «Можно априорно опреде-



лить культурный уровень какого-нибудь народа, зная лишь, из какого металла – золота, меди, серебра или железа – он изготовляет свое оружие, свои орудия или свои украшения» [12], – дегенін аналогия ретінде аналогия жасауға пайдалансақ, біз қазақ поэзиясының XIII ғасырдағы дәрежесін болжаммен анықтауда мысалдағы 20 жол өлеңде көрінген поэзияның ерекше белгілерінің қандайлығына, олардың қай дәрежелілігіне сүйенуіміз керек болады.

Өлең – тілдік жүйесі жағынан да, кісінің (персонаждардың) көңіл күйі қалпының берілісі жағынан да, наным-түсініктері, сөздердің поэтикалық жұмсалысы жағынан да өте жаңа өлең. XVIII–XIX ғасырлардағы поэзияны жасаған қазақ ұғымына жат бірде-бір нәрсе жоқ. Өлеңнің негізгі белгілері:

1) бірінші кісі айтқан сөзді екінші кісінің қайталап отыруы (қайымдап айту);

2) ұйқас жағынан *a/ə/a/ə*, *a/ə/б/ə* түрінде келіп тұрақты болмауы;

3) ырғақ-интонациясының риторикалық қалыпта болуы;

4) буын саны жағынан тұрақты болмай, 7 әрі 8 буынды болып келуі;

5) өлең жолының бірінші бунағына екпін түсіп отыруы;

6) XI ғасырдағы ауызша поэзия үлгілеріндей емес, бұл өлең өзінің тілдік белгісі жағынан да ерекше, яғни сөз басында *ж* (*жығылды*, *жүгүртүр*, *жыр*) дыбысы келуімен де ерекше. Бұл өлең сөз басында өзге түркі халықтарында қолданылатын *й* дыбысы орнына *ж* қолданатын қыпшақ тобы халықтарында, оның ішінде жырдың айтылған жері Ертіш – Ұлытау өңірінде сол кезде мекен еткен қазақ тайпаларында осы тілдік ерекше белгісімен сақталып жеткен бірінші және ең көне ескерткіш.

Міне, бұл ерекше белгілердің бәрі де кейінгі XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясына тән белгілер.

Бұл өлеңге тән ерекше белгілердің болуы – XI ғасырдағы поэзияда көрінген жіктелістің бұл XIII ғасырда өте-мөте айқындалғанын, өзінің жаңа даму бағытына түсіп үлгергенін анық байқатады, бұл дәуірде болашақ ноғайлы аталған халықтар бірлестігінің (оның ішінде қазақтардың) төл әдебиеті өзіндік бояуын тауып, өзге түркі халықтары әдебиетінен ерекшеленетін

белгілерін жасап үлгіргендігін толық дәлелдейді. Әрине, диалогқа құрылған өлең монологқа құрылған өлеңмен өзінің лексикасы әрі синтаксистік жүйесі, интонациясы жағынан бір келе бермейді. Осы себепті де «Естірту» сол XIII ғасырдағы өзге толғау, терме-толғау сөздердің жайы туралы дәл дерек бере қоймайды. Бірақ тағы да аналогия жасау керек. Жоғарыда айтылғандай, XI ғасырда-ақ насихат-толғау өлеңнің болуы «Естірту» өлеңіне өте жақын жоқтау өлеңнің болуы, әсіресе, соңғы өлең түрінің поэтикалық көп белгілерінің тіпті бергі XV–XIX ғасырлардағы әдебиетке жақындығы бұл XIII ғасырда толғау, терме-толғау өлеңдердің «Жочыны естірту» өлеңі дәрежелес тұрғыда болғандығына күмән келтірмейді.

Араб тарихшысы Ибн-ал-Асирдің дерегінде «Жочыны естіртуді» Улуғ Жырчы айтқан. Академик Ә. Марғұлан бұл жөнінде былай дейді: «Моңғол шапқыншылығы (XIII ғ.) кезіне атақты ақын Аталық жыраудың аты тұстас келеді. Бұл Аталық жырау әрі араб деректеріндегі Улуғ Жырчы тегінде бір кісі болуы керек. Өйткені Аталық жырау да, әрі Улуғ Жырчы да Жочы хан өлгенде шығарылған жырмен белгілі. Бұл жырдың тексі атақты араб тарихшысы Ибн-ал-Асирдің (XIII ғ.) шежіре-тарихында келтірілген.

Қазақта Жочы ханның өлімі туралы жоқтау өлеңді еске түсіретін «Ақсақ құлан Жочы хан» атты музыкалы сюита – «күй» мен тарихи аңыз сақталған. Қара сөзбен айтылатын аңыз әңгімемен қатар Ибн-ал-Асир шежіресіндегі әрі «Түрк шежіресіндегі» жырды еске түсіретін жыр тексі де бар. Қазақ аңызының баяндауында бұл тарихи жырдың шығарушысы Найман тайпасының бір атасынан шыққан – сахара эпосын жаратушылардың бірі Аталық жырау немесе Кетбұқа деген болған» [13].

Демек, бұл XIII ғасырда ру, тайпа атынан көпке арнау айтар, өткен-кеткен тарих туралы толғап, болашақ туралы болжау айтар сәуегей жыраулар болған. «Халықтың арманын білдірушісі, ақылгөй ақсақалы әрі ақыны танылған жырау аса бір қажетті жағдай болмаса, суырыпсалма жырды өте сирек айтқан. Жалпы жұртқа, тұтас халыққа тең ортақ қобалжу я бір үлкен дағдарыс, дүрбелең шақта немесе жат жұрт әскері туған жерге шапқыншылық жасаған шақта бүкіл халықтың беделді, құрметті кісісі

жырауға ақыл-кеңес салып отырған. Мұндай шақта жырау халықты ынтымақ-бірлікке, тұтас топтастыққа шақырып, олардың рухын көтеріп, бүкіл елге тұс болған жағдайдың болуға тиіс нәтиже-салдарын алдын ала болжап айтатын болған» [14].

Бұл жыраулар, сөз жоқ өздерінің алдында жасаған Қоркут сияқты болды. Ал Қорқыт «Китаби-Қоркутта» оғуз халқының қамын жеген сәуегей ақылгөй ретінде де, оғуздардың батырлары даңқын мадақтаушы жырау ретінде де көрінеді [15].

Қорқыт халықтың ақылшысы, сәуегей данасы ғана емес, оғуз эпосында ол – әрі көреген жырау-ақын да. Ол оғуз батырларының құрметіне арнап жырлар жаратады, ол бұл жырларды халықтың Қорқыттан кіші жыраулары мен ақындары үйреніп, жұртқа таратып отырады...

Жыршы-ақындар халықтың эпостық шежірелерін, өткен дәуірдің даңқты ерлері аталар ескерткішін сақтаушы ретінде өз тыңдаушылары арасында зор құрметке ие болды.

Демек, XIII ғасырда – моңғол шапқыншылығына дейінгі жерде болашақ қазақ халқына ұйытқы болған тайпалар өзінің құт мекені – байырғы мекен Жетісуда, Ертіс – Ұлы Тауда жасаған кезде халық тағдыры, ел, мекен тағдыры, азамат ер тағдыры, халық көңіл күйі, мұң-зары, батыр ерлер даңқы жайлы жырларды – толғау жырларды көп туғызған. Олар осындай бай поэзия үлгілерімен әрі Улуғ-Жырчы сияқты жыраулармен келіп Алтын Орда құрамына кірді.

#### **4. Алтын Орда құрамында болған халықтарға ортақ поэзия**

Алтын Орда тұсындағы әдебиет, бұрынғы дәуір әдебиетіндей емес, бергі дәуір әдебиетімен үзіліссіз жалғас жатыр. Бірақ бұл жалғастық ерекше жалғастық. Егер VIII–XIII ғасырдағы ауызша поэзияға барлық түркі халықтар қандай ортақ болса, бұл Алтын Орда тұсындағы ауызша поэзияға да оның құрамындағы тайпа, тайпа одақтары – болашақ қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, Сібір татарлары әрі Еділ, Қырым татары, башқұрт халықтығын құраған тайпалар ортақ болды.

Алтын Орда мемлекеті тұсында (XIII ғ. ортасы мен XIV ғ. аяғы) этикалық жағынан бұрыннан жақын бұл тайпалар біршама

жақындай түскенмен, біріншіден, көшпенділік тұрмыс жағдайына, екіншіден, Шыңғыс ұрпағынан шыққан жеке-жеке билеушілері – сұлтандары болуына байланысты сол кездің өзінде де бөлек-бөлек көшіп жүрді. Осы факторға керісінше кейбір тайпалардың (рулардың да) басшылары мүддесі ыңғайымен бір сұлтан билігінен екінші сұлтан билігіне «ауысу» да болып отырды. Осы процестің көрінісін Алтын Ордадан Қырым, Қазан, Астрахан хандықтары бөлінген кезде, олардың құрамындағы қыпшақ текті (тар көлемде) ру тайпалардың болуынан анық көруге болады.

Алтын Ордадан XIV ғасырдың орта тұсында Ақ Орда бөлінді. Ақ Орда құрамында болашақта ноғай, қарақалпақ, өзбек, қазақ (әрі Сібір татарларының этникалық топтары, біршама қырғыз) халқының құрылу процесінде негізгі рөл ойнаған тайпалар болды. Ал XV ғасырдың басында Ақ Орда Ноғай, Өзбек хандығы болып бөлінді. Осы Дәшт-и қыпшақтағы (Өзбекстан аталған мекендегі) хандықтан – Абулқайр ханнан XV ғасырдың ортасында Жәнібек, Керей сұлтан бастаған тайпалар бөлініп, Могулстанға келді (Қазақ ССР тарихы, 1957, 152-153-бб.). XIV ғасырдың орта тұсында Шағатай ұлысынан Могулстанның бөлінуі, 1375 жылы жалаир Әділ шах пен қыпшақ Елчібуғунің өз тайпаларымен Ақсақ Темірден бөлініп Могулстанға келуі [16], XV ғасырдың ортасында Жәнібек сұлтан бастаған тайпалардың келуі және одан кейінгі көшулер (Қазақ ССР тарихы, 1957, 153-б.) негізінде Қазақ хандығы құрылды.

Міне, XV ғасырдың орта тұсынан бергі жерде Дәшт-и қыпшақта, Жетісуда туған поэзия үлгілері қазақ халқының төл туындысы болды, ал бұған дейінгі жерде туған поэзия үлгілері қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, Қырым, Сібір татарларының әрі қырғыз халқының ортақ, еншілес мұрасы.

\* \* \*

Алтын Орда, Ақ Орда дәуіріндегі поэзияда дидактикалық-азаматтық сарындағы толғау, терме-толғаулар фольклордың өзге жанрларына байланыссыз жалаң дамыған жоқ. Ауыздан-ауызға көшіп отырған әрі шығарушылары, айтушылары бір бұл фольклорлық, поэзиялық үлгілер барынша тығыз байланыса дамып отырды. Әсіресе, тарихи негіздегі батырлық-ерлік қыр-

дастандар, эпостар мен дидактикалық-азаматтық мотивтегі поэзия арасындағы осындай байланыстылықта даму өзінің ерекше белгілерімен көзге түседі.

Бұл жақындық XV–XVI ғасырда туған тарихи негіздегі батырлық-ерлік жыр-дастандар тұсында жанрлық-стильдік әрі тілдік модельдердегі жақындық болса, бергі XVI–XVIII ғасырдағы (одан ертедегі) эпостар тұсында тілдік модельдердегі жақындық болды. Өйткені қазақ фольклорларында эпостық жырлар тарихи-ерлік өлең-жырлар негізінде туып дамыды да, ал өз кезегінде ерлік өлең-жырлар дидактикалық-азаматтық сарындағы терметолғау үлгісінде және соған жақын үлгіде туып дамыды. Сөйтіп, келе-келе бір форма екі түрлі мазмұнды берудің құралына айналды. Әрі тарихи өлең-жыр да, эпостық жыр да бұл ортақ форманы қызметке жегу барысында оған стильдік өзгеріс енгізді. Эпостың шын мәніндегі дамыған үлгілері жасалған дәуірде азаматтық поэзиядан алған, о бастағы үлгісі, әсіресе, геройлар монологын беруде, геройларды суреттеуде, сипаттауда сақталып қалды. Әрі осы екі нәрсені берудің тұрақты тәсілі ретінде эпостық жырдан берік орын тепті де.

Керісінше, тарихи негіздегі ерлік-батырлық өлең-жырдағы, эпостағы осы стильдік-тілдік модельдер кейінгі дәуірдегі азаматтық поэзияға белгілі дәрежеде әсер етіп отырды. Әсіресе, бұл әсер ерлік тақырыптағы өлеңдерде өте айқын көрінді.

Алтын Орда, Ақ Орда дәуірінен өзінің көлемді күйінде жеткен ең әуелгі әдеби үлгі – «Тоқтамыс пен Едіге туралы жыр» [17]. Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов былай дейді: «Самый замечательный исторический джир киргизский, это – «Идиге». Джир должен быть составлен в начале XV в.» [18].

Бұл жыр о баста жеке кісілердің «сөзі» үлгісінде – «Тоқтамыстың толғауы», «Сыпыра жыраудың толғауы», «Жамбай сөзі», «Едіге сөзі», т.б. түрінде дара-дара туған толғаулар не «Сөз» циклі. Оның эпостық, ертегілік-мифтік бөлімдері – жоғарғы жеке «толғаулар» мен «Сөздерді» біріктіретін редакциялық материалдары кейін туған. Осы соңғы ертегілік үлгідегі творчестволық қоспаларды алып тастағанда, бұл «Толғау сөз» циклі – Алтын Орда, Ақ Орда дәуіріндегі тарихи жырдың, дәлірек айтқанда, ерлік-азаматтық жырдың, өлеңнің алғашқы үлгісі. Қазіргі ноғай, қарақалпақ, қазақ, т.б. халықтардың ортақ әдебиетінің, та-

рихы белгілі, дәлірек айтқанда, тарихи кезеңге, уақытқа телінген ауызша поэзиясының алғашқы үлгілері.

Бұл «Толғау сөздер» цикліндегі «Сыпыра толғауында» айтылар:

Ноғайлының ауыр жұрт  
 Ач күзендей бүгіліп,  
 Ач бөрүдей чүйіліп,  
 Шетіннен қиқулап,  
 Аччы да сүрен солар болғай құбача оғыл.  
 Алтундан соққан ақ ордан,  
 Күмістен соққан ақ есік,  
 Түсі суық шым болат  
 Учы менен ачар да болғай кубача оғыл...  
 Керегенді кертер де болғай оғыл.  
 Туырлуғун тілер ол,  
 Тіліп тоқым қылар ол.  
 Қанекедей көріктіні,  
 Тінекедей тектіні  
 Ат көтіне міндіріп,  
 Ал ендігін солдурып,  
 Тегінен тегін олжа қылар болғай кубача оғыл, –

деген жолдарға, не «Тоқтамыс толғауындағы»:

... Бие сауған сүтті жұрт,  
 Қымыз ічкен құтты жұрт,  
 Анам келін болған жұрт,  
 Иіліп сәлем еткен жұрт,  
 Көрікті туған сұлуым,  
 Алғаным келін болған жұрт,  
 Ақ бүркеншік салған жұрт,  
 Ал ендүгін жаққан жұрт,  
 Қызыл маржан таққан жұрт,  
 Ақбоз атқа мінген жұрт,  
 Жалғыз да қорған Қадырберді  
 Қадырберді сұлтан туған жұрт

...Балығы жылқы жусатпас,  
 Бақасы кісі ұйықтатпас,  
 Маралы бар киіктей,

Балдырғаны білектей,  
Алмасы бар жүректі,  
Еділ менен Жайығым.  
Жабағылы нар тайлақ  
Жардай атан болған жұрт,  
Адасып қалған бір тоқты  
Жайылып мың қой болған жұрт,  
Ал аман бол менден соң...  
Жапырағын жайқалтқан  
Жардай атан семірткен  
Жарына найза тең келген  
Суы менен жары тең  
Құлыны менен тайы тең  
Өзені менен сайы тең, –

деген үзіктерге, немесе:

... Алтындан соққан ақ ордан,  
Күмістен соққан ақ есік  
Түсі суық шым болат  
Есігінді ұшыменен ачмасам,  
Төрге төсек салмасам,  
Төс аршынды сұлуды  
Аямай төс астыма алмасам,  
Керегенді кертпесем,  
Кертіп отын қылмасам,  
Қос туырлығың тілмесем,  
Тіліп тоқым қылмасам,  
Мен, мен дүрмін, мен дүрмін,  
Мен, мен деген  
Тауба қылған ер дүрмін  
Мен досымның отын сөндірмен,  
Дұшпаным отын жандырман,  
Мен тауда ұялар сұңқармын,  
Тау бөктерлей жортармын [19], –

деген өлең жолдарына назар аударайық.

XV ғасырға тән осы үзіктер – тарихи ерлік жыр үлгісі кейінгі XVI ғасырдағы «Орақ – Мамай» жырында – Еділ, Қырым аралығындағы түркі халықтары арасында туған жырда, ол XVII ғасырда Арал, Каспий сыртында туған қазақ халқының эпостық

жырында, тіпті XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Махамбет жырларында өте мол және дәл көрініс береді.

Айталық, «Орақ – Мамай» жырында:

Ақбоз атқа мінгенмін  
Алты атқа алған адырна  
Күңірендіріп жүргенмін  
Балдағы алтун құрыч полат  
Жанбасыма ілгенмін...

Тәңірім тізгүн он берсе,  
Бу Қырымның йуртына  
Дегенімдей жүргенмін.

Ау, беркінуп садақ асунған,  
Беркүнген жауны качырған,  
Сүйегім тұтам асылман  
Ерегіскен ерлерге  
Найзағай мынан жасунмын... [20].

Ал «Ер Тарғын» жырында:

Мен кетемін, кетемін,  
Кеткенменен айдалаға кетпеймін,  
Айналып Еділ өтпеймін  
... Ай, жебір сұлтан білмейсің,  
Елден кеткен ер жігіт  
Алғайдың құба жонында  
Тәңірім жөнін берген соң,  
Тарланға мінгесіп жүріп жөн табар!  
Жебір сұлтан білмейсің,  
Мен аңқау туған бөрімін,  
Көп екен деп саған иек сүйемен,  
Несібемді бір тәңіріден көрермін.  
Бұл барғаннан барармын,  
Қырымға таман барармын [21], –

деген жолдар бар. Міне, бұлар жоғарыдағы «Толғау сөздер» циклінің – ортақ әдеби мұраның кейінгі дәуірдегі ноғай, қазақ, қарақалпақ жырларына қатар жасаған ықпалы.



Әрине, бұл «Толғау сөздердегі» өлең жолдардың бәрі бірдей осы жырды жасау үстінде туған жаңа туынды, жаратынды болмауы да мүмкін, бұл «Толғау сөздердегі» өлең жолдарының көбі сол XIV ғасырдың өзінде, оған дейін, Тоқтамыстар дәуіріне дейін де айтылып келген.

Айталық, Ер Қосай, Ер Көкше – тарихи кісілер. Тоқтамыс замандасы [22]. Осы батырлар туралы ертегі-жыр жасалған. Осы ертегі-жырда:

О көрге қылмасам,  
Ағышқан қойдай маңратып,  
Ач күзендей шулатып,  
Арқа ауылдың сары жон  
Тізеден соқпақ салмасам,  
Керегесін кертпесем,  
Кертіп отқа жоқпасам,  
Қосай атым құрысын [23], –

деген жолдардың жоғарыдағы үзіктермен жақындығы анық.

Бұл ғана емес, дәуірі жағынан қарайлас жатқан «Қазтуған сөзі» делінетін жырда:

Алаң, алаң, алаң жұрт,  
Ақ ала ордам қонған жұрт.  
Атамыз бізің бу Сүйініч  
Күйеу болып барған жұрт,  
Анамыз бізің Бозтуған  
Келінчек болып түскен жұрт,  
Қазғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,–

деп келетін жолдар. Немесе:

Салып салпынчақ анау үч өзен  
Салуалы менім ордам қонған жер.  
Жабағылы жас тайлақ  
Жардай атан болған жер.  
Жарлысы менен байы тең,  
Жабағысы менен тайы тең,  
Жары менен суы тең,  
Ботгашығы бұзаудай,  
Боз сазаны тоқтыдай,  
Балығы тайдай тулаған,  
Бақасы қойдай шулаған,–

деп келетін жолдар бар. Ал өзінің дәуірі жағынан Тоқтамыстан да әрірек жасаған тарихи кісілерге таңылып жүрген жырлар бар: Қырым татарларында «Амет батырдың Жәнібек ханға айтқан сөзі», деп сақталған үзік:

Шешеген йунну шал йебе  
 Шал йебе де мен прін прін етмесем,  
 Бөрккен қойдай етмесем,  
 Беріктей киіп кетмесем,  
 Керегенді кеспесем,  
 Кесіп шонтұқ етпесем  
 Есігінді екі бөлмесем,  
 Елтеп тауға йатпасам,  
 Со дегенім етпесем,  
 Мырадыма йетпесем,  
 Атан – Айсул, мен – Амет  
 Айсулдың арам улу болайын [24], –

деп келеді.

Бұл үзіктің де егіздің сыңарындай ұқсастығы, бірлігі, бір негізден екендігі анық көрініп тұр.

Мұның бәрі нені көрсетеді? «Сыпыра жырау сөзі», «Тоқтамыс толғауы» сияқты ауызша поэзия үлгілері түркі халықтарының сол XIV–XV ғасырларға дейінгі дәуірдегі ауызша поэзиясы негізінде, солардың көп үлгілерін өлең жолдарын пайдалану, қайта айту негізінде жаңа творчестволық туынды ретінде жасалды. Ал бұл толғау-жырлар – ноғай, қазақ, қарақалпақ, башқұрт, татар сияқты халықтардың тел, ортақ мұрасы, керісінше, бұл халықтардың кейін туған жырларына ықпал етті.

Тіпті жерді, мекенді мақтау әкенің күйеу болып барған жері, шешенің келіншек болып түскен жері, жоғарыдағы ең үзіктегі Қадырберді не Қазтуған сияқты ұлдардың туған жері – басқа бір мекен, бұл екі ұлдан басқа ұлдар туған мекен, басқа әке мен ана күйеулеп не келін болып барған жер болуы да мүмкін. Осындай бөлек жыр да болуы да, әрі бұл жыр өте көне жыр болуы да мүмкін. Ол арналатын геройы, мақталатын нақты мекен жер – су аты өзгеріп-өзгеріп сонау Алтайдан Еділге жұртпен бірге баруы да мүмкін.

Бірақ қалай дегенде де осы жыр үзіктері XV ғасырда туған, – оның өзінде халық аузында бұрыннан – XV ғасырға, тіпті XIV ға-

сырға дейін айтылып жүрген көп-көп көшпелі жыр жолдарын еркін пайдалана отырып туған жырлар, оның өзінде халықтың сол XV ғасырдағы тілі нормасына түсіріліп, тіл жағынан жаңартылып жырланған үлгілер.

\* \* \*

1. Тіпті бұл жырлар – Алтын Орданың құлау қарсаңы XV ғасырдың басындағы тіл нормасында айтылған жырлар кейін ноғай, қазақ, қарақалпақ боп бірте-бірте жіктелген халықтың тіл жігі ыңғайымен бірге өзгере-өзгере келіп, бұл күнде осы халықтардың «төл» туындысына айналып отыр. «Тоқтамыс толғауы» осындай мұра.

Ол былай тұрсын, қазақ хандығы құрылып, қазақ халықтығы қалыптасу процесі жүріп жатқан, тіпті бұл процесс аяқталып келе жатқан дәуірде басқа өлкеде – Еділ – Жайық – Қырым ара-лығында XVI ғасырда ноғай халықтығы құрылу процесі басталған ортада туған «Орақ – Мамай», «Әділ сұлтан», «Ер Шобан», «Қазтуған сөзі», «Досмамбет сөзі» сияқты жырлардың өзі – ноғай, қазақ боп бөлінген кезеңнен кейін туған жырлардың өзі осы ноғай одағы құрамында болып, кейін XVII ғасырда қазақ хандығына қосылған ру-тайпалармен бірге келді. Тіпті «Тоқтамыс толғауы» сияқты арғы XV ғасыр мұрасының өзі сол XV ғасырдағы желі-нұсқасымен жетпей, XVI ғасырдың аяғындағы саяси оқиғаларды қамтитын, яғни XVII ғасырдың басында қайта жырланған вариантымен келді.

Тарихи деректе, Алтын Орда ыдырап, бұл Орданың шығыс территориясында Қазақ хандығы қалыптасқан кезде, Арал – Жайық – Еділде Ноғай ордасы құрылған, бұл орда Үлкен орда, Кіші ордаға бөлінген он сан жұрттан тұрған, ордада Мұса, кейін оның балалары Мамай, Ысмайыл билік құрғанда (1481–1560) көршілеріне әскери-саяси белсенділік көрсетіп, жортуылшыл салт ұстаған. Осы жортуылдың жемісі ретінде «Орақ – Мамай жыры», «Қазтуған туралы сөз», «Досмамбет туралы сөз», «Әділ сұлтан жыры» сияқты жаратындылар туған. Ал XVI ғасырдың аяғында Ноғай ордасы тақ тартысы үшін ішкі күрес әрі қазақ хандығымен шапқыншылық жағдайда болды. Осындай бір ішкі

тартыста ноғайдың Ормамбет биі өлді [25], ал Хақ-Назар хан тұсында күшейген Қазақ ордасының ноғайға жорығы жиілейді [26]. Бұдан кейін Ноғай ордасы ыдырай бастайды. «Дальнейший распад Ногайской орды способствовал присоединению отдельных, вероятно, довольно многочисленных ногайских улусов к Казахской орде и смешению их с казахами. Восточная группа ногайских улусов, которой управляли сыновья Ших-Мамаю, «алтыульцы», растворилась, повидимому, в составе казахов так называемого «Младшего жуза» [27].

Осы XVI ғасыр аяғындағы тарихи жағдай Алтын Орда бірлігін көкसेген «Тоқтамыс толғауын» қайта жырлатты да, оған осы дәуір оқиғалары қосылды:

Ай, жігіттер, чоралар!  
*Ормамбет би өлгенде*  
*Он сан ногай бүлгенде...*  
 Қан Тоқтамыс қарланып,  
 Байтағым деп зарланып  
 Айтып жылай жөнелді, –

деген үлгілес жыршы сөзі қосылды.

Міне, Ноғай ордасы ыдырап, біраз ру-тайпалар қазақ хандығына қосылған кезде жоғарғы жырларды өздерімен бірге ала келді. Бұлардан қазақ хандығының ішкі жағына көбірек тараған «Тоқтамыс толғауы», «Сыпыра жырау толғауы» сияқты толғаулар циклі тіл жағынан қазақ тілі нормаларына түгелдей түсірілді де, «Қазтуған туралы сөз», «Досмамбет туралы сөз», Шалкиіз жыры, т.б. қазақ ішіне тарамай, оның батыс бөлегінде – Ноғай ордасынан бөлінген тайпалар арасында ғана айтылды. Тіпті қазақтардың бұл Кіші жүз бөлегі XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырда Жайықтан өтуіне байланысты ғана (өйткені XVII ғасырда бұл өлкеде қалмақтар болды да, ноғаймен еркін қатынас болған жоқ) осы батысқа жылжудан көп бұрын және осы кезеңнің тұсында ноғай, башқұрт арасында туған біраз өлең-жыр осы өлкеге келген қазақтар арасына тарады: XV әрі XVI ғасырдағы бірлік, одан бергі жердегі туыстық байланыс – бір тайпаның бірден-бірге өтіп отыруы сияқты байланыс, осы тарихи жалғастықтың негізінде туған халық психологиясы, т.б. бұл дәуірлерде өзге халыққа айналып бара жатқан (өзге ұлтқа айна-

лып бара жатқан процесті басынан кешіріп отырған) туыс тайпалары арасында туған поэзия үлгілерін жатырқамай қабылдады. Келе бұл сөз мұралары бұл өлкенің өз сөз қазынасына айналды. Бірақ ноғайлармен көршілік жағдайда болуға байланысты Кіші жүз қазақтары жоғарыдағы келтірілген жырлар тіліндегі ноғайларға тән (қазақтың орталық бөлегінде жоқ) лексика қабаттарын көп өзгеріске түсірген жоқ (Қазақ тілінің қазіргі нормасы тұрғысынан қарағанда, ноғай тіліне тән бұл ерекшеліктер – қазақ тілінде сақталмаған көне ерекшеліктер сияқты көрініп жүруі де осында жатыр).

Шындығына келгенде, Еділ – Жайық өлкесі қазақтары осындай жырларды ауысуы жағынан ғана емес, «Қырымның қырық батыры» сияқты эпостық жырларды – ноғайлы әрі одан бергі дәуірге тән жырларды жаратуымен, көнелерін қайта жаңғырта жырлауымен өзге өлке қазақтарынан бөлектенеді. Осы үшін де М. Әуезов: «Особенно замечательна, сильна и мощна была струя в традициях акынов Малого жуза, как акынов-исполнителей и слагателей по преимуществу героических песен. У них были целые поколения, унаследовавшие преемственно передачи, еще начиная с легендарного эпика Сыпра жирау, продолженного далее школой Нурыма и еще дальше сказителями Мурыном, Нуртуганом, Мергенбаем» (Мысли разных лет. Алма-Ата, 1959. С. 471–472), – деген болатын.

2. Ескеретін тағы бір нәрсе: бұл Алтын Орда дәуіріндегі, Ноғайлы дәуіріндегі жырлардың біразында негізінде көне дәуір іздері жатыр. Айталық, «Тоқтамыс толғаулары» циклінің ішкі желі-жүйесі сол XV ғасырда жаңа жасалған емес. Оның ізі арыда жатыр.

Алтын Орда дәуірінде Шыңғыс әулеті тақтың мұрагері ғана емес, өздерінің арғы аталары жасаған (өз кезінде түрк тайпаларының «Күлтегін» шежіресі сияқты ауызша сөз үлгілерін мол тоғытып жасаған) «Монғол-ун нігуча тобчийан» (ең көне нұсқасы орысша «Сокровенное сказание», ал кейінгі XVII ғасырдағы нұсқасы «Алтан тобчы» боп жарық көрген) сияқты шежіре-дастандары арқылы да Ордада туған сөз үлгілеріне азды-көпті мұрагерлігі болды. «Тоқтамыс толғауын» жаратқан автор осы «Алтан тобчыға» көп еліктеген.

Орда төңірегіндегі жыраулар түркі боп кеткен өз хандарының арғы тегін жақсы білген (сол үшін де Сыпыра жырау Тоқтамысқа Шыңғыс ханға дейінгі аталарын санап, соларды көргенмін дейді). Бұл жыраулар Тоқтамыс жайлы жыр жасауда сол аталарын баян ететін шежіре-дастанды үлгі етуді, сөз жоқ, әрі лайық, әрі қошемет көрген.

«Монғол-ун ніғуча тобчийанда» Шыңғыс хан моңғол және бірсыпыра түрк тайпаларына қаған боп таққа отырған құрылтай үстінде өзінің *тоғыз батырын* найманның Күчүлүг ханына қарсы жорыққа аттандырады: олардың әрқайсысына тән қасиеттерін, өзіне жасаған көмек-қызметін жеке-жеке айтып барып аттандырады. Ал «Алтан тобчыда» (АТ) «Жетім баланың тоғыз өрлүкпен әңгімесі, тағы Шыңғыстың көмекші-серіктерімен әңгімесі» деген тарауда Шыңғыс өзінің Бөрте қочун деген *әйеліне той жасап*, салтанат құрып отырады. Мәжіліс үстінде Шыңғыстың *тоғыз өрлүгі* (Сулдустың Торгон Шира, Жалаирдың Гоа Мухули, Жүржүттің Чуу мэргэн, Арлауттың күлүк Богурчи, Оронхойдың Жэлмэ, Бэсүттің Жэбэ, Ойраттың Хара Хир, Жүргеннің Борохул, татардың Шиги Хуруг) шараптың жағымды-жағымсыз әсері жайлы жыр айтады. Бұлардан соң есікте отырған *жетім бала* түрегеліп сөз сұрайды. Тоғыз өрлүктің мынау шарап ішіп жатуы жөн емес дейді. *Чидана чэчэн* балаға кінә артар жауап береді. Бала ақтала да, айыптай да қайыра жауап сөз айтады. Бұдан соң *Чидана чэчэннің* жетім балаға өктем жауабы әрі Шыңғыс тілегімен айтылған өсиет сөзі келеді. Ендігі кезекте Шыңғыс өзінің тоғыз өрлүгін жеке-жеке тұрғызып қасиеттерін, қызметін атай отырып («Монғол-унчадағы» әдіспен) «... *Болгату шар мету Боғурчи мінү чі ніген үге үгеле! гебе* (Бұғалықты өгіз сияқты Боғурчим менің сен бір сөз сөйле! – деді), – деп тілек білдіреді. Өз кезегінде Боғурчи жауапмақтау сөз толғайды. Және осы әдіс тоғыз рет қайталап, Шыңғыс әрқайсысында өз сөзін *чі ніген үге үгеле* (сен бір сөз сөйле), – деп бітіріп отырады.

Міне, «Тоқтамыста» Тоқтамысқа жетім бала Едіге келеді (Тарихта Едіге манғыт руының белді адамының, Тоқтамыс қолбасшыларының бірінің баласы); Тоқтамыс *әйелі араласуымен* жетім баланы өлтірмек болады; үлкен *той жасап* жұртқа арақ-шарап ішкізеді (АТ-да Шыңғыс әйеліне той жасайды), аяқшы боп жүр-

ген жетім Едігеге алты жасар Анғысын досы Тоқтамыс ниетін айтып қояды; Едіге қашады; Тоқтамыстың аңдытып қойған тоғыз ері шарапқа мас болып, бірін-бірі пышақтап Едігеден айырылып қалады (АТ-да шарап ішіп отырған тоғыз өрлук жетім бала сөзіне қатты ашу шақырады); Артынан Кеңестің ұлы Кең Жанбайды тіл алып келуге жібереді. Сонда екеуінің диалогы беріледі (АТ-да Чидан чэчэн баламен айтысады); Тоқтамыс тоғыз ерін («Есентайұлы Құдайберді батырым», «Монтайдан екі бірдей қос Дәулет», «Арғындардың басы едің, Қарақожа, батырым», «Қарақыпчак Қобыландым» («Кеңестің < Көнегес руының, – Қ.Ө.> ұлы Кең Жамбай, т.б.»)) шақырып, әрқайсысын жеке-жеке мақтап, Едіге артынан қуғызады («Монғол-ун-да» Шыңғыс тоғыз ерін мақтай отырып, найманның Күчүлүг ханына аттандырады). Мақтауы:

Есенімде ескімді берсем елемес,  
Егескенде жыға тисем кектемес  
Есентай ұлы Құдайберді батырым,  
Сен бір толғачы деп еді, –

түрінде (АТ-да «... ерегісте босамас шыны жібек түйінім; Қиынымда мойымас Бұғалықты өгіз секілді Бағурчим, Сен бір сөз сөйлеші» түрінде) келеді.

Міне, «Тоқтамыс толғауын» жаратқан жыршы «Алтан тобчиға» кірген эпостық үзіктерді жақсы білген. Тіпті Шыңғыс туралы жырлардың түркіше варианттары, қайта өзгертілген варианттары Алтын Ордада XIII–XIV ғасырларда айтылып жүруі де, ал жыршы оның желі-жүйесін, сөз шумақтарын, өлең жолдарын «Тоқтамыс толғауын» жасағанда қайта-қайта еркін кіргізуі де мүмкін. Ондай нұсқалардың болғандығын «Шыңғыс туралы шежіренің» түркіше варианты растайды. Шыңғыс хан шабуылына дейін жаратылған «Оғуз-наме» шежіре-әңгіменің әрі оғуз туралы аңыздың көп ерекше сәттерін қоса отырып жасалған бұл туынды («Ахуали Шыңғыс хан» боп 1816 жылы тасқа басылған) варианттан гөрі жаңа туындыға жақын келеді. «Монғол-унда» Алан гоа күйеуі өлген соң ерсіз тағы үш ұл туады, ал Добун мэргэннен туған бұрынғы екі ұл: «Шешеміз жанында ері я ерінің тума я жамағайыны жоқ, бұл балаларды кімнен туды?» – деп күдік айтады. Бары осы. Ал Алан гоа күдік келтірген балаларына

туу жағдайын айтады, «осы бесеуің менен тудыңдар, ауыз бірлікте болыңдар» деп, бір-бір шыбық беріп, бесеуіне сындыртады, бес шыбықты қосып буып, қайта береді, балалары сындыра алмайды. Сонда: «Сендер жеке-жеке болсаңдар осы шыбықтай әркімнен-ақ сынып қаласыңдар, бірігіп жүрсеңдер, буылған шыбықтай ешкім сендерді ала алмайды», – дейді. Бары осы.

Түркше «Шыңғыс-намеде» екі баласы былай дейді:

Сакалунмусан су ічіп буаз болмаға,  
 Маны дегэн кушмусан күн ыссысына буаз  
 болмаға,  
 Қауын йа қарбузмусан ерсіз урық йыймаға,  
 Тауыкмусан күлгэ аунап йумуртқа салмаға,  
 Қаранасымусан көбүк ашап буаз  
 болмаға.

Ал Алан гоа балаларына:

Оқар йуртның нышасы уа бэлгүсі ол турур:  
 Жауыдан елін көп етэр  
 Қала түбүн ор етэр  
 Дарвазасын кең етэр  
 Жау елгэ, йат нөкэргэ сырыны айтмаслар  
 Улуғларын төргэ кэчіруп,  
 Кічіглэрін хызмэт қылдурурлар.

Йана біліңлэр: Оңмаз йуртның нышаны уа белгүсі ол турур:

Өз йуртын йаманлар,  
 Кіші йуртын мақтар;  
 Өз уруғын йаманлар,  
 Кіші уруғун мақтар;  
 Өз ағасын йаманлар  
 Кіші ағасын мақтар;  
 Улусы турур, кічісі сөйлэр,  
 Атасы турур, оғлы сөйлэр,  
 Уа мысқылчы болур.

Жирен ат бінгэн қызыл йүзлү оғландын кеңэш сорған ол кіші кіші болуп йурт күтмэс...», – деп келетін өсиет айтады.



Моңғол шежірелерінде Алан гоа-дан әкесіз туған үш ұлдың бірі Боданжар (Шыңғыстың арғы атасы) ағаларына өкпелеп тауға кетіп, құс аулап жүрген жерінен ағасы Буху Қатахи іздеп барып ертіп қайтады; Шыңғысты шешесі Оэлүн-үчин татар тайпасына тұтқында боп келген соң туады (Сокр. ск., §30, 59). Ал Алан гоа – ерсіз туған балалары жайлы: «Түн бола сарыжарқын кісі (өзге нұсқасында бала. – Қ.Ө.) кіріп, ішімді сипайды, оның жарығы менің ішіме кіреді, күн мен ай таласқан аралық қараңғы шақта сары ит болып сілкініп (шыра нохай волжу, шілмалчіжү) шығып кетеді» («СС», §21), – дейді. Ал Рашид-ад-Дин «однажды спала дома. И вот через [дымовое] отверстие шатра проник луч света и погрузился в ее чрево», – деп баяндай айтып, Алангоаның сөзін келтіреді: «...Да, я каждую ночь вижу во сне, что какой-то рыже-волосый и синеокий человек медленно-медленно приближается ко мне и потихоньку возвращается назад» (Сборник летописей, Т. I, Кн. 2. М.–Л., 1952. С. 14). «Ахуал Шыңғыс хандағы» андып тексеру сюжеті жоқ.

«Ахуал Шыңғыста» Шыңғыс Аланғуадан туады. Мұнда Шыңғыс «һауадын бір йарқын күн» боп еніп, «йалқы йаллы көк бөрі» боп шыққан кереметтен туады. Шыңғыс өскен соң ағаларына өкпелеп, «қазақ чықып кетеді». Сонда құс аулап жалғыз жүрген Шыңғысты хан көтергелі «артынан есітіп барған билер: Үйшін Майқы би, Қалар би, Ордач би, Қыбчақ би, Тамбан би, Кереит би, Буртақ би, Темур Қутлу би, Мунбай (? – Мұнтан болуы. – Қ.Ө.), Танғут би» (37-б.) болады.

Моңғол шежірелері жаңа туған Боданжарды не Шыңғысты суреттеп баяндамайды, жай «туды» дейді де қояды. Ал «Ахуал Шыңғыс» Шыңғыстың тууын өзгеше суреттейді және сөз үлгілері «Оғуз-намеге» өте жақын:

#### «Оғуз-наме»

1. Кенэ күнлэрдэн бір күн *Аі қазаннұң көзү йарып, бодады. Ер-кэк огул тоғурды. Ошул огулнұң өңлүті чырағы көк ерді, ағызы аташ кызыл ерді; көзлэрі ал, сачлары, качлары қара ерділэр ерді, йакшы нэпсіклэрдэн көрүклүгрэк ерді.*

#### «Ахуал Шыңғыс хан»

1. Андын соң *Алангуаның көзі йаруп бір ер оглан тугызды. Ал-тун бэзэрлық, йағырында мөһрлү уа мөһріндэ Жабраил фэршта аты бар ерді. Өзі бөрі йағрлү, Жабраил көрклү.*

2. Кенэ күнләрде бір күн Оғуз қаған бір йерде теңіні Жалбарғуда ерді. Қараңқулуқ келді. *Көктүн бір көк йарук, түшті. Күндүн айан, айдан қуғулғудуғрақ эрді.* Оғуз қаған йүрүді, көрді кім ошбу йарукнұң арасында бір қыз бар ерді... йакшы көрүклүг бір қыз ерді. Ануң көзү көктүн көкрэк ерді, ануң сачы мүрэн усуғы дег, ануң тіші інжу дег ерді. Анда көрүклүг ерді кім; *йернің ел-күні оны көрсе, «ai, ai, ax, ax өлэрбіз»* деп, сүттэн қумуз бола турурлар.

2. [Лекін көркі андағ ерді кім қуру ағачка күлсе, йапрақ уа тақыр йергэ бакса өлең бітэр ерді. Сачын тараса інжу төгүлүп уа түкүрсэ алтун-күмүш өсерді. Амма дүниеде бір артук тугмыш жан ерді] *йүзін көргэн артындын өлейін дер еді уа қашында олтурғанлар майдек еруп, тақы атум тонум сенін болсун дер еді*<sup>1</sup>.

Біздің мақсатымыз бұл екі ескерткішті салыстыра талдау емес, біздің айтпағымыз Алтын Орда тағына ие хандардың арғы аталары туралы жырлар Моңғолиядан ауысып, осы Орда топырағына келді, олар уақыт өте түркше жырланды, тіпті олардың түркше жаңа варианттары жасалды, «Тоқтамыс толғауы» негізінде осындай жырлар – бұрын туған жырлар жатыр дегенді айту. Айталық, «Ахуал Шыңғыс» XV ғасырға дейінгі жерде Шыңғыс туралы шежіренің ауызша айтылып жүрген – тіпті аңызға айнала бастаған нұсқалары негізінде туған. Мұны қайта әңгімелеуші, қайта әңгімелеп қағазға түсірген кісі – «Оғуз-наме» шежіресін жақсы білген. «Оғуз-наменің» көп жерін пайдалана отырып, жаңа туынды жасаған. Оның сыртында Аланғуаның аузынан жоғарыдағы үзіктерді, әрі:

мал күтмэгэн мал күтсэ,  
қара өленні отладыр.  
құш чүймэгэн куш чүйсэ  
қарға бірлэ қаз алдырұрман дер.

<sup>1</sup> Бұл байланысты біз басқа бір ретте кеңірек сөз етеміз. Тек «Ахуал Шыңғыс хан» түрк топырағында «Оғуз-наме» әсерімен туды дегенге тағы бір тілдік деректі келтіру өте қажет. Көне түрк жазба ескерткіштерінде «ел - күн» тіркесі «Құтадғу білікте» («Укуш бірлэ ел күн ішіп ішлэді»), «Оғуз-намеде» («йылқыларны, елкүн-лэрні йер ерді», «бедүк бір йурт, ел-күн ерді») кездеседі. «Ахуал Шыңғыс хан» дәуірі үшін е л-к ү н тіркесі көне тіркес: бұл дәуірде ел-ұлыс, ел-жұрт тіркесі жасалып қалған. Бірақ «Ахуал Шыңғыста» негізінен «улуш» («бізнің улушымызны алмас»), «халк» («халкға ғаділ болды»), «халк оғлы» («халк оғли көнмэс болуп») сияқты сөздер қолданылса да, бірер жерде е л - к ү н тіркесі кездеседі («ел-күн беклэріне, халк оғлына күч өте башладылар»). Бұл да «Оғуз-наме» тілінің әсері.

төрэ күтмэгэн төрэ күтсэ  
 кіші етін йэрман дер.  
 көн көрмэгэн көн көрсэ  
 көн етукні кимэн дер.  
 мал тапмаған мал тапса  
 кішіні көзгэ ілмэн дер<sup>1</sup>, –

деген шешендік толғауды айтқызып, түрк тайпалары арасында бұған дейін ауызда жүрген өте көне жыр жолдарын қосып, шежіре «авторы» Шыңғыс туралы әңгіме табиғатын барынша түркілеген.

Алтын Орда тұсындағы, одан бергі шақ жырларында арғы дәуірге тән сөз үлгілері, жыр түрлері, үзік-жолдар аралас жатыр дегенде тағы бір тиек «Монғол-ундағы» жыр жолдары.

Кереиттің Тоғурул ханының інісі Жамуха моңғол Темүчинмен (Шыңғыспен) андалық қатынаста боп жүрген бір шақта Меркітті қосыла шабыспақ боп былай дейді.

Қарауытар туым шаныштым мен,  
 Қара бұканың терісінен  
 Бүре бүркеп бүгілген  
 Даң күңіренді соқтым мен,  
 Қара құрымды міндім мен,  
 Қатты тоным кидім мен,  
 Қатаң жыдам тұттым мен,  
 Қатқұрдан жебемді салдым мен!  
 Ұзақтан қарауытар туым шаныштым мен,  
 Өгіз терісінен бүркелген  
 Даң күңіренді соқтым мен,  
 Орақ құрымды міндім мен,  
 Күдері бау көбем кидім мен,  
 Ұңғылы тұтқа қылыш тұттым мен,  
 Ұшпалы жебем салдым мен<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Бұл үзіктер Алтын Орда дәуірінде ел арасында айтылып жүрген ауызша поэзияның ең алғаш жазуға түскен нұсқаларның бірі.

<sup>2</sup> Харағату туғ-ийен саншуба бі  
 Хара буха-ийен арасун-ийер  
 Бүрігсен бүркірен бүкү  
 Дағуту кенгерге-бен деледбе бі  
 Хара хурдун-ийен унуба бі  
 Хатанғу делл-ийен емүсба бі  
 Хатан жіда-бен баріба бі  
 Хадхурату суму-бен онілаба бі

Бұл жыр моңғол шежірешісінің Керейт Жамуха аузынан айтқызған сөзі ме, болмаса Керейт-түрк Жамуха сөзінің моңғолша қайта айтылған варианты ма, оны айта қою қиын.

Егер «Жочы өлімін естіртудін» моңғол шежірелерінде жоқтығын, оның әуелде түркі тілінде туғандығын ескерсек, түрк-жыраулар өз моңғол текті өмірлеріне не ілгеріректе көрші моңғол ру-тайпа билеушілеріне айтар сәлем-хабарын өз тілінде айтып жолдай берсе керек. Жоғарғы Жамуха сөзі сондай сәлем-хабардың моңғолша қайта айтылған түрі болуы керек. Ал бергі XVI ғасырда Еділ – Қырым аралығында туған «Орақ – Мамай» жырындағы:

Ақбозатқы мінгенмін  
Алты атқа алған адырма  
Күңірендіріп жүргенмін  
Балдағы алтын құрыш болат  
Жанбасыма ілгенмін, –

деген жолдар осы үзікке өте жақын. Яғни Орақтай өткен оқиғаны айтпай, Жалмухаша аттанар сәтті айтса, бұл жолдар:

Ақбозатқа міндім мен  
Алты атқа алған адырна  
Күңірендіріп жүрдім мен  
Балдағы алтын құрыш болат  
Жанбасыма ілдім мен, –

түрінде шығар еді.

Міне, XIII ғасырдың басында айтылып қағазға түскен «Жамуха сөзі» мен XVI ғасырда айтылған «Орақ сөзі» арасында үзіліссіз жалғастық бар, яғни XVI ғасырда жаратылған «Орақ сөзі» стилінің деректі көзі XIII ғасырда жатыр.

Біздің мақсатымыз бұл екі халықтың ауызша поэзиясында бар байланысты сөз ету емес (ондай байланыс бар да), біздің мақсатымыз жоғарыда: Алтын Орда, Ноғайлы дәуіріне тән сөз

---

Урту харағату туғ ийен саншуба бі  
Укер арасун-ийер бүрігсен  
Өткен дағуту кенггерге-бен делеубе бі  
Орағ хурдун-ийен унуба бі  
Һүдестү сүтү Хуайғ-ийен емүсбе бі  
Оң хітү үлдү-бен баріба бі  
Онітү сумү-бен опілаба бі («Сок. сказание», 106).

үлгілері негізінде оған дейінгі дәуірлерге тән сөз үлгілері жатыр – дегенді дәлелдеу. Өйткені қыпшақ тобындағы халықтардың XIII ғасыр мен XV ғасыр аралығындағы ауызша поэзиясында моңғолдар сияқты кезінде жазуға түсіріп барып жеткен сөз үлгілері жоқ есепті. Ал «Жамуха сөзі» мен «Орақ сөзі» табиғатында жатқан жақындық екі халық поэзиясында бар ұқсастық – «Жамуха сөзі» сияқты «Сөз» үлгісі XIII ғасырда одан бергі жерде қыпшақ тобы тайпаларында да болды дегенге дәлел.

XIII ғасырдың басында айтылып, сол ғасырдың 40-жылдары жазуға түскен моңғол ауызша поэзиясындағы шешендік толғаулар, ерлік жырлар сол дәуірде қыпшақ тобы тайпаларының ауызша поэзиясында да болды. Бірақ олардың көбі ұмытылып, Алтын Орда дәуіріне жеткен жоқ, ал жеткендері соңғы редакциясымен жетті: өзге бір ақынның сөзі я өзге біреуге айтылған (дәуірі бөлек кісіге телінген) сөз болып жетті. Өйткені өз дәуірінің нақты жағдайы, тыңдаушы тілегі айтушы үшін ең негізгі нәрсе. Өткен дәуірдің сөзінен кейінгі дәуірге керек болмағаны жоғалады, ұмытылады. Мағынасы, идеясы, тақырыбы жағынан дәуір қажетіне жақыны ауысып, сәйкессіз жері нақты кезең тілегімен өзгертіліп отырады. Оның сыртында ең негізгі фактор – әр дәуірдің тілдік нормасы өзінің шешуші редакциясын жүргізеді. Жеке сөздерде ғана емес, дыбыстардағы, грамматикалық формалардағы, тіркестердегі, сөйлемдегі, сөздердің орналасу тәртібіндегі жаңа дәуірге тән жаңа норма бұрынғы дәуір сөзіндегі өзіне сәйкеспейтіннің бәрін өзгертеді. Өйткені поэзия барынша үйлесімділікті (гармонияны) қалайды. Басқаны былай қойғанда, дыбыстағы өзгеріс негізінде бұрын дыбыс қуалап барып ұйқастырылған сөздер ұйқаспай қалады да, поэзияның ұйқас заңы дыбыстық өзгеріске түскен сөзді өзгертуді тілейді. Мұндай жеңіл редакцияға көнбеген жерде ұйқасты сөздер жұбын қайта құрайды, ал бұл жаңа сөздер өзінің мағынасына қарай өлең жолындағы өзге сөздерді я байланысқа түсіріп тұрған формаларды өзгертеді. Бұл келіп стильдік өзгерісіне ұласады. Бұған бір ғана нақты әрі өте қарапайым дәлелге Махмұд Қашғари «Сөздігінде» бар мақалдардың қазіргі түркі халықтарында олардың тіл нормасы ыңғайымен қалай өзгеріп жеткендігін әрі ол мақалдардың халықтар тілі нормасы ыңғайымен қалай бөлектеніп тұрғанды-

ғын айтса да жеткілікті. Болмаса «Тоқтамыс толғауындағы» «Еңкейіп үйге кіргеннен, Қол қусырып тұрғаннан», – деген қазақ тілі нормасындағы жолдың қазақ тіліне өте жақын тіл ноғай тілі нормасымен: «Еңкейіп үйге кіргечдін, қол қусуруп тұрғачдын», – түрінде келуін ойға оралтуға болар еді.

Міне, осыларды ескермеген жерде, біріншіден, бір дәуір сөз мұрасының екінші дәуірге, сол дәуірдің төл дүниесіне айналып барып өту процесін, екіншіден, осы процеске қатысы болған соңғы дәуір айтушыларының айтушы ретінде келіп туатын иелігін «авторлығын», т.б. біз ұмыт қалдырамыз. Ауызша поэзияға тән көшпелі сөздерді дұрыс танымаймыз.

## ӘДЕБИЕТ

1. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. С. 61.
2. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. С. 63 (29).
3. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. С. 61 (12, 13).
4. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. III. Киргизские наречия. СПб., 1870. С. 102.
5. Сказание об Едиге и Токтамыше // Записки Императорского Русского Географического общества по отделению этнографии, приложение к тому XXIX. СПб., 1905. С. 12).
6. Ғабдолла Мұштақ. Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары. Орынбор, 25-б.
7. Сейфуллин С. Шығармалар. Алматы, 1964. 6-т. 193-б.
8. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В пяти томах. Т. I. Алма-Ата, 1961. С. 169.
9. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Алматы, 1964. 6-т., 256-б.
10. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. I т., 129-130-бб.
11. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. II, тексты. СПб., 1898. С. 163-164.
12. Маркс К., Энгельс Ф. Об искусстве. Т. I. М., 1957. С. 93-94.
13. Маргулан А.Х. О носителях древней поэтической культуры казахского народа. // В кн.: М. Ауэзову. Алма-Ата, 1959. С. 74.
14. Маргулан А.Х. О носителях древней поэтической культуры казахского народа. // В кн.: М. Ауэзову. Алма-Ата, 1959. 73-б.

15. Жирмунский В.М. Огузский героический эпос «Книга Коркута». Книга моего деда Коркута. М.-Л. 1962. С. 177-178.
16. Зафар-наме Шараф ад-Дина йезди. Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. I. М., 1973. С. 132.
17. Валиханов Ч.Ч. Собрание... Т. I. С. 297.
18. Валиханов Ч.Ч. Собрание... Т. I. С. 201.
19. Сказание об Едиге и Токтамыше // Записки Императорского Географического общества по отделению этнографии. Приложение к тому XXIX. СПб., 1905.
20. Березин И.Н. Турецкая хрестоматия. Т. II. Казань, 1862. С. 78-80.
21. Радлов В.В. Образцы... Ч. III. С. 149.
22. «Жамиғ-ат-тауарихта»: «Қадырберді ханны алтунлығ қол оғымен кесә атты. Андын барып Ер көкшә де йықылды. Аны Ноқас Алтан баһадур барып елтүрді» деген жолдар бар.
23. Радлов В.В. Образцы... Ч. III. С. 92.
24. Радлов В.В. Образцы... Ч. VIII. СПб., 1896. С. 202.
25. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Л., 1974. С. 487.
26. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Т. I. Изд. 2-ое. Алма-Ата, 1949. С. 118-119.
27. Жирмунский В.М. Тюркский... С. 489.

## **ҮШІНШІ ТАРАУ**

### **XV–XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АВТОРСЫЗ ҮЛГІЛЕРІНІҢ СТИЛЬДІК, ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақ поэзиясының XV–XVIII ғасырлардағы, тіпті XIX ғасырдағы үлгілеріне тереңірек үніле түскен сайын олардың біразының-ақ осы ғасырлардағы белгілі-белгілі ақын-жырауларға ғана тән дүние екендігіне күдік келтіруді былай қойғанда, осынау жыр нұсқаларының дәл сол XVIII және XIX ғасырларға тәндігіне де күдік келтіресіз. Бізде белгілі ақын-жыраулар атымен аталып жүрген өлеңдердің қайсыбіреулері өзге бір жерлерде сол дәуірде жасаған екінші я үшінші бір кісінің атымен аталса, енді бірпарасы сол дәуірден екі я үш ғасыр ілгері туған әдеби нұсқаларда я бірер ғасыр кейін жасаған кісілердікі деп танылып жүрген мұралардың ішінде жүреді.

Мұның өзі соншалық етек алған дағдылы құбылысқа бұдан көп бұрын айналып үлгірген кезде, ешқандай зерттеуші-әдебиетші де, зерттеуші-тілші де осынау мұраларға текстологиялық барлау жасалмайынша, бұл салада тыңғылықты жұмысқа кірісуге мүмкіндігі есте болмайды.

Мұнсыз біз зерттеу жұмысымызды жалған объектіге негіздеп, ғылымға зор кесел келтіреміз, былайғы оқырман қауымға жалған негізге құрылған пікірлер ұсынып, көп шатасуларға себепші боламыз. Айталық, сонау XV–XVI ғасырларда туған ерлік-жорық тақырыптағы толғауларда я бұлардың көп әсері болған «Ер Тарғын» (XVII ғ.) жырларында бар жолдарды XVIII ғасырда жасаған Бұхардан, XIX ғасырда жасаған Махамбет я Дулаттан кездестірсек, бірақ бұларды, ертедегі жыр нұсқаларында барлығын ескермей, бергі дәуірдің әлгі ақын-жырауларына тән дүние деп танысақ, сөйтіп, ол өлеңдерге әдебиеттану әрі тіл білімі тұрғысынан келіп талдау жасап, идеялық, мазмұндық,



стильдік ерекшеліктерін әлгі ақын-жыраулар өмір сүрген бергі дәуір поэзиясына тән ерекшеліктер ретінде танысақ, әдебиеттану ғылымы үшін де, тіл ғылымы үшін де қаншалықты зор қиянат жасаған болар едік. Тіпті біз өз мұрасы емес дүниені бір ақынға таңу арқылы оған жалған артықшылық жасаумен ақиқат қиянат та келтіреміз. «Ертедегі әдебиет нұсқалары» [1], деген кітаптың «XV–XVIII ғасырдағы әдеби нұсқалар мен ақын-жыраулар мұрасы» атты тақырыбы ішінде (бірінші тарауда) мынадай өлең бар:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,  
Үлкендердің айтуы болай деймін  
Бұл сөзге анық-қанық емес едім,  
Үлкендердің айтуы болай деймін.

Тегінде, ноғай, қазақ түбіміз бір,  
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.  
Орманбет хан ордадан шыққан күнде,  
Асан ата қайғырып айтыпты жыр [2].

Егер кітаптың хронологиялық тәртібіне жүгінсек, мұның өзі XV ғасырға тән дүние болады<sup>1</sup>, өйткені бұдан кейін «Қазтуған жырау Сүйінішұлы (XV ғасыр)» деген тақырып келеді. Сіз осы өлеңді кітап авторларының беделіне сүйеніп XV ғасыр емес, бергі XVI–XVIII ғасырлардың біріне тән дүние деп тани-ақ қойыңызшы, сөйтіп оған осы дәуірлердің біріне тән поэзиялық, тілдік үлгі ретінде талдау жасаңызшы. Немесе «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармалары» [3] деген кітапта XVIII ғасырда жасаған Шал ақынның мұралары ретінде берілген «Бұл дүниенің мысалы» атты өлеңді алайық:

Бұл дүниенің мысалы  
Ұшып өткен құспен тең,

---

<sup>1</sup> Ал «Тауарих хамса» авторы былай дейді: Құдабай намында бір ағмы ақун бар еді. Бір йайда [ол] ақундан сұрадым. Асан қайғу кім дір, аның мақалаларындан білурсек. Сөйле дедүкмэктэ *бу йазылчак, өлең іле жауап берді* [«Асанның асыл түбі ноғай деймін» деп басталатын екі ауыз өлең келтірілген]. Одан ары: «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» деп басталатын 8 жол өлең келтіріп барып», – деп айтқан екен дерек. Қойчы әкем сөйлеуші еді, – дейді. Қойчы әкем дедікі: Қойчан намды бір дана уа білүмлі адам болса керек. Құдабай ол данадан насыр ешітміш» (26-б.).

Өмірде көрген жақсылық  
 Ұйықтап өткен түспен тең,  
 Атадан мирас ақылың,  
 Түзік айтқан мақұлың  
 Ләзім болған іспен тең  
 Мектептен сабақ алсаңыз,  
 Алуан (?) шекер балмен тең.  
 Саясы жоқ бәйтерек  
 Сазға біткен талмен тең.  
 Жаман болса балаңыз,  
 Бұғып өскен талмен тең,  
 Қайғы ойлаған жігіттің  
 Кең дүниесі тармен тең  
 Жаманға айтқан ақылың  
 Ағып кеткен салмен тең,  
 Оның өзі, бозбала,  
 Маңдайға біткен сормен тең [4].

Бұл өлең Шалдан бір дәуір кейін жасаған Шортанбай өлеңдері ретінде танылып, осыдан жүз жыл бұрын баспа бетін көрген [5]. Осы өлеңді XVIII ғасыр соңына, тіпті бері дегенде XIX ғасыр басына апарып, сол дәуірдің поэзиясы, поэзия тілі ретінде талдауға болар ма еді. Әрине, болмас еді.

Шал ақын жөнінде Шоқан былай дейді: «Из преданий о происхождении киргиз замечателен джир ахуна из племени аргын, из рода атыгай и поколения Худайберды и отделения его Баимбет-Чала, современника прадеда моего, хана Абляя. Знающих эту эпопею теперь очень мало, по крайней мере, я до сих пор не имел случая ее слышать» (Соб. соч., Т. I. С. 211). Жазба әдебиетте бұдан өзге дерек жоқ. Ал Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасында ел ішінен ілгері-кейінді жинаған қолжазба деректер бар. 814-папкада 1-нөмірлі материал 1949 жылы Молдағұл Мырзабековтен жазып алынған (Айқын Нұрқатов жазып алған). Сонда «Шал ақынның әкесі Құлеке Татан, Мырзабектермен жылдас. Мырзабектің баласы Молдағұл қазір 96 жаста. Мырзабек Молдағұлдың 19 жасында 86 жасында өлген» – деген шежіре бар. Сонда Мырзабек 1776 жылы туған (1862 жылы өлген). Демек, Шалдың әкесі

Құлеке де осы кезде туған. Сол папкада «Шал ақынның әкесі Құлеке өлгенде айтқаны» деген өлең бар:

Құлеке жиырмада арқар еді.  
Отызда би, қырқында дарқан еді,  
Кешегі дулап өткен Құлекенің  
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.  
*Алтыс бір мүшел келді мерттей болып,*  
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.  
Кешегі дулап өткен ер Құлеке  
Су тиген сөне қалдың өрттей болып.

Құлеке 61 жасында қайтыс болған. Сонда Шалдың әкесі Құлеке 1847 жылдары шамасында дүние салады.

Жоғарыдағы папкада Қыздар Қозыбеков жинаған (1935–1938) 2-нөмірлі материал бар. Жинаушы «Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің» атты 8 жол өленді «Әкесі Құлекенің божысын ұстап Шал жасында Шыңғыс ханға барғанда айтқаны» (15-б.) десе, ал 1-нөмірлі материалда «Әкесі Құлекеге еріп Абылайға барғанда айтқаны» делінген. Мұнда Шал Абылаймен тұстас емес, Абылай – шал, Шал ақын – бала. Ал 4-нөмірлі материал ішінде «Батырлар туралы және Шал ақын» деген дерек бар. Онда: «1605 жылдар шамасында Атығай ішінде Құдайберді, Бәйімбеттей атақты батырлар: Меңдеке, Тілеке//Жантелі, Жәпек» болғанын, Тілекенің Құлеке деген інісі болғаны, Құлеке қартайғанда 12 жасар баласы Төлегенді ертіп Үйсін еліне сонда кеткен жесірді іздеп барғаны, Кіші жүзде Бөлек батырмен соғысқаны, бала Төлегеннің Үйсін қызбен айтысқаны, қыздың «бала да болсаң ақылды екенсің, сенің атың Шал болсын» дегені айтылады. Бұл өзі В.В. Радлов жинап бастырған «Жантелі ертегісіне» жақын өте тамаша бір ертең.

Міне, осы ертегі кейіпкері Төлеген – Шал Шоқан айтқан шалға жақын келеді. Бірақ бұл ақыннан Шоқан айтқан тарихи эпос-жыр сақталмаған.

Қорытынды жасайық: 1) XX ғасырдың 40-жылдарына сақталып жеткен өлеңдерді Шоқан неге білмеген;

2) XIX ғасырдың 1-жартысында өте көп сөз үлгілері жиналып, баспа көрді, соларда Шал өлеңі деген өлең, я Шал аты неге кездеспейді?

3) Кешегі дулап өткен Құлекенің «Алдынан орыс, қазақ тарқап еді» – деген жолдар Абылай заманында болған Шалдың қартайған әкесі Құлекеге лайық па?

4) «Дала уәлаятының газетінде» (1889, № 45) мынадай өлең бар:

Қазаққа пайда мынау малын бақсын,  
Отқа жайып, суарып, бағып-қақсын,  
Ұлда бір сөз, жалшыда екі көз жоқ,  
Соқыр адам мал жайын қайдан тапсын.  
Байлар өзі бақса екен малын жүріп,  
Кедей де өлмес еді күнін көріп.  
Өз малын өзі бақпай, босқа қаңғып  
Жалдайды бір кедейді көп мал беріп,  
«Ол кедей кімді оңдырсын өзі оңбаған», –

деп жалғасып кетеді. Шығарушысы айтылмаған осы өлең Шалға телініп жүр. Ал бұл жолдарға тән идея, көзқарас Бұхар жырау заманына лайық па?

5) Шал ақындікі деген өлеңдерде хатпен жазысып айтысу бар. Шалдың қызға жазған сәлем жауабы:

Пайдамды тигізейін келсе шамам  
Қолыңа ал ойланып қағаз, қалам  
Ақынның аса зирек әңгімесін  
Жиып ал үлгі қылып тегіс тәмәм.  
Ақын бол бүгілмейтін тіл мен жағың,  
Жазудан тоқтамасын он саусағың,  
Артылып алапатың абыройлы,  
Күн сайын арта берсін өнер бағың, –

деп келеді. Хатпен айтысу XVIII ғасыр поэзиясына тән бе?

6) «Кәрілік туралы» деген бір өлеңінде:

Бұрынғы өткен дәурен қайтып келмес,  
Зорығып күндіз-түні сағынсақ та,  
Жастардың біреуіндей білгендейміз  
Қартайып әбден естен жаңылсақ та.  
Жастардың қолайына жаға алмаймыз  
Айтқан серт, уәдеден табылсақ та, –

деген жолдар бар. Нұржанның, Әубәкірдің өлеңдеріндегі үн сарындас, соларша стильде, ырғақ өлшемде өлең жазу Бұхар дәуірі поэзиясына тән бе?

7) Шоқан қазақ поэзиясы түрлері жайлы мақаласында (1) «джир, (2) джилов, (3) каим, (4) караулен, (5) улен түрлерін атап, былай дейді: «*Эта форма* (астын біз сызып отырамыз. – Қ.Ө.) употребляется теперь *всеми новейшими* поэтами как для *импровизации*, так и для *поэм*, а наиболее введена в употребление певцами Орунбай рода караул, отделения атеке-дживир и слепым певцом Чодже рода атыгай, отделение джана-кыргыз... Предметом *этих песен* есть большею частью какое-нибудь религиозное повествование...

*Форму улена певцы употребляют также для импровизации как самую удобную и к которой они теперь как бы более привыкли. Известная поэма «Кузу-Курпеч и Баян-сулу» пересказана мне была знаменитым Джанакком в форме улена.*

*Песня (улен) вошла в употребление в киргизской степи не более 50 лет назад.*

Улен (песня) состоит из четырех стихов, два первые и четвертый суть силлабические, кончающиеся на одну рифму, третий не рифмуют» (Собр. соч. Т. I. С. 199-200).

8) Міне, алды я тұстасы Бұхарда, арты Махамбет, Дулатта жоқ үлгіде – өлең формасында XVIII ғасырда сөз тудыру, онда да таптық көзқарасы өте айқын ақындық тұрғыдан (қазақты топқа, таптық топқа бөліп, «жалшыны бай малының жайын білмес», «екі көзі жоқ соқыр адам» деп, байды өз малын өзі бақпай «көп мал беріп кедейді жалдайды» деп, «өзі оңбаған кедей кімді оңдырсын» деп өте күрделі түсінікке көтерілген ақындық тұрғыдан) табылу шындыққа келе ме?

9) Шал ақынның өлеңдері деп жүрген өлеңдер Шоқан айтқан XVIII ғасырда жасаған Шал ақынның өлеңдері емес, XIX ғасырдың орта тұсы мен XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған өзге бір Шал аттас ақынның өлеңі. Бұл Шал ақын сол дәуірде жасаған бір жағы Мұрат, Әубәкір, Нұржан, бір жағы Ақан сері, Біржан деңгейіне жетпеген, оларша қоғамдық мәселе көтермеген, тек кәрілік, отбасы, кәрі күйттейтін тамақ, байбайшыл қарттың келінге бөжілі тақырыбы болған, бірақ пайымдағанын шебер тілмен айта алатын ақын.

Міне, осы ақын тілін XVIII ғасырға апарып, Бұхар жырау поэзиясымен қатар алып талдауға болар ма еді. Әрине, болмас еді.

Қазіргі әдебиеттану ғылымының араластығы болған осы сияқты дүниеліктерді былай қойғанда, халық, ел аузында бір өлеңнің бірнеше варианты болып, оның бірнеше кісі атымен жүргені туралы не айтуға болады? Айталық, Бұхар айтты деген:

Асқар таудың өлгені –  
 Басын мұнар шалғаны.  
 Көктегі бұлттың өлгені –  
 Аса алмай таудан қалғаны.  
 Ай мен күннің өлгені –  
 Еңкейіп барып батқаны.  
 Айдын шалқар өлгені –  
 Мұз болып тастай қатқаны.  
 Қара жердің өлгені –  
 Қар астында қалғаны.  
 Өлмегенде не өлмейді?  
 Жақсының аты өлмейді.  
 Әлімнің хаты өлмейді [6], –

деп келетін өлеңнің<sup>1</sup> екінші бір варианты бар. Ол:

Асқар таудың өлгені –  
 Үстіне мұздың қатқаны.  
 Ай мен күннің өлгені –  
 Мезгілінде батқаны.  
 Қара жердің өлгені –  
 Жеті қабат тоң болып  
 Қыс болғанда қатқаны.  
 Ажал деген атқан оқ,  
 Бір Алланың қақпаны  
 Жиреншенің ойланып  
 Осы болды айтқаны [7], –

<sup>1</sup> Осы өлең башқұртта да бар:  
 Бейеке таудың үлгәнә –  
 Башын монор алғаны;  
 Ай менән көндөң үлгәнә –  
 Тонйорап бойып барғаны;  
 Кара ердең үлгәнә –  
 Қар астында қалғаны;  
 Ир-егеттең үлгәнә  
 Илен дошман алғаны.

деп келетін Жиренше сөзі ретінде танылған өлең. Алғашқысы 13 жол, соңғысы 11 жол. Бұл екі кісінің бірі XIV ғасырда, бірі XVIII ғасырда жасаған. Арада 300 жыл жатыр. Әрине, алғашқы өлең (Бұхардікі делінген) соңғы өлеңге қарағанда, сөз таңдау да, ерекшеліу. Бірақ соған қарап, оны Бұхар шығарған өлең деуге әсте болмайды. Жиренше сөзі деген өлең анық болған десек, Бұхар өлеңі деген өлең соның біршама өте жеңіл редакцияланған екінші бір нұсқасы ғана. Ал егер бұл өлеңді Бұхар өлеңі десек, онда Жиренше сөзі қайда қалады? Егер Жиренше сөзі деген өлең анық Жиреншеге тән десек, онда Бұхар өлеңі деген өлең жоқ болып шығады.

Бұлар ғана емес, бір ақындыкі деген өлең екінші бір жерде өзге бір формада да кездесе береді. Бұхар жыраудікі делінген бір өлең:

Жар басына қонбаңыз,  
 Дауыл соқса үй кетер.  
 Жатқа тізгін бермеңіз,  
 Жаламенен бас кетер.  
 Жаманмен жолдас болсаңыз,  
 Көрінгенге күлкі етер.  
 Жақсымен жолдас болсаңыз  
 Айырылмасқа серт етер... [8], –

деген үлгіде есімшенің *-ар* формасымен келсе, осы өлең есімшенің болымсыз түрі *-с* формасымен екінші бір жерде өзгеше вариантпен кездеседі.

Жағаға жақын қонбаңыз,  
 Жағаға жақын қонсаңыз,  
 Жайылып сулар алмас па?  
 Жаманменен дос болсаң,  
 Жазымда басың қалмас па?

Міне, қазақ поэзиясына тән осынау ерекшеліктер әңгімені ешқандай да орта жолдан бастауға әрі бір кісі төңірегінде ғана құруға әсте мүмкіндік бермейді. Алғашқы дәуірлердің аттамалы (өте тар аяда болса да) соқпағы салына отырып барып бергі дәуірді молынан сөз етуді керек етеді. Соның өзінде де жеке ақын-жыраудың авторлығымен шығып, «жұрт айтты» дәрежеге түскен өлеңдерді, яғни ортақ мотив, ортақ тақырып өзін ортақ дүниелікке айналдырып, жеке автор еншісінен шығарып, көп

автордың ортақ еншісіне көшірген өлеңдерді бір топтауды, сөйтіп, халық поэзия-сы деген ортақ мұраны жіктеп шығаруды керек етеді. Осындай жіктеліп шығарылған халық поэзиясы болмаса, біз Бұхар, Махамбет, Дулат поэзиясына лайықты фон жасай алмаймыз. Ал бұл фонсыз Бұхар да, Махамбет те, Дулат та анық көрінбейді. Сол сияқты, бұл поэзия алыптарына дейінгі арғы дәуір өте тар көлемде болса да сөз болуы керек. Мұнсыз біз Бұхар, Махамбет, Дулат поэзиясының басы қайда жатқандығын көре алмаймыз. Бұларсыз Бұхар да, Махамбет те, Дулат та қазақ поэзиясынан алатын орны жағынан айқын сараланып көрінбейді.

### **1. XV–XIX ғасырлар поэзиясына тән ортақ мотив пен варианттылық**

Қазақтың ауызша поэзиясының ұлы мұхиты – алтын қорында мазмұнда, ойда, пікірде соншалық тереңдік, ал форма, үлгіде соншалық көркемдік әрі соншалық біртектес жақындық бар бір алуан мұра сақталған. Бұлар – ту бастағы шығарушыларын, авторларын әлдеқашан ұмыттырып, жалпы халықтық ортақ дүниелікке әлдеқашан біржола айналып үлгірген сөздер. Бұл сөздер – халық поэзиясының ұшан-теңізіндегі маржан моншақ – дидактикалық мазмұндағы толғау сөздер. Ұқсастыра айтқанда, бұлар поэзиялы мақал-мәтелдер, халық поэзиясының афоризмдері.

Бұл сияқты бір халық, яғни қазақ халқы аясында алғанда ортақ дүние танылатын мұралар ішінде XV ғасыр емес, одан арғы жерде туған, түркі халықтарының белгілі топтарына ортақ дүниелердің де жүруі мүмкін. Өйткені түркі халықтары тіл жағынан туыс болғанда жеке сөздерде ғана емес, әрі тілде, сөздік қабықта жасалған формаларда да туыс. Тілдердің тектестігі, туыстық жақындығы осы ортақ тілдік формалардың көптігімен, олардың өзара бірдейлігімен немесе варианттық үлгідегі бірдейлігімен белгіленеді. Сөз жоқ, бұлар – мұралық нәрсе, бұлар мұралық ауысулар арқылы болып отырған дамудың нәтижесі. Осы тілдік мұралық халықтардың ауызекі сөйлеу тілі арқылы ғана тұрақталып, дәстүрленіп жеткен жоқ, олар әрі халықтардың



екінші дарыны, творчестволық дарыны – поэзиясы арқылы да тұрақталып, дәстүрленіп, кейінгіге ауысып отырған. Бұл ғана емес, поэзия ауызекі сөйлеу тіліне кері әсер етіп отырған. Сөйлеу тілі өзіндегі барша тілдік-көркемдік белгілер, көркемдік қасиеттер үшін халықтың поэзия тіліне қарыздар.

Бұл сөз үлгілерінің екі қасиеті бар: бұлардың бір тобы мақал-мәтелдер сияқты түркі туыстас халықтардың біразына-ақ ортақ болып келсе, бір тобы қазақтың өз төл поэзиясы аясында бірнеше ақын-жырауға бірдей телініп жүреді. «Аузы күйген үріп ішеді», «Құр сөз құлаққа жақпас» дегенді қазақтар қазақтың халық мақалы деп айтса, қырғыз халқы қырғыз мақалы деп айтады. Ал бұл сияқты мақалды түркі халықтары бірінен-бірі алды деп айтуға әсте болмайды. Міне, осы сияқты поэзияда да түркі халықтарының бірінен-бірі алды деуге келмейтін ортақ мотивті өлеңдер бар. Олар поэзиялық тармақ-сөйлемдерде, фразеологияларда, тіркестерде, поэтикалық формаларда, жеке сөздердің мағыналық жұмсалысында бірдейлік қасиетке ие болып келеді.

Басқа емес, дәл осы ортақ қасиет-белгілер – түркі халықтарын туыстық жағынан поэзияда топтастыратын әрі жіктейтін әдеби-тілдік материалдар [9].

Қырғыздың атақты «Манас» жырында мынадай жолдар бар:

Оюн салған қулань  
Толуқ семиз қунандай,  
Жыландары арқандай,  
Чымчығына қарасаң,  
Алтайдағы ұлардай,  
Чырпығы бар чынардай,  
Жалбырағы жарғақтай,  
Қара құрту бармақтай,  
Балтырғаны білектей,  
Маралы үркүн чу қонса  
Мала қашқа инектей,..  
Айта бұйта дегенче  
Ачып көздү жұмғанча...  
Жебеден мурун жеткени,  
Жеткен жерден Дөкгөнүн

Кендер курдун бети деп,  
 Өпкөнүн бер жақ чети деп,  
 Жан жерини тушу деп,  
 Өлер жери ушу деп,  
 Көп ичсе тойгус сыр найза  
 Каттуу муштай өткөнү.  
 Ач арыстан төштенүп,  
 Алғыр бүркүт көздөнүп,  
 Аталып Манас жетти эмди.  
 Қалмақ эзрдин қайы деп,  
 Қақ жүрөктүн башы деп,  
 Найза салып өтту эмди.  
 Араандай ооз ачылып  
 Қан аралаш ақ көбүк  
 Омуроого чачылып [10].

Осы сияқты жолдар қазақтың батырлық-эпостық жырларында да кездесіп отырады.

Маралы бар киіктей  
 Балдырғаны білектей  
 Алмасы бар жүректей  
 Ботташығы бұзаудай,  
 Боз сазаны тоқтыдай  
 Балығы тайдай тулаған,  
 Бақасы қойдай шулаған.

Немесе:

Алаша аттың басы деп  
 Қалмақы ердің қасы деп  
 Қақ жүректің тұсы деп  
 Өлер жерің осы деп  
 Толықсып келген қалмақты  
 Толғап тартып қалады.

(«Ер Тарғын»)

Арандай аузын ашады  
 Аяғын тап-тап басады.  
 («Қобыланды»)

Бұлар – жай тілге тиек үшін келтірілген бірлі-жарым ұқсас-бірліктер ғана. Болмаса өз алдына зерттелуге тиіс бұл ұқсас-бірліктер үшін сан алуан фактілер келтіруге болар еді.

Осы сипаттас бірлік-ортақтық эпостық жырларда ғана емес, толғау жырларда да кездеседі. Тіпті туыстас халықтар әдебиетінің арғы дәуіріне бара түскен сайын белгілі бір өлең-жырлардың бір емес, бірнеше түркі халқы әдебиетінде қатар жүрген жиілігі молая түседі. Айталық, В.В. Радлов Қырым ноғайлары [11] арасынан мына бір өлеңді жазып алған:

Бір дегеште не йаман?  
 Бір пытырсыз йған мал йаман.  
 Екі дегеште не йаман?  
 Екі ідіні сала қалсаң о йаман.  
 Үш дегеште не йаман  
 Бір кушнуң қанаты сынса,  
 Ушалмаса о йаман.  
 Дөрт дегеште не йаман?  
 Төркүнү узақ қыз йаман.  
 Беш дегеште не йаман?  
 Анасы өлүп бешікте  
 Йылай қалған ул йаман...  
 Тоғуз дегеште не йаман?  
 Қырымдан әскер алса о йаман.

Осы өлеңді В.В. Радлов Бараба татарларының арасынан да кездестірген, бірақ бұл өлең «Тоқтамыш жырының» ішінде жүр.

Бір тігіштә ні йаман?  
 Бір Алланы білмәс ул йаман.  
 Ігінчілі ні йаман  
 Ікі ракат бір зуннат  
 Парз оғумаі ул йаман.  
 Үчүнчілі ні йаман?  
 Үзүлүп чығар жан йаман;  
 Түртінчілі ні йаман?  
 Түркүнү йок қыс йаман.  
 Бішінчілі ні йаман?  
 Бішіктә уланлар ылаі  
 Атасыз қалза ул йаман... [12].

Ал енді осыған өте жақын жырды қарақалпақтардың ауыз әдебиеті үлгілері арасынан да кездестіреміз.

Бир дегенде не жаман,  
 Билимсиз өскен ул жаман  
 Екиленши не жаман?  
 Елеусіз өскен қыз жаман  
 Үш дегенде не жаман?  
 Үшкүлсүз пишкен тон жаман  
 Сегиленши не жаман?  
 Сексенге шыққан қарт жаман  
 Сергиздан болса сол жаман  
 Тоғызланшы не жаман?  
 Тоғыз қабат турканы  
 Тоздырмай өлген сол жаман [13].

Бұлар ортақ мотив қана емес, ортақ мұра да. Осы жырға ие халық өкілдері біз бұл жырды пәленнен алдық дей ме? Сібірдегі Бараба татарлары өз аталарымыздың сөзі десе, Қырым ноғайлары өз бабаларымыздың сөзі дейді емес пе? Сөзі бөлектігі болмаса, қарақалпаққа тән өлең де жоғарғы екі өлеңнің варианты ғана.

Қарақалпақ халқында дидактикалық сарындағы толғау, терме-толғау өлеңдері көп. Солардың көбі қазақтың толғау, терме-толғау өлеңдеріне ұқсас, ал біразы тіпті сөзбе-сөз бір жерден шығып жатады.

Артқы айылдың батқанын  
 Ийеси білмес, ат билер.  
 Ағайынның азғанын  
 Ағайын билмес жат билер.  
 Тери тонның ыссысын  
 Жасы толған қарт білер [14].

Ай не болар күннен соң  
 Күн не болар айдан соң.  
 Арланып ат жууырмас,  
 Арбашы ябы өзған соң.  
 Қатуда шалқып сөйлемес,  
 Ийнинде тоны тозған соң,

Жигит шалқып кыдырмас,  
Басынан дәулет тайған соң.  
Қызлар кийген парша тон  
Ески дейди тозған соң.  
Ел сораған патшаңыз  
Шопан саяқ сықылды  
Байтақ жатқан елден соң.  
Әмүдәрия шөл дейди,  
Бұрқып ағар суудан соң,  
Көллер жуда болады  
Сыңсып ушар куудан соң.  
Төрде тұрған дәстурхан  
Қәдири болмас наннан соң [15].

Бірінші өлең қазақта мына үлгіде кездеседі:

Артқы айылдың батқанын  
Иесі білмес, ат білер,  
Ер жігіттің қадірін  
Ағайын білмес, жат білер [16].

Ал қазақта Бұхар жыраудың толғау деп танылған «Ай не болар күннен соң» деп басталатын 32 жол өлең бар.

Ай не болар күннен соң,  
Күн не болар айдан соң.  
Құлпырып тұрған бәйшешек  
Қурай болар солған соң.  
Хандар киген қамқа тон  
Шүберек болар тозған соң.  
Еңсесі биік кең сарай  
Мерткік болар бүлген соң.  
Төрде отырған қарт бабаң  
Төресін жаңылар малдан соң.  
Доңғалақ арба жүре алмас  
Қос арысы сынған соң...

Міне, бұл толғауларды варианттар деуге де, әуелі негіз нұсқаны әр халық өкілі өзді-өзінше қайта редакциялап жырлаған деуге де болады.

Дәл осындай жай түркі халықтары поэзиясы ауқымында емес, қазақ халқының өз төл поэзиясы аясында да кездеседі.

Махамбет ақында мынадай өлең бар:

- (1) Орай да борай қар жауса,
- (2) Қалыңға боран борар ма?
- (3) Қаптап сокқан боранда
- (4) Қаптама киген тоңар ма?
- (5) Туырлығы жоқ тұл үйге
- (6) Ту байласаң болар ма?
- (7) Ту түбіне тұлпар жығылса
- (8) Шаппаған нәмарт оңар ма?
- (9) Қарындастың қамы үшін,
- (10) Қатын менен бала үшін,
- (11) Қайырылмай кеткен жігіттің
- (12) Өзін кәпір, алғанын
- (13) Талам деп айтсақ болар ма?
- (14) Асқар, асқар, асқар тау
- (15) Асқар таудың су бүркіті
- (16) Ылдидың аңын шалар ма?
- (17) Лашын, сұңқар жүн тексе,
- (18) Далада қалған сүйек деп
- (19) Шеніне қарға жолар ма? [17].

Сөз жоқ, өлең екі бөліктен тұрады: алғашқы 13 жол бір бөлек, соңғы алты жол (12–19) бір бөлек. Махамбет соңғы өлең жолдарын алдыңғы жолдарға ұқсастық дәлел үшін өзі құрды ма, әлде бұрын бар өлең жолдарын мына өлеңнің айтылуы өзі іздеп тапты ма?

«Шайыр» жинағында Махамбетте бар осы 14–19 жолдардың басқаша текпен келетін түрі бар:

- (1) Асқар, асқар, асқар тау
- (2) Асқар таудың ақ сұңқар
- (3) Ылдидың аңын чалар ма?
- (4) Асқар таудың басына
- (5) Ақ сұңқар құс түлесе
- (6) Жүніне қарға жолар ма?
- (7) Атадан туған азбын деп
- (8) Ісін көпке салар ма?
- (9) Атайын ермен жол чексең
- (10) Қанжығаң жауда қалар ма? [18].

Ал соңғы жылдары шыққан «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» құрастырушы авторлар осы жинақтан алынды деп (Түсініктер, 200-б.) өлеңнің төмендегі үлгісін берген:

- (1) Асқар, асқар, асқар тау,
- (2) Асқар таудың су бүркіт
- (3) Ылдидың аңын алар ма,
- (4) Далада сұңқар түлесе,
- (5) Жанына (?) қарға жолар ма?
- (6) Атайы ердің баласы
- (7) Атадан жалғыз тудым деп,
- (8) Басына қиын іс келсе,
- (9) Ісін көпке салар ма,
- (10) Атаның ұлы ерлерге
- (11) Малыңды бер де, басың қос,
- (12) Басыңды қос та, бек сыйлас,
- (13) Күндердің күні болғанда
- (14) Басың жауда қалар ма? [19].

Хрестоматияда бұл өлең Шалкиіз жырау шығармасы деп танылған<sup>1</sup>. Осы өлеңдегі «Шайыр» жинағында жоқ жолдардың екінші бір варианты Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде» кездеседі:

Ата ұлының баласы  
 Асыл ерге малың бер,  
 Малың бер де басың қос,  
 Басына тарлық түскенде  
 Ардақтаған әділ жанын аяр ма?! [20].

Қазақ көне әдеби нұсқаларын көп жинаған Хасан Ғали қолжазбаларында бұл өлеңнің 4-варианты бар.

Асқар, асқар, асқар тау  
 Асқарсыз тау болар ма?  
 Асқар таудың ақ сұңқар  
 Ылдидың аңын шалар ма?  
 Асқар таудың басына

<sup>1</sup> «Шайыр» жинағында бұл өлеңдер тобы Шалкиіз өлеңі делінбеген (бұл жинаққа Шалкиіздің белгілі өлеңдері де кірмеген). «Әуелгі қазақ батырларының жырлары» деген тақырыппен берген, 32-б.

Ақ сұңқар құс түлесе  
 Жүніне қарға жолар ма?  
 Атадан туған азбын деп  
 Ісін көпке салар ма?  
 Атасы ермен жол шексең  
 Қанжығаң жауға қалар ма?

Жинаушы бұл өлеңді ешкімге телімеген.

Міне, осы өлең кімдікі? Махамбеттікі ме, Шалкиіздікі ме? Әлде осы екеуінің арасында жасалған үшінші бір жыраудікі ме? Осының бірін айтуға дәлел қайсы? Бұл күнге дейін Махамбет өлеңі делініп келген өлеңді Шалкиіздікі десек, онда Махамбет өзінен бұрынғы Шалкиіз мұрасын ретіне қарай пайдаланған болып шығады. Бұл – табиғи нәрсе. Махамбетте ондай өлең жолдары едәуір. Бірақ Шалкиіз мұрасы дерлік шығармада сонау XVI ғасырдың соңына тән тілдік белгі жату керек қой. Өлең әр уақытта да форма аясында, форма құндағында туады. Ол осы құндақта тұрғанда бірді-екілі лексикалық ілуде тіркестік өзгеріске түспесе, синтаксистік, ырғақтық-сөйлемдік өзгеріске түсе бермейді.

Бізде Шалкиіз сөзі делініп жүрген өлеңдерде мынадай сөздер, тіркестер бар: *құба арланға жолығар; аш қасқырға жолығар; ау бөрілер, бөрілер; боз сұңқарым өзіңсің* (көлді тастап қырға ұшса) *о дағы бір тарланға жолығар; айдын шүйсең тарлан шүй; құсты жисаң бүркіт жи; сыпайышылық сұрмен-ді, батыршылық сұрмен-ді; алаштан байтақ* (байтақ алаштан) *озбаса; өзі дұшпан, өзі қас, Ораздының он ұлы; бір жеке туғанға жолығар; асыл туған батыр ер; атадан туған азбын деп; аға жігіт қол бастар; көкірек керсең егер* де, т.б.

Айталық XV–XVI ғасырға тән жырларда *қара лашын, ақ сұңқар, көк шәулі* (соңғысы «Орақ – Мамай» жырында) дәстүрі анық байқалады, ал *тарлан, бүркіт салу* ескеріле бермейді, сол сияқты *«аш бөрі»* көбірек айтылғанмен, «құба арлан», әсіресе *«аш қасқыр»* кездесе бермейді. Әңгіме осы сөздердің сол кезде ауызекі тілде болу-болмауында емес, поэзияда дәстүрлі кездесу-кездеспеуінде. Немесе *«сыпайышылық», «батыршылық»* сөздерінің реті қандай? *«Асыл туған»* тіркесі, *«асыл»* сөзінің келуі қалай? Бұл тіркес *«атадан туған», «жеке туған»* тіркесімен



поэзияда бір мезгілде дәстүрге енді ме? Сол XVI ғасырға тән *жұрт* сөзі неге жоқ?

Қазақ поэзиясында осы бір жай тек Шалкиіз бен Махамбет өлеңдері төңірегінде ғана көрініп қоя ма? Жоқ, бұлардан басқа Махамбет өлеңдері мен Есет би айтты деген сөз [21]. Абыл айтты деген сөз бен Махамбет өлеңі [22], Шекті Мөңке би, Шеркеш Түрке би, Тана Нүрке билер кеңесіп отырып айтты деген сөздер мен Шалкиіз айтты деген сөз әрі Махамбет өлеңі, т.б. көптеген өлеңдер бір-бірімен ұқсап жатады.

## I

1. Атың тулап жықпасқа  
Артқы айылдың бегі игі.  
Алыстағы дұшпанның  
Жағаңа қолы жетпеске  
Артында туысқаның көбі игі [23].
2. Асау тулап жықпасқа  
Артқы айылдың беркі игі.  
Жағаға дұшпан қолы тимеске  
Артында туысқаның көбі игі [24].

## II

1. Бөрі-бөрі, бар болар,  
Бөрі баласы дүр болар,  
Әр (?) бөрінің баласы  
Алты болар, бес болар,  
Алты бестің ішінде  
Абаданы бір болар.  
Абаданымен жүргенде  
Осалы оның кем болар,  
Абаданынан айырылса,  
Әрқайсысы оның да  
Әрбір итке жем болар [25].
2. Ар бөрінің баласы  
Алты болар, бес болар

Алты бестің ішінде  
 Абаданы бір болар.  
 Абаданнан айырылса,  
 Һәр қайсысы күнінде онында  
 Һәр бір итке жем болар [26].

3. Ау, бөрілер, бөрілер,  
 Бөрімін деп жүрірлер,  
 Һәр бөрінің баласы  
 Алтау болар, бес болар  
 Ішінде абаданы бір болар  
 Абаданнан айырылса,  
 Өлардың Һәр біреуі  
 Һәрбір итке жем болар [27].

### III

1. Жақсы туған қарындас  
 Һәм қарындас, Һәм жолдас  
 Жаман туған қарындас,  
 Өзі дұшпан, өзі қас [28].
2. Жайыңды білген қарындас –  
 Ол қарындас Һәм жолдас,  
 Жайыңды білмес қарындас  
 Өзі дұшпан, өзі қас [29].

Бұл «телқоңыр» өлеңдер шынында да аталмыш ақын-жыраулардың сөзсіз біріне тән бе? Жинап бастырушылардың бірі әбес алып, бірі оны түзетуші ме? Бірлі-жарым өлең бірлі-жарым ақынға телініп қалып жүрсе, бұл түзетуге «келісуге» болар еді. Бірақ қазақ поэзиясындағы дидактикалық сарындағы бұл толғау сөз, терме-толғау өлеңдердің біразы-ақ осындай күйде. Жоғарыдағыдай салыстыра берсе, ондай өлеңдердің пәленшеге әрі түгеншеге теліну тізімі, тіпті, ұзарып кетер еді.

Замандар бойында ауыздан-ауызға көшіп келе жатқан осынау сөздерді бергі әр кезеңде айтушылар шын мәнінде де пәлен жыраудың сөзі деп айтқан. Ал сол айтушылар – біреу емес, бірнешеу. Олар пәленнің сөзі дегенде кейде бір жерден шығысып, кейде әрқайсысы өзі айтқан сөзін әр кісіге теліп отырған. Осы-

лардың үстіне бұлар осы «бастапқы» қалпында қалмай, өзара варианттық сипатқа келгендей дәрежеде өзгеріске түскен. Сөйтіп, о баста белгілі бір нақты уақыт аясында туған өлеңдер келе-келе уақыт сарабына көп түсіп, шығарушыларға ғана емес, уақытқа да «телқоңыр» ортақ өлеңдерге айналған.

Бірақ жыр-өлеңдердің бәрінде бірдей осындай ерекшелік жоқ. Бұл тек дидактикалық сарындағы шешендік сөз, толғау өлеңдерде ғана кездесетін жай. Яғни поэзияның мақал-мәтелі сипатты шешендік сөз, толғау өлеңде ғана кездесетін ерекшелік. Неге бұлай? Неге осы бір ғана дидактикалық сарындағы толғау сөз жанрында ғана кездеседі?

\* \* \*

Қазақ ауыз әдебиетінде XV ғасыр (шартты түрде) мен XIX ғасыр арасында туып қалыптасқан, дамыған дидактикалық сарындағы шешендік толғау-өлеңдер өзінің табиғатында әуелі шешендік сөздерге, содан соң мақал-мәтелдерге жақын. Бұлар – өзара туыс, жалғас жанрдың екі басы.

Әрине, мақал-мәтелден дидактикалық толғау өлеңдерге дейінгі аралықта өзара жалғаса өрби дамудың бірнеше сатысы бар. Ал бұл сатылы кезеңдердің ізі толық үзіліссіз сақталмаған. Бізге толғау өлеңдерге негіз болған мақал-мәтелдер келіп жетсе, ол қызметіне орай келіп жетті, ал шешендік сөздердің мақал-мәтелдерден алғашқы жасалу практикасы бұл екі жанр өз формасын толық жасап болуымен байланысты өз қызметін аяқтады да, тілде тұтынудан бірте-бірте шығып қалды. Сөйтіп жаңа қалыптасқан жанр өз негізгі мақал-мәтелмен арадағы байланыс белгісін «жоғалтып» алды.

Әрине, ең бірінші кезекте мақал-мәтелдің өзі мағына (ой) және форма (сөйлем) жағынан дамыды, мағына, форма жағынан қарайлас мақалдар біріктірілді, табиғат құбылысына орай туған мақалдарға адам өмірінен ұқсастық ізделіп, жаңа сыңар-жұптар қосылды, яғни жаңа мақал жасалды.

Ең арғы белгілі дәуірі XI ғасырда жатқан мақал-мәтелдер М. Қашғари сөздігінде бар.

1. Тайақ біле таймас,  
Танук сөзүн бітмэс.

2. Үрі қобса, уғуш оқлышур,  
Йағы келсе, імрем тебрэшүр.

3. Ішлік болса, ер өлдімэс  
Ішлік болса ат ағрымас.

4. Алын арслан тутар,  
Күчун көсүн тутмас.

Осы мақалдардан белгілі дәрежедегі дамудың ізін көруге болады: іштей және сырттай ұйқасты жұп жолды мақалдар барынша мол әрі бұлар ырғақ жағынан да бай. Сол сияқты бұл мақалдар XI ғасырдың өзінде-ақ мағыналас тізбектер жасауға өте бейім тұр, тіпті бұл даму процесі сол дәуірде дәстүрге айналған да.

Ерте дәуірде мағына әрі форма жағынан ұқсас мақалдардың молая түсуі мен оларды бірлікте тізбектеп айту дәстүрі бірге жүріп отырған. Әуелде жеке-жеке туған мақалды бұлайша тізе қосу, екінші кезекте, творчестволық еңбек болды. Өйткені тізе қосу процесінде ұйқас, буын жағынан бірдейлестіру болып отырды. Айталық, *арслан көкрэсэ ат азақы тушалур* деген мақалды *йазыда бөрі улыса, евдэ ыт бағры тартушир* деген мақалмен тізбектестіру процесінде екі мақалдың бірі негізге айналады. Сонда бұл тізбек не:

Арслан көкрэсэ ат азақы тушалур.

Бөрі улыса, ыт бағры тартышур

не:

Йазыда бөрі улыса, евда ыт бағры тартушир

Тағда арслан көкрэсэ, ағылда ат азақы

тушалур, –

түрінде жасалар еді.

Мақалда себеп пен салдардың бірінің айтылмай қалуы дағдыдағы бола беретін жай. Мысалы, М. Қашғари дәуірінде:

Уіғур йығач узун кес,

Темур қысқа кес, –

деген мақал болған. Ал кейінгі дәуірде бұл мақал:

Ағаш кессең, ұзын кес,

Қысқартуың оңай;

Темір кессең, қысқа кес,

Ұзартуың оңай. –

түрінде жаңа түсініктемесімен күрделенген. Яғни жұмбақты философияға дидактика қосылған. Сол сияқты:

Атың барда жер таны,  
Асың барда ел таны, –

деген мақал да:

Атың барда жер таны желіп жүріп,  
Асың барда ел таны беріп жүріп, –

түрінде өзгеріске түскен. Шешендік сөз жасалған.

Міне, көне мақалдар осылайша іштей толығып, іштей кеңейе күрделеніп барып шешендік сөзге айналып отырған. Ал бұлардың поэзияға айналу процесі – мақалдарға *суреттемелі сөздер* мен *суреттемелі жолдардың* қосылуы (егіз мақал тәсілімен), *егіз жолды ұқсас мақалдың тізбектелуі* негізінде жүріп отырған. Айталық:

Батыр жігіт жауда ойнар,  
Шешен жігіт дауда ойнар, –

деген шешендік мақалды шешендік толғау өлеңнің авторы мына үлгіде жаңадан жасаған:

Жүйрікті мініп толғанып,  
Шашақты найза қолға алып,  
Баданасын киіп ап,  
Бар қайратын жиып ап,  
*Батыр жігіт жауда ойнар.*  
Алқалы топқа толғанып,  
Түйінді сөзді қолға алып,  
*Шешен жігіт дауда ойнар.*

Осы сегіз жолды шешендік толғау-өлең етіп тұрған екі жол мақал ғана. Осы сияқты:

*Жақсыдан жаман туады,  
Бір аяқ асқа алғысыз.  
Жаманнан жақсы туады,  
Адам айтса нанғысыз.*  
Кедейде де кедей бар,  
Байға көңілін бергісіз.  
Байларда да байлар бар,  
Кедей қатарға алғысыз, –

деген шешендік толғау-өлең де алғашқы төрт жолды шешендік мақал негізінде туған.

Міне, басқа емес, шешендік сөздер мен шешендік толғау-өлеңдердің ортақ мотивті, варианттас болып келуінің негізінде осы ерекшелік жатыр. Айталық Махамбеттің:

Арғымақтан туған қазан ат  
 Шабуыл салса нанғысыз.  
 Қазан аттан туған қаз мойын,  
 Күнінде көз көрім жер шалғысыз.  
 Айырдан туған жанпоз бар,  
 Нарға жүгін салғысыз.  
 Аруанадан туған мая бар,  
 Асылын айуан десе нанғысыз.  
 Жаманнан туған жақсы бар,  
 Атасын айтса нанғысыз.  
 Жақсыдан туған жаман бар  
 Жарамды бір теріге алғысыз, –

деген өлеңі де жоғары үлгіде туған, сол сияқты:

Жар басына қонбаңыз,  
 Дауыл тұрса үй кетер, –

деген формада мақал бар. Осы мақал негізінде және оның формасына ұқсатылып мынадай сөздер жасалған:

1. Жар басына қонбаңыз  
 Дауыл сокса үй кетер,  
 Жатқа тізгін бермеңіз,  
 Жаламенен бас кетер.  
 Жаманмен жолдас болсаңыз  
 Көрінгенге күлкі етер.  
 Жақсымен жолдас болсаңыз –  
 Айырылмасқа серт етер [30].
2. Жағаға жақын қонбаңыз,  
 Жағаға жақын қонсаңыз,  
 Жайылып сулар алмас па?  
 Жаманмен дос болсаңыз,  
 Жазымда басың қалмас па?  
 Жат туғанды өз етсең,  
 Жақсыларды дос етсең,  
 Ғұмырың ұзақ болмас па? [31].

Міне, осы себепті де дидактикалық-шешендік толғаулар өзінің синтаксистік жүйесінде мақал-мәтелге өте жақын. Бұлар мақал-мәтел сияқты белгілі формалармен ғана жасалатын сөйлем түрлеріне ғана құрылады. Дәлірек айтқанда, халық мақалдары негізінде туған бұл сөздер мақал синтаксисіндегі барлық ерекшелікті түгел қабылдады. Бірақ дидактикалық-шешендік өлеңдер көлем жағынан әлдеқайда күрделі болып келуіне байланысты өзінің синтаксистік жүйесінде де мақалдың синтаксистік жүйесіне қарағанда әлдеқайда күрделілік бар. Бірақ бұл форманың түр жағынан күрделілігінен бір форманың жұмсалу қатарының жиілігіне, қайталуына көбірек бейім.

Осылайша өзінің негізінде мүлде бөлек жанр жатқандықтан да қазақ поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдер XV–XVI ғасырдағы жаратылған «Тоқтамыс толғауы», «Сыпыра жырау толғауы», «Орақ – Мамай жыры» мен «Қазтуған туралы сөз», «Доспанбет сөзі», Шалкиіз өлеңдерінен басқа жанрда, жаңа жанрда туды.

Осы жанрдағы өлеңдердің бізге белгілі ең арғы дәуірі XV–XVI ғасырларда жасаған Қазтуғандікі делінетін «Белгілі биік көк сеңгір» өлеңінде, XVI ғасырда жасаған Шалкиіз өлеңі делінетін өлеңдерде жатыр. Бірақ бұл өлеңдер осы жырауларға тән бе, жоқ па – ол бізге белгісіз. Сондықтан да бұл жанрды осы жыраулар атына байланысты туды деп те, бұларды ілгері я кейін туды деп те кесіп айта алмаймыз. Бұл жанрдың өлеңдік форма, поэтикалық-тілдік стиль жағынан біртұтастығы сонша, бұлардың эволюциялық дамуын тану, осы арқылы дәуірлей жіктеу өте қиын. Бұл жанрмен XV ғасырдағы (егер осылай айту шындыққа келсе) Қазтуған да, XIX ғасырдағы Махамбет те айтқан. Яғни жанр – XV ғасыр мен XIX ғасыр аралығындағы ұзақ дәуірге ортақ жанр. Егер біз «Не ексең, соны орасың» деген мақалды, кезінде жазылып қалмаса, болжаммен ешбір дәуірге тели алмайтын болсақ, бұл жанрдағы өлеңдердің көпшілігін дәуірлеп тануға мүмкін емес.

Әрине, өзінің жанрлық негізі жағынан тілдегі өте көне мұра мақалға туыс бұл сөз үлгісінің жасалу дәуірі өте әріде жатқандығында дау жоқ (осы кітаптың I тарауын қараңыз). Бірақ бұл

Асан ата, т.б. жыраулар сөзі деген қайсыбір сөздерге күдікпен қарауымызға әсте қайшы емес. Өйткені Асан, Қазтуған, Шалкиіз сөзі деген осы жанрдағы кейбір сөздер тілдік жағынан келіп қарастырғанда өте солқылдақ күйге түсіреді. Бізде Асан өлеңі делініп жүрген мынадай өлең бар:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,  
 Құлан қайтіп күн көрер?  
 Аяғы жоқ, қолы жоқ  
 Жылан қайтіп күн көрер?  
 Хан мен билер қысқанда  
 Халық қайтіп күн көрер?  
*Онда халық түнерер,  
 Халыққа қысым күш берер,  
 Халықтың кегі күшке енер.*

Алғашқы төрт жол шешендік сөзді Асан қайғы айтты деген сөз дей қояйық. Алайда сол дәуірдегі эпостық шығармаларда араб тіліне тән халық сөзі кездеспейді. Оның орнына үнемі байырғы жұрт сөзі айтылады. Асан қайғы әдебиетте жұрт сөзін халық сөзімен алғаш ауыстырған жырау бола қойсын делік. Бірақ «халықты қысу» сияқты сөз тіркесі сол дәуірдегі тілде норма болды ма? Бұл сөз тіркесі сол дәуір тілінде норма болды дей қояйық, бірақ «қысым-күш берер» түріндегі сөз тіркесі болды ма? Бұл сияқты тіркес заңдылығын ол дәуірде болды дей қою өте қиын. Ал *«кегі күшке енер»* түріндегі тіркес, мұндағы тіркесім заңдылығы сізді қалай дегенде де еріксіз күдікке жеңгізеді емес пе?

Демек, бұл өлең көп өзгеріске түскен. Өлеңнің тең жартысы кейінгі дәуірдің жалғама, қоспа жолдары. Олай болса, бұл өлеңді Асан сөзі деп айту басқа емес, сол Асанның өзіне жасаған қиянат болар еді.

Міне, осы себепті де қазақ поэзиясындағы бір топ ортақ мотивті, вариантты дидактикалық-шешендік толғауларды белгілі бір ақын-жырауға телімей, тар шеңберде, белгілі бір нақты уақыт аясында алмай, мақал-мәтелдер сияқты таза жалпы халықтық редакциядан шыққан ұзақ дәуірлік тарихы бар ортақ мұра ретінде қарау керек.



## 2. Ортақ мотивті, вариантты толғау-өлеңдердің мақал-мәтелдермен стиль, тіл жағынан бірлігі

Егер ең көне үлгідегі<sup>1</sup> мақал-мәтелдер өзінің лексикасында, синтаксисінде, баяндауыш формаларында қайталауға құрылып отыратын болса, осы ерекшеліктер дидактикалық-шешендік толғау-өлеңдерге де тән қасиет.

Дидактикалық-шешендік толғау-өлеңдер өзінің синтаксистік, әрі формалық, әрі лексикалық қайталауға құрылуы жағынан қазақ поэзиясының басқа түрлері ішінде ерекше орынға ие. Бұл жағынан бірде-бір жанр тең келмейді.

Шешендік толғау-өлеңдерде өлеңнің ұзын-ырғасындағы сөз мөлшеріне шаққанда дара сөздер де, дара формалар да әдебиеттегі өзге өлең түрлерінен барынша аз болады әрі бұл сөздер мен формалар қайталап келіп отырады.

1	2	3		
	<b>Жол азарға тап болса,</b>			
		4	5	
	Балқаш біткен ұйған <b>көл болар,</b>			
		6	7	
	Шалғыны кетіп <b>сол болар.</b>			
8	9	10		
	<b>Су азарға тап болса,</b>			
	11	12	13	
	Деңіздей <b>сор көл болар</b>			
14		15	16	
	<b>Көл таусылып сор болар.</b>			
	17	18	19	
	<b>Мал азарға тап болса,</b>			
		20		
	<b>Арғымақтың баласы</b>			

<sup>1</sup> Осы кітаптың II тарауы материалдарын қараңыз.

21

Жабыдан басы кем **болар.**

22 23 24

Халық **азарға тап болса,**

25

Ақсүйектің **баласы**

26

Қараменен тең **болар.**

Осы өлеңде ұзын саны 44 сөз бар, соның 17-сі ғана қайталанбай бір-ақ реттен келген, ал қалған 27 сөз жеті сөздің қайталауынан ғана тұрады. Яғни өлеңде 44 жалпы сөз бар да, 24 дара сөз бар. Демек, дара сөздер өлеңдегі сөздердің 55%-ы. Ал осы 12 жол өлең бір ғана *-са* және *-ар* формалары арқылы ұйқас құраған<sup>1</sup>.

Әрине, дидактикалық-шешендік толғау-өлеңдер өзінің лексикалық құрамы жағынан барынша бір сипаттас. Олар көбіне жұптас, тектес әрі антонимдес объект-есім сөздер болып келеді. [Біз бұларды сөз етуде қазірше жоғарыдағы келтірме-салыстырма мысалмен шектелеміз].

Ал күллі дидактикалық-шешендік толғау өлеңдер өзінің баяндауыш формаларының мақал-мәтелдерге ұқсас келу-келмеу жағынан негізінен алғанда 4-ақ топқа бөлінеді.

I. Екі сөйлемді көне мақалдардың бір тобында баяндауыштар әдетте, шартты райдың *-са* формасы мен есімшенің *-ар* (не *-мас*) формалары арқылы жасалады.

<sup>1</sup> *Салыстырыңыз:* Абайдың 7 – 8 буынды 12 тармақ кез келген өлеңін алайық:

Есінде бар ма жас күнің,  
 Көкірегің толық, басың бос,  
 Қайғысыз, ойсыз мас күнің  
 Кімді көрсен бәрі дос.  
*Махаббат қызық*, мал мен бақ  
 Көрінуші еді *досқа* ортақ,  
 Үміт жақын, көңіл ақ  
 Болар ма сондай *қызық* шақ?  
 Құдай-ау, қайда сол жылдар  
*Махаббат-қызық* мол *жылдар*?!

Ақырын, ақырын шегініп  
 Ұстаптай кетті-ау құрғырлар, – деген өлең жолында ұзын-ырғасы 45 сөз бар, ал мұның 40-ы дара сөз. Яғни өлеңдегі жалпы сөздің 87%-ы дара сөздер.

1. Арслан көкрәсә, ат азақы тушалур,  
Бөрі ұлыса, ыт бағыры тартышур.
2. Екір болса, ер өлмәс,  
Андуз болса, ат өлмәс.

Міне, мақал-мәтелдегі осы форма шешендік-толғау өлеңдерге тән бірінші белгі. Бірақ шешендік толғау өлеңде ұйтқы сөзді (сөз-мүшені) айқындаушы сөздердің өзара қосар жасауы негізінде келіп туатын өлеңдік ырғақ жіктері бір тармақ ішінде әр тармақтарға «бөлініп орналастырылады», осының негізінде мақалға тән тұрақты заңдылық «бұзылады». Яғни шешендік толғау мақалға тән заңдылықты «бұзып», өзінің поэтикалық заңды формасын жасайды. Бұл «бұзу» – оның мақал-мәтелден бөлектенуі, жаңа түр табуы, поэтикалық түр табуы. Міне, осы себепті де шешендік толғаулардың *-са* және *-ар* (*-мас*) формалары арқылы жасалуы олардың мақалдармен табысатын бірінші тілдік белгісі болса да, олар бұл формалардың тармақ ішінде не тармақтар аясында қай тұсқа орналасуына орай, үстеме ырғақты сөздер, формалар тіркеуіне орай, мақал-мәтелдік ырғақ жігінен бөлек өлеңдік ырғақ жігін табады.

Әрине, сөздердің топтасуы мен тіркесу аясының кеңуі ыңғаймен жоғарыдағы формалардың жол ішіндегі орнында да өзгерістер болып отырады. Осы өзгерістерге байланысты *-са* және *-ар* (ма-с) формалы өлеңдер іштей бірнеше варианттас түрге бөлінеді.

а) Шартты райдың *-са* формасы мен есімшенің *-ар* формасы тармақ аяқтарында келіп отыратын толғау өлеңдер, шешендік сөздер.

Жол азарға тап болса,  
Балқаш біткен ұйыған көл болар,  
Су азарға тап болса,  
Деніздей сор көл болар...  
Қырға боран бораса  
Нуға боран борар ма?  
Ел шетіне жау келсе,  
Халық үстіне дау келсе,  
Жақсылар көмек сұрар ма?

ә) *-са* және *-ар* формалары бір тармақ бойында ілгері-кейінді келіп отыратын өлеңдер, шешендік-толғау сөздер.

Тауға біткен қайыңның  
Солқылдар басы жел өтсе,  
Тоғайға біткен жоңыршқа  
Солғын тартар күн өтсе...

Әрине, *-са* және *-ар* формалы мақал үлгілес сөздердің нормасын «бұзу» тәсілі үнемі бірдей болып келе бермейді. Айталық, жоғарыдағы 1–2 өлең жолы қайыңның басы жел өтсе солқылдар түріндегі жай сөйлем. Бұған «тауға біткен» деген анықтауыш сөз қосылу арқылы бастапқы ырғақ-жік бұзылып, тауға біткен қайыңның түріндегі жаңа ырғақ-жік жасалды: яғни жалған сөйлем-тармақ жасалды. Ал кейде бұл үстеме қосылулар «тауға біткен» түрінде бір тіркесті мүше-сөз болып келмейді, тармақ-сөйлем болып келеді. Айталық «жар құласа үй кетер, жамандық қылса бас кетер» сияқты мақал формалас афоризмдердің түсініктемесі тұтас сөйлем болып келеді де, жаңа бір вариантты жасауға себепші болады. Айталық,

Жар басына қонбаңыз,  
Жар құласа, үй кетер,  
Жауға сырды айтпаңыз,  
Жамандық қылса, бас кетер, –

деген шешендік сөзде және сол мақал формалас 2 және 4 жолдың ескертпе-қосарлары, яғни мақал формалас жолдар түсініктеменіп отыр.

б) *-са* және *-ма-с* формалары тармақ-сөйлем аяқтарында келіп отыратын шешендік толғау өлеңдер:

Булан мүйус салмаза,  
Булутқа йітіп тұрмас ма?  
Бурунғы қарылар өлмаза,  
Бурунжуқ қара йірлэр, тулма(с) ма?  
Қайында қаршы бутак булмаза,  
Қарчыға йірға қонмас ма?

в) *-са* және *-ма-с* формалары бір тармақ бойында ілгерінді-кейінді келе беретін өлең түрі.

Оралдан қашқан ор түлкі  
Оралап қашса, ит жетпес  
Тегеуріні төрт елі



деген өлең, модельдік сипаты барлығына қарамай, едәуір еркін құрылған. Бұған себеп болып тұрған нәрсе, яғни стильдік реңк беріп тұрған нәрсе *-ден соң* формасының өлеңнің баяндауыш-ұйқасына қатысуы. Болмаса бұл өлең I топтағы шешендік сөздер шартымен

Қос, қос орда, қос орда  
 Қосылып қонбас мал кетсе  
 Қоспақтанған құба інген  
 Қом жасамас май кетсе, –

түрінде келуі керек еді. Бірақ бұл өлеңнің осы формадағы варианты бізге кездескен жоқ. Керісінше, осыған жақын, жоғарыдағы варианттан бұрын туған аралық өлең нұсқасы бізге сақталып жеткен. Айталық, Бұхар өлеңі ретінде танылған:

Қос, қос орда, қос орда  
 Қосыла қонбас малдан соң.  
 Қоспақ өркеш сары атан  
 Қом жасамас майдан соң, –

деген өлең бар.

Демек, бір өлең үш түрлі формалы вариантта («қосылып қонбас мал бітсе»; «қосылып қонбас бізден соң»; «қосылып қонбас малдан соң») өзгеріске түскен.

Міне, осы мысалдың өзі (яғни *қом жасамас май кетсе* > *қом жасамас майдан соң* > «қом жасамас біздең соң» – түріндегі өзгерістің өзі) II топтағы өлеңдердің I топтағы өлеңдерден кейін, солардың негізінде, соларға өзгеріс енгізе отырып жаңадан жасалғандығына нақты дәлел болмақ. Әрине, II топтағы өлеңдердің бәрі бірдей I топтағы формалас әуелгі нұсқаның өзгеруі негізінде жасала бермеген, бұлардың біразы бұрын бар модельге өзгеріс енгізу негізінде де жасалған.

Ал бұл екінші топтағы өлеңдер ұйытқы формалардың тармақ бойында келуіне қарай бірнеше вариантқа бөлінеді.

а) *-ар (-ма-с)* және *-ден соң* формаларының жұптығы негізінде жасалатын өлеңдер.

Бірғақ жігі екі тармаққа бөлінетіндігіне қарамай, бұл өлеңдер жай сөйлемді болып келеді. Осы себепті де *-ар (-ма-с)*, *-ден соң* жұптық формалары бір тармақ бойында болады.

1. Қос, қос орда, қос орда  
 Қосылып қонбас бізден соң,

Қоспақтанған құба інген

Қоң жасамас бізден соң.

2. Бұлдыр да, бұлдыр, бұлдыр тау

Бұлдырап қалар елден соң,

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек

Бұлдырап ұшар көлден соң.

ә) *-ар (-ма-с)* және *-ған соң* формаларының жұптығы негізінде жасалатын өлеңдер. Бұл өлеңдер сабақтас сөйлем түрінде құрылатындықтан, *-ар (-ма-с)* және *-ған соң* формалары тармақ аяқтарында келіп отырады.

1. Байтағың бассыз ел болар,

Басына тарлық түскен соң.

Көзіннің жасы көл болар,

Дұшпаның жем еткен соң...

2. Доңғалақ арба жүре алмас,

Екі арысы сынған соң.

Жігіт жақсы бола алмас

Алғаны жаман болған соң.

Осы формалардың жұптығымен жасалатын өлеңдердің кейбіреуі жай сөйлем түрінде де келеді.

Таудан аққан тас бұлақ,

Айдынға құяр аққан соң...

Демек, бұл жерде де өзгеріс сөз-мүшелердің анықтауыш тобының келу ыңғайымен келіп туған.

Ал тіпті бұл топтағы өлеңдерде жұп жолды мақалдар сияқты өлең тармағының орнын ауыстыруға келе беретін ерекшеліктері де бар. Айталық:

Қоянды қамыс өлтірер,

Ерді намыс өлтірер, –

немесе:

Ерді намыс өлтірер,

Қоянды қамыс өлтірер, –

түрінде де айтуға болатын сияқты:

(1) Ер азамат сәнді емес,

(1) Таңдап алған жардан соң..

(2) Не арулар өнді емес

(2) Тәңірі қосқан ерден соң, –

түріндегі жұп жолдарды да орнын ауыстырып айтуға да келе береді. Немесе жоғарыдағы өлеңді:

Екі арысы сынған соң,  
 Доңғалақ арба жүре алмас.  
 Алғаны жаман болған соң  
 Жігіт жақсы бола алмас, –

түрінде де қайта құруға болады.

Мұның өзі бұл формалас өлеңдердің әлі де болса ауызекі тілге тән сөз (сөйлем) үлгісіне бір адым жақын тұрғандығын көрсетпек. Өйткені нағыз поэзияға тән ырғақ-ұйқас негізінде туған өлеңдер бұған әсте көнбейді.

Сол сияқты шешендік толғау өлеңдердің бұл тобында таза бір үлгімен жасалатын өлең түрлері де өте сирек. Көбіне бірнеше форма араласып кетіп отырады. Теориялық жағынан келуге тиіс жердің өзінде ағыммен келе жатқан негізгі-ұйытқы форма-тәсіл орнына екінші бір форма-тәсіл киіп кетеді. Айталық:

Таудан аққан ақ бұлақ  
 Айдынға құяр аққан соң.  
 Айдын да айдын, айдын көл  
 Қара жер екен қайтқан соң, –

деген шумақтағы соңғы жол: *қара жер болар қайтқан соң* – түрінде келуіне толық заңдылық бар. Ал:

Бұлдыр да бұлдыр, бұлдыр тау  
 Бұлдырап қалар елден соң  
 Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек  
 Бұлдырап ұшар көлден соң.  
 Көл жағасы көк терек  
 Көк теректің сәні жоқ  
 Басындағы гүлден соң... –

деген өлеңде екі форма тоғысқан: басы бір форма-тәсілге, аяғы екінші форма-тәсілге құрылған.

Бұл туралы бірнеше болжам, пікір айтуға болар еді: біріншіден, бұлар өзінің синтаксистік жүйесі жағынан ауызекі сөзге өте жақын, сондықтан олар қайта құруға жеңіл әрі көнгіш келеді; екіншіден, аралас формалы өлеңдер негізінен бізге түпнұсқасы қазір белгісіздікке айналған әлдебір өлеңдердің тоғысуынан, редакциялануынан, қайтадан өзгеше айтылуынан, варианттас өлеңдердің тоғысуынан келіп шыққан.



Айталық:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек  
 Бұрылып ұшар жаз күні  
 Боз мойынды сұр үйрек  
 Көлге қонар жаз күні... –

түрінде келетін өлең жоғарыдағы өлеңдегі.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек  
 Бұлдырап ұшар көлден соң, –

деген жолдарға өте жақын, яғни осы өлеңді негіздей отырып, қайта өзгертіп айтудан туған варианттас жолдар. Ал дәл осы тәсілмен жоғарғы өлеңді қайта құруға әбден болады. Егер мұны:

Бұлдыр да бұлдыр, бұлдыр тау  
 Бұлдыр таудың сәні жоқ  
 Баурындағы елден соң.  
 Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек  
 Бұл үйректің сәні жоқ  
 Жайқап ұшар көлден соң,  
 Көл жағасы көк терек  
 Көк теректің сәні жоқ  
 Басындағы гүлден соң, –

түрінде қайыра айтсақ, аталған өлеңнің екінші варианты болып шыға келер еді.

Біз қазір тап осылай құрылған өлеңді көрмеген соң, «варианты болып шыға келер еді» деп отырмыз ғой. Мүмкін осы вариант бар да, болған да шығар.

Шешендік-толғау сөз, шешендік-толғау өлеңдердің бұл екі тобы өзінің жанр ретінде тууында мақал-мәтелмен байланысты, өзінің жасалу формасы жағынан мақал-мәтелмен бірдей болып келіп отырады. Сол сияқты бұлар мақал-мәтелдер сияқты сөйлеу тілі, ауызекі тіл заңдылығына өте жақын заңдылыққа ие: өзінің синтаксистік жүйесінде поэзиядан гөрі сөйлеу тіліне бейімдірек тұр. Ал мұндағы поэзияға тән белгілер: сөздердің қайталауы, анықтауыштық сөздердің болуы, ырғақ-жігі. Бұлардағы ұйқасты поэзияға тән ұйқас деуден гөрі бір формалы синтаксистік қайталаулар деген дұрысырақ болады.

III. Дидактикалық-шешендік толғау өлеңдердің енді бір тобы мақал формасынан едәуір алшақтау, өзгешелеу, яғни біршама

поэтикалық жаңа формалар бар. Шешендік-толғау өлеңдердің бұл тобында ерекше байқалатын негізгі белгі – қайта айту сияқты көрінетін формада туу, яғни бұрын айтылған ойды, пікірді не бұрын жасалған сөзді қайта, жанаша айтатындай көрінетін формада туу. Ал мұның өзі жалпы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдердің стиліндегі жаңа құбылыс – соңғы құбылыс.

Бұл шешендік толғау-өлеңдердің негізгі ерекшелігі *-де* көмекші етістігінің ұйытқылығымен жасалуы, логикалық төл сөзді формада жасалуы.

Атадан алтау тудым **деп**,  
 Асқынып жауап айтпаңыз.  
 Алғаным асыл ару **деп**,  
 Күн шығарып жатпаңыз.  
 Атамның малы көпті **деп**,  
 Атты басқа тартпаңыз...

немесе:

Құрсағы жуан боз бие  
 Құлын салмас **деменіз**,  
 Құландар ойнар қу тақыр.  
 Кумарсып құран бітпес **деменіз**...

Осы формада жасалу арқылы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдер жалаң шешендік абстрактілік сипаттан тікелей, нақты ақылға, үгіттік өнегеге ауысты. Дәлірек айтқанда, қазақтың азаматтық поэзиясында дидактикалық-философиялық мәнді шешендік өлеңдер жалпылай айтылатын абстрактілі сипаттағы пікірден нақты үгіттік ақылға көшу, өмірге, адамдарға бір табан жақын келу барысында осы стильді тапты.

Бірақ бұл топтағы шешендік толғау өлеңдерде деп формалық жолдармен қатар мақал формалас жолдар кейде аралас та келіп отырады.

- (1) Жал құйрығы қаба **деп**
- (2) Жабыдан айғыр салмаңыз,
- (3) Қалыңмалы арзан **деп**
- (4) Жаман қатын алмаңыз.
- (5) Жабылдан айғыр сал**саңыз**
- (6) Жауға мінер ат **тумас**.
- (7) Жаман қатын ал**саңыз**,
- (8) Топқа кірер ұл **тумас**.

Осындағы *деп* формалы алдыңғы төрт жол өлең мақал үлгілес соңғы төрт жол өлеңнің негізінде туған. Бірақ бұл алғашқы төрт жолда салдардан туар нәтиже айтылмай тұр. Ал мақал үлгілес соңғы төрт жолда салдар мен нәтиже қатар айтылған.

Әрине, бұл кездейсоқ құбылыс емес, бұл араластық – дидактикалық-шешендік поэзиядағы ізденіс көрінісі. Мұнда әлі де болса мақалдық тәсілден қол үзбеу анық байқалады. Яғни ауызекі сөйлеу тілінің стиліне тән мақал қосып сөйлеу тәсілі мақалдық үлгіде сөйлеуден жіктеліп, поэзияға ойысқан шешендік-толғау өлеңдерге де белгілі бір деңгейде ортақ болған.

IV. Жоғарыдағы үш топтағы өлеңдер белгілі бір санаулы формалар аясында ауызекі тілі материалы, ауызекі тіл жанры мақал сөзге өте жақын синтаксистік жүйеде жасалғандықтан, оларды өлең деуден гөрі дағдыда, салтта, көбіне-ақ шешендік сөз, тақпақ сөз деу басым. Бұл топтағы сөздерді айту процесін тақпақтай сөйлеу не тақпақтай шешен сөйлеу дейді.

Міне, дидактикалық-шешендік толғаулардың бір тобы – осы сөз деген ұғымнан, танымнан бір саты жоғары тұрған шын мәніндегі терме-толғау өлеңдер.

Бұл өлеңдер ортақ мотивті вариантты болып келу жағынан жоғарыдағы үш топтағы сөз үлгілерімен табысады, ал олардан өзінің формасы жағынан едәуір ерекшеленеді: біріншіден, бұл өлеңдерде баяндауыштық, тармақтық ұйқастар, мақалдағыдай, мақал үлгілес шешендік сөздердегідей шартты формаларға ғана негізделмеген, бұларда ұйқас құруға сөз таңдауда еркіндік бар, екіншіден, өлең бастан-аяқ бір ғана ұйқасқа құрылады, яғни ұйқас жасауда қатаң талап бар. Ал мұның екеуі депрофессионал поэзияға тән негізгі ерекшелік.

Демек, бұл топтағы өлеңдер – ауызекі сөйлеу тіліне жақын синтаксистік күйдегі шартты формалы мақалдар үлгісінде жасалған сөздерден бір саты жоғары – поэзия шартына сай сөз және дыбыс ұйқасына құрылған. Өлең тармақтары формалық-ұйқастық жағынан жұптық бірлікте келіп отырады. Әсіресе, ұйқас, ырғақтары алғашқы үш топтағы өлеңдерден бір саты көтеріңкі, яғни мұнда әуендік үн жоғары. Бұлар шешен тақпақтай айтуға емес, әуезге, музыкаға негізделген, әуез құндағында туған. Қысқасы, бұлар – профессионал ақынға тән анық творчестволық туындылар.

Бұл топтағы өлеңдерге: 1) «Бәйге алмаған жүйріктен, Белі жуан бесті артық», (2) «Алыстан қызыл көрінсе, Манат емей немене?», (3) «Көкте бұлт сөгілсе, көктен болмас не пайда?», (4) «Айналайын, Ақ Жайық, Ат салмай өтер күн қайда?», (5) «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек, Бұлдырап ұшар жаз күні», (6) «Тоғай, тоғай тоғай су, Тоғайға қондым өкінбен», (7) «Жалп, жалп еткен жапалақ, Жазыда кімге жолдас болмаған», т.б. өлеңдер жатады.

Әрине, бұларды осы ерекшелігіне қарап, белгілі бір нақты кезеңде туған поэзия үлгісі деуге тағы да келмейді. Бұл формалас өлеңдердің біразы XV–XVI ғасырда жасаған Қазтуған, одан бері XVII ғасырда жасаған Ақтамберді, XVIII ғасырда жасаған Бұхар, XIX ғасырда жасаған Махамбет атына байланысты өлеңдер. Демек, бұл бір алуандас формалы өлеңдер де XV ғасыр мен XIX ғасыр аралығына, уақыт жағынан барынша алшақ дәуірге тең, ортақ, бірақ осыған қарамай, бұлар форма жағынан өте жақын үлгіде келіп отырады.

Айналайын, Ақ Жайық  
Ат салмай өтер күн қайда?  
Еңсесі биік боз орда  
Еніңкі кірер күн қайда?  
Қара бұлан терісін  
Етік қылар күн қайда? [32]

Күлдір-күлдір кісінетіп  
Күреңді мінер ме екенбіз?  
Күдеріден бау тағып  
Қымқапты киер ме екенбіз? [33]

Тоғай, тоғай, тоғай су  
Тоғайға қондым өкінбен  
Толғамалы ала балта алып,  
Топ бастадым өкінбен... [34].

Демек, бұл топтағы терме-толғау өлеңдердің формасы белгілі дәуір үшін жаңа емес, жалпы қазақ поэзиясы үшін жаңа. Ал бұл жаңа өзінің басын XVI ғасырдан ала ма, не XV ғасырдан ала ма? Бұл бізге барынша көмескі.

Осы себепті де бұл үлгіні XV–XIX ғасыр арасында туған қазақ поэзиясындағы ортақ модель ретінде қарау керек болады.

Яғни XVI ғасырдағы «Досмамбет сөзі» де, XVII ғасырдағы Ақтамберді, XIX ғасырдағы Махамбет өлеңдері де осы ортақ модельде шығарылған. Осы модель ортақтық, жасаған дәуірлерінің алшақтығына қарамай, бұларды бір-бірімен барынша жақындастырады [Әрі бұл бізді барынша шатастырады да].

Әрине, сырттай ұқсас осы өлеңдер іштей едәуір айырмашылыққа ие. Айталық,

1. Айналайын, Ақ Жайық

Ат салмай етер күн қайда?

2. Жалп, жалп еткен жапалақ

Жазыда кімге жолдас болмаған? –

дегенде, бір сөйлемнің екі тармақты қамтуы – сырттай ұқсастық, ал негізгі сөйлем мүшелерінің екі жолдың қай бағытында орналасуында бұлар бір-бірінен бөлектенеді: егер соңғы өлеңде бастауыш бірінші жолдың аяғында, баяндауыш екінші жолдың аяғында тұрса, алғашқы өлеңде баяндауыш пен бастауыш екінші жолда қатар келіп отырады. Мұны «Бәйге алмаған жүйріктен» өлеңінен де көруге болады.

Бәйге алмаған жүйріктен

Белі жуан бесті артық

Байлауы жоқ шешеннен

Үндемеген есті артық...

Ал «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» өлеңінде негізгі сөйлем мүшелерінің келу орны үшінші басқа:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек

Бұрылып ұшар жаз күні.

Боз мойынды сұр үйрек

Көлге қонар жаз күні...

Осы екі өлеңде де ұйқас қайталамалы сөздерге құрылған, бірақ екеуінде қайталап келетін сөздердің сөйлемдік қызметі екі басқа. Демек, бұлар – ырғақ жағынан екі түрлі өлең. Ал:

Тоғай, тоғай, тоғай су//

Тоғайға қондым//өкінбен//

Толғамалы ала балта қолға алып//

Қол бастадым//өкінбен... –

деп келетін өлең өзінің ырғағы, негізгі сөйлем мүшелерінің келу-келмеуі жағынан үшінші бір түрлі өлең.

Қорыта айтқанда, бұл топтағы өлеңдер, біріншіден, түр жағынан I–II топтағы өлеңдерден жаңа, шын мәніндегі поэтикалық түр; екіншіден, модель жағынан XV–XIX ғасыр арасындағы қазақ поэзиясына бірдей ортақ.

Міне, осы себепті де ортақ мотивті, вариантты, модельдес бұл өлеңдер тілінің осы сияқты ерекше белгілерін сөз етумен тынамыз. Өйткені бұл өлеңдерге тән тілдік белгілердің біразы Бұхар мен Махамбет өлеңдеріне де ортақ. Біз осы ақын-жыраулар тілін сөз еткен орайда салыстырма ретінде қайта оралатын боламыз.

## ӘДЕБИЕТ

1. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967.
2. Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967. 101-б.
3. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармалары. Алматы, 1962.
4. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындары шығармалары. Алматы, 1962. 53-54-66.
5. Радлов В.В. Образцы... Ч. III, 1870; С. 714-724; Лютиц Я. Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края. Ташкент, 1883. С. 226-249.
6. Радлов В.В. Образцы... Ч. III, 1870; С. 714-724; Лютиц Я. Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края. Ташкент, 1883. С. 47-48.
7. Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы архиві, № 849 папка.
8. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962. 38-б.
9. Өмірәлиев Қ. Ортақ мотивті вариантты поэзия үлгілері жайлы // Қазақстан мектебі. 1969, № 6, 85-б.
10. Радлов В.В. Образцы..., Т. V. С. 35.
11. Радлов В.В. Образцы... Ч. VII. С. 167; В. Радлов бұл ноғайлардың Қырымға келуі жөнінде былай дейді: «Они в конце прошлого столетия покинули Северный Кавказ и отправились на запад по северному берегу Черного моря» (Сонда. XII б.).
12. Радлов В.В. Образцы... Ч. IV. С. 131.
13. Қарақалпақ халық қосықтары. Нөкіс, 1965. 315-б.
14. Қарақалпақ халық қосықтары. Нөкіс, 1965. 313-б.
15. Қарақалпақ халық қосықтары. Нөкіс, 1965. 31-б.

16. Шешендік сөздер // Құрастырған Адамбаев Б. Алматы, 1967. 83-б.
17. *Өтемісұлы М.* Өлеңдер. Алматы, 1962. 17-б.
18. Шайыр..., 33-б.
19. Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967. 116-б.
20. *Өтемісұлы М.* Өлеңдер. Алматы, 1962. 52-б.
21. *Сейфуллин С.* Қазақ әдебиеті. Алматы, 1964. 279-280-бб.; Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967. 126-127-бб.
22. *Сейфуллин С.* Қазақ әдебиеті. Алматы, 1964. 279-280-бб.; Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы. Алматы, 1967. 146-б.
23. Шекті Мөңке би сөзі // Жақсы үгіт, 13-б.; *Сейфуллин С.* Қазақ әдебиеті, 285-б.
24. Шалкиіз сөзі // Хрестоматия, 114-б.
25. Шекті Мөңке би сөзі // Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті, 284-б.
26. Шекті Мөңке би сөзі // Жақсы үгіт, 15-б.
27. Шалкиіз сөзі // Хрестоматия. 113-б.).
28. Шекті Мөңке би сөзі // Жақсы үгіт, 13-б.
29. Шалкиіз сөзі // Хрестоматия, 114-б.
30. Хасан Ғали колжазбалары.
31. Шайыр... 28-б.
32. Шайыр... 34-бет. Махамбет (XIX ғ.) өлеңдері. Алматы, 1962. 31-б.
33. Ақтамберді сөзі (XII ғ.) // Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967. 122-б.
34. Доспамбет сөзі (XVI ғ.). // Ертедегі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1967. 107-б.

## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

### БҰХАР ЖЫРАУ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ

#### 1. Бұхар өлеңдерінің текстологиясы

Бұхар жыраудан бізге жеткен мұра көп емес, бас-аяғы 600 жолдай өлең. Бірақ бұл өлеңдердің бәрін бірдей осы жыраудікі деуге тағы да келмейді. Алдағы тарауларда мұның өзі бір Бұхар өлеңдері ғана емес, қазақ поэзиясының арғы дәуіріне тән көп-көп үлгілеріне де ортақ жай екендігі біршама сөз болған. Онда Бұхар өлеңдері деп танылып жүрген біраз өлеңдер де қоса әңгіме етілген.

Бір ескеретін жай: Бұхар жасаған дәуірде қазақ жүздерінің басы бір емес, бірнеше рет қайта қосылып отырған. Оңтүстігінде – Сыр бойындағы қарақалпақтар мен түрікмендер де, солтүстігінде – Тобыл, Ертіс татарлары да аралас-құралас жағдайдағы көршілер болды. Бұхар «Қалдар ханмен ұрысып» деген өлеңінде былай дейді:

Қалдар ханмен ұрысып,  
 Жеті күндей сүрісіп.  
 Сондағы жолдас адамдар  
 Қара керей Қабанбай,  
 Қанжығалы Бөгембай,  
 Шақшақ ұлы Жәнібек  
 Сіргелі Қаратөлек  
 Қарақалпақ Қылышбек  
 Текеден шыққан Сатай бөлек...

Оның сыртында Бұхар өз кезінде аты жұртқа даң болған жырау. Ол айтты деген сөз дүйім қазаққа кең тараған. Қарақалпақ, Бараба татарлары арасында жүрген сөздер сол елдің мұралық поэзия үлгілеріне айналып үлгірген Бұхар сөзі болуы да мүмкін. Қазақ ішінде пәленше, түгенше айтты деген сөздер туралы да осыны айтуға болады. Ал, керісінше, кейінгі жұрт



атақты жырауға одан бұрын жасаған кісілердің сөздерін телуі де мүмкін. Бұл екі мүмкіндіктің сыртында Абыз жырау Бұхар тіліне өнеге-үлгі айтар бір сәттерде халық поэзиясының өзіне дейінгі сөздері оралуы, оны жырау я сол күйінде, я жағдайға қарай өзгерте айтуы мүмкін. Халық Бұхар аузынан шыққан мұндай сөзді де жыраудікі деп қабылдап, жадында солай сақтаса керек-ақ. Ал кейін Бұхар тіліне тиек болған негіз сөз қайсы, бұхарлық өзгерту қайсы? – дегеннің ізі мүлде жойылған болар. Өйткені Бұхардан кейінгі айтушылар Бұхардың өз сөзі мен Бұхар сөзіне тірек сөздің ара-жігін мүлде жойып, ұластырып жіберген. Сөздің беделді Бұхар атына байланысты варианты, редакциясы жұртқа кең таралуы алғашқы нұсқаны ұмыттырып жіберген. Сөз жоқ, бұл жерде Бұхардай үлкен жыраудың ақындық шеберлігі де себепші болды. Ұлы ақын Абайдың:

Сиырша тойса мас болып

Өреге келіп сүйкенер, –

деген афоризмі бар. Осы афоризмнің тегі бар-жоғына я абайлық тың сөз екендігіне байланысты бір нәрсе айта кою өте қиын. Ал бұл жерде зерттеушіні тұйықтан шығаратын, «білгір» ететін «жаман сиыр өрешіл» деген халық мақалының сақталып қалуы ғана. Егер бұл мақал болып, бірақ сақталмаса, Абайдың жоғарғы сөзі туралы талдауларымыз жалған ақиқат болар еді. Міне, осы тұрғыдан келгенде Бұхар сөзі деген біраз сөзге де аса жауапкершілікпен қарау керектігі өзінен-өзі бірінші кезектегі мәселеге айналмақ.

Біз Бұхар өлеңдері деген өлеңдерді, негізінен, төрт топқа бөлдік:

### **1. Бұхар өлеңі екендігі, я еместігі таза шартты өлеңдер.**

Бұлар: «Ақсаңнан биік тау болмас», «Ақсұңқар құстың баласы», «Жар басына қонбаңыз», «Алыстан қызыл көрінсе», «Асқар таудың өлгені», «Әлемді түгел көрсе де», «Көкте бұлт сөгілсе», «Батпақты сайға су түссе», «Арту, арту бел келсе», «Қара арғымақ арыса», барлығы 10 өлең, 150 жол.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Бұхар өлеңдері деген қолжазбасында бұл өлеңдер түгелінен бар және кейінгі кездегі жинақтарға да енгізіліп жүр.

**2. Бұхарға қатемен таңылып жүрген өлеңдер.** Бұлар «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» (28 жол), «Ей, айтшы, Алланы айт» (26 жол), «Ақтың үйі мешіті» (24 жол), «Ай, заман-ай, заман-ай» (41 жол)<sup>1</sup>.

Бірінші топтағы өлеңдердің шартты түрде бөлек алыну себебі жоғарыда сөз болған, ал екінші топтағы өлеңдерді Бұхар өлеңі емес дегенде біз мына жайды ескердік.

Бірінші тілдік белгілер «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек» деген өлең Бұхар тұсынан ертерек туған. Өлеңде *байлар ұғлы шоралар* деген сөз екі рет келеді, хат емес, жазбаша жеткен ескерткіш емес, ауызша сақталған, онда да қазақ ішінде сақталған өлеңде ұғлы формасындағы сөздің жүруі күдікті. Сол сияқты байлар ұғлы шоралар тіркесі бұрын-сонды қазақ поэзиясындағы дәстүрлі тіркестен өзгеше құрылған. «Ер Шобан» жырында:

Қанды ауызға сырлап салған жебе еді,  
Хан ұлы төре еді  
Би ұлы шора еді, –

түрінде келсе, ол Беріш Мөңке... билер айтты деген өлеңде:

Байдың ұлы мырзалар,  
Бидің ұлы шоралар, –

түрінде келеді.

Бай ұлын шора деп атау қазақ жырларында кездеспейді. В.В. Радлов бұл өлеңді өзінің «Түркі тайпалары әдебиетінің үлгілері» деген жинақтарының Бараба татарлары әдебиетіне арналған IV бөлімінде келтірген.

Ал бақсылардың сарынына ұқсас «Ей, айтшы, Алланы айт» деген өлең Бұхар өлеңдері стиліне жанаспайды. Тіпті Бұхар кезіндегі дәстүр тұрғысынан қарағанда да өлеңді: «Ей, айтшы, Алланы айт» түрінде бастаудың өзінде қате бастау бар еді. «Ей, айтшы, Алланы айт» және «Ақтың үйі мешітті» деген екі өлең небары 56 жол ғана, ал осында 56-дан артық араб-парсы сөзі, сөз тіркестері бар.

<sup>1</sup> Соңғы үш өлең Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы архивінде сақталған. М. Ж. Көпеев қолжазбаларының 334-нөмірлі негізгі папкасында жоқ, бұлар 1117-нөмірлі папкада бар. Бір ескертетін жай: біз бөліп алып отырған бірінші әрі екінші топтағы өлеңдер М. Әуезов жинап «Таң» журналында бастырған Бұхар өлеңдерінің ішінде де, С. Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1-жинақ, 1931) деген кітабында келтіретін Бұхар өлеңдерінің ішінде де жоқ.

Өңгіме бұл екі өлеңде араб, парсы сөзінің көптігінде ғана емес, өлеңнің жанрлық ерекшелігі, жанрдың, белгілі бір өлең стилінің туу дәуірі, ақын я жыраудың қай жанрда көрінуі дегенді ескертсек те, бұл өлеңдердің Бұхарға тән еместігін көрер едік.

Сол сияқты Шортанбай стиліндегі «Ай, заман-ай, заман-ай» деген өлеңді Бұхарға телу де қиянат. Қазақ поэзиясының XVIII ғасырдағы даму дәрежесіне бұл үлгілес өлең барынша жат көрінбек. Мұнымен біз Бұхарға беріліп жүрген бағаны кемітуді я оны әлдеқандай бір мін-кінәдан арашалауды ойлап отырғанамыз жоқ. Бір өлеңді Бұхар өлеңі емес деумен мәселе тына қойса, оның арғы жағында әрбір сөз болмаса, мәселе тек санда, атауда, иелікте ғана тұрса, іс басқа. Бірақ осы алғашқы *деу, демеудің* ыңғайымен туатын бірнеше *деу, демеулер* болмақ.

**3. Бұхардың ортақ ой, ортақ мотивке құрылған өлеңдері.** «Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң», «Айналасын жер тұтқан» – барлығы 100 жол өлең.

**4. Бұхар жыраудың төл туындылары.** «Абылай ханның қасында (Бұхарекең жырлайды)», «Ай, Абылай, Абылай (Сені мен көргенде)», «Ханға жауап айтпасам», «Қалдар ханмен ұрысып», «Әй, Абылай, сен он бір жасыңда», «Арам болған жиырма бес», «Керей, қайда барасың», «Ай, Абылай, Абылай...». Барлығы 364 жол өлең.

Міне, біз Бұхар өлеңдерінің тілі туралы қарастыруларды осы соңғы 3–4 топтағы өлеңдер төңірегіне құрамыз.

Әрине, Бұхар жырау өлеңдері бізге өзгеріссіз, сол күйінде келіп жеткен жоқ. Жырау өлеңінің о бастағы нұсқасы мен қазіргі айтылуы арасында қаншалықты алшақтық бар, ол бізге белгісіз, бірақ бергі дәуірде әр ретпен жазылып, қағазға түскен өлеңдердің өзінде едәуір айырымдар кездеседі. Ал текстік айырымы бар формалы сөзді, тіркесті, яғни вариантты форма мен сөздің, тіркестің бірін тілдік ерекшелік ретінде жай таңдай салуға әсте болмайды. Айталық, жыраудың бір өлеңінің аты М.Ж. Көпеев пен Сәкен Сейфуллинде «Ханға жауап айтпасам» болса, М. Әуезовте «Ханға жауап бермесем» делінген. Осы екі тіркестің қайсысы Бұхар тұсында норма болды? Ал екеуі де ауызекі тілде бола қойғанның өзінде Бұхар поэзияда қайсысын таңдады? Егер:

(1) Ханға жауап айтпасам,

(2) Ханның көңілі қайтады,

- (3) Қандыра жауап сөйлесем,
- (4) Халқым не деп айтады.
- (5) Қайғылы мұндай хабарды
- (6) Сұрамасаң нетеді
- (7) Сұраған соң айтпасам,
- (8) Кісілігім кетеді.
- (9) Енді айтайын тыңласаң
- (10) Айтты деп қаһар қылмасаң,—

деген 10 жолда *айт* сөзі 5 рет келетіндігін ескерсек әрі 1, 3-жолдағы *жауап айтпасам*, *жауап сөйлесем* түріндегі синоним тіркесті ескерсек, онда жауап айту түріндегі тіркес Бұхар дәуірінде актив форма болған сияқты.

Осы себепті де Бұхар өлеңдеріне текстологиялық салыстырулар жасау әбден керек. Мұның өзі, біріншіден, жоғарғы үлгіде алғашқылық, соңғылық қайсы дегенді біршама анықтауға көмектессе, екіншіден, жырау өлеңдері текстологиялық жағынан қандайлық дәрежеде ауытқуларға ұшырады және оның сипаты қандай дегенді бағдарлай есептеуге мүмкіндік береді. Әрі мұның өзі ауызша жеткен өзге мұралардағы өзгерістердің дәрежесіне, олардың қай сипаттастығына да аналогия жасауға мүмкіндік береді және бұл аналогияның маңызы елеулі болмақ.

#### «Айналасын жер тұтқан»

Бұл өлең М.Ж. Көпеев (№1) қолжазбасында 23 жол, С. Сейфуллин (№ 2) кітабында 21 жол, М. Әуезов (№3) бастыруында 21 жол.

а. Жеке сөздердің қолданылуындағы айырымдар:

1. Айнала ішсе таусылып (1)  
» азайып (2, 3)
2. Құрсағы кушақ байлардан (1, 3)  
жуан » (2)
3. Жарлы байға тең келіп (1)  
» » теңеліп (2, 3)
4. Жайлауға жарыса көшпес деменіз (1)  
» (. . . .) » » (2, 3)
5. Жапанда бір соғысып (1)  
Бір жапанда соғысып (2, 3)

6. Құшағы жуан боз бие (1)  
 » » биелер (2, 3)  
 7. Қурай бітпес деменіз (1)  
 Көлшік болмас » (2, 3)

ә. Өлең жолдарының ауысуымен бар-жоғындағы айырымдар:

- |                            |                         |
|----------------------------|-------------------------|
| 1. Құландар ойнар қу тақыр | Қурай біткен құба жон   |
| Қурай бітпес деменіз       | Құлан жортпас деменіз,  |
| Қурай біткен құба жон      | Құландар ойнар қу тақыр |
| Құлан жортпас деменіз      | Көлшік болмас деменіз   |
| (1)                        | (2,3)                   |

2. Қу таяқты кедейге (.....)

Дәулет бітпес деменіз

Демек, 2 және 3-нөмірлі нұсқалар бірдей. Ал өзгешелік дегенде *таусылып – азайып, құшақ – жуан* лексикалық синонимдік айырым; *тең келіп – теңеліп* сөз бен тіркестегі синонимдік айырым; жарыса сөзінің түсірілу ырғақтық-буындық өлшем заңынан туған кейінгі өзгеріс; ал *бір* сөзінің орын алмасуы (белгісіздік мән алуы) кейінгі нәрсе, яғни *бір* сөзінің шылаулық қызметі поэзияда пассивтенген дәуірге тән соңғы өзгеріс; *боз бие – биелер* түріндегі қатарға келсек, біріншіден, сындық формасымен айту көне құбылыс, екіншіден, ауыз әдебиетінде төрт түлік көптік формамен жиі айтылмайды. Ал халық поэзиясында дыбыстық анафораға әуестік барынша басым болғандығын ескерсек, *құрсағы құшақ* («күрсағы жуан» емес), *қурай бітпес* («көлшік болмас» емес) тіркестері бірінші кезекке шықпақ.

### «Ай, Абылай, Абылай»

Бұл өлеңнің М.Ж. Көпеев (№1) қолжазбасы мен Жаманқұлұлы Рақымжанның «Таң» журналына (1925, № 3) бастырған нұсқасы (№2) өте ұқсас.

а. Жеке сөздер мен өлең жолындағы айырымдар.

№ 1

№ 2

- |                               |                 |
|-------------------------------|-----------------|
| 1. Әбілмәмбет <i>патишаға</i> | <i>хандарға</i> |
| 2. Қалтаңдап жүріп күнелтіп   | (. . .)         |
| 3. Үйсін Төле <i>билердің</i> | <i>бидің</i>    |



тән бірден-бір ерекшелік. Бұған – өлең жолының ұмытылуы, қайта айту барысында алдыңғы жолдардың мазмұн әрі ұйқас толқыны жаңа жолды туғызуы, жол ішіндегі сөздердің біріне мағыналық екпін түсіру әсерінен сөздердің орын ауысуы, т.б. жатпақ. Айталық:

Қабанбайдан бұрын найзанды

Қай жерде жауға тіредің, –

дегенде екпін *қай жерде* тіркесіне түсіп тұр. Әрі басқа емес, дәл осы мағына беру *қай жерде* түріндегі форманы тауып отыр. Ал:

Қабанбайдан бұрын найзанды

Жауға қашан тіредің, –

дегенде *жауға* сөзіне ерекше мән беріліп, бұл сөз жолдың басына ауысып отыр. Бірақ бунақтық өлшем, ырғақ өлшемі, ырғақ толқыны жолдың *жауға* сөзінен кейінгі тұсына төрт буынды (қай жерде) сөзді «сыйғыза алмайды». Ырғаққа келіп тірелген дағдарыстан шығу *қай жерде* тіркесін *қашан* сөзімен қолма-қол ауыстырып отыр.

Қабанбайдан *бұрын* найзанды

(Қай жерде *жауға* тіредің?)

(Жауға ~~~~~ <қай жерде> ~~~~~ тіредің)

(Жауға *қашан* тіредің.)

Міне, мұндай текстологиялық ауытқулар заңды ауытқуларға жатады. Сондықтан да мұндай вариантты жолдардың бірін негізгі, бірін соңғы деп бөлмей, екеуін де қатар алып, талдау объектісі ету керек болады.

Ал енді:

Үйсін Төле билердің

Үйсін Төле бидің, –

дегенде бірінде ырғақ әуенімен кетіп, буын өлшемі заңдылығына бойсұну бар да, бірінде грамматикалық заңдылыққа бағыну бар. Сөз жоқ, буын өлшемі заңдылығын ескере бермеу қазақ поэзиясы үшін көнелік белгі.

Жусатып *қойдай* ергізіп,

Жусатып *тағы* ергізіп, –

дегенде, алғашқысында халық тіліндегі *қойдай жусатып өргізіп* (тұр) деген фразеологияны поэзияның ырғақ заңына икемдеп, сөз орнын ауыстырып қана пайдаланған. Ал екіншісінде халықтық фразеологияны «бұзып» пайдалану ізі бар: *тағы* сөзін кіргізіп, тіркестегі қимылдық мазмұнға реңк, бояу беру мақсаты көзделген.

Біз Бұхардың барлық өлеңіне тексттік талдау жасамаймыз, өйткені біз жыраудың тілін текстологиялық жағынан талдауды емес, өзінен аттап кетуді көтермейтін бұл мәселеде қандай принцип ұсталынуы керектігін бірінші кезекке қойып отырмыз. Және жырау тілін талдау барысында көрінуге тиіс пікірлердің туу көзінің нақты материалдық эскизін түсіруді ойладық.

\* \* \*

Бұхар – халықтық өнеге оқуы дидактикалық поэзия мен азаматтық поэзияның жыршысы. Ол «Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң», «Айналасын жер тұтқан» сияқты өлеңдері мен өзіне дейінгі халықтық дидактикалық поэзия дәстүрін ілгері дамытса, «Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай, сені мен көргенде», «Ханға жауап айтпасам», «Керей қайда барасың» әрі «Бірінші тілек тілеңіз» сияқты өлеңдерімен арғы жерде Асан қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет жыраулардан басталған азаматтық поэзияны тақырып әрі түр жағынан жетілдіріп, кемелденген поэзия үлгісін жасады. Поэзияның өз дәуірі мәселесіне араласып, жалпы халықтық ой-пікірдің, заман тынысының көрінісі ретінде қоғамдық құбылысқа айналуына зор ықпал етті. Бұхардың және оның поэзиясының өзіне дейінгі жыраулардан, олардың өлеңдерінен ерекшелігі, міне, осында жатыр.

Бұхарға дейінгі халық поэзиясы тарихында біз «Шалкиіз өлеңдері», «Асан қайғы өлеңдері», «Жиёмбет өлеңдері» деген атаудан, танымнан жоғары тұратын мұраны білмейміз. Асан қайғыны қоспағанда, Бұхарға дейінгі аты әйгілі жырау-ақындардың бәрі де құрғақ дидактикалық мазмұнды өлеңнен, жеке субъективтік мүдде тұрғысынан келетін ерлік-батырлық, ішінара арнау өлеңдерден ары барған жоқ. Ал Бұхар жалпы халықтық тақырыпты сөз етіп, олардан бір саты жоғары көтерілді. Оның өлеңдеріндегі ой жекенің ойы емес, көптің, өз дәуірінің ойы болды, ол ой қоғамдық сипат алды, ал мұндай ой-пікірге ие өлеңдер «өлең» деген атау беретін мағына аясынан шығып, «поэзия» деген атау беретін мағына аясында түсіну дәрежесіне көтерілді. *Бұхар поэзиясы* деген поэзия жасалды. Мәселеге осы тұрғыдан келіп қарағанда академик Қ. Жұмалиевтің Бұхар жөніндегі пікірінде жана-малап келетін даусыз шындық бар.



Әрине, ол: «Қазақстанның қай облысында, қай өлкесінде болсын шығармалары өз атымен аталып, өзінің авторлығын толық сақтаған, сол кезде өмір сүрген бірінші ақын, тарихи адам – Бұхар жырау. Сондықтан ол әдебиет тарихының басы болып саналады» [1], – деген тұжырыммен келетін пікірі емес, қазақ әдебиетінің арғы дәуіріне арналған кейінгі кездегі зерттеулер аты мен шығармасы бірдей сақталған өзге де тарихи адамдарды анықтап отыр [2]. Мәселеге жалаң тарихи болған автор және шығарма тұрғысынан қарау бір жақтылық, академик Қ. Жұмалиевтің жоғарыдағы пікірі өзге зерттеуші ғалымдар тарапынан қарсылық тауып жүрсе, онда шындық бар. Ал мәселеге тақырып, ой, пікір, оның сипаты жағынан келгенде, Бұхарға басқа емес, дәл осы жағынан келгенде Қ. Жұмалиев даусыз пікірдің иесі. Қазақ әдебиеті тарихында түгеннің поэзиясы дейтін поэзия ең бірінші рет Бұхар атына ғана байланысты көрінді. Бірақ бұған Бұхар алдында поэзия болмады деген пікір әсте тумады, тұтас алғанда *халық поэзиясы* болды, яғни дидактикалық, ерлік-азаматтық жыр үлгісіндегі поэзия болды. Ол поэзияның өкілдері болды, ал жеке алғанда жырау-ақындар болды, олардың дидактикалық ерлік-азаматтық сарында, үлгіде туған өлеңдері болды.

## 2. Бұхар поэзиясы тілінің лексикалық құрамы

Бұхар поэзиясы тілінің лексикалық құрамы едәуір бай. Мұның өзі сол кездегі қазақ тұрмысының жырау өлеңдерінде біршама бой көрсетуіне байланысты еді. Өйткені сөзді поэзияға жетектеп әкелетін тақырып.

Әрине, Бұхар өлеңдерінің бәрі бірдей тақырып жағынан сараланып келе бермейді. Айталық, «Қалдар ханмен ұрысып» деген өлең таза ерлік, жорық тақырыбына құрылса, «Айналасын жер тұтқан», «Ай не болар күннен сон» сияқты өлеңдер халықтық философияға негізделген. Ал бұл философия отбасындағы шарттылықтан ай мен күнге дейінгі аралықтағы заттардың, құбылыстардың ерекшелігінен түйіндеу, пайымдау жасайды: ай да батады, бәйшешек те солады, қу тақырға қурай біткендей қу таяқты кедейге де дәулет бітеді. Яғни бұлар философиялық ұғым берудегі тілдік-стильдік тәсілдің материалдары.

Егер «ай батты, көл суалды, бәйшешек қурады, қамқа тон шүберек болды, Қарымбайдың дәулеті тайды» – десек, мұндағы сөздер таза табиғат пен тұрмыстық лексика.

Айналасын жер тұтқан  
Айды батпас деменіз,  
Айнала ішсе таусылып,  
Көл суалмас деменіз,  
Құрсағы құшақ байлардан  
Дәулет таймас деменіз...

Құлпырып тұрған бәйшешек  
Қурай болар солған соң,  
Хандар киген қамқа тон  
Шүберек болар тозған соң, –

дегенде *ай батуы, көл суалуы, дәулет таюы, бәйшешектің қурай болуы, қамқа тонның шүберек болуы* екінші бір жаңа мағына үшін қызметке жегіліп отыр. Бірақ бұларды мәңгілік, өтпелі, ауыспалы, өзгермелі сан-сапа өзгерісі, шарттылық сияқты философиялық ұғымдағы терминдер тіпті сөздер ретінде қарауға келмейді. Өйткені жоғарғы өлеңдердің өзінде философиялық ұғым жоқ, ол ұғым заттар мен құбылыстарға тән қасиетте жатыр. Бұл жерде негізгі рөлді сөздердің мағынасы емес, сөздерді пайдалану тәсілі атқарып тұр.

Міне, осындай топтағы сөздерді тақырып, мағыналық, стильдік қызметі жағынан жіктеу мүмкін емес. Сондықтан да Бұхар поэзиясында кездесер бірсыпыра лексиканың сөз болмай қалуы толық заңды нәрсе.

Бұхар өз өлеңдерінде қазақ тіршілігінің, тұрмысының біраз жағын тікелей де, жанама да сөз етіп отырады. Осыған орай жырау өлеңдері лексикасында **тұрмыстық сөздер, сөз тіркестері** едәуір. Айталық: (1) *арба, доңғалақ, арыс (ы), сарай, ағаш үй, жарты лашық, қыстау, көш, үлде, төсек, шекпен, бөз, шара, отын, жантақ, бұзау, тері, шөптік, талыс*; (2) *көпір, құл, күң, ұры, қарақ, кісі, қатын-бала, шеше, жігіт, бикеш, қария, шал, кәрілік, келін, пақыр, еркек, ұрғашы, алғаны*, т.б. Сол сияқты: *төркіндеу, мертік (болу), бұлген (соң), тіркеусіз қайту, ту сақтау, теперіш көру, шандып алу, берекесі қашу, күнелту, түйе бағу*, т.б. тіркестер.

Бұл тұрмыстық лексикалардың ішінде *мертік, бұлу, теперіш, талыс, шөнтік, жебелеу, көбелеу, ұлышлату* сияқты сирек кездесетін пассив сөздер мен *бикеш, алғаны* сияқты жаңа сөздер – неологизмдер бар. Егер бұрынғы дәуір әдебиет үлгілерінде *қанекей (тінекей), ару* сөздері жиі кездесе, Бұхарда бұлардың орнына *бикеш, алғаны, аяулың* сияқты сөздер қолданылады.

Бұхар поэзиясында ерлік-батырлық өлеңдер көп емес. Осы себепті де жырау өлеңдерінде **жауынгерлік лексика** мен **тіркестер** өте аз кездеседі. Тіпті «Қалдар ханмен ұрысып» сияқты тікелей жорық тақырыбына арналған өлеңдерінің өзінде соғысқа тән ерлік, батырлық әрекет нақты суреттелмейді, жырау бұл соғысты сырттай ғана хабарлай баяндайды. Тақырыпқа лайық айтылуға тиіс сөздер баяндау стиліне байланысты тілге оралмай қалған. Тегінде мұның өзі Бұхардың қай тақырып жыршысы болғандығын я болмағандығын мегземек.

Бұхарда: *бес сан (он сан) қол, ұрыс, жанжал, ерегіс, сүріс, соғыс, ақ сойыл, қылыш, найза, ту, дұшпан, жау, батыр, ер сияқты сөздер ғана, шеп шалу, жортып жүру, тоят тілеу, алмаған жау, найза тіреу, түн қату, қамалды бұзу, жаулық сағынбау, жаулық жолын сүймеу, ұрысты қыздыру, көк алу, әскер қылу* сияқты екінші, үшінші қатардағы тіркестер ғана бар. Бұхарда күллі қару-жарақтан *қылыш, найза, ақ сойыл* ғана бар. Олар да *ақ найза, өткір қылыш* түрінде суреттемесімен жүрген жоқ. Өйткені Бұхар қаруды әңгіме етпейді, қару иесі батырдың ісін әңгіме етеді.

Бұхар өлеңдерінде қазақ халқының сол дәуірдегі саяси-әлеуметтік өмірінен хабардар ететін бірсыпыра **әлеуметтік мәндегі терминдер, сөздер мен сөз тіркестері бар**. Олар: 1) *патша хан, бек, би, төре, жақсы*; 2) *аталы (-дан би қойсаң), атасыз (-дан би қойсаң), тексіз (-ді төрге шығарып), затсыз, жабы, сүйегіңді (жоғалтпас)*, 3) *қара, халқым* (не деп айтады); *азды көпке* (теңгеріп), *жалғыз (-ды жалғыз деменіз), момын (-ға келіп бек болдык), қараша* (халқы сыйласа); 4) *бай*, (қу таяқты) кедей, жарлы, қызметші, азаткер (де) *құлыңыз, күң*; 5) *жол, жора, пара, олжа*; 6) *бөліске түсу, жарлық салу, қаһар қылу, есе тию, теңдік тию, бұйыру, сөгу, төре (-сін жаңылар), біту* (Абылай алдында сен бітсең). Осы дәуірде *туған есепке салу* (алу), *қағазға* (салу)

жазу, әскер қылу, солдат алу сияқты жаңа тіркестер де Бұхар өлеңдерінен бой көрсетті.

Әрине, Бұхар өлеңдерінде кездесетін бұл сөздердің бәрі бірдей мағына жағынан сараланып жұмсала бермейді. Жырау *момынға келіп бек болдың* дегенде *бек болу* сөзін *әмірші болу, хан болу* мағынасында алып отыр. Ал Абылайдың өзі жөнінде:

1. Үйсін Төле бидің  
Түйесін баққан құл едің,
2. Момынға келіп бек болдың  
Атаңды білмес құл едің.
3. Жалаң аяқ жар кешіп  
Бөз тоқыған сарт едің.
4. Шешенді және сұрасаң  
Түрікпеннің төрінде  
Қашып жүрген күң еді, –

түрінде келетін сөздер – халық поэзиясында ұшыраса беретін дәстүрлі жолдар ыңғайымен ғана туған таза поэзиялық бояудағы сөздер. «Едіге толғауында» Едіге Жамбайға:

Атаң қара кісі еді,  
Мал бергеннің құлы еді,  
Шешен қара кісі еді  
Ас бергеннің күні еді, –

десе, «Орақтың толғауында» Орақ Қарабатырға былай дейді:

Мен толға десең толғайын,  
Қарабатыр, саған толғайын,  
Мен сенің түп-түбіңнен айтайын,  
Сен Мышақыр деген шаһардан  
Азып шыққан жалғыз үйлі сарт едің,  
Әкең қара кісі еді, –  
Ас бергеннің құлы еді,  
Шешен қара кісі еді, –  
Мал бергеннің күні еді.

Тіпті Бұхар өлеңінің бір вариантында «Қашып жүріп күнелткен Мәскенің қара күні еді» [3] деген жолдар да бар. Бұлар жай

кездейсоқ ұқсастық емес, бұлар халық поэзиясындағы дәстүрлі жолдар, дайын фразалар. Міне, сол үшін де Бұхарда кездесетін әлеуметтік терминдерді екі жағдайда – таза терминдік мәніне әрі жұмсау тәсіліне қарай айыра қарау керек болады.

Бұхар поэзиясында оның тақырыптық ерекшелігіне қарай ел-жұрт, жер-су, кісі аттары мол кездеседі. Сол кезде қазақ халқы көрші болған ел (*орыс, қалмақ, қырғыз, қарақалпақ, сарт, түрікпен*) атауларымен бірге қазақтың ішкі ата, рулары да айтылып отырады: *Керей, Арғын, Қанжығалы, Кара Керей, Сіргелі, Шапырашты, Қасқарау, Жаныс*. Бұхарда бұлармен бірге үш жүздің баласы, он сан алаш баласы, ел, халық, жұрт, қазақ сөздері де бар. Бұхарға дейінгі жыраулар өлеңдерінде үш жүздің, қазақтың атынан айту, бұл терминдерді осы тұрғыдан келіп пайдалану кездесе бермейді. Көлемді өлеңі бар Жиёмбет жырауда:

Арқаға қарай көшермін  
Алашыма ұран десермін  
Қаһарыңды басқалы  
Қалың елім жиылды,  
Он екі ата Байұлы  
Бір тәңріге сиынды, –

деген реттерде ғана айтылса, Ақтамбердіде: Халыққа атым белгілі Елден елге аралап, Жүз нарға кілем жаптырып, Қазақтан сәнін арттырып, – деп, өте абстрактілі айтылады. Біршама нақтылау Жиёмбетте ел деген ұғым ру, ата деңгейінде ғана қолданылған. Ал Бұхарда *ел қамын жеген жақсыны, сорлы қазақ қалды ойла, шұбырып қазақ кетті ойла, мұсылманның баласы, үш жүздің баласының* (атының басын бір кезеңге теңедің), *жұртыңа жаулық сағынба* түрінде айтылады. Демек, азаматтық поэзиямызда *қазақ* сөзінің тұтас халықтың атауы ретінде алынып, тұтас халықтың жиынтық ұғымы ретінде қолданылуы бірінші рет Бұхар жырау өлеңінен басталады. Басқаша айтқанда, азаматтық поэзияда *қазақ* сөзі «Тоқтамыс толғауында» жалпы халықтың баламасы ретінде айтылатын *ноғай* терминінен кейін бірінші рет тұтас ел, халық атауы ретінде Бұхарда қолданылған.

Ал XV ғасыр жырларынан кейінгі азаматтық поэзияда **қазақ халқына қоныс болған жер-су** Бұхар өлеңдеріндегідей мол аталған емес. Жырау шығармаларында *Жиделібайсын, Сырда-*

рия, Түркістан, Ұлытау, Созақ, Баянауыл, Қызылтау, Көкмұрын, Қарқаралы, Атбасар, Қалғұтан, Көкшетау, Сабантау, Жарқайың, Арқа сияқты топонимикалық атаулар кездеседі. Бұлар, әрине, Бұхар поэзиясындағы тілдік материалдар ғана емес, тарихта. Жырау: «*Керей қайда барасың, Сырдың бойын көбелеп*», – дейді. Міне, мұнда қазақ руларының жүру, болу ізі жатыр.

Бұхар жырау өлеңдерінде кездесетін **ономастикалық терминдерге** де осы тұрғыдан қарау керек. Айталық, Бұхарда: *Әбіл-мәмбет патша (хан), Абылай хан (хан Абылай), Үйсін Төле би, Қалдар хан, Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Қара Төлек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, Жаныс Қаратай, Ақмұрза, Есенқұл батыр*, т.б. күрделі атаулар бар және бұлар сонау XV ғасыр жырларында дәстүр үлгісінде ру атымен қоса қатар алынып отырады.

Бұхар өлеңдерінде **араб-парсы сөздерінің** кездесу реті жыраудың бұл сөздерді шағатай әдебиеті материалдары ыңғайымен болсын, я араб тілі ыңғайымен болсын, қалай дегенде де жете біліп қолданғандығын аңғартады. Жырау өлеңдерінде, бұған дейінгі әдеби үлгілерде кездесу жағдайынан қарағанда, сол кезде жалпы халықтық сөйлеу тілі дәстүріне еніп қалған *бақ, тақ, қаза, уақыт, қыбыла, залым, намаз, момын, мұсылман, кәпір, жесір, дүние, жанжал, құдай, кеңес, нан, қала, заман, халық, пара, жан, кедей, дін, әйел, патша, дұшпан*, т.б. сөздермен қатар *пақыр, пиғыл, насық, қағаз, есеп, қам, зат (сыз), әгер, ақыры, қаһар, хабар, бәден, зайып, маһар, жауап, нұр, азаткер, дәулет, арсы-күрсі*, т.б. сияқты сөйлеу тілінде пассив қолданылған сөздер де кездеседі.

Бұл сөздердің Бұхар сөздерінде қолданылуы олардың сөйлеу тілінің тұрақты қорына айналып, дағдылы тіл машығына енгендігінен емес, жырау бұлардың біразын-ақ поэтикалық тілдік бояу ретінде әдейі қолданады. Жырау *пиғылы насық залымның, зайыры қатты бу көпір, сегіз қайыр шар тарап, бес уақытты бес намаз* түрінде араб-парсы сөздерін тұтас сөйлемдік үлгіде алып отырады. Кейде:

Уақытымыз өткен соң

Мезгіліміз жеткен соң, –

түрінде араб-парсы сөздерін синоним жағдайында қолданса, кейде *жанжал-ерегіс және затсыз-тексіз* түрінде *қылмаңдар*

жанжал, ерегiс; затсыз, тексiз (сол кәпiр), араб-қазақ сөздерiн синоним ретiнде қатар алады.

Бұхар өлеңдерiнде араб-парсы сөздерiнiң ұйытқылығы негiзiнде жасалған, қалыптасқан бiрсыпыра тiркес кездеседi: *уақыт жету, мезгiл өту, уақыт кету, уақыт iсi, уақыт толу, басынан заманы көшу, төрт құбыла, сегiз қиыр шар тарап, намаз қаза болмау, аллаға жазбау, тақтан таймау, жесiр қалмау, жанжал қылмау, кеңес құру, жауап айту (жауап сөйлеу), қайғылы хабар, қаһар қылу, қам айту, сұм дүние, дүниедей кең, дәулет бiту, дәулет құс қонды, бақ үйiне түнеу*, т.б. Осылардың iшiнде *дәулет құсы қону, бақ үйiне түнеу* – араб тiлi (әдебиетi) негiзiнде туған барынша жаңа тiркестер. Бұхарда дәулет сөзi араб тiлiндегi «байлық» мағынасында да (дәулет бiту түрiнде) әрi «бақыт» мағынасында да (дәулет құсы түрiнде) қатар кездеседi.

Мiне, бұлар араб тiлiнен калька түрiнде аударылған тiркестер. Сол сияқты Бұхарда *қалмақтан алсаң маһар бiр зайып* [4] деген жол бар. Зайып араб тiлiнде әйел, ал *маһар* сөзi *мехр* болса «сүйiктi», *мехр* болса қалың малды деген сөз. Бұхар араб тiлiндегi осы сөздер тiркесiн араға жалғаулық бiр сөзiн кiрiстiрiп қана сол күйiнде алып отыр.

Бұхар жырау өлеңдерiнде **фразеологиялық тiркестер** барынша мол.

1. Атау формалы есiм тiркестер: *жаулық жолы, алтын тұғыр, батыр ер, тас емшек, қамқа тон, ақ сұңқар құс, дәулет құсы, бақ үйi, ақиық бүркiт, төрт құбыла; сұм дүние, кең сарай, қарт баба, сары атан, құба жон*, т.б.

2. Септiк формалы есiм + етiстiк тiркестер. Бұхар өлеңдерiнде септiктi есiм + етiстiк тiркестер көп ұшыраса бермейдi: а) *тақтан таймау*, (төреңiз тақтан таймасқа), *бастан көшу* сияқты шығыс септiктi тiркестер; *бөлiске түсу* (бөлiске түссiн олжа деп; *Аллаға жазбау* (бiр Аллаға жазбасқа); *тiлiне еру* (тiлiне ерiп азбасқа), *атаққа қойылу* (әр атаққа қойылуын), *қағазға салу* (қағазға салар малыңды) сияқты барыс септiктi тiркестер; кегiн алу (кегiн алмас деменiз), *сұлуды құшу* (сұлуды құшқан жиырма бес), *қылықты қою, ұрысты қыздыру, қыстауын төгу, қамын айту* сияқты табыс септiктi тiркестер ғана кездеседi.

3. Атау формалы есім + етістік тіркестер: *тілек тілеу, жесір қалмау, төсек тарту, дәулет таймау, құлын салмау, түн қату, уақыт жету (кету), мезгіл өту (жету), шөп салу, есі шығу, қызметші болу, күнелту, ту сақтау, кеңес құру, ірге қоспау, үйір болу, тоят тілеу, жауап айту (сөйлеу), көңілі қайту, кісілігі кету, қаһар қылмау, әскер қылу, тіл алмау*, т.б.

Бұл тіркестердің ішінде салу сөзімен келетін *құлын салмау, шөп салу, сол сияқты төсек тарту, түн қату, күнелту* түріндегі барынша көне тіркестер де, *әскер қылу, жауап айту, жауап сөйлеу, кеңес құру* сияқты едәуір жаңа тіркестер де бар.

Әрине, белгілі бір тіркестердің көне я жаңалығы тек қана тіркес құрамындағы ұйытқы етістік сөздердің мағыналық күңгірттілігіне не айқындылығына байланысты емес. Әрі идиомаланудың өзі тек қана көнеліктің белгісі емес. Айталық, *сал* сөзі ұйытқы болған тіркестер ауыз әдебиетінде де, сөйлеу тілінде де өте көп: *бұлан мүйіз салмаса бұлтқа кетіп тұрмас па* (В.В. Радлов. Образцы...). *Сол кезде Құлтайыңның аяқ салған Тезекші қара күннен бір ұл туды* («Алпамыс»), *ән салу, ақыл салу, жарара салу, алқа салу, қол салу*, т.б. Осы тіркестердің қайсысы жаңа, қайсысы көне екендігі олардың барынша идиомалануына не мағыналық-идиомалық бірліктің әлсіздігіне, тіпті сол ұйытқы сөздің мағыналық жағынан айқын я күңгірт келуіне, тек осыларға байланысты емес.

*Сал* сөзі ұйытқы тіркестер модель жағынан көне. Осы көне тіркес моделінде мағыналық-идиомалық бірлігі берік әрі әлсіз сөз тіркестері әр кезде де туып отырған. Бұлардың көне я жаңа екендігі, біріншіден, олардың тілде тұтынылуының жиі я жиі еместігіне байланысты болса, екіншіден, *сал* сөзінің мағыналық реңкінде, үшіншіден, меңгерілуші сөзге байланысты. Айталық, Бұхарда кездесетін *қағазға салу* тіркесі – жаңа тіркес. Мұндағы жаңалық көзге ә дегеннен түсетін септік формада емес, *қағаз* сөзінің қазақ тілі үшін жаңа сөз екендігінде. Болмаса *тіл қату, жауап қату, жауап айту* да бір формалы, бір тәсілді тіркестер, бірақ бұлардың жаңа-көнелігі байланысу тәсілінде емес, бірінші сөздердің жаңа-көнелігінде. Тіл қату көне тіркес моделі, осы негізде жауап қату, жауап айту тіркестері жасалды. *Жауап* араб сөзі әрі *айт, әрі сөйле, қат* сөздері ұйытқылығында тіркеске



келді. Міне, *әскер құр* (хан сусын құрды), *кеңес құр*, *мәжіліс құр*, *мәслихат құр*, *әңгіме-дүкен құр* тіркестері де осы үлгілес тіркестер.

Әрине, тілдегі бұл сияқты ортақ модельді синоним тіркестерді тарихи тұрғыда әңгіме ету біздің міндетіміз емес. Біздің міндетіміз Бұхарда не бар дегенді ғана айту.

4. Бұхар өлеңдерінде **идиомалық тіркесті сөйлемдер** де көп. Жырау өз сөзін халықтың сөйлеу тілі машығы ыңғайымен образды айтуға барынша бейім тұрады.

Оныншы тілек тілеңіз:  
Он ай сені көтерген,  
Омыртқасы үзілген,  
Аязды түнді айналған,  
Бұлтты күнде толғанған,  
Тар құрсағын кеңіткен,  
Тас емшегін жібіткен,  
Анаң бір аңырап қалмасқа.  
Он бірінші тілек тіленіз:  
Он бармағы қыналы,  
Омырауы жұпарлы,  
Иісі жұпар аңқыған,  
Даусы қудай саңқыған,  
Назыменен күлдірген,  
Қылығыменен сүйдірген  
Ардақтап жүрген бикешің  
Жылай да жесір қалмасқа.

Міне, осы үзінді түгелімен халықтың ауыз әдебиетінде, ауызекі сөйлеу тілінде қалыптасқан дәстүрлі тіркестер мен сөйлемдерге құрылған. Ал енді «Ай, Абылай, Абылай» деген өлеңнен мына бір үзіндіні алайық:

Сен жиырма жасқа жеткен соң  
Алтын тұғыр үстінде  
Ақ сұңқар құстай түледің.  
Дәулет құс қонды басыңа,  
Қыдыр келді қасыңа,  
Бақ үйіне түнедің.  
Алыстан тоят тіледің,  
Қылышыңды тасқа біледің.

Ай, Абылай, Абылай,  
 Алмаған жауың қоймадың,  
 Алсаң дағы тоймадың,  
 Несібеңді жаттан тіледің.  
 Момынға келіп бек болдың,  
 Ата білмес құл едің.  
 Уа, сен Қанжығалы Бөгембай!  
 Қамалды бұзып қақ жарған  
 Қайла батыр ер едің?  
 Батырдан жұлде игі деп  
 Түн қатып қана жүр едің  
 Жұрт аузына ілінген  
 Тоқымың кеппес ұры едің...

Бұл жолдар тұтас күйінде идиомалық тіркесті сөйлемдерге құрылған. Бұл, әрине, Бұхарға ғана емес, сол кездегі жырау-ақындардың бәріне ортақ дәстүр болатын. Айырмашылық кімнің көп я аз қолдануы мен қалай өзгертіп, түрлендіріп қолданылуында ғана еді.

Бұхар шығармаларында мына сияқты тұрақты идиомалық тіркесті сөйлемдер кездеседі: *жер тұлданып (тұрмасқа); дәулет құс қонды (басыңа); бақ үйіне түнеді; батырдан жұлде игі (деп); жұрт аузына ілінген; аузыңа құдай қаратты; тай таласты үніңіз; жсаулық жолын (сүймеңіз); он сан алаш (баласы); (қай) алтынның буы (едің); ата білмес құл (едің); арқар ұранды (жат едің); (тегінен) тегін олжа болмасқа; тақымың кеппес ұры (едің); қамалды бұзып қақ жарған; несібеңді жаттан тіледің; (қалтаңдап жүріп) күнелтіп; бір ауызды болыңыз; жсалаң аяқ жар кешіп; жұлдызың туып оңыңнан; ақ сұңқар құстай түледің; түрікпеннің төрінде; тырнағын (қатты) батырып; жарлы менен байы тең.*

Өкпеңменен қабынба,  
 Өтіңменен жарылма  
 Басына моншақ көтерген  
 Жұртыңа жаулық сағынба.  
 Бұл қылықты қоймасаң,  
 Құдайдың бергеніне тоймасаң...  
 Ұйлыққан қойдай қамалып  
 Бүйіріне шаншу қадалып.

Бұл өлең жолдарының көбі-ақ халық тілінде бар идиомалық (фразеологиялық) тіркестер негізінде жасалған. Бірақ пайдалану бар да, қандай ретпен қалай пайдалану тағы бар. Халық тілінде *басымнан заман өтті* деген идиомалық тіркес-сөйлем бар. Ал Бұхар осыны:

*<Жайнап тұрған> заманым*

*Басымнан <бүйтіп> көшкенде, –*

түрінде, біріншіден, *өтті* сөзін *көшти* сөзімен ауыстырса, екіншіден, тұрақты идиомалық тіркесті жырау өлеңнің ырғақ заңына бағындырып, екі жолға бөліп, араға сөз салып, сөйлеу тілі нормасын бұзып отыр, үшіншіден, өзге сөз аясына түсіріп отыр. Сол сияқты:

*Жалаң аяқ жар кешіп*

*Бөз тоқыған сарт едің, –*

дегенде жырау халық тіліндегі *жалаң аяқ жар кешіп, қызыл аяқ қыр кешіп* деген фразеологиялық сөйлемнің бір сыңарын ғана өз мақсатына пайдаланып отыр.

Ал енді *дәулет құсы қонды басыңа, бақ үйіне түнедің, жұртыңа жаулық сағынба*, т.б. сияқты фразеологиялық жолдарды Бұхар жыраудың өзі жасауы толық мүмкін нәрсе.

### 3. Бұхар поэзиясының грамматикасы жайлы

Бұхар жыраудың өлеңдерінде біраз грамматикалық формалар поэтикалық тілдік-стильдік қызметке жегілу жағынан біршама ерекшеленеді. Яғни олардың бірсыпырасы поэтикалық, тілдік қызметте актив бой көрсетсе, бірсыпырасы пассив көрінеді.

Жыраудың дидактикалық сарындағы философиялық толғаулары сөйлем жүйесі, баяндауыш формалары жағынан өзіне дейінгі шешендік толғау өлеңдердің сөйлем жүйесіне, баяндауыш формаларына ұқсап жатады.

1. Бұхар жыраудың «Ай не болар күннен соң» өлеңі өзінің баяндауыштық-ұйқастық жүйесін *-ар* және *-ген соң*, *ар* және *-дан соң*, *-ма-с* және *-ған (-дан)* соң формаларының жұптастығына құрған, яғни бір өлеңде шешендік толғау өлеңдерді жасаудың үш түрлі тәсілі тоғысқан.

(1) Ай не болар күннен соң

Күн не болар айдан соң.

(2) Құлпырып тұрған бәйшешек

Қурай болар солған соң.

(3) Жігіт жақсы бола алмас,

Алғаны жаман болған соң.

(3а) Қоспақ өркеш сары атан

Қом жасамас майдан соң.

2. Ал шешендік сөз, шешендік толғауларға тән *-ма-с* де... түріндегі тұрақты форма тіркесі «Айналасын жер тұтқан» өлеңінің баяндауыштық-ұйқастық түрін жасауға, яғни өлеңнің баяндауыш позициясындағы тілдік-стильдік ерекше белгісін жасауға қатысқан.

Құландар ойнар қу тақыр

Қурай бітпес деменіз

Қурай біткен құба жон

Құлан жортпас деменіз,

Құрсағы жуан боз бие

Құлын салмас деменіз.

3. Бұхар *-ма-с-қа* формасын тілдік-стильдік актив форма ретінде қолданады. Яғни осы форманы өлеңнің баяндауыш позициясында грамматикалық параллелизм жасауға пайдаланады.

Бірінші тілек тілеңіз

Бір Аллаға жазбасқа...

Екінші тілек тілеңіз

Пиғылы пасық залымның

Тіліне еріп азбасқа

Үшінші тілек тілеңіз

Үшкілсіз көйлек кимеске;

Төртінші тілек тілеңіз

Төрде төсек тартып жатпасқа...

Бұл *-ма -с -қа* формасы да шешендік сөздерде актив форма ретінде қызмет етеді.

Атың тулап шықпасқа

Артқы айылдың бегі игі.

4. XV ғасыр жырында көрінетін алабөтен синтаксистік ерекшелік – өлеңнің ырғақ заңдылығы негізінде туған поэтикалық-тілдік тұрақты тәсіл Бұхар өлеңдерінде де біршама көрініс береді.

Құландар ойнар қу тақыр [–]<sup>1</sup>

Қурай бітпес деменіз,

Қурай біткен құба жон [-]<sup>1</sup>  
 Құлан жортпас деменіз,  
 Бес уақытты бес намаз [-]<sup>2</sup>  
 Біреуі қаза болмасқа,  
 Алтыншы тілек тілеңіз  
 Алпыс басты ақ орда [-]<sup>3</sup>  
 Өзің қонған Көкшетау [-]<sup>4</sup>

Осы үзінділердегі 3 және 4-белгілерге барыс септігінің -ға жалғауы айтылмай тұрса, 2-де ілік септігі, 3-де тәуелдік жалғауы айтылмай тұр. Әрине, сөйлеу тілінде бұлардың қай-қайсысы да ретті жерінде түсіріліп айтыла береді. Өңгіме бұл жерде осы формалардың жалпы түсірілуінде емес, түсірілетін орнында.

Сол сияқты Бұхар өзіне дейінгі халық поэзиясында ырғақтық, дәнекерлік қызмет атқаратын *бір* шылау сөзін сирек те болса қолданып отырады.

- (1) Анаң бір/аңырап қалмасқа
- (2) Сорлы бір/қазақ қалды, ойла.
- (3) Жапанда бір/соғысып
- (4) Кәпір бір/алмас деменіз
- (5) Жұмсап бір/тұрсын қолыңнан.

*Бір* сөзінің көбіне, үнемі дерлік өлең жолының алғашқы бунағында келуі ауызша айтуға байланысты туған ырғақ заңдылығын көрсетеді. Өз өлеңдерін ауызша шығарған Бұхар жырау, әрине, бұл дәстүр заңдылығынан аттап кете алмайды.

5. Бұхар өлеңдерінде поэтикалық тілдік-стильдік қызметімен мол көрінбейтін, жай тілдік грамматикалық тәсіл ретінде өлең жолдарының ішінде сирек көрінетін бірлі-жарым формалар кездеседі. Мысалы - *ар*, - *ға*, - *мақ*, - *ман* жұрнақтары Бұхар тіліне көп орала бермеген жұрнақтар. Қараңыз:

Еріншек күнің сол болар  
 Еңкейіп орақ *орарға*  
 Тоңқайып масақ *терерге*.  
 («Ай, Абылай, сен он бір жасыңда»)

Қатты тамақ шайнарға  
 Мен пақырда тіс бар ма?  
 («Атан болған жиырма бес»)

Ханның жақсы болмағы  
 Қарашаның елдігі,  
 Қараша халқы сыйласа  
 Алтыннан болар белдігі.  
 (Бұл да сонда)

Сен қашсаң да, мен қойман  
 Арғымағым жебелеп.  
 («Керей, қайда барасың»)

Бұл жұрнақтар Бұхар өлеңінде осы жолдарда ғана кездеседі. Сондықтан да бұларды Бұхар поэзиясы үшін ерекше белгі ретінде қараудан гөрі сол кездегі сөйлеу тіліне тән тілдік белгілердің бой көрсетуі ретінде ғана, поэтикалық тілдік-стильдік тәсілге көтерілмеген формалар ретінде ғана қараған мақұл болады. Өйткені Бұхар дәуірі ғана емес, ауызекі сөйлеу тіліміздің кейінгі дәуірінде де бұл тілдік белгілер пассив формалар қатарында қызмет етіп отырған.

\* \* \*

Поэзия үлгілері сөйлем жүйесінде ауызекі тіл сөйлем жүйесінен қаншалықты өзгешеленсе, қаншалықты өзіндік заңдылықтар тапса, оның поэтикалық көркемдігі соншалықты арта түседі. Поэзия үшін сөйлеу тілінің синтаксистік нормасын бұзу бірінші кезектегі іс. Ол жоғарыдағыдай сөйлемнің баяндауышын белгілі бір топтағы формаларға құрып, өзге сөз үлгілерінен ерекшеленетіні сияқты, өлең жолы бойындағы сөздердің тәртібіне де, өлең жолдарындағы сөздердің сөйлемге жіктелуі тәртібіне де – бәріне де өзгешелік енгізіп, сөйлеу тілінен ерекшеленуі керек. Ол өзінің осы ерекшеліктерін қаншалықты көбейтсе, сөйлеу тілінен соншалықты алыстан, арақатынасын үзе түседі.

Бұхар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай» деген атақты өлеңінің кіріспе бөлімі былай басталады:

//Ай, Абылай, Абылай!  
 Сені мен көргенде  
 Тұрымтайдай ұл едің//  
 //Әбілмәмбет патшаға

Қызметші болып тұр едің, //  
 //Сен қай жерде жүріп жетілдің?—//  
 //Қалтаңмен жүріп күнелтіп, /  
 Үйсін Төле бидің  
 Түйесін баққан құл едің. //  
 //Сен жиырма жасқа жеткен соң /  
 Алтын тұғыр үстінде  
 Ақ сұңқар құстай түледің. //

Осында сөздердің, тіркестердің орналасу тәртібінде сөйлеу тілі заңдылығына қайшы келетін бірде-бір ауытқу жоқ. Демек, бұл жолдардың өлеңдік көркемдігі төмен. Міне, Бұхар өлеңдерінің де, Бұхарға дейінгі поэзияның да негізгі бір ерекше белгісі көпшілік жағдайда осы сипатты болып келеді.

Бұхардың екінші бір өлеңі былай басталады:

//Ханға жауап айтпасам, /  
 Ханның көңілі қайтады. //  
 //Қандыра жауап сөйлесем, /  
 Халқым не деп айтады. //  
 //Қайғылы мұндай хабарды  
 Сұрамасаң нетеді, //  
 //Сұраған соң айтпасам, /  
 Кісілігім кетеді. //

Мұнда да ешқандай ерекшелік жоқ. Демек, бұл өлең жолы да сөйлеу тілі синтаксисі жүйесінде туған.

Бұл екі өлеңде де белгілі бір топтағы формаға құрылмаған, қалыптасқан канондық-үлгілік формада тұрмаған. Яғни Бұхар жырау өлеңнің формасы қалай болу керек екендігін бірінші кезекке қоймаған. Бұл арада өлеңнің көркемділігі үшін бірінші кезекте қам жеу жоқ.

Міне, осы себепті де бұл екі өлеңде де ырғақтық инверсия, яғни бір тармақ бойындағы инверсия жоқтың қасында.

- (1) Дәулет құс қонды/басыңа
- (2) Қыдыр келіп/қасыңа  
Бай үйіне түнедің  
Алыстан тоят тіледің...
- (3) Жұлдызың туып/оңыңнан
- (4) Жан біткен еріп/соңыңнан

(5) Жұмсап бір тұрсын/қолыңнан

(6) Ақтан болды-ау/күніңіз

Арсы менен күрсіге

(7) Тай таласты/үніңіз

(«Ай, Абылай, Абылай»)

Бұхардың 65 жолдық өлеңінде кездесетін ырғақтық инверсия осылар ғана. Мұның өзінде де 1, 2, 3, және 7-жолдағы инверсияға идиомалық тіркестер себепші болып тұр. Ал 3-жолдағы идиомалық тіркеске тән инверсия соңғы 4–5-жолдарды ұйқас жағынан өзіне бағындыру арқылы инверсияға түсіріп отыр.

Бұхардың өзге өлеңдерінде де ырғақтық инверсия осы сияқты сирек ұшырасып отырады. Керісінше, тұрақты ұйқасқа құрылған өлеңдерінде ырғақтық инверсия негізгі рөлге ие. Қараңыз:

/Ай не болар/күннен соң/

/Күн не болар/айдан соң/

/Құлпырып тұрған бәйшешек/

/Қурай болар/солған соң/

/Хандар киген қамқа тон/

/Шүберек болар/тозған соң/.

Бұл өлеңдерде тәсіл бірінші кезекке шығып отыр. Осы себепті де өлеңнің жетілген поэтикалық формасы жасалған. Яғни мұнда айту негізгі емес, қалай айту негізгі. Өйткені жырау айтудың формасын табу арқылы айтылмыш сөздің мағынасын әсерлеп, күшейтіп отыр. Бұхардың «Абылай ханның қасында Бұхарекең жырлайды» деген программалық өлеңінде форма мен мазмұн бірлігі көрінуі өлең құрылысына деген ақындық талаптың алға шығуының жемісі болатын:

...Қарқаралы деген тауларға

Қарқарасын шанышты, //ойла

Бетеге мен көденің

Берекесі қашты, //ойла...

Егер Бұхар өзіне дейінгі поэзияда көрінген үлгілерден ерекше үлгіде өлең туғызды десек, ол басқа емес, осы өлең. Бұл өлең Бұхар жырау ойы мен идеясының биіктеу нүктесін ғана көрсетіп қоймайды, ол Бұхар поэзиясының көркемдік, шеберлік жағынан жетілуінің де көрінісі.



#### 4. Бұхар поэзиясында сөздердің мағыналық қолданысы жайлы

Сөздерді көркемдік мақсатта қолдану, яғни мағыналық қызмет аясын кеңейтіп қолдану поэзияның стильдік-тілдік бір ерекшелігі. Тілдегі сөздердің осы тұрғыдан көрінген қатары шын мәніндегі поэзиялық лексика қатары. Мұнда сөздер өзінің жаңа мағынасымен, жаңа қызметімен, яғни поэтикалық реңк-бояуымен көрінеді. Белгілі бір жырау-ақын шығармаларында осы топтағы сөздердің көріну дәрежесі – сол жырау-ақынның поэтикалық тілді жасауға қатысы қандай дәрежеде екенін көрсетпек.

Әрине, белгілі бір тәсілдер «х» деген жырау-ақыннан бұрынғы поэзияда да болуы толық мүмкін нәрсе, бірақ осы бұрын барды қолдануда, қолдану ретінде «х» деген жырауға тән өзгешелік болуы тағы да мүмкін нәрсе. Сонымен бірге бұрын бар форманы жиі не сирек пайдалану «х» деген жырау-ақын өлеңдерінің өзіне дейінгімен (осы жағынан) байланысының да қай дәрежелігін көрсетпек. Айталық, *-ған* жұрнақты есімшелі анықтауыш жасау халық поэзиясында кең әрі жиі қолданылатын тәсіл. Міне, халық поэзиясындағы осы тәсіл Бұхарға да тән. Бұхар өлеңдерінде *-ған* формалы есімше сындық-анықтауыштық қызметте көп жұмсалады. Айталық, Бұхарда: *ардақтаған* (аяулың), *балықтан шыққан* (бір қарақ), *желкілдеген* (ту келіп), *жер қайысқан* (қол келіп), *қашып жүрген* (күң еді), *басына моншақ көтерген* (жұртыңа жаулық сағынба), т.б. түрінде өлең жолы араларында келумен қатар:

Он ай сені көтерген,  
Омыртқасы үзілген,  
Аязды түнде айналған,  
Бұлтты күнде толғанған,  
Тар құрсағын кеңейткен,  
Тас емшегін жібіткен,  
Анаң бір аңырап қалмасқа, –

түріндегі суреттемелі анықтауыштардың желілі-тізбекті түрлері де кездеседі. Бұл қолданыс-тәсіл Бұхарды халық поэзиясымен барынша табыстырады.

Ал Бұхар бұлармен қатар *тақымы кептес* (ұры), *ата білмес* (ұл) түріндегі анықтауыштарды сирек те болса қолданады. Бұ-

лайша -с жұрнақты есімшелі анықтауыш жасау Бұхарға дейінгі поэзияда да негізгі тәсіл емес еді.

Міне, Бұхардың көркемдегіш мақсатта қолданған сөздеріне де осы тұрғыдан қарау керек болады.

Бұхар өлеңдерінде эпитеттің тұрақты түрі аз: *боз бие, құба жон, қу тақыр*. («Айналасын жер тұтқан»), *кең сарай, сары атан* («Ай не болар күннен соң»), *ақ орда* («Бірінші тілек тілеңіз»), *ақ сойыл* («Керей қайда барасың») сияқты санаулы ғана тіркестер бар. Тегінде, бұған, біріншіден, Бұхардың тақырып таңдауы себепші болса керек. Өйткені әлеуметтік-саяси тақырыптағы жырлар тілінде эпитеттің бұл түрлері көрінуіне ұйтқы лексикалар аз болады әрі ондай сөздерді эпитет тіркесте беру жыраудың негізгі мақсаты емес. Екіншіден, эпитеттің өзге түрін пайдалануға бой ұру бұған кедергі болуы керек. Айталық, Бұхарда инверсияланған ерекше тіркесті эпитеттер молырақ кездеседі: (1) *еңсесі биік, құрсағы құшақ, құрсағы жуан, азуы кере қарыс, исі жұпар, жері тар, наны қатты, балығы тәтті, өзі сары, көзі көк, аузы-басы жүн*, (2) *бармағы қыналы, омырауы жұпарлы, еркегі жау жанды*, (3) *исі жұпар аңқыған, даусы құдай саңқыған*, т.б.

Бұхарда: *құрсағы құшақ (байлардан), құрсағы жуан (боз бие), он бармағы қыналы* түрінде келетін тіркестер әдетте *кебеже қарын, кең құрсақ, қыналы бармақ, жез тырнақ* үлгісінде келеді.

Бұхарда эпитеттегі елеулі жаңалық *сорлы қазақ, сұм дүние* тіркесіндегі *сорлы, сұм* эпитеттері. Бұлайша абстрактілі ұғымдардың эпитет ретінде келуі қазақ поэзиясында сөз жасаудағы бір елеулі табыс.

Бұхар өлеңдерінде **метафоралық мағынада** жұмсалған сөздер біршама. Олар түр жағынан да бай емес. Бұхарда метафораның, біріншіден, академик Қ. Жұмалиев көрсеткеніндей жіктік жалғаулары арқылы жасалған түрі кездеседі:

*Сен бұзау терісі шөніксің,  
Мен өгіз терісі талыспын [5].  
Мен Арғын деген арыспын,  
Аузы кере қарыспын.  
Абылай алдында сен бітсең,  
Құдандалы таныспын.*

Екіншіден, Бұхарда метафораның көлденең бір нәрсені екінші бір нәрсеге балау арқылы жасалатын түрі бар.

Тоқсан бес деген тор екен,  
 Дүйім жанның қоры екен,  
 Қарғиын десең екі жағы ор екен,  
 Найза бойы жар екен,  
 Түсіп кетсең түбіне  
 Түбі жоқ терең көл екен,  
 Ел қонбайтын шөл екен.

Жырау бұл жерде бір ғана «тоқсан бесті», «терең орға», «қорға», «торға», «найза бойы жарға», «түбі жоқ көлге», «ел қонбас шөлге» балап отыр.

Бұлайша әсерлей суреттеу – жалпы халық поэзиясына тән тәсіл. Мысалы, метафораның «еді» көмекші етістігі арқылы жасалатын түрінде де Бұхар Абылайды бірқатар нәрсеге балайды:

Отыз жасқа келгенде  
*Дүниедей кең едің.*  
 Отыз бес жасқа келгенде  
 Қара судың бетінде  
*Сығылып аққан сең едің.*  
 Қырық жасқа келгенде  
*Алтынды тонның жеңі едің.*

Бұхар өлеңдеріндегі бұл балама сөздер өзінің табиғаты жағынан өзгеше. Айталық:

Сен бұзау терісі шөніксің  
 Мен өгіз терісі талыспын, –

дегенде «мен-нің», «сен-нін» сыртында екі рулы ел ескеріліп отыр. Солардың ауқымын, мөлшерлі шамасын «бұзау терісі шөнікке», «өгіз терісі талысқа» балама жасайды. Бүкіл үлкендік атаулы мен кішілік атаулыдан Бұхардың тандап тапқаны өзінің үй мүлкі – *шөнік* пен *талыс* қана. Бұл заңды жай. Бұл – Бұхар стиліндегі жыраудың жеткен жері. Тіпті ол Абылайды *қара су бетіндегі сеңге, алтын тонның жеңіне* балайды. «Үш жүздің баласының атының басын бір кезеңге теңеген» Абылайына Бұхардың бар тапқан жақсысы, қасиеттісі, құдіреттісі – *алтын тонның жеңі, қара судың сеңі*. Әрине, *дүниедей кең едің* деген теңеулі метафорада жырау өзгеше сөз кестесін тапқан. Бірақ қалай дегенде де Бұхар сол кездегі поэзияға ортақ дәстүрден бөлекше жаңа балама жасамайды, сол деңгейде қалады.

Бұхар өлеңдеріндегі **теңеу** сөздер де әрі көлем жағынан, әрі түр жағынан барынша шағын. Бұхар өлеңінде есімге қатысты: *тұрымтайдай ұл* (едін), *дулығадай бас* (кетер) деген екі-ақ теңеу сөз бар, өзгесінің бәрі қимылға қатысты теңеулер.

Айталық, жырау жиырма бестің әрекетін *түлкідей сылаңдауға*, өзінің Керейге қаһарын *жауған күннің себелеуіне*, Абылайдың хандық тұғыр үстінде кемеліне келу тұсын *ақ сұңқардың түлеуіне* теңейді. Бәрі де сол өз дәуірінің түсінік дәрежесіне, өз дәуірінің экономикалық дәрежесіне сай. Тіпті жырау халықтың дүрлігіп қозғалуын қасқырдан қорыққан қойдың ұйлығып қамалуына теңейді. Одан арыға бармайды.

Әрине, Бұхарда өзге теңеу жоқ дегенді оның міні ретінде айта алмаймыз. Ол өзге теңеу өзге дәуірдің поэзиясының жемісі. Бірақ жалғыз ғана ескертпе: Бұхар поэзиясы тілінің лексикасындағы араб-парсы әсері оның көркемдік сөз жасауында байқала бермейді. Мысалы, «Мұхаббат-намеде» кездесетін *арыслан йурәклік хан уруқы, кішік йашидан улұқларының улұқы* түріндегі теңеу, эпитеттер Бұхарда жоқ. Мұның өзі Бұхардағы араб-парсы сөздері әдеби үлгідегі шығармалар арқылы емес, тар діни аядағы шығармалар арқылы келді деген ойға еріксіз итермелейді.

Демек, Бұхар тіліне сол дәуірдегі жазба поэзия тілінің әсері болмаған.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Жұмалиев Қ.* XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1967. 16-б.
2. «Ертедегі қазақ әдебиеті». Хрестоматия. Құрастырған: *Кенжебаев Б.* Алматы, 1967; *Мағауин М.* Қобыз сарыны. Алматы, 1968.
3. М.Ж. Көпеев қолжазбалары, №334-папка; XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962. 30-б.
4. «Таң» журналы. 1925. № 4.
5. *Жұмалиев Қ.* Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960. 217-б.

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТІЛІ

#### 1. Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысы

Қазақ әдебиеттану ғылымында Махамбет творчествосын барынша көп әрі барынша терең зерттеген академик Қажым Жұмалиев былай дейді: «Махамбет – өзіне дейінгі халық әдебиетінің барлық табыстарын толық меңгеріп, кемшілігін қайталамай, өз бетін, өз стилін айқындап, әдебиетте көрнекті үлгі қалдырған ақын... Махамбет – лирик ақын. Оның өлеңдерінде өзінің көңіл күйі мен ел сезімі ұштасып жатады. Сондықтан оның лирикасын, ең алдымен, әлеуметтік сарындағы, саяси лирика деп атауға тура келеді. Қоғамның топқа бөлінуінің негізінде таптық күрес туады да, сол таптық күрес саяси, таптық жырларды туғызады. Қоғамның тапқа бөлінуі және сол тапқа бөлінудің негізінде туған тап күресі қазақтың фольклорынан айқын көрінеді. Соған қарағанда, саяси лириканың бастамасы ауыз әдебиетінде жатыр. Демек, Махамбет-тің де саяси лирикасының бір тамыры фольклормен байланысты» [1]. Қ.Жұмалиев осы еңбегінің екінші бір жерінде ақында бар өлең түрлерін сөз ете келіп былай дейді: «Махамбет өлеңдерінде... үгіт өлеңдерімен қатар, лириканың басқа да түрлері бар. Ақынның бірқатар өлеңдері жоқтау үлгісіне құрылған.

Қазақ фольклорында дүние салған адамның тіршілікте істеген іс-әрекеттерін әр жағынан алып, толық баяндап жырлайтын жоқтаулар, естіртулер көп кездеседі. *Махамбет өлеңдерінің кейбіреулері фольклорда кездесетін жоқтау өлеңдерінің қысқа түріне жақындайды. ...Өйткені эпитет, метафора, теңеулерін алсақ, көбіне фольклордан алынған поэтикалық тілдер»* (107-б.). Ал енді бір ретте Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін сөз ете отырып, Қ. Жұмалиев: «Оның кейбір өлеңдерін лиро-

эпикалық түрге жатқызуға болады... Лирикалық сезінуге бөлене отырып оқиғаны баяндау лиро-эпикалық жырларға тән нәрсе екендігі кімге де болса мәлім.

Бұлай баяндау сарыны (мотив) Махамбеттің «Соғыс», «Мінкен ер», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Исатай сөзі» деген өлеңдерінде айқын сезіледі.

«Соғыс» деген өлеңінде Махамбет көтерілісінің әрбір кезеңдерін тарихи оқиғаның ізіне сәйкес етіп суреттейді.... Бір қарағанда, осы «Соғыспен» өрістес біркелкі өлеңдерді тіпті тарихи жыр өлеңдер тобына жатқызуға да болатын тәрізді. Бірақ бұл өз алдына жеке тексеруді керек ететін мәселе. Өйткені ауыз әдебиетіндегі белгілі бір түр саналатын тарихи өлеңдер (лиро-эпикалық жыр емес, қысқа өлеңдер) бізде әлі зерттелген емес. Махамбеттің бұл тектес өлеңдерінің ауыз әдебиетіндегі қысқа тарихи өлеңдермен байланысы айқын. Бірақ айырмасы қайсы? – деген сұрақ, әуелі ауыз әдебиетіндегі ескіден келе жатқан қысқа өлеңдердің өзін жеке мәселе етіп талдауды керек етеді» [2], – деген болатын.

Махамбет поэзиясының тамаша білгірі, академик Қ. Жұмалиев бұл пікірді ақын өлеңдерінің түрі мен тілдік материалдарын арғы дәуірлерден қалған бай поэзия үлгілерімен салыстыра отырып, осы салыстыру негізінде көрінген ұқсастықтарды, бірліктерді ескере отырып айтқан болатын. Бірақ Қ. Жұмалиев бұл бірлікті, байланыстылықты, жақындықты арнайы зерттеу объектісі еткен емес.

Сондықтан да Махамбет өзіне дейінгі халық поэзиясынан не алды, бұл ауыс-түйістің сипаты қай дәрежеде деген мәселе бізде әңгіме болмаған мәселе, ал Махамбет өлеңдерінің тілін сөз еткен тұста таза Махамбеттік дүниені айыра тану үшін және мына нәрселер ақынға тән дүние деу үшін бұл мәселе, сөз жоқ, әңгіме етілуі керек.

Қазақ поэзиясында бірде пәлен ақындікі, бірде түген ақындікі деп танылып жүрген біраз өлеңдер бар. Осындай даулы өлеңдерді біз Махамбет ақын өлеңдері арасынан да кездестіреміз. «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» деген жинақта Қазтуғандікі делініп мынадай өлең берілген:

Белгілі биік көк сенгір  
Басынан қарға ұшырмас,

Ер қарауыл қарар деп,  
Алыстан қара шалар деп;  
Балдағы алтын құрыш болат  
Ашылып шапсам дем тартар.  
Сусыным қанға қанар деп;  
Арғымақтың баласы  
Арыған сайын тың жортар.  
Арқа мен қосым қалар деп;  
Ақ дария толқын күшейтер,  
Құйрығын күн шалмаған балығым  
Ортамнан ойран салар деп;  
Азамат ердің баласы  
Жабыққанын білдірмес,  
Жамандар мазақ қылар деп (103).

Айырым-өзгешелігі өте аз осындай бір өлең Махамбет жинағында да бар:

Арғымақтың баласы  
Арығанын білдірмес,  
Арқамнан қосым қалар деп;  
Ағыны күшті ақ дария  
Қаһарланып толқиды,  
Қанатын күн шалмаған балығым  
Ортамнан ойран салар деп;  
Баттауыққа тоя оттамас,  
Балағы түкті қоңыр қаз  
Сұңқарлар үлгі алар деп...

(«Өлеңдер», 1962, 81-б.).

Сол сияқты Махамбеттің «Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ» деген өлеңіне өте ұқсас өлең Абылдікі деп берілген (Хрестоматия, 146-б.).

Қазтуған Махамбеттен үш ғасыр бұрын жасаған, ал Абыл болса Махамбетпен замандас ақын. Осы төрт өлеңді де сақтап келген халық. Ал енді осы өлеңдерді Махамбеттен «алып» Қазтуған мен Абылға «беруге» не, керісінше, бұл екеуінен «алып», Махамбетке «беруге» бола ма? Бұлайша бірінен «алып», біріне жай «бере салу» ғылымның ісі ме? Ғылым дәлелдеуді, иландырарлық дәлелді керек етеді. Ол жоқ жерде мынау өлең Махамбеттікі

деген кісіден, мынау өлең Қазтуғандікі я Абылдікі деген кісінің ешқандай бедел айырымы жоқ.

Сонда мұндай өлеңдерді қай тұрғыдан келіп сөз ету керек? Я бұл өлеңдер мазмұн, форма, тіл жағынан пәлендікі деп дәлелденуі керек, я мырзалық жасап ешкімнің де еншісіне бұра тартпай, ортақ дүние ретінде сөз болуы керек.

Біз бірінші өлеңнің тілі туралы мынадай күдікті сұраулар қояр едік:

1. *Балдағы алтын құрыш болат* тіркесі XV ғасырға тән бе? Ол дәуір жырында үнемі түсі суық шым болат түрінде келеді емес пе?

2. *Азамат ердің баласы деген* тіркес XV ғасыр поэзиясына тән бе? Махамбеттің өзге өлеңдерінде осы тіркес өте жиі келетіні назар аудармай ма?

Бұл сұрауларға дәлелді жауап берілуі керек. Онсыз бұл өлеңдердің тілін не XV ғасырға, не XIX ғасырға апарып тели алмаймыз. Бұл кемшілік қазақ әдебиетінің арғы дәуіріне қарай үңіле түскен, әуестене бой ұрып отырған қазіргі кезеңде айқынырақ көріне бастады. Өйткені бізде қазіргі таңда материалды әуелі зерттеп алудан гөрі оны қайсыбір жырау-ақынға телуге, еншілеуге бейім тұру тенденциясы басым болып барады. Яғни ескі мұраларды көпшілік оқырманға танытудағы игілікпен бірге шатастыру сияқты көлеңкелік те қатарласа бой көрсетіп отыр. Әрине, мұның өзі әдебиеттану ғылымының зерттеуден гөрі таныту ілгері шыққан кезеңіне тән. Мұны біз қазіргі еңбектермен ғана емес, ілгеріректегі еңбектерден – Бұхарды, Махамбетті, т.б. ақындарды тануға байланысты шыққан еңбектерден де көреміз.

Егер бұрын Махамбет өлеңі делініп келген бірсыпыра өлеңдерді бұл күнде өзге бір жыраудікі деп тануға мүмкіндік болып отырса, мұның өзі сол танытуға байланысты жүргізілген жұмыстар барысында барынша ұнамды іш тартудың, бүйрек бұрудың болғандығын көрсетпек.

Қазақ тілі тарихы мен қазақ әдеби тілінің тарихын жасау жұмысы – барынша дәлдікті керек етеді. «Формалистік-бюрократтық» принципке құрылған жұмыс бұл мәселемен тікелей айналысуға кіріскен кезде, әдебиеттану ғылымының осы жоғарыдағы сияқты осал жақтары көрініп отыр.



Әрине, Махамбет өлеңдерінің ішінде осы сияқты тұтас өлеңдер ғана кездесіп қоймайды, бұлардан басқа өлең аралық жолдар да кездесіп отырады. Ал бұл жолдар жай өз алдына бөлек алынып құрала салатын ауысулар, алулар емес, олар бұрынғы поэзия мен Махамбет поэзиясы арасындағы жанрлық, тілдік-стильдік тәсіл байланысының, мұралық-жалғастық дамудың көріністері. Тап қазіргі таңда Махамбет өлеңдері делініп жүрген өлеңдердің баршасын ала аламай тұтас алып, осы жоғарыдағы байланыс аясында қарау дұрысырақ сияқты.

Өйткені Махамбет айтты делініп жүрген «пәленшенің өлеңі» деген сипаттағы өлеңдер де, Махамбет өлеңдерінде кездесетін аралық жол, не дәл цитаттық, не өзгертіп пайдалану сияқты жолдар да – баршасы да ақын тіліне оның ақындық программасы талап еткен орта, жағдай сипатына қарай керектіктен, қажеттіктен оралып отырған дүниелер. Махамбетке тән ақындық-үгітшілік керекті, қажетті жерде өз сөзі, өзгенің сөзі дегенді айыра бермеген. Көтеріліске дейін бұрынғы дәуір поэзиясы үлгілері сипаттас өлеңдер шығарып және өзге жыраулар өлеңін өзі де айтып жүрген ақынның ақындық лабораториясындағы, репертуарындағы барша сөз үлгісі көтеріліс тұсында, көтеріліс жеңілгеннен кейінгі уақытта көтеріліс мақсатына орай қайта айту, қайыра айту процесінен өткен. Басқа емес, дәл осы айту ерекшелігі, өзгенің сөзін былай қойғанда, ақынның өз сөздерінің де «араласып» кетуіне себепші болған. Ақынның бір өлеңіндегі жолдар екінші, үшінші, төртінші өлеңдерінде кездесе береді.

## I

Мен құстан туған құмаймын,  
Бір тұлпарға жұбаймын.  
Сауырыма қамшы тиген соң.  
Шаппай нағып шыдаймын.  
Мен түбін кескен бәйтерек  
Толқын соқса құлармын (74).

Мен ақсұңқардан туған құмаймын,  
Бір сұңқарға жұбаймын.  
Сауырыма қамшы тигенде,  
Шаппай неғып шыдаймын.

Түбін қазған мен бәйтерек  
Толқуменен құлармын (46).

Шамдансам, шалқамнан түсер асаумын,  
Шамырқансам, шатынап сынар болатпын.  
(«Күмісті мылтық қолға алып»)

Боз ағаштан биік мен едім,  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.  
(«Мен едім»)

Мен ақ сұңқар құстың сойы едім,  
Шамырқансам тағы кетермін.  
(«Баймағамбет сұлтанға»)

Шамдансам жығар асаумын,  
Шамырқансам сынар болатпын.

Бұл қайталауларды кейінгі айтушылардың әбестен ауыстырып алуы дегеннен гөрі ақынның өзін-өзі қайталауы деген дұрыс болады. Ал керегіне қарай өзін-өзі қайталаған ақын осылайша қажетті жерінде керекті сөзді өзі ғана шығарып қоймай, бұрынғы ақындар сөзін де керекке жаратып отырған.

Сөйтіп, Махамбет иінді жерінде өзінен бұрынғы ақын-жырауларды да қайталап отырған.

Әрине, бұл жалаң қайталау емес еді. Тегінде, дәстүрлі жалғастық, ауысу, мұралану дегендердің өзі осы «қайталаулардан» көрінбек.

Қайталау деген ұғымға, біріншіден, поэзиядағы тәсіл, түр қайталануы, екіншіден, ой, пікір қайталауы, үшіншіден, сөйлемдер, жолдар қайталауы жатады.

Махамбеттің «Соғыс» өлеңі эпостық жыр үлгісіне өте жақын. Өлеңнің:

Әскер жиып аттандық,  
Бекетай еді тұрағым,  
Айғайлап жауға тигенде  
Ағатай, Беріш ұраным, –

деп басталатын жолдары тарихи жыр (өлең) үлгісінде туған. Бірақ ақын әрбір өлең жолына үнемі мағыналық жүк беріп отыр-

майды, осы себепті де өлеңнің мағынасына тікелей қатыстығы аз жолдар – эпостық жыр стиліне тән жанама, қосалқы жолдар көбірек кіріп кеткен.

Түніменен түйіндік,  
Таң атқанша тарандық.  
Таң ағарып атқан соң,  
Төңірекке қарандық.  
Қарап тұрсақ әр жерден  
Жау бір өрттей қайнайды,  
Қайнағанмен қоймайды,  
Мылтығын қардай боратып,  
Жетіп келді қамалға,  
Қамалды бұзып алуға...

Осында екінші бір ойдың басталуы ретінде «Түніменен түйіндік» деген жолдың келуі мақұл-ақ, ал мағынаның шашыраңқысыз жинақылығы, пікірдің орағытқысыз дәлдігі жағынан келгенде «*Таң атқанша тарандық*» деудің тіпті керегі жоқ. Немесе «*Жау бір өрттей қайнайды*» деу жеткілікті болса да, ұйқас сарыны жеңіп, «*Қайнағанмен қоймайды*» деген қосалқы, *жандайшап жол* тағы да қайталайды.

Әрине, бұл Махамбеттің кінәсі емес, жанрдың кінәсі, эпостық жыр жанрының ерекшелігі. Бұл қазақтың күллі эпостық-батырлық жырларына тән ерекшелік. «Қобыланды батыр» жырынан мына үзіндіні алайық:

- (1) Қарақозы сөйлейді:
- (2) Алыстан айқын көрінген
- (3) Жылқы малдың аласы
- (4) Ағынан көпті қарасы
- (5) Оңдаса құдай санарды,
- (6) Бенденің болмас шарасы.
- (7) Қызыл тілді сөйлеткен
- (8) Қаусырма жақтың арасы,
- (9) Жеткен бе – деп ойлаймын
- (10) Өз көңлімше шамасы,
- (11) Кешегі қонған мезгілден
- (12) Шапқаннан бері шырағым
- (13) Көрінген жоқ көзіме
- (14) Құрдасыңның қарасы.

Осындағы 1–8 жолдар 9–14 жолдарды айту үшін дайындық, ұйқастық-дайындық қамымен алдын ала туған тілге тиек, дәнекер жолдар. Болмаса «Қараманның кешегі қонған мезгілден бергі қарасы көрінбеуін өз көңлімше жеткен бе деп ойлаймын», – дегенді айту үшін «жылқы аласы, тілді сөйлететін қаусырма жақты, сапар оңдауы» дегендерді айту сөзсіз қажеттік емес.

Махамбет поэзиясында «Соғыс» сияқты эпостық жыр сипаттас өлеңдер ғана кездесіп қоймайды, эпостық жырдың біз көрсеткендей ерекшелігіне ие өзге үлгідегі де өлеңдер кездеседі. Айталық ақынның дидактикалық өлеңдерінде ауыз әдебиетіне тән тілге тиек аралық-дәнекер жолдар мол кездесіп отырады.

1. Токсан тарау су ақса,
2. Дария болар сағасы.
3. Сан шерулі қол болса,
4. Батырлар болар ағасы.
5. Аз сөйлер де, көп тындар
6. Қас асылдың баласы.
7. Қалы кілем, қара нар
8. Жарасады қатарға,
9. Аруана жисаң жарасар,
10. Ұлы күнде сапарға.
11. Қауламаған қарындас
12. Қазақта бар да, менде жоқ.
13. Арызымды айтарға

(«Өлеңдер»).

Осы өлеңдегі 7–10 жолдар «Қобыланды батыр» жырынан келтірілген үзіндідегі 1–8 жолдармен сипаттас. Қаумалаған қарындастың қазақта бар, өзінде жоқтығын айту үшін қалы кілем, қара нардың қатарға жарасатындығы, аруана ұлы күнде сапарға жарасатындығы сөз болуы қажетті емес.

Немесе:

...Жапанда қарсақ ін қазар  
Хан салдырған жәрмеңке,  
Жырақ болсын бізден бұл базар.

(«Шашылу»)

Артымда қалған алғаным  
*Қытайы қызыл көйлегі*  
*Күнге қойсаң оңар ма?*  
 Мұндай қорлық болар ма?  
 («Қайда бар»)

*Алтын жақса жарасар*  
*Жылтыраған күміске.*  
 Он екі ата Байұлы  
 Жиылып келсе бір іске.  
 («О, Нарын»)

Міне, бұлар Махамбет поэзиясына, тіліне ауыз әдебиетінің, оның тілдік-стильдік бояу-белгілерінің бір саладан – эпостық жыр саласынан әсерін көрсетпек.

Махамбет – ерлікті мадақтаған ақын. Оның өлеңдері тұтасымен дерлік ерлік, жауынгерлік тақырыпқа құрылған. Бұл – Махамбет поэзиясының өзіндік ерекше сипаты.

Біз Махамбеттің осы топтағы өлеңдерінен «мен»-ді, онда да ақын «мен» емес, *батыр «мен»*-ді айтудағы, батыр «мен»-ді сипаттаудағы, оның іс-әрекетін айтудағы сөзқолданыс тәсілінен өзіне дейінгі поэзияға тән белгілерді анық көреміз.

Қазақтың ілгері дәуірлердегі ерлік-азаматтық жырлары негізінен «мен»-ге құрылған. «Тоқтамыс пен Едіге жыры» да, «Орақ – Мамай жыры» да, «Әділ Сұлтан жыры» да, «Қазтуған туралы сөз» де – «мен» поэзиясы. *«Батыр мен»-нің поэзиясы.* Айталық Алтын Орда дәуірі поэзиясында мынандай жолдар бар.

Мен салпаң-салпаң жортамын,  
 Сары азбаннан қосым тартамын  
 Мен ұшайын десем қанат жоқ,  
 Қонайын десем құйрық жоқ...  
 Жалғыз да болсам кетермін  
 Сатемір ханға жетермін,  
 Сатемір хан қол берсе,..  
 Алтындап соққан ақ ордаң,  
 Күмістен соққан ақ есік,  
 Түсі суық шым болат  
 Есігінді ұшыменен ашпасам,  
 Төрге төсек салмасам...

## II

Мен, мен дүрмін, мен дүрмін  
 Мен, мен деген тәуба қылған ер дүрмін...  
 Мен тауда ұялар сұңқармын  
 Тау бөктерлей жортармын.  
 Тұрлаусыз өскен құланмын  
 Мезгілсіз жусап оттармын...  
 Буыршындан қатты қырысман  
 Бұйдаласаң да еш чөкпен...  
 Мен қарағайдан биік біткен терекпін  
 Басымнан дауыл тұрса теңселмен,  
 Мен қарағайға қайнап біткен бұтақпын  
 Балталасаң айырылман.

## III

Ау, беркініп садақ асынған,  
 Беркінген жауды қашырған,  
 Сүйегім тұтам асылмын,  
 Ерегіскен ерлерге  
 Найзағай мынау жасылмын,  
 Келе жаумай ашылман.  
*Кескек те туған бір ермін*  
*Кескілемей басылман,*  
 Басым жерге түскенше  
 Дұспаныма бас ұрман...

Батыр Махамбет өзін осы ерлердің ұрпағымын деп білді. Және сол ерлерше толғайды.

Беркініп садақ асынған,  
 Біріндеп жауды қашырған,  
 Құйқылжыған құла жирен ат мінген,  
 Құйрық-жалын шорт түйген  
*Мен кескекті ердің сойымын,*  
 Кескілеспей басылман, –

деген Махамбет батыр, сөз жоқ, жоғарғы жолдарды мегзей айтып отыр. «Мен пәленмін» деген батыр сөзін «мен пәлен деген батырдың сойымын» деп ескертіп отыр. Және өзін соларша былай сипаттайды.

Бойың жетпес биікпін  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан!  
Шамдансам жығар асаумын,  
Шамырқансам сынар болатпын.

Ал батырлық өлеңдегі «мен»-ге тән іс-әрекетін де соларша баяндайды:

Мен ақсұңқар құстың сойы едім,  
Шамырқансам тағы кетермін  
Кетпей нешік етермін,  
Бұл барғаннан барармын,  
Қиядан орын алармын.  
Өтініп алып от жақпан,  
Дұшпанға қылыш ұрармын.  
Жазға бір ай қалғанда  
Аласапыран болғанда,  
Бөліне көшкен еліңді  
Бөріккен қойдай қылармын...

Махамбет поэзиясындағы ілгергі дәуір әдебиетіне тән осы лирикалық герой – «батыр-мен» өзімен бірге тілдік тәсілін ала келді. Дәлірек айтқанда, Махамбет ақын өзінің лирикалық герой – «батыр-мен»-дерін ілгергі дәуір әдебиетіндегі батырлық-азаматтық жырлардағы «мен»-дерше суреттеді.

Боз ағаштан биік мен едім,  
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.

Мұнда Махамбет метафоралық сөздерді ілгергі жыр үлгісінде таңдайды, тіпті, кейде соларды қайталап та отырады.

Сол сияқты Махамбет өз геройын сипаттауда да өзіне дейінгі батырлық ерлік-азаматтық жырларға тән сөз қолданысты таңдайды. Махамбеттің:

Садағына сары жебені салдырған,  
Садағынын кірісін  
Сары алтынға малдырған,  
Тереңнен көзін оңдырған,  
Сұр жебелі оғына  
Тауықтың жүнін қойдырған,  
Маңдайын сары сусар бөрік басқан,  
Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан,

Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,  
 Атқан оғы Еділ – Жайық тек өткен, –  
 деп Исатай батырды суреттеуі ілгергі әдебиеттегі батырлар-  
 ды суреттеумен бір үлгілес. Таңдалатын сөз де, сындық сипат  
 үшін алынған грамматикалық форма да, бұлардың синтаксистік  
 жүйеде берілу жолы да бірдей. Қараңыз:

Қарт қояндай қасқарған  
 Қараңғыда сансыз қолды басқарған,  
 Күнде сүңгі сындырған,  
 Ер көңілін тындырған,  
 Сүңгісіне кісі міндірген,  
 Алмаған жау қоймаған  
 Ішсе қанға тоймаған,  
 Елге бір аз да, жауға көп  
 Ақ Балтыр ұлы Уағым,  
 Мәнчүр ұлы Шуағым!

(«Тоқтамыс толғауы»)

Адырнасын ала өгіздей (мөңіреткен).  
 Атқан оғы егін тістей жер жыртқан,  
 Атқаны бастан өтешек,  
 Жеті қабат жерге кетешек.

(«Орақ–Мамай жыры»)

Махамбет – өзінен бұрынғы Бұхар, т.б. жыраулар сияқты со-  
 лардың дәстүрімен дидактикалық-философиялық үлгідегі толғау  
 жырлар да айтқан ақын. Оның «Тайманның ұлы Исатай», «Орай  
 да, борай қар жауса», «Жалған дүние», «Аймақ көл», «Ұл туса»,  
 «Ай астында бір көл бар», «Аспандағы бозторғай», «Пыр-пырлап  
 ұшқан қасқалдақ», «Жалғыздық», «Арғымақтың баласы» сияқты  
 өлеңдері – дидактикалық-философиялық тұрғыдағы шешендік  
 толғау өлеңдер.

Бұлар шешендік сөз, шешендік-толғау өлеңдер сияқты бел-  
 гілі бір формалармен ғана келіп отырады. Сол сияқты:

Қоғалы көлдер, құм, сулар  
 Кімдерге қоныс болмаған!  
 Саздауға біткен құба тал  
 Кімдерге сайқақ болмаған?



Басына жібек байлатан  
Арулар кімнен қалмаған?..

Аймақ, аймақ, аймақ көл,  
Дария болып шалқымас,  
Аяғы төмен аққан соң.  
Айдан жарық нәрсе жоқ,  
Сәулесі түспес жаһанға  
Қараңғы түнек басқан соң...  
(«Аймақ көл»)

Аспандағы бозторғай  
Бозаңда болар ұясы  
Босаңның түбін су алса,  
Қайғыда болар анасы.  
Қара лашын, ақ тұйғын  
Қайыңда болар ұясы.  
Қайыңның басын жел алса,  
Қайғыда болар анасы...  
(«Аспандағы бозторғай»)

Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ  
Көлінде жатып көркеймес  
Ортайса көлдің қоғасы.  
Аруана мая күңіренер,  
Баурынан өлсе баласы...  
(«Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ»)

Бұл дүниенің жүзінде  
Айдан көркем нәрсе жоқ,  
Түнде бар да, күндіз жоқ.  
Күннен көркем нәрсе жоқ.  
Күндіз бар да түнде жоқ...  
(«Жалғыздық»)

Арғымақтың баласы  
Арығанын білдірмес,

Арқамнан қосым қалар деп,  
 Балағы түкті қоңыр қаз  
 Баттауыққа тоя оттамас  
 Сұңқарлар үлгі алар деп...  
 («Арғымақтың баласы»)

Бұлардың лексикасы да бір топтағы сөздер, ал өлеңге объекті болған нәрсе – табиғат құбылыстарына тән шарттылық, заңдылық.

Міне, Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысы дегенде басты-басты өзекті салалар ретінде осыларды айтуға болар еді. Ал мұның өзі екінші кезекте Махамбет поэзиясы тіліне әрі фольклорлық әдебиеттің, әрі азаматтық поэзияның дәл осы салалардағы тілдік-тәсіл құралдары да едәуір әсер еткендігін көрсетеді, бірақ Махамбет тілін сөз еткен орайда оның өзіндік төл тума дүниесі мен бұл мұралық тілдік дүниеліктердің шегін айыра қою барынша қиынға соғады. Өйткені тілдегі сөздердің динамикалық қозғалысы мол, олардың мағыналық, тіркестік жағынан өзгеріп, варианттанып түрленуінде мүмкіндік шегі барынша кең. Бұлардың үстіне олар барынша тұрақты және барынша өміршең. Және олар негативтік сипатқа ие: қолдану мүмкіндігі бар кезде «ғайыптан» кездесе, орала кетеді, ондай мүмкіндік жоқ кезде негативтік күйде «өлі дүние» ретінде «жата береді». Ал тілдің модельдік-негативтік қасиеті тіпті ерекше. Ол өзінің бір ғана «пленкалық кадрынан» тектес үйір-тіркестердің тұтас тобын «шығара алады». Сондықтан да бір ақын тілінде бардың бәрін сол ағынға телу шартты нәрсе. Бұл арада стильдік жұмсалысы тұрғысынан, яғни ақынның белгілі тілдік формаларды қолдану жиілігі тұрғысынан келіп қарап, тану, телу керек болады.

## 2. Махамбет поэзиясы тілінің лексикасы

Махамбет поэзиясы өзінің тақырыбы мен идеясы жағынан өзіне дейінгі жырау-ақындар өлеңдерінен барынша бай және нақтылы. Бұрынғы поэзиядағы бір ғана ерлік-батырлық тақырыпқа құрылған өлеңдердің көбі идеясы жағынан жадағай болып келетін, бұл идеялардың жалпы халықтық сипаты солғын,

тіпті айқын көріне бермейтін. Көбіне субъективтік-даралық мүдде басым болып жататын. Махамбетке дейінгі батыр ақындар Жиёмбет, Ақтамберді, т.б. өлеңдері барынша дарашыл, барынша жеке жортуылшы батыр әрекетіне құрылғандықтан, бұларда халықтық мүдде, халықтық идея бірінші кезекте тұрмайды. Сондықтан да бұларда *туған жер, мекенжай, қоныс, өріс, ел, халық, жұрт, туыс-тума* жайы тілге орала бермейді. Бұл ел-жұрт идеялық мән алып, категорияға бөлінбейді. *Күрес, соғыс, ерлік, қимыл-әрекеттер* категорияланып дараланбайды. Яғни тар тақырып, өріссіз идея, дарашыл мүдде бұл поэзия тілінің лексикасын барынша жұтаң және бір сарынды күйге түсірген.

Бұл поэзиядан Махамбет поэзиясы мүлде өзгеше поэзия. Махамбет поэзиясы таптық, халықтық күрестің негізінде туған.

Сондықтан да *Махамбет поэзиясы тілі – күрестің, халықтық мүдде күресінің тілі*. Ал бұл тілдің лексикасы күрес идеясын жеткізу құралы ретінде жұмсалысқа түскен лексика. Сондықтан да бұл лексика саяси мән реңкін бойына алған лексика. Сондықтан да Махамбетте сөздер өзінің қарсы, жарыспа мағынасымен қатар қолданылып отырады. Яғни Махамбетте сөздер екідай жікке бөлініп отырады.

Демек, қазақ поэзиясында өлең тілінің халықтық мүдде тұрғысынан идеялық құрал қызметінде жұмсалыуы, саяси мән (баяу) алуы Махамбеттен басталады.

I. Махамбетте өзі күрес майданына шыққан территориядағы **мекен-жай аттар – топонимдер** едәуір кездеседі. Және олар өзі-нің шек-аумағы жағынан өзара барынша сыбайлас. Яғни Махамбет Нарында отырып, Сырды, Қаратауды жырлаған ақын емес. Себебі, Махамбет ақындық қиялдың жетегімен өлең шығарған жоқ. Оның бейбіт ақындық қиял қияңына түсуіне мүмкіндігі болған жоқ (және мұндай ақындық мектеп қазақ даласында ол кезде жоқ та еді). Махамбет өзінің ат тұяғы тиген, жорық сапарын кешкен, ең негізгісі күреске себеп болған мекен-жайды ғана тілге оралтқан.

Махамбет өлеңдерінде *Еділ, Жайық, Нарын, Сағыз, Жем, Дендер, Жасқұс, Бекетай құм, Теңіз, Арқа* атаулары кездеседі. Ақын *Жайықты* 9 рет, *Еділді* 8 рет, *Нарынды* 15 рет атайды. Бәрінде де бұл топонимикалық атаулар жай географиялық ұғым

ретінде аталмайды, ел қонысы, халық мекені, шаруа жайы, болашақ тіршілік кепілі ретінде алынады. Және бұл топонимикалық атаулардың айтылу ыңғайы ақын өлеңдерінің туу сәтін, айтылған жері мен мерзімін бағдарларлық сыр да бүгіп жатыр.

Алақандай *Нарында* Мүкәммалым шашылды («Шашылу»), Абайламай айырылдым *Ар жақтағы елімнен*, *Анау Нарын* деген жерімнен («О, Нарын»); *Ана Нарында* жатқан, Жас баланың қамы үшін («Айныман»); Біз ер едік, ер едік, *Ен Нарында* жүргенде... («Біз неткен ер»); Біздің *анау Нарында* Бір төбелер бар еді («Нарында»); *Адыра қалған Нарынның*, Теңіз деген суы бар («Адыра қалған Нарынның»); *Мен Нарыннан кеткенмін*, *Нарынды* талақ еткенмін («Мен Нарыннан кеткенмін»); Көшер еді біздің ел, *Сонау Еділден* бергі жердейін. Қонар еді біздің ел, *Арқада* қоныс шөлдейін («Арқаның қызыл изені»); Айналайын *Ақ Жайық!* Ат салмай өтер күн қайда? («Күн қайда?»); *Еділді көріп* емсеген, *Жайықты көріп* жемсеген, Таудағы тарлан біз едік.

Ақын бұл атауларды өзінің көңіл күйі ыңғайына қарай суреттейді. Айталық, Исатай мен өзінің ерлік әрекеті өрлеп тұрғандағы Нарынды *Кешегі Исатайдың барында алақандай Нарында* деп, *алақанға* теңейді. Ал қолдан шығып, арманға айналған Нарын (*Мен Нарында жүргенде*) бір байтақ мекен ретінде асыра суреттеледі немесе қарғыс тигізе кейіп, тілге оралтады (*Адыра қалған Нарынның Жайық деген суы бар*) немесе емірене аңсай армандайды (*Айналайын Ақ Жайық! Ат салмай өтер күн қайда?*). Бұл кезде ақын туған жерді сүйе аймалайды, алыста тұрып құшағын ашады.

Тегінде бұл жер-су атауларының аталуынан біз ақынның туған жерге деген патриотизмін, туған жер, ата мекен үшін жан берер адал ұлға, қамқор ерге лайық әрекетін көреміз. Еділді көріп емсеген, Жайықты көріп жемсеген тарлан ұл Еділ үшін егескенін, Жайық үшін жандасқанын айтады.

II. Махамбет жырының тақырып сипатын белгілеуде оның тіліндегі **халық**, **ел**, **жұрт**, **алаш** сөздері мен **ер**, **батыр**, **хан**, **сұлтан**, **жау**, **дұшпан** әрі қару аттары, туыстық атаулардың келу реті мен жиілік саны елеулі қызмет етпек.

*Ел* сөзі Махамбет өлеңдерінде 20-дан артық, халық сөзі 10-нан артық, *жұрт* сөзі бес рет, *алаш* сөзі 4 рет кездеседі. Бұлардың

сыртында Махамбет осы топқа жақын мағынада *қазақ*, *көп* сөздерінде де қолданған.

Осы сөздердің қолдануында бұлардың поэзия тілінде жарысу, орын алу, ығыстыру сияқты күрестен гөрі ақынның стильдік-тілдік реңк беруі жатыр және тіркес аясы заңы, дәстүрлік ықпал әсер ізі бар.

Айталық, *алаш* сөзі мына жағдайларда кездеседі: *Атаның жолын қумаса, Алаштың байлығынан не пайда? Алты сан Алашат бөліп; Бесеуміз жүргенде Алашқа болам деуші едік; Алаштағы жақсыдан Батасын алып, дәм татып.*

Алғашқы екі жағдайда ақын алаш сөзін дыбыстық (әуездік) ұйқас ыңғайымен қолданған, яғни **а** дыбысы қайталануы (дыбыстық анафора) заңы жетектеп әкелген. Ал үшінші, төртінші жағдайда көне жырлардағы қолданылу ыңғайымен бірде *жау* сөзінің синонимі ретінде келсе («Алашқа болам деуші едім»), бірде көне салтпен *халық*, *ел* сөздерінің баламасы ретінде келген<sup>1</sup>. Өйткені алаштағы жақсыдан тіркесі көне тіркес. Яғни бұл жерде *алаш* сөзін *жақсы* сөзі «әкеліп» отыр. Ал енді *ел*, *халық* сөздерінің қолданылуында да осы сияқты белгілер бар.

Демек, *ел* сөзінің *халық* сөзінен көп қолданылуы бұл екі сөздің дара мағыналарындағы ерекшеліктен гөрі қандай сөздермен тіркесуіне байланысты. Олай болса, мұның өзі *ел* сөзінің тіркестік қатарының молдығын көрсетеді.

Ал енді бұл сөздерді тіркестік қатарында көрейік: 1) *елдің қамын жеді ғой, құрбан болса елі үшін, еңбек етіп ел үшін, ел қорыған мен едім; ел құтқарар ер едім, мен де айырылдым елімнен, бүлдірмегей еді елімді*, т.б.; 2) *халықтың кегін құсайшы, халық қайғысын айтуда, халқының көрген қорлығын*, т.б.; 3) *Жұртыма құрбан болсам деп, Астана жұртын айналған*, т.б.

Міне, бұл жолдар Махамбет жырының тақырыбы мен идеясын танытатын жолдар. Біз Махамбетке дейінгі поэзиядан *халық*, *ел*, *жұрт* сөздерінің осы әлпетте мол қолданысын кездестірмейміз.

Махамбетте ер сөзі 40-тан артық, ал *батыр* сөзі 5-ақ рет қолданылған (*біздің қайсар батырдың; Махамбет атты батыр-*

<sup>1</sup> Алаш сөзіндегі осы екі мағына жайында С. Сейфуллин өзінің «Қазақ әдебиеті» (1964 жылғы басылуы, 21-24-бб.) кітабында кең түрде әңгіме еткен.

мын; Исатай батыр кеткелі; батыр болмақ ойдан-ды, асын-бас еді біздің батырлар). Ал ер сөзінің тіркес аясы да әр тарап: ардақты ермен бірге өлсе; ер Қобыланын жөнелтіп; асыл ердің баласы; азамат ердің баласы; тарығып келген ерлерге; еңірен жүрген ер едік; кескекті ердің сойымын; мұңдас ерлер бол-маса; қызғыштай болған есіл ер, т.б.

Тегінде, батыр сөзі атақ сияқты қызмет атқарып, ер сөзі жауға аттанып, майданға түскен азаматтың аты, азамат ұлдың синонимі болса керек. Айталық, Махамбетте *азамат, жігіт, жолдастар* сөзі жиі қолданылады бұлар өз мағынасынан гөрі көбіне ер сөзінің синонимі ретінде келеді: *азамат, сені сақтадым; ер азамат кімде жоқ; қасыма ерген жігіттер; қасыма ерген жолдастар; о да өледі; жігіттер; тәңірім білер жігіттер; жолдастарым, мұңайма*, т.б.

Ерлік, батырлық әрекет күрес, соғыс ұғымдарымен қатар жүреді. Ерлік, батырлық сипаты осы күрес пен соғыстың сипатына байланысты. Яғни соғыстың, күрестің не үшіндігіне байланысты. Ал мұны күрестің кім үшін, не үшін екендігін танытар сөздер көрсетеді. Мысалы, эпостық-батырлық жырларда әрі ерлік-тарихи жырларда мұндай «не үшіндік» бірінші кезекке шығып көрініс бермейді. «Қобыланды жырындағы» барынша лиризм, субъективті толғау Қобыландының қоштасуы мына түрде келеді.

Айналайын, Қарлығаш,  
Айтқан сөзге құлақ ас.  
Мен кешігіп келмесем,  
Сендерді мұнда жылатпас,  
Қалың Қыпшақ қарындас.  
Қарлығаш, сенен айналдым,  
Ағызба, қалқам, көзден жас.

Ал Қобыландының Алшағыр қызы Қарлығаға айтқаны мынау:  
Жау шауыпты елімді,  
Жау басыпты белімді,  
Жау кесіпті желімді,  
Менен қалған байтақ ел  
Көрген сияқты көрімді,  
Қалмақтың ханы Алшағыр...

Шауып кеткенге ұқсайды  
Қараспан таудағы елімді...

Осыларда барынша «салқын қандық», «бөтендік» тұрғыдан баяндау басым. Яғни объективті суреттеуге тән бейтарап қатынас басым. Ал азаматтық-ерлік жыр бұлай емес, мұнда ақын күреске өзін, айналасын және бұл күрестің өзіне, айналасына қатынасын, бұған өзінің көзқарасын, күрестегі мақсатын, т.б. – бәрін айтып отырады. Яғни мұның бәрінде ақынның көңіл күйі жатады. Бұл көңіл күй «мен» арқылы көрінеді. Ал «мен», бұл – барлық «мендер» мен «біздер», «сендер», «олар». Ақын шығармасында осы топтағы сөздердің көрінуі әрі оның аз-көптігі бұл шығарманың идеясының және ол идеяның осы сөздерде қатынасының дәрежесін білдіреді. Бізді тапқан *ананың* Асыраған *атаның*... Қолын алар күн қайда? (32-б.); *Азамат ерлер* кімде жоқ?... *Қаумалаған қарындас*, Қазақта бар да, менде жоқ (62-б.); Алақандай Нарында *Ата* менен *ана* бар, *Іні* менен *аға* бар, *Қатын* менен *бала* бар (86-б.).

Біз осындай қатынастың сипатын жоғарыда топонимикалық атаулар мен *ел*, *халық*, *жұрт*, т.б. сөздердің келуі, қолданылу ретінен көрдік. Бірақ Махамбетте бұлардан да басқа жиі айтылатын сөздер бар. Ол – туыстық атаулар. Ол – *ата*, *ана*, *қарындас*, *аға-іні*, *қатын-бала*, *жар*, т.б. Бұл сөздер Махамбетте барынша көп кездеседі: *Қатын*, *бала*, *қара орман*, *Баршасын жауға алдырған* (25-бет); *Қатын*, *қалса бай табар*, *Қарындас қалса жай табар*, *Артымда қалған ақсақал*... *Кейін қалған жас бала*, *Күдер үзіп біздерден*, *Қөңілі қашан жай табар?!* (22-б.).

Ауыз әдебиетіндегі тұрмыстық жыр (өлең) болмаса, қазақтың Махамбетке дейінгі азаматтық поэзиясында туыстық сөздердің мұндай мол және жиі қайталап келуін кездестіре қоймайсыз. Бұлардың сыртында осы атаулардың бәрі де ақын шығармасындағы өзекті идеямен сабақтасып жатыр. *Еділ үшін егестік*, *Жайық үшін жандастық*, – дегендегі Еділ, Жайық атауларында қандай мән, идея жатса, бұларда да сондай мән, идея жатыр. Түптеп келгенде, бұл сөздерді ақын шығармасына әкелген де осы идея.

III. Махамбет өлеңдері – бұқара халықтың хандық зорлыққа қарсылығының жемісі болғандықтан, оның өлеңдерінде күре-

суші екі жақты күрес заңына тән жіктеп қарау, айыра тану ба-  
рынша айқын. Осы себепті де **қоғамдық-әкімшілік мәнге ие терминдер** белгілі бір көзқарас тұрғысынан келіп аталып оты-  
рады.

Егер ертерек дәуірдегі азаматтық поэзияда қоғамдық, әкім-  
шілік терминдер де жіктеліске түсіп, бір топтың түсінігі тұр-  
ғысынан қарала қоймаса, Махамбет өлеңдерінде әкімшілік атау-  
лар – таптық жіктеліс мәнімен аталады. Әкімшілік-бұқаралық  
атаулар қарама-қарсы қойылып отырады. *Қараны ханға теңеп  
берем деп (91), Хан ұлына қас болу, Қара ұлына бас болу (89), Қара  
қазақ баласын хан ұлына теңгердік (59), Ханнан қырық туғанша,  
Қарадан бір-ақ тусайшы (66), Қарада да қара бар, хан ұлы ба-  
сып өткісіз (39)*. Міне, *хан және қара* сөзіне бұлай саяси мән беру  
Махамбетке дейінгі поэзияда өте сирек ұшырасады.

Бұхар жырау:

Ханның жақсы болмағы  
Қарашаның елдігі,  
Қараша халқы сыйласа  
Алтыннан болар белдігі, –

дейді.

Бірақ мұнда ешқандай саяси жіктеу жоқ, қалыпты жайды  
жай атап өту ғана бар. Ал Махамбетте олай емес, *хан* сөзінің  
қарсы жағында *қара* (бұқара) сөзі тұр. *Хан* сөзін қасиеттеп атау  
жоқ. Махамбет хан сөзін көбіне жау, дұшпан сөзінің синонимі  
ретінде алады. Өйткені Махамбет батыр тұлпар мініп, ту алып,  
елдің шетіне шығып, жау іздейтін баяғы жаугершілік заманның  
батыры емес, ол жауын, дұшпанын, қасын өз жерінен, өз елі іші-  
нен табады. Ол – бұқараны езуші «өзінің» ханы. Сондықтан да  
Махамбет *Қара ұлына бас болып, хан ұлына қас болады*. Сон-  
дықтан да Махамбеттің жауы Жәңгір хан, оның Баймағамбет  
сияқты сұлтандары.

Міне, осы себепті де Махамбет өлеңдерінде кездесетін әкім-  
шілік атау *хан* сөзі – таптық-бұқаралық түсінік тұрғысынан та-  
нылатын ұғым. Жау, дұшпан сөзі де осы тұрғыдан танылмақ. Бұл  
сөздер де жаңа мағына алған.

Махамбетте *хан* сөзі 40-тан артық аталады. Ал *жау* сөзі  
20-дан артық, *дұшпан* сөзі 17 рет келеді. Бұл соңғы екі сөз кө-



біне бір-біріне синоним болып отырады:

*Ата жауың мен едім,*

*Ата дұшпан сен едің (59)*

*Қасарысқан жауына (18)*

*Қарсыласқан дұшпанның (77)*

*Қамалаған жаудан қайтпаған (83)*

*Қамалаған көп дұшпан (34), т.б.*

Ал бұлардың бірінен-бірінің артық-кемдігі тіркес аясына ғана байланысты. Айталық, *(баршасын) жауға алдырып; жаудан (аман) жан қалса; (жолдасын) жауға алдырып; (жалаңаш бар да) жауға ти, жау тоқтатқан (айқаста)* сияқты тіркестер дұшпан сөзінсіз қалыптасқан көне тіркестер. Ал мұның өзі екінші кезекте Махамбет тұсында *кірме дұшпан* сөзінен гөрі *төл жау* сөзінің жұмсалыу өрісінің де, тіркесу аясының да кең болғандығын көрсетеді.

Махамбет қазақ поэзиясында *хан* сөзін бұқаралық көзқарас тұрғысынан мән бере қолданып, оған таптық мағына берумен қатар, *хан* сөзі ұйтқылығымен жасалған жаңа тіркестерді де ала келді: *ханның тауын қайтарған, хан баласы ақсүйек, атаңа нәлет хан ұлы, ханнан кегін ала алмай, құдайлады хан ұлы, қараны ханға теңедік, хан ұлына теңгердік, хан ұлына қас болу, хан ұлымен алыстық*, т.б.

*Сұлтан, төре, ақсүйек, би, патша* сөздері Махамбетте сирек кездеседі. *Патша* сөзі ақын шығармасында *патшаға хабар салдырып, патшадан солдат алдырып* – дегенде ғана, екі-ақ рет келеді. Ал *сұлтан* сөзі ақынның «Баймағамбетке айтқанында» төрт жерде қайталаыады: *Алай ма, сұлтан, алай ма; Байеке, сұлтан ақсүйек; заманымда болған сұлтаным; Байеке, сұлтан сен болсаң.*

Махамбет *төре, ақсүйек* сөзін «хан тұқымының» синонимі ретінде алады, бұлар өзара да синоним болып келе береді: *ақсүйектің баласын қара ұлына теңеріп* (қара қазақ баласын, хан ұлына теңердік), *хан баласы ақсүйек, Байеке сұлтан, ақсүйек; ұлы төре сенің де..., хан, төренің кешигіп*, т.б. Ақын шығармаларында бұл сөздер де өте сирек. Мұның өзі Махамбет өлеңінің көбіне арнай айтылуына және бұл сөздердің *хан* сөзімен де синоним қатар етіп алуына байланысты болса керек. Ал *би* сөзі

ақынның күллі өлеңінде екі-ақ орайда кездеседі: бірі – «Шонты би» өлеңінде, екіншісі – «Баймағамбетке айтқан» өлеңіндегі *өздеріңдей хандардың, қарны жуан билердің* деген жолда ғана кездеседі. Мұны Махамбет найзасы кімге көп кезелсе, ақын тілінің де соған көп оралғандығына байланыстырып барып бағалау керек болар. Махамбет жауы – Жәңгір хан мен Баймағамбет сұлтан және солардың төңірегіндегі билер болды. Бірақ би атанған кісілер Исатай – Махамбет қолында да бар еді. Сол үшін де ақын *би* сөзін жағымсыз тұрғыдан, өлеңнің қарсы жағы етіп суреттеп, бірінші кезекке шығара бермейді. Мұны ақын өлеңінде *старшин* сөзінің кездеспейтіндігі тұрғысынан келіп қарағанда ғана анық байқауға болады.

Әрине, бұлар жай кездейсоқ нәрсе емес. Мұның өзі Исатай – Махамбет көтерілісінің сипатымен, көтеріліске катысушылардың таптық, топтық құрамымен байланысып жатқан нәрсе. Үстем тапты, халықты, қанаушы топты бөле қарайтын Дулат не Шортанбайдан бұл сияқты «ұмытуды» кездестірмейміз. Махамбеттің *алаштағы жақсы, жақсыларға еп едім, Домбыра тартып жырласам, Жақсылар маған қылар сый* дегеніндегі жақсылары – көтерілісшілерге ерген ел ағасы, өз жағындағы би-старшиндар.

Махамбетте бұқара халықты әлеуметтік жағынан жіктей атау сирек ұшырайды. Ол: қазақ жұртын *көп халқым, қара (ұлы), қарындас* деп қана атап, одан әрі тереңдеп, әлеуметтік жікке бөлмейді. Махамбетте Бұхарда кездесетін *кедей, жарлы* сөздері де жоқ, тек екі-ақ орайда ғана *қаріп-қасер, жетім-жесір* сөздері айтылады.

IV. Махамбет өлеңдері – ерлік-азаматтық, жауынгерлік өлеңдер болғандықтан да оның лексикасында **қару-жарақ атаулары** мен **соғыстық, ереуілдік** ұғымдағы сөздер едәуір кездеседі. Олар: *найза, ақ алмас, көксемсер, қылыш, жебе, бадана, сауыт, дулыға, көбе, сүңгі, білтелі, қорамсақ, оқ, садақ (садағының кірісі, масағы, адырнасы, көк шыбығы), жай, мылтық, білтелі*. Махамбет өлеңдерінде кездесетін бұл атаулар ақын өмір сүрген дәуірден жүз, екі-үш жүз жыл бұрынғы батырлық жырлар мен өлеңдерде кездесетін атаулар. Ерекше айырым жоқ дерлік. Тіпті бұл қару-жарақтардың суреттемесі, эпитеттері де, тенеуі де

баяғыша: балдағы алтын ақ болат, балдағы алтын құрыш болат, адырнасын ала өгіздей мәңіреткен, қызыл сырлы жебе, күшіген жүнді оқ, қозы жауырын оқ, садақ толған сай кез оқ, құрулы жатқан жебе, алты құлаш ақ найза, он екі тұтам жай, т.б.

Әрине, Махамбет – ақын, сондықтан да ол атадан мұраға қалған қаруды, бүкіл батырлық жыр сақтап жеткізген атауды поэзия заңы ыңғайымен суреттей атауда өзіндік стильге де ие. Махамбет бір *найза* сөзіне бірнеше эпитет сөз тіркестіреді: *толғамалы найзамен, қоңыраулы найза, қималы найза, алты құлаш ақ найза, жалаулы найза, егеулі найза, болат найза.*

Махамбет өлеңдерінде найза, садаққа қатысты атаулар жиі кездеседі. *Найза* сөзін ақын 15-ке жуық қайталайды. Бірақ Махамбет *қылыш* сөзін екі-ақ орайда ғана тілге оралтады: *қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік; Ат – жігіттің майданы, Қылыш – жанның дәрмені. Өлім – қақтың пәрмені* – деген шешендік үлгідегі афоризмде екінші қатардағы мағынасымен келеді.

Ал найзаның синонимі ретінде келетін *сүңгі* сөзі мен бес қарудың бірі – *сауыт* сөзін ақын бір-ақ рет (сүңгімен түртіп ашарға, сауыт киер күн қайда?) еске алады. Тегінде, бұның өзі соңғы сүңгі сөздерінің тілде қолданылуында пассивтеніп бара жатқанын, ал алғашқы *қылыш* сөзінің поэзияда әлі де негізгі тұрақты лексикаға айналып үлгірмегенін көрсетсе керек.

Бұрынғы жырларда қарулы топты көбіне, *қол* деп айтқан. Ал Махамбетте осы *қол* сөзімен қатар, *әскер, аламан, солдат* сөздері қолданылады. Ақын *қол, әскер, солдат* сөзін өзінің күллі өлеңдерінің ішінде эпостық тарихи жырға жақын үлгідегі «Соғыс» деген өлеңі мен «Әй, Махамбет, жолдасым!» деген өлеңінде молырақ ауызға алады.

Әскер жиып аттандық  
Бекетай еді тұрағым,  
Жау қарасы көрінді  
Жиылған әскер білінді.  
Астына мінген Ақтабан  
Ақбөкендей ойнайды,  
Қасына ерткен көп әскер  
Маңыраған қойдай шулады.

(«Соғыс»)

Ақын бұдан басқа жерде бір-ақ орайда *қол, әскер* сөзін қолданған:

Біз Өтемістен туған он едік,  
Сол онымыз жүргенде  
Мың сан әскер *қол едік*.  
(«Біз неткен ер»)

Өтемістен туған он едік,  
Онымыз атқа мінгенде  
Жер қайысқан *қол едік*.  
(«Баймағамбетке...»)

Махамбет *әскер, қол* сөздерін майдан, ұрыс әңгіме болатын, суреттелетін өлеңде ғана айтқан. Ал ондай өлеңдер Махамбетте жоғарыда аталған екі-ақ өлең. Тарихи тұрғыдан келгенде де Исатай мен Махамбеттің көтерілісіндегі елеулі шайқас осы екі өлеңде сөз болатын бір ғана соғыс. Ол – 1837 жылғы октябрьдегі хан ордасын қамау.

Ал солдат сөзі Махамбеттің осы өлеңінде бір-ақ рет – *Патшадан солдат алдырып* деген жолда ғана кездеседі.

Бұлардан мынадай қорытынды туар еді: біріншіден, Махамбет шеп құрып, қанды майдан ұрысты көп жасамаған себепті қанды майдан ұрысты да көп жырламаған. Әрі жеңіліспен бітіп отырған екі соғыс та халықты қайта көтеру үшін үлгі бола алмады. Осы себепті де ақын лексикасында сол тұстағы бірден-бір әскери атау – *қол* сөзі өте сирек қолданылған. Екіншіден, қазақ халқында тұрақты армия болатындай тарихи жағдай қалыптаспаған-дықтан, әдебиетте де оның терминдік атаулары дәстүрге тұрақты түрде енбеген. Ешқандай жауға шерулі қолсыз аттанбайтынды-ғына қарамай, қазақтың эпостық жырларында белгілі батырлар-дың бәрі де жеке аттанады, жеке жүріп ерлік көрсетеді. Осы себепті Махамбет те салтта жоқтықтың дағдысымен *әскер* сөзі келетін жерде кейде оны *халық* сөзімен ауыстырып жібереді:

*Әскерімді* таратып,  
Он бір күнге қаратып,  
Бекетай құмға келгенім.

Сүйткен бір қайран халқым-ай,  
Қасыма бір келмедің.

(«Әй, Махамбет жолдасым»)

Үшіншіден, Махамбетте *патша* сөзі (патша үкіметі деген мағынада) сияқты *солдат* сөзінің бір-ақ рет кездесуі, халықты сол кезде қырғынға ұшыратқан жазалаушы отряд – солдаттарға, оның сыртында тұрған патшалық отарлаушылыққа қарсы тақырыпта өлең туғызбағандығына байланысты. Сондықтан да мұндай бірлі-жарым сөздер ақын лексикасы үшін тәндік сөздер болып табылмайды. Бұларды ақын тіліндегі тұрақты лексика деуден гөрі кездейсоқ қолданыс деген дұрысырақ болмақ.

V. Араб-парсы сөздері қазақ тіліне өте ерте замандарда-ақ енген. Қазақтың төлтума сөздері сияқты грамматикалық, синтаксистік түрленіске соншалық мол түсіп үлгірген осынау сөздердің келу мерзімін бұл күнде шамалаудың өзі де өте қиын.

Қазақтың азаматтық поэзиясы өзінің тақырыбы жағынан халықтың тұрмыс-болмысына қаншалықты жақындаған сайын, оның күнделікті тіршілік жайын сөз еткен сайын халықтың сөйлеу тіліне тән ерекшеліктерді бойына молырақ сіңіре бастады. Тілдің төменгі қабаты тұрмыстық тілге барып, оның замандар бойында қалыптасқан кестелі сөз, бояулы сөз байлығын молырақ меңгерді. Ал бұлардың өзі оны өзіне дейінгі поэзия үлгілері тілінен (лексикасынан) бірте-бірте ерекшелей, өзгешелей берді. Ал бұл ерекшелену екінші кезекте оның тіліндегі жаңалық болды. Яғни тақырып ыңғайына қарай халықтың ауызекі сөйлеу тілі қоры негізінде дамуы болды.

Мысалы, Махамбет поэзиясы тіліндегі арабизм, парсизмдер жөнінде де осыны айтуға болар еді. Болмаса Махамбет бұл сөздерді араб-парсы тіліндегі әдебиет немесе көне түркі әдебиеті нұсқаларын оқу, олардың тілін меңгеру арқылы тапқан жоқ. Тіпті, Махамбет бұл сөздерді өзіне дейінгі ауыз әдебиеті (фольклор) мен азаматтық поэзиядан да ала бермеген. Бұл сөздер Махамбет лексикасына сөйлеу тілінен ауысқан. Яғни ақын тіліне бұл сөздер оның өзі әңгіме еткен тақырыбына, осы тақырыпқа орай қалыптасқан халықтық түсінік тұрғысынан сөйлеуіне байланысты, осы тақырыптарға орай қалыптасқан салттағы сөздерге баруы негізінде оралған.

Айталық, Махамбет жасаған дәуірден кемінде 400 жыл бұрын жазылған ескерткіштер тіліне назар аударсақ, Махамбет тілінде кездесетін араб-парсы сөздерінің көбі-ақ сол кездегі жазба әдеби тілде бар сөздер болғанын көреміз.

XIX ғасыр ескерткіші «Мухаббат-намеде» мынадай сөздер кездеседі: *Жаратты* алты күнде хақ тағала (28-бет) [2], «қатық таштып қылу *гәвхәрни пайда*, қуруқ найдын қылу *шекерні пайда* (сонда 129), *қадих кэлтурулир мәјліс қурулды* (129), *улусқа рахм этип гамхур болғыл* (133), *кішінің көңілдің кәтір бу гамны* (136), *сәнің дардыңға хәч дарман жоқ, айжан* (137), *не білсін қадрыңызны тәғмай надан* (141), *көзумдір хар заман жолддг фарафон* (141), *јәхан толды сәнің зулфуң қарасы* (141). Ал енді XIV ғасырда жазылған «Хусрав уа Шырын» дастанынан бірер мысал: *тубарәк қыл сөзум барча жиһанға* (17-б.), *жітік бақғанлар андын табты махсут* (18), *маңа хайрәт кәлу* бу ішдін ай жар (20), *камугқа хизмдтіні фарз қылды* (22), *саңа болмаз зіжан* бізге болур суу (23), *саңа хізмат қылай* тәп 'азім қылдым (23), *улаш хизмәтқа разы қыл* тан у жан (24), *дуа қылсаң қамуг қазғусы тарыр* (26), *фида қылдылар хаққа тан жанлары* (27), *камуг'алам јүзін көргүгә мухтаж* (30), *аның бу әзгу аты 'әләм-дә машһур* (30), *қалур қайрат* сөзін тыңласа 'ақыл (31), *қабул қылса* (31), *јар болса* (31), *қурбан қылып* (34), *қылајым табуғда жанны қурбан* (79), т.б.

Міне, араб-парсы және түрк тілі сөздерінен қалыптасқан осы тұрақты тіркестер – қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілінің қалың қабатына барынша сіңіскен тіркестер. Олар ауызекі тілде барынша актив тұтыныс тапқан. Айталық, «Хусрав-Шырында» *фида қылдылар хаққа тдн жанлары* дегендегі тіркес Махамбетте *жанын пида етпей ме шын сүйіскен теңі үшін* деген жолда сол қалпында кездеседі. Жалғыз ауытқу бірінде *қыл*, бірінде *ет* деген синоним етістіктердің келуінде ғана. Бұл, әрине, араб сөзі ұйтқы болған тіркеске тән ерекшеліктен гөрі *қыл*-, *ет*- етістік сөздердің жұмсалудың дәстүрлігіне тән ерекшелік. Мұны *іс қыл*, *іс ет*, *жолдас қыл*, *жолдас ет* деген тіркестер аясындағы заңдылық тұрғысынан ғана қарау керек. Дәлірек айтқанда, *қыл*, *ет* етістік сөздердің тіркес жасау аренасына шығу жағдайы, дәуірі тұрғысынан қарау керек.

Махамбет шығармаларында мынадай араб-парсы сөздері және олар ұйытқы болған тіркестер кездеседі.

а) Жеке сөздер: *арман, мақсат, үміт, тағдыр, намыс, ар, жәбір, жапа, құса, дерт, қайғы, дауа, қапы, нәлет, тоба, арыз, ақыл, бақыт, дәурен, дүние, заман, жиһан, фәни, пайда, ажал, нәмарт, лауазым, ақырет, ажал, әзірет, жан, асыл, жар, қақ, Алла, Құдай, дін мұсылман, шайтан, тақсір, алдияр, қаріп, қасер, азамат, жұбай, дұшпан, қас, дос, байтақ, астана*, т.б.

ә) Тіркестер: *шын ажалың жетпесе (922), жаныңды қинап жылама (87), қор болды-ау есіл ер (84), ақылға жетік би адам (65), заманым менің тар болды (62), елдің қамын жеді ғой (61), бақытым ауып басымнан (67), тағдырыма көнгенім (70), қапыда өткен дүние-ай! (70), ақырында еш болды (69), баста дәурен тұрғанда (53), қылыш жанның дәрмені (79), өлім қақтың пәрмені (79), жауым таба қылар деп (81), ол мақсатқа жете алмай (91), дертке дауа іздеген (95), тірліктен үміт үзбеген (96), жан пида етпей мен (96), құрбан болса елі үшін (90), жау тауымды шаққаны (97), бізден ақыл сұрама (76), әділ жаннан түңіліп (54), жәбір беріп жала етсең (54), арманың бар ма құдайға (54), арнамысым қашырман (56), құдай қылды, амал жоқ (44), қайғыда болар анасы (40), арызымды айтарға (40), әзіреттен ант ішіп (39), ақыретті жанға байланып (35), сәулесі түспес жиһанға (30), азамат ерден бақ тайды (29), бір Аллаға сиынып (29), намысына шыдамай (28), бұл заманның шағында (25), бұл фәнидің жүзінде (11), антыңды бұзып айныма (20)*, т.б.

Махамбет өлеңдері тілінде кездесетін бұл тіркестер барынша көне. Бұлардың жасалу із-өкшесін анықтау қиынның қиыны. Араб-парсы сөзді тіркестердің бірсыпырасы аударма арқылы (кақтың пәрмені, фенидің жүзі, т.б.) жасалса, бірсыпырасы байырғы тіркестердегі мағыналас сөздердің орынын ауыстыру арқылы жасалған. Мысалы, *көне жазбаларда [3] жуқ қылтымыз (117), жүзуз кісіг (117), тәңрікә жазынып (117), тәңрі жарлықазы үчүн (31)*, т.б. тіркестер кездеседі. Ал осы тіркестер негізінде *күнә қылды, күнәсіз кісі, құдайға жазып, құдай жарылқан* түрінде жаңа тіркестер жасалған. Сол сияқты *тәңрі қылды – құдай қылды, күдер үзбеу – үміт үзбеу, тілек айту – арыз айту, қалықтап ұшып – аспандап ұшып* түрінде сан алуан синоним тіркестер туралы да осыларды айту керек.

Осы себепті де жоғарыдағы сөздер мен тіркестердің мәні олардың Махамбет шығармасы тілінде қалай жасалғандығын айтумен ашылмайды, онда бұл Махамбет өлеңіндегі сөздерді емес, жалпы осы сөздерді (халық тілі аясы тұрғысынан) қарастыру болар еді. Бізге бұл тұста ең негізгі нәрсе – осы сөздердің Махамбетте кездесу фактісі, екіншіден, пайдаланудағы ерекшелігі, қай топтағы сөздер екендігі.

Махамбетте кездесетін араб-парсы сөздері әрі осы сөздер ұйытқы болған тіркестер, негізінен, эмоциялы мәнді көңілдік, сезімдік тілге тән – *арман, құса, дерт, дауа, қапа, қайғы, қам, талап, назар, қапы, ар, намыс, арыз, зарығу, дәрмен, амал, дүние-ай*, т.б. сияқты сөздер болып келеді және олар көбіне қайталанып отырады. Махамбет *дүние-ай, жалған* сөздерін бірнеше рет қайталайды: *ақырында дүние-ай* (70), *қапыда өткен дүние-ай* (70), *қапыда кеткен дүние-ай* (85), *опасыз мынау жалғанда* (67), т.б.

VI. Махамбет поэзиясында күрес, күрестің сипаты әкелген бір алуан жаңа сөздер мен сөз тіркестері бар: қараны *ханға теңеп берем деп* (91) *ақырып теңдік сұрарға* (66), *тұралық іс болмаса* (65), *келе алмадық келіске* (63), *ел үшін еткен еңбегім* (69), *тілегін сұрап алғасын* (70), *теңдікті малды бермедік, теңдіксіз малға көнбедік* (53), *бір қазақпен тең едім* (57), *тура әділдік биде жоқ* (62), *жалғыздықпен болдым дос* (73), *халық қайғысын айтудан* (73), *ханның тауын қайтарған* (73), *опасыз мынау жалғанда* (67), *қорлықта жүрген халқыңа* (18), *бостандық алып берем деп* (18), *қасымда көмектің кемінен* (46), *берер ме екен құдайым, біздей тарыққан ердің тілегін* (43), *мұңдас ерлер болмаса* (39), *халықтың кегін құсайшы* (66), *ханнан кегін ала алмай* (55), *ежелден бергі кегі үшін* (95), *хан ұлымен қас болып, қара ұлына дос болып* (73).

Осылардың ішінде *теңдік* сөзі – қазақ халқы тарихында элеуметтік-саяси мәнде жұмсалған алғашқы сөздердің бірі. *Теңдік* сөзі Бұхарда да кездеседі: *Күндердің күні болғада теңдік тимес өзіңе...* – дегенде Бұхар теңдік сөзін «есе-билік» тіркесі беретін мағынада қолданып отыр.

Ал Жанкісі жыраудың «Қоқан ханына айтқаны» өлеңінде *...Теңдік жоқ деп ойлайды*, – дегенінде де осы мағынада жұмсалған.



Махамбет өлеңінде *теңдік* сөзі бірде Бұхар, Жанкісі айтқан мағынада («ақырып теңдік сұрауға»), бірде ауыс-экспрессивті мағынада жұмсалады. *Теңдікті малды бермедік, теңдіксіз малға көнбедік* – дегенде ақын, біріншіден, өз иеліктеріндегі «еселі малды, заңды, меншікті малды» айтса, екіншіден, хан әмірін зорлықпен теліген «есесіз бересі малды» айтып отыр. Яғни соңғыда ақын *теңдік тию, теңдік бермеу* сияқты тіркеспен келетін байырғы мағыналы сөзге жаңа мағына беріп отыр.

VII. Махамбет лексикасында бір топ ерекше сөздер бар: *ереулі атқа ер салмай (5), қу толағай бастанбай (6), кермиығым кербезім, керіскендей шандозым (11), айырдан туған жампоз бар (16), керт бұғыдай билерден (31), кедіреден бау тағып (31), қара бұланның терісін (31), күлісті сынды күреңді (34), жаздықтың шалшық көлінен (46), еріскендей ер болса (74), алай ма, сұлтан, алай ма,... аяңдай түсіп марай ма (52), маңғыстап шығар өріске (63), мен кескекті ердің сойымын (56), маңқиған сары далада (65), бағаналы терек жарылса (66), суда жүзген нән балық (66), қарағай шаптым шандоздап (87), қапыда қалған қасқамын (77), қалақпандай қомданып (96), жедінің оны құралай (91), күн жадына қарасам (91), құлағың сенің серек деп (79), шаба алмайды бөжсектеп (79)*, т.б. Бұлар, әрине, көп емес.

### **3. Махамбет поэзиясындағы сөз тіркестері мен фразеология, халықтық дәстүрлі сөз орамдары мен тұрақты сөйлемдер, афоризмдер**

Махамбет поэзиясындағы фразеологияларды сөз еткенде жалпы фразеологияға қатысты мәселелер, яғни фразеология аясында нелер алынады, олардың жік-белгілері қайсы дегендер әңгіме объектісі етілмейді. Өйткені қазақ тіліндегі фразеологиялардың табиғаты академик І. Кеңесбаевтың қазақ тілінің фразеологияларына арналған еңбектерінде [4] барынша әр жақты зерттеу тауып, теориялық жағынан барынша түбегейлі тұжырымдалған.

Біз Махамбет өлеңдерінде кездесетін фразеологизмдерді жіктеп талдағанда І. Кеңесбаевтың осы еңбектерінде фразеологизмдерге берген талдауларына сүйендік. Айталық, автор:

«Идиомдық сөздердің морфологиялық тиянақтылығынан гөрі синтаксистік тиянақтылығы басым. Идиомның ішіндегі сөздердің орны тиянақты болғанмен, оның ішіндегі кейбір жеке сөздердің тұлғасын өзгертіп, бір жалғау орнына екінші жалғауды қоюға болады... Идиоманың *есім мен етістіктен жасалған* түрлері морфология жағынан құбылмалы келеді. Идиомдардың *есім сөздерден жасалған* түрі не *есім мен үстеу* сөздер арқылы келген түрлері «есім – етістік» түрлерінен нығырақ тиянақты келеді», – дейді. Мұнда фразеологиялардың (1) морфологиялық құрамдары, яғни тіркес түрлері, (2) синтаксистік ерекшелігі, (3) есім-етістік түрлерінде етістіктің ыңғайымен есімдегі морфологиялық формалардың (*бата алу, батасын алу, тауы қайтты, тауым қайтты*, т.б.) өзгермесі тамаша жіктеліп көрсетілген. Міне, біз Махамбет өлеңдеріндегі фразеологияларды осы үлгіде жіктеп көрсеттік.

Махамбетте кездесетін фразеологиялар жайлы сөз еткенде аса бір ерекше ескерілмек нәрсе – бұл фразеологияларда жауынгерлік стиль бояуы анық байқалып тұруы, яғни Махамбет өзіне дейінгі поэзияда бар дәстүрлі анықтауышты тіркестер мен күрделі атауларды тілге оралтып, халықтың сөйлеу тіліндегі дағдылысындық атауышты тіркестерді қолдансын, не өзі жаңа бір сөздерді тіркестеп пайдалансын – бәрінде де осы жауынгерлік стиль бояуы мол сөз келісімдерін бірінші кезекте пайдалануға бейімдік аңғарылады. Бұлардың сыртында осының бәрінде көшпелілік, бақташылық тұрмыс, дала-табиғат аясына жақындық туғызған түсінік-таным ізі жатады. Айталық, *түйе* – қазақ тұрмысында ең күрделі күнкөріс-тұтыныс қаруы. Қазақ ауыз әдебиетінде *түйеге* байланысты қалыптасқан жаңа сөз келісімдері барынша мол. Бірақ Махамбет осы *түйеге* қатысты *қызыл нар, ақ бота, желмая, боз інген* үлгілес нәзіктік, сұлулық мәнді тіркестес сөздерді қолдана бермейді, ерлікке лайық мықтылық, беріктік, көнбістік, төзімдік мәндес тіркестес сөздерді ғана таңдайды. Осы себепті де Махамбетте жалпылық мәнді *түйе* сөзі алынбайды да, оның орнына қайрат иесі *нар, үлек, жанноз, аруана, бұыршын* сөздері алынады, ал олар *қара нар, қас үлек, сары атан* түрінде келеді.

I. Махамбетте, өзіне дейінгі поэзия үлгілеріндегі сияқты, есім тіркестер<sup>1</sup> көбіне заттық атауларға байланысты болып келеді.

Толарсақтан саз кешіп,  
Тоқтамай тартып шығарға  
Қас үлектен туған қатепті  
Қара нар керек біздің бұл іске  
(19-б.).

Махамбет поэзиясындағы бұл есім тіркестерді мағына әрі форма жағынан төмендегіше топтауға болар еді.

### I. Атау тұлғалы сын есім+зат есім тіркестер

1) Табиғатқа қатысты тіркестер: *мұнар күн, шұбар күн, құба тал, ақ селеу, қу түбір, қара орман, сары дала, қызыл изен, көк тоғай, қара бұлт, ақ дария, боз ағаш, көк сеңгір*, т.б.; 2) Құс-аңға қатысты тіркестер: *құба арлан, қара нар, құлаша ат, ақ сұңқар, қара бұлан, қасқа азбан, ақ киік, тарлан бөрі, жасыл үйрек, қоңыр қаз, сары атан*, т.б.; 3) Қару-жараққа қатысты тіркестер: *ала ту, сұр жебе, ақ мылтық, ақ найза, көк семсер, ақ болат, ақ семсер, көк сүңгі, қара балта*, т.б.

### II. Туынды сын есім + зат есім тіркестер

1. Қару-жараққа қатысты: *құрулы жебе, қанды көбе, күн қақты ер күмісті мылтық, толғамалы найза, жалаулы найза, қималы найза, қызыл сырлы жебе, сан шерулі қол*; 2) Табиғатқа қатысты тіркестер: *қозғалы көл, шағалалы көл, бағаналы терек, томағалы сұңқар*.

Махамбетте есім тіркестер оның шығармаларының көлемі деңгейінен қарағанда барынша аз. Мұның бірінші себебі: Махамбетте мағыналық топтағы атауыш сөзді тіркестер болмаса, өзге топтағы заттық – ұғымдық атауыш сөздер сирек кездеседі. Мұның екінші себебі: Махамбетте кездесетін заттық-ұғымдық атауыш

<sup>1</sup> Бұл тіркесті бірлікті осылай жіктеп көрсетуде проф. М. Балакаевтың «Современный казахский язык» (1959) деген еңбегінде есім тіркестер және есім + етістік тіркестер жайлы жіктеуі негізге алынды.

сөздер зат есімді, сын есімді сындық тіркестен гөрі есімшелі анықтауыштық бірлікте көбірек айтылады. Біз бұған кейініректе тоқталамыз.

### III. Есім + етістік тіркестер

Махамбетте кездесетін есім+етістік тіркестер тіркесу тәсіліне әрі етістік сыңарларына қарай бірнеше топқа бөлінеді. Және бұл екі белгі кейде тоқайласып та отырады. Айталық, *бол* етістігі атау тұлғалы есімдермен қабыса байланыс жасап барып, тұрақты тіркес құраса, септік тұлғалы есімдермен меңгере байланыс жасап та тұрақты тіркес құрайды: *мұңды болу, қор болу, әрі қайғыда болу*, т.б. немесе *ал* етістігі мен *бас* етістігінің екеуі бірдей бір зат есіммен тіркес құрайды: *тот алу, тот басу*.

Әрине, бұлар Махамбет поэзиясы тілінің өзіндік ерекшелік белгісі емес. Бұлар сол кездегі жалпы ауыз әдебиетінің де, сөйлеу тіліміздің де қалыпты нормасы. Ал Махамбет поэзиясы тілі үшін, негізінен, бұл тіркес үлгісі ерекшелік емес, *бол*, т.б. тіркесшіл етістіктердің қандай мағыналы сөздермен келетіндігі ерекшелік болмақ.

1. Қабыса байланысқан есім + етістік тіркестер. *Бол* етістік тіркес: *мұңды болу, жем болу, дос болу, қас болу, жат болу, қор болу, жау болу, сергелдең болу, құрбан болу, зар болу*, т.б. Әрі *қайыры болмау, арманы болмау, ойлағаны болмау, қайғыда болу*.

*Ет* етістікті тіркес: *жала ету, кеңес ету, талақ ету*, т.б.

*Қыл* етістікті тіркес: *таба қылу, қайрат қылу, талқан қылу, кәр қылу*, т.б.

*Сал* етістікті тіркес: *шабуыл салу, ойран салу, жаяу салу, көз салу, зейін салу, ат салмай өту*.

Бұлармен қатар Махамбетте *бер* (*төре беру, жәбір беру, жел беру*), *ал* (*үлгі алу, тот алу, кегін алу, батасын алу*), *сұра* (*ақыл сұрау, кеңес сұрау, теңдік сұрау, көмек сұрау*), *үз* (*күдер үзу, үміт үзу*), *тап* (*артық табу, ой табу*), *тай* (*бақыт таю, бақ таю*), *бас* (*тот басу, түнек басу*) етістікті тіркестер сирек те болса кездеседі.

Міне, осылардың бәрінде де етістіктер күреске, тартысқа қатысты зат есім сөздермен келіп отырады. Ал Махамбет шы-

ғармаларындағы есім + етістік тіркестердің мағыналық жағынан бұлай топталуы Махамбет тіліне тән өзіндік ерекшелік.

2. Тәуелдікті есім + етістік тіркестер: *арызы өту, мейманасы тасу, ісі біту, басы қалу, сәулесі түспеу, достары табалау, көзі көру, қайыры болмау, ісі болмау, арманы болмау, көзі шалу, басы былғану, ойлағаны болмау, көңілі тыну, өзегі талу.*

3. Табыс септікті есім + етістік тіркестер: *батасын алу, қабағын шытпау, қабырғасын қаусату, көзін салу, тізгінін беру, қолын алу, арызын айту, жолын қуу, көңілін алу, қарасын жою, қабырғасын сөгу, шабуын таппау, жүрегін ояту, қанын төгу, т.б.*

4. Барыс септікті есім + етістік тіркес: *жауға аттану, шеңіне жолау, жауға алдыру, қайраңға соғу, жамандарға жалынбау, қолға түсіру, басқа ұру, келіске келе алмау, сөзге жалықпау, оққа ұшу, торға түсу, шарға ұстау, талауға түсу, қанға боялу, намысына шыдамау, т.б.*

5. Жатыс септікті тіркес: *қайғыда болу, жауда қалу.*

6. Шығыс септікті тіркес: *құрсағынан шалдыру, көзінен тізу, жаудан қайтпау, қанатынан қайырылу, жұрттан озу, елінен айырылу, көлінен айырылу, хан ұлынан тайсалмау, жаудан өлу, қолдан беру.*

7. Көмектес септікті тіркес: *қапалықпен ұшыру, құсалықпен өту, сергелдеңмен өту, қайғымен қатыру.*

Махамбет шығармаларында кездесетін осы есім-етістік тіркестер моделі өзіне дейінгі дәуірде, тіпті одан көп бұрын тілімізде қызмет еткен. Және бұлар тұтасымен тіліміздің бүгінгі дәуіріне де келіп жеткен. Осы себепті де Махамбетте бар жоғарыда аталған тіркестердің баршасы да, көнелігіне қарамай, бізге жаңа күйінде қабылданады. Тілдің дәстүрлі ізбен баюының өзі де, тілдегі тұрақтылық та, тілдегі шапшаң даму да осында жатыр. Яғни көне модельдер негізінде жаңа сөздердің тіркесі жасалып отырады, көне модельді тіркес аясындағы сөздердің бірі қолданудан шығып, оның орнын екінші бір сөз басып отырады. Сол сияқты лексикалық мағына-қызметте өзара синоним сөздер тіркес аясында да бірінің орнына бірі қатарласып жүру ыңғайына келеді. Сөйтіп, жартылай синонимдік тіркестер қалыптасады. Тіпті жеке сөздер сияқты тіркестердің өзі де жаңа мағына алып отырады.

Айталық, ет, қыл етістіктері барынша көне етістіктер: Ол йүкүнч етті – ол (тәңіріге) жүгінді (тәжім етті – МҚ, I, 171). Чығай будуның бай қылтым – кедей жұртты бай қылдым (ҚТМ–10). Және бұл екі сөз XI ғасырдың өзінде-ақ түрк тайпаларының тілдік айырым белгілері ретінде танылған. Бұл жөнінде М. Қашғари былай дейді «... оғуздар іс істегенде бұл сөзден қашу мақсатымен оны қолданбайды. Бұның орнына *emti* сөзін қолданады. Осы себепті де ер йүкүнүч етті – кісі намаз оқыды – дейді. Түрктер «қылды» сөзін қолданады» (II, 33). Қазақта *қыл* етістігін қолданудан қашу сияқты әдептік-салттық түсінік бұл күнге дейін сақталған. Бірақ осыған қарамай қазақ тілінде бұл екі етістік қатар қолданыла береді. Махамбетте де осы екі етістікті сөз тіркестері қатар кездесе береді.

таба қылу	жала ету
қайрат қылу	кеңес ету
кәр қылу	талақ ету
талқан қылу	
сый қылу	

Бірақ Махамбетте, бұл мысалдан көрінгендей, *қыл* әрі *ет* етістігімен қатар келген бір зат есімді тіркес (мысалы: *талақ ет – талақ қыл*) кездеспейді. Сонымен қатар бұл екі сөздің көнелілігіне әрі тіркес моделінің көнелігіне қарамай қазақ тіліне кейінгі дәуірлерді шеттен кірген сөздер де тұрақты тіркес құрған: *талақ ету, кәр қылу*, т.б. Бірақ бұлар Махамбет тіліндегі жаңа тіркес емес, Махамбет тіліндегі жаңа тіркестерге байырғы *жөн сұрау, ел сұрау* сияқты тұрақты тіркестер моделімен туған *ақыл сұрау* (...Ақыл сұрар күн қайда – 33), *жөн табу* тіркес моделі негізіндегі *ой табу* (ақылмен ой табу – 24), *көмек сұрау, жөн сұрау* тіркес моделі негізіндегі теңдік сұрау (Ақырып теңдік сұрауға – 66), *көзін ашу* моделі негізінде жасалған *жүрегін ояту* (Жүрегін сөйтіп оятқан – 8) сияқты тіркестерді ғана жатқызуға болар. Ал мұндай жаңа тіркестер Махамбетте көп емес. Бұл заңды да. Өйткені тілдің байлығы осы сияқты тұрақты тіркестер мен сөз орамдарының молдығы, яғни олардың модель жағынан да, жеке бір сөздердің тіркес жасау өрісінің кеңдігі жағынан да әр тараптығы арқылы көрінбек. Ал әдеби тіл үшін сөйлеу тілінде бар осы байлықты меңгеріп қана қою барынша аздық етеді. Әдеби тіл тілде бар заңдылықтар негізінде тілдің ішкі мүмкіндік көзін қолдан аша

отырып, саналы түрде жаңа дүниеліктер жасай отырып дамиды. Махамбетте, өлеңді ауызша шығарғандықтан, әдеби тілдің (сөйлеу тілінің де) аса бір күрделі жүйесінде саналы түрде іздене отырып жаңаны қолдан жасауға мүмкіндік болған жоқ. Махамбет бұл салада өзіне дейінгі халық поэзиясында жасалған дайын үлгілерді пайдаланудан әрі бара алған жоқ.

#### IV. Тұрақты тіркесті сөйлемдер

Махамбет поэзиясында ауызекі сөйлеу тілінде қалыптасқан дәстүрлі модель тіркестер бірлігімен жасалған тұрақты тіркесті сөйлемдер көп кездеседі. Бұларды сөйлем деп атауымыз: бұлар тіркес түрінде бөлек қарауға келмейтін дәрежеде өзге сөздермен тұрақты қатынасқа түскен. Айталық, *құлақ салмау, билік бермеу, бақыт ауу* сияқты тіркестер сөзіне *құлақ салмау, жолдасқа билік бермеу, басынан бақыты ауу* түрінде жаңа тіркестік қатынасқа түскен, фразеологиялы сөйлем-сөзге айналған. Бұлар халық тілінде қалыптасқан модель тіркес, модель сөйлемдер үлгісімен жасалған тұрақты, дәстүрлі, дағдылы сөз үлгілері.

Махамбет поэзиясындағы осы сөйлем-сөздерді ұйытқы тұрақты тіркестердің іштей тіркесу тәсіліне және осы тіркеспен қатынасқа түскен сөздердің байланысу формасына қарай бірнеше топқа бөліп қарауға болады.

а) **Атау тұлғалы тұрақты тіркестердің септікті сөзді меңгеруі:** *баста дәурен тұрғанда; басына тарлық түскенде; аламанға жел бердік; аяғына бас ұрман; тәуекел қаққа бел байлап; ежелден табан аңдысқан; сөзіне құлақ салмадық; жолдасқа билік бермедік; бақытым ауып басымнан; маңдайынан күн өтіп; жаурынынан жел өтіп; атына тұрман болсам деп; жұртына құрбан болсам деп; басқа қысым түскен соң; әзіреттен ант ішіп, жаныма айла болар деп; дертке дауа іздеген; тірліктен күдер үзбеген; жанын пида етпей ме; ат үстінен күн көрмей; қой етіне зар болар; ақ селеу отқа зар болар; ордалыға көз салсаң; ісінен болдым құса-дерт; хан ұлына қас болып; қара ұлына дос болып; толарсақтан қан кешіп; басыңа (қиын) іс түссе; халыққа тентек атанбай, т.б.*

ә) **Септік формалы тұрақты тіркестерге атау тұлғалы сөздің қабыса байланысуы:** *әділ жанын аяр ма; аса жұртты*

*меңгердік; әділ жаннан түңілтіп; өтірік сөзге алданып; ебелек отқа семірген; бір Аллаға сиынып; ұлы түске ұрынбай; ер төсектен безінбей; өзекті жанға бір өлім; ақ жүрегін тербетіп; ер көңілін желдетіп, т.б.*

**б) Септік формалы тұрақты тіркестің бастауыш сөзбен бірлігі:** *1. Тілекті құдай бермеді; құдай істі оңдаса, жау тауымды шаққаны, құдайым басқа салғансын; 2. Ісім жөнге келгенде; ақыл жөнге келгенде; табаным тасқа тиер деп; сусыным қанға қанар деп; тебінгі терге шірімей, терлігі майға ерімей; істеген ісім кетті далаға; 3. Хан ұлына теңгердік; ат көтіне өңгердік; хан сөзіне сенгенім, ат көтіне салған күн; ат басына соқтырып.*

**в) Септік формалы тұрақты тіркестерге септікті сөздердің меңгерілуі:** *жолдасын жауға алдырып; лауазымын көкке шақыртып; көзін салар қияға; ақыретті жанға байланып; балдағынан қанға боялмай.*

**г) Септік формалы сөзді меңгере байланысқан етістік тіркестер:** *дегеніне жете алмай; ол мақсатқа жете алмай; дегенімді ете алмай; көзінен тізіп жіберді-ау; тілегін сұрап алғансын; тізгінінен кесе атып, тебінгісін тесе атып, т.б.*

## V. Махамбет поэзиясындағы тұрақты жолдар

Бұлар – өзінің құрылымы жағынан сөйлемдер: бастауышы мен баяндауышы өзге де мүшелері синтаксис заңдылықтарымен өзара еркін қатынасқа түскен сөйлемдер. Олар: құрулы жатқан жебеге құрсағынан шалдырып; тірі кеттім демеймін; кем болмады өлімнен; жаудан аман жан қалса, қара орман малым садаға, т.б. үлгідегі сөйлемдер. Бұлардың құрылымы жағынан белгілі туган ер едім, беліме садақ асынған деген сөйлем-жолдарынан ешбір де өзгешелігі жоқ. Бірақ осыған қарамай осы тұрақты сөйлем-жолдары Махамбет поэзиясының синтаксисі аясында оның синтаксисі ерекшелігі ретінде қарауға келмейді. Өйткені Махамбет оларды осы сөйлем жүйесін құру, өз өлеңінің синтаксистік жүйесі үшін үлгі-форма ретінде таңдау мақсатынан келіп қолданбаған. Махамбет халық тіліндегі бұл дағдылы орамдар мен сөйлемдік тіркестерді, сөйлемдік сөздерді өз ойын, пікірін беру үшін пайдаланған. Яғни Махамбет халық тілінде



жүрген даяр сөз-сөйлемдерді пайдаланған. Әрине, бұлар өлең жолының синтаксистік-ұйқастық ыңғайына қарай, өзге жолдармен бірлікке, ұқсастыққа түсіп, «өзгеріп» отырады. Бұл өзгеріс – өлең жолының (1) буын саны талабынан, (2) ырғақ-орын тәртібінен, (3) баяндауыш-ұйқас талабынан, (4) ой ыңғайымен қайта құру талабынан туып отыратын өзгерістер. Айталық:

Күмісті мылтық қолға алып,  
Көлден қуларды ұшырдым.  
Қолымдағы құсымды  
Қапалықпен ұшырдым, –

дегендегі 1–2-жолды сөйлем де, 3–4-жолды сөйлем де форма жағынан өзара қарайлас. Тіпті *көлден қуларды ұшырдым* деген сөйлем мен *қолымдағы құсымды қапалықпен ұшырдым* деген сөйлемде форма жағынан ешқандай айырым жоқ. Егер соңғы сөйлемдегі *қапалықпен* деген түсініктеме сөзді алып тастаса, *көлден қуларды ұшырдым* мен *қолымдағы құсымды ұшырдым* деген сөйлемде сөйлем түрі мен мағынасы әрі баяндауыш формасы, сөз-мүшелердің келу ретінде ешқандай да типтік өзгешелік қалмас еді. Бірақ бұл екі сөйлемге таза, практикалық-формалистік жағынан келіп, форманы негізге алмай, мағыналық-қызмет жағынан келіп, олардың жұмсалыуындағы, қолданылуындағы ерекшелік тұрғысынан қаралса, онда бұлардың барынша екі басқа топтағы тілдік категория екендігі анық көрінер еді. Мұны анығырақ көре түсу үшін: *қолымдағы құсымды ұшырдым* деген сөйлем мен *қолымдағы қарғамды ұшырдым* деген сөйлемді алайық. Тіпті *Астымдағы жүйрігім Қаракер атты көмген соң, талайдан серігім қолымдағы құсымды* (Қарашегірді) *ұшырдым да, бетімнің ауған жағына қаңғып кете бардым* дегендегі *Қолымдағы құсымды ұшырдым мен қолымдағы құсымды қапалықпен ұшырдым* дегендегі *қолымдағы құсымды ұшырдым* тіркесі де мағыналық-қызмет, мағыналық-жұмсалыу жағынан бір емес. Бірі – қалыпты сөйлем; бірі – мағынасында, жұмсалыуында, яғни қызметке жегілуінде шарттық-салттық бар дәстүрлі сөз, яғни мағынада дәстүрлік-салттық ұғым бар сөйлем-сөз. Бұлар өзінің бойындағы осы қасиетімен халықтық фразеологияларға жақын тұратын дәстүрлі сөз орамдары, дәстүрлі сөйлем-сөздер. Халықтық ауызекі сөйлеу тілінде, халық

жырларында жүрген осы сөздерді Махамбет сол қалпында да, сөздер аясында да поэтикалық формаға түсіріп пайдаланып отырған. Және осы типтес сөздерді еркін пайдалану – өз өлеңдерін ауызша шығарған барлық жырау-ақындар сияқты Махамбетке де тән ерекшелік. Егер ауызекі тілінде мақал-мәтелді қолдана сөйлеу қандай стильдік ерекшелік болса, өз өлеңдерінде халықтың сөйлеу тілі мен халық жырларындағы дәстүрлі сөздер мен дәстүрлі танымал жолдарды пайдалану да Махамбет өлеңі үшін сол дәрежелес стильдік ерекшелік болды. Бірақ бұл стильдік ерекшелік Махамбет поэзиясын ауызша әдебиет үлгісіндегі азаматтық жырдан бөлектейтін ерекшелік емес, қайта оларды жақындастыратын, бірлестіретін, өзектестіретін, жалғастыратын ерекшелік болмақ.

Махамбет поэзиясы тіліндегі бұл дәстүрлі сөздерді топқа бөліп қарауға болады.

а) **Өзгеріске түсе бермеген дәстүрлі-модельді сөздер:** *екі-талай болғанда, қыларың болса қылып қал, ісімнің білдім оңбасын, тек шықпаған жан қалды-ау, арманда өтіп кетті деп, қапыда өткен дүние-ай, істеген ісім кетті далаға, қайран жұрттан не көрді, құдай қылды амал жоқ, қайтейін енді дүние-ай, айтып-айтпай немене, бәрін айт та бірін айт, жсау болып келді көріне, ажалдан бұрын өлмейсің, т.б.*

ә) **Поэтикалық формаға, жаңа қалыпқа түскен тұрақты тіркесті дәстүрлі сөздер:**

*Айтса дағы айныман, Көлденеңнің сөзіне; Қолымдағы құсымды Қапалықпен ұшырдым; Тіріде сыйласпаған ағайын, Құм құйылсын көзіне, Өлгенде бекер жылама; Тірі кеттім демеймін; Кем болмады өлімнен; Түс қыла гөр құдай-ай, Біздей мейманасы тасқанға; Күдер үзіп біздерден Көңілі қашан жай табар; Ақырында еш болды Ел үшін еткен еңбегім; Не болса да Алланың Тағдырына көнгенім; Алыстағы дұшпанның Қуанып көңілі тынған күн; Ертеден кешке дейін зарлансам Бермей ме екен құдайым, Біздей тарыққан ердің тілегін; Жыласам көзім жасын көрмессің, Тілесем тілек бермессің; Бұларды жұда қимайтын, Енді менің нем қалды-ау, т.б.*

Махамбет поэзиясында бар осы тілдік фактілерді тұтас өлең желісі аясында көру – бұлардың Махамбет өлеңдеріндегі келу жиілігін анық аңғартпақ. Қараңыз:

Бұрынғы/бақыт тайған күн./  
 Қатарланған/қара нар/  
 Арқанын қиып алған күн./  
 /Алма мойын аруды  
 Ат көтіне салған күн./  
 Бұлайдай ерді кескен күн.  
 /Буулы теңді шешкен күн/  
 /Сандық толы сары алтын  
 Сапырып судай шашқан күн./  
 /Түс қыла көр, құдайым  
 Біздей мейманасы тасқанға/  
 Біздің ер Исатай өлген күн  
 /Он сан байтақ бұлген күн.../  
 (13)

## VI. Махамбет поэзиясындағы ауыз әдебиетіне тән дәстүрлі жолдар

Махамбет өлеңдерінде өзінің жанры жағынан эпостық үлгідегі ерлік-жауынгерлік өлеңдерге, батырлық жырларға барынша жақындық бар<sup>1</sup>. Осы жақындық ізін оның тілдік үлгілерінен де анық көреміз. Яғни ақынның көп өлеңдерінде ерлік-батырлық жырларға тән танымал дәстүрлі жолдар қайталап келіп отырады. Ақын оларды бірде сол қалпында қайта айтса, бірде өлеңнің ырғақ, буын ыңғайына, қолданылу ретіне қарай өз өлеңінің сарынына бейімдеп айтады.

### а) Танымал дәстүрлі жолдардың өзгеріссіз қайта айтылуы:

*Толғай толғай оқ атқан, Он екі тұтам жай тартқан (7-б.); Қабырғасын сөксе де, Қанын судай төксе де (9); Түлкідейін түн қатып, Бөрідейін жол тартып, Жаурынына мұз қатып (15); Ертеден салса, кешке озған, Ылдидан салса, төске озған (35); Егеулі найза өңгерген, Азды көпке теңгерген (69); Тауда болар тарғыл тас, Тарықса шығар көзден жас (38) т.с.*

ә) **Танымал дәстүрлі жолдардың олең сарынына бейімделіп айтылуы:** *Өз дегенім болмаса, Өзгенің тілін алмаған, Кісі*

<sup>1</sup> Бұл жөнінде біз ілгері беттерде бөлек әңгіме етпекпіз.

*ақылы қонбаған, Қаниша айтса да болмадым. Сөзіңе құлақ салмадым... (68) Қорамсаққа қол салмай, Қозы жауырын оқ алмай, Атқан оғы жоғалмай... (18), т.б.*

## **VII. Махамбет поэзиясындағы шешендік-афоризмдік сөздер**

Махамбет бір ғана ерлік-күрес тақырыбында өлең шығарып қойған жоқ, ол дидактикалық-философиялық сарындағы толғау өлеңдерді де шығарған ақын<sup>1</sup>. Ал осы өлеңдердің біразы Махамбетте шешендік үлгідегі афоризмді болып келеді.

Жырау-ақын мақал-мәтелді көп қолдана бермеген: «Ағасы бардың жағасы бар» деген мақалды «Исатай деген ағам бар. Ақ кіреуке жағам бар» түрінде «арғымақ жалсыз, ер малсыз» деген мақалды «Арғымақ жалсыз, ер малсыз, Алланың не берері болжаусыз» түрінде, «Ежелгі дұшпан ел болмас» деген мақалды «Ежелгі дұшпан ел болмас, етектен кесіп жең болмас» түрінде дамытып қолданғаны болмаса, халық мақал-мәтелдері ақын өлеңдерінде кездеспейді.

Мұнда толық заңдылық бар: біріншіден, Махамбет өлеңдерінің дені ерлік-күрес тақырыбына, ұранға құрылған, ал мұндай тақырыптағы өлеңдер салқынқанды айтылатын мақал-мәтел сияқты ақыл сөзді керек өте бермейді; екіншіден, Махамбет өлеңдеріндегі дидактикалық сарын тәрбиелік, өсиет-өнегелік мәнінен гөрі философиялық мәнді шешендік сөзге бейім құрылған, ал бұл сөздің өзі мақал үлгілес афоризмді болып келеді. Осы себепті де ақынның бір өлеңі тұтас күйінде афоризмнен тұрса, бір өлеңінде мақал үлгілес афоризмдер айтылмақ ойға не айтылған ойдың қорытындысы қызметінде келіп отырады. Айталық, «Исатай деген ағам бар, ақ кіреуке жағам бар» деген мақалды жол өлеңнің бастапқы жолында келіп, айтылмақ ойдың беташары болса, «арғымақ жалсыз, ер малсыз, Алланың не берері болжаусыз» деген афоризм «Әрайна» деген 12 жолды өлеңдегі ойдың қорытынды түйіні ретінде соңында келген. Ал өлең жолында кездесіп қалатын мұндай мақал үлгілес афоризмдер Махамбетте өте аз.

<sup>1</sup> Бұл жөнінде ілгері беттерде толығырақ айтылған.

## I

Кәрісі кімнің жоқ болса,  
Жасы болар диуана.  
Бір сынаған жаманды  
Екіншілей сынама.  
(«Арқаның қызыл изені»)

Дертке дауа іздеген,  
Тірліктен күдер үзбеген  
Сергелдең болар емі үшін.  
(«Желден де желгір ақбөкен»)

Ал Махамбетте тұтас күйінде афоризмді болып келетін бір-неше өлең бар. «Жалғыздық» деген өлеңде:

1. Бұл дүниенің жүзінде  
Айдан көркем нәрсе жоқ, –  
Түнде бар да, күндіз жоқ.
2. Күннен көркем нәрсе жоқ, –  
Күндіз бар да, түнде жоқ.
3. Мұсылманшылық кімде жоқ,  
Тілде бар да, дінде жоқ.
4. Көшпелі дәулет кімде жоқ, –  
Бірде бар да, бірде жоқ.

Өлең – дидактикалық-философиялық сарындағы шешендік үлгілес терме-толғау өлең. Мұндай өлеңдер өзінің табиғатында мақал үлгілес афоризмді болып келеді. Және бұл форма – қазақ поэзиясында барынша кең қолданысқа түскен барынша ортақ модель. Осы себепті де бұл формада өлең шығарған ақынның формаға авторлығы жоқтығын былай қойғанда, өз өлеңіне де авторлық правосы «болмайды». Өйткені бұл формадағы өлеңдер, дәлірек айтқанда, шешендік толғау сөздер, о баста кімнің шығарғанына қарамай, барынша тең ортақ мұраға айналған мақалдар сияқты барынша тең ортақ сипатқа ие. Тіпті бұлар белгілі бір ақынның төл сөздері аясында туса да, одан «бөлектеніп» тұрады. Айталық, Махамбеттің «Тайманның ұлы Исатай» деген өлеңінде осындай сипат бар:

- (1) Арғымақтан туған қазанат
- (2) Шабуыл салса нанғысыз.
- (3) Қазанаттан туған қаз мойын
- (4) Күнінде көз көрінім жер шалғысыз.
- (5) Айырдан туған жампоз бар
- (6) Нарға жүгін салғысыз.
- (7) Аруанадан туған мая бар
- (8) Асылын айуан десе нанғысыз.
- (9) Жаманнан туған жақсы бар
- (10) Атасын айтса нанғысыз.
- (11) Жақсыдан туған жаман бар
- (12) Күндердің күні болғанда
- (13) Жарамды бір теріге алғысыз.
- (14) Тайманның ұлы Исатай
- (15) Алтын ердің қасы еді.
- (16) Ағайынның басы еді,
- (17) Исатайды өлтіріп,
- (18) Қырсық та шалған біздің ел (16).

Осы өлендегі 9–11 және 13-жолдар – халықтық мақал үлгілес афоризм. Ал 1–8-жолдар – осы халықтық мақал үлгілес афоризмдер негізінде, соның үлгі аясында туған жаңа сөз. Ал осы үлгіде туу оны өз авторы Махамбеттен «бөтендендіріп» отыр. Міне, Махамбеттегі афоризмдердің бірсыпырасы осындай афоризмдер. Оларды айыра тану өте қиын. Айталық, ақынның «Арғымақтың баласы», «Аспандағы бозторғай», т.б. өлендерінде де осындай ерекшелік бар.

#### **4. Махамбет поэзиясында сөздердің стильдік-мағыналық қолданысы**

Азаматтық поэзиямызда сөздердің мағыналық аясын кеңейтіп, көркемдік мақсатта қолдану өрісін ашуда Махамбет өзіндік стильдік ерекшелікке ие. Әрине, бұл ерекшелік Махамбеттің осы салада жасаған үлкен бір жаңашылдығынан көрінбейді, өзіне дейінгі халық поэзиясы (фольклор) мен азаматтық поэзияда бар тәсілдерді қалай қолдануының сипатынан әрі қандай сөздерді көркемдік мақсатқа пайдалануынан көрінеді. Өйткені Махамбет

те сөздерді көркемдік мақсатта қызметке жегуде өзіне дейінгі поэзия дәстүрін мол пайдаланады.

Сөз жоқ, бұл дәстүрлі байланыстың өзінде де белгілі дәрежеде ара-жік бар. Олай дейтініміз: көркемдік тәсіл эпитет, теңеу, метафора Махамбетке дейінгі тұрмыстық-салттық жырларда да, эпостық-батырлық жыр-дастандарда да, махаббат жыр-өлеңдерінде де, азаматтық поэзия үлгілерінде де мол жасалған. Және осы сөз үлгілерінің жанрлық ерекшелігіне қарай эпитеттің де, теңеу, метафораның да жанрлық қабаттары қалыптасқан. Өйткені бұл көркемдік тәсілдер өзінің негізі жағынан белгілі бір жанрдың лексикасына тән, ал лексика болса сол жанрдың стильдік-тілдік сипатын белгілеуге актив қатынасатын құрал. Міне, белгілі бір жанрдың стильдік-тілдік сипатын белгілеуге актив қатынасатын бұл лексиканың эпитет, теңеу, метафора жасауда, олардың жанрлық қабаттарын жасауда негізгі ұйытқы қызметі ерекше.

Айталық, тұрмыстық-салттық жыр үшін *арыстан*, *найза* сияқты сөздер негізгі лексика емес, тіпті нар, жампоз сөздері де оған тән емес, мұның орнына *қоян*, *қарқара*, *інген*, *бота* сөздері жиі қолданылады. Ал осы негіз-лексикаға сәйкестеніп оның өзіндік эпитет, теңеу, метафоралары жасалады, яғни тұрмыстық-салттық жырға тән *қоян*, *қарқара*, *інген*, *бота* сөздері өзінің лексикалық мәніне жақын сөздерден эпитет, теңеу, метафораларды табады. Мысалы: *қалқатай, сен ақ қоян секеңдеген; саулы інгендей ыңыранып; ботадай боздап табысты*.

Әрине, белгілі бір жанрдың тууы мен былайғы дамуы бір-қалыпта болмайды және таза күйіндегі жанр тағы да жоқ, бір шығармада бірнеше жанр элементтері жүреді. Өйткені мұның өзі көркемдік талаптарға, көркемдік дәстүрге байланысты. Айталық «Ер Тарғын» жырында, ол эпостық-батырлық жыр бола тұрса да азаматтық поэзия үлгілері де, проза да, тұрмыстық-салттық жыр үлгісі де бар. Осы себепті «Ер Тарғын» жырында осы төрт түрлі жанрға тән лексика және соларға тән эпитет, теңеу, метафоралар бар. Жырда Ақша ханның қызы Ақжүніс аруды:

Шашын дынданмен тараған,

(1) Бектер мінген бедеудей

Бауырынан жараған.

- (2) Бет-ажарын қарасаң  
Жазғы түскен сағымдай,  
(3) Ет ажарын қарасаң,  
Терісінен айырған  
Арпа-бидай ақ ұндай.  
(4) Қасы сарыжадай керілген,  
(5) Кірпігі оқтай тігілген,  
(6) Бұралып белі бүгілген,  
Қараған кісі үңілген.  
(7) Қолаң шашты, қой көзді,  
Аялдағы бір сөзді  
Ақжүніс атты ару еді, –

деп суреттеуі тұрмыстық-салттық жыр жанрына тән стиль. Ал жырда Ер Тарғынды суреттеу бұдан мүлде басқаша.

- Сарала туы салбырап,  
Сауытының шашағы  
Тұс-тұсына саудырап,  
Қабағынан қар жауып,  
Кірпігіне мұз тоңып,  
Жауырыны жазық, мойны ұзын  
Атарына қолы ұзын, –

дегенде эпитеттер нағыз эпостық-батырлық жырға тән үлгіде жасалған.

Махамбет өлеңдері, негізінен, ерлік-жауынгерлік стильде туған өлеңдер. Осыған орай Махамбет колданатын эпитет, теңеу, метафоралар да осы стильдік қабатты құрайтын үлгіде жасалған. Бірақ Махамбет таза азаматтық жыр үлгісінде ғана өлең шығарып қойған жоқ, оның өлеңдерінде эпостық-батырлық жыр таңбалары да, дидактикалық-шешендік толғаулар да, лирикалық элегия элементтері де бар. Демек, бұл өлең түрлері өзіне тән сөз бедерлерін (бедерлі сөздерді) жасаған.

Махамбет эпитет жасауда өзіне дейінгі жыраулардан ұзап кетпеген. Тіпті сөз бедерінің бұл түрін жасауға ақын көп еңбектене де бермеген. Оның өлеңдерінде келетін эпитеттердің көбі халық жыр-өлеңдерінде кездесіп отыратын эпитеттер.

Ақында бар: *біздің қайсар батырдың (8), мынау жалған сұм дүние (22), аруана жисаң жарасар, ұлы күнде сапарға (40), ұлы*



*төре сенің де (57), адыра қалған қу Нарын (69), ақ көңіл, аңқау жүрекпен (68), ақ жүрегін тербетіп (70), бұлттан шыққан шұбар күн (13)*, т.б. бірді-екілі тіркестердегі эпитеттер сол дәуір поэзиясы үшін жаңа дүниелер еді. Әрине, *сұм дүние* тіркесіндегі эпитет Бұхарда да бар, тіпті Махамбет Бұхар өлеңіндегі осы жолдарды қайталағандай да болады:

Мынау жалған сұм дүние  
 Өтпей қалмас деменіз.  
 (Бұхар)

Мынау жалған сұм дүние  
 Кімдерден кейін қалмаған?  
 (Махамбет)

Сол сияқты ұлы күнгі сапарға дегендегі келіс те сөйлеу тіліне тән: ұлыстың ұлы күні деп айтылатын дәстүрлі сөз бар. Бірақ *жүрек* сөзіне қатысты эпитеттер Махамбет өлеңдерінде алғаш қолданылған. Сөйлеу тілінде *көңіл* сөзі мен *ақ* сөзі тіркесіп келе береді, ал *аңқау жүрек, ақ жүрек* түріндегі келісім – жаңа үлгі.

Әрине, мұндай сөздер өте аз. Керісінше, Махамбетте тұрақты эпитеттер көбірек кездеседі: *айналайын Ақ Жайық (31), алты құлаш ақ найза (531), ақ алмасын суырды-ай (73), толғамалы ақ мылтық (31), болат найза ақ семсер (94), аспанға ұшқан ақ сұңқар (23), ақ киікті орғытып (21), ақ селеу отқа зар болар (23), ағыны күшті ақ дария (81), еңсесі биік ақ Орда (58), қарқыны күшті көк семсер (81), қарақұс қонбас көк сеңгір (18), көк шабығын қанды ауыздай жалатқан (12), күшіген жүнді сұр жебе (28), садағына сары жебені салдырған (11), сары алтынға малдырған (1), садағына сары шіркей ұялап (22), қатарланған қара нар (13)*, т.б.

Бұлардың дені қару-жаракқа тән эпитеттер, бірақ бұлардың да бірсыпырасы Махамбеттен бұрынғы эпостық-батырлық жырларда келіп отырады:

Алты қырлы ақ мылтық  
 Ата алмасам маған серт.  
 Төрт қырлаған көк сүңгі  
 Толғамасам маған серт...  
 Алты аршын ақ болат  
 Шаба алмасам маған серт...  
 («Ер Тарғын»)

Көк чыбық үну тарс етті,  
Көз ачырбай оқ жетті.  
(«Манас»)

Махамбетте дәстүрлі эпитетті тіркестерді бұзу кездеседі: бірде *болат найза, ақ семсер* десе, бірде *қарқыны күшті көк семсер* дейді. Ал бір өлеңінде *сұр жебе*, әрі *сары жебе* түрінде қатар қолданылады. Әрине, бұлар – поэзияға тән дыбыстық ұқсату, дыбыстық үйлесім анафора заңынан келіп шыққан бұзулар. Қараңыз: *садағына сары жебені салдырған; қарқыны күшті көк семсер; садағына сары шіркей ұялап; Арқада жатқан ақ киік; алты құлаш ақ найза; арпа жемес арғымақ, ақ селеу отқа зар болар*, т.б.

Махамбет қолданған эпитеттердің ішінен **ақ** және **қара** эпитеттерінің жиілігін бөліп атауға болар еді. **Ақ** сөзінің эпитет ретінде жиі келуінің бір реті дыбыстық қайталау, дыбыстық-әуездік үндестікке байланысты. Бұл – таза поэтикалық тәсіл. Айталық, Махамбетке дейінгі әдебиетте көбіне *балдағы алтын құрыш болат* түріндегі дәстүрлі атау Махамбетте бірде осы қалпында қайталаса (*Балдағы алтын құрыш болат, балдағынан қанға боямай – 18*), бірде:

**Балдағы алтын ақ** болат  
Салайын десем қында жоқ (45)

**Балдағы алтын ақ** болат

**Асынбас** еді біздің батырлар (16), – түрінде келеді. Бұл – дыбыстық анафора. Ал *ақ киік, құба тал, ақ сұңқар, сұр жебе, боз орда, ақ орда* түріндегі эпитеттер дәстүрлі эпитеттер, Махамбет халық поэзиясында қалыптасқан үлгісін сол күйінде алып отырған.

Осылардың сыртында бір ескеретін ерекшелік: Махамбетте заттық атаулардан (қару, аң-құс, жер-судан) басқа атаулармен келетін сындық эпитеттер жоқ.

Махамбетте барынша көне тәсіл – инверсияланған тіркес аясында келетін эпитеттер едәуір. Және бұлардың да көбі дәстүрлі эпитеттер: *балдағы алтын құрыш болат (18), қарқыны күшті көк семсер (18), табаны жалпақ боз (88), ағыны күшті ақ дария (81),*

*балағы түкті қоңыр қаз (81), суы тұнық көл қалды-ау (69), еңсесі биік боз орда (31), қарны жуан билердің (54), қанатың қатты, мойының бос (57), арғымақ сені сақтадым құлағың сенің серек деп (79), т.б.*

Суреттеудің бұл ерекше түрі Махамбетті өзіне дейінгі поэзия тіліне жақындастыра түседі. Тіпті осы сияқты дәстүрлі тілдік белгілер – бедерлі сөздер Махамбет тілін көнелендіріп те тұрады. Айталық:

Еңселігім екі елі  
Егіз қоян шекелі  
*Жауырыны жазық, мойны ұзын*  
Оқ атарға қолы ұзын  
Махамбет атты батырмын, –

деген үзіндідегі суреттер және осындағы тілдік тәсіл сонау XV ғасырда туған жыр стилін еске түсіреді.

Махамбетте көркемдегіш сөз бедерлерінің ішінде теңеу сөздер айрықша мол. Бұл сөз айшығын қолдануда Махамбет өзінің алдындағы Бұхардан көп ілгері тұрады және бұл теңеу сөздер өзінің сипаты жағынан да қарт жырауда бар теңеу сөздерден бөлекше.

Мұнда толық заңдылық бар. Махамбеттің Бұхарға карағанда тақырып өрісі кең және өлендері де түр жағынан мол. Махамбет Бұхардай дидактикалық толғау өлендер шеңберінде қалып қоймаған, ол ерлік-азаматтық, ерлік-жауынгерлік өлендерді көбірек шығарып айтқан. Және бұл өлендерінде эпостық-батырлық жыр дәстүрін еркін пайдаланып отырған. Бұлардың сыртында Махамбет өзіне дейінгі халық әдебиетінде барынша кең тараған элегия-жоқтау үлгісінде де өлендер шығарған. Ал өлеңнің бұл түрлері теңеу сөздерге өте жақын тұрады. Теңеу сөздер бұлардың стильдік-тілдік сипатын белгілеуге актив қатынасады. Яғни ерлік әрекет, батырлық тұлға, батырға тән мінез-құлықты беруде, бұларды сипаттауда теңеу сөз бірінші кезекте қызмет етеді.

Әрине, Махамбет өзі қолданған теңеу сөздерін халық әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі үлгі-формадан бөлек жаңа бір үлгі-формамен жасамаған. Ол бұрыннан бардай (негізінен), -ша, секілді (сирек) формалары арқылы ғана жасап отырған. Сондықтан да Махамбет қолданған теңеу сөздер өзінің жасалу үлгісі жағы-

нан емес, қандай сөздердің теңеуге алынғандығы жағынан және нені теңеп, балап отырғандығы жағынан қарастырылуы керек.

Махамбет қолданған теңеу сөздердің бір тобы – эпостық-батырлық жырларға тән дәстүрлі теңеу сөздер.

*Күшіктей* даусын қыңсылатып,  
Аш күзендей белін бүгілтіп (58)

Бөліне көшкен еліңді  
Бөріккен қойдай қылармын.  
Жарыла көшкен еліңді.

*Жаралы қойдай* қылармын (56)  
Адырнасын *ала өгіздей* мөңіреткен (12)<sup>1</sup>.

Сол сияқты батырды, оның әрекетін табиғат құбылысына, аңға, құсқа салыстыра теңеу де эпостық жырларға ежелден тән тәсіл. Ал Махамбет те осы дәстүрді берік ұстаған. Ол да өзі сөз еткен батырларын, олардың іс-әрекетін ежелгі эпостық үлгіде суреттейді. Бірақ бұл эпоста жасалған дүниені сол қалпында жолма-жол, сөзбе-сөз қайталау емес, дәстүрлі ортақ модельді алу еді.

Әдетте салыстыра теңеу көркем образды, әсерлі шығу үшін теңеуге алынатын сөз бен теңелетін сөздің мағыналық арақатынасында, біріншіден, үйлесім, екіншіден, теңеу арқылы берілетін мағыналық реңк айқын көрінуі керек, үшіншіден, теңеуге алынып отырған сөздің ішкі мағынасы анық көрінуі керек.

Айталық, өзге бір жерде арыстанға теңеп отырған Исатайын бірде Махамбет: *Қызғыштай болған есіл ер Қайранда жұрттан не көрді*, – деп «қызғышқа» теңейді. Мұнда ақын Исатайдың ерлігін айтайын деп отырған жоқ, оның халыққа, жұртқа қамқоршы болуын, ел қорғаны болуын, жанашырлығын ескеріп отыр. Ал осы үшін «Қызғышты» таңдаса, халықтың ұғымында «қызғыш» туралы дәстүрлі түсінік бар. Ол – қызғыш құс көл қорықшысы деген түсінік. Міне, Махамбет қызғыш құстың ел түсінігіндегі осы «қасиетін» ескеріп барып теңеуге алып отыр. Ал бұл – қызғыштай деген теңеу сөздің ішкі мағынасы. Осы ішкі мағына дәстүрлі түсініктен келіп шықпаған жерде ұғымға жат болады.

Ескерту: [Қызғыш жайлы халықта бар бұл дәстүрлі түсінік әрі оның поэзияға түсуі өте арғы дәуірлерде қалыптасса керек. Ал уақыт өте келе поэ-

<sup>1</sup> Осы сөздер кездесетін үзінді-үлгілерді жоғарыда өзге бір мәселеге қатысты жерде келтіргенбіз.

зияда ел қамқоры болған ердің елден қуылуы сәтін, сол кезеңдегі батыр көңіл күйін қызғыш құс жағдайына ұқсату дәстүрінен келіп туған ортақ мотивті өлең жолдары жасалған. Айталық, «Тоқтамыс толғауында» (XV ғ.) Тоқтамыс ордан қашып Телікөлге, одан Көкүлдінің көліне барып жатқанда «... су толқып, қызғыш суға тиіп ұшып» мазалай береді. Сонда Тоқтамыс:

Қиқулама қызғыш құс  
 Даусың зарлы байғұс құс.  
 Қанатың құчық, мойның бос сенің.  
 Баттауық болған жылқым жоқ.  
 Тор толған жұмыртқаң  
 Етектеп алар ұлұм жоқ,  
 Мен елден айырылдым,  
 Сен көлден айырылсаң.  
 Сен де мендей боларсың... –

(П. Мелиоранский, 361-б.)

дейді. Ал «Манас» жырында Алмамбет батыр Көкшеден өкпелеп кетіп, Манасты іздеп келе жатады... Қарасуға келсе, Қызғыш құс («ызылдақ ызғыч куш») айналып ұшып мазасын алады, Қарасудан кетсе де, «ызылдаған ызғычдан қутулбайт». Сонда Алмамбет қызғышқа:

Ызылдаба ызғыч куш  
 Ырасын айтсам ушул иш,  
 Қанаттудан сен жалғыз  
 Қара сазға бутупсұң,  
 Қара баштан мен жалғыз  
 Қойсоңчу, ызғыч, кордобо... –

деп, атып салады, қанаты сынып құлаған қызғышқа:

Чөлүккөн чөлдө сен болдуң  
 Чөккөн арстан мен болдум  
 Аңқаған чөлдө сен болдуң  
 Ач арстан мен болдум  
 Алынды билип, не тийдің  
 Алымды билбей достошуп,  
 Ажалдың тонун мен кийдим,  
 Өз алың билбей сен тийдің  
 Өзүңө оқшөш болам – деп  
 Өлүмдүн тонун мен кийдим, –

дейді.

Махамбет болса көтеріліс жеңіліс тауып, қашып жүрген бір сәтте жапанда жолдас болған қызғышқа:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
 Қанатың қатты, мойның бос.  
 Исатайдан айырылып,  
 Жалғыздықпен болдым дос.  
 Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
 Ел қорыған мен едім,  
 Мен де айырылдым елімнен.  
 Көл қорыған сен едің,  
 Сен де айырылдың көліңнен, –

дейді.

Зерттеуші ретінде салқынқандылықпен талдар сәттің орайы өзге бір ретте келер, бұл арада сезім сөйлесін: Осы үш дәуір әдебиетіндегі үш үзікке тән ортақ ұқсастық – көңіл терберлік ұқсастық! Негізі сонау өте ерте заманда жасалған дәстүрлі түсініктің ерте заманда поэзияға түскен, поэзияда негіз-үлгі тапқан, сол негіз-үлгі келе ортақ модель-үлгіге айналған туыс халықтар әдебиетіндегі бір негіздес ұқсастық! Белгілі бір сөз орамдарындағы ішкі мағына – халық ұғымындағы дәстүрлі түсінік теліген ішкі мағына осындай салтық-тұрмыстық психология – мұралық психология негізінде жасалады].

Бұлар ғана емес, осы дәстүрлі түсінік ортақ болғандықтан, ортақ түсініктегі халықтың өкілдері бірінен-бірі үйренбей-ақ, бірін-бірі білмей-ақ, әлгі дәстүрлі түсінік қызметіне жегіліп жүрген сөзді бірдей, бірін-бірі қайталағандай дәрежеде қолданады. Айталық, қырғыздың «Манас» жырында:

*Қайра жаар булуттай*  
Қаар бетиен айналған [5].

деп келсе, «Ер Тарғында»:

Еңіреп жүрген ер едім,  
*Қаптаған қара борандай,* –

деп келеді. Ал Махамбет болса батырдың өзіне емес, жүрегіне балама етеді:

*Қайнаған қара бұлттай,*  
Қарсы біткен жүрегім (43).

Немесе «Ер Тарғында» «қалмақтан ноғайға тартып әпердім атымнан арыстан туған ер үшін» [6], – десе, «Манаста»: «Азар құлақ салыңыз, Арыстан Манас көбіне» – дейді. Махамбет болса «Арыстан еді-ау Исатай» – дейді. Бұл бірдейлік балама сөздерді бірінен-бірі алу емес, ерді арыстанға теңеу сияқты халықта бұрыннан бар дәстүрді алу еді. Осы себепті де қаншалықты «бір жерден шыққандай» ұқсап жатса да, Махамбетте бар өзге теңеу сөздерді Махамбеттің өзіне тән дүние ретінде қарау керек болады.

Махамбетте бар теңеу сөздердің заттық ұғымға (зат есім сезге) балама ретінде келуі өте сирек: *керт бұғыдай билерден* (31), *алақандай Нарында* (54), *өздеріңдей хандардың* (56), *мендей ерге жөн екен* (89), *қылыштай қиғыр алмас ем* (1), *бұландай ерді кес-кен күн* (13), т.б. Тек бір-ақ ретте мақтау өлең сипатындағы «Тарланым» деген өлеңде ғана заттық ұғымға теңеу топталып берілген:

Керіскендей шандозым,  
 Құландай ащы дауыстым,  
 Құлжадай айбар мүйіздім,  
 Қырмызыдай ажарлым  
 Хиуадай базарлым  
 Теңіздей терең ақылдым! (11)

Бұлай топтанып келуінде заңдылық бар. Өйткені жоқтау өлеңдер – негізінен мақтау-ода түріндегі өлеңдер. Мұнда батырдың, қалаулы өзге бір жанның іс-әрекетімен бірге қасиеті де суреттеле баяндалады. Ал бұлардың сыртында жоғарыдағы үзінді таза теңеу сөзге құрылмаған, ол метафоралы теңеу. Батыр жалаң алынып теңеліп отырған жоқ, ол метафораланып алынып отыр.

Міне, осы сияқты бірді-екілі реттерде болмаса, объектілер суреттеле бермейді. Себебі Махамбет әрекеттің суреткері, әрекеттің баянгері, яғни Махамбет геройының іс-әрекетін суреттеуді бірінші кезекке қояды.

I. *Астындағы Ақтабан ақбөкендей ойнайды (7), қасына ерген көп әскер маңыраған қойдай шулайды (7), жау бір өрттей қайнайды (7), оқ жаңбырдай жауған күн (13), аса шапқан құлаша ат зымырандай болған күн (13), айдаһардай арбадың (55), әлі де болса қойдай қылып айдармыз (34).*

II. *Мылтығын қардай боратып (8), қанын судай төксе де (9), Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен (12), атқанын қардай боратқан (12), атандай даусын ақыртып (57), күшіктей даусын қыңсылатып (58), т.б.*

Махамбет теңеулері, яғни теңеуге алынатын сөздері қазақтың тұрмысына лайық, оның көшпелі тіршілігіне, малшылық, аңшылық кәсібіне, даласына тән сөздер. Батыры бұлтқа (*Қайнаған қара бұлттай*), дауылға (үдей соққан дауылдай), еменге (*бұрала біткен емендей...*), оның айбары *арыстанның ақыруына*, іс-әрекетті *қабланның қайыра соғуына* теңеледі. Соның өзінде де теңелетін объект топ-топқа бөлінеді. Дәлірек айтқанда, ақынның көзқарасына қарай объектілердің бір тобы жоғары асыра теңеу тауып, қасиетті нәрсеге баланып жатса, бір тобы төмендетіліп кемсіте теңеліп, болымсыз, ұнамсыз нәрсеге баланып жатады. Ақынның көзқарасына қарай сөздер ерекше қасиет тауып, өзгеше мағыналық сипатқа ие болады, сөз идеялық

көркемдік бояуы бар жікке бөлінеді. Мысалы, батыры – «арыстандай ақырып», «дауылдай үдей соғып» жатса, жауы – «ақсүйектің баласы бақадай шулап» жатады. Тіпті жауын мұқатуында, мұқату түрінде де өзгешелік бар. Жауын «қойдай қылып айдап», «күшіктей қыңсылатып», «аш күзендей бүгілтіп», «шабақтай соғып» жатады. Жауы – *бақа, қой, күшік, күзен, шабақ* сияқты болымсыз, ұнамсыз, әлсіз тіршілік иесіне теңеледі.

Махамбет теңеу сөзді қолдануда барынша шебер. Өзге көп көркемдік тәсілдерді түйдектеп қолданатыны сияқты теңеу сөздерді де тобымен, тізбекті қатарымен қолданады:

*Тағыдай* таңдап су ішкен  
*Тарпаңдай* тізесін бүгіп от жеген,  
*Тағы сынды* жан едік (63).

Кер миығым, кербезім,  
*Керіскендей* шондозым,  
*Құландай* ащы дауыстым,  
*Құлжадай* айбар мүйіздім,  
*Қырмызыдай* ажарлым  
*Хиуадайын* базарлым,  
*Теңіздей* терең ақылдым,  
 Тебіренбес ауыр мінездім (11).

Ақын қолданған теңеу сөздердің көбі жоғарыдағы үлгіде *-дей* жұрнағы арқылы жасалған. Өте сирек бір-екі жерде ғана көне *-дайын (-дейін)* формасымен әрі *секілді* сөзімен жасалған теңеу кездеседі. *Түлкідейін* түн қатып, *Бөрідейін* жол тартып (15), *Бұл секілді* неткен ер? (9), *Тағы сынды* жан едік (63). Ал *-ша* формалы теңеу Махамбетте бір-ақ рет, *Жолбарысша жорыттым, етіне құлан тоям* деп, – дегенде ғана кездеседі. Мұның өзінде де *-ша* тұрақты емес, ол *-дай* формасымен еркін орын ауыстырарлықтай сипатта. Бұл арада ғана емес, жалпы *-ша*, *секілді* (сияқты) *-дай*, теңеулік формалар – бірінің орнына бірі жүре беретіндей синоним формалар: *оқша атылу – оқтай атылу – оқ сияқты атылу*.

Метафора теңеу сияқты суреттеудің, сипаттаудың негізгі бір тәсілі. Мұнда суреттеу, сипаттау, баламалау арқылы жасалады: яғни суреттелетін объект өзге күллі дүниеден өзіне ұқсатылған



балама табады. Өзінің екінші образын (кейпін), дәлірек айтқанда, екінші өзін табады. Ал бұл «екінші өзі» «бірінші өзіне» деген көзқарас, түсінік, таным, бағалауға қарай қасиетті, қасиетсіз топтардан (зат, құбылыстан) тұрады.

Бұлай «екінші өздерді» жасау ауызекі сөйлеу тілінде өте ертеден қалыптасқан дәстүр. Бұл дәстүр халық мақал-мәтелдерінде, шешендік сөздерде, салттық-тұрмыстық өлең-жырларда, эпостық-батырлық жыр-дастандарда, ерлік-азаматтық өлеңдерде барынша молынан бой көрсеткен. Ал егер осы сөз үлгілерінде кездесетін метафораларға үңіле қарағанда бұлардың осы сөз үлгілерінің жанрына, түріне қарай жіктелуін де, яғни бір жанрдың стильдік-тілдік тәсілі ретінде айқын бөлектенуін де әрі бөлектенбей, көбіне ортақ күйде жұмсалатынын да көруге болады. Арғы дәуірге қарай бара түскен сайын бұл сөз үлгілерінің соңғы сипаты молырақ байқала береді. Әрі балама-метафоралар барынша қарапайымдана түседі.

Метафора мен теңеу өзінің жасалуы жағынан бір-біріне өте жақын; олар бір негізден жасалады. Метафорада заттың, құбылыстың өзі ұқсатпа балама ретінде алынса, теңеуде сол зат пен құбылыстың әрекеті ұқсатпа теңеме болады: яғни бірінде екі зат (зат, құбылыс) теңдікте алынса, бірінде екі заттың әрекет-қимылдары теңдікте алынады. Мысалы: *ол – арыстан; ол арыстандай ақырды*, т.б. Осы себепті Махамбетте де теңеме ретінде алынатын сөздер мен балама ретінде алынатын сөздер өзара барынша жақын, тектес болып отырады: *Арыстандай ақырған, Айбатыма шыдамай (68), Исатай мен Махамбет Екі арыстан ер қалды-ау (89)*.

Метафораға алынатын зат я құбылыс әдебиетте кездейсоқ таңдала салмаған. Олар – ұзақ дәуірлік дәстүрдің, ұғым-түсініктің, салт-ғұрыптың жемісі. Осы тұрғыдан қарағанда, Махамбет поэзиясында қолданылған метафоралар да бірнеше салалы арналардан келіп тоғысқан.

Айталық, XV ғасыр жырларында герой құстан: «ақсұңқарға», көліктен: «құлаша атқа», «құланға», «буыршынға», өсімдіктен: «терекке», «бұтаққа»; аңнан: «аш күзенге», «аш бөріге» баланады, «Орақ – Мамай» жырында герой – «жасынға», «найзағайға», «бұлтқа» баланады. Ач күзендей бүгіліп, *Ач бөрідей чүмеңдеп*,

*Мен тауда ұялар сұңқармын, Мен қарағайға қайнап біткен  
бұтақпын.*

Ерегіскен ерлерге  
Найзағай мынан жасуңмын.  
Келе қара бұлтмын  
Келе жаумай ашылман [7].

(«Орақ – Мамай»)

Міне, осы дәстүр Махамбетте де бар. Махамбеттің геройы, біріншіден, «кұсқа» баланады: *мен қарақұстан туған қалықпан (74), таудан мұнартып ұшқан тарланмын (11), егізінен айырылған мен бір аққу болдым халықтан соң (90), томағалы сұңқар мен едім (50), екіншіден, «ағашқа» баланады: түбін қазған мен бәйтерек (46), мен түбін кескен бәйтерек (74), боз ағаштан биік мен едім, бұлтқа жетпей шарт сынбан (50), үшіншіден, табиғат құбылысы «бұлтқа», «найзағайға» баланады: Мен келе қара бұлтпын, Келе жаумай ашылман (78); қарсыласқан дұшпанға Найзағай мен жасылмын (78), т.б.*

Ал, төртіншіден, қазақтың көшпелі тұрмысының тірегі «нар түйеге» баланады: *Қарындасым бар-ды деп, Қайыспас қара нарды деп (9); Сендей нарқоспақтың баласы* Маған оңаша жерде жолықса (59), т.б.

Бесіншіден, тағы аңы «бөрісіне» баланады: *Исатайдың барында екі тарлан бөрі едім (57).*

Міне, бұл метафоралар Махамбетке өзіне дейінгі ерлік-батырлық жырлардан ауысқан. Тіпті Махамбет кейде бұрынғы жырлардағы метафоралы жолдарды сол күйінде қайталап қолданады (мысалды қараңыз).

Әрине, Махамбетте XV ғасыр поэзиясында жоқ дәстүр де бар. Ол – батырды «арыстанға», «жолбарысқа» балау. Бұл Махамбетке, сөз жоқ, эпостық-батырлық жырлардан ауысқан дәстүр. Қазақтың, өзге түрк халықтарының эпостық жырларында батырға «арыстанды», «жолбарысты», «қабланды» балама етіп алу – қалыптасқан бір көркемдегіш, бедерлі сөз жасаудың бір жолы.

Құртқажан, неге қамықтың  
Жолбарысың мен есенде...  
Қазан жетіп бұл жолда

Хаққа түзеп бетінді  
*Арыстаным*, жөнелсең.  
 («Қобланды»)

Алладан әмір болғаң соң  
 Жас мезгілі толғаң соң,  
 Көрмеймісің жатқанын  
*Арыстаныңның* бір сайда?  
 («Ер Тарғын»)

Азыр құлақ салыңыз  
*Арыстан Манас* кебине.  
 («Манас»)

*Арыстан* сөзін теңеме, балама түрінде алу қазақтың эпостық жырлары тарихының қай дәуіріне тән? Бұл туралы дәлді пікір айта қою қиын. Өзінің туу дәуірі анық, айқын жазба мұра «Мухаббат-намеде» арыстанды поэтикалық сөз керегіне жарату, қызметке алу дәстүрі кездеседі.

Аја арслан јудклік хан урукы  
 Кічік аидын улукларның улукы...  
 Качан кім ікі сар турса бајавлан  
 Сәнің чәкдрларің көкрдр чу арслан.  
 («Мухаббат-наме»).

Бұл дастан XIV ғасырға тән. Бірақ қалай дегенде де арыстан сөзінің батырға баламаға (метафора ретінде) алынуы мен батыр әрекетінің арыстан әрекетіне теңелуі, яғни арыстан сөзінің осы екі жағдайда поэзияда тілдік тәсіл болуы бір дәуірдің жемісі емес. Тегінде поэзияда батырға арыстанды баламаға алудан арыстан әрекетін теңеуге алу алғаш көрінсе керек (М. Қашғари «Сөздігінде» Арсланлайу *көкрелім* деген теңеу бар). Әрине, мұның өзі тереңірек қарастырылуы тиіс бір мәселе. Ал Махамбетке келсек, *арыстан* сөзін поэтикалық тілдік құрал ретінде қызметке жегуде өзінің алдындағы эпостық жырларға тән қолданыс дәрежесімен қарайлас та, олардан озып та түсіп жатады: *Арыстаным*, көп болды-ау, Саған да менің арманым (11); Шақырғанмен келер ме, Кешегі менің арыстаным, Өзі шын барар жерін тапқан соң (30); Ерсары мен Қалдыбай, *Екі*

*арыстан* тең өлді (8); Исатай мен Махамбет, *Екі арыстан* ер қалды-ау (69); *Арыстан еді-ау Исатай*, Бұл фәнидің жүзінде, *Арыстан одан кім өткен* (12).

Осы айтылған метафоралардан бөлек бір топ метафора бар. Ол – Махамбеттің лирикалық геройға қаруды балама етіп алуы; Ерегіскен дұшпанға, *қызыл сырлы жебе едім* (58), *қылыштай қиғыр алмас ем* (97), *сугаруы қанық сүңгі ем* (97).

Ал осы сияқты жаңа тұрпатты метафоралардың қатарына:

Кер миығым, *кербезім*  
 Керіскендей *шандозым!*  
 Құландай ащы *дауыстым!*  
 Құлжадай айбар *мүйіздім*  
 Қырмызыдай *ажарлым,*  
 Хиуадай *базарлым!*  
 Теңіздей терең *ақылдым,*  
 Тебіренбес ауыр *мінездім* (11), –

деп келетін түйдекті тенеулі метафоралы жолдарды да жатқызуға болады. Мұнда өзге бір дүние заттары балама ретінде алынып отыр. Бұл – эпостық жырларда кездесе бермейтін, көбіне тұрмыс-салт жырларына, жоқтау өлеңдер стиліне тән сөз саптау.

Әрине, таза күйінде дара туған жанр жоқ. Эпостық жырларда да тұрмыстық-салт жыр-өлең элементтері араласып келе береді. Егер осы үлгідегі сөз өрнегі эпостық жырларда кездессе, бұл сол эпостық жыр стилінің көрінісі емес, тұрмыстық-салттық өлең стилінің эпоста жүруі ғана деп қарау керек. Айталық, дәл Махамбет сөзі үлгілес сөз «Қобыланды» жырында бар. Қобыланды батыр жауға аттанып бара жатқанда қарындасы Қарлығаш былай дейді:

Ақ маңдайда *тұлымым,*  
 Бірге туған *құлыным,*  
 Керекке біткен жауырын,  
*Қолқанатым, құйрығым,*  
 Судан шыққан *сүйрігім,*  
 Суырылып озған *жүйрігім,*  
 Қозыдай менің *егізім.*

Ал «Қыз Жібек» поэмасында Жайыққа аттанып бара жатқан Төлеген Сансызбайға:

Айналайын қарағым.  
 Жауға барсам *жарағым,*

Қабырғамда қанатым,  
Артымдағы құйрығым,  
Жетегімде жан атым! –

дейді. Бұл екі үзіндіде де өлең тіріге арнау. Ал Махамбет жоғарыдағы өлеңде Исатайды жоқтап, жоқтау өлең айтып отыр. Батырдың тірі кезіндегі қасиеттерін сипаттай жоқтап отыр.

Қазақ поэзиясында сипаттай мақтау мен сипаттай жоқтау стиль жағынан бөлінбеген. Және өте ертеде туып қалыптасқан бұл үлгі қазақтың батырлық, тұрмыстық жырлары мен азаматтық поэзиясына сол қалпында ауысып отырған. Тіпті профессионал жазба әдебиеттің өзі де осы форманы сол күйінде қабылдаған.

Міне, бұлар – метафора таңдау, метафора жасау үшін негіз-сөз таңдаулар. Ал бұл таңдауларда халық поэзиясында қалыптасқан дәстүр, халықтық ұғым-түсінік дәрежесі, сөзді поэзиялық мақсатта қолдану шеберлігі, поэзиядағы тіл ұстарту мәдениеті дәрежесі жатыр. Ал Махамбеттің метафораны жасауына, яғни ол қолданған метафоралардың түр ерекшеліктеріне келсек, мұнда Махамбеттік жаңалық жоқ. Ол өзіне дейін туып қалыптасқан метафора түрлерін ғана пайдаланады. Ал Махамбетке дейінгі поэзияда біз Бұхар өлеңдерінде кездесетін метафораларды түр жағынан жіктей айтқандықтан, Махамбет өлеңдерінде бар метафораларды бұлайша талдаудан әдейі тартындық. Әрі академик Қажым Жұмалиевтің Абай поэзиясы тіліне арналған еңбегінде, сол сияқты Б. Хасановтың «Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы» (1966) деген кітабында метафораға түр жағынан жүйелі классификация жасалған.

## 5. Махамбет поэзиясында стильдік-тілдік тәсіл ретінде жұмсалатын формалар

Халықтың ауызекі сөйлеу тілінде бар, актив тұтытуда жүрген грамматикалық формалардың бәрі поэзия үшін де қызмет етеді. Бірақ поэзияның сөйлеу тілінен бөлек өзіндік заңдылықтарына орай бұл формаларды пайдалануында ерекшеліктер болады, яғни поэзия барлық тілдік құралдарды өзгеше бояумен көркемдеп пайдаланады, олардың сөйлеу тіліндегі мағынасына, қызметіне үстеме мағына, үстеме қызмет жүктейді, олардың қалыпты

жұмсалыуына да өзгеріс енгізеді: не оларды өте аз пайдаланады, не оларды жиі пайдаланады. Міне, осы тілдік құралдарға үстеме мағына беру, жиі қолданысқа түсіру екінші кезекте көркем поэзияның стильдік-тілдік тәсілінің бір саласы болып табылады. Яғни поэзияны поэзия түрінде танытатын жиындық формалардың құрамдас бір бөлегі болып табылады.

Махамбет өлеңдерінде осындай поэзиялық стильдік-тілдік құрал дәрежесіне көтерілген формалардың бірі – есімшенің *-ған* және *(-па)с, -ар* формалары.

Есімшенің *-ған* формасының поэзияда актив тілдік құрал болуының тарихы өте әріде жатыр. Біз бұл форманың өлең үшін тәсіл-құрал ретінде жұмсалыуын Махмұд Қашғаридің XI ғасырда жазылған сөздігінен кездестіреміз.

М. Қашғари сөздігінде «Кім еді?» (тақырып шартты түрде) деген жоқтау-толғау өлең бар. Мұнда, негізінен, өлген кісінің тірліктегі артықша қасиеттері айтылады.

Эрді ашын татурған,  
 Йавлақ йағығ қатырған,  
 Бойнын тутуб қазырған  
 Басты өлүм ағтару...

Міне, есімшенің өткен шақтық *-ған* формасымен келетін осы өлең үлгісі кейінгі дәуірде қазақ халқына тән барша жоқтау өлеңдерге ортақ тәсіл болып қойған жоқ, мұның өзі батырлық өлең жырлар мен азаматтық мотивтегі өлеңдер үшін де ортақ тәсіл болды. Біз бұл форманы XV ғасыр мен XIX ғасыр арасындағы қазақ поэзиясынан өте көп кездестіреміз [8].

Махамбет өлеңдерінде *-ған* формасы екі жағдайда өте жиі қолданылады: бірі – өлең жолының аяғында суреттемелік-анықтауыштық, сипаттамалық-баяндауыштық түрде келіп, ұйқастық форма жасауы; екіншісі – өлең жолының ішінде таза суреттемелік-анықтауыштық қызметте келіп, есімшелі тіркес формасын жасауы.

I. Өлең жолының аяғында келіп ұйқастық форма қызметін атқаруы, суреттемелік-анықтауыштық мағынада жұмсалыуы;

(1) Садағына сары жебе салдырған,  
 Садағының кірісін



дәуірден Абайға дейінгі аралықта бірде-бір жоқтау, жоқтау-мақтау, сипаттау-суреттеу өлеңдері осы *-ған* формасынсыз жасалмаған. Қазақ поэзиясы тарихында ұлы төңкерістер мен ұлы жаңашылдықтың иесі Абай да өлең үлгілерінің неше алуан қатар тізбегін жасай отырса да, өзінің жоқтау өлеңдерінде ондай жаңашылдыққа бармаған, замандар бойында қалыптасқан өлең үлгісінен аттап өтпеген. Өйткені әрбір форма мазмұнға лайық, онымен бірге бірлікте туады. Әрбір мазмұн өзге мазмұннан өзіндік мазмұн ерекшелігімен ғана бөлектенбейді әрі формасымен де бөлектенеді. Сіз қияға, өрге салынатын баспалдақты жолды еш уақытта да тегіс жерге салмайсыз және сала да алмайсыз. Баспалдақты жолды (форманы) тауып отырған тегіс жер емес, қия, ор жер. Міне, осы себепті де, қазақта жоқ өлең өлшемін, ұйқас түрлерін жасаған Абай сүйікті ұлы Әбдірахманға арнаған жоқтауын бағы заманнан қалыпты, дәстүрлі формада жазды.

Орынсызды *айтпаған*,  
Түзу жолдан *қайтпаған*,  
Жақсылық қылар орында  
Аянып бойын *тартпаған*,  
Ортасында кәпірдің,  
Арамынан *татпаған*,  
Өмір бойы талпынып,  
Ғылым іздеп *жатпаған*  
Түрленіп «Төре болдым» деп  
Есерленіп *шатпаған* [9], –

деген өлеңді Арғын Дәулет ақынның Алыпқаш батырды:

Есіктен қабан *ақыртқан*,  
Төріне сұңқар *шақыртқан*,  
Қара арғымақ *қатырған*  
Қара лашын *қашырған*  
Көк бөртеңі *жайлаған*  
Көктілі жылқы *айдаған*  
Сары қазы *шайнаған*,  
Арыстан деген аң болар,  
Асауын ұстап *байлаған* [10], –

деп жоқтаған өлеңінен айыра қарауға әсте болмайды. Тек екі кісінің қасиетінде, қасиетін таңдап айтуда ғана айырым бар. Екі өлеңді бөлектерлік осылар ғана.



III. Есімшенің *-ған, -ар* (-ма -с) формаларын анықтауыштық үлгіде жиі жұмсау халық поэзиясына тән негізгі бір ерекшелік. Өйткені халық поэзиясында сөз етіліп отырған зат та, қимыл да жалаң аталмай, өзінің қасиетімен, белгісімен қоса аталады. Мұның өзінде де нақтылы зат пен қимылдан гөрі олардың қасиет-белгісіне көбірек көңіл бөлінеді. Ал бұл қасиет-белгі таза сындық формадағы сөздер болып келмейді, әрекетті-суреттеме, әрекетті-сипаттама түріндегі сөздер болып келеді. Айталық:

Саздауға біткен құба тал,  
Кімдерге сайғақ болмаған?  
Басына жібек байлаған  
Арулар кімнен қалмаған?  
Таңдап мінген тұлпарлар  
Иесін қайда жаяу салмаған? –

дегендегі заттық-бастауыш сөздер *құба тал, арулар, тұлпарлар* аталып қана отыр және олар қимыл-әрекет үстінде аталмай, суреттемелі түрде аталып отыр. Яғни сөздерді әрекетке түсіруден гөрі сипаттап айту көп басым жатыр. Алты жол өлеңде 20 сөз бар, ал оның 2-і ғана (қалмаған, жаяу салмаған) таза қимылдық қасиеттегі сөздер, ал *саздауға біткен, басына жібек байлаған, таңдап мінген* есімшелі үйірме тіркестер анықтауыштық қызметте келген.

Міне, есімшенің *-ған және -ар* (-ма, -с) формаларының суреттемелік, сипаттамалық-анықтауыштық қызметте жиі келіп, поэтикалық, стильдік-тілдік құрал ретінде өлеңнің формасын жазауға актив қатысуы халық поэзиясы сияқты Махамбет поэзиясының да бір ерекшелігі.

*Арғымақтан туган қазанат*  
*Шабуыл салса нанғысыз.*  
*Қазанаттан туган қазмойын*  
*Күніне көз көрім жер шалғысыз.*  
*Айырдан туган жампоз бар*  
*Нарға жүгін салғысыз.*  
*Аруанадан туган мая бар*  
*Асылын айуан десе нанғысыз...*  
(«Тайманның ұлы Исатай»)

Мінкен, мінкен, мінкен ер,  
 Бұл сықылды *неткен* ер?!  
 Көлденең жатқан Жайықтан  
*Қырқарланып өткен* ер  
*Күн астымен жеткен* ер  
 Айтып, айтпай немене?  
 Исатайды өлтіртіп,  
 Серкесінен айырылып,  
 Сергелдең болған біздің ел.

(«Мінкен ер»)

Махамбеттің әрекет-қимыл үнделетін өлеңінде де («Байма-гамбет сұлтанға...») осы есімшелік (I. Еділді көріп *емсеген*, Жайықты көріп *жемсеген*, Таудағы тарлан біз едік; Мен бір *шәрға ұстаған* қара балта едім; *Бөліне көшкен* еліңді, *Бөріккен* қойдай қылармын; 2. *Тартынбай сөйлер* асылмын; 3. *Бойың жетпес* биікпін, т.б.) мол орын алған.

Ал дидактикалық сарындағы шешендік-толғау өлеңдер үшін стильдік-тілдік ерекшелік болған есімшенің *-ар* формасы бірде үнемі анықтауыштық бағытта келіп, ішкі ұйқас жасаса (*жиырып алар күн қайда? Бантап мінер күн қайда? Жау тоқтатар күн қайда?* – «Ұлы арман»), бірде етістік-баяндауыштық бағытта келіп, тармақтық ұйқас жасайды. (Қатын қалса *бай табар*, Қарындас қалса *жай табар* – «Шашылу», т.б.), *-ар* формасы мен *-са* формасының жұптығы (Қайыңның басын жел соқса, қайғыда болар анасы – «Аспандағы боз торғай») кей өлеңінің стильдік-тілдік ерекшелігі боп отырады.

Ақынның осы үлгілес біраз өлеңдері халықтың дидактикалық сарындағы шешендік сөз, шешендік толғау-өлеңдеріне өте жақын, тіпті солармен бірдей болып келіп отырады. Сондықтан да біз оларды «Қазақ поэзиясындағы ортақ мотивті, варианты өлеңдер» деген тарауда сөз еттік. Ал ақынның бұл формалармен жасалған өзіне тән, төл өлеңдері жоқтың қасы. Олар жоғарыдағылар ғана.

## 6. Махамбет поэзиясының синтаксистік жүйесі

Поэтикалық тілдің өзіне тән лексикасы болатыны сияқты және олардың қолданылуында жиілік, түйдектік ерекшелік болатыны сияқты, өзіне тән синтаксистік жүйесі де болады. Поэ-

тикалық тілдің синтаксисі, әсіресе, жалпы халықтың сөйлеу тілінің синтаксистік нормасын бұзу арқылы жасалатындығымен ерекшеленеді. Бұл бұзу сөйлемнің түрінде де, сөйлемдердің орын тәртібінде де, сөйлемнің баяндауыш формаларында да, сөздердің тіркесуінде де көрінеді. Айталық, үнемі бір типті сөйлем құру, олардың баяндауыш формалары үнемі бір үлгіде болу сөйлеу тіліне (тіпті прозалық әдеби тілге де) тән құбылыс емес, ал поэтикалық тіл үшін бұл қалыпты норма. Айталық, Махамбетте:

Ереулі атқа ер *салмай*,  
Егеулі найза қолға *алмай*,  
Еңку-еңку жер *шалмай*,  
Қоңыр салқын төске *алмай*,  
Тебінгі терге *шірімей*,  
Терлігі майға *ерімей*, –

түрінде, бірөңкей көсемшелі тізбектілікте келетін өлең бар. Ал сөйлеу тілінде не прозалық шығармада дәл осылай сөйлем құруға мүмкін емес, керісінше, сөйлеу тілі үшін осы мүмкін еместер поэтикалық тіл үшін норма болып табылады.

Поэзия музыкалық әуенге құрылатындықтан, ә дегеннен әуен құндағында туатындықтан, барша жеке сөздері де, сөз тіркестері де, сөйлемдері де осы әуен нормасына бағынып, белгілі бір ритм (ырғақ) толқынына бөлінулі болады. Сондықтан да ырғақ толқындары тізбегі сөйлеу тіліндегі тұрақты интонацияға ие тізбектердің өзін бөліп жібереді. Ол бұлардың орнын ауыстырып қана қоймайды, жаңа заңдылыққа не орын тәртібіне келтіреді. Сөздерді, тізбектерді, сөйлемдерді бір жол бойында ғана бөліп қоймайды, жолдарға бытыратып жібереді. Яғни бұлайша сөйлемдегі сөздерді қалыпты тіркесу нормасынан шығарып, қалыпты байланысын ажыратып, қайта құру – поэзиядағы ырғақ толқындарының өмірі нәтижесі. Айталық, Махамбетте:

3 1  
(1) //Көшер еді-ау//біздің ел//  
2  
//Сонау Едігеден бергі тұрған жер  
дейін,//  
3 1  
(2) //Қоран еді-ау//біздің ел//

2

//Арқада қоныс шөлдейін, //

1

(3) //Нұралыдан қалған көп тентек//

3

2

//Бүлдірмегей еді//елімді

2а

Лашын құс бүркіт шайқаған  
шілдейін...//–

деп келетін өлең жолдары бар. Бұл жолдар толық түрінде ырғақ заңдылығына бағынған. Сөйлеу тілі заңы бойынша бөлгенде бір ғана ырғақ желісінде айтылған сөйлем үш ырғақ талқысына бөлінген. Оның өзінде рет жағынан 1–2–3 қатар түрінде емес, 3–2–1 қатар түрінде орналасқан. Бұлардың сыртында «жерге дейін» түріндегі тіркес «жер дейін» түрінде ықшамдау заңымен жаңаша айтылу үлгісіне түскен. Яғни ырғақ барыс септігі жалғауының ашық келуге тиіс нормасын бұзып, еріксіз түрде, түсіріп айтқызып отыр.

Сөйлеу тілі нормасы тұрғысынан келгенде сөздердің бұлай жіктеліп, бұлай орналасып айтылуы тіпті мүмкін емес? Керісінше, сөйлеу тілі ырғақ жүйесі үшін осы мүмкін еместер поэтикалық тілдің ырғақ жүйесіндегі заңдылық болып табылады.

Әрине, поэзияда өлеңдер бір түрде тумайды, әр түрде туады. Осыған орай олардың синтаксистік жүйесі де әртүрлі болады. Осы сияқты Махамбет поэзиясы да өлеңдердің біртектес түрлерінен тұрмайды, әр тектес, әртүрдегі өлеңдер жиынтығынан тұрады. Демек, Махамбет поэзиясы синтаксисін сөз еткенде, бұл әр түрлілік бірінші кезекте ескерілуі керек, яғни ақын өлеңдері синтаксисі осы өлеңдерді түр жағынан жіктей отырып қарастырылуы керек.

Өлеңнің стильдік-тілдік ерекшелігі мазмұнға қатысты. Мазмұн белгілі формада туады. Айталық, ақынның эпостық ерлік жыр үлгісіне өте жақын «Соғыс» деген өлеңі мен дидактикалық сарындағы шешендік толғау үлгісіндегі «Арғымақтың баласы» деген өлеңі өзінің синтаксистік жүйесі жағынан екі басқа өлеңдер. Бірінші өлең таза іс-әрекетке, қимылға құрылғандықтан, етістікті, етістік-баяндауышты болып келеді. Оның сыртын-

да қимыл-әрекетті баяндауына байланысты, бұл етістік-баяндауыштар шақ және рай, жақ жағынан нақтылық сипатқа ие.

Әскер жиып аттандық,  
**Бекетай еді** тұрағым.  
**Айғайлап жауға тигенде,**  
 Ағатай, Беріш ұраным.  
 Бекетай құмға ел **қонып,**  
 Байбақты Жүніс **аттанды,**  
 Қосылуға дем **болып,**  
 ... Артымыздан **келіп қол жетті,**  
 Аз **жетпеді,** мол **жетті.**  
 Түніменен **түйіндік,**  
 Таң атқанша **тарандық,**  
**Таң ағарып атқан соң**  
 Төңірек жаққа **қарандық..**

Осы үзіндіде етістік-баяндауыштар етістіктің барынша динамикалы қасиетке не ашық рай мен көсемше және ауыспалы, жедел өткен шақ түрінде жасалған. Сол сияқты жақ жағынан да әр алуандас. Ал:

Арғымақтың баласы  
 Арығынан білдірмес  
 Арқамнан қосым **қалар деп,**  
 Балағы түкті қоңыр қаз  
 Баттауыққа тоя оттамас,  
 Сұңқарлар үлгі **алар деп... –**

деп келетін үзіндіде сөйлем түр жағынан да, баяндауыш формасы жағынан да бір-ақ үлгіде жасалған. Өйткені өлеңде әрекет бірінші кезекте емес, нәтиже, салдар бірінші кезекте. Ал салдар, нәтиже, мақал-мәтелдер сияқты үнемі даяр үлгіні, шартты мағына беретін модельді пайдаланады. Мұның өзі дидактикалық өлеңнің бірден-бір ерекшелігі.

Ал енді ақынның атай суреттеуге құрылған өлеңдері өзінің сөйлем түрі, баяндауыш формасы жағынан бұлардан да бөлекше болып келеді. Айталық:

Адыра қалған Нарынның  
 Теңіз деген *суы бар.*  
 Жағасына жағалай біткен  
 Қамыс деген *нуы бар.*

Адыра қалған Нарынның  
 Жайық деген суы бар,  
 Жағасында жары бар,  
 Қабағында қары бар.  
 Көнбегенді көндірген,  
 Қынама бешпет кидірген  
 Ортасында Жәңгір деген ханы бар, –

дегенде бірде-бір етістік-баяндауыш жоқ. Ал, керісінше, баяндауыштар үнемі қайталап келіп отыратын бір есім (модальдық мәнді) сөзден жасалған. Осыған байланысты сөйлемдер де өзінің түрі жағынан біртектес. Тіпті бірдейлік өзге сөйлем мүшелерінде де бар: *теңіз деген* (суы), *қамыс деген* (нуы), *Жайық деген* (суы), *Жәңгір деген* (ханы); *жағасында, қабағында, ортасында*, т.б.

Міне, осы айырым-ерекшеліктер Махамбет өлеңдері синтаксисін сөз еткенде оны ақын өлеңдерін түр жағынан жіктей отырып сөз ету керектігін көрсетпек<sup>1</sup>.

### Махамбеттің ортақ мотивті дидактикалық сарындағы өлеңдерінің синтаксисі

Қазақ поэзиясында өзінің баяндауыш формасы жағынан, баяндауыш-ұйқасы жағынан бастан-аяқ бірыңғайлас, біртұтас болып келу – дидактикалық сарындағы шешендік толғау өлеңдерге тән бірден-бір ерекшелік. Бұл жанрдағы өлеңдерде ұйқас құрайтын тармақ аяғындағы сөз, форма ғана қайталап қоймайды, жолішілік сөздер де, формалар да қайталанып отырады. Яғни қайталамашылдық, формашылдық – дидактикалық толғау, терме-толғау өлеңдерге тән қасиет.

Махамбеттің дидактикалық сарындағы өлеңдерінің дені ақын өмір сүрген дәуірде болған, соған дейін жасалған дидактикалық-азаматтық өлең үлгісінде туып қана қоймаған, тіпті бұл өлеңдерінің көбі өзіне дейінгі бар нақты өлеңдердің қайта жырлануы деуге де болады. Яғни жекеленген өзіндік жолдар, икемдей

<sup>1</sup> Біз Махамбеттің дидактикалық мазмұнды өлеңдері синтаксисі тілін «Дидактикалық мазмұндағы толғау өлеңдер тілі» деген ілгері тарау материалымен белгілі дәрежеде сәйкес келетіндіктен кірістірмедік.

қайта айтудан туған редакциялық өзгерістер болмаса, ақынның бұл топтағы өлеңдері – қазақтың ортақ мотивті, вариантты өлеңдер қатарында қаралуға тиіс дерлік өлеңдер.

Әрине, қайта айту, редакциялай жаңғырта айту, өзінікі ретінде айту негізінде барынша жалпылық сипат алған өлеңдер тобына соншалықты жақын, тіпті солармен бірдей, егіздің сыңарындай болса да, Махамбеттің бұл өлеңдерін халықтың ортақ мотивті вариантты өлеңдерінің негізінде туған жаңа туынды ретінде қарау керек болады. Айталық:

Ай астында бір көл бар,  
Ат шаптырса жеткісіз.  
Ортасында алуа, шекер бар,  
Татқан қулар кеткісіз.  
Қарада да қара бар  
Хан ұлы басып өткісіз.  
Алланың бір күні бар  
Бір жарым ай жеткісіз.  
Мұндас ерлер болмаса,  
Менің айтқан сөздерім  
Құлқына жаман жеткісіз, –

деген өлең екі жағдайдан ақынның өз өлеңі болып танылмақ, біріншіден, ақын бұрын бар сөзге өз сөзін қосып отыр, екіншіден, айту реті жаңа, тілге тиек етілу сәті жаңа. Бірақ осыған қарамай, модель де, мотив те көне. Махамбет өзі қосқан сөзін де сол көне сөз үлгісінде айтқан.

Бұл топтағы өлеңдерде мынадай ерекшеліктер бар: біріншіден – қайталаудың барынша типтігі, екінші – инверсияның барынша аздығы; үшінші – есім сөздердің мол болып, етістік сөздердің аз болуы, яғни есім сөздердің қайталауы жиі болып отырады.

### Ортақ мотивті өлеңдердегі қайталаулар

Махамбеттің дидактикалық шешендік толғау өлеңдеріндегі бірден-бір ерекшелік – қайталаудың молдығы. Олар:

а) Г р а м м а т и к а л ы қ (баяндауыш-етістік) қ а й т а л а у - л а р .

Махамбет өлеңдерінде грамматикалық қайталау арқылы жол аяғы ұйқас баяндауыштар жасалады. Мұндай қайталауларда бір ғана қосымша немесе егіздесіп, жұптасып отыратын екі түрлі қосымша қатар қайталап отырады. Бұл қайталаулар әрі сөйлемдердің түр жағынан да қайталауы.

1

Арғымақтан туған қазанат

1 2

Шабуыл салса нанғысыз.

Қазанаттан туған қаз мойын

Күніне көз көрім жер шалғысыз.

/Айырдан туған жампоз бір

Нарға жүгін салғысыз.

Аруанадан туған мая бар

Асылын айуан десе нанғысыз.

(«Тайманның ұлы Исатай»)

II

Орай да, борай қар жауса 1

Қалыңға боран борар ма? 2

Қаптай соққан боранда

Қаптама киген тоңар ма? 2

Туырлығы жоқ тұл үйге

1 2

Ту байласаң тұрар ма?

Ту түбіне тұлпар жығылса 1

Шаппаған нәмарт оңар ма? 2

(«Орай да, борай қар жауса»)

III

Жапанға біткен бәйтерек

(Жапырағын байқасаң)

Жайқалмағы желден-ді

(«Түбіндегі балаусасы белден-ді»)

Хан, төренің кешігіп

Кідірмегі елден-ді



Көшіп өтпек сайдан-ды  
Шығынды болмақ байдан-ды...  
(«Толғау»)

## IV

Аймақ, аймақ, аймақ көл  
Дария болып шалқымас,  
Аяғы төмен аққан соң.  
Айдан жарық нәрсе жоқ,  
Сәулесі түспес жаһанға  
Қараңғы түнек басқан соң...  
(«Аймақ көл»)

Міне, осы төрт өлең жалаң *-ғысыз* (I) және *-са* мен *-ар ма?* (II), *-мағы* мен *-ден-ді*, (III), *-ма-с* пен *-қан соң* формаларының қайталануынан ғана тұрады. Бұл грамматикалық параллелизмдер әрі өлеңнің ұйқасын да жасап отыр. Жалпы грамматикалық ұйқасқа құрылу – дидактикалық поэзияның негізгі бір белгісі. Дәлірек айтқанда, грамматикалық параллелизм және осыдан келіп шығатын грамматикалық ұйқастылық дидактикалық өлеңнің өзге поэзия үлгілерінен ерекшеленетін айрықша белгісі. Өйткені дидактикалық поэзияда сөйлемдік қайталау, яғни өлеңнің бір формалы сөйлем үлгісінен ғана жасалуы бірінші кезекте тұрады. Ал формалық ұқсау негізгі рөл атқаратын мұндай өлеңдерде ұйқас түрі үнемі баяндауышты болып келеді.

Мұны анығырақ түсіну үшін Абайдың өлеңдерінен салыстырма мысалдар келтірейік:

**Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды//**  
*арман,*

**Шошимын кейінгі жас//балалар-дан,**  
**Терін сатпай, телміріп көзін сатып,**  
**Теп-тегіс жұрттың бәрі болды//аларман.**  
(Шығармалары)

Біріншіден, өлеңнің баяндауыш формалары әртүрлі; екіншіден, өлең инверсия заңына құрылғандықтан, ұйқасы баяндауыштық-грамматикалық ұйқасқа құрылмай, фонетикалық ұйқасқа құрылған. Ал синтаксистік дәлдік, сөйлемнің бір ғана формада болу заңдылығы негізгі рөл ойнайтын дидактикалық поэзияда мұндай фонетикалық ұйқас болмайды.

ә) Лексикалық-анықтауыштық қайталаулар. Махамбеттің бұл топтағы өлеңдерінде (жалпы дидактикалық поэзияға тәндігі сияқты) тармақ (жол) ішілік лексикалық-анықтауыштық қайталауларға, белгілі формадағы анықтауыштық қайталауларға құрылу да негізгі бір ерекшелік.

*Арғымақтан* туған/ қ а з а н а т

Шабуыл салса нанғысыз.

*Қазанаттан* туған/ қ а з м о й ы н

Күніне көз көрім жер шалғысыз.

*Айырдан* туған/ ж а м п о з б а р

Нарға жүгін салғысыз...

(«Тайманның ұлы Исатай»)

Саздауға *біткен/құба тал*

Кімдерге сайғақ болмаған?

Басына жібек *байлаған*

**Арулар** кімнен қалмаған?

Таңдап *мінген/тұлпарлар*

Иесін қайда жаяу салмаған.

Бұл есімше формалы анықтауыштық қайталаулар дидактикалық поэзияда өзінің осы үлгіде үнемі қайталауында дидактикалық өлеңнің суреттемелік стильге құрылуына қарыздар. Мұндай өлеңде санамалап келетін объектілер көп болады да, олар әр уақыт есімшелі-суреттемелі анықтауыштармен бірге жүреді.

*Пыр-пырлап ұшқан* (қасқалдақ)

Көлінде жатып көркеймес,

Ортайса көлдің қоғасы.

*Суда жүзген* (нән балық)

Шағала құсқа жем болар

Үзілсе көлдің сағасы.

*Атадан қалған* (сауыттың)

Шығыршығын тот басар,

Жыртыла тозса жағасы.

Осында *қасқалдақ, нән балық, сауыт* сияқты заттық атаулар айтылып отыр. Ал бұл заттық атауларды жай атау дидактикалық өлеңдерге тән емес. Сондықтан да бұлар үнемі *пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ, суда жүзген нән балық, атадан қалған сауыт*

түрінде ерекшелігімен қоса айтылады. Ал бұл ерекшелігін атауды есімше формасында айту дидактикалық поэзиядағы бірден-бір стильдік-тілдік тәсіл. Яғни жоғарыдағы лексикалық-анықтауыштық қайталау осы тәсілді қайталаудан келіп шыққан.

### Махамбеттің дидактикалық өлеңдеріндегі инверсия

Махамбеттің дидактикалық сарындағы өлеңдері жалпы дидактикалық өлеңдер сияқты негізінен ауызекі тіл, сөйлеу тілі заңдылығына өте жақын заңдылықта жасалғандықтан да, бұларда поэзияға тән инверсия заңы үстем емес. Сондықтан да ақынның біраз өлеңінде сөздер прозалық сөйлемдердегі үлгіде тізіліп келеді.

1	2	
Арғымақтан туған/қазанат		
3	4	
Шабуыл салса/нанғысыз.		
5	6	
Қазанаттан туған/қаз мойын		
7	8	9

Күніне/көз көрім жер/шалғысыз... –

дегенде прозалық сөйлем заңдылығына қайшы ешқандай ауытқу жоқ. Сол сияқты поэзияға тән ерекшелік – сөйлеу тілі нормасын бұзу тағы жоқ.

Тіпті бұл топтағы өлеңдерде тармақ ішілік сөздер ғана емес, тармақтардың өзі сөйлемдердің ретімен тізіледі.

1	2	3
(1) Жапанға біткен/бәйтерек/		
4	5	
Жапырағын/байқасаң,		
6	7	
(2) Жайқалмағы/желден-ді,/		
8	9	

(3) Түбіндегі/балаусасы/белден-ді, –

дегенде сөздер ғана ретімен тұрған жоқ, үш жай сөйлем де өз ретімен тұр. Ал бұларды өлең етіп тұрған – интонация мен сөйлем аяғындағы баяндауыштардың морфологиялық ұйқас жасауы, анықтауыштық тәсілдердің қайталап отыруы.

Әрине, Махамбеттің бұл топтағы өлеңдерінде синтаксистік инверсия, яғни жолдың асты-үстілі ауысуы кездеседі. Оның өзінде де тек белгілі формалармен жасалған баяндауышты сабақ-тас сөйлемдердің жай сөйлемдері ғана орын ауыстырады.

(Аймақ, аймақ, аймақ көл)

(1) Дария болып шалқымас, (2)

(2) Аяғы төмен аққан соң. (1)

(Айдан жарық нәрсе жоқ) (1)

(1) Сәулесі түспес жаһанға (2)

(2) Қараңғы түнек басқан соң... (1)

(«Аймақ көл»)

Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ

(1) Көлінде жатып көркеймес (2)

(2) Ортайса көлдің қоғасы. (1)

(1) Аруана мая күңіренер, (2)

(2) Бауырынан өлсе баласы. (1)

Суда жүзген нән балық

(1) Шағала құсқа жем болар 2

(2) Үзілсе көлдің сағасы. (1)

Махамбеттің бұл топтағы өлеңдерінде баяндауыштық инверсияға түсуі, яғни ы р ғ а қ т ы қ и н в е р с и я өте сирек. Бұл тек ұйқастағы формашылдық принципі әлсіреп, лексикалық-фонетикалық принцип бой көрсеткен жерде ғана біршама байқалады.

Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ

Көлінде жатып, көркеймес,

2 1

/Ортайса/көлдің қоғасы./

Аруана мая күңіренер,

2 1

/Бауырынан өлсе/баласы.

Бұл өлеңде *қоғасы*, *баласы* сөздері ұйқас құрауға актив қатысып тұр. Яғни бұл сөздер – о баста тілге ұйқас құрау принципінен келіп оралған сөздер. Формашылдықтан шығып, ұйқас құрауда сөздер таңдау – поэзияның басты бір ерекшелігі. Өйткені өлеңде сөздерді ұйқас іздеп табады. Сөздер ұйқасты іздеп жатпайды.

## Махамбеттің эпостық-ерлік жырларының синтаксисі

Махамбет барынша ішкі монологтың ақыны. Оның күреске, тартысқа қатысты өлеңдерінің дені осы ішкі монологқа құрылған. Сондықтан да Махамбеттің бұл топтағы өлеңдері көбіне лирикалы келеді. Көңіл күй мен ерлік үн аралас келеді; тіпті кейде ақындық «мен» басым да жатады. Ақындық «мен»-нің Махамбетте басымдығы сонша, «мен»-ді сыртқы дүниемен қатынаста алып, лирикалы көңіл күй тілін сөйлейтін ақын «мен»-нің өзін сипаттауға да жиі-жиі оралып отырады. Яғни ақын ішкі көңіл күйі бар «мен» -мен қатар «мен»-ді жалаң суреттеуге де көбірек әуес. Сол сияқты ақында ішкі көңіл күйді айтатын «мен»-мен қатар, арнай, қарата айтатын «мен» де бар. Бұл «мен» лирикалық герой емес, жауынгер қолбасы. Керісінше, Махамбетте таза эпостық үлгідегі өлеңдер өте аз.

Осыларға орай ақынның бір топ өлеңін эпостық үлгідегі өлеңдер, «мен»-нің көңіл күй тілі, «мен»-нің суреттемесі түрінде бөліп-бөліп қарастыруға болады.

Махамбеттің эпостық үлгідегі өлеңі біреу-ақ. Ол – ақынның «Соғыс» деген өлеңі. Ал ақынның қорыта айтуға құрылған монологы – «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Махамбеттің ханға айтқаны», «Әй, Махамбет, жолдасым», т.б. Ақынның өзге бір топ ұсақ өлеңі, көңіл күй сазы мен «мен»-нің суреттемесі.

Ақынның бұл топтағы өлеңдері – әрекет әңгіме болатын өлеңдер. Сондықтан да бұлар өзінің лексикалық құрамы жағынан, синтаксистік жүйесі, ұйқас-баяндаушы, ырғақ-екпіні, т.б. жағынан ақынның өзге өлеңдерінен бөлекше тұрады.

Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» мен «Әй, Махамбет, жолдасым» деген өлеңі жыр үлгісінде айтылған арнау өлең.

Бұл екі өлең де өзінің ұйқасы жағынан ішкі және сыртқы ұйқасқа құрылған. Ішкі және сыртқы ұйқастылық жыр-өлеңге тән бірден-бір белгі. Бірақ қазақтың жыр-өлеңінің көбінде ішкі және сыртқы ұйқастар өлең жолына емес, өлеңнің сөйлем жігіне тәуелді болады. Сондықтан да жыр-өлеңде ұйқас аралық жолдардың санында тұрақтылық болмайды. Ұйқас пен жолдардың шартты түрдегі өлшемі болмайды. Осы себепті де жыр-өлеңнің

бір ұйқасты жолдары бірде 3–4 жол болып келсе, бірде 7-8 жол болып келе береді.

Мұның өзі, негізінен, ойды беру бірінші кезекте тұратындығына байланысты. Яғни ой ұйқасқа бағынулы болмай, ұйқас ойға бағынулы болады.

Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» – ақынның ең көлемді шығармасы. Өлең мазмұнында ғана емес, құрылымы жағынан да күрделі. Махамбеттің бұл өлеңі – 12 бөлімнен тұрады. Ал бұл бөлімдер жеке-жеке ұйқасқа құрылған.

Сұлтанмен алғашқы жауаптасу сияқты кіріспе бөлім – сұрай арнауға құрылған. Ал II, III, IV бөлімдер – хабарлай баяндау. Ақын сұлтанға тіктеп арнай айтпай, оны бейтарап қалдыра отырып, өздері туралы және өздері не істегені туралы айтады. Өзі туралы айтқан бөлім (II, арагідік III) таныстыру ретінде болғандықтан, «біз пәленше» деген тұрғыда келіп, баяндауышы есім сөзді болып отырады. IV бөлім етістік-баяндауышқа құрылған. Істелген істер санамалап айтылатындықтан, ұйқас та тізбектеліп отырады. Ал ханмен жауаптасу сияқты V, VI, VII бөлімдерде жол буын, ұйқас өлшемінен гөрі ырғақ-екпін өлшеміне негізделген. Сондықтан да бұлардағы ұйқас жолға байланысты емес, сөйлемнің аяқталуына байланысты. Ал өлеңнің VIII, IX, XI, XII бөлімінде ақын өзін танытады, не істемекші болғанын баяндайды. Осы себепті де өлеңнің баяндауышы жіктік формада келіп отырады. Ханға тік келе тілдесу сияқты X бөлім бұлардан бір басқа. Мұнда қаратпа сөздер көбірек, сөйлем 3 жақта айтылады.

Бұл өлеңде жол мен сөйлемнің арақатынасында барынша еркіндік бар. Айталық, I бөлімде 7 сөйлемнен тұратын 15 жол бар. Осы жолдар 5 сыртқы ұйқасқа құрылған. Яғни сөйлем мен ұйқасты жолдардың арақатынасы жақын да, бұл екеуінің жалпы өлең жолымен арақатынасы барынша алшақ. Мұның сыртында ұйытқы-ұйқас жолдарға топтанған ұйқассыз жолдар да сан жағынан бірдей келіп отырмайды. Айталық, 1-жол дара ұйқас болса, 2–3-жол бір ұйқасқа топталған, ал 4–7-жолдар бір топталса, 8–10-жол мен 12–15-жол өз алдарына топталған. Демек, бұл топтамдар дара-дара сөйлемдер. Ал әрбір топтам бір-бір сөйлемдік-баяндауыштық ұйқас жолға ие.

Айталық:

1. /Арғымақ дейтін жығылар  
Найза бойы жер келсе,/  
Жабыдайын жалтаңдап;/  
Түсер жерін **қарай ма?**/  
/Арғымаққа айдай таға қақтырса/  
Кілегей қатқан Еділдің  
Көкше мұзынан таяр ма?–/  
2. /Исатайдың барында  
Қара қазан, сар бала  
Қамы үшін қылыш **сермедік.**/  
/Шабытымыз келгенде/  
Ерегіскен дұшпанды  
Шетінен сүйреп **жеп едік.**/

Осы екі үзіндіде де екі ұйқастан бар, ал бұл екі ұйқас екі үзіндідегі сөйлемнің баяндауыш ұйқасы.

Ұйқас пен жолдың арақатынасында бірлік болмайтындықтан, ұйқас ішілік жолдардың сөйлемге қатынасы алуан түрлі бола береді. Айталық, екінші үзіндіде алғашқы 3 жол бір жай сөйлемнен тұрса, кейінгі 3 жол бір құрмалас сөйлем. Демек, ұйқастас абзац ішіндегі сөйлемдер жүйесінде бірдейлесу тәртібі сақталмаған.

Осы ала-құлалық VI бөлімде тіпті айқын көрінеді.

(1) Ханнан кегін ала алмай,  
Арқаның алпыс екі саласына барғанда,  
Айдаһардай арбадың,  
Арбадың да қалмадың,

(2) Қайрат қылар ерің біз болсақ,  
Заманымда болған «сұлтаным»,  
Бізді жіпсіз байладың.

Осы абзацта түсініктеме ретіндегі 4-жолды (*арбадың да қалмадың*) қоспағанда, 6 жол үш-үштен екі ұйытқы-ұйқас жолға топтасқан. Екі сөйлем де сабақтас сөйлем. Ал біріншісі *-май, -ғанда* формалы бағыныңқы сөйлемді болса, екіншісі *-са(қ)* формалы бағыныңқы сөйлем. Демек, бұлар ұйқассыз жолдар ғана емес, бұлар форма-түр жағынан бөлек-бөлек сөйлем-жолдар да.

Әрине, әрекетті тікелей баяндауға құрылған IV абзацта жол мен сөйлемнің арақатынасындағы алшақтық жоқтың қасында.

Еділ үшін *егестік*,  
 Тептер үшін *тебістік*,  
 Жайық үшін *жандастық*,  
 Қиғаш үшін *қырылдық*,  
 Теңдікті малды *бермедік*,  
 Теңдіксіз малға *көнбедік*,  
 Ханның кірген ақ орда  
 Бұзуын ойлап *кеңестік*.  
 Аламанға жел *бердік*,  
 Аса жұртты *меңгердік*,  
 Қара қазақ баласын  
 Хан ұлына *теңгердік*.

Бұл үзіндіде жол мен сөйлем бірдей. Тек *ханның кірген ақ орда(ны) бұзуын ойлап кеңестік* деген сөйлемнің толықтауышты тобы бір жол аясына сыймай, өз алдына бөлек жол жасаған. Сол сияқты сөйлемдерде де түр жағынан біртектес, ыңғайлас, сарын-дас хабарлы жай сөйлемдер тізбектелген.

Міне, жол мен сөйлемнің арақатынасындағы осы екі ерекшелік өлеңнің өзге абзацтарына да ортақ.

Қазақтың жыр-өлеңдері сияқты Махамбеттің бұл өлеңінде де жол мен сөйлемнің бірдей шығып отыруында бастауыштың айтылмауы да негізгі рөл атқарады.

Жыр-өлеңде бастауыштың айтылмауы – ең басты стильдік-тілдік ерекшелік. Бастауышсыздық өлең жолдарының ырғақ жағынан сыйысуына мүмкіндік береді. Бастауыштың болуы, әсіресе, монолог-өлеңде бастауыштың болуы өлең ырғағының үйлесіміне кедергі келтіреді. Демек, ауызша әнмен айтуға құрылып, ырғақ үйлесімі негізгі нәрсе болғандықтан, осы ырғаққа қайшы келетіннің бәрінен қашу монологты жыр-өлеңдерге ортақ қасиет.

Өлең арнау сипатындағы монолог болғандықтан, оның тыңдау-шыға әсері барынша ескеріледі. Ауызша айтылатын өлеңдерде тыңдаушыға әсер ететін қарудың бірі – қайталаулар.

Қайталаулар өлең жолына ұйқастық әуездік, мағыналық реңк береді. Махамбет өзінің сұлтанға арнауын ассонанстық қайталаумен бастайды.



Алай ма, сұлтан, алай ма?  
 Астыма мінген арғымақ  
 Аяндай түсіп марай ма!  
 Арғымақ деген жығылғыр...

Әрине, сұлтанға арнауды дәл осылай аңғартар мазмұны, тиер нысанасы бұлдыр сөздерден бастамай-ақ, өзгеше бастауға да болар. Бірақ тоқ етер төте сөз тыңдаушыны селт еткізіп, елең алдырар үнмен шықпауы мүмкін. Өзіне дейінгі барлық айтушы жырау-ақындар сияқты Махамбет те сөздің алдына бір құлақ бұрау, сөз түзеу сияқты үнді сөз таңдайды. Тіпті дыбыс таңдау ақынды сөзді өзгертуге дейін апарады: ақын *әлей (әлей болсын)* сөзін *алай* түрінде үндендіріп айтады.

Өленде осы сияқты дыбыстық қайталауға құрылып, бір үн үйлесімділігіне, үн ұйқасымдылығына түскен жолдар едәуір кездесіп отырады.

1. Еділді көріп емсеген,  
    Жайықты көріп жемсеген.
2. Еділ үшін егестік,  
    Тептер үшін тебістік,  
    Жайық үшін жандастық,  
    Қиғаш үшін қырылдык,  
    Теңдікті малды бермедік,  
    Теңсіз малға көнбедік.  
       1      2      3
3. Бөліне көшкен еліңді  
       1      4      4  
    Бөріккен қойдай қылармын.  
       5      2      3  
    Жарыла көшкен еліңді  
       5      4      4  
    Жаралы қойдай қылармын.
4. Беркініп садақ асынған,  
    Біріндеп жауды қашырған.  
    Құйқылжыған құла жирен ат мінген,  
    Құйрық жалын шарт түйген,
5. Шамдансам жығар асаумын  
    Шамырқансам сынар болатпын.

6. Көтере берме бұтыңды,  
 Көптіре берме ұртыңды.  
 Күндердің күні болғанда...
7. Еділдің бойы ен тоғай  
 Ел қондырсам деп едім.  
 Еңсесі биік ақ орда  
 Еріксіз кірсем деп едім, т.б.

Міне, бұлар өлеңді айтып отырған кезде өзгеше бір сарын әкелетін, ауыз толқыны арқылы ерекше бір әрекетке толы картина жасайтын жолдар. Дыбыстар арқылы жасалған суретті жолдар.

Махамбеттің бұл өлеңінде қайталаудағы негізгі бір ерекшелік көмекші етістіктің баяндауыш құрамында жиі келіп, қайталап отыруы. Ақын II, III және VII, XI, XII бөлімдерде өткендегі болған тарихты әңгіме етеді. Оны нақтылап айтуға, көтеріңкі стильге ие сөз таңдап айтуға ақынның жағдайы көтермейді. Осы жағдайы көтермейтіндігі өзі айтып отырған өткендегі ісінің нәтижесіздігінен. Сондықтан да олар қазір арман сияқты. Ақын соларды армандап айтады. Осы армандай айтуға ақын *e(di)* көмекші етістігін қару етеді, қызметке жегеді.

Біз бір енеден *бір едік*  
 Бір енеден *екі едік*  
 Екеуіміз жүргенде  
 Бір-бірімізге *ес едік*.

### III

Еділді көріп емсеген,  
 Жайықты көріп жемсеген,  
 Таудағы тарлан шұбар *біз едік*,  
 Шабытымыз келгенде,  
 Ерегіскен дұшпанды  
 Шетінен сүйреп *жеп едік*...

### VI

Еділ мен Жайық жер *еді-ау*,  
 Мекен еткен шаруаға  
 Жағасы қорған жай *еді-ау*...

## XI

Мен, мен *едім*, мен *едім*  
 Мен Нарында жүргенде  
 Еңіреп жүрген *ер едім*.  
 Исатайдың барында  
 Екі тарлан *бөрі едім*  
 Қай қазақтан *кем едім*.  
 Бір қазақпен *тең едім...*  
 Еділдің бойы ен тоғай  
 Ел қондырсам деп *едім*.  
 Жағалай жатқан сол елге  
 Мал толтырсам *деп едім*.  
 Еңсесі биік ақ орда  
 Еріксіз кірсем деп *едім*.  
 Керегесін кескілеп,  
 Отын етсем *деп едім*.

Міне, *e(дік)*, *e(дім)* етістік сөзді жиі қайталау арқылы ақын өзінің атақты монологында ерлікке жалғас байқалып қалып отыратын өксікті сыңайды жіңішкелеп жеткізеді. Демек, *e* етістігінің қайталауы жай бір синтаксистік шарасыздық емес, айтпақты жеткізудің тәсілі, стильдік-тілдік құралы.

Махамбеттің бұл монологында жалпы монологтар сияқты синтаксистік қайталаулар барынша мол. Ақынның монологы, баяндау тәсілінде айтылғандықтан, өзінің сөйлем жүйесі жағынан көбіне бір үлгілес келіп отырады. Айталық, монолог сөзде бастауыш *мен (я біз)*, *сен я ол* болып келетіндіктен, баяндауыш та осы жақты көрсеткіштерде үнемі қайталап отырады.

Еділ үшін (егес) *тік*,  
 Тептер үшін (тебіс) *тік*,  
 Жайық үшін (жандас) *тық*,  
 Қиғаш үшін (қырыл) *дық*,  
 Теңдікті малды (бер) *медік*,  
 Теңсіз малға (көн) *бедік*.  
 Шамырқансам тағы (кет) *ермін*,  
 Кетпей нешік (ет) *ермін*,  
 Бұл барғаннан (бар) *армын*,  
 Қиядан орын (ал) *армын*.

Сөйлемнің бұлай үнемі бір формалы болуын поэзия ғана көтере алады. Ал соның ішінде өлеңнің баяндауышы үнемі жіктік форманың қайталауы арқылы жасалып отыруы монологқа ғана тән.

Бұлардың сыртында қайталап отыратын жіктік формалар өлеңнің ұйқасын да құрап тұр. Осы үзіндіде ұйқас тек формаларда ғана бар, дәлірек айтқанда, формалар қайталап жату арқылы ғана ұйқас жасалып тұр. Болмаса баяндауыш сөздердің өзінде (түбірінде) ешқандай ұйқастылық жоқ.

Махамбетте «мен»-нің суреттемесі ретінде келетін өлеңдер мен жолдар кездеседі.

Боз ағаштан биік мен едім,  
 Бұлтқа жетпей шарт сынбан.  
 Ел құтқарар ер едім  
 Жандаспай ақыры бір тынбан...  
 («Мен едім»)

Беркініп садақ асынған,  
 Біріндеп жауды қашырған,  
 Құйқылжыған құла жирен ат мінген,  
 Құйрық жалын шарт түйген  
 Мен кескекті ердің сойымын.  
 Кескілеспей басылман.  
 Алдыңа келіп тұрмын деп,  
 Ар-намысым қашырман.  
 Сүйегім тұтам қалғанша  
 Тартынбай сөйлер асылмын.  
 Ай, тақсыр-ау, ай тақсыр,  
 Бойың жетпес биікпін,  
 Бұлтқа жетпей шарт сынбан.  
 Айта келген сөзім бар  
 Не қылсаң да жасырман...  
 («Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі»)

Мен құстан туған құмаймын,  
 Бір тұлпарға жұбаймын.  
 Сауырыма қамшы тиген соң,  
 Шаппай қайтіп шыдармын.

Мен түбін кескен бәйтерек  
Толқын соқса құлармын.  
(«Мен құстан туған құмаймын»)

Белгілі туған ер едім,  
Беліме садақ асынған,  
Біріндеп жауды қашырған.  
Мен келелі қара бұлтпын,  
Келе жаумай ашылман.  
Қарсыласқан дұшпанға  
Найзағай менен жасылмын.  
(«Белгілі туған ер едім»)

Ақында бар осы сипаттас өлеңдер я өлең ішінде кездесіп отыратын бірді-екілі жолдар оның поэзиясын өзіне дейінгі әдебиетпен табыстыратын бір ерекше белгі.

Таң ағарып атқан соң  
Төңірек жаққа *қарандық*.  
*Қарап* тұрсаң әр жерден  
Жау бір өрттей *қайнайды*  
*Қайнағанмен* қоймайды.  
Мылтығын қардай боратып  
Жетіп келді *қамалға*  
*Қамалды* бұзып аларға...  
Сонда батыр *жөнелді*  
*Жөнелмей* батыр не қылсын  
Ерсары мен Қалдыбай  
Екі арыстан тең өлді.

(«Соғыс»)

Сол сияқты бір жолдың соңғы сөзінің келесі жолдың басында қайталауы да қазақ поэзиясындағы көне құбылыс. Махамбетте қайталаудың бұл түрі сирек те болса кездеседі.

Махамбет өлеңдерінде кездесетін қайталаулардың бірсыпырасы – көне поэзияға тән қайталаулар болып келеді. Айталық, өлеңнің алғашқы жолының бір сөздің қайталауынан басталуы осындай қайталау.

*Мінкен де, мінкен, мінкен ер*  
Бұл сықылды неткен ер?  
(«Мінкен ер»)

*Мұнар да мұнар, мұнар күн  
Бұлттан шыққан шұбар күн.  
(«Мұнар күн»)*

*Әрайна, билер, әрайна,  
Астыма мінген арғымақ,  
Арғымағым жарай ма?  
(«Әрайна»)*

*Аймақ, аймақ, аймақ көл  
Дария болып шалқымас.  
(«Аймақ көл»)*

*Алай ма, сұлтан, алай ма,  
Астыма мінген арғымақ.*

### **«Мінкен ер», «Тарланым», «Мұнар күн» өлеңдерінің синтаксисі**

Махамбеттің «Мінкен ер» мен «Мұнар күн» деген екі өлеңі – өзінің синтаксисі жағынан ерекше, алабөтен үлгіде туған өлеңдер. Бұл өлеңдер атауыштық, суреттемелі атауыштық стильде туған. Осы себепті де өлең, негізінен, атаулы сөйлемдерден тұрады.

«Мұнар күн» өлеңі тарихи бір «күнді» анықтай атап қана отыр.

*Мұнар, мұнар, мұнар күн  
Бұлттан шыққан шұбар күн,  
Буыршын мұзға тайған күн,  
Бура атанға шөккен күн.  
Бұлықсып жүрген ерлерден  
Бұрынғы бақыт тайған күн.  
Қатарланған қара нар  
Арқанын қиып алған күн.  
Алма мойын аруды  
Ат көгіне салған күн.  
Бұандай ерді кескен күн,  
Буулы теңді шешкен күн.*

Сапырулы сары алтын  
 Сыпырып судай шашқан күн.  
 Біздің ер Исатай өлген күн  
 Он сан байтақ бүлген күн...

Өлеңнің «Мұнар, мұнар, мұнар күн» деген бірінші жолы кейінгі жолдардан сөйлемдік құрылыс жағынан бөлекше тұрған жоқ. Бірақ бұл жол жалпылық мәнге ие; ол кейінгі аталмыш көп «күннің» жиынтық, жалпылық, кіріспелік аталуы сияқты. Сондықтан да бірінші жолдан кейін логикалық қос нүкте қойған дұрысырақ. Сонда *буыршын мұзға тайған күн дегенді буыршын* (бастауыш), *мұзға* (толықтауыш), *тайған күн* (баяндауыш) түрінде бөлмей, қай күн? деген сұраққа жауап беретін түрде тұтастай бір алу керек болады. Яғни *бүгін қай күн?* деген сұраққа бүгін сенбі дегендегідей тұрғыдан қарау керек.

Әрине, Махамбет өлеңінің бастан-аяғында жоғарғы әдісті сақтамаған, жол арасында бастауышты сөйлемдер де кездеседі.

Желпілдеген ала ту  
 Жиырылып ойға түскен күн,  
 Жез қарғылы құба арлан  
 Жез қарғыдан айырылып,  
 Қорашыл төбет болған күн, –

дегенде бастауыш та, баяндауыш та бар. Бірақ бұлар өлеңнің тұтас желісін бұзып тұрған жоқ. «Сырт көзге» стильдік алалықтай дәрежедегі бөлектік байқала бермейді.

«Мінкен ер» өлеңі «Мұнар күн» өлеңінен біршама өзгешелікке ие. Мұнда кіріспе жол («Мұнар, мұнар, мұнар күн») орнында «Мінкен де, мінкен, мінкен ер» деген жол бар. Бірақ «Мұнар күн» өлеңіндегі «Бұлттан шыққан шұбар күн» деген жолдың орнында келетін келесі жолдар жай атала салмай, өзінің тұтас түсініктеме жолдарымен қоса аталады.

*Мінкен де, мінкен, мінкен ер,*  
*Бұл сықылды неткен ер?*  
 Көлденең жатқан Жайықтан  
 Құралайдың күнінде  
 Еркек қойдай бөлініп,  
*Қырқарланып өткен ер.*  
 Күншығыстың астында,

Күнбатыстың тұсында  
 Қарындасым бар-ды деп,  
 Қабырғасын сөксе де,  
 Қанын судай төксе де  
 Қайыспас қара нар-ды деп,  
 Маңдайынан күн өтіп,  
 Жаурынынан жел өтіп,  
*Күн астымен жеткен ер...*

Ақынның «Тарланым» өлеңі де «сөйлемсіз» өлеңдер тобына жатады. Өлеңнің алғашқы:

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,  
 Саған ұсынсам қолым жетер ме?  
 Арызым айтсам өтер ме?  
 Арыстаным көп болды-ау  
 Саған да менің арманым! –

деген бес жолы ғана сөйлемдік (сөйлем түрі көрінетін, сөйлем мүшелері бар) үлгіде туған. Ал бұдан кейінгі:

Кер миығым, кербезім,  
 Керіскендей шандозым,  
 Құландай ащы дауыстым,  
 Құлжадай айбар мүйіздім,  
 Қырмызыдай ажарлым,  
 Хиуадай базарлым,  
 Теңіздей терең ақылдым,  
 Тебіренбес ауыр мінездім, –

деп келетін 6–13-жолдар сипаттай айтылған бастауыш сөздер ғана. Мұнда сөйлемнің ізі де жоқ. Бұдан соңғы жолдар тіпті басқаша.

Садағына сары жебені салдырған,  
 Садағының кірісін  
 Сары алтынға малдырған,  
 Тереңнен көзін ойдырған,  
 Сұр жебелі оғына  
 Тауықтың жүнін қойдырған,  
 Маңдайын сары сусар бөрік басқан,  
 Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан



Айғайласа белдік байланған,  
Астана жұртын айналған,  
Атына тұрман болсам деп,  
Жұртыма құрбан болсам деп,  
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,  
Атқан оғы Еділ – Жайық тең өткен,  
Атқанын қардай боратқан,  
Көк шыбығын қанды ауыздай жалатқан, –

деген тұтас «өлен» «Арыстан еді-ау Исатай!» деген соңғы жолдың анықтауышы ғана, суреттемелі анықтауышы ғана.

Өлең оқиғаға құрылмаған, ақын өзінің батыр серігі Исатайды еске алып қана отыр, қасиетін қоса еске алып қана отыр. «Не істеді» деп отырған жоқ, нені істегенін айтып отыр. Бұл өзі өткен жай болғандықтан, істегені әрекет мазмұнда емес, қасиет («сөйте алған» сипатында) мазмұнда: Исатай солай істеген түрде емес, солай істеген Исатай түрінде айтылып отыр. Яғни бір кезде істегені бұл күнде батырдың қасиетіне айналған.

Махамбеттегі бұл үлгінің тарихы белгілі негізі XV–XVI ғасырлар поэзиясында жатыр. XV ғасырға тән «Тоқтамыс толғауының» кейбір үзіктері XVI ғасырға тән «Қазтуған туралы сөз» осы сипаттас.

- (1) Бұдырайған екі шекелі,
- (2) Мұздай үлкен кебелі,
- (3) Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті,
- (4) Адырнасы ши жібек оққа кірісті,
- (5) Айдаса қойдың көсемі,
- (6) Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
- (7) Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
- (8) Қалайлаған қасты орданың сырығы
- (9) Билер өтті, би соңы,
- (10) Би ұлының кенжесі,
- (11) Буыршынның бұта шайнар азуы,
- (12) Бұйдайықтың көл жайлаған жалғызы.
- (13) Бұлт болып айды ашқан,
- (14) Мұнар болып күнді ашқан,
- (15) Мұсылман мен қауірдің

(15) Арасын өтіп бұзып дінді ашқан

(16) Сүйінішұлы Қазтуған<sup>1</sup>.

Жоғарғы 15 жол соңғы 16 жолдың (Сүйінішұлы Қазтуған) анықтауыштары. Тең дәрежелі 16 жолды өлең бір-ақ сөйлем. Соның өзінде де баяндауышты өлең жолы жоқ атауыш сөйлем. Былай қарағанда:

Айдаса қойдың көсемі

Сөйлесе қызыл тілдің шешені, –

деп келетін жолдар өз алдына сөйлем сияқты. Бірақ бұл жолдар:

Садағын қырық нарға тарттырған,

Салтанатын үлде мен бүлде арттырған,

Тойға келсе ерке еді,

Басыма керек алтайы қызыл бөрік еді,

Кеңесімнің бұрышы,

Кең қарынымның құрышы,

Кеңестің кең Жамбай... –

деген үзіндідегі *«Кеңесімнің бұрышы, Кең қарынымның құрышы»* сияқты ғана жолдар және егіздің сыңарындай ұқсас типтегі жолдар.

Бұл сияқты ерекше сипаттағы сөйлемді өлең жолдарын қазіргі тілдік жүйеге келтіріп, ол мына сияқты үлгіге жақын деудің өзі ғылым жағынан өте ерсі нәрсе болар еді.

Демек, бұлар – әрекетсіз оқиға, жайды, болғанды ғана баяндау, онда да суреттей, атай баяндау.

### Махамбеттің терме-толғау өлеңдерінің синтаксисі

Қазақтың азаматтық поэзиясының дені осы толғау өлеңге құрылған. Дидактикалық сарындағы шешендік сөз, шешендік өлең де, азаматтық-ерлік сарындағы өлеңдер де толғау түрінде айтылады. Бірақ осыған қарамай, Махамбеттің біраз өлеңін осылай бөліп қарастырсақ, біз бірінші кезекте өлеңнің лексика-

<sup>1</sup> Бұл өлең-жыр бірінші рет «Шайыр» жинағында басылды. Ал бұл жыр Қазтуғанға телініп, Қазтуған жырау ретінде бірінші рет әдебиетші М. Мағауиннің «Қобыз сарыны» деген кітабында (Алматы, 1969. 15–17-бб.) зерттелді. Автор өте көмескі деректерден тірнектей жинап, тұтас бір дүние жасаған.

калық-ұйқас түрін ескердік<sup>1</sup>. Ақынның бұл бөліп қарастыратын біраз өлеңдері өзінің баяндауыш-ұйқасы жағынан өзге өлеңдерінен біршама бөлекшелеу.

Біріншіден, бұл өлеңдер, ақынның дидактикалық сарындағы өлеңдері сияқты арнаулы баяндауыш формаларға құрылмаған, екіншіден, суреттемелі атауыштық үлгідегі өлеңдер сияқты да емес. Бұларда объективтік-лирикалық баяндау бар. Баяндау нақты оқиға желісіне құрылмағандықтан, бейтараптылық, жалпылай арнау басым.

Қазақтың азаматтық поэзиясында терме-толғау өлеңдердің бір парасы бір ұйқасты болып отырады, яғни бір өлең бастан-аяқ бір ғана ұйқаста айтылады. Бірақ осыған қарамай, өлең мағыналық жағынан қарайлас дара-дара сөйлемдердің тізбегінен тұрады, яғни өлеңдегі сөйлемдер (жолдар) мағыналас ойға құрылған, дәлірек айтқанда, өзара бір-біріне тәуелді емес, мағыналас ойға құрылған біртектес сөйлемдер болып келеді. Мұндай дара сөйлемдерді өлең желісінен бөліп алуға келе береді және бұл бөліп алудан өлеңнің тұтастығына нұқсан келмейді.

Міне, бұлар – терме-толғау өлеңдерге тән басты ерекшелік. Ал осы ерекше белгі Махамбеттің «Ұлы арман», «Күн қайда?», «Таудай болған талаптың», «Жалғыздық», «Туған ұлдан не пайда», «Желден де желгір ақ бөкен» сияқты толғау өлеңдеріне де тән.

Тектес, формалас сөйлемдердің тізбегі қайталанып отыратындықтан, қайталау (анафора) терме-толғау өлеңге тән айрықша белгі.

1. Терме-толғау өлеңдерде ұйқас-лексика (ұйқастық сөз) қайталап отырады:

Желп-желп еткен ала ту  
Жиырып алар **күн қайда?**  
Орама мылтық тарс ұрып,  
Жауға аттанар **күн қайда?**

<sup>1</sup> З. Ахметовтің «Казашское стихосложение» (Алма-Ата, 1964) деген еңбегіндегі толғау мен терме түр жағынан барынша кең әрі тиянақты талданған. Біз толғауға анықтама беріп, түр жағынан арнайы зерттеп отырмағандықтан, автордың толғау, терме өлең жөніндегі арнайы пікірін де, өзіміздің бұл өлең түрлеріне қатысты пайымдауымызды да бұл арада кірістіре алмадық.

Жалаулы найза қолға алып,  
 Жау тоқтатар **күн қайда?**  
 («Ұлы арман»)

Айналайын Ақ Жайық  
 Ат салмай өтер **күн қайда?**  
 Еңсесі биік боз орда  
 Еңкеймей кірер **күн қайда?**  
 Қара бұланның терісін  
 Етік қылар **күн қайда?...**  
 («Күн қайда»)

2. Толғау өлеңдер біртектес сөйлемдердің қатар-тізбегінен тұратындықтан, бұларда синтаксистік қайталау да басты тәсілдің бірі.

Таудай болған талаптың  
 Назары қайтқан **күн болған.**  
 Жібектен бауы көнеріп,  
 Ақсұңқар ұшқан **күн болған.**  
 Бағаналы боз орда  
 Еңкейіңкі **күн болған...**  
 Жапанға біткен бәйтерек  
 Жاپырағынан айырылып,  
 Қу түбір болған **күн болған...**  
 («Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ»)

Бұл өлеңде етістік-баяндауыш қайталап, ұйқас үшін қызмет атқарып тұр. Тіпті бұл ғана емес, біртектес сөйлемге құрылған толғау өлеңдерде жол, тармақ ішілік қайталаулардың мол болуы да негізгі ерекшеліктің бірі.

Желп-желп еткен ала ту  
*Жиырып алар* күн қайда?..  
 Елбең-елбең жүгірген  
 Ебелек отқа семірген  
 Арғымақтан туған асылды  
*Баптап мінер* күн қайда?  
 Айналайын, Ақ Жайық  
 Ат салмай өтер күн қайда?  
 Еңсесі биік боз орда  
*Еңкеймей кірер* күн қайда?..

Толғамалы ақ мылтық  
*Толғап ұстар* күн қайда?  
 Алты құлаш ақ найза  
*Ұсынып шаншар* күн қайда?

Бұл өлеңдерде жол-сөйлемдер сыртқы түр жағынан ғана біртектес емес, сөйлем мүшелерінің құрамы жағынан да, олардың жасалу тәсілі жағынан да біртектес. Жоғарыдағы үзіндіде, біріншіден:

Жиырып алар...  
 Баптап мінер  
 Ат салмай өтер...  
 Еңкеймей кірер...  
 Толғап ұстар...  
 Ұсынып шаншар... –

түрінде грамматикалық параллелизм ішкі ұйқас жасап отыр. Екіншіден:

Еңсесі биік...  
 Толғамалы...  
 Алты құлаш... –

түріндегі анықтауыштар арқылы мағыналық-қызметтік параллелизм жасалып тұр. Үшіншіден:

(Айналайын) *Ақ Жайық*  
 (Еңсесі биік) *боз орда*  
 (Толғамалы) *ақ мылтық*  
 (Алты құлаш) *ақ найза*, –

деген ішкі жолдар әрі лексикалық-грамматикалық параллелизмге (*ақ-боз-ақ-ақ*), әрі мағыналық-қызметтік параллелизмге құрылған.

Демек, Махамбеттің «Күн қайда?» өлеңі – тұтас күйінде параллелизмге құрылған өлең.

Махамбеттің терме-толғау өлеңдерінде де инверсия өте әлсіз. Әсіресе, жол-тармақ бойында ырғақтық инверсияға түсу өте сирек. Мұның себебі: Махамбеттің терме-толғаулары сөйлем құрылысы жағынан шешендік сөз үлгісіне жақын. Бұлар лексикалық-синтаксистік ұйқасқа құрылатындықтан, сөйлем (жол) ішілік әрі жол аяғы сөздер орын тәртібі жағынан тұрақты келеді, яғни сөйлем мүшелері өзінің орын тәртібі жағынан прозалық

сөйлемдерге өте жақын тұрады. Мұның сыртында өлең жолындағы (әрбір сөйлемдегі) объект-зат есімдер көбіне сын есімді, есімшелі тұрақты тіркесте келеді.

Шартты түрде жоғарыда бөліп көрсеткен өлеңдер ішінде бірер өлең ғана («Туған ұлдан не пайда?», «Желден де желгір ақ бөкен») синтаксистік инверсияға түскен.

	Ақ жұмыртқа сары уыз	
II	Әлпештеп қолда өсірген	(3)
	Туған ұлдан не пайда?	

	Қолына найза алмаса,	(1)
I	Атаның жолын кумаса	(2)

	Алтын тақты хандардың	
II		(2)
	Хандығынан не пайда?	

	Қаріп пенен қасерге	
I		(1)
	Туралық ісі болмаса	
	(«Туған ұлдан не пайда»)	

Әрине, синтаксистік инверсия ұйқас талабынан туатын нәрсе. Яғни өлеңде синтаксистік инверсияның болуы – сол өлеңнің поэтикалық форма таңдауға бір адым ілгерілеуі. Синтаксистік инверсиялы өлең бұған дейінгі дағдылы дәстүрдің, поэзияда қалыптасқан канондық үлгінің бұзылуы. Бұл сөйлемнің тұрақты орнын сақтап айтудан, формашылдықтан ұйқасқа қарай ауысудың нәтижесі.

Махамбеттің жоғарыдағы өлеңі де ұйқастылықты күшейту мақсатымен осылай құрылған. Болмаса бұл өлеңді:

Қолына найза алмаса,  
 Атаның жолын кумаса,  
 Ақ жұмыртқа сары уыз  
 Әлпештеп қолда өсірген  
 Туған ұлдан не пайда?  
 Қаріп пенен қасерге  
 Туралық ісі болмаса

Алтын тақты хандардың  
Хандығынан не пайда? –

түрінде де құруға толық болады. Ақын бұлай етпей, жоғарыдағыша құрып, өлеңнің ішкі ұйқасын күшейтіп отыр. Сөйтіп, өлеңнің сөйлемдік байланысын тығыздай түскен.

Біз бұларды айтқанда оны осы топтағы өлеңдерге тән ерекше белгілер, стильдік-тілдік тәсілдер ретінде бөліп атап отырмыз. Болмаса ақынның өзге де өлеңдеріне тән ортақ белгілер бұл топтағы өлеңдерде де бар. Қайталаулар болмау үшін оларды төменде топтап сөз етеміз.

### **Махамбет өлеңіндегі ырғақтық-синтаксистік ерекшелік**

Махамбет көтеріліске дейін көне сөзді көп толғаған үлкен жырау-ақын болған. Бұған Махамбет айтты делінетін ортақ мотивті дидактикалық-философиялық толғаулар анық дәлел. Бұлардың сыртында көне дәуір әдебиетінің ақын өлеңдерінде үнемі кездесіп отыратын үзіктері, осындай мұралық сөздердің қайта айтылған фактілері тағы бар.

Әрине, Махамбет жыраулық салтты қаншалықты ұстап, бұрынғылардан қалған қандай көне сөз үлгілерін айтып жүрді дегенді ақынның өз творчествосынан шығарып қана айтпаса, көлденең деректер мүлде жоқ<sup>1</sup>.

Махамбет көтеріліс мақсаты үшін өз жырларын, ақындық өнерін қызметке барынша мол пайдаланғанмен, осы жырға, ақындыққа өте аз оралған. Ол бірде:

Еменнің түбі сары бал,  
Еріскен көңіл бәрі бал  
Жоғарыдан төмен төгейін  
Керегінді теріп ал, –

деп термелей айтқан сөзінде өзін анық бір жырау-ақын салтында көрсетсе, бірде:

Өлең айтып толғандым,  
Көкірегімді басарға, –

деп ақындық өнердің, өлең-жырдың күдірет-күшін танытады.

<sup>1</sup> Біз бұл мәселеге ілгеріде азды-көпті тоқталғанбыз.

Махамбеттің «Әй, Шонты би!» өлеңі анық ақындық қызметін аз да болса танытады.

Әй, Шонты би, Шонты би!  
 Домбыра тартсам, келер күй.  
 Шын ажалың жетпесе,  
 Ажалдан бұрын өлмессің  
 Жалаңаш бар да жауға ти!  
 Әй, Шонты би, Шонты би  
 Домбыра тартып жырласам,  
 Жақсылар маған қылар сый.  
 Тілесем тілек бермессің  
 Жыласам көзім жасын көрмессің.  
 Алақандай Нарында  
 Мүкәммәлім шашылды  
 Жүр десем оған жүрмессің.  
 Құр әңгімеден басқа  
 Еш нәрсені білмессің, –

деген ақын сөзі үлкен бір келелі отырыстың, алқалай құрған кеңестің, осы кеңесте айтылған ұзақ жырдың соңғы сөзі іспетті. Ақын бұл мәжілісте өз сөзінен көне сөздерге, көне сөздерден өз сөзіне алма-кезек ауысып отырған.

Домбыра тартып жырласам,  
 Жақсылар маған қылар сый, –

деген жолдар ақынның өз жырларынан гөрі көне жырларды айтуын мегзейді.

Көне сөзді көп жырлаған ақын өз творчествосына жеке сөздерді, сөз келісімдерін солардан мұра етіп пайдаланып қана қоймай, оларда бар стильді де еркін игеріп пайдаланған. Сондай көп мұралық үлгілердің бірі – өлеңнің ырғақтық-синтаксистік жүйесіне қатысты стильдік құбылыс.

Бұл стильдік құбылысты «ырғақтық-синтаксистік құбылыс» деп атауға таза синтаксистік құбылыстардың өлең ырғағына байланысты, өлең ырғағының «тәртіп бұзуына» байланысты көрінуі себепші болып отыр. Яғни көрінуге тиісті кейбір синтаксистік құбылыстар өлеңнің ырғақ жүйесі үстемдігіне байланысты нақты бір реттерде көрінбей қалып отырады. Демек, белгілі бір синтаксистік құбылыстың көрінбеуі олар келетін тіркес-



тің я сөйлемнің өз заңдылығына қатысты емес, өлеңнің ырғақ заңына қатысты.

Біз ілгеріректе, осы еңбектің Бұхар тіліне қатысты бөлімінде ырғақты-синтаксистік стильдік құбылысқа бір рет тоқталғанбыз. Әрі С. Нұрхановтың қазақ ауыз әдебиеті үлгілері тілінде кездесетін бұл тілдік-стильдік құбылысты арнайы сөз ететін «Қазақ синтаксисіндегі көне құбылыс» деген мақаласында да бар. Сондықтан да Махамбет өлеңдерінде кездесетін бұл тілдік-стильдік құбылысты тарихи сабақтастықта қарастырып жатпай, дара өзін факт ретінде ғана сөз етеміз.

а) Өлең жолы аяғындағы сөзде келуге тиісті ілік септік қосымшасының айтылмауы:

*Ханның* кірген *ақ орда* [–]  
Бұзу-ын ойлап кеңестік (54)

Исатайдың барында  
Қара қазан *сары бала* [–]

*Қам-ы* үшін қылыш сермедік (53)  
Қатарланған қара нар [–]  
*Арқан-ын* қиып алған күн (13)

Менің атым – Махамбет  
Жасқұстағы Жәңгірхан [–]

*Іс-інен* болдым құса-дерт (61)

Тіпті бұл тілдік-стильдік құбылыс бұлайша өлең ішіндегі жеке жолдарда кездесіп қана қоймайды, кейбір өлеңнің тұтас жолдары осы үлгіде келеді.

Аспандағы *бозторғай* [–]  
Бозанда болар *ұя-сы*.  
Бозанның түбін су алса,  
Қайғыда болар *ана-сы*.  
Қара лашын, *ақ түйғын* [–]  
Қайыңда болар *ұя-сы*,  
Қайыңның басын жел соқса,  
Қайғыда болар анасы.

Айналмастың *Алатау* [–]  
Баурында болар *сая-сы* (40)

ә) Тәуелді формадағы табыс септігінің айтылмауы.  
Ханның киген кіреуке [–]  
Үстіме кисем деп едім (58)

Бұл құбылыс ақын өлеңінде сирек келгенмен, қазақтың эпостық жырларында жиі кездесіп отырады.

Қараманмен екеуі  
Көбіктінің көп жылқы [сы-н]  
Және сүзіп жөнелді [17].

б) Өлең жолы аяғындағы сөзге келуге тиісті табыс, барыс, шы-ғыс септік қосымшаларының айтылмауы.

Хан сарқыты – сары *бал* [–]

Сұраусыз *ішсем* деп едім (58)

Арқада жатқан *ақ киік* [–]

*Атын алып, етін жеп,*  
Ішіп қандым сорпасын:  
Сапырулы сары быладан  
Еште бір жерде кемі жоқ (45)  
Алалы жылқы, *ақтылы қой* [–]  
Аңдыған *бөрі жемей ме*  
Иесі ұйықтан жатқан соң (30)  
Желп-желп еткен *ала ту* [–]  
*Жиырып алар* күн қайда? (15)  
Сандық толы *сары алтын* [–]  
Сапырып судай шашқан күн (13)  
Еңсесі биік ақ орда [–]  
Еріксіз кірсем деп едім (58)<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Осы келтірілген мысалдардың біразы (54, 58, 64-66-ден алынған мысалдар) ақынның «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде» кездескен жолдар. Мұнда толық заңдылық бар. Махамбет өзінің бұл өлеңінде көне жырларға тән айту үлгісін мольрақ пайдаланған. Оқушы еңбектің ілгергі беттерінен бұл жайлы да толығырақ мәлімет ала алады.

Бұл сияқты құбылыс ақынның «Күн қайда?» деген өлеңінде негізгі бір тәсіл ретінде көрінеді.

Айналдым *Ақ Жайық* [–]  
 Ат салмай өтер күн қайда?  
 Еңсесі биік боз орда [–]  
 Еңкеймей *кірер күн* қайда?  
 Қара бұланның терісін  
 Етік қылар күн қайда?  
 Толғамалы *ақ мылтық* [–]  
*Толғап* ұстар күн қайда?  
 Алты құлаш ақ найза [–]  
*Ұсынып шанишар* күн қайда?  
 Садақ толған *сай кез оқ* [–]  
 Масағынан өткізіп,  
 Басын қолға жеткізіп  
*Созып тартар* күн қайда?

Осы өлең жолдарының бәрінде де ырғақтық кідіріс, ырғақтық екпін бар. Ал бұл ырғақ екпіні белгілі бір синтаксистік тұлғалардың қызметін атқарып тұр.

Махамбетте моделі дәл осы сияқты, бірақ жол аяғындағы сөздер екінші жолдың үнемі бастауышы болып отыратын өлең жолдары да кездесіп отырады.

Маң-маң басқан сары атан  
Маңғыстап шығар өрісте (63).  
 Қиқулап ұшқан қырғауыл  
 Күнінде құлай да басып еткісіз (44)

Желп-желп еткен ала ту  
 Жапырылып ойға түскен күн.  
 Жасыл ала үйрек қоңыр қаз  
 Жайқай ұшқан көлде жоқ.  
 Балдағы алтын ақ болат  
 Салайын десем кында жоқ (45).

Ақынның кейбір өлеңдері, тұтас жолдар осы үлгіде туған.

Арғымақтан туған қазанат  
Шабуыл салса нанғысыз.

Қазанаттан туған қазмойын  
Күніне көз көрім жер шалғысыз...  
 («Тайманның ұлы Исатай»)

Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ  
 Көлінде жатып көркеймес  
 Ортайса көлдің қоғасы...  
 Суда жүзген нән балық  
 Шағала құсқа жем болар  
 Үзілсе көлдің сағасы.  
 («Пыр-пырлап ұшқан қасқалдақ»)

Бағаналы боз орда  
 Еңкейінкі күн болған...  
 Жапанға біткен бәйтерек  
 Жапырағынан айырылып,  
 Қу түбір болған күн болған.  
 («Таудай болған талаптың...»)

Мұндай ырғақтық, синтаксистік құбылыс ақынның суреттеу, суреттей, атай баяндау түріндегі өлеңдеріне көбірек тән.

### Махамбет өлеңдеріндегі инверсия

Инверсия, яғни өлең жолындағы сөздердің дағдылы орнының ауысуы, негізінен, ырғақ пен ұйқасқа қатысты. Әрине, ұйқасқа құрылмайтын өлең болмайды, ұйқас – өлеңнің бірінші белгісі. Бірақ осыған қарамай, ұйқасқа құрылған поэзия үлгілерінің көбінде инверсиялану, сөздердің орын алмастыруы байқала бермейді.

1	2	3	
Мен қырымның ішінде			
4	5	6	7
Ақша ханның <u>қызы едім</u> ,			
1	2		
/Атам менен анамның			
3	4	5	
Асыранды <u>қазы едім</u> ,			

1 2 3 4  
/Қойда бағлан қозы едім,/  
1 2 3 4  
/Жылқыда шаңқан боз едім,/  
1 2  
/Қытай менен Қырымнан  
3 4 5  
Тамам жақсы жиылса,  
6 7 8  
Аузындағы сөзі едім./  
(«Ер Тарғын»)

1 2 3 4  
//Қоғалы көлдер, //құм, сулар//  
5 6 7  
Кімдерге/қоныс *болмаған?*//  
Саздауға біткен/құба тал//  
Кімдерге/сайғақ *болмаған?*//  
Басына/жібек байлаған//  
Арулар/кімнен *қалмаған?*//

Бұл екі үзінді екі түрлі ырғаққа, екі түрлі ұйқасқа құрылған. Тіпті бұлар екі түрлі өлең: бірі – жыр үлгісіндегі, бірі – шешендік толғау үлгісіндегі өлең. Бірақ осыған қарамай, бұл екі үзіндіде де инверсиялану (алмасу) жоқ.

Инверсия Махамбетке дейінгі азаматтық поэзияда да, Махамбеттің көптеген өлеңдерінде де жоқ, өзінің ұйқасы баяндауыштық жүйеде жасалатын, синтаксистік құрылымы жағынан ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымына жақын жырлар мен дидактикалық сарындағы шешендік толғауларда инверсия өте әлсіз көрініс береді. Баяндауыштың ұйқас жасауы – өлеңнің ұйқастылықтан гөрі, ырғақтан гөрі интонация негізінде жасалуы. Яғни мұндай өлеңде ырғақ әлсіз де, интонация басым болады.

Инверсия ұйқас пен ырғаққа бірдей қатысты. Ал осы екеуінің қайсысы негізгі дегенді айту, әрине, қиын. Сондықтан да қазірше бұл екеуінің инверсияға қатысын дара күйінде ғана айтуға болар. Соның өзінде де мұны өлең құрылысы заңдылықтарын, дәлірек айтқанда, ырғақ пен ұйқас туралы пікірді жүйелі зерт-

теу негізінде емес, нақты өлеңдердегі белгілерді қарадай тану негізінде ғана айтуға болар.

Инверсиялы өлеңдерде я жолдарда ұйқас, негізінен, фонетикалық ұйқасқа құрылады. Яғни өлең тармақтары прозалық сөйлем жүйесімен құрылмай, ырғақ жігіне белініп, әуендік үйлесім құрады. Дәлірек айтқанда, тармақ ішіндегі белгілі бір сөздер ұйқастық позицияға шығады да, қалған сөздер осы ұйқас ыңғайымен тармақ ішілік әуездік үйлесіммен қайта құрылады. Осы себепті де инверсия – өлеңнің прозадан поэзияға қарай тағы да жақындай түсуін көрсететін бір белгі.

Өйткені инверсия бұзу – прозаға (сөйлеу тіліне) тән сөйлем жүйесіндегі сөздердің орын тәртібін бұзу. Сөйлеу тіліне, прозалық тілге тән заңдылықтар қаншалықты мол бұзылса, поэзиялық тіл соншалықты жүйелене, сұрыптала, жасала түседі. «Итак, если поэзия намерена выполнить стоящую перед ней задачу, она не должна бояться никаких экспериментов, никакой деформации литературной нормы, в том случае, если с их помощью она сможет показать язык с совершенно новой стороны» [14].

Біз ілгеріректегі дәстүрге қатысты поэзия үлгілерін талдағанда оларда инверсияның қаншалықты көрінетініне я көрінбейтініне әр кез баса назар аударып отырдық. Себебі инверсия – поэзия дамуының бір көрінісі. Өлең жолдарының я жол ішілік сөздердің инверсияға түсуінің дәрежесі – поэзияға тән ырғақ пен ұйқастың дамуының, мәдениеттенуінің дәрежесі. Ұйқастылық пен ырғақтылық – өлең техникасындағы күрделілік, мәдениеттілік, яғни искусстволық.

Махамбет осы инверсияда өзіне дейінгі жырау-ақындардан бір адым ілгерілеу жасады. Оның өлеңдерінде инверсия едәуір дәрежеде орын алған.

Махамбет өлеңдерінде кездесетін инверсияны сипатына қарай екі топқа бөліп қарауға болады. Бірінші – белгілі бір өлеңнің ішіндегі жеке жолдарда кездесетін инверсия; екінші – жеке өлеңдердің тұтастай инверсияға құрылуы.

Әрине, Махамбет өзіне дейінгі авторы белгілі я белгісіз өлеңдерде негізгі тілдік-көркемдік белгі ретінде байқала бермейтін тәсіл – инверсияны қолданды десек те, мұның өзін ақын поэзиясындағы негізгі система деуге әсте болмайды. Оның көп

өлеңдерінде инверсия тіпті кездеспейді. Айталық, Махамбеттің көлем жағынан да, мазмұн жағынан да күрделі шығармасы «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» болса, осының өзінде инверсиялы жолдар өте сирек.

//Алай ма, сұлтан алай ма!//  
 //Астыма мінген арғымақ  
 Аяңдай түсіп марай ма?//  
 //Арғымақ деген жығылар/  
 Найза бойы жар келсе,/  
 Жабыдайын жалтаңдап/  
 Түсер жерін қарай ма?//  
 //Арғымақ атқа айдай таға қақтырса,/  
 Кілегей қатқан Еділдің/  
 Көкше мұзынан таяр ма?//  
 //Ата ұлының баласы  
 Асыл ерге малың бер,//  
 //Малың бер де, басың қос,//  
 //Басыңа тарлық түскенде,/  
 Ардақтаған әділ жанын аяр ма?// –

деген 15 жол үзіндіде бірде-бір инверсия жоқ. Бұл өлеңнің басқа жолдары да осы сияқты. Тек:

Кешегі Исатайдың барында  
 Алақандай Нарында

2 1

Басушы едім құлаштай  
 Жәбір беріп, жала етсең,

2 1

Былғанған басым/ыласқа-ай.

(2) Көргім келмес деп едім,

(1) Өз еркімнен бетінді-ай!

(4) Есігіңнің алдына

(4) Ұрмай-соқпай келтірген

(4) Арманың бар ма құдайға

(3) Мынау Махамбет сынды жетімді! –

деген жолдарда ғана инверсия бар.

Міне, осындай жолдар басқа өлеңдерден де қадау-қадау кездесіп отырады.

2                      1  
 2 Талай жүрдік/далада  
 1 Әділ жаннан түңіліп.  
 («Шегініс»)

Күн жадына қарасам,  
 Жадыны оның **құралай**.  
 Аспанды борай қар жауып,  
 2                      1  
 /Аштырмайды/көзімді/  
 2                      1  
 /Қақтырмайды/кірпікті/  
 3            (2) 1    2 (1)  
 /Соғады/боран/сабалай.  
 («Исатайдың атынан жауабы»)

Алдияр тақсыр **ханымыз**  
 Исатай батыр кеткелі  
 1  
 /Кеміді/біздің сәніміз./  
 2  
 /Арыстан еді-ау/Исатай/  
 3            1            2  
 /Нетесін/тақсыр/**табалап**,/  
 1                                      4  
 //Құрттайымда/өсіп ем/  
 2                                      3  
 Бауырында/**паналап**,//  
 3                                      4  
 //Алдымда/асқар тау еді  
 2  
 Соңына ерсем/**ағалап**//  
 («Махамбеттің ханға айтқаны»)

Міне, тағы бірнеше өлеңнің ішінде осы сияқты инверсиялы жолдар бар. Әрине, ол өлеңдердің де әрі жоғарыдағы өлеңдердің де өзге жолдарында инверсия жоқ, қалған жолдардың ұйқастары да басқаша болып келеді.



Махамбеттің «Қызғыш құс», «Туған ұлдан не пайда?», «Көшер еді-ау біздің ел», «Арғымақтың баласы», «Тар қамау», тағы осылар сияқты үш-төрт өлеңі бастан-аяқ ұйқасты инверсияға құрылған. Бұл өлеңдерде әрі тармақтық (тармақ ішілік), әрі синтаксистік (тармақ аралық) инверсия қатар кездесіп отырады. Айталық акынның:

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Қанатың қатты, мойның бос.  
Исатайдан айырылып,  
Жалғыздықпен **болдым дос**.  
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Ел қорыған мен едім,  
Мен де айырылдым **елімнен**;  
Көл қорыған сен едің,  
Сен де айырылдың **көліңнен**.  
Аспанда ұшқан қызғыш құс,  
Сені көлден айырған –  
Лашын құстың **тепкіні**.  
Мені елден айырған –  
Хан Жәңгірдің **екпіні**.  
Айтып, айтпай немене?  
Құсалықпен өтті ғой  
Махамбеттің **көп күні!** –

деген атақты өлеңінде үш абзац үш түрлі ұйқаспен (*мойның бос – болдым дос; елімнен – көліңнен; тепкіні – екпіні – көп күні*) келеді. Ал үш ұйқас та фонетикалық ұйқас түрінде құрылған. Осында *мойның бос* қалыпты (заңды) тіркесім, ал бұған ұйқастыру үшін акын *дос болдым* тіркесін инверсияға түсірген. Ал үшінші абзацта алғашқы 5 жолда жол аралық инверсия жоқ. Әрине, 2–5 жолдарды 2–3, 4–5 түрінде емес, 3–2, 5–4 түрінде де құруға болады. Бірақ бұл инверсияға қатысты икемділік емес, синтаксистік жүйеге қатысты ерекшелік. Егер *сен мені қорқытқан, мені қорқытқан сен* деген сөз тәртібінен инверсияны іздеу қандай қиын болса, бұл жолдардан инверсия іздеу де сондай қиын. Бірақ бұл абзацта басқа жолдарда инверсия бар. Ол – 7–8 жолдардағы синтаксистік инверсия. Негізінде *Махамбеттің көп күні құсалықпен өтті ғой* түрінде келетін сөйлем

Құсалықпен өтті ғой

Махамбеттің көп күні –

түрінде құрылып, жоғарыдағы жолдармен ұйқасқа келген. Бұндағы *көп күні* – инверсиялы ұйқас. Былайша айтқанда, ұйқас шарты жоғары екі жолды инверсияға түсіріп тұр.

Ұйқас принципі өлең жолдарын инверсияға түсіріп не жол ішілік сөздерді инверсияға түсіріп қана қоймайды, ұйқас принципі сөздерді таңдатады да. Өйткені өлең белгілі бір ырғақ ағымында туады. Жол бойындағы ырғақ ағымы іштей толқын-толқынды ішкі ағымдарға бөлінулі болады. Осы ішкі ырғақ ағымы өзінің ырғақ аясына сиятын сөз я сөздер тобын таңдайды. Яғни сөздер өзінің қалыпты тәртібімен емес, ырғақ ағымы талабымен құралып шығады. Тіпті ырғақ ағымының өз әуез үйлесімі сөздерді өзіне сәйкестендіріп тізеді. Сонда өлеңдегі сөздердің орналасу тәртібі – әуез үйлесімі тәртібі, дәлірек айтқанда, сөздердің музыка нотасына түсуі. Өйткені өлең ә дегенде-ақ белгілі бір ырғақ құндағында, ырғақ аясында туады. Жоғарылы-төменді дыбыстар тоғыспайынша ырғақ шықпайды. Өлеңнің ырғақты болуы екпін жағынан жоғары-төменді, ұзақтығы жағынан шағын я созылмалы болуы, белгілі бір дыбыс үйлесіміндегі сөздерді тоғыстыруға байланысты. Музыкада дыбыстар нотаға түсетіні сияқты сөздер өлеңде ырғақ үйлесімімен орналасады. Демек, сөздердің қалыпты тіркесім тәртібі сақталатын жерде ырғақ барынша аз қатысады. Ал ырғақ аз қатысқан жерде өлеңде үн, әуез жағынан күрделілік болмайды. Үн мен әуезде күрделілік болмаған кезде сөздердің орын тәртібінде өзгерістер аз болады.

Айталық:

Көшер еді-ау біздің ел

Сонау Еділден бергі тұрған жер дейін.

Қонар еді-ау сіздің ел

Арқада қоныс шөлдейін, –

дегенді ешқашан бір ырғаққа келтірмей оқи алмайсыз. Бұл жолдар белгілі бір ырғаққа ие. Осы себепті де буын санының бірдейлігіне қарамай, ұйқасының ұқсастығына қарамай, тіпті тармақтарының дәлдігіне қарамай атақты Нұржан ақынның төмендегі екі өлеңі екі түрлі ырғақпен оқылады (айтылады):

2 1 4 3  
//Талаптың/талаптанып/таттық/дәмін//

5 1 2 3 4  
//Ойлайды/рас әркім/жастық қамын//

3 1 2 4  
//Өтініш/сізге салған/тыңдалмаса//

5 1 2 3 4  
//Кетірдің/онда, қалқам/құрбың сәнін//, –

деген өлең жолын:

//Бастан өтіп/бара жатыр/**балалық**//

//Өтпей тұрып,/сайран-сауық/**құралық**.

//Жарылмаған/жаңа қауыз/балапан//

//Жауабыңа/хатты жазып/**сыналық**//, –

деген өлең жолы ырғағымен оқу (айту) мүмкін емес. Өйткені бұл о баста жеке-жеке ырғақта туған. Яғни бұлардың тармақ ішілік ырғақ дыбыстары (бунақ, буындары) бірдей емес.

Міне, Махамбет те өз өлеңдерін өзіне дейінгі ақындар салтымен жыр үлгісінде айтса да, дидактикалық сарындағы толғау үлгісінде айтса да, оларды ырғаққа құруда біршама өзгешелеу келіп отырады. Яғни өлеңді ұйқасқа құруда инверсиялық фонетикалық ұйқасты таңдайды.

1 //Маң-маң басқан/сары атан/

2 1

//Маңғыстап шығар/**өріске**//

//Бұрынғыдай/қарыштап/

2 1

Қона алмадык/**қонысқа**//

2 1

Келе алмадык/**келіске**...//

3 4

//Таңдансаң/тағы/болар ма?/

Тәңірдің салған/**бұл іске**//

//Ата-енені сөктіріп,/

Ат басын соқтырып,/

3 4

Нәлет десе,/болмас па/

1 2

Осылай жүрген/**жүріске**?// –

дегенде өлең фонетикалық ұйқасқа құрылған. Ұйқас тәртібіне қарай жол бойындағы сөздер инверсияға ұшыраған. Ал мұның өзі өзге емес, бірінші кезекте Махамбеттің өзі үшін жаңалық. Өйткені инверсия белгісі қазақ ауыз әдебиетінде эпостық жырлар мен тұрмыстық жыр-өлеңдерде бұрыннан бар болатын. Ал қазақтың азаматтық поэзиясын құраған дидактикалық сарындағы шешендік сөз, шешендік өлеңдерде инверсия ерекше белгі, тұтынуға түскен жүйелі бір тәсіл ретінде, дәлірек айтқанда, азаматтық поэзияның тілдік-көркемдік тәсілі ретінде қалыптаспаған болатын.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Жұмалиев Қ.* XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1967. 86-106-бб.
2. *Өтемісұлы М.* Өлеңдер. Алматы, 1962. 189-190-бб. («Махамбет өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері» деген мақаладан).
3. *Щербак А.М.* Огуз-намә. Мухаббат-намә. М., 1959; Zajancowski A. Husrav u Sirin, Qutba. Warsawa, 1959.
4. *Малов С.Е.* Памятники... М. – Л., 1951.
5. *Кеңесбаев І.* Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы. «Халық мұғалімі», 1946, № 1-2, 3-4; Қазақ тіліндегі фразалық қос сөздер // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Лингвист. серия, 1950. 6-шығуы; № 82; О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке // Известия АН КазССР. Серия филолог. и искусств., 1954. Вып. 1-2.
6. Манас. I кітап. Фрунзе, 1958. 2-б.
7. «Ер Тарғын». Алматы, 1958. 22-б.
8. *Березин И.Н.* Турецкая хрестоматия... С. 80.
9. *Өмірәлиев Қ.* XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының VI–VII ғасырлардағы бастапқы іздері // Қазақстан мектебі, 1968. №9, 64–65-бб.
10. *Құнанбаев Абай* (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I т. Алматы, 1957. 185-б.
11. *Сейфуллин Сәкен* (Садуақас). Шығармалары. 6-т. Алматы, 1957. 128-б.
12. *Нұрханов С.* Қазақ синтаксисіндегі көне құбылыс // Қазақстан мектебі. 1968, № 2, 71-б.
13. *Мухаржовский Я.* Литературный язык и поэтический язык // Пражский лингвистический кружок. Сборник статей. М., 1967. С. 427.

## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Кітап «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» деп аталғанмен, осы дәуірлерге тән сөз үлгілері түгел қамтылған жоқ. XV ғ. «Сыпыра толғауы», «Тоқтамыс толғауы», «Едіге толғауы» сияқты циклді толғаулар әрі «Қазтуған туралы сөз», «Орақ – Мамай жыры», «Шалкиіз өлеңдері», т.б. сөз үлгілері жанр, стиль мәселесінде айтылса да, оларға арналған нақты тілдік талдаулар кітаптың көлемі, т.б. шартты себептермен монографияда берілген жоқ. Бұхар алдындағы әрі ұлы жыраумен тұстас ақындар, сол сияқты Махамбетпен тұстас, одан кейінірек шыққан ақындар шығармасы көтерген тақырыбы, идеясы, әрі жанр, тіл жағынан азаматтық поэзияның бұл екі алыбынан көп төмен тұрғандықтан, өзіндік ерекше алабөтен шеберліктері көрінеу тұрмағандықтан, әрі оларды сөз ету – екі ақын-жырау шығармасында айтылған жайды көп ретте қайталау болатындықтан, оның сыртында шешендік-толғау өлеңдер, ортақ мотивті варианттас өлеңдер сөз болған орайда бұл дәуірде туған көп өлең үлгілері талдауға алынғандықтан, әрі Бұхар мен Махамбет поэзиясына, оның тіліне жасалған талдау осы екі сөз ұстасы жасаған дәуір поэзиясын, оның тілін тануға толық жауап берер-ау деген оймен өзге аты белгілі біраз ақын-жырау өлеңдері тілін сөз еткен жоқпыз; XIX ғасырдың 40-жылдары шыққан Дулат пен Шортанбай сияқты сөз шеберлері поэзиясы тілі туралы зерттеу енгізілген жоқ, айта кету керек, Дулат поэзиясы тілі туралы зерттеусіз XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы тілі – Абайға дейінгі дәуір поэзиясы тілі туралы соңғы тұжырым пікір айтуға әсте болмайды. Жалпы Абайға дейінгі қазақ поэзиясы тілі – Абай шығармалары тілінің өзекті бір саласы – Дулат шығармалары тілі арқылы ғана анық танылмақ.

2. «Поэзия тілі» өте кең ауқымды ұғымға ие. Отандық филология ғылымында да әрі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану

ғылымында да поэзия тіліне келу тәсілдері әр алуан: «поэзия тілі» нені қамтиды, «поэзия тілі» деген ұғымға нелер кіреді, «поэзия тілі» деген ұғым шеңберінде зерттеуге алынатын объектілер нелерден тұрады деген мәселеде әр ұдай бағыт бар. Сондықтан да өз алдына жеке ғылым саласы ретінде поэтикалық тілдің дәлді системасы жасала қойған жоқ.

Біз қазақ поэзиясы тілін қазіргі таңда нелерді зерттеу объектісі ете отырып танытуға болар еді дегенде поэзияға тән бірсыпыра категорияларды таңдап алдық та, XV–XIX ғасырлар поэзиясында осы категориялардың көріну сипатын ғана сөз еттік. Жұмыстың көлемі дегенді ескеріп, кей ретте поэзияға тән осы категориялардың Бұхар, я Махамбеттің тұтас шығармаларында емес, олардың бір не екі өлеңінде көріну сипатын ғана кірістіре алдық. Бұл ақындар поэзиясы стилі мен тілін жасауға қатысқан бірсыпыра көркемдегіш тәсілдерді, дәлірек айтқанда, осы көркемдегіш тәсілдер тұрғысынан келіп жүргізілген талдауларды кітапқа енгізе алмадық. Осындай олқылықтарға байланысты әрі басқа да кем-кетіктерге орай айтылар сын-ескертпелерге ортақ мәселенің болашағына қам жей айтылған пікірлерге алдын ала рақметімізді арнаймыз.

## II

# ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАНРЫ МЕН СТИЛІ *(XIX ғ. бірінші жартысы)*

## **КІРІСПЕ**

### **I ТАРАУ**

**Қазақ поэзиясының жанры мен стилін комплексті түрде зерттеу**

### **II ТАРАУ**

**Қазақ жыраулары – көшпелі халықтың жазба әдебиетке дейінгі поэзиясының өкілдері**

### **III ТАРАУ**

**XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ поэзиясына сипаттама**

1. XIX ғасырдың 30-40-жылдарына дейінгі қазақ поэзиясының өлең түрлері
2. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ауызша поэзия және оның жанры мен стильдік сипаты
3. Қазақ поэзиясында «мен-ақын» жасаған туындылардың жанры мен стилі

### **IV ТАРАУ**

**Дулат өлеңдерінің композициялық құрылысы**

1. Өлең композициясын талдаудың жанр мен стильге қатысы
2. Дулаттың өлең түрлерін табуы
3. Дулат өлеңдері тексінің композициялық-синтаксистік жіктелісі

### **V ТАРАУ**

**Дулат өлеңдеріндегі сөз-образдар**

1. Әлеуметтік топ өкілдерін кейіптеуде қолданған сөз-образдар
2. Дулат өлеңдеріндегі әртекті сөз-образдар

### **VI ТАРАУ**

**Мәдени мұра және оны зерттеудің міндеттері мен әдістері**



## КІРІСПЕ

### I

1981 жыл елеулі жыл болды. Бұл жылы Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуына 250 жыл толды. Қазақ халқының тарихи тағдырында аса зор рөлі болған бұл атаулы күн ұлы орыс халқымен мызғымас достықтың, туысқандықтың, бірліктің үлкен мейрамына айналды және республикамыздың қоғамдық-саяси өміріндегі елеулі оқиға ретінде аталып өтті.

Әрине, бұл тек өткен тарихи күнді атап өту ғана емес, осы тарихтың өн бойында қазақ халқы басып өткен жолды – патша өкіметінің отаршылдық саясаты езгісінде бола жүріп, орыстың озық ой-пікірінен, мәдениетінен нәр ала дамуы тарихын атап өту, самодержавиенің езгісінде болған орыс халқымен екі арада туып қалыптасқан достығы, бірлігі тарихын және де ұлы Ленин партиясы бастауымен Ұлы Октябрь революциясына келіп ұлашқан күресте халқымыздың орыс халқымен бірге болуы тарихын атап өту.

Сайып келгенде, бұл тарихи күнді атауды Ұлы Октябрь мен оның жемісі бүгінгі социалистік өмір шындығы ғана мүмкін етіп отыр. Сол үшін де біз халқымыздың бұл өткен жолына Ұлы Октябрь берген жарқын да сәулетті өмір шындығының тұрғысынан келіп барып баға беруіміз керек болады.

Сөз жоқ, Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының бұл 250 жылдығы екі жарым ғасыр бойындағы тарихтың әрбір кезеңіне аса мұқият назар аударып, ол тарихтың шындығынан терең ғылыми тұжырымдар жасауға, ғылыми дәлдікке негізделген анықтамалар шығаруға, сөйтіп қоғамдық ғылымымызды маркстік-лениндік ғылым теориясын басшылыққа ала отырып, жаңа танымдармен байытуға мүмкіндік беріп отыр. Біз мұны осы атаулы күнге арналған «Қазақстан халықтарының тарихи тағдырындағы Россияның прогрестік рөлі» деген Бүкілодақтық

ғылыми-теориялық конференцияның материалдарынан анық көреміз.

Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы, біріншіден, қазақ халқын үнемі болып отыратын ішкі-сыртқы соғыстардан құтқарды: қазақ халқын бөліп-бөліп билеген хандар мен сұлтандардың ішкі өзара соғыстарынан, қазақ жеріне үнемі қырғын әкеліп отырған қазақ-қалмақ өзара соғысынан біржола азат етті; бағзы заманнан тынымсыз, жайсыз, зорлықшыл көрші болған жаулардың шапқыншылығына қарсы мәңгілік берік қамал орнады.

Бірақ «революцияға дейінгі Россиядағы халықтардың бірігуі күрделі де қарама-қайшы процесс болды. Қазақ халқының және көптеген басқа да халықтардың мысалындағыдай, ерікті түрде қосылу оқиғаларымен қатар қысым жасау арқылы қосылу фактілері де кездесті, еріксіз келісімдер күшпен таңылды, тікелей жаулап алушылық оқиғалары да болды... Бірақ мәселенің күрделілігі мынадай еді. Россияның билеуші таптары қосылған шеткері аймақтың еңбекшілерін аяусыз қанады. Оның үстіне бұл шеткері аймақтардың халық бұқарасы өз қанаушыларының – әртүрлі байлардың, князьдардың, хандардың және басқалардың тарапынан да қанау мен езгіге душар болды» [1].

Сөйтсе де, Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуы самодержавиенің қатал отаршылдық саясатына қарамастан, сайып келгенде, қазақ халқының өмірінде объективті түрде зор прогрестік рөл ойнады. Қазақ халқының шаруашылық, қоғамдық-саяси өмірінде едәуір өзгерістер болды: патша өкіметінің отаршылдық саясатқа негізделген билеу тәртібі күшейе түсті де, рулық құрылыс институты таңған ру басшыларының, хан мен бектің жеке билігі әлсіреді, бұрын «ел жақсылары» аталған бұл көп әкімдер ендігі жерде патша өкіметінің қазақ даласындағы қолжаулығына, атар оғына айналды. Мұның өзі бұқара халық пен «ел жақсыларының» арасындағы ру мүддесі табыстырған байырғы «бірліктің» біржола әлсіреуіне бастап әкелді.

Бір жағынан сауда айналымы берік орнап, егіншілік пен қолөнер кәсібі жандана түсті. Мұның өзі қазақ аулында таптық жіктің айқындалуына бастап алып келе жатты. Сөйтіп байырғы томаға-тұйық қалпында тұрса, тағы да неше жүз жыл өтсе де өзгеріссіз қала беретін әлеуметтік жағдайлардың патриархат-

тық жүйесі бұзыла бастады. Сонымен қатар XIX ғасырдың орта тұсына дейін «патша өкіметі әскери түрде отарлау арқылы бірсыпыра жергілікті шаруа халқының қонысы ауысып, өздерінің шұрайлы жерінен айырылды». «Патшалық отарлау саясаты қазақ халқының жерін алғанда, шұрайлысын сол патшалықтың оң қолы боп саналатын казак-орыстарға, помещиктерге, әр алуан өндіріс орнатқан капиталистерге, чиновниктерге және қазақтың өзінен шыққан байлары мен бектеріне алып берді. Елдің қолынан кеткен жер патшалықтың өзі өсірген қанаушы таптарының қалаулы топтарына берілді» [2].

Қысқасы, сырттай елеусіз болып көрінсе де, қазақ даласының саяси-әлеуметтік жағдайлары жаңа арнаға түсіп келе жатты.

Қазақстанның Россияға қосылуы арқылы бұл өлкеге «орыстың демократиялық мәдениеті мен қоғамдық ой-пікірінің таралуы қазақ халқының рухани өміріне игілікті ықпал етті. Солардың әсерімен қазақтың аса көрнекті ағартушылары Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың, т.б. дүниетанымы қалыптасты» [3].

Әрине, бұл игілікті әсерлер қазақ өлкесіне шу баста-ақ бірден, кедергісіз жете қойған жоқ. Орыс мәдениеті мен ғылымы қазақтың қараңғы өлкесінің мәңгі жарық таңы болып келетін заманның басы басталғанмен, ол таңнан бұрын бұл өлкеде таң алдындағы қараңғылық сияқты бір заман болды. Ол заман «патша өкіметінің әскери түрде отарлау арқылы жергілікті шаруа халқының қонысы ауысып, өздерінің шұрайлы жерінен айырылуы» заманы еді. Бұл заман қара түнек түндей ұзаққа созылды. Бұл заман «халықтар түрмесі» болған Россияда Герценнің «Колокол» журналының:

Отчего мы молчим?

Неужели нам нечего сказать?

Или мы молчим только от того

Что мы не смеем говорить?

Дома нет места свободной русской речи [4], –

деген сөзі – «бүкіл Россияны оятқан» сөзі әлі айтылмаған заманмен тұстас еді. Бұл заман «Басқа Россия сіздерді өз бауырындай құттықтайды, сіздерге достық қолын созады...» деген сөз әлі айтылмаған, ал оны айтқызған идея Россияның өз ішінде де өз жарығын толық, еркін түсіріп үлгірмеген заманмен тұстас еді.

Дәл осы заманда Россияның бұратана атанған отар жұртында, прогресс атаулы өзінің анық формасымен жетіп үлгермеген меңіреу түкпірде Европаның қоғам жайлы ғылыми танымдарынан мүлде сырт тұрған, жалпы ғылым атаулыдан мақұрым, тек қазақ халқының тұрмыс жағдайларынан, онда да екінші, үшінші қатарлы оқиға түріндегі нәтижелерінен ғана ой топшылауларын жасап дағдыланған әдебиет – көшпелі заман әдебиеті патша өкіметінің «қысым көрсетуі», «жаулап алуы», т.б. қабаттаса жүрген отаршылдық саясатына – бұқара халықты жерден айыруына, қонысынан аударуына қарсы үн қатты. Бұл әдебиет қазақ тұрмысына бұрын жат, мына болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайларды ұғынуға, оның қайшылықтарын шешуге өзінше кірісті. Қазақ даласындағы әлем-тапырық күйдегі өзгерістер – қайшылығы көп өте күрделі өзгерістер бұл әдебиетке сол күйінде ауысты. Осы әдебиеттің XIX ғасырдың 30–50-жылдарындағы басты өкілдері Махамбет ақын мен Дулат жырау болды.

Әрине, Махамбет пен Дулаттың заманы Герцен бастаған екінші Россияға қол артып, солардың жолымен болуға білімі жеткен Шоқанның, Ыбырайдың, Абайдың заманы болмады. Махамбет пен Дулаттың заманы патша өкіметінің бірыңғай әскери түрде отарлау саясаты ғана үстемдік құрған заман болды, қазақ бұқарасын қоныс аудару, жерден айыру сияқты күштеу заманы болды, хан-сұлтандар өз мүдделері үшін қазақ бұқарасын әрі күнде шауып алып жатқан, әрі өз мүдделері үшін оларды отаршылдық қысымға қарсы көтеріп жатқан заман болды. Ал бұл ауыр тұрмыс қазақ бұқарасына екіжақты қанауы жоқ өмірді, жерді аңсатты.

Осының бәрі Махамбет поэзиясына, әсіресе, Дулат поэзиясына өз ықпалын тигізді. Дулат самодержавиенің отаршылдық езгі саясатына – қазақ бұқарасын қоныс аударып, шұрайлы жерін тартып алуына, қазақ әкімдерінің патшалықтың осы күштеу саясатында оларға қолжаулық болып, атар оғы болып, қосыла қанауына қарсылық білдірді және ол қарсылығын өз өлеңдерінде өткір тілмен ашына айта да алды. Өз түсінігі жеткен жерден келіп барып, қазақ бұқарасын осы ауыр күйге кіріптар етуші хан-сұлтан, би мен бек деп білді, сөйтті де оларды жерлей сөкті, қазақ әкімдерінің бұған дейін қазақ әдебиеті білмеген қа-

рикатуралы образын жасады. Сөйте тұра қазақтың патриархаттық-феодалдық өмір жағдайы таңған түсінікпен бұл саясаттан тысқары тұрғандай көрінген «ел жақсыларына» үміт те артты. Ал қазақ халқының бұл тәуелді күйге, езгіге мойынсұнбаған ниеті, қарсылығы, баяғы дәуірде көше қашып «құтылар» психологиясының «жерұйықты» іздетуі – бәрі-бәрі оның шығармасында өз көрінісін берді. Октябрь революциясы болмаса, бұл мәңгілік құлдық қамытынан құтыла алмайтын қазақ халқына одан құтылар жол іздеп, ол жолды таппады, сөйтті де дағдарды, күңіреніп барып тұйыққа тірелді, тіпті торықты да. Дулат жырау осылай өз дәуірімен өтіп кетті...

Заман ауысты. Отаршыл мемлекет Россияның өз ішінде бұратана елдің бұқара жұртына «достық қолын созған басқа Россия» өсіп шықты. Олардың озық идеялары қазақ сахарасына да жетті. Мылтық асынып, зеңбірек сүйретіп келген бұрынғы қазақ әскерлер емес, бұл дәуірде ішкі Россиядан, жерден тарлық көрген, помещиктердің қанауында болған кедей орыс шаруалары көшіп келе бастады. Бұл заманда енді орыс халқы мен қазақ бұқарасы арасында ортақ мекенде біршама бейбіт қатынас жағдайындағы ортақ өмір жолы басталды: екі халықтың бұл жаңа тұрмыс жолы патша өкіметінің ұлттық араздықты қасақана өршітіп, оларды бір-біріне үнемі жеккөрінішті қалыпта ұстаған құйтырқы саясатының кедергілері арқылы өтуіне тура келді.

Бұл заманның бастапқы кезеңі Шоқанды берді, ал 70-жылдары Ыбырайды, 80–90-жылдары Абайды берді. Қазақ халқының бұл үш ұлы алыбын әлеуметтік-экономикалық және мәдени қарым-қатынастың жаңа заманы берді де, олар осы жаңа қарым-қатынастың жақтаушылары, насихатшылары болды. Олар бір мемлекеттің ортақ мүддесі бар халықтарының өзара достығын, ынтымағын насихаттаушылар болды. Бірақ бұлар да өз халқының – патшалықтың қазақ даласындағы әкімдері, чиновниктері «бұратана», «қыр тағысы» деп атаған халықтың мүддесін қорғап барып айтқан ой-пікірлері үшін қатты қысым көріп отырды.

Жұртқа белгілі қазақ даласы қараңғы күйінде ұзақ жылдар бойы езгіде қала берді.

Д.А. Қонаев «Ұлы Октябрь революциясының 60 жылдығы туралы» баяндамасында: «Революцияға дейінгі Қазақстанның ең-

бекші халқы «гүлсіз көктем, сәулесіз күн, сусыз өзен сияқты» кара түнекте өмір сүрген жоқшылық пен мешеулік өлкесінің қаншалықты сұрықсыз болғаны мәлім. Патша өкіметі Россияны «халықтар түрмесіне» айналдырып, ұлттық шет аймақтардың еңбекшілерін барлық құралдармен езгіге салды, олардың ұлттық мәдениетін тұншықтырып, ұлттық араздықты қасақана өршітті» [5], – десе, «КПСС-тің бейбітшілік пен халықтар арасындағы достықты нығайту жолындағы күрестегі тарихи тәжірибесі» атты Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияда жасаған баяндамасында былай деді: «Совет өкіметіне дейін, В.И. Лениннің сөзімен айтқанда, қайыршылықта қалтыраған халық бұқарасы, «оқу, көз ашу және білім алу мағынасында алғанда жұрдай болған» болатын. Әсіресе, Орта Азия мен Қазақстанның, Қиыр Солтүстіктің халықтары ерекше ауыр жағдайда болды. Ол кезде, сірә, ешкімнің ешқандай «артықшылығы» болмаған шығар: патша өкіметі бостандықты көксеудің қандай да болсын көрінісін басып-жаншып, тұншықтырды, «бөлшекте де билей бер» деген қасіреттілігімен белгілі болған принципті өмірге күшпен және қулықпен орнықтырды. Қазақстанды алыңыздар. Патша өкіметі қазақ халқынан және оның жерінен тіпті оның өз атын да тартып алды. Табиғат байлығын шетелдік концессионерлер талан-таражға салды. Меңіреу өлке, сары дала, қыр тағысы, бұратана – Қазақстан мен оның байырғы халқын революцияға дейін, міне, осылай деп атап келді. Миллиондаған көшпелі қазақтар өмір бойы қолына кітап ұстап көрген жоқ, оларға «институт», «университет», «академия», «театр», «кітапхана» деген сияқты сөздер беймәлім еді. Адамзатқа ұлы ақын Абай Құнанбаев, есімі дүниежүзіне әйгілі ғалым Шоқан Уәлиханов, аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин сияқты ақыл-ой алыптарын берген жердің өзі рухани және әлеуметтік мешеуліктің аса зор қайғы-қасіретін бастан кешірді.

Егер Ұлы Октябрь болмаса, біздің еліміздің көптеген халықтарының тағдыры не боларын айтудың өзі қиын» [6].

Осы тар қапаста зарыққан қазақ халқы адамдар бақытты өмір сүретін таңғажайып жерұйықты аңсады. Ал оның Дулат сияқты ақын ұлдары халықтың бұл арманына жауап іздеді. Империялық отаршылдықтың құрсаулы зардаптарын анық сезініп,

қатты қауіп ойлады. Бұл қауіпті, азапты күнді ақындық тілмен әсерлей суреттеп, шошындыра да, үрейлендіре де үн қатты. Шығар жол таппай, тұйыққа тіреліп, зар шекті. Болашағына үмітсіздікпен көз тікті. Ал бұл үмітсіздіктерінде шындық та бар еді.

Қазақ халқын алды қараңғы осы қайғы-қасіреттен, рухани және әлеуметтік мешеуліктен, құрып кету қаупінен Россияда туған Октябрь революциясы құтқарып қалды.

Шындап келгенде, Октябрь қазақ халқының өзін ғана емес, оның рухани дүниесін де біржола жоғалып кету қаупінен құтқарып қалды.

Қараңғы заманның қараңғы ортасына Ұлы Октябрьдің алтын нұры өз сәулесін шашты да, қазақ халқы жарқын өмір жолына түсті, өздерімен бірге олардың көне рухани мәдениеті қайта тірілді. Дулат мұрасы – осы қайта тірілген мұралардың бірі.

Қазақ халқының мәдени мұраларының бүгінгі ұрпақтың игілігіне айналуы, сол мұраларды зерттеп білуіміз де Ұлы Октябрьдің жемісі. Ұлы Октябрьден халқымыздың жаңа заман тарихы басталып қоймайды әрі ол халқымыздың өткен тарихына да жол ашып берді. Ал қазақ филологиясының міндеті халқымыздың Октябрь жол ашып беріп отырған осы өткен тарихына тән әдебиетін бүгінгіге айналдыру болмақ, онда да аталардың тарихтың ауыр жолында жүріп жасаған рухани дүниесін қазіргі буын толық өз қалпында көре алатындай етіп барып бүгінгіге айналдыруы керек. Сонда ғана кейінгі ұрпақ өзін сол рухани қазынасының ішінде анық көре алады.

«Әрбір аса көрнекті адам өз кезінің ұлылығымен ғана қатынаста болып қала алмайды әрі оның өз көзінің сорлылығымен де қатынасы сөзсіз болады», – деп Гете айтқандай және Абайдың: «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым Етек басты көп көрдім елден бірақ», – деп осы сорлылық ішінде өзінің шарасыз халін анық мойындағанындай, өз дәуірінің бар қайшылығының ортасында болған, осы өмір қайшылығы ішінде өзінше туралық іздеп күрескен, заман ағыны ықтырған кезде дағдарған, күйінген, тұйыққа тірелген Дулат жыраудың туғанына 180 жыл толғалы отыр.

Әрбір кейінгі ұрпақтың өзінен бұрынғы өткендерді еске алып, оларға әр кез оралып отыруы, сөйтіп өткен мен бүгінгінің ұлы

байланысын жасауы сол өткендердің барлығына ғана қатысты емес, бүгінгі буында оларды сол өткендерге қалтқысыз да еркін барғызатындай, сол өткендер жасаған асыл қазыналарды бүгінгілердің игілігіне молынан айналдыра алатындай зор патриоттық сезімнің болуына да байланысты.

## II

Халқымыздың арғы дәуірлерден бүгінгі заманға келіп жеткен сөз қазынасы көп емес. Көркемсөз кезінде әр дәуірде мол жасалғанмен, халық басына тап келіп отырған дүрбелең шақ ұрпақ ауысуы тұсындағы кілт үзілістер ол сөздердің көбін жоғалтып отырған.

Мұның сыртында әр заманда шығып отырған кемеңгер ақын сөзін жаттап айтушы я хатқа түсіріп жинаушы жүзден біреу болды. Олар болса бұл сөздерді өздері жеткен жеріне әкеп қалдырып отырды... Керекке жаратар, қадірін білер ұрпақ кезікпеген жағдайда олар сол жеткен жерінде біржола қалып қалды...

Анық шындық сол: өліп қалғандардың өлмейтіндігі олардың өлмейтін еңбек етуінен гөрі, өткенін өлтірмейтін заманға не ұрпақтың болуына байланысты, өткеннің жақсысын – халықтың шын игілігін қадірлей білетін, терістемейтін заманға не ұрпақтың болуына байланысты. Өйткені нешеме өлмейтін еңбек иелері қадірін білмес қараңғы ортаға я жауыға тиісіп, әдейі жойған қаскөй жатқа тап болып, тарихтан біржола із-түзсіз кете барған.

Ал осы күңгірт тарихтың ішінен бұлыңғыр бейнедей бұлдырап көрінетін осы сөз иелері кімдер? Олардың мұрасының қазақ әдебиеті мен әдеби тілі тарихында алатын орны қайсы? Бүгінгі буын оларды қалай тани алды? Қалай игере алды?

Бұларды қалай тани алдық, ол өз алдына бір әңгіме. Ал осы Дулат және сол сияқты өзге де ақындар сөзі ішіне кіретін мәдениет мұраларын бүгінгі ұрпақтың танып-білуі не үшін керек?

Әрине, бүгінгі ұрпақтың Ертедегі Түрік қағанаты дәуірінде 732 жылы жазылған «Күлтегін батыр туралы сөз» деген тамаша ескерткішті, 1097 жылы жазылған «Құтадғу білігі» атты 13 мың жолдық даналық дастанды, бергі XIX ғасырдың ақыны



Махамбет пен Дулатты білмей-ақ жолдар салып, үйлер тұрғызары, т.с.с. кәсіп етері хақ. Бірақ бүгінгі ұрпақтың өмір сүруінің мәні бұлармен шектелмейді ғой, оған рухани азық керек: сезімде, ой-өрісте, білімде әр жақты тереңдік, идеяда беріктік, тұрақтылық керек; адамгершілік қасиетте шынайы өнегелік, үлгілік, т.б. қажет. Ал бұларды адам баласы мыңдаған жылдар бойында жасап, тарихи категорияларға, өзінің мәніне айналдырған. Өзінің осы толық мәнінде болу үшін адамның өзін жасаған, оның мәдени сапасын жасаған тарихты білу кімге де болса керек.

Тарих бізді әр кезде де не нәрсеге болса да тарихи тұрғыдан ой жүгіртуге үйретеді: өзін тануға, өзін өз халқымен бірлікте алып барып тануға, бүгінгі жетістіктердің өзі нелердің нәтижелері екендігін танып-білуге, патриотизмге үйретеді. Ал патриотизм бүгінді оның терең тарихымен бірлікте алып барып тани алған кезде ғана және оның болашағын бүгінгінің тұрғысынан қарап көре алған кезде ғана пайда болады. Осының бәрі бүгінгі буынның идеялық және адамгершілік сапа-қасиеттерін құрайды.

В.И. Ленин Россия Коммунистік Жастар Одағының III съезінде сөйлеген сөзінде «адамзат білімдерінің жиынтығынан коммунизмнің қалай туғандығын көрсететін үлгі – марксизм» дей келіп, «Маркс адам баласының ойы туғызған нәрсенің бәрін қайта қорытты, сынға салды, жұмысшы қозғалысы арқылы тексеріп шықты, сөйтіп буржуазиялық шеңберден аса алмаған немесе буржуазиялық соқыр сезімдерге шырмалған адамдар шығара алмаған қорытындыларды шығарды» дейді, пролетарлық мәдениет жасауда мұны есте ұстаудың керектігін, өйткені «Адамзаттың бүкіл дамуы туғызған мәдениетті құнттап білумен ғана, соны қайта қорытумен ғана пролетарлық мәдениет жасауға болатындығын анық ұғынбасақ – мұны ұғынбасақ, бұл міндетті біз орындай алмаймыз» [7], – деді.

Міне, тарихты білудің, өткендегілер жасаған мәдениетті білудің сөзсіз қажеттігіне осы қағидалардың тұрғысынан келіп барып мән беру және аса жауапкершілікпен қарау керек болады.

Әрине, мәдениет тарихын танып білуде қойылар талаптар бар.

Ол – тарихты, мәдени мұраларды марксистік, материалистік дүниетану жүйесі тұрғысынан келіп тану талабы.

Ф. Энгельс былай дейді: «Тарихта болатын барлық қоғамдық және мемлекеттік қатынастар, барлық діни және праволық системалар, барлық теориялық көзқарастар тек әрбір тиісті заман өмірінің материалдық жағдайлары түсінілген кезде және басқаларының бәрін осы материалдық жағдайлардан қорытып шығарған кезде ғана түсінілуі мүмкін» [8].

Демек, өткен дәуірдің мәдени мұраларын танып, бағалағанда ол мәдени мұралардың басқаша емес, дәл солай жасалуының тарихи себебінен шығарып барып тану, бағалау керек. Егер біз оларды тікелей қатысы бар материалдық жағдайларынан бөліп, жалаң алып қарайтын болсақ, сол мұралардың жалаң өзінің мазмұны мен қызметі не екендігінен ғана шығарып қарайтын болсақ және мазмұны мен қызметі не екендігін біздің өз түсінігімізге сәйкес келмейтіндігі тұрғысынан ғана қарап бағаласақ, онда біз ол мәдени мұраларға бір-біріне қарама-қайшы неше түрлі ат қойып, айдар тағамыз. Бұл, әрине, тек өз пікірімізді, өз танымымызды өткен дәуірдің мәдени мұраларына телу ғана, субъективтік пікір ғана болмақ.

Ф. Энгельс құлдық дәуірдегі мәдениеттің өркендеуінсіз «біздің бүкіл экономикалық, саяси және интеллектік дамуымыздың» болуы мүмкін еместігін айта келіп, «Құлдық сияқты маскара көріністерге асқан адамгершілікпен ашу-ызанды ақтара отырып, құлдық және т.с. жөнінде жалпылама желсөзді үйіп-төгуден оңай нәрсе жоқ. Амал не, бұл ашу әркімге белгілі жайды ғана, атап айтқанда бұл антикалық мекемелердің біздің қазіргі жағдайларымызға және осы жағдайларға байланысты сезімдерімізге енді сәйкес келмейтіндігін ғана көрсетеді» [9], – деген болатын.

Демек, барша былайғы дәуірлердің қоғамдық санасы формаларына да дәл осы тұрғыдан келіп қарау керек болады. Адамзат қоғамының қандай дәуірлерінде қоғамдық сана формалары қалай туды дегенді негізге ала отырып барып қарау керек болады.

Ф. Энгельс былай дейді: «Қанаушылар мен қаналушылар, үстем таптар мен езілген таптар арасында осы күнге дейін болып келген тарихи қарама-қарсылықтардың бәрі адам еңбегі өнімділігінің нақ сол біршама нашар дамуынан туған. Нағыз еңбекші халықтың өзінің қажетті еңбегімен болып кеткені соншалық,

жалпы маңызы бар қоғамдық істер үшін – жұмысты, мемлекеттік істерді басқару үшін, заңдылықты іске асыру үшін, искусствомен, ғылыммен және т. т. айналысу үшін – оның уақыты қалмайды; мұндай жағдайда нағыз еңбектен бос ерекше бір таптың болуы сөзсіз еді» [9, 179-б.].

Міне, қазақ халқының өткен дәуірлеріне тән мәдени байлықтарымен, қоғамдық сана формаларымен істес болғанда, оларды жасаушылардың кімдер болғандығы тұрғысынан (тіпті олардың қызметі тұрғысынан да) ғана келіп қарайтын болсақ та, біз көп нәрседен ұтыламыз.

Айталық, Москвада орыстың ұлттық архитектурасының тамаша ескерткіші Василий Блаженный храмы (Қазан хандығын жену құрметіне 1550–1560 жылдары салынған храм) XVI ғасырдағы орыс архитектурасының тамаша өркен жаюының анық айғағы. Ал Түркістанда Ахмет Яссауидің мавзолейі бар, Самарқандта Гөр Әмирдің мавзолейі мен Ұлұғбектің медресесі бар.

Егер осы ескерткіштерге оның иелері және оларды жасаудағы мақсат тұрғысынан қарайтын болсақ әрі ескерткіштердің өз кезіндік қызметі, т.б. тұрғысынан қарайтын болсақ, онда біздің ойымыз барынша біржақты, барынша тар өрісті, барынша шолақ ой болар еді.

«Кісі қаншалықты мәдениетті болса, – дейді Д.С. Лихачев, – ол өткен және қазіргі мәдени байлықтарды түсіне алуға, ұғына алуға соғұрлым қабілетті және мұндай кісінің бұл мәдени байлықтарды түсіну қабілеті мен ең керектіні ала білу қабілеті әрі ой-өрісі соғұрлым кең болмақ. Ал кісінің мәдени ой-әрісі қаншалықты тар әрі шектеулі болса, онда мұндай кісі барша жаңалықтарға және «барынша көнеге» соғұрлым жаны төзгісіз, мұнымен бірге ол кісі өзінің әдетіне айналған ұғымының билігіне соғұрлым тәуелді, мұнымен бірге ол кісі соғұрлым табандап тұрып қалған кертартпа және барынша тар өрісті, барынша күдікшіл жан» [10].

Ондай кісі Ахмет Яссауи мешітін ислам дінінің мүлкі деп қана, ал Василий Блаженный храмын христиан дінінің мүлкі деп қана, Гөр Әмир мавзолейін жеке билеуші Ақсақ Темірдің қабірі деп қана қарайтын болса, онда ол кісі көне дәуірдің бұл тамаша ескерткіштерінің архитектурасындағы қайталанбас көркем

қисындарды да, бұл ұлы туындыларды жасаушы ісмерлердің құдіреттей шеберлігін де, таңырқарлықтай таным-талғамдарын да ұмыт қалдырмақ.

Ал білім де, не азды-көпті идеялық көзқарас та, тіпті діни наным сияқты соқыр түсінік те жоқ жерде бұл мәдени мұраларға келер-кетерсіз қарау сияқты надандық мінез ілгері шығады. Таза «шаруаның» ғана қамындағы ондай кісілер бұл ұлы ескерткіштердің «бұзылған» кірпішін ғана көреді. Онда да үйіне тасып апарып, пеш салу, т.б. қамы тұрғысынан қарап барып қана көреді...

Алдыңғы ұрпақ жасаған рухани мәдениетті оған жалғас келген екінші ұрпақтың берік иеленіп, мұраланып отыруы – табиғи заңдылық, ал бұл мұралардың зерттелуі, насихатталуы, өз жағдайында жетілдіре, дамыта отырып пайдаланылуы – екінші ұрпақтың келер ұрпақ алдындағы міндетті борышын өтеуі. Бұл болмаған жерде ол ұрпақ алдыңғылар жасаған мәдениетті өзінен кейінгі келесі ұрпаққа асырып салушы түріндегі дәнекерлік қызметін тоқтатады. Дәл осы жерде халық мәдениетінің дәстүрлі дамуында үзіліс пайда болады. Дәстүрдің үзілуі – ұлттық мәдениеттің кедейленуіне бастап әкеледі. Ал өзінен бұрынғылардың рухани жаратындыларын жоғалтып алу кейінгілердің рухани кедейлігін ғана көрсетеді.

Қазіргі заманда халықтың өткендегі мәдени мұраларымен айналысатын арнаулы ғылыми мекемелер бар. Оларға халықтың өз рухани мәдениетін замандар бойында өзі сақтап, өзі насихаттап, өзі ілгері ұзатып салып отырған ұлы да қасиетті қызметі жүктелген. Жеке адам қанша білімді болғанына қарамай, замандар бойында халықтың өзі тапқан, өзі жасаған, өзі оған мән берген бұл қызмет орнынан соншалықты төмен тұрады. Сондықтан бұл қызметті жеке адам өзінің жеке басы ой шеңбері көлемінде ғана тапқан таным-түйсігі тұрғысынан пайдалануға әсте ерікті емес. Әсіресе, халықтың өткендегі рухани қазынасының тағдыры таразыға түсетін кезде бұл қызметті өзінің осы жеке басы танымы тұрғысынан келіп пайдалануға праволы емес. Жеке адамның өзі тапқан таным-түйсігі – халықтың мәдени мұрасының тағдырына өлшем емес.

Бірақ осындай таным-түсініктер бел алған кезде халықтың рухани мұраларының біршама уақыт ұмытылуына, одан бір буын ұрпақтың нәр алмай өсуіне ғылым да жанама түрде себепші болады. Әсіресе бұл, ғылымға марксистік-лениндік теориямен, методологиямен жете қаруланбаған белсенді кісілер көбірек араласқан кезде көрінеді.

Бір сүйсінерлігі сол, қазір мұндай өтпелі пікірлер азайып, халықтың өткендегі мәдени мұраларын терең түсіну, бағалай алу, оларды толық меңгеруге бойұру біздің қоғамдық ғылымдарда негізгі бағыт болып отыр. Және осы бағыт қана бүгінгі ұрпақты өз халқының мәдени мұрасы ішінен өсіріп шығара отырып, барлық өзге халықтар жасаған мәдениет қазыналарын игеруге бастап апара алады. Осы бағыт қана «Адамзат жасап шығарған байлықтың бәрін білу арқылы өзіңнің ой-өрісінді байытқанда ғана коммунист бола аласың», – деп көсеміміз В.И. Ленин айтқан өсиетті толық жүзеге асыруға болады [7].

## ӘДЕБИЕТ

1. Федосеев П.Н. «Қазақстан халықтарының тарихи тағдырындағы Россияның прогрестік рөлі» деген Бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференцияның қорытынды пленарлық мәжілісінде сөйлеген сөзі // Социалистік Қазақстан, 1981. 1 октябрь.
2. Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967. 15–16-бб.
3. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығы туралы» қаулысы // Социалистік Қазақстан, 1981. 30 октябрь. 457-б.
4. Колокол. 1857, № 1, С. 2.
5. Қонаев Д.А. Таңдамалы сөздер мен мақалалар. Алматы, 1978. 457-б.
6. Қонаев Д.А. Таңдамалы сөздер мен мақалалар. 410-411-бб.
7. Ленин В.И. Шығ. тол. жинағы. 42-т., 197-б.
8. Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. Алматы, 1976. 1-т., 528-б.
9. Энгельс Ф. Анти-Дюринг. Алматы, 1957. 178-б.
10. Лихачев Д.С. Поэтика древнерусской литературы. Л., 1971. С. 406.

## **I. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЖАНРЫ МЕН СТИЛІН КОМПЛЕКСТІ ТҮРДЕ ЗЕРТТЕУ**

Қазақ филологиясында поэзия тілін, өлең құрылысын зерттеуде біраз жұмыстар істелді. Ал жеке «жазушының тілі» дегенде белгілі бір грамматикалық категориялар бөліп алып қарастырылып келеді. Оларда грамматика мен көркем әдебиет стилистикасына тән зерттеу әдістері мен формалары аралас келіп отырады. Тіпті жазушы тілін, қайсыбір көне ескерткіштер тілін, публицистикалық шығармалар тілін грамматик ретінде зерттеу бізде үстемірек болды. Мұның өзі қазақ тіл білімінде ойлаудың өзгеше әдісін қалыптастырды. Ал бұл ойлау әдісі – көркем әдебиет тілін грамматиканың материалы етіп барып қарастырудан туған бұл ойлау дағдысы өз кезегінде, керісінше, көркем әдебиет тілінің қазақ тіл білімі қарастыруға тиіс көп-көп салаларына жатсына қарауды туғызды. Егер көркем әдебиет тілін стилистика тұрғысынан қарастыратын жаңа еңбектер көріне қалса, әлгі ойлау дағдысының иелері: «мұның өзі әдебиеттану ғылымының зерттеу объектісі» деген пікірді жиі айтып жүр. Сөйтіп, филология сияқты біртұтас ғылымды қолдан бөліп, «бөтендік», «біздік» деген меншік қамалын жасап алып, осы қамал ішінен «сырт дүниеге» – әдебиетке, оның барша көркемдік тәсілдеріне тілшілер жатсына қараса, тілге, оның барша көркемдік формалар жасау амалдарына әдебиетшілер дәл солай жатсына қарайтын салт туды. Тілшілерде: әдебиетшілер көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, сюжетін, образдарды, т.б. зерттейді деген ұғым қалыптасса, ал әдебиетшілерде: тілшілер – грамматиктер, яғни тілдің дыбыс жүйесін (дауысты, дауыссыз дыбыстар, екпін, буын, т.б.), сөздің грамматикалық (зат есім, сын есім, жалғау, жұрнақ, т.б.) әрі лексикалық мағыналарын (тура мағына, ауыспалы мағына, архаизм, неологизм, т.б.), сөйлем жүйесін (бастауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, т.б.) зерттеушілер деген ұғым берік қалыптасқан. Өзге халықтарда жүз жылдаған тарихы бар грамма-

тика ғылымы үлгісінде аз уақыт ішінде қазақ тілі грамматикасы мәселелерін әрі практикалық, әрі ғылымдық міндеттер тұрғысынан шешу сияқты өте зәру жұмыстар жасаумен айналысып қалудан туған үлгірмеушілік қана.

Егер де тіл білімі грамматикалық категориялардың анықтамалары мен ерекшеліктерінен ғана тұратын болса, онда бұл ғылым үшін қазақ әдебиетінің ұлы классиктері Абай мен Мұхтардың шығармаларына соқпай да, оларды мүлде ұмыт қалдырып та оқулықтар жасауға, осы оқулық талаптары сипатындағы монографияларды жазуға әбден болады. Қазақ тілінде пәлен дауысты дыбыс я пәлен дауыссыз дыбыс бар екенін түсіндіру үшін немесе *ол барды* дегенде *ол* – бастауыш, *барды* – баяндауыш деу үшін, я болмаса *ол* – есімдік, жіктеу есімдігі, *барды* – етістік, ашық рай, жедел өткен шак, т.б. деу үшін тілдік материалдарды не батырлық жырлардың, не ғашықтық жырлардың, не ертегінің я қазіргі күнгі роман-повестер мен поэмалардың бірінен әдейілеп тандап келтірудің тіпті қажеті жоқ.

Бірақ тіл туралы ғылымның қызметі бұлар ғана емес қой. Ұлы ақын Абайдың:

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған;  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең, өзің біл, –

дегенінде де немесе Дулаттың:

Ләпсі – төбет қабаған,  
Жемтік көрсе тұра ма,  
Ырылдап танау жиырмай:  
Өзімнен өзім қызғанып,  
Азын-аулақ жиғаным  
Өзіме де бұйырмай;  
Күнәм жойқын, тәубем аз,  
Тіршіліктен не таптым,  
Дүние – жемтік, мен – төбет,

Соны бақпай не бақтым.

Ырылдасып әркіммен

Не қапқыздым, не қаптым, –

деген аллегориялы өлеңінде бастауыш пен баяндауыш та, зат есім мен егістік те, сөз тіркесі мен сөйлем де бар.

Абай да, Дулат та өз өлеңдерін тілшілердің осылай талдауы үшін, грамматика деген ғылымның осы керегі үшін жазған жоқ. Бірақ қалай дегенде де өлеңді жасап тұрған тілдік материалдар талдануы тиіс.

Бұл тілдік материалдар *нені жасап тұр, қандай қызметке жегіліп тұр?*

Жұртқа белгілі, әрбір құрал белгілі бір қажеттіктен, керектен туған. Өз қызметін сол керекке жұмсаған. Сондықтан да бұл әрбір құрал өз қызметімен бірлікте алынып барып қаралғанда ғана танылмақ, бағаланбақ. Сол сияқты жоғарыдағы өлеңдердегі тілдік материалдар да нені жасап тұр, қандай қажеттікті өтеп тұр, өлең жасауда ақын оларды қандай формаға түсіріп барып керекке жаратты, «өлең» атты бір бүтін форманы жасауда қандай қызметке жекті? Міне, осылар, яғни өлеңдегі тілдік материалдар осы тұрғыдан талдануы тиіс.

Поэзия тілі – поэзияның өзі.

Сөз – жібек жіп,

Жыр – кесте, –

деп Дулат айтқандай, поэзия – сөз-жібектің ұқсас әрі ұқсас емес өрнекті бірнеше қайталау арқылы ұқсас көп өрнектердің тізбек қатарын жасап барып, бір бүтін кесте шығаруы, үйлесімді, гармониялы стильдің тууы. Ақынның әрбір өлеңі – әртүрлі өрнекті бір-бір кілем. Ал осы кілем бетінен тыс алғанда әлгі өрнектерден тек қана математикалық фигураны ғана ұғынамыз. Поэзия тілі де осылай: поэзияның өзінен бөліп алып қарағанда, олардың әлгі математикалық фигуралар сияқты ғана (грамматикалық қана да деуге болады) мәні бар.

Алатаудың тасы мен топырағы соншалық көп. Бірақ сол тас пен топырақты қаншалықты сөз қылғанмен, Алатаудың суреті шықпайды. Сондықтан да Алатаудың тасын айтқанда Алатаудың өзін айттым деп түсінбеу керек. Поэзия тілі де осылай: ондағы тілдік құбылыстарды өлеңнің туу шартынан, жасау проце-



сінен, өлең атты сөз архитектурасының алуан формаларынан, бояу-өрнектерінен бөліп алып қарағанда, онда біз поэзия тілін емес, тілдік материалдарды, яғни поэзияға қатысы жоқ ұғым атауларын қарастырған боламыз, өйткені бұл сөздер дара тұрып, кез келген жеке бір индивидтің ауызекі әңгімелесуі үшін де, бірнеше ақынның әр алуан өлең жасауы үшін де қызметке жегіле береді...

Қазақ тілінің барша жұмсалыу өрісі – қазақ лингвистикасының зерттеу объектісі. «Тіл» мен «әдебиет» екі түрлі қоғамдық құбылыс болғанмен, әдебиет (төтелеп, әдебиетті жасайтын көп белгілерді ескермей айтқанда) – тілдік материалдардың жиынтығы, оларды әртүрлі формада қолданудың нәтижесі, «лингвистика жалпы алғанда барша тіл туралы, сонымен бірге көркем тіл туралы да ғылым» [1]. Тіл өзінің ішкі мүмкіндігін әр алуан формада қолданысқа түсіргенде (сол тілді тұтынушы индивидтердің сөйлеу, айту процесінде, әсіресе, ақындардың, жазушылардың айту я жазба түрде айту процесі үстінде), яғни өзінің қатынас құралы қызметін өтеу үстінде толық ашады. Бұл тұста сол айтушылардың айту үстіндегі психологиясы, сезім-күйі, көзқарасы идеясы, т.б. өз сөздерінде (орысша «речь», французша «de languy») таңбасын түсіреді. Бұл таңба әрі тілдің өз мүмкіндігі шеңберінде танылатын, әрі нақты сөз иесінің айту шеберлігіне ғана тән таңба. Әрине, бұларды лингвистиканың грамматика саласы емес, лингвистиканың стилистика саласы қарастырады.

*Көркем әдеби тіл* деген категорияның объектісі не? Болмаса оның өзі қандай күрделі категория аясына кіреді? дегенде, біз қазірше осы салада айтылған пікірлерді келтірумен шектелеміз.

В.В. Виноградов жалпы сөз искусствосын қарастыруды бірде «поэтика», бірде «әдебиет теориясы», тіпті кейде «стилистика» деп атап жүргенін, бірақ осы терминдердің қай-қайсы да анықтама мен мазмұны жағынан әлі толық айқындалған жоқ дегенді ескерте отырып, поляк ғалымдары Л. Долежелл мен К. Гаузенбастың мына пікірін келтіреді: «Стилистиканы поэтиканың негізгі бір саласы ретінде қарау салтқа енді; бірақ стилистиканы поэтика аясына екі түрлі ескертумен енгізуге болады: 1) көркем әдебиеттің стилистикасының негізгі ядросы – көркем әдебиеттің тілдік стилін қарастыратын сала лингвистикалық стилистика бо-

лып табылады; 2) лингвистикалық стилистика поэтиканың шеңберімен шектелмейді, өйткені оның предметі көркем шығарманың стилі ғана болып табылмайды, сонымен бірге (тепе-тең түрде) тілді пайдаланудың барлық саласы мен тәсілдері де оның зерттеу объектісі болып табылады...

Сөйтіп, стилистика әдебиеттануға да, тіл біліміне де олардың интегралды құрамды бөлігі ретінде кіреді. Әдебиеттік, лингвистикалық стилистика өзінің зерттеу саласында бірде сәйкесіп отырады, бірде, қалай дегенде де, олар бөлек-бөлек. Әдебиеттану (поэтика) шеңберінде стилистика әдеби шығарма стилін (оның барлық элементтерімен қоса) зерттейді, сонымен бірге тілдік стилистика оның негізгі элементінің бірі болып табылады; ал тіл білімі шеңберінде стилистика нақты бір айту, сөйлеу стилін талдаумен, дара және ерекше дара стильдің ерекшелігіне (яғни объективті стильге немесе тілдің стиліне) сипаттама берумен айналысады. Лингвистикалық стилистика тіл білімінің фонология, лексикология, грамматика әрі айту, сөйлеу теориясы сияқты жалпы жүйедегі салаларына қарама-қарсы тұрады...

Тілдік көркем стиль көркем әдебиет саласында лингвистикалық стилистиканың предметі болып табылады... дәлірек айтқанда, нақты әдеби шығарманың (көркем айтудың) стилі әрі жалпы стилистикалық категориялар: дара стиль (жазушы стилі), жанрлық стиль, әдеби мектептің стилі, дәуірдің стилі, т.б. болып табылады. Көркем стильді зерттеудің теориялық әрі методологиялық қиындықтары мынадан келіп туады: өйткені мұнда ерекше әрі бөлінбейтін бірліктегі екі бірдей әртүрлі қоғамдық құбылыс – тіл мен әдебиет біріктірілген. Екі түрлі қатынас: тілге қатынас (тілдің стилінің құрамына байланысты қатынас) әрі әдебиетке қатынас (әдеби шығарманың стиліне байланысты қатынас) – көркем стильдің тікелей конститутивті белгісі болып табылады, тек осы екі қатынас аясында ғана көркем стильді тануға, талдауға (теориялық әрі тарихи тұрғыда) болады» [2].

Отандық ғалымдардан А.Н. Соколовтың мына пікірін келтіреді: «Көркем шығарманың тілі форманың элементі (тілдік форма) ретінде стильге – тұтас алғанда көркемдік форманы айқындаушыға – бағынады.

Көркем әдебиет тіл туралы жұмыстардан стилистикалық факторлардың ауқымды әрі әртүрлі тізімін кездестіреміз, солардың

ішінде мыналар барынша жиі көрсетіледі: тақырып, идеялық мазмұн, персонаждар, автордың образы, жанр, бағыт... Бұларды, көркем әдебиеттің өзге де категорияларын белгілі бір дәрежеде шығарманың стилін айқындаушы факторлар ретінде қарауға болады» [2, 168-б.].

В.В. Виноградов стилистика туралы мынадай тұжырым айтады: «Көркем әдебиеттің стилистикасы бүкіл әдебиеттің жалпы жүйесімен тікелей байланысты, ол ол ма, әдебиеттің осы жүйесін ұйымдастырушы әрі айқындаушы белгілі бір заманға тән әдебиет шығармаларының құрылымдық типтерімен, сондай-ақ жазушылардың стилімен, олардың әдеби мектептерімен және ұстанған бағытымен тығыз байланысты. Сөйтіп, осы заманғы әдебиеттің негізгі стилистикалық формалары мен жанрлық тармақтарын қамтитын және де дара-дара тілдік-көркемдік жүйелерді, сондай-ақ әдеби мектептер мен бағыттарды қамтитын құрылым турасында нақты тарихи түсініктерді қалыптастырып алмайынша көркем әдебиеттің стилистикасын жасауға болмайды. Тіл мен әдебиет дегеніміз – екі басқа және дербес қоғамдық құбылыстар екені өзінен-өзі түсінікті. Оларды шатастыруға да, бірін екіншісімен біріктіруге де болмайды (мәселен, К. Фослер осылай қараған). Алайда олардың өзара қарым-қатыстылығын, байланыстылығын және белгілі бір құрылымдық, нақты-тарихи жағдайларға сәйкес олардың астасқан формаларын көрмеуге және мойындамауға әсте болмайды... Оның үстіне көркем әдебиет стилистикасы өлең тілінің тарихы мен теориясына және оның жанрларына арналған айрықша тарауды да өзіне телиді» [2, 204-б.].

Міне, осылардың бәрін қазақ көркем әдебиетінің стилистикасы деген тұрғыдан келіп баяндау үшін бізге соншалық көп жұмыс істеуге тура келеді. Ал мұндай қыруар іс қайсыбіреулердің басында жүрген түсінік тұрғысынан келіп, сол түсінік тапқан модель-үлгіге салып зерттеу арқылы әсте жүзеге аспақ емес, әуелі осы система ішіндегі жеке-жеке мәселелерді жан-жақты тұрғыдан келіп, кең түрде зерттеу керек. Ал зерттеу тану жұмыстары негізінде ғана белгілі бір құбылыстың толық болмысын біле аламыз. Мұнсыз ол құбылыстың өзі туралы пайымдаулар – біржақты пайымдау болмақ.

Бізде белгілі бір аралық кезеңдегі «поэзия тілі», «баспасөз тілі», «ақын (не жазушы) тілі», «эпос тілі», «жазба ескерткіш

тілі», «ескерткіштегі белгілі сөздер тобы», «ескерткіштегі формалар», т.б. сияқты біраз жұмыстар істелді. Зерттеу объектісіне алынып отырған материалдардың қай-қайсысы да әдебиет материалдары болғанына қарамай, ол зерттеулер жалпы тіл элементтерін көбірек сөз етіп, олардың стилистикалық ерекшеліктеріне өте аз барып отырады. Яғни тарихи грамматика мен әдеби тілдің тарихына қатысты категориялар қатар алынып қарастырылады. Керісінше, әдеби тілдің (көркем стилистиканың) материалдарын әдебиеттің жанр, композициялық құрылыс, т.б. сияқты категорияларына байланыстырып зерттеу өте сирек кездеседі.

Соңғы кезде әдеби тіл тарихын әдебиеттің тарихымен, халық тарихымен бірлікте, қатар алып зерттеу қажеттігі жиі айтылып жүр. Өйткені тілдік стиль көркем шығарманың тақырыбымен, идеясымен, жанрымен тікелей байланысты. Б.А. Ларин орыс әдеби тілінің тарихы туралы еңбегінде әдеби тіл тарихы әртүрлі дәуірдегі тілдің, әртүрлі жанр тілінің ерекшеліктерін, тілдің «стилінің» ерекшеліктерін қарастыруы тиістігін айта келіп: «Бұл тұста әдеби тілдің әлеуметтік-экономикалық формациялардың тарихымен, қоғамдық ойдың, идеологияның, т.б. тарихымен байланыстылығы туралы мәселе кезекке қойылады» [3], – дейді. Кезінде В.Г. Белинский: «Жаңа идея, табиғи түрде, жаңа тілді қажет етеді. Тіпті тілдің өзі идеяның талаптарымен сәйкесіп отырады», – деген. Ал жанр мен тіл қатынасы жөнінде: Пушкинмен бірге Грибоедов шықты, ол, Крыловтың орыс мысалының тілін жасағаны сияқты, орыс өлең комедиясының тілін жасады» [4], – дейді.

Өз кезінде ақын әрі әдебиетші В.Я. Брюсов жаңа идеяның өзгерткіштік ықпал-күшін айта келіп: «Өткеннің тәжірибесі көрсететініндей, әдебиетте жаңа мазмұн әр уақытта да жаңа форманы талап етеді. Өткендегі әдебиет жасаған формалар барынша жетілген, барынша әр жақты, барынша икемді формалар болса да, олар жаңа дүние, таным жайлы түсініктерді айту үшін жарамсыздық етеді. Жаңа мазмұн ескі формада, соған бара-бар түрде айтылуы мүмкін емес; бұл үшін жаңа тіл керек, жаңа стиль, жаңа метафоралар, жаңа өлең, жаңа ырғақ керек. Осындай жаңа формалар кезінде романтиктермен де, реалистермен де, символическтермен де келген болатын» [5], – деген. Демек, белгілі бір ақын тілі ол жасаған жанрмен бірлікте, сол жанрдың ерекшелігінен

шығарып барып зерттелуі тиіс. Зерттеуді жалаң тілдік фактіге құру лингвистикалық стилистикаға жат.

Осы тұста В.В. Виноградовтың мына пікірі жетекші болуға тиіс: «Поэтика саласында зерттеудің лингвистикалық әдістері әдебиеттану әдістерімен ұласып, оны байыта түседі. Көптеген проблемалар, атап айтқанда: шығарманың идеялық және тақырыптық жоспары мен оның тілдік жүйесінің байланысы сияқты проблема, біртұтастықтағы көркем туынды бөлшектерінің композициялық жағынан біте қайнасуы және өзара ұласуы сияқты проблема, сюжеттің жекелеген тізбектерін өрбітудегі композициялық параллелизмдер сияқты проблема, оқиғаны өрбіту барысында уақыттың көркемдік мөлшермен ұласуы сияқты проблема, кейіпкерлердің тарихи-әлеуметтік ортаға тән және типтік болуы, т.б. проблема – бәр-бәрісі тек комплексті жолмен – әрі лингвистика, әрі әдебиеттану тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Лингвистикалық талдаудың өзіндік дара ерекшелігі мен құндылығы мынада: ол тексті мұқият әрі жан-жақты түсіндіруден басталады да, оны сол өзіне тұстас заманның мәдениеті, қоғамдық тұрмысы, әдеби өнері, әлеуметтік міндеттерімен бір контексте жариялап көрсетеді. Әдебиеттік талдауда саяси-әлеуметтік тарихтың, ұлттық және әлеуметтік сипатқа ие психологияның, қоғамдық-идеологиялық күрес тарихының фактілері мен деректері, сондай-ақ өнердің басқа түрлерінен, әсіресе, бейнелеу өнерінен келтірілген параллельдер анағұрлым кеңірек те, еркінірек те пайдаланылады» [2, 186-187-бб.].

Барлық элементтері өзара тығыз байланысты әрі бір-біріне ықпалы мол күрделі категорияны осы қалпында тұтас, онда да органикалық бірлікте байланыстыра, бірінен-бірін шығара ілмелеп, тіркестіре зерттемейінше, ол күрделі құбылысты толық тану мүмкін емес. Ал бұған қарама-қарсы да зерттеу түрлері болады. Олар бұл күрделі категорияның жеке бір элементін «жұлып алып», өзге элементтерінен бөліп, біржақты тәсілмен зерттейді. Бұл зерттеуде әлгі жеке бір элементтің өзін барлық ерекшелігімен толық таныту былай тұрсын, қайта оның табиғатына тән көп қасиеттерін, ерекшеліктерін кемітіп көрсетеді.

Бірақ күрделі категорияның көп элементтерін тұтас зерттеуге я бір аппараттың, я бір ғылымның, я бір кісінің шамасы келмеуі

мүмкін. Мұндайда тұтас зерттеуге қабілеті жететіндей етіп бұларды қайта мамандандыру керек, әдебиеттану және тіл білімі бірігіп зерттеу үшін комплексті программа жасалуы тиіс.

КПСС XXV съезінде ғылымда тиімділікті арттыру үшін комплексті тәсілдің керектігі атап көрсетілді: «Түрлі ғылымдардың, атап айтқанда, жаратылыстану және қоғамдық ғылымдардың ұштасқан жерінде жалпы теориялық, іргелі, сондай-ақ қолданбалы сипаттағы жемісті зерттеулер үшін жаңа мүмкіндіктер ашылып отыр. Оларды мейлінше толық пайдаланған жөн». «Социалистік табиғат пайдалануда, тиімді демографиялық саясат әзірлеу – жаратылыстану және қоғамдық ғылымдардың тұтас комплексінің маңызды міндеті» [6].

Салыстыру, бір құбылысты анық көру үшін оған екінші бір құбылысты фон етіп алу – ғылымда барынша тиімді әдіс. Мысалы, Көкшетаудан басқа тау көрмеген кісіге Көкшетау ең биік тау. Егер ол одан да биік таулар бар дегенді естісе, ол тауды тек Көкшетау тұрғысынан ғана елестетіп, соның тұрпатына ұқсатып, оның үлкейген, биіктеген түрін ғана көре алады. Оған салыстырмайынша басқа тауды көре алмайды. Ал өзге бір тауды көру ол кісінің Көкшетау туралы түсінігін жөндеп, түзетіп қана қоймайды әрі Көкшетаудың өзін бұрынғыдан толығырақ таныта түседі. Өйткені өзге таудың өзгеше бітімі ол кісіні Көкшетаудың бұрын өзі байқай қоймаған, мән бере қоймаған бітіміне үңілтеді. Міне, бұған екінші бір тау, оны кісінің көруі себеп болып отыр. Барша артықшылықтарды әрі барша кеміс-кемшін жайды өзінің толық, ақиқат қалпында көретін көз – салыстыру. Кісі бір нәрсені көреді: үлкен я кіші, тұзу я қисық, тегіс я бұдыр, т.б. Кісі бұл көруде ешқандай қателесіп тұрған жоқ. Бірақ ол сол нәрсенің осы қалпы не артықшылығы, не кемшілігі екенін осы көрумен анық біліп те тұрған жоқ. Ол үшін жаңағы нәрселер мен өзге бір нәрселердің арақатынасын жасау керек, адамның өз әрекет қатынасы жасалуы керек. Осы қатынастың нәтижесі ғана әлгі нәрселердің «үлкендігінің» де, «кішілігінің» де артық-кемдігін білдіреді. Асқар таудың биіктігі – құдіреттілігі, ұлылығы; дарияның суы мол, ағыны қаттылығы – құдіреттілігі, ұлылығы. Өйткені бұлар «тауға», «өзенге» тән ұғымнан туған артықшылықтар. Ал адам

үшін бір кезекте олардың осы артықшылығы – міні де. Мұны халық поэзиясы тамаша айтқан:

Дария, сенде бір мін бар, –  
Өтуге өткел бермейсің.  
Асқар тау сенде бір мін бар, –  
Кісіге асу бермейсің.

Айталық, XIX ғасырдың орта тұсында Орынбай, Жанақ, Шөже, Тезек, т.б. айтыс ақындары болды. Олар тамаша айтыс өлеңдерін жасаушылар, айтыс өлең дәстүрін дамытушылар ретінде қазақ әдебиетінде артықша бағаға ие. Олар әрі азаматтық тақырыпта да өлең-жыр туғызды, әрі олар эпос, тұрмыс-салт жырларын айтушы жыршы ақындар. Яғни бұлардың репертуарларында поэзияның бірнеше жанрына тән мұралар болды.

Бірақ осы ақындардың қай-қайсысы да мақтау өлең шығарушы ақындар болды да, қазақ халқының сол дәуірдегі саяси жағдайында, тұрмысында болып жатқан елеулі оқиғаларға назар аудара қоймады. Егер мұнысын қазақ халқының сол кездегі әлеуметтік-экономикалық жағынан артта қалуы, қоғамдық ойдың дамымауы сияқты тарихи шындықпен ақтасақ, онда бұл назар аудармау олардың үлкен міні болып табылмас еді. Сол кездегі әлеуметтік жағдайдың жеткізбеген жері боп есептелінер еді. Бұлай болу сол кез үшін толық мүмкін де еді.

Бірақ тарихи шындық олай емес. Бұл ақындық ортада Махамбет пен Дулат та болды. Бұл екеуі өз дәуірінің саяси-әлеуметтік жағдайында болып жатқан өзгерістерді, бұқара халықтың тұрмыс күйін, феодалдық үстем тап өкілдерінің бұқара халықты сүлікше соруын, т.б. көре білді, өлеңдерінде бұл жайлар барынша өткір тілмен суреттелді.

Міне, бұл ортада Махамбет пен Дулаттың болуы, әсіресе, Дулаттың сыншыл өлеңдер жаратуы бір жағынан бұл мақтау өлең шығарушы ақындарды терістейді.

Міне, бұлар салыстыру кезі көрсететін, танытатын жайлар, салыстыру негізінде топшыланатын, анықталатын, бағаланатын жайлар. Салыстыру әдісі осы үшін де зерттеу барысында үнемі негізгі тәсіл ретінде бірінші кезекте тұруы тиіс. Ол салыстырмалы-тарихи сипатта болуы тиіс.

Дулат өлеңдері тілін біз қазақ филологиясында бұл күнге дейін өз алдына жеке алынып келген өлең сөздің өлшем-өрнектерімен бірлікте алып қарастырдық<sup>1</sup>. Өйткені өлең қандай бір өлшем-өрнекте тумасын, ойдың, мағынаның берілуі бірінші кезекте тұрады. Барлық көркемдік тәсілдер – ойды берудің құралы. Өлеңнің әр алуан өлшем-өрнектерінің ортақ бірлігі ойды берудің күрделі формасын жасайды. Ой (қысқа я күрделі болсын) сөздердің мағыналық бірлігі, мағыналық байланысы, қызмет дәрежесіне қарай орын тәртібі, т.б. жағынан топтасуы негізінде берілмек. Бұл – өлең сөз үшін де, қара сөз үшін де ортақ. Яғни ойдың белгілі бір сөйлем аясында берілуі бұл екі жанр үшін де ортақ. Бірақ қара сөзде ойды қандай сөйлем түрінде беру негізгі де, өлең сөзде ойды қандай өлшем-өрнекте беру, яғни сөйлемді қандай өлшем-өрнекке құру негізгі. Егер сөйлемді жүйрік аттың шабыс қадамы десек, ал жүйрік ат жердің ылди-өріне, жазықтығына қарамай, ұзақ нысаналы бір бағытқа өзгеше аяқ тастайды да, арақашықтығы шамалас, кедергісі көп ойын алаңында өзгеше аяқ тастайды. Бірінде шауып өту мақсат болса, бірінде қалай аяқ тастау, кедергі арасында қалай аяқ алу мақсат болады.

Демек, өлеңнің барша өлшем-өрнектері өзі қызметкері болған сөйлемнің, яғни синтаксистік жүйенің аясында, тұтас бір форманың ішінде алынып, осы тұтас форманың жасалуы тұрғысынан (бұл форманы жасауға қатысқан материалдар ретінде) қаралмақ. Әрі осы материалдардың форма құраудағы орны, өзара қатыстығы, қызметі сол форманың өзімен бірлікте қаралмақ.

Өлеңнің ырғақ жігінен шумақ формасына дейінгінің бәрі осы синтаксис аясында алынып шешілмек. Демек, өлеңнің ырғақ жігі, шумақ жігі, шумаққа бөліну шарты өлеңнің синтаксис жүйесімен бірлікте қаралады. Мұның сыртында сөз иесінің (автордың) өз қолжазбасымен жетпеген, ауызша айтылуынан кейін хатқа, жазуға түсірілген өлеңдердің өлшем композициясына текстологиялық түзетулер жасау үшін де бірден-бір тірек осы шарттылық болмақ.

---

<sup>1</sup> Қазақ өлеңдерінің өлшем-өрнектері профессор З. Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» (1975) деген үлкен еңбегінде тамаша баяндалған. Біз онда жасалған теориялық тұжырымдарды өз еңбегімізде иінді жерінде ретіне қарай басшылыққа алып отырдық.



Ал өлең өлшемiнiң композициясына текстологиялық түзету жасау – ауызша жеткен өлеңдердi түр жағынан айырып тануда үлкен тiрек.

Бұл тәсiл ауызша туып, ауызда сақталған я жазбаша туып, ауызда сақталып жеткен, ал кейiн өлең сөз құрылысынан теориялық бiлiмi жоқ адамдардың жазуымен қағазға түсiрiлген күллi қазақ поэзиясы үшiн әсiресе қажет.

Өлең тiлiн «ырғақ», «инверсия», «синтаксис» деп, бiрi – өлең сөзiнiң дыбыстық өлшеми; бiрi – өлең сөзiнiң буыны мен ұйқасы талабынан келiп туатын өрнек, яғни сөздердiң, сөз тiркестерiнiң орын ауысуы, сөйлемдердiң тармақ iшi, шумақ iшi орын ауысуы; бiрi – сөздердiң ойды айту, бiлдiру талабынан келiп туған байланыс бiрлiгi сияқты үш түрлi құбылысты бiр топтап тақырып еткенде Дулат поэзиясы тiлi жайлы айтылмақ пiкiр-тұжырымды осы үш құбылыстың өзара байланысы негiзiне құра отырып айтпақ болдық.

Бiрiншiден, өлең белгiлi бiр ырғақ ағымында туады. Жол (не тармақ) бойындағы ырғақ ағымы iштей толқын-толқынды iшкi ағымдарға бөлiнулi болады. Осы iшкi ырғақ ағымы (ырғақ қалыбы) өзiнiң аясына сиятын сөз я сөздер тобын таңдайды (құрады). Яғни сөздер өзiнiң қалыпты тәртiбiмен емес, ырғақ ағымы талабымен құралып, ырғақ қалыбына құйылып шығады. Тiптi ырғақ ағымының өз әуез үйлесiмi болады. Бұл әуез үйлесiмi сөздердi әрi дыбыстық сипатына қарай да таңдайды. Сонда, өлеңдегi сөздердiң таңдалуы мен орналасу тәртiбi – әуез үйлесiмi тәртiбi, дәлiрек айтқанда, сөздердiң музыка әуенiне, нотаға түсүi. Өйткенi өлең «ә» дегенде-ақ белгiлi ырғақ құндағында, ырғақ аясында туады. Жоғары-төмендi дыбыстар тоғыспайынша, ырғақ шықпайды. Өлеңнiң ырғақты болуы, екпiн жағынан жоғары-төмендi, ұзақтығы жағынан шағын я созылмалы болуы жол әрi шумақ (тiптi сөйлем) аясына – өлшемдi жiк iшiне белгiлi бiр дыбыс үйлесiмiндегi сөздердi тоғыстыруға байланысты. Музыкада дыбыстар нотаға түсетiнi сияқты өлеңде сөздер ырғақ үйлесiмiмен орналасады. Сөздердiң сөйлем iшi қалыпты тiркесiм тәртiбi сақталған жерде ырғақ барынша аз қатысады. Ал ырғақ аз қатысқан жерде өлеңде үн, әуез жағынан күрделiлiк болмайды. Үн мен әуезде күрделiлiк болмаған кезде өлең сөздердiң орнала-

су тәртібінде өзгерістер аз болады. Яғни өлеңнің айтылу, естілу көркемдігі төмен болады. Өлең сөзінің (яғни тілінің) көркемдігі ырғаққа көп түсіп, ырғақ қалыбы талабында сөз көп таңдалып, орын жағынан көп сусып, ауысып, өзгеше синтаксистік жүйе табуына байланысты.

Бір ақынның өлеңі қанша болса, ырғақ жүйесі де сонша. Демек, бұл өлеңдер сөздердің жол іші орын тәртібі жағынан да, жол аралық я шумақ іші орын тәртібі, үйлесуі жағынан да бөлек-бөлек.

Міне, бұлардың бәрі органикалық бірліктегі формалар. Осындай өзара бірліктегі формалар тұтастай қарастырылғанда ғана көркем шығарманың тілі сөз етілді деуге болар.

Сөз жоқ, поэзия тілін оның жеке-жеке элементтеріне бөліп-бөліп зерттеу осы салада – поэзияға тән ерекшеліктерді айырып білуге көмектеседі және өлең сөз туралы ғылымның қазақ топырағында дамуының бұл салада табыстарға жетуіміздің негізгі шарттары болады. Бірақ зерттеудің бұл әдісі поэзияны жанр, стиль, т.б. жағынан даму сипатында қарауға, поэзияға тән категорияларды бір-біріне әсер-ықпалы бар, бір-біріне тәуелді, байланысты деп қарауға көп жағдайда кедергі болады. Зерттеудің өз әдісі мүмкіндік бермейді. Айталық, дидактикалық-шешендік толғау-өлеңдер өзінің синтаксистік әрі формалық, әрі лексикалық қайталауға құрылуы жағынан қазақ поэзиясының басқа түрлері ішінде ерекше орынға ие<sup>1</sup>. Бұл жағынан оған бірде-бір өлең түрі тең келмейді. Ал егер де жоғарғы құбылыстарды жеке-жеке алып, өз алдына бөлек-бөлек қарастырсақ, сөйтіп олардың бір ақын өлеңдерінде болуының жеке-жеке фактілерін ғана көрсетумен тынсақ, онда біз сол фактілердің нақты бір өлеңде неліктен бірлікте болу ерекшелігі сырын, неге өзге бір өлең үлгісі бұған қарама-қарсы ерекшелікке ие боп келу сырын мүлде білмей кетеміз.

Зерттеудің мұндай түрі негізгі әдіс болғанда, кісі «жеке заттарды көріп, олардың өзара байланысын көрмейді, олардың бар болуын көріп, олардың тууын және құруын көрмейді, олардың тыныш қалпынан келіп, олардың қозғалысын ұмытады, талды көріп, тоғайды көрмейді» [7], – деп Энгельс айтқан кісі болады.

---

<sup>1</sup> Біз мұны «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976) деген кітапта кең сөз еткенбіз.

Зерттеуші бұл жерде, сөз жоқ, зерттеудің әдісіне тәуелді. Осы әдісті өзгертпейінше ол құбылысты (мысалы, поэзия тілін) еш уақытта да тұтастай алып, өзара сабақтастықта көре отырып зерттей алмақ емес. Бұл үшін зерттеу әдісі өзгеруге тиіс.

Марксистік теорияның құбылысты, мәселені танып-білуде қоятын талабы мынадай: «Затты шындап білу үшін, оның барлық жақтарын, барлық байланыстары мен «қарым-қатынастарын» қамтып, зерттеу керек. Бұған біз еш уақытта толық жете алмаймыз, бірақ барлық жақтарын қамтуды талап ету бізді қателерден, шала-жансар болып қалудан сақтандырады. Бұл – біріншіден, екіншіден, диалектикалық логика затты оның дамуы бойынша, оның «өз қозғалысы» бойынша (Гегельдің кейде айтатынындай), өзгеруі бойынша алуды керек қылады... үшіншіден, адамзаттың бүкіл практикасы, ақиқаттың критерийі ретінде де, заттың адамға керекті нәрсемен байланысын практика жүзінде белгілеуші ретінде де, заттың толық «анықтамасына» енуге тиіс, төртіншіден, диалектикалық логика: «абстракциялық ақиқат жоқ, ақиқат әрдайым нақты» деп үйретеді» [8].

Егер алты айлық түлкі сүйрей жөнелмесе, өздерінің үш күн бойы жарыса шапқан жазығы өгіздің жаурыны екенін білмей қоятын «Алыптар туралы ертегідегі» салт атты аңқау жолаушылар тіл білімі майданында да бола береді. Олар тілдің жеке бөлшегін – формаларды я жеке сөзді, сөз тіркесін, т.б. бір жазушының шығармасынан я бір көне ескерткіштен бірнеше жыл теріп жинағанмен, өздері соншалық көп уақыт жіберіп шиырлаған сол шығарманы тұтас күйінде еш уақытта да көре алмайды. Тұтас күйінде көрмеген соң, өздері іздеген тілдік бөлшектердің нақ сол жерде (сол контексте) болу себебін де, олардың бірнешеуінің бір шығармада қатар келу себебін де, олардың арасындағы заңды байланысты да, ең бастысы, сөз ұстасының оларды қандай керекке жарату себебін де аша алмайды, олар тек сол бөлшектердің бар фактісін ғана есепке алады.

Әрине, бұл сол кісілердің жеке басына тән кемшілік емес, зерттеу әдісіндегі кемшілік.

Керісінше, бізде нақты бір құбылысты ол құбылыстың өзін құрайтын нақты фактілерді есепке алмай, ол фактілердің сипатын,

бар болу себептерін есепке алмай, неге солай болып келу заңдылықтарын, олардың арасындағы байланыстылықты – сол құбылыстың келіп шығуының жиынтық факторларын қорытпай сөз ету салты бар. Бұл – қазақ тіл білімінің әдеби тіл тарихы мен тіл тарихы саласында жиі көріне беретін жағдай.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Винокур Г.О.* Избранные работы по русскому языку. М., 1929. С.255.
2. *Виноградов В.В.* Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963. С. 165-166.
3. *Ларин Б.А.* Лекция по истории русского литературного языка (X в. – середина XVIII в.) М., 1975. С. 5-6.
4. *Белинский В.Г.* Полн. собр. соч. М., 1955. Т.9. С. 477.
5. *Брюсов В.Я.* Избранные сочинения. В 2-х т. М., 1955. Т.2. С. 335.
6. КПСС XXV съезінің материалдары. Алматы, 1976. 91-92-бб.
7. *Энгельс Ф.* Анти-Дюринг. Алматы, 1957. 25-б.
8. *Ленин В.И.* Шығ. тол. жинағы. 42-т., 836-84-бб.

## II. ҚАЗАҚ ЖЫРАУЛАРЫ – КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТКЕ ДЕЙІНГІ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ

Қазақтың Абайға дейінгі ақын-жырауларының бәрі де қазақтың рулық, патриархалдық-феодалдық құрылысы ішінен шықты: онда да шаруашылық жағдайы негізінен бір ғана малшылыққа құрылған көшпелі халықтың жабайы тұрмысы ішінен шықты. Қараңғы, оқуы жоқ надан ортадан, мешеу тұрмыс жөргегіндегі ортадан бары-жоғы табиғи дарындарымен бөлектенгені болмаса, бұл ақындар да күнделікті тұрмыста қазақтың самарқау күйде болған тіршілігі ішіндегі өмірдің атам заманнан өзгеріссіз, бірқалыпты баяу ағыны ортасында болды.

Бұл табиғи дарын иелері қай заманда да болып отырған. Олар қазақ халқының ауызша әдебиетін – көшпелі халықтың жазба әдебиетке дейінгі жердегі поэзиясын жасады. Ал бұлардың көбінің сөздері қалды да, өздері көп ұмытылған жандар сияқты ұмытылып кете барды. Тек қазақ халқының басынан өткен ірі оқиғаларға – кейін аңызға, үлгі тұтар, мақтан тұтар мирасқа айналған тарихи оқиғаларға қатысты сөз иелерінің аты ғана осы «ауызша тарихнамасымен» бірге өлмей, өшпей аман қалып отырған. Онда да өз дәуірінің ірі тарихи тұлғаларына *арнау сөзі* болған жыраулардың, ақындардың аты ғана сақталып жеткен. XIV ғасырда Жәнібек ханның бір «әділетсіз» ісі оған деген Асан қайғы жыраудың арнау сөзін туғызса, XV ғасырда Едіге бидің бүлігі Сыпыра жырау толғауын туғызды. Ал XVII ғасырда Есім ханның бір «әділетсіз» ісі Жиёмбет батырдың оған айтқан сес көрсету сөзін туғызды, т.с.с.

Әрине, ол ақын-жыраулардың бәрі де өз дәуірінің өздеріне қойған талаптары шеңберінде ғана сөз айта алды. Бірақ ол кезде нағыз ұлы жыраулар бүкіл халық атынан сол халықтың ортақ мүддесін айтты, олардың бүгінгі күнін, күйін тербете толғап, келешегіне өсиет-сәуегей сөзін арнады. Олар осы сәтте ортақ

мүддеге қайшы келген хан мен қара мінезін қатар сөзге іліп, сын-ескертпесін алаламай айтты, оларды ынтымаққа, мәмілеге шақыра сөйледі, өзінің түйген ойына хан-қарасын бірдей жетелеп әкеліп отырды.

Жайшылықта, қауым ішінің ынтымақты бейбіт шағында бұл жыраулар, батыр-ақындар хан қасынан табылып отырды, олардың арттырған салтанатын мақтап, атағын дәріптей көтеріп, жырлар да шығарды. Ол кезде үлкен жыраулық тұғырдан түсіп, төменшіктеп келіп, олардың қайсыбірі Шалғезше:

Сен – алтынсың, мен – бұлмын,  
 Сен – жібексің, мен – жүнмін,  
 Сен – сұлтансың, мен – құлмын,  
 Сен – сұңқарсың, мен – қумын,  
 Жемсауыңа келгенде  
 Сом жүрегім аяман.  
 Саған дұспан – маған жау,  
 Керекті күні алдыңда

Ғазизлеген, сұлтан, жанымды аяман [1], – деп, мақтау жыр айтты. Ал Жиёмбет сияқты батыр-ақындар бірде «терезесі тең кісінің» сөзін айтып, ерлік көрсетсе, бірде:

Сырым саған түзу-ді  
 Садаққа салған бұлыңдай  
 Жұмыскерің мен едім  
 Сатып алған құлыңдай,  
 Жүруші едім араңда  
 Өзіңнің інің менен ұлыңдай, –

деп, қызметінде жүрген күнін айтып, жығыла тіл қатты. Тіпті бұл батыр-ақын тепсінген сөзге көшіп:

Мен өлсем, құнсыз кетер деме сен  
 Кешегі өзің ұрып өлтірген  
 Тілеуберді құлыңдай,  
 Тілеуберді құлың мен емес,  
 Мұның, ханым, жөн емес [2], –

деп, үстем тап өкілі – хан түсінігіндей шамадан бір-ақ шығады.

XVI–XVII ғасырлардың бұл ақындарында бұқаралық түсінік, қарапайым халықтың мүддесі айтқызар ой жат болды. Өйткені олар өздерінің айналасына бұқара халықтың, жылаулар нашар-

дың, құл мен күннің көзімен қараған жандар солған жоқ. Сол үшін де Жиёмбет Есім ханды құлды өлтірдің деп айыптап, сынап жатқан жоқ. Бұлай айыптай сынау Жиёмбет сияқты батыр-ақынның ойына кіріп-шықпайтын жай. Ол болса, тек сұраусыз өле беретін, өлсе, сұрауы жоқ, құны жоқ құл мен емес дейді. Құлдың өлімі Жиёмбет үшін заңды нәрседей.

Сөйтсе де бұл жыраулар өздері жасаған тарихи дәуірдің рулық-патриархалдық қоғамының қайраткерлері болды. Олар ең әуелі өз руларының мүддесіне, онан соң өз руы кірген хандықтың мүддесіне қызмет етті. Ой-топшылаулары да осы екі салада болып отырды.

Бұл жыраулардың таным-түсініктері, ұғымдары өз дәуірінің жалаң оқиға түріндегі фактілерінен, практикалық процестердің барысынан, онда да болып өткен әрекеттердің, оқиғалардың факті түріндегі нәтижелерінен ғана құралып отырды. Олар осы болып өткен нақты әрекеттерді, фактілерді тізіп, сөз түрінде айтушылар ғана болды. Бұл жыраулардың ең мықтағанда «көре-білгені» – қауым басына төніп тұрған нақты қауіпті осындай қауіп бар деп айта білгені ғана болды.

Ол заманның жыраулары үшін қауым өз ішінде «бұзылмаған», «бір бүтін» күйінде көрінеді де, қауымның ішкі қайшылығы адамдардың (онда да хан, сұлтан, би, батыр) жеке басы әрекетіндегі, мінезіндегі міні, кемшілігі түрінде ғана көрінді, «жолдан, жорадан айну» сияқты бағаланды. Мұндайда жыраулар «Бас сынса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», – деп береке-бірлікке, ынтымаққа шақырған қалпымен ғана көрінді. Айыпқа, жолға хан да, қара да – «жығылып» жатты.

Ол заманның жалпы қауым көлеміндегі ең үлкен ортақ проблемасы біреу-ақ болды: ол – сыртқы елдің шабуылы, шапқыншылығы. Бірақ мұнда да сан рет қайталаудан барып туған нақты практикалық нәтижелер бар еді. Бұл шақта жыраулар халықты не ұлы жорыққа үндеді (мұндайда өткен бабалардың ерлік ісіне, батыл ісін өнеге тұтарлық жырлар шығарып, патриоттық сезімге жол беріп отырды). Немесе жау жақтың күшін шамалап барып, оны зор сарын түрінде ұлғайта суреттеп, халықты қаша көшуге, жау аяғы жетпес жер табуға үгіттеп, толғау жырлар айт-

ты. Малшы халықтың тұрмыс қалпы үшін көшу қандай өмірлік қажеттік болса, бұл көшу соғыс жағдайында да сондай керекті іс болды. Асан қайғыдан бастап Бұхарға дейінгі жыраулардың «Жиделібайсын – жерұйық» мекенге көшуді айтуы – қазақ халқының өз басынан сан рет өткізген практикалық ісін қайталап айту ғана.

Сөз жоқ, көшпенді-бақташы халықтың бұл ақындарының таным-түсініктері сол кездегі қоғамдық ойдың жеткен жері еді. Ол кездегі қауымның рулық жүйедегі өте ұсақ ұйымдарға бөлшектенуі әрі олардың соншалық томаға-тұйық күйде өте қарапайым тіршілік құруы қоғамдық ойдың барынша тар көлемде, барынша жұпыны болуына себепші болды. Ол кездің қоғамдық мүддесі көбіне шектеулі болды, ру мүддесінен көп асып кетпеді.

Осы себепті де бұл ақындар жасаған поэзияда халық, бұқара көріне берген жоқ. Олар еске де алынбады. Бір жағынан, бұқара халықтың өзі де ол дәуірлерде өзін таныған жоқ еді. Себебі олар өз мүдделері тұрғысынан – үстем таптан бөлек мүддесі тұрғысынан әрекетке тартылған жоқ.

Абай айтқандай, «екі тізгін, бір шылбырды» рубасы ақсақал, би-сұлтанға, бек пен батырға беріп, өздері солардың еркін орындаушылар болды, санасыз күш қана болды. Сондықтан жырлардың өзі жеке адамдардың – батырлар мен батыр-хандардың төңірегіне құрылды. Халық бар істің, жеңістердің шешуші күші болса да, олар сол жеке батырлар мен хандар туралы жыр-өлеңдер тыңдап, солардың ерлік ісіне сүйсінді.

«XVIII ғасыр ішкі өзара соғыстар мен қиын-қыстау заманы болды. Осы дәуірге тән аңыз-жырлар өзінің жоқтау сарындылығы, жабырқаңқылығымен ерекшеленеді. Бөтен елдің шапқыншылары оларды өз туған мекенінен ығыстырды, қазақтар мен ноғайлардың туысқандас [одағын] жылатып отырып айырды. Қалмақтың Хо-Улугінен ығысып, ноғайлар Жайық пен Еділдің арғы жағына кетті, ал қазақтар оңтүстікке ауды» [3].

XVII ғасырдың аяғы, XVIII ғасыр тұтасымен қазақ-қалмақ арасында болған соғыстың, қалмақ шабуылының заманы болды. Қазақ халқының тарихындағы болған ерекше дәуір оның поэзиясына да ерекше әсер-ықпал етті. XVIII ғасыр эпостық жырдың да, азаматтық тарихи өлең-жырдың да мол туындап, ерекше дамыған дәуірі болды.



XVIII ғасырда қазақтың ауызша әдебиетінде азаматтық сарындағы, халықтық патриотизм рухындағы толғау-жырлар мол көрінді. Қалмақ шапқыншылығы, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жағдайы күн тәртібіне қазақ халқының қайта бірігуі мәселесін қойды. Дәлірек айтқанда, қазақ халқының басын қайта біріктіретін хандықты, біртұтас хандық мемлекетті нығайтуды күн тәртібіне қойды. Осы тұста қазақ халқының бір хандыққа бірігуінің идеологы ретінде өз толғау-жырларымен Бұхар жырау көрінді<sup>1</sup>.

Әрине, Бұхар да қауым мүшелерін бөліп қараған жырау болған жоқ. Бұхар былай деді:

Ақсұңқар құстың баласы  
 Ұяда алтау тумас па?  
 Ұяда алтау туғанмен,  
 Оның ішінде біреуі-ақ  
 Алғыр болмас па?  
 Адамзаттың баласы  
 Атадан алтау тумас па?  
 Атадан алтау туғанмен,  
 Соның ішінде біреу арыстан болмас па?

.....  
 Арыстаннан айырылса,  
 Қанаты түптен қайырылса,  
 Ел шетіне дау келсе,  
 Өтініп оны ала алмай,  
 Алдына келген жақсының  
 Қадірін оның біле алмай,  
 Қадір-құрмет қыла алмай,  
 Артыңда қалған жамандар  
 Бас-басына тозбас па? [4].

Осында Бұхардың «жақсы» әрі «жаман» деп отырғаны тап мүшелері емес, олар өзі тұтас алып қарап отырған қоғамның адамдары, мүшелері ғана.

<sup>1</sup> Бұхар жырау жайлы соңғы пікірді Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ы. Дүйсенбаевтың «Ғасырлар сыры» (1970), академик-жазушы С. Мұқановтың «Халық мұрасы» (1974) деген еңбектерінде жақсы айтылған.

Бұл жікке бөлмеу Бұхардың «Айналасын жер тұтқан» өлеңінде тіпті айқын.

Айналасын жер тұтқан  
 Айды батпас деменіз,  
 Айнала ішсе азайып,  
 Көл суалмас деменіз.  
 Құрсағы құшақ байлардан  
 Дәулет таймас деменіз.  
 Жарлыны жарлы деменіз, –  
 Жарлы байға тең келіп,  
 Жайлауға жарыса көшпес деменіз.  
 Жалғызды жалғыз деменіз, –  
 Жалғыз көпке теңеліп,  
 Жапанда бір соғысып,  
 Кегін алмас деменіз [5].

Бұхарда «құрсағы құшақ байлар» мақтау тауып отырған жоқ, кемсітіліп отырған кедей тағы жоқ, жырау екеуіне де әділ көзбен қарайды. Бұл дүние – кезек дүние: мәңгілік байлық та, көптік те, мәңгілік жарлылық та, жалғыздық та жоқ, кезек келетін осы дүниеге, оның осы сипатына лайығын ғана жаса. Бұхар гуманизмі осылай дейді.

Бұхар адамдарды бөлетін белгі ретінде малды атайды. Адамдар малдың бар-жоғына қарай теңеседі:

Төрде отырған қарт бабаң  
 Төресін жаңылар малдан соң...  
 Байдың ұлы көрпелдес  
 Шұбалаңқы тартады  
 Айдап жүрген малдан соң [6].

Бұхар, біріншіден, өзі сияқты ақылгөй баба – ел атасын айтып отыр. Төре-билік ақылдың ғана ісі емес, мал-дәреженің де ісі.

Соңғысы болмаса, алғашқысы да жоқ. Екіншіден, Бұхар: «Байлық қатарға қосқан бай ұлы қолдан мал кетсе, мал әкелген қасиетінен айырылады», – дейді. Бұл өзі қазақ даласында туған үлкен ой еді.

Бірақ байды байлығы үшін мақтап жатқан, кедейді кедейлігі үшін міндеп, я мүсіркеп жатқан Бұхар жоқ. Тіпті байды байсың деп, кедейді кедейсің деп, айырып танып отырған Бұхар тағы

жок. Айырып тану үшін «байлық», «кедейлік» себептерін іздеу керек болар еді. Ал бұлар – Бұхар жыраудың ойламаған нәрсесі.

Бұлар ғана емес, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Махамбет те, Дулат та осы көшпенді дәуір әдебиетінің өкілдері болды. Олар да осы қазақтың көшпелі тұрмыс жағдайы туғызған ауызша әдебиетінің ішінен өсіп шықты.

Бұл екі ақын да бары-жоғы патриархалдық-рулық тұрмыс жағдайындағы көшпелі қазақ аулынан шықты: көшпелі халыққа тән барымта соғыстар мен табиғаттың жұт сияқты стихиялы апаттары жиі болып, өнер табысы көп жылға кейін шегініп, көп нәрсе қайтадан басынан бастап жасалып отыратын мешеу тұрмысты ауылдан шықты; төрт түлік мал баққан, оның өнімін жабайы құралмен өндеген, қозғалмайтын бар материалдық байлығы түйе жүгі ғана болған ауылдан шықты: ал бұл ауыл сонау «атам заманнан» бір рудан – туысқандас адамдардың семьяларынан «құрылған» болып, ауыл шеңберіндегі еңбек бөлінісі семья іші еңбек бөлінісінің күрделенген түрі сияқты болып еңбек бөлінісі «ағайындықтан» тасасында қалып, шын еңбек етушілердің таптық мүддесі *таптық сана* түрінде дами қоймады. Міне, бұл сияқты ерекшеліктер қазақ аулында *рухани еңбектің таптық сипаты бар мәнде дамуына* мүмкіндік бермеді. Ал мұның өзі жеке бір индивидтердің ойшыл ретінде қауым мүшелерінің арақатынасын бір таптың тұрғысынан келіп анықтайтын ой-танымдар құрсауына, идея туғызуына жеткізбеді. Өйткені ол индивид-ойшылдың өзі де таптың мүшесі ретінде «өздерінің тіршілік жағдайларын күнілгері белгіленген күйінде» кездестіретіндіктен, «тап олардың тұрмыс жағдайын, сонымен бірге олардың жеке тағдырын да белгілеп, оларды өзіне бағындыратындықтан» [7], сол тіршілік жағдайларына, осы жағдайлары таңған түсініктеріне бағынулы болады. Міне, бұлар төменгі тап индивидтерін өзінің үстем таптан бөлек тап екенін саналы ойлатпайтыны сияқты, мұндай таптық айырымды олардың индивид-ойшылары да ойлай алмайды. Осылардың бәрі сайып келгенде, қазақ аулында оның төменгі табының ортақ мүддесі айтқызатын идея түріндегі қоғамдық ойдың көрінуіне жеткізбеді. Өйткені қазақ аулының төменгі табының ортақ мүддесі олардың үстем тапқа қарсы күресінің негізінде ғана қалыптасып, көріне алатын еді.

Мұның сыртында бұл ақындар да қоғамдық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан танудан алыс жатты. Олар қараңғы ортадан өздерінің көкірегі саралығымен ғана бөлектенеді. Мектебі, университеті, академиясы жоқ мешеу де сауатсыз ортаның ауызша әдебиетін жасаушылар болды.

Бұл ауызша әдебиетті анық шамалау үшін осы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Европа халықтары әдебиеті мен орыс әдебиетін еске алайық: бұл әдебиеттер университеттік, академиялық ғылым бесігінен өсіп шықты, ғылым мен әдебиеттің Ерте дүние, Орта ғасыр (V–XIV ғ.), Ояну дәуірі (XV–XVII ғ.), Ағартушылар дәуірі (XVIII ғ.) деп бөлінген ірі-ірі дәуірлеріне тән ұлы мұраларының ішінен өсіп шықты. Ал бұл әдебиетті жасаушылар адамзат қоғамының Ежелгі грек дәуірінен бергі жердегі даму тарихынан мол танымы бар білімді жазушылар болды. Бұл жазушылар XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Европадағы болып өткен ұлы-ұлы тарихи оқиғалардың – қоғамдық таптар күресінің ұлы мектебінің ішінде болды, бұл күрестің тарихи сабақтары мен нәтижелерін көрді. Ал бұл тарихи оқиғалар кезінде әртүрлі саяси партиялар шықты, олар өздерінің теориялық және практикалық программаларын жасады. 1848 жылы «Коммунистік партияның манифесі» шығып, ол «Осы күнге дейін өмір сүрген барлық қоғамдардың тарихы таптар күресінің тарихы болды». «Құрыған феодалдық қоғамның қойнауынан шыққан қазіргі заманғы буржуазиялық қоғам таптық қайшылықтарды жойған жоқ... ол таптық қайшылықтарды айқындады: қоғам бірден-бірге, біріне-бірі жау екі үлкен лагерьге, біріне-бірі қарама-қарсы тұрған екі үлкен тапқа – буржуазия мен пролетариатқа бөлініп келеді» [8] – деп, тарихтың ендігі барысы осы екі таптың арасындағы күрестің тарихы болатынын, бұл күресте буржуазияның құритыны, пролетариаттың жеңетіні сөзсіз екенін жария етті.

Осындай ұлы өзгерістер болып жатқан кезде, ал «европалық – білімді жазушылар» осы оқиғалардың ішінде жүріп шығарма жаратып жатқан кезде бұлардан барынша оқшау қиыр бір шетте қазақ халқы Европа халықтары әлдеқашан басынан өткізіп үлгірген қоғамдық тұрмыс жағдайында – патриархалдық-рулық тұрмыс құндағында күн кешті. Олар (өзге жұрт адамзат тари-

хын Ертедегі гректерден бастап, ал өзді-өзі тарихын V–IX ғасыр аралығынан тартып біліп отырғанда) өздері ішінде жүрген тұрмыс қалпын «атам заманнан» дәл солай болған деп ұғынды, ал өз тарихын жеті аталарына дейінгі жерге апарып тоқтататын танымы ғана болды: өзгерісі жоқтай күйдегі жабайы тұрмыстың жабайы ұғымы жетегінде жүрді. Ал қазақ жыраулары осы ортадан шықты.

Әрине, қазақ жырауларының мектебі де, академиясы да қазақ халқының өмірі болды. Қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік жағдайында болған өзгерістер, тарихи оқиғалар бұл жырауларды өсіріп отырды.

Айталық, Дулатпен замандас дерлік Махамбет ақын да көшпенді дәуір әдебиетінің өкілі болды. Ол да 1837–38 жылғы көтеріліске дейінгі жерде бұрынғы жыраулар сияқты дидактикалық үлгідегі толғау жырлар, мадақ өлеңдер, кезі келгенде тепсіне айтқан, сес көрсете айтқан сөздер шығарған ақын ғана болды. Бірақ 1837 жылғы шаруалар көтерілісі Махамбетті осы ақындық мектеп ортасынан алып шығып, көтерілістің рухына сай ақынға – жаңа сипатты ақынға айналдырды: Махамбет көтерілістің тілінде жырлар шығарып, көтеріліске дейінгі Махамбеттен мүлде бөлек ақынға айналды.

Көтеріліс «баяғыдан» өз ата-бабаларына, ауылдарына, руларына тиесілі болған ең жерді Жәңгір хан мен оның қасындағы ірі билердің біртіндеп тартып алуына, әртүрлі атпен «теңдікті малын» тартып алған зорлығына шыдамы таусылған шаруа халқының наразылығы болатын. Махамбет ақын шаруа халқының осы наразылығының басында болды. Қолдан кеткен жайлау-қыстауын халыққа қайырып әперуге, «теңдікті малын бермеуге, теңсіздік малға көнбеуге» бекініп, көтеріліске шықты, Жәңгір ханға, оны жақтаған ірі феодалдарға қарсы шықты. Ақын:

Баста дәурен тұрғанда  
Біздер дағы, Байеке,  
Оза көшіп кең жайлап,  
Еркімен еркін жатқан ел едік, –

дейді. Мұнысы сол 1837 жылдан 10–15 жыл бұрынғы жағдай.

Еділ үшін егестік,  
Тептер үшін тебістік,

Жайық үшін жандастық,  
 Қиғаш үшін қырылды,  
 Теңдікті малды бермедік,  
 Теңдіксіз малға көнбедік, –  
 дейді. Мұнысы көтеріліске себеп болған жер мен мал. Ал:

Еділдің бойы ен тоғай  
 Ел қондырсам деп едім,  
 Жағалай жатқан сол елге  
 Мал толтырсам деп едім,  
 Еңсесі биік ақ орда  
 Еріксіз кірсем деп едім.

.....  
 Тақта отырған хандардың  
 Төрде отырған ханымын  
 Қатын етсем деп едім.

.....  
 Тілекті тәңірім бермеді  
 Өздеріңдей хандарды  
 Осылай бір қылсам деп едім [9], –

дейді. Мұнысы көтерілістің мақсаты, шаруа халқының мүдделі тілегі, «Еділді елге толтыру, елге мал толтыру», «ханнан кек алу» – Махамбеттің негізгі мүддесі. Ал Жәңгір ханды шауып алғаннан соңғы жерде хан өкіметінен басқа қандай билік түрін талап ету керек, қандай билік мекемесі болуға керек? Бұл тұста ақында программа жоқ. Тіпті патша өкіметінің отаршылдық езгісі, Еділ мен Жайық, Каспий бойындағы шұрайлы жерді казак-орыс әскерлерінің кесіп алуы [10], т.б. Махамбет өлеңдерінде көріне бермейді. Ол тек кең қоныстың тарылғанын ғана, ол қонысқа енді казак-орыс әскерлері қоныс теуіп, өздерін жолатпай қойғанын ғана реніш, өкініш түрінде айтумен тынады:

Маң-маң басқан сары атан  
 Маңғыстап шығар өріске,  
 Бұрынғыдай қарыштап  
 Қона алмадық қонысқа,  
 Келе алмадық келіске.  
 Жағалай қонып қонысқа  
 Тағы жақын келдік орысқа:

Ат басына соқтырып,  
 Ата-енені сөктіріп,  
 Нәлет болсын жігіттер  
 Біздің осы жүрген жүріске [11].

Қысқасы, бұларда Сырым батыр бастаған көтеріліс тұсындағы талаптар сияқты ірі талаптар да болған жоқ.

Жалпы, ол заманда саяси программасы жоқ көтерілістің ұзаққа бармайтыны, жемісті, нәтижелі бола алмайтыны анық. Ал Исатай мен Махамбеттің ханды тақтан тайдырған соң, ол тақты – билік мекемесін қай керекке жегу қажеттігі жайлы сұрақ қоймауы да осыған саяды. Егер Жәңгір хан азын-аулақ жеңілдіктермен, қазақ жолымен бітімге келіп, шегінсе-ақ болды, көтеріліс өзінен-өзі аяқсыз бітпек. Сондықтан да көтерілістің сәтсіз аяқталуы олардың абыроймен жеңілуі де болды. Біз мұны ақын Махамбетке де айта аламыз.

Сөз жоқ, шаруалар көтерілісі сияқты көтеріліске қатысқан, басшыларының бірі болған ақынға оның шыққан ортасы, ол ортаның тілек-мүддесі, шеңбері бұдан артық көтерілуге мүмкіндік бермеді.

Ал XIX ғасырдың бірінші жартысында өзге де көп ақындар болды. Бұлардың көбі ұлы ақын Абайдың:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
 Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап,  
 Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
 Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап...

.....  
 Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
 Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
 Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
 Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап...

.....  
 Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
 Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,

Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
 Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап [12], –  
 деп сынаған ақындары – мақтаушы ақындар болды.

Тілінен сөз маржаны төгілген, ақындық таланты құдіреттей, поэтикалық тілдің нешеме зергер ұсталары осы өнер тілін мағынасыз әңгімеге қаншалықты бей-берекет шашқан. Керексіз жерге төгіп-төгіп кеткен жаңбыр бұлтындай осы ақындар өнер тілін қоғамдық мәні жоқ тақырыпқа қаншама аямай жұмсаған десеңізші?! Атақты Жанақ ақын Түбекпен айтысқанда былай дейді:

Дегенсің менің атым ақын Жанақ,  
Шалбарым бес теріден, сеңсең балақ [13].

Қаншалықты мағынасыз!? Поэзияда бұдан өткен бейшара күй болмас. Есіл өнер нені айтуға қор болған! Шөже болса Кемпірбайға:

Жаралған екеуінен біздей болып,  
Жиені Қазыбектің мен емес пе?  
Туыпсың Бөгенбайдан қисық-қият  
Жын қаққан тұқымымен сен емес пе? –

десе, оған Кемпірбай:

Қу соқыр, сөз сөйлейсің түрлі көптен,  
Мен бе екем сенен асып кері кеткен.  
Айырылған екі көзден мұндар соқыр  
Баланы білмей жүрсің асып кеткен [14], –

дейді.

Міне, бұлар өздерін мақтап, қарсысын қалай жамандаса, өз руын солай мақтап, қарсы ақын руын солай жамандайды; өз руын қалай мақтаса, өз руы байын солай мақтайды; қарсы руын қалай жамандаса, қарсы ру байын да солай жамандайды. Сондықтан байды жамандағанда көрініп қалар жылт етпе шындыққа бұл тұста алданыш етуге мүлде болмайды. Тіпті жамандалған бай: «сасық бай», рақат өмір көрмеген «дүниеқоңыз» бай, «сараң бай», «надан бай» болып келеді. Керісінше, өзі мақтап отырған байы да өзі жамандап отырған байы сияқты екенінде ақынның мүлде жұмысы жоқ. Өйткені ақында таптық түсінік жоқ. Ал ол неге бай болды, байлық себебі не? Бұл жөнінде бір ауыз сөз жоқ. Сөйтіп, екі ақын да, екі ақынның рулары да, екі ақын еліндегі «жақсылар» да сілікпеге түседі. Айтыс өлеңнің бір артықшылығы осыны-сында ғана. «Бөтен» рудың байын мұқатып, өзін көтермелеп жатса, анау ру байына керегі сол, ақынды жарылқайды да тастайды, осы үшін де анау ақын, Абай айтқандай, осындай «Қайда бай,



мақтаншаққа таңдап барады». Ақынға да, байға да керек нәрсе орындалып жатыр. Олар қазақ даласында болып жатқан тарихи өзгерістерге туралап қарай да алған жоқ. Бірлі-жарым деректер тіліне оралса, оның өзі қарсы жақты мұқату үшін ғана еске түсіріліп отырды.

Ал азаматтық сарындағы толғау-жырға келсек, бұл ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы ақындардың көбі-ақ Ломоносов, Державин сияқты салтанат пен байлықтың, даңқтың ақын-жыраулары болды: әрине, Жәңгір хан қасындағы Байтоқ та, Кене хан қасындағы Досқожа мен Нысанбай да, орыс әдебиетінің бұл ірі ақындарындай мол мұра жасамағанмен, өздерінің тынысы жағынан аналогиялық салыстыруға келетін бір тұғырлас ақындар болды.

Әрине, бұлар: Байтоқ та, Досқожа да, Нысанбай да бір ғана тақырыптың – өз кезіндегі хан-сұлтандардың салтанаты мен даңқы-дәрежесінің, абырой-атағының ақыны болды да, былайғы бұқара тұрмысын жырлай алған жоқ. Жырлай алмауы әдейі бір ойластырылған ақындық программаның жемісі емес, тарихы сонау арғы жерден бері келе жатқан дәстүр – тұрмыстық тақырыпты сөз етуге дейін «төмендей» алмай, одан жоғары тұрған құбылыстарды сөз қылу дәстүрі – ерік берген жоқ.

Дулат – қазақтың патриархалдық-феодалдық құрылысы институтының ішінен өсіп шыққан ақын. Ал ол қоғамда қауымның барлық басқару шаралары ру басшыларының «ыркымен» жүріп отырады. Ру басшыларының бұл іс-әрекеті, шаралары, өз табының мүдделері талап етуден барып туғанына қарамай, қауымның барлық мүшелерінің ортақ мүддесі талабынан келіп туған сияқты көрінеді. Бұл мүдденің таптық сипатын рулық қоғамдағы таптық жіктелістің бадырайып анық көріне бермегені де, рудың бұқара тобы мен ру басшыларының мүдделері арасында қайшылықтар «болмайтыны» да бұркемеледі. Міне, сондықтан да ол заманның ойшылдары да осы түсінікте болды. Олар қауым шеңберінде болатын әртүрлі сәтті-сәтсіз оқиғаларды таза ру басшыларының қайраткерлік ісінің ғана жемісі деп білді. Халық басына тап келген әр алуан оқиғалардың себепкері тек қана «ел жақсылары» деп түсінді: сөйтіп үмітін де соларға артты, сынын да соларға айтты, мақтауын да, жерлеп сөгуі де, сол «ел жақсыларына» арнады.

Дулат та осы түсініктің ақыны болды. Сол үшін де оның өз кезіндегі бір «ел жақсысын» түйрей сынауының да, екінші бір «ел жақсысына» үміт артуының да сыры, негізі, міне, осында жатыр.

Ал түсініктердің өзгеруі оны туғызған жағдайларды өзгерту арқылы ғана болатын нәрсе. Сондықтан да Дулаттардың өз кезінде «тапқан» түсініктеріне олардың өздерін туғызған қоғамдық, тарихтық ерекше жағдайлардың шеңберінде ғана қарау керек. Біз оған Василий Блаженный храмы мен Ахмет Яссауи мавзолейіне қараған тұрғыдан қарайтын болсақ-ақ немесе біз антикалық құлдықты айыптауымыз сияқты тұрғыдан, жалаң осы сияқты тұрғыдан қарайтын болсақ-ақ, Ф. Энгельстің «гректер дүниесінің құлдыққа негізделгендігі жөнінде жиреніш білдірген Дюринг мырза гректерде бу машиналары мен электр телеграфының болмағандығын да оларға кінә етіп тағуға сондай праволы» [15], – дегеніндей болмақ.

Көшпелі халықтың жазба әдебиетке дейінгі жердегі поэзиясының өкілі болған Дулатты жұрт Шоқанның дәрежесінде, Ыбырай мен Абайдың дәрежесінде болмағандығы үшін кінәлайды.

Біріншіден, Шоқанды қазақ даласының жағдайы берген жоқ. Екіншіден, Шоқан да, Ыбырай мен Абай да бергі дәуірдің, бірі XIX ғ. 50–60-жылдардың, бірі 70–80-жылдардың, енді бірі XIX ғасырдың соңғы 20-жылының адамы. Осы себепті де Шоқан да, Ыбырай мен Абай да өз халқын Россияның бір бөлегі – бұратана елі деп мойындаған, өздерін осы Россия мемлекетінің шеткері аймақтағы бұратана елінен шыққан азаматы ретінде саналы сезінген адамдар. Сондықтан да қарсылық дегенде Шоқан сахарадағы әскери мекеменің қазақ халқына қарсы жорық жасауына ғана қарсы наразылық білдіріп, «өз баласындай болған елдің тағдыры туралы қам жеудің» керектігін ғана айта алды. Бірақ осы үннің өзі отаршыл патша өкіметі үшін конституция сұраумен бірдей көрінді. Шоқан осы тілегі үшін үлкен қарсылыққа да кездесті. Сондықтан да ол өз пікірін айтқан адамды «әуелі отырғызып, артынан Макардың бақташысы етіп жібереді» [16], – деп ашына жазды. Міне, өз халқының тағдыры тербенткен кезде бұратана елдікті мойындаған Шоқанның жағдайы осындай болды.

Ал осы көзқараста болған Ыбырай да қазақ халқының келешегі үшін патша өкіметінің қам жеуін тілеуден, ең мықтағанда

қазақ халқының болашағы келіп тірелетін жер мәселесінде «Қазақ отырықшылары үшін қолайлы егістік жерлерді қалай да сақтау керектігін» айта келіп: «Амал не, мұндай жерлер бізде өте тарылып келеді. Егерде орыс қоныстанушыларын тағы да орналастыра беретін болсақ, онда мұндай жерлер тіпті азая түспек. Бізге белгілі, егінші қазақтар өзіне қолайлы жердің әрбір түгін қадірлей бастады. Әрі ұрпағының бар келешегі соған байланыстылығын түсініп, қайткен күнде де осы жерде қалуға дайын. Осындай жағдайдан кейін жаңа қоныстанушы орыс шаруаларына қазақтардың, жұқалап айтқанда, қырын қабақпен қарайтынын көрсек, бұл табиғи нәрсе» [17], – деген пікірден ары бара алған жоқ.

Ал Абай болса: «Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Бірақ осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты андысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес», – дей келіп, – «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз зорлығына көнбес едік, қазаққа күзетші болайын деп ...үйрену керек» [18], – деген тұрғыда ғана айта алды. Ал ең ашынған кезде:

Малыңды жауға,  
Басыңды дауға  
Қор қылма, қорға, татулас.  
Өтірік, ұрлық,  
Өкімет, зорлық  
Құрсын, көзің ашылмас [19], –

деп, қазақтың сол кездегі ішкі-сыртқы жағдайына күйініш білдіруден ары бара алған жоқ.

Отаршылдық саясатты мойындап, соған бойұсынған халықтан, Россияның бұратана елден шыққан бұл азаматтары қазақ халқы мен орыс халқының тарихи жағдай тоғыстырған тағдырының болашақ бірлігіне үміт артты. Орыстың сол тұстағы алдыңғы қатарлы ойшылдары, ағартушылары сияқты қазақ халқын да ағарту, білімдендіру арқылы мәдениетті ел қатарына жеткізуді ойлаған демократ-ағартушылар болды.

Оларды, Дулат сияқты, патша өкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы шығуды айтудан «кеш қалдырған» да, бергі дәуірдің

революционерлері сияқты халықты таптық, азаттық күреске шақыру ұранына «жеткізбеген» де олардың жасаған дәуірі, ортасы болды.

Ал Дулат отаршылдық саясат өзі көздеген жайларды іске жаңа асыра бастаған, «әскери түрде отарлау арқылы бірсыпыра жергілікті шаруа халқының қонысы ауысып, өздерінің шұрайлы жерінен айырыла бастаған» [20] алғашқы кезеңде жасады да, оған қарсылық білдірді. Отаршылдық езгіге оппозицияда болды.

Әрине, Дулатта хандық билік дәуірін еске алу бар. Бірақ мұны жалаң түрде «өткенді аңсау» деп, біржақты қарамау керек. Бұл – дала ақынының тұйыққа тірелгенде іздеп тапқаны. Отаршылдық езгінің, қысымның зардабынан келіп туған қазақ шаруасының түсінігі. Европалық білім алмаған, тарихтың, қоғамның даму заңдылықтарынан хабарсыз, білімсіз, қарапайым дала қазағының – патриархалды шаруаның түсінігі.

Дулат өзіне дейінгі қазақ поэзиясында бар дәуірде мақталып, дәріптеліп келген тап – үстем тап өкілдерін, бірінші рет өзінің таптық, қанаушылық бейнесін әшкерелей отырып, жеріне жеткізе сынады. Бұл сынау қазақ әдебиетінде Дулаттан басталады.

Қайырсыз сараң малынды,  
Еріншек есек жарынды,  
Халыққа емес сыйымды,  
Парақор баспақ биінді,  
Ел бүлдіргіш бегінді  
Улы тілмен улаттым –  
Сана беріп ойына,  
Қуат беріп бойына,  
Аққан жасы сел болған,  
Етегі толы көл болған,  
Беріш боп шері байланған,  
Ұйқы беріп, қайғы алған  
Қайғылыны уаттым, –

деген жыраудың осылай аталуға толық қақы да бар.

Дулат – әдебиетке (поэзияға) қоғамдық сипат беріп, оның атқарар қызметін саналы профессионал ақын ретінде түсініп, поэзияны өнер, құрал деп танып, осы танығанын айта білген ақын және қоғамдық қызметке программалық түрде жеге де

білген ақын. Сондықтан да ол «саяси бостандығы жоқ халықта әдебиет бірден-бір трибуна» деп Белинский айтқандай, Абайға дейінгі қазақ поэзиясын өз дәуірінде қоғамдық пікірдің құралы дәрежесіне дейін көтере білген, бұл қоғамдық пікірі негізінен өз халқының тағдыры жайлы болып келетін ақын.

В.И. Ленин «революцияны көріне түсінбеген, революциядан бойын көріне аулақ салған» ұлы суреткер Л.Н. Толстой туралы былай деген: «Толстойдың шығармаларындағы, көзқарасындағы, ілімдеріндегі, мектебіндегі қайшылықтар, шынында да, бадырайып тұрған қайшылықтар. Бір жағынан, ол орыс өмірінің тендесі жоқ бейнесін жасаған, оның үстіне дүниежүзілік әдебиеттің де маңдайалды шығармаларын берген кемеңгер суреткер. Екінші жағынан, құдайға жалбарынып диуаналық еткен помощник. Бір жағынан, қоғамдағы өтірік-өсек пен жалғандыққа қарсы керемет күшті, тікелей және шын пейілмен наразылық білдіруші; екінші жағынан «толстойшыл». «Бір жағынан, капиталистік қанауды аяусыз сынау, үкіметтің зорлықтарын, сот пен мемлекетті басқарудағы комедияны әшкерелеу, байлықтың өсуі, цивилизацияның табыстары және жұмысшылар бұқарасының қайыршылануының, тағылануының, азап шегуінің өсуі арасындағы қайшылықтардың бүкіл терең сырын ашу; екінші жағынан – «жамандыққа» күшпен «қарсыласпау» жайындағы диуаналық уағыз. Бір жағынан, нағыз батыл реализм, бетперде атаулының бәрін де сыпырып тастау, екінші жағынан, дүниедегі ең оңбаған нәрселердің бірін, атап айтқанда, дінді уағыздау...» [21]. «Осындай қайшылықтарының салдарынан Толстойдың жұмысшы қозғалысын да, оның социализм үшін күрестегі рөлін де, орыс революциясын да мүлдем түсіне алмағандығы өзінен-өзі айқын нәрсе». «Толстойдың көзқарастарындағы қайшылықтарды осы заманғы жұмысшы қозғалысы мен осы заманғы социализм тұрғысынан қарап бағаламай (әрине, солай бағалау қажет, бірақ ол жеткіліксіз), ал жақындап келе жатқан капитализмге, бұқараның күйзелуіне, жерден айырылуына қарсы орыс патриархтық деревнясы туғызуға тиісті қарсылық тұрғысынан қарап бағалау керек» [21, 229-б.].

В.И. Ленин Л. Толстойдың наразылығы мен әшкерелеулері «қарапайым шаруалар демократиясының пиғылын білдіретінін,

оның капитализмді әшкерелеуі «патриархалды шаруаның мейлінше үрейленуін» көрсететінін, бірақ жалынды наразылық білдірушінің «Россияға төнген дағдарыстың себептерін және дағдарыстан шығудың жолдарын түсінбейтіндігін» көрсеткендігін айта келіп: «ал мұндай түсінбеушілік – еуропалық білімді жазушыға емес, тек патриархтық аңғал шаруаға ғана тән қасиет» [22], – десе, енді бір ретте: «Жерге жеке меншікті теріске шығару бүкіл күрестің күшін шын дұшпанға қарсы, помещиктік жер иелігіне қарсы және оның саяси құралы – өкіметке, яғни монархияға қарсы бағыттамай, қиялдағы, тұрлаусыз, дәрменсіз күрсiнiстерге әкеп соқты» [22, 23-24-бб.], – дей келіп, «Толстойдың көзқарасындағы қайшылықтар оның өз пікірінің ғана қайшылықтары емес, реформадан кейінгі, бірақ революцияға дейінгі замандағы орыс қоғамының әр алуан таптары мен әр алуан топтарының психологиясын белгілеген мейлінше күрделі карама-қайшы жағдайлардың, әлеуметтік ықпалдардың, тарихи дәстүрлердің көрінісі» [22, 23-б.], – деген болатын.

Л. Толстой туралы осы бағалау үлгі болуға тиіс. Дулаттың отаршылдық езгіге, қанауға қарсылығы – қазақ халқы патша өкіметіне қарағанға дейінгі дәуірдегі жерден қысым көрмеген шаруаның отаршылдықпен бірге келген күйзелістен, жерден айырылу күйзелісі туғызған психологиясын білдіреді. Оның хан, сұлтандарды, би мен бекті сынауы, оларға ызалана, кектене дүрсе қоя беруі, бұқара халыққа қиянатын, зорлығын әшкерелеуі, бұқара халықтың ауыр тұрмысын сөз етуі – демократиялық пікір. Оның өткен дәуірді жақсы жағынан суреттеуі, өз кезіндегі хан-сұлтан, бек пен би сол заманда да болып, олар өзі сынаған әкімдер сияқты елді қанағанын қағаберіс қалдыруы, еске алмауы – қайшылығы, дағдарысы, отаршылдық езгіге түспеген дәуірді армандауы ала келген, соның көлеңкесінде туған қайшылығы. Царизмнің қолы жетпейтін «Жиделібайсын», «Жерұйық» мекенді іздеуі – ауыз әдебиетінде Асан қайғы, Бұхардан келе жатқан тарихи дәстүрдің ықпалы, көшпелі халықтың жаулықта болған көрші елден іргесін аулақ салудың бір амалы болған «Ұлы көшу» сияқты тарихи салттың көрініс беруі.

\* \* \*

Осы бөлімнің соңғы сөзі ретінде айтарымыз:

Біріншіден, «Қазақстанның Россияға XVIII ғасырдың өзінде-ақ басталған өз еркімен қосылуы халқымыздың тарихи дамуында алға басқан елеулі қадам болды». Мұның өзі әрі қазақ халқының өткен тарихы бетінен өте үлкен орын алмақ, әрі «халықтардың түрмесі» атанған патша өкіметінің аяусыз езгісіне түскен орыс халқымен тарихи тағдыры қосылған халықтың жаңа тарихының басы ретінде де танылмақ. Бұл жаңа тарихтың беті басталуына, міне, 250 жыл толып отыр. Ұлы орыс халқымен болашақ тағдыр тарихы қосылған сонау бастау жылды да, оның бұл 250 жылдық тарихын да біз барынша құрметтейміз.

Екіншіден, бұл тарихи прогрестің басталуын, оның ұзақ жылдық тарихын құрметтеуіміз қазақ халқының патша өкіметінің қатал отаршылдық саясаты әкелген аяусыз езгіге түсуі заманын, осы қанаудағы тұрмыстың ауыр көрінісін тақырып еткен оның адал ұлдарының творчествосын сөз етуімізге ешқандай қайшы келмейді.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д.А. Қонаев «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясының 50 жылдығы туралы» баяндамасында: «Жолдастар! Бүгін Ұлы Октябрь көркейткен қазақ жеріндегі қуанышты мейрамды атап өте отырып, хандардың, сұлтандардың, байлардың, патша чиновниктерінің және капиталистердің еңбекші халықты аяусыз қанаған, ауылдарды озбырлық пен зорлық жайлаған, езілген, жасқаншақта қараңғы кедейлер бұқарасының адам айтқысыз тепкіде болып, адам деген жоғары атаққа лайықсыз, аянышты тіршілікте күн кешкен уақытты еске түсірмеске болмайды. Дөрекі заңдар мен әдет-ғұрыптар халықтың қасиетін қорлады. Халық өз мемлекеттілігін құру правосынан айырылды, ал оның территориясы бөліске салынды. Еңбекші халық даланың боранындай мейірімсіз тағдырдың тауқыметін тартты» [22], – десе, «КПСС-тің бейбітшілік пен халықтар арасындағы достықты нығайту жолындағы күрестегі тарихи тәжірибесі» атты Бүкілодақтық ғылыми-теориялық кон-

ференцияда жасаған баяндамасында патша өкіметі қолданған қатал заңдарды айта келіп: «Қазақстанды алыңыздар. Патша өкіметі қазақ халқынан және оның жерінен тіпті оның өз атын да тартып алды. Табиғат байлығын шетелдік концессионерлер талан-таражға салды.

Меңіреу өлке, сары дала, қыр тағысы, бұратана – Қазақстан мен оның байырғы халқын революцияға дейін, міне, осылай деп атап келді. Миллиондаған көшпелі қазақтар өмір бойы қолына кітап ұстап көрген жоқ, оларға «институт», «университет», «академия», «театр», «кітапхана» деген сияқты сөздер беймәлім еді. Адамзатқа ұлы ақын Абай Құнанбаев, есімі дүниежүзіне әйгілі ғалым Шоқан Уәлиханов, аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин сияқты ақыл-ой алыптарын берген жердің өзі рухани және әлеуметтік мешеуліктің аса зор қайғы-қасіретін бастан кешірді.

Егер Ұлы Октябрь болмаса, біздің еліміздің көптеген халықтарының тағдыры не боларын айтудың өзі қиын» [22, 22-23-бб.], – деді.

Қазақ халқын осы отарлық езушілік пен патриархаттықтың кара түнек қараңғылығын құтқарған да Ұлы Октябрь болды.

Қазақ халқы мен орыс халқын ортақ күй, ортақ мүдде табыстырар ынтымақ-достық атты жарқын жағаға жеткізбей, олардың арасына ұлттық араздық, ұлттық алакөздік, жек көру, өштік атты түпсіз терең тұңғыық орнатқан қаскөйлікке толы заманнан алып шыққан да Ұлы Октябрь болды.

Қазақ халқына аттары аңыз күйінде ғана жетіп, сөздері пұшпақ-пұшпақ түрінде өте аз сақталып қалудан құтқарған да, сөйтіп қазақ халқының XIX ғасырдағы ірі ақындарын да, олар жасаған зор әдеби мұраларды да берген Ұлы Октябрь болды.

Демек, патшалық отаршылдық езушілікке қарсы шыққан үнге толы, жергілікті феодалдардың езушілігін әшкерелеуге толы Дулат творчествосының қазақ халқының игілігіне айналуының өзі де Ұлы Октябрьдің арқасы.

Ү ш і н ш і , қазақ халқының жүз елу жылдан артық отаршылдық езгі мен жергілікті феодалдардың қанауында болған тарихын алып қарасақ, бұл ауыр да қорлықты тұрмысқа қазақ халқы «жасымады және бақытты тұрмысты, сәулетті болашақты



аңсаған арманын естен шығарған жоқ. Халықтың абзал перзенттері таптық және отарлық тепкіге қарсы талай көтерілді» [22, 23-бб.], ал бұл қанауға, езгіге халық әдебиетінде де наразылық, сынау, қарсылық түрінде тойтарыс берілді. Шындап келгенде, бұл көтеріліс тарихы, отаршылдық және таптық қанауға оппозицияда болған әдебиет тарихы – халықтың ар-намыс тарихы, ождан тарихы.

## ӘДЕБИЕТ

1. Записки Оренбургского отдела Императорского Русского Географического общества. 1875. Вып. 3. С. 265.
2. «Жақсы үгіт» жинағы. Қазан, 1908. 22-б.
3. *Валиханов Ч.Ч.* Киргизское родословие. Собр. соч.: В-5-ти т. Алма-Ата, 1968. Т. 1. С. 218.
4. Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1170-папка, 782-б.
5. «Таң» журналы, №2, 1925.
6. Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1170-папка, 774-б.
7. *Маркс К., Энгельс Ф.* Таңд. шығармаларының үш томдығы. I т., 61-б.
8. *Маркс К., Энгельс Ф.* Таңд. шығармаларының үш томдығы. I т., 107-108-бб.
9. Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1169-папка, 70-б.
10. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. 1-т., 316-317-бб.
11. Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 1169-папка, 69-б.
12. *Құнанбаев А.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы, 1957. 66-67-бб.
13. Айтыс. 1-т. Алматы, 1965. 73-б.
14. Айтыс. 1-т. Алматы, 1965. 69-б.
15. *Энгельс Ф.* Анти-Дюринг. 179-б.
16. *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч.: В 5-ти т., Алма-Ата, С. 65.
17. *Алтынсарин И.* Собр. соч.: В 3-х т. Алма-Ата, 1976. Т.2. С. 104-105.
18. *Құнанбаев А.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-т., 179-б.
19. *Құнанбаев А.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., 90-б.
20. *Әуезов М.* Әр жылдар ойлары. Зерттеу мақалалар. Алматы, 1959. 7-б.
21. *Ленин В.И.* Толстой – орыс революциясының айнасы. Шығ. тол. жин., 226-229-бб.
22. *Ленин В.И.* Шығ. тол. жинағы. 20-т., 22-б.

### III. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНА СИПАТТАМА

#### 1. XIX ғасырдың 30–40-жылдарына дейінгі қазақ поэзиясының өлең түрлері

Қазақ поэзиясында өлең-жырдың қандай түрлері болды, олардың өзара қатынасы қандай деген мәселе – поэзияның таза теориясына әрі тарихына қатысты мәселе.

Қандай сөз үлгілері поэзия аясына кіреді дегенде классикалық әдебиетте қалыптасқан таным бар. Гегель «Эстетика» деген еңбегінде оқиганың, заттың, т.б. ақындық «мен»-нің қатысынсыз объективті түрде баяндалуына немесе бұларды баяндауда ақындық «мен» араласып, «мен»-нің ішкі әлемі, жан сезімі, көңіл күйі, ой толқуы, т.б. қоса сөйленуіне, не жалаң осылардың өзі сөз боп көрінуіне қарай әрі осы «мен»-сіздік пен «мен»-нің қатар бір шығарманың ортақ белгісі ретінде көрінуіне қарай поэзияны эпикалық, лирикалық, драмалық поэзия деп үшке бөледі.

Эпикалық поэзияға: *эпиграмманы* (бағанаға, аспапқа, сыйға тартқан затқа, ескерткішке жазылған жазу; мұнда зат туралы ғана айтылады да, адам әлі өзінің анық «мен»-ін ашпайды); антикалық *гноманы* (грекше – ой, пікір-байлам, нақыл), яғни адамгершілік *афоризмдерін*, Пифагор атына байланысты *ақыл сөздерді*, *дидактикалық поэманы*, поэтикалық формадан әлі арыла қоймаған ежелгі *философиялық шығармаларды*, *теогонияны* (тәңірі жайлы діни-мифтік жүйе), *космогонияны* (аспан әлемі жаратылысы жайлы жүйе), ақырында *эпосты* жатқызады (Қазіргі әдебиеттерде *поэма* мен *мысалды* поэзияның осы тегіне қосады).

Лирикалық поэзияға бір жағы *баяндау* формада, бір жағы осы баяндалған объектіге ақынның өз сүйіспеншілігі, қайғы-мұңы,

жабығуы, жоқтау, құптау түріндегі көңіл күйі, т.б. – қысқасы, ақынның ішкі дүниесі көрініс беретін формада жасалған ерлік өлең-жыр, романс, баллада, эпикалық сыңайы жоқ, одан гөрі жылы сезім, өткір ақыл көрініс берген эпиграмма, ақынның өзіне қатысты ерекше сәті тілге оралатын кенеттік сәт өлеңдері, Хафиздің сүйіспеншілік өлеңдері сипаттас өлеңдер, халық поэзиясы әрі сонет, секстина, элегия, сәлем-хат (послание), т.б. жатқызылады [1].

Поэзия жайлы еңбектерде бұлардың сыртында ода, эклоги (не буколика, яғни бақташы-ақын өлеңдері), эн-өлеңдер (песня), т.б. поэзия түрлерін лирикалық поэзияға жатқызады [2].

Поэзия жайлы трактаттарда араб өлеңдерін (бейт) үш түрге бөледі: қасыда (قصید), месневи (مثنوی), мусаммат (مسمط). Қасыда – бірнеше бейт бір ұйқаспен жазылатын өлең түрі. Ал муфрад (مفرد), рубай (رباعی), ғазель (غزل), қыт'а (قطعه) осы өлең формасына жатады. Месневи – әр бейт екі ұйқаста жазылатын өлең түрі. Мусаммат – бір бейт төрт бөліктен тұрып, оның үшеуі бір ұйқаспен келеді, ал төртіншісі негізгі ұйқас боп өлеңді аяқтап отырады. Кейде төртінші бөліктің бір сөзі не тұтас бір жолы қайталап келеді: Мусаммат – төрттен он жолға дейін болады [3].

Алишер Науаи шығармаларында қыт'а – 4, 6, 10 жолды боп келеді, ұйқас жағынан: *аәбә, ааәә, ааәа* түрінде, әрі *аәбәвә* және *аәбәвәәбә* түрінде, ал буын жағынан 10, 14, одан көп буынды болады. Р у б а й – үнемі төрт тармақты болады, ұйқас жағынан: *аааа; ааәа; ааәә* түрінде келеді. Ғ а з е л – ұйқас жағынан: *аа, әа, ба, га...* түрінде жалғасып отыратын өлең түрі, жол саны жағынан 10, 12, 14–20, кейде 22 жолға дейін барады.

Қазақ поэзиясын ең алғаш түрге бөліп қараған ғалым – Шоқан Уәлиханов. Ол қазақ поэзиясын: жыр (барлық батырлық, ерлік – жорық жырлары), жылау (жоқтау өлеңдер), қайым (жиын-тойда қыз бен жігіттің сұрау-жауап түрінде жұмбаққа, әзіл-оспаққа құрылған төрт тармақты өлеңі), қара өлең (дауысқа, әуенге құрылған төрт тармақты өлең), өлең болып беске бөледі. Поэзияның бұл соңғы түрі жөнінде былай дейді: «Өлең қазақ арасында бұдан елу жыл бұрын шамасында кірді. Өлең төрт тармақтан тұрады, алғашқы екеуі әрі соңғысы бір ұйқасқа құрылады. Белгілі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы өлең

түрінде Жанақ аузынан қайта айтылған. Қазіргі барлық жаңа ақындар суырып салып айтуларында да, поэма үшін де осы өлең түрін қолданады. Өз айтуларында Орынбай мен соқыр өлеңші Шөже бұл өлең түрін көбірек қолданды. Бұл өлең объектісінің көбі Сейт Батал қажы ерлігі, Жүсіп-Зылиқа сүйіспеншілігі, Ибрагим өмірі, т.б. түрінде келеді» [4].

Шоқанның бұл бөлуін қазіргі дағдыға келтірсе: 1) батырлық жырлар; 2) жоқтау жырлар, 3) тұрмыс-салт айтыс өлеңдері, 4) ән-өлең, 5) күллі он бір буынды, төрт тармақты ескі тақырыпты поэмалар, сол кездегі Шөже, Орынбай сияқты ақындардың он бір буынды төрт тармақты арнау әрі айтыс өлеңдері түрінде жіктелмек.

В.В. Радлов өзінің қазақ әдебиеті үлгілерін берген кітабында қазақ поэзиясын мынадай жікке бөліп береді:

А. I. Үлгілі сөз, II. Бата сөз, III. Ұзатқан қыздың өлеңі (жар-жар, беташар), IV. Жоқтау жыры, V. Қайым өлең (Жанақ пен Түбектің айтысы), VI. Бақсы сөзі, VII. Қара өлең (1) Туған жерге арнау өлең; 2) Шоң биге арнау өлең; 3) Қожамберді дегеннің Өскембайға айтқаны; 4) Өтірік өлең; 5) Ақбала – Боздақ айтысы; 6) Қаршығаны мақтау өлең), VIII. Қазақтың бұрынғы заманының батырларының өлеңі мен мысал сөзі (мұнда «Ер Көкше», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары, Тәтінің өсиеті, Бұқар жыраудың Абылайға айтқан өлеңі, т.б. кірген); IX. Батыр ертегі (Қан Шентай, Еркем Айдар, т.б.).

Ә. Кітап өлең: I. Үлкен қысалар: 1) «Боз Жігіт», 2) «Һамра», 3) Сейфул-Мәлік; II. Өлеңмен шығарылған қысқа қысалар: 1) Сақып-Жамал, 2) Ақсақ Темір хан, т.б. III. Дін үйрететұғын қысалар: 1) «Шарнар», 2) «Қубас», 3) «Бозторғай», 4) «Зарзаман», 5) «Заман ақыр» (соңғы екеуі Шортанбай өлеңдері); IV. Дін ыслам ерлерінің қысалары: 1) Құсайын қысасы, т.б. [5]. В.В. Радлов бөлуінде тақырып, мазмұн негізге алынған, бірақ бұл меже берік емес, кейде жанрлық айырымға қарау да бар.

С. Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» деген кітабында арғы дәуірдегі қазақ әдебиеті нұсқаларын екі үлкен топқа бөліп береді.

Б і р і н ш і т о п. I. Ертегілер. II. Салт өлең-жырлары (тойбастар, жар-жар, сыңсыма, жұбату мен үгіт; беташар; бесік жыры; қоштасу мен өсиет жырлары; естірту, көңіл айту, жоқтау). III. Ес-

кілікті дін салтынан туған өлең-жырлар, тақпақтар (ескілікті мейрам-ұлыстың ұлы күні тақырыпты айтылған өлең-жырлар; Бақсының жырлары, шақыру, арбау, байлау жырлары, бәдік, жарапазан). IV. Мал туралы, «қадірлі» жануарлар туралы әңгіме, өлең, күй, жырлары (Автор бұл бөлімде төрт түлік жайлы белгілі жырлармен қатар, батырлар жырынан Тарғынның Тарланбозы, Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, т.б. туралы үзіндіні, атақты «Көкжендет» атты ән-өлеңді, алғыр құс араласып, мысалға алынатын арнау жыр, шешендік сөздерді, т.б. қоса береді). V. Жастық ойын-күлкі өлең, тақпақтары (қысқа әзіл-сықақ, күлдіргі өлеңдер, өтірік өлең, қыз-жігіттің қысқа айтыс өлеңдері, жаңылтпаш балалар ойын-өлеңі, т.б.). VI. Билер сөздері (мұнда: Едіге би, Асан би, Арғын Алшынбай би, Ұлы жүз Төле би, Сүйіндік Бұхар жырау сөздері, Беріш Есет би, т.б. сөздері кірген).

Е к і н ш і т о п. I. Батырлық жырлар. II. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты жырлар [6].

Мұхтар Әуезов қазақ ауыз әдебиеті материалдарын «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген еңбегінде түр-түрге бөледі. Ол: «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры формасы жағынан мейлінше алуан түрлі», олардың барлық түрін біз мынадай негізі тарауларға бөліп қараймыз.

I. Халық поэзиясының шағын түрлері: 1) Үйлену-салт жырлары («Жар-жар», «Беташар», «Сынсу»), 2) Мұң-шер өлеңдері («Жоқтау», «Қоштасу», «Естірту»), 3) Діни-салт өлеңдері («Наурыз» жыры, «Арбау», «Жалбарыну» жыры, «Бақсы сарыны», «Бәдік», «Бата», «Жарапазан»).

II. Ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар (ертегілер «Қиял-ғажайып ертегілері», «Хайуанат жайындағы ертегілер», «Салт ертегілер», «Балаларға арналған ертегілер», «Аңыз ертегілер», «Күй аңызы»).

III. Батырлар жыры («Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын»).

IV. Ғашықтық жырлары («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан»).

V. Тарихи жырлар (Сырым жайындағы, Исатай мен Махамбет жайындағы, Бекет пен Жанқожа жайындағы тарихи жырлар, Есімнің, Абылай мен Қабанбайдың, XVI–XVIII ғасырларда

өмір сүрген басқа да тарихи адамдардың жорықтары жайындағы тарихи жырлар, Орақ-Мамай жайындағы тарихи жырлар [7].

VI. Айтыс өлеңдері (Автор осы орайда былай дейді: «Қазақтың халық поэзиясы жанрларының ішінде тыңдаушы жұрттың ежелден ықылас қоя тыңдайтыны – айтыс». «Мәселен, Боздақ пен Ақбаланың, Біржан мен Сараның, Сақау мен Тоғжанның, Мұрат пен Жантолының, Шортанбай мен Орынбайдың, соқыр Шөже мен Кемпірбайдың, Құлмамбет пен Жамбылдың айтыстары»; айтыстар «ру айтысы, қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтысы және басқа да алуан түрлі айтыс болып келеді») [7, 36-б.].

Қазақ ауыз әдебиеті материалдарын соңғы екі автор жіктеген жүйеде қарастыру Мәлік Ғабдуллиннің «Қазақ ауыз әдебиеті» деген кітабында [8], Қажым Жұмалиевтің «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» деген еңбегінде бар [9]. Бірақ бұл зерттеулердің қай-қайсысы болса да, біріншіден, қазақтың ауызша туған барша сөз үлгілерін «ауыз әдебиеті» және «тарихи әдебиет» деп екіге бөліп қарайды [9, 243-247-бб.]. Осыдан келіп, қазақтың ауызша туған поэзиясы – бір негізді поэзиясы таза жанр жағынан бір топталмай, авторын сақтау-сақтамауына қарай екіге бөлініп, екі әдебиет дүниесі ретінде қаралады. Екіншіден, қазақ поэзиясы жанр жағынан жіктелгенмен, өлең түріне, стиліне қарай бөлу бұл еңбектерде мақсат етілмеген.

Тек академик Қ. Жұмалиев «Абай поэзиясының тілі» деген еңбегінде: «Көп тәңірге бағыну қалдықтарын көрсететін «Күн жайлату», «Күн жаудыру», «Жылан арбау», «Бүйіні оқу», «Бәдік» тәрізді салт жырлары және «Қара өлең», «Қайым өлең», қысқасы, ауыз әдебиетінің ұсақ жанрларына жататын әртүрлі өлеңдерден бастап... «Қырымның қырық батыры» тәрізді жырлар». «Бақсы жыры», «Үгіт, жұбату», «Беташар», «Бесік жыры», «Қазақтың мақал, мәтел, нақыл сөздері», «Билер сөзі», «Шешендік сөз», «Батырлар жыры, лиро-эпос, тарихи жырлар» – деп атап өтсе, енді бірде «жоғарғы үзінді келтірген өлең, жыр, мақал, мәтел, шешендік сөздер», – деп бөліп айтады. Ал тағы бір орайда ауыз әдебиетінде «өлеңнің ырғағын, шумағын толтыру үшін өлеңнің шумағында айтайын деген ойына қатысы жоқ сөз, не сөйлем я жолдар кіргізіп отырушылық болатын. Бұл әдеттен Абай алдындағы тарихи әдебиет те түгелдей арыла алмады. Бұл «Қара өлең»,

«Қайым өлең», «Айтыс» – барлығында да кездеседі», – деп өлең түрін атап өтеді.

Тарихи әдебиет өкілдері мұраларын сөз еткен орайда Қ. Жұмалиев бұл ақын-жыраулар мұрасын «өлең» деп атайды: «Бұхар, Махамбет, тағы басқаларының өлеңдері»; «Жанкісі өлеңі»; Жанұзақ жыраудың «Жәңгір ханның алдында айтқаны» дейтін ұзақ өлеңінде де, Байтоқ жыраудың «Жәңгір хан дүниеден қайтқан соң айтқан сөзі» дейтін жоқтауында»; «Бұхар өлеңдері ылғи толғау»; «Махамбет өлеңдері, көбіне жыр ағымымен келеді» [10]. Бұлай баяндау, атау біздің жалпы филология ғылымына ортақ жай.

Бұл мәселе тек қазақ өлеңдері жүйесін түбегейлі зерттеген ғалым З.Ахметовтың еңбектерінде ғана бірқыдыру сараланып берілген. Автор өзінің «Өлең сөздің теориясы» деген еңбегінде барлық поэзия үлгілерін (эпос, лиро-эпос көлеміндегі сөз үлгілерінен басқасын) «өлең», «өлең-жыр» деп атап отырса да, кейде дағды бойынша «жыр» мен «өлең» сөзін қатар қояды:

«Айрықша назар аударарлық бір жай жырда өлең жолының аяғында тек үш буынды сөз бен үш буынды сөз тіркесі ғана қолданылады. Мысалы:

Жыламаймын мен дағы,  
Өзіңнің де, көкежан,  
Көзіңнің жасын тый деді...

Қазақ тілінде сөздердің шектескен жерінде екі дауысты дыбыс қатар келсе, айтылғанда біреуі түсіп қалатыны белгілі. Бұл өлеңде де кездеседі.

Не қыларын біл(е) алмай,  
Өлейін десем өл(е) алмай,  
Өз жанымды қый(а), алмай («Алпамыс»)[11].

Ал жырға анықтама берген орайда былай дейді: «Жыр» деп әдетте эпостық жырлар мен толғау, терме секілді ықшам, желдірмелі әуенмен айтылатын, тармақтары жеті-сегіз буынды болып, түйдектеліп келетін шығармаларды айтады. Жырдың өлшемі мен өрнегі (түйдегі, ұйқасы), әсіресе, эпостық шығармаларда көбірек кездесетін болғандықтан, жыр эпостық поэзияға тән өлең түрі деген мағынада да қолданыла береді»; «Шоқанның айтуына қарағанда, кезінде жыр, жырлау деген сөздер кейінірек тер-

ме, термелеу деген сөздердің мағынасын да бере алған»; «Т е р - м е мен т о л ғ а у да жыр өлшемінен басқа өрнек сирек қолданылады»; «Т о л ғ а у әдетте қоғамдық, әлеуметтік, тарихтық, философиялық мәселелерді терең қозғайтын, желілі ой түйетін шығарма болып келеді. Эпостық жырларда кейіпкердің арнайы айтылған көлемді сөзін (монолог) – толғау дейтіні белгілі, т е р - м е көбінше жеке-жеке нақыл сөздерден құралады» [11, 153-б.].

Бұдан соң З. Ахметов байырғы жыр мен қазіргі лирикалық өлеңдерді жіктей келіп былай дейді: «Ауыз әдебиетінде жыр өлшемі қолданылған шығармалардың қай-қайсысын да жыр деп атаған болу керек. Кейінгі кезде, соның ішінде қазіргі әдебиетімізде лирикалық өлеңдердің жанрлық сипаты өзгеше болғандықтан, жыр өлшемімен жазылса да, жыр деп атамайды. Қазіргі әдебиетте жыр деген сөз өлең деген сияқты, көбісіне лирикалық поэзияға жататын шығармалардың жалпылама атауы ретінде қолданылады. Лирикалық туындылардың барлық түрлерін де өлең, жыр деп атай береміз. Жыр деген сөздің ауыз әдебиеті жайлы айтылғанда бұрынғы мағынасын (эпостық жыр, толғау, терме деген сияқты) сақтайтыны, әрине, өз алдына» [11].

Міне, қазақ поэзиясын жанр, түр жағынан жіктеу шамамен осылар сипаттас.

Жұртқа белгілі, т і л д і ң ең кіші бөлшегі – с ө з. Бірақ «сөз» деген атаудың берер мағынасы, жұмсалу орны әр тарап. Ол әрі тілдегі жеке атаудың да (тау, кісі, көңіл, т.б.), әрі тілдегі күллі атаудың да («қазақ тіліндегі сөздер», «байырғы сөздер», «жаңа сөздер», «термин сөздер», «кірме сөздер», т.б.), әрі пікірге, ойға құрылған желілі айтудың да (мысалы: «Шал тұрып: «Өзінің жақсысын танымаған – өзгенің жаманына табынар» деп бір қойды») атауы. Бәрі де «сөз» деп аталады. «Сөз»-дің бұл мағыналық өрістері тілдің таза практикалық қызметі аясына кіреді.

Әрине, бізге керегі «сөз»-дің бұл мағыналық өрістері емес. «Сөз» сонымен қабат тіл өнерінің де, творчестволық туындылардың да атауы. Мұны анық тану үшін біраз шегініп, көне тарихқа барайық.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде «сөз» (*ол меңз сөз сөз-ләді*) [12] деген атаумен қатар қолданылған сав// саб деген атау болған. Біріншіден, ол кезде де «сөз»-дің жоғарғы үш түрлі



мағыналық өрісінде бұл екі атау («сөз» және «саб») бірінің орнына бірі жүре берген. Екіншіден, «саб» атауының өзіне ғана тән қызмет өрісі де болған.

Бірінші, «хабар, дерек» немесе «хабар сөз», «дерек сөз» деген мағына берген: *Үч көрүг кісі келті. Сабы бір...* – үш жансыз кісі келді, Хабары сөзі бір жерден шығады [13]; Йырақ йер савын арқыш келдүрүр – алыс жер хабарын керуен әкелер [14].

Екінші, «мақал, мәтел, үлгі сөз» дегеннің орнына жұмсалған. М. Қашғари былай дейді: «сав – аталар сөзі. Сол үшін де савда мундағ келір – аталар сөзінде осылай деп келеді» [12, 168-б.].

Үшінші, «сәлем сөз, хат» деген мағынада жұмсалған: с а в – рисала, хат, кіші кітапша [12].

Төртінші, «тарихи әңгіме», «оқиға баяны» дегеннің орнына жүрген: с а в – хикая. Бірер оқиғаны айтып беру [12].

Бесінші, «әңгіме», «еткен оқиғаны айту», «әңгімелеп айтылған, әңгіме түрінде айтылған өткен оқиға» дегенді де білдірген: с а в – қисса. Көне оқиғалардан хабар беру, айту [12].

Алтыншы, «алда болатынды болжап айтқан қара сөз немесе өлең түріндегі аяң сөз, сәуегейлік сөз дегеннің орнына жүрген: с а в – алдағыны хабар ету, енді болатынды болжап айту. Осыдан келіп нәбиге (пайғамбарға) с а в ш ы дейді [12].

Бірақ, сөйте тұрса да, М. Қашғари заманында «сөз» деген атау «өлең» дегеннің орнына да жүрген: сөз тізді – сөз тізді, сөз құрады, өлең жазды [12].

Міне, мұның бәрінде де «сав» және «сөз» атауы творчестволық туындылардың атауы орнына жұмсалған. Яғни VIII ғасыр жазба ескерткіштерінде, тіпті оған дейін де қарасөз (проза) үлгісінде айтылған шежіре, әңгіме, тарихи әңгіме, оқиғалы аңыз-әңгіме жанры «сав» деп аталған. Тіпті мақал сөз жанрын да, шешендік сөз жанрын да «сав» деп атаған. Ол ғана емес, сәлем сөз, сәлем хат (послание) жанры да болды, оны да «сав» деп атады. «Сав» сөзі осы жанрлардың бәріне ортақ ат, ортақ термин сөз ретінде қызмет атқарды. Ал кейде осы жанрлардың өлең түрінде айтылуын «сөз» деп те атады.

Демек, VIII–XI ғасырларда «сав» және «сөз» деген атауда әрі терминдік мағына да болды. Олар творчестволық туындылардың атауы қызметін де атқарды.

Бұл дәстүр ХІХ ғасырға дейін де үзілмей келді. ХІХ ғасырда да «сөз» деген атау арғы дәуірдегідей творчестволық туындының, көркем туындының, әсіресе, өлеңмен айтылған шығармалардың ортақ аты ретінде де жұмсалды. Ұлы ақын Абай өлең жаза отырып:

Сый дәметпе, берсе алма, еш адамнан,  
Нең кетеді жақсы өлең с ө з айтқаннан... [15]  
Талай с ө з бұдан бұрын көп айтқамын...

Жұртым-ай, шалқақтамай с ө з г е түсін,  
Ойланшы, сыртын қойып, с ө з д і ң ішін,  
Ыржандамай тыңдасаң нең кетеді,  
Шығарған с ө з емес қой әңгіме үшін... [15, 173-бб.] –

деп, өленді, өлең сөзін «сөз» деп атайды. Тіпті қазақ поэзиясында «жел» сөзін қосып, «желсөз» деп те айтады:

Ықыласыңмен тыңдасаң,  
Сөзімді пұлдап несіне –  
Бойымды балап кернейін.  
Атасы тегін жел сөзден  
Бас-басыңа жетерлік  
Еншінді неге бермейін? [16].

Міне, түркі халықтарының көне дәуірдегі әдебиетінде де, қазақ әдебиетінің бергі дәуірінде де «сав» және «сөз» әдеби жанр болды.

Көне дәуірде поэзияның өзге де жанрлары болды. Тақпақ сөзден (шешендік сөзден), мақал-мәтелден, яғни ырғаққа құрылған сөз үлгілерінен бөлек, әнге, әуенге құрылған поэзия жанры – йыр (жыр) болды. М. Қашғари «йыр» сөзін былай түсіндіреді: й ы р – ғазал, мақам, күй [12, 156-б.]; й ы р – күй, мақам... Ол йыр йырлады.– Ол бір мақамды күйледі. Бу сөз көбіне ше’рге байланысты қолданылады [12, 9-б.]; Ол йыр қошды – ғазал, ше’р жазды [12, 14-б.].

Махмұд Қашғари дәуірінде түркі поэзиясына тән байырғы «йыр» сөзі арабтың «ше’р» сөзіне балама болған. М. Қашғари 7–8 буынды және 11–15 буынды өленді келтірген орайда арабша түсініктемеде «ше’р» сөзін қолданады.

Ежелгі түріктер «йыр» айтушыларды «йырағу» деп сөзінің қызметі сияқты бір-ақ сөзбен – «йыр» сөзімен атаған. Жазылған өлеңді де, ауызша өлеңді де «йыр» деп айтқан, бөлмеген.

Ежелгі түріктер «йыр» айтушыларды «йырағу» деп атаған: й ы р а ғ у – қобызшы, әнші [12, 43-б.]. Яғни йырағу (жырағу > жырау) қобызбен ән сазына келтіріп, әндетіп йыр айтушылар болған. Бұл жыраулар айтатын жырлар: 1) Соғыс жырлары, ерлік жырлары; 2) Өсиет-үлгі жырлары; 3) Жоқтау жырлары, естірту жырлары болды. Бұлардың сыртында ас-жиында қыз бен жігіт айтатын жастық-айтыс жырлары (сүйіспеншілік айтыс жырлары), айтысқа құрылған ән-өлеңдер болды. Жана жылда, ұлыстың ұлы күнінде көктемнің келуін қасиеттейтін табиғат жырлары да өте мол болған. Тіпті VI ғасыр түріктері салтын сөз еткен деректерде олар: «өлеңді бір-біріне қарсы қарап тұрып айтады» [17], – дейді.

Егер «өлең сөз халықтарда тіл әлі жасалып бітпеген дәуірде-ақ көріне бастауы мүмкін, соның өзінде де өлең сөз тек поэзия арқасында ғана өзінше дами бастайды» [18] – дегенді ескерсек, көне түріктерде поэзияның көп түрлері өте ерте-ақ туған. Олардың бәрін «йыр» деп атаған. Әрі оларға «сөз» атауы қосылып жүрген. Бұл «йыр сөзді» айтушылар қобызшы, әнші йырағулар болған. Ал бұл салт кейінге дейін жеткен. Айталық, Шоқан: «Барша дала жырлары әдетте қобыз сүйемелдеуімен әндетіп, әнмен айтылады» [19], – десе, Абай осы деректің толық картинасын беріп: «Қобыз бен домбыра алып топта сарнап, Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап» [20], – деген.

Біз бұл «сөз» бен «жыр» атауларының қатар қолданылу ізін XIII ғасыр поэзиясынан да көреміз. «Жочы елімін естіртуде» әуелі жыршы бір ауыз (төрт тармақты бір шумак) тұспал өлең айтады. Оған Шыңғыс сондай үлгіде жауап сөзді жырмен қайтарады. Ал жыршы болса екінші диалогта:

– Сөйлэмэккэ еркім йоқ,

Сен сөйлэдің, а ханым? –

деп, Шыңғыстың жырмен айтқанын «сөз» деп атайды. Ал ақынның тұспал жыр сөзін Шыңғыс «жыр» деп атайды:

Жырың көңіл үркүтүр,

Жочы елді болғай мы? [21]

Әрине, көне дәуір әдебиет үлгілері бізге үзіліссіз келіп жеткен жоқ. Сондықтан да қазіргі өлең сөзге қатысты терминдік мәнді

атауыш сөздердің жүзеге шығу кезеңін біле қою өте қиын. Айталық, арғы VIII–XI ғасырлар әрі XI–XIII ғасырлар бізге «жыр» сөзі жайлы толық дерек берсе, XIII ғасыр мен XV–XVI ғасыр арасындағы жазба ескерткіштер бұл сөз жайлы анық мәлімет бермейді.

Сөз жоқ, «жыр» сөзі XI–XIII ғасырларда қандай мағынада қолданылса, кейінгі XV–XVI ғасырларда да сондай мағынада жұмсалды. Бұл екі аралықта туған жаңа жанрлар да осы «жыр» сөзімен аталды. Олар «сөзі» деген қосалқы атқа ие болды, «жыр-ла», «сөйле-» деген сөздер қатар жұмсалды: «Сөйлемәккэ еркім йоқ//Сен сөйлэдің, а ханым», – деп айтқан сонау XIII ғасыр жыршысынан тартып:

Ханға жауап айтпасам,  
Ханның көңлі қалады.  
Қандыра жауап сөйлесем,  
Халқым не деп айтады [22], –

деген Бұхар жырауға дейінгі жерде бұл дәстүр бұзылған жоқ. Бірақ бергі XV–XVI ғасырларға тән сөз үлгілерінде байырғы бұл «жырла» сөзімен қатар «толға-», «сарна-» сөздері де кездеседі.

Қол қусұрұп тұрғачдын  
Толғайды да жырлайды,  
Жырлайды да сарнайды.  
Сарнаса сансыз ноғай қарғайды.

Өкүлүне түскен йахчылар  
Өксүп-өксүп жылайды [23].

Арайна десе болғай ма?  
Арайнасыз ернің ісі болғай ма?  
Арайна болған Мырза Мамай *толғай ма?* [23, 79-б.]

Мен толға десең толғайын,  
Қарабатыр саған толғайын.  
Мен сенің түп-түбіңменен айтайын [24].

Бұл толға, сарна сөздері дәстүрге қашан енді? Жұмсалыу орны қандай? Жыр түріне қатысы бар ма?

Мұны білу үшін өзге де осы тектес сөздердің сол арғы дәуір сөз нұсқаларында жұмсалыуына назар аудару керек болады. Айталық, XV ғасыр жырларында:

Хан Тоқтамыс қорланып,  
Байтағым деп зарланып,  
Айтып жылай жөнелді [25], –

деп келетін жолдардағы «зарла-» сөзінің өлең-жырға қатысы қандай? Ұлы Абай өлең жайлы, өлеңге ақын көңілінің қатысы жайлы былай дейді:

Өзгеге, көңлім, тоярсың,  
Өлеңді қайтіп қоярсың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярсың.  
Сайра да зарла, қызыл тіл  
Қара көңілім оянсын,  
Жыласын, көзден жас ақсын,  
Омырауым боялсын.

Тыңдамаса еш адам,  
Өз жүрегім толғансын.  
Әр сөзіне қарасын,  
Іштегі дертім қозғалсын [20].

Немесе ел жайын қам жей тебіренген бір өлеңінде былай дейді:

Қайғы шығар ілімнен,  
Ыза шығар білімнен.  
Қайғы мен ыза қысқан соң,  
Зар шығады тілімнен [20, 148-б.].

Ақын бірде: «Толғауы тоқсан, қызыл тіл//Сөйлеймін десең, өзің біл»; «Сайрай бер, тілім, //Сарғайған соң бұл дерттен» деп те айтады.

Осы үзінділердегі тілдің «сайрауы», «зарлауы» (зар шығаруы) «толғауы», «сарнауы» өзара жақын, тектес сөздер, мағыналық жұмсальысы да жақын.

Тіпті ұлы ақын Абай өз көңілімен, өз сөзімен сырласатын, мұндасатын бір өлеңінде:

Іште қайғы дерт қысып,  
Көкіректі өрт қысып,  
Айтуға көңілім тербенді [20, 117-б.], –

дейді. Осындағы *тербе*- сөзі де жоғарғы сөздер тобына жатпақ.

Бұлардан нені көреміз? Байырғы жыр үлгісі біреу болды. Ал осы үлгіде әр алуан тақырыпта, әр алуан мазмұнда сөз туды.

Халық осы сөздерді мағынасына қарай жік-жікке бөліп, оларға ат беріп отырды.

Сонда өз көңіл қалауын арнай айту, арғы-бергіні қозғай, сөз айту, ой айту үлгісін **толғау** деп, іштей тербеніп, күйіне, ашына сөз айтуды **сарнау** деп, өз ішкі мұң-шерін, қайғысын айтуды **зарлау** (кейде **сайрау**) деп атаса керек.

Осы орайда М. Әуезовтің мына бір сөзі барынша ескерілуі керек. Ол қазақ театр өнерін жасау жайына тоқталып, қазіргі сахнада көне дәуірдің несін тірілтіп, халыққа нені қайта ұсыну керектігін айта кеп, көне сөз үлгілерін, сөз иелерін былай жіктейді: «Ертеде заман шерін айтып *сарнаған* Асан қайғы, *толғау* айтқан Бұхар сияқты жырауларды тірілту керек. Такпақ айтқан билерді, *естіру*, *жоқтау* өлеңдерін айтқандарды, кобызбен сарын айтатын бақсыны, сыбызғымен күй шығарған күйшілерді тірілту керек» [45].

Бұл сөздердің бәрі ішкі сезімге қатысты сөздер. Бірақ бұлардың бәрі бірдей сол ішкі сезім тіліне – **сөзге** ат болған жоқ. Бірі терминдік мән алып, негізгі атауыш қызметке ие болса, бірі солардың жай синонимі себебінде қызмет етті. Немесе сөздер өз мазмұнына қатыссыз өзге терминдік ат алып кетті де, керісінше, олардың мазмұнын тікелей ашатын сөздер сол терминдердің синониміне айналды. Мұны зарлау, сайрау, тербеу сияқты сөздерге қатысты айтуға болады. Болмаса қоштасу жырлары ішінде зарлау мәнді өлеңдер жиі ұшырасады. Айталық, XVIII ғасырда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» қатысты туған «Қаратаудың басынан көш келеді» деген өлең – зарлау өлең. Ал ноғай-қазақ бірлігі ыдырау тұсына тән, «жылау, жылау, жылау күй» деген жыр да – зарлау өлең-жыр.

Бұл өлең-жырлардың бәрі – «мен – ақынның» сөзі, «мен»-нің сөзі, лирикалық поэзия. Бұл лирикалық поэзияның жеке-жеке жанрлары өте көне заманда-ақ туды. Олардың өз ізін ауызша поэзияда айқын қалдырған дәуірі – XV–XVI ғасырлар мен одан бергі дәуір.

XV–XVI ғасырлар мен XVIII ғасыр арасындағы ауызша поэзияны, оның ішінде лирикалық поэзияны бағдарлай, шола сүзе қарасақ, бұл дәуірде осы лирикалық поэзияның: сарнау, толғау, зарлау, тақпақ, естірту, жоқтау, қоштасу сияқты әлеуметтік-

тұрмыстық-философиялық мазмұнға ие жанрлары болды. Осы дәуірде дара ақындар жасаған ерлік-жорық, жортуыл жырлары болды. Бұл дара ақындардың бір тобы айтыс ақындары еді. Олар айтыс жырларын жасады. Бұлардың да тақырыбы ру арасындағы тартысқа құрылған әлеуметтік мәселелер болды. Бұлардың бәрі негізінен бір ғана жыр үлгісінде (7–8 буынды жыр түрінде) туды. Бұлардың бәрі «мен-ақынға» тән туындылар. Бұлардың бәрі белгілі бір жырау, я ақын, я белгілі бір би атына таңылып, ел аузында сақталды. Сөйтіп бұлар бұл күнде дара ақындыққа тән творчестволық мұраларды құрап отыр.

Әрине, «Қаратаудың басынан көш келеді» деген 11 буынды төрт тармақты (аксақ ұйқасты) өлең XVIII ғасырда туғанын ескерсек, осындай он бір буынды өлең қазақтың ауызша лирикалық поэзиясында XVIII ғасырда өлең үлгісі де болды. Бірақ бұл өлең түрі тұрмыс-салт поэзиясында «жар-жар», Шоқан айтатын «қайым өлең» түрінде қыз бен жігіт айтысында ғана қолданылды. Дара ақындар бұл өлең түрінде туындылар жаратқан жоқ. Бұл өлең түрінде сөз жасау қазақтың ауызша поэзиясында, Шоқан айтуынша, XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басында дәстүрге айналды [24, 196-201-бб.].

Жанақ, Орынбай, Шөже сияқты ақындар «өлең» үлгісінде әрі арнау-мақтау өлеңдерін туғызды, әрі айтыста да осы «өлеңді» қолданды.

Бір ескеретін жай, дара ақындық творчествода айтыс жанрында өлең қазақтардың солтүстік, солтүстік-шығыс бөлегінде негізгі дәстүр болды да, Жетісуда айтыс жанры негізінен жыр түрінде – байырғы дәстүрде дамыды.

## **2. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ауызша поэзия және оның жанры мен стильдік сипаты**

Дулатпен тұстас сөз ұсталарының көбі – айтыс ақындары болды. Қазақтың айтыс салтында он бес-он алтыдағы бала ақын елу-алпысқа келген қарт ақынмен тартысқа түсіп, ақындық келесінде өнер сынаса берген. Сонда бір ақын өз өмірінде үш буын өкілімен – үш заман ақынымен өнер сынасып, айтысқа түсетін болған:

егер жасында қарт ақынмен айтысып, өткен буын өкілімен сайысқа түссе, орта жаста өз замандасымен көп үзеңгі қағыстырып, сөз егесіне түскен, ал қарттығында жаңа буынның жас перісімен (өзі бала күнінде айтысқанындай) тағы айтысқан.

Демек, ақындарда жас жағынан замандастық көбіне бола бермейді. Айталық, Құлмамбет ақын өз тұрғыласы Сүйінбаймен де әрі Сүйінбайдың шәкірті Жамбылмен де айтысқан. Сондықтан да айтыс ақындары творчествосын белгілі бір қысқа кезеңге, дәлірек айтқанда, Дулаттың ақындық құрған кезеңіне орайластырып барып талдау өте қиын іс. Олар бір айтысында ақындық аренаға шыққан Дулатпен тұстас келсе, бір айтысы Дулаттың ақындық тұғырдан кеткен кезінде, өте беріде – XIX ғасырдың 60–70-жылдарда болуы.

Оның сыртында біздің мақсатымыз XIX ғасырға тән айтыс өлеңдерді арнайы талдау емес. Біз мұны Дулат тұсындағы қазақ поэзиясының жайы қалай еді? – дегенді аңғарту мақсатында – Дулатқа фон ретінде алып қараймыз.

Бірінші, Дулатпен тұстас әрі бір өңірлес Сабырбай ақын болды. Олар бірін-бірі жақсы білді.

Екінші, Дулатпен заманы бірге ақындар: Жанак, Түбек, Шөже, Балта, Орынбай, Шортанбай, Майкөт, т.б.

А. Янушкевич қазақ даласына жасаған сапары жайлы «Күнделігінде» (1846 жылға тән) былай дейді:

«Жол бойы тілмаш маған жақын арада қайтыс болған, бұл өлкедегі атақты жыршы әрі ақын Жанак туралы айтты [27]. «Кешкісін бізге Түбек туралы айтты. Осыдан жеті жыл бұрын қазаққа өте мақтаулы болыпты. «... Ауру оны соншалық тұрала-тып тастаған... Орынбай келіп, халық өзіне жеке тиіп, қарық-олжаға (ат-шапанға) батып жатқан соң, Барақ өзінің руласы Түбекті ала келіпті. Бірақ ауру азабын тартқан ұлы ақын тек қана қарсыласының... куәгері болудан басқа еш нәрсе істей алған жоқ, дауысын, өнер машығын жоғалтқан» [27, 150-б.].

«Бізде Орынбай өлеңші болды. Жасың қаншада, өлеңді айта бастағаныңа көп болды ма? – деп сұрадым. Ол жасым 30-ға келді, он жасымнан өлең айттым, – деп жауап берді. Оның әкесі де, бабасы да ақын болыпты» [27, 100-б.].

Демек, Жанак А. Янушкевич қазақ даласына келген жылдан – 1846 жылдан біраз бұрын қайтыс болған. Егер Түбектің «осы-



дан жеті жыл бұрын» (жеті жыл төсек тартып жатқан уақыттан бұрын) мақтаулы болғанын ескерсек, Жанақ пен Түбектің атақты айтысы ХІХ ғасырдың 30-жылдары болады. Жанақ бұл кезде қарт ақын, ал Түбек – жас. Жанақтың Түбекке: «Сен бала, меніменен өр таласпа» [28], – дейтіні бар.

Ал Шөже ақын Балтамен, Кемпірбаймен, Тезекбаймен айтысады. Кемпірбаймен айтысында Шөженің: «Балта, Орынбай, Шортанбай, түк қылған жоқ» [29], – дейтіні бар. Демек, Шөже Балтамен әрі аты аталған екі ақынмен бұрын айтысқан. Егер Шөженің Балтаға: «Жылың қой, келдің Балта елу төртке» [30], – дегенін ескерсек, Құнанбаймен тұстас Балта 1799 жылы (қой жылы) туып, 1853 жылы Шөжемен айтысады. Ал Тезекбай болса «жұт тауық жылы Шөжемен айтысқан» екен [31]. Сонда Шөже мен Тезекбай айтысы 1861 жылы болады.

Түбек пен Құлмамбет айтысына келсек, осы айтыстың алдында Тезек пен Құлмамбеттің жауаптасу сөзінде Тезек Түбек жайлы: «Жеті жыл болып жатқан шемен деймін» [32], – дейді. Демек, бұл айтыс Түбек ауырып жазылған соң болған. Егер А. Янушкевичтің 1846 жылы «Түбек даусын, өнер машығын жоғалтқан» дегенін ескерсек, айтыс осы жылдардан біраз кейін, 40-жылдардың аяғы, 50-жылдардың бас кезінде болды. Тоғжан Орынбаймен айтысында: «Қартайып жас күніңнен қалып жүрме» [33], – десе, Арыстан Орынбайға: «Сөзің асты, сөйлей бер, жүйрік інім» [34], – дейді. Егер Орынбай 1846 жылы отызда болса, ол 1816 жылы туған. Мына екі айтыс та осы 40-жылдар аяғы мен 50-жылдар басына келеді.

Демек, Жанақ – Түбек айтысы ХІХ ғасырдың 30-жылдарында, Орынбай мен Тоғжан, Орынбай мен Арыстан айтысы 40–50-жылдарда, Шөже мен Балта айтысы 50-жылдардың бас кезінде болған. Түбек пен Құлмамбет айтысы да осы жылдарға тән. Ал бұл жылдар Дулат жыраудың ақындық творчествосы барынша салтанат құрған кезі.

Бірақ Дулат пен оның тұстас ақындары екі мектептің (осылай айтуға болса) ақындары болды.

Сабырбайдан бастап Жанақ, Түбек, Шөже, Орынбай, Балта, Құлмамбет, Арыстан, т.б. ақындар бір жағы а й т ы с а қ ы н ы , бір жағы терме-тақпақ ақыны, бір жағы мақтау өлең ақыны болды.

Терме-тақпақта олар өздеріне дейінгі ақындар жасаған термені, билер, ақындар туғызған тақпақты жиып, топтап, қосып жетілдіріп айтты. Бұл тұста олар көнеден қалыптасқан дәстүр үлгісімен адамдар мінезі, пиғылы жайлы сын сөз, ескертпе ақыл сөз айтып, ел ынтымағы, бірлігі жайлы сеп сөз, жамау сөз айтып, үлкен тұғырдан табылып отырды. Бірақ мұның бәрі – сөз де, тәсіл де – бұ ақындар жасаған дүниеліктер емес еді. Олар бұл тұста барды дамытып, қосып айтушылар ғана болды. Жаңа нәрсе жасаған жоқ. Мақтауда өз дәуірі рубасылары мен аға сұлтандарына, батырларына, байларына арнап терме өлеңдер шығарды. Айтыс көп жағдайда осы мақтау өлеңнің бір түріне айналып отырды. Екі ақынның бірі өз руы басшыларын, байларын мадақтап, қарсы ақынның осындай кісілерін мінеп отырды. Өз кезегінде екінші ақын да осыны істеді. Халыққа өздері жек көретін рубасыларының осылай сілікпеге түсуі жетіп жатты да, ақындар мақтауы үшін алған ат-шапанға – мақтау сөзі өтеуіне риза болды.

Дулат тұсындағы айтыс ақындары негізінен осындай ақындар еді. Кезінде өзі көрген, сөзін тыңдаған Абай осы ақындар жайлы былай деген:

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
 Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.  
 Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
 Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап,  
 Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
 Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
 Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
 Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.  
 Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
 Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап...  
 Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап  
 Жиса да бай болмапты, қанша малды ап [20, 66-67-бб.].

Сабырбай, Жанак, Түбек, Шөже, Орынбай сияқты ақындардан осы қошеметі мол мақтау сөзге толы айтыстағы сөзден басқа өнегелі сөз бізге келіп жеткен жоқ.

Әрине, бұл ақындардың бәрі де тілге жүйрік, қисын келтіруге шебер, мадақ үшін жақсы сөз тапқыш ақындар болды. Амал не, осы есіл өнер қазақтың ауызша поэзиясында ертеден қалып-

тасқан айтыс жанры арнасында қалып қойды. Қазақ өмірінде ХІХ ғасырдың басы мен ортасында болып жатқан өте елеулі оқиғалардан сырт қалды. Тіпті болып жатқан бұл өзгеріске өздері мақтаған би-сұлтан көзімен қарағандықтан, өздері емес, екінші, үшінші біреудің көзімен қарағандықтан, өмір шындығын көңілдерінде айқын, дәл сәулелендіріп, түйсіне алған жоқ, тани алған жоқ.

Егер Сабырбай ақынның жақсы сөзі, мақтау сөзі Солтабай төреге:

Шұбарым, арғымағым, арыстаным,  
Жасықты жанып-жанып тасқа салған.

Болаттың суын тапқан данышпаным,  
Шұбарым, арғымағым, кермаралым.

Өз заңынша бүлкендік жандаралым [35], –

деп арналса, Солтабай баласы Барақтың мақтаушысы, Түбек пен Орынбай ақын болды.

Орынбай ақын Абайділла мен Ғаббас (Уәли ханның балалары) ханды:

Көкшетаудан көрінген төбеміз-ай,

Дария көлге батпаған кемеміз-ай.

Қырық темірдің қылауын біріктірген

Басың – құрыш, жебең – болат, шегеміз-ай, –

деп бастап, бір кезек арғы атасы Абылайды мақтан кетеді. Одан бір баласы Ғаббасты, оның балаларын мақтауға көшеді. Ақырында:

Орынбайдай ақынға

Сауарына бие бер,

Артарына түйе бер,

Тасқың келсе, сұңқарым

Үсті-үстіне үйе бер [36], –

деп, мақтау сөзінің қарымтасын сұрайды: мақтауын да жеткізеді, тілеуін де өткізеді. Ал осы Орынбай Шортанбаймен айтысында өзін хан-төренің жақтаушысы етіп көрсетеді де, олардың арнап шақыртып алатынын, мақтау сөзінің есесіне «төреден алатұғын алымы бар» екенін сөз қылады. Осы «алым» қайсы дегенде, Орынбай өзінің Арыстанмен айтысында:

Мен Қызылтау, Баянауыл, Семей бардым,

Қыпшақ Тәті мырзаға салық салдым.

Он құр ат, қос ішік пен тоғыз жамбы  
 Сол секілді олжаны бір жолда алдым [37], –  
 деп мақтана паш етеді.

Міне, мұның өзі Жанақ, Түбек, Шөже, т.б. ақындарға да ортақ жай.

\* \* \*

XIX ғасырдың орта тұсындағы бұл айтыс ақындары поэзияда үлкен жаңалық әкелген жоқ. Олардың он бір буынды төрт тармақ (бір шумак) өлеңмен кезектесіп айтысуы бұрын туған: ол тұрмыс-салт поэзиясындағы қыз бен жігіт айтысына тән үлгі. Ал айтыс ақындарының қосқаны төрт жолдың алғашқы екі жолы соңғы екі жолға жанамалап келіп қана мағына беретін, негізгі айтпақ ойдың ұйқас келісінде тууына сеп болатын, айтары соңғы екі жолда айтылатын қайым өлеңнің барлық жолын негізгі ойды айту қызметіне жекті.

Әрине, айтыс ақындары бұл үлгіге бірден түскен жоқ. Олар қайым өлең ішінен шықты. Уақыт жағынан бәрінен бұрын болған Жанақ пен Түбек айтысына қараңыз:

Ж а н а қ :

Ауылы Оспан ханның Беркі ағашта,  
 Атым Жанақ болғанда жеті алашқа.  
 Мен кімнің шақыруымен келіп едім,  
 Сен, бала, меніменен өр таласпа.

Т ү б е к :

Ауылы Оспан ханның Беркі ағашта  
 Атың Жанақ болғанда алты алашқа.  
 Оспан ханның ақыны қалай екен,  
 Таласты бәйге атымен үлкен аста? [38],

К е м п і р б а й :

Бес намаз, он екі иман жанға пайда,  
 Қалайын біраз сөйлеп осындайда.  
 Біреуге мал, біреуге бас қайғы деп  
 Барасың соқыр айуан, жаяу қайда? [38, 77-бб.]

Ал осы қайым өлең ізі өзге ақындар айтысында да едәуір кездеседі. Шөже мен Жәмшібай айтысында атақты Шөженің өзі де осы көне үлгіге жиі бой алдырған:

Баласы сары ала құс қаз бола ма?

Қыс өтіп қар кетпесе жаз бола ма?

Тентіреп неге келдің Қуандыққа,

Сүйіндік сегіз болыс аз бола ма? [38, 88-бб.]

Мұның сыртында айтыс ақындары поэзияның бұл «өлең» түріне, оңай түріне көшіп әрі өздерінің құдіреттей талантына тұсау салды. Бір шумақ көлемінде кезектесіп айтысу салты ақындық тілге өріс қалдырмады, оларды тізгіндеп, буып отырды. Міне, мұның өзі ХІХ ғасырдың басы мен орта тұсындағы айтыс өлең жанрына тән ерекшелік болды.

Бірақ «өлең» түріне ерте көшкен солтүстік пен шығыс қазақтары айтыс ақындарындай емес, Жетісу айтыс ақындары айтыс жанрында «жыр» үлгісін сақтап қалды. Олар өлең түрінде бір шумақ көлемінде тізгіндесіп қалмай, айтысты жыр үлгісіне құрып, сөзге еркіндігі, шабытқа өрісі болды. Олар он бір буынды өлең үлгісімен айтысқанда да осы дәстүрді сақтап қалды. Мұны осы өңірде сақталған ең көне айтыс Майкөт пен Құлмамбет, Бақтыбай мен Тезек айтыстарынан көреміз. Тіпті Түбектің өзі Жанақпен осы өңір дәстүрі аясында бір шумақ өлеңмен кезектесе айтысса, Тезек, Құлмамбетпен айтысқанда бұл Жетісу ақындары дәстүрімен он бір буынды өлеңді *аағабббббббббб* – түрінде еркін ұйқасқа құрып айтқан [38, 147-151-бб.].

Түбек пен Қарқабат айтысында да Жетісу ақыны Қарқабат он бір буынды өлеңді кейде қос шумақ үлгісінде, кейде 6–8 жолды еркін ұйқасқа құрып айтады.

Әрине, Түбек пен Қарқабат айтысы қайта айтылып, өңделген, поэмаға (дастанға) айналып барып қалған жаңа туынды. Бұл соңғы нұсқаны айтушы үшінші ақынның редакциялауы анық көрініп тұр.

Осындай қайта айтуға, редакциялап айтуға түскен айтыс өлеңдерінің енді бір түрі Әсет пен Кемпірбайдың тілдесуі және Әсет пен Ырысжан, бертінде Біржан мен Сара айтыстары. Бұлар – ұзақ өлең, поэма үлгісіне түскен айтыс өлеңдер.

Міне, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ауызша үлгідегі қазақ поэзиясының мазмұн мен түрдегі қысқаша сипаты осы құралыптас.

### 3. Қазақ поэзиясында «мен-ақын» жасаған туындылардың жанры мен стилі

Қазақ поэзиясында аты белгілі жырау-ақындар өздерінің жыр-сөздерінде «мен-ақын» жоқ кездегі «кейіпкер-ақындардың» монолог, диалог үлгісінде туған сөздеріне қарыздар.

М. Әуезов «Қырғыздың батырлық эпосы «Манас» деген еңбегінде жырдың, «сөздің поэтикалық тәсілдерінің» бірі ретінде «геройлардың сөзін» атап, олардың өзі алуан түрлі боп келетінін айтады. «Мәселен, *ақыл қосу* түріндегі сөз (Манас пен Алмамбеттің Бейжінге аттанар алдындағы сөздері); *сес көрсететін сөз* (Манастың ас жайындағы сөзі); *айбат шегу* (Манастың жеті ханға жолдаған сәлемі); *өкінуді, қапалануды білдіретін сөздер*; «Ұлы жорықтағы» Алмамбеттің *аты шулы сөзі*; бұл кейін оның еске алуларына ұласып кетеді; Көкетайдың *өсиет* айтқан, *бақылдасқан* сөзі (керез); *достық, ақыл, наз* (Бақай мен Қосайдың Манасқа арнап айтқан сөздері). Бұлардан басқа да сөз түрлері мол» [39].

Осындай сөздер қазақ жырларында да мол. «Тоқтамыс пен Едіге» жырындағы Сыпыра жыраудың *болжау сөзі*; Жабайдың басу-ақыл сөзі, Едігенің *өкпе айтқан жауап сөзі*; бұл сөздің аяғы әуелі *сес* көрсеткен *ант сөзіне* ұласып кетсе, одан соң өзін суреттей, сипаттай айтқан *мадақтау сөзіне* ұласады. Тоқтамыстың жермен, елмен *қоштасу сөзі*, оның Көкілдінің көліне барғандағы *көңіл күй толғау сөзі*, Белгісіз батырдың Нурадыңға айтқан *айбат шегу сөзі*, т.б.

Ал «Ер Тарғын» жырында танымал сөздерден: Тарғынның Бұлғыртауда белі мертігіп жатып айтқан *қапалы сөзі*, *бақылдасқан сөзі*, Ақжүністің *ризалық алу үлгісіндегі қоштасу сөзі*. «Орақ – Мамай жырындағы» Орақ пен Мамайдың алма-кезек айтатын *қаһар қылған сөзі*.

Бұлардың бәрі де «мен» атынан айтылады: «Мен»-нің көңіл күйі, мүддесі, көзқарасы, іс-әрекеті, «мен»-нің өзгелерге қатынасы сипаты, «мен» іс-әрекетінің тарихы.

Бұлар ерлік, жорық, жортуыл тұсында я соған орай айтылғанда *өктем, айбар, сес, кек, ант* сөзі боп келеді де, осы жорық пен жортуыл, шеру тұсындағы сәтсіздікке орай айтылғанда *мұң-шер, өкінішті-қамығу*, әттеңге жеңгізген қапы сәт сөзі боп келеді. Бұл екі жағдайда да жыр – жорық жыры, ерлік жыры, жеңістің салтанатына арналған жыр.

Келе бұл жыр, дара кісілердің – батырдың я батыр-ақынның жыры боп, өз алдына бөлек туынды түрінде айтылатын болды. Солардан бізге сақталып жеткен ең көне жыр «Жиёмбеттің Есім ханға айтқан сөзі» деген жетпіс жолдай жыр.

Осы батыр-ақынға тән айбар көрсететін, сес көрсетіп, кекті ант айтатын сөз Жиёмбеттерден үзіліссіз келіп, XIX ғасырдың бірінші жартысында Махамбеттің жырларына ұласады.

Көне дәуір поэзиясы, екіншіден, «Асан қайғының Жәнібек ханға айтқан сөзі», «Сыпыра жыраудың Тоқтамысқа айтқан сөзі» үлгісінде жырау-ақындардың ханға, батырға *арнау сөзі, арнау-мақтау сөзі* түрінде өз алдына бөлек туды. Бұларда жырау жеке адамдарға деген арнау сөзді, мақтау сөзді ел, жұрт тағдырына қатысты *болжау сөзге* ұластырып, осы болжау, *аян сөзден* қорытынды шығару мақсатында *өсиет сөзге* ауысып отырған. Мұндай арнау сөздердің бізге көп жеткен тамаша үлгісі «Шалғез жыраудың Битемір ханға айтқаны» деген ұзақ жыр.

Осы жырау-ақынға тән мақтау, мақтай отырып, болжау айту, одан өсиетке, ақыл-үгітке көшу Шалғезден үзіліссіз келіп, XVIII ғасырда Бұхар жыраудың Абылайға арнау жырларына ұласты.

XVIII ғасыр аяғы мен XIX ғасыр басы қазақтың байырғы билік жүйесіне түбірлі өзгеріс әкелді. Бұқара халық пен хан-сұлтан, би арасы ашық, анық жіктеле түсті. Жыраулық өнері бар билердің бір тобы таза әкімдікке бірте-бірте көшіп, қалыс сөз айту сияқты байырғы қызметін жойды, енді бір тобы билік-төрелік берер қызметі шектеліп, хан-сұлтанға тәуелділігі күшейді, олардың ақыл, өсиет айту дәрежесі жойылды. Мұның өзі би-жыраулықтың салттан бірте-бірте шығуына әкелді. Мұның сыртында ақындық кәсіп туды да, үстем тап өкілі би-жырау жыраулықты, ақындықты мін ретінде есептейтін болды. Сөйтіп ендігі жерде би мен жырау-ақындық бөлінді. Ендігі би дау-дамайда

шешендік сөзге, төрелік қалыс сөзге ыңғайланды да, ал ақындық қабілеті, дарыны молдары тақпақ сөзге көшті.

Ұлы ақын Абайдың: «Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап, мақалдап айтады екен, сөз қосарлап», «Биде тақпақ, мақал бар байқап қара», – деген билері, би-ақындары – тақпақ сөз авторлары дараланып шықты.

Бұлар ар жағы Төле би, Қазыбек би, Жантеке би сияқты билер атасы, бергісі Торайғыр би, Байсерке абыз, Атығай, Байдалы би, Шоқай би, Ақтайлақ би, Есет би, т.б. көп билер болды.

Ақындықты кәсіп еткен сөз ұластары бөлек топ ретінде жіктеліп шықты. Бұлардың бір бөлегі Бұхар жырау салтымен хан-сұлтандар қасында болды. Бірақ бұлар Бұхар сияқты ханға арнау айтып, болжау сөз айтатын, ақыл-кеңес беретін терезесі тең байырғы жыраулар салтындағы ақын-жырау емес, олардың бірыңғай қызметкері есебіндегі ақын-жыраулар болды. Олар хандардың я хандықтың идеологтары емес, жеке бір ханның қызметкер ақыны болды. Ал олардың ақындық қызметі – қожасының әрекетін, салтанатын мадақтау, абырой-беделін көкке көтеретін мақтау сөз айту болды. Олар сарайлық мақтау жыр (ода) туғызды. XIX ғасырдың бірінші жартысында бұлар Жәңгір хан қасындағы Алаша Байтоқ жырау, Кенесары хан қасындағы Нысанбай, Досқожа, т.б. сияқты жырау-ақындар болды.

Бұл кәсіпқой ақындардың енді бір тобы жыраулық салтын ұстамаған, ел аралап, өнерін кәсіп етіп, дүние жиятын қыдырымпаз ақындар болды. Бұлар:

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
 Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап,  
 Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
 Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.  
 Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
 Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап,  
 Жат елде қайыршылық қылып жүріп.  
 Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап, –

деп Абай ақын айтқан ақындар еді.

Бұларда берік ұстанған нысана болған жоқ. Бұлар бүгін мақтаған, өзі сойылын соққан кісісін басқа бір қолайлы жағдайда жерге соға жамандап, даттап жүре беретін ақындар болды. Бұлар ру ішінде атаның, тайпа ішінде рудың ақыны болды.



Ру іші айтыста сол рудың бір атасы атынан сөйлеп, өзге аталардың жақсысын домбырасына жалау қып байлап, жамандалса, тайпа іші айтыста тұтас рудың сөзін сөйлеп, әлгі жамандаған кісілерін өзге руға қарсы «жақсысы» етіп мадақтап көрсетті.

Бұлар жиын-тойда әрі мақтау өлеңдер айтты, әрі айтысқа түсіп, айтыс өлеңдер айтысты.

Бұлар осы белгілерімен ру ақындары ғана болды, қазақтың сөзін ұстаған, халықтың атынан сөйлейтін ақындар болған жоқ. Бұлар қанша тілге шебер болса да, тақырып, идея жағынан өздерінен бір ғасыр бұрынғы Бұхардан кейін тұрды, оның деңгейіне маңайлаған жоқ. Бұлар XIX ғасырдың бірінші жартысы мен орта тұсындағы Жанак, Сарыбай, Түбек, Орынбай, Шөже, Құлмамбет, т.б. сияқты ақындар еді.

Бұл кәсіпқой ақындардың ішінде түрікше хат таныған бір бөлек сауатты ақындар да болды. Олардың қайсыбірі «Мың бір түн» аңыз-әңгімелерінен, көне ерлік дастандардан қазақ тыңдаушыларына лайықтап, жаңа дастандар жазды, қайсыбірі (әсіресе, қиссашыл молдалар) көне түркі я Қазан татарлары тілінде жазылған діни қиссаларды қазақ тіліне жақын үлгіде жазып таратушылар болды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында жазылып, қазақ даласына тараған «Боз жігіт», «Сәйпұл – Мәлік», «Сақып – Жамал», «Ақсақ Темір хан», т.б. кітап өлеңдерді ақындардың осы тобы мен молдалар жазды.

В.В. Радлов бастырған «Боз жігіт» қиссасының кіріспесінде: «Опы (Уфа) шәріна барғанда «Боз жігіт» кітапты бір қатар көрүп едім... Бу кітап жақсы жазылған еді, жыры көп жоқ екен... Бу кітап жазарға бізге қиын болды. Өзүмүздің көңіліміз қайғылы күнде бу «Боз жігіт» кітапты мың сегіз жүз қырқ екінші жылда жазып едік. Әуелі жазғанда қиса деп жаздық: сөзін жазып жырлап едік, шәкірттеріміз «Боз жігіт» кітапты бәрін әніменен жазылса деген себепта бәрі сөзін әніменен жаздық» [40], – деген мәлімет бар.

В.В. Радлов өзінің жинағына енген өлеңдердің бәрін («Ер Тарғын» мен «Ер Сайын» жырынан басқасын) қазақ даласының шығыс бөлегінен, әсіресе, Семей, Қапал төңірегінен, Верный (қазіргі Алматы) бекінісі мен Бұхтарма өзені бойынан жинадым [40], – дейді.

Бұл көне сюжеттерді қайта жырлау дәстүрі әрі оның қазақ даласына соншалық күшті тарауы қазақтың өлеңқұмар мінезіне де байланысты болды. Бұл салттың дағдылы машыққа айналғаны сонша, Жанақ сияқты айтыс ақындары XIX ғасырдың бірінші жартысында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын өлең үлгісінде қайта жырлап шықты [19, 200-б.].

Бұл дәуір ақындарының енді бір тобы екі ақындық мектептің қатар өкілі болды: олар әрі айтысқа түсіп, айтыс ақындарына тән машықпен өлеңді суырып салып табан астында ауызша шығарып отырды, әрі олар өлеңді жазып та шығарды. Заман жайлы жаңа толғаулар жазды. Айтыста олар Жанақ, Түбек, Орынбай сияқты мақтау өлең иелері, ал заман жайындағы толғауларында мүлде бөлек тұрпатты ақындар болды. Дулаттың соңын ала шыққан Шортанбай осы сипатты ақындардың басты өкілі (В.В. Радлов өткен ғасырдың 60-жылдары соңында Шортанбайдың «Зар заман», «Заман ақыр» деген 800 жолдай толғау өлеңін ел ішінен жинап, 1870 жылы бастырып шығарды) [41, 714-724-бб.].

Сөйтіп, XIX ғасырдың орта тұсындағы қазақ поэзиясы әрі оның шығарушылары жайлы мынаны айтуға болар еді: біріншіден, би-ақындар болды, олар байырғы дәстүрмен, үлгімен тақпақ сөздер, мақалды сөздер жасады; екінші, сарай ақындары болды, олар мақтау жырлар жаратты; үшінші, айтыс ақындары болды, олар мақтау өлеңдер мен айтыс өлеңдерді шығарды; төртінші, шығыс әдебиетіндегі ғашықтар жайлы сюжеттерді (әрі қиссаларды) қайта жаңғыртып жазатын кәсіпқой ақындар болды, олар жыр, өлең үлгісіндегі ғашықтық дастандарды туғызды; бесінші, дін ислам өкілдері жайлы шығармалардан сюжет алып, өлең үлгісінде қисса жазатын молда-ақындар болды; алтыншы, әрі айтысқа түсетін, әрі ауызша да, жазба түрде де толғау-жыр шығаратын ақындардың жаңа тобы көрінді.

Дулат – соңғы алтыншы топқа жақын, бірақ олардан көп бөлектігі бар ақын.

Дулат, біріншіден, Бұхар үлгісіндегі жырау. Ол дағы Бұхар сияқты өз заманының ханы, сұлтаны Барақ жанында болды. Оның жырының бір бөлегі Бараққа, сол тұрғылас хан мен бекке арналды. Бұл толғауларында Байтоқтай мақтаушы емес, Абылай

әрекетіне қазылық еткен Бұхарша Барақтардың істеп отырған әрекетін, ұстап отырған бағытын сарапқа салып, өз көңіл қалауының кесік-үкімін айтты. Заман жайын, халық тағдырын толғады. Дулат Барақтарды мақтаушы сарай ақыны емес, өз заманының ақыны болды.

## ӘДЕБИЕТ

1. Гегель. Сочинения. Лекция по эстетике. М., 1958. Т.14.
2. Квятковский А. Поэтический словарь. М., 1966. С. 109.
3. Вахид Табризи. Джем-и мухтасар. Трактат о поэтике. М., 1959. С. 37-38.
4. Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие. Собр. соч.: В 5-ти т.
5. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Ч.3. Киргизские наречия. СПб., 1870.
6. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Алматы, 1964. 6-т.
7. Әуезов М. Қазақ халқының эпостары мен фольклоры // Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962. 75-76-бб.
8. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1958.
9. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1968. 1-т.
10. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиетінің мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960. 134-141-бб.
11. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1973. 138-б.
12. Қашғари Махмұд. Дивану-луғат-ит түрк. Ташкент, 1963. 3-т., 312-б.
13. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951. С. 63.
14. Қашғари Махмұд. Дивану., 1-т., 127-б.
15. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., 70-б.
16. Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965. 237-б.
17. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. С.231.
18. Гегель. Соч. Т.14. С.200.
19. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: В 5-ти т. Алма-Ата, 1961. Т.5.
20. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., 67-б.
21. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Тексты. СПб., 1898, Ч.2. С. 163-164.
22. Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры, 1170-папка. 780-б.
23. Березин И.Н. Турецкая хрестоматия. Казань, 1862. Т.2.

24. *Валиханов Ч.Ч.* Собр. соч.: В 5-ти т. Т.1. С. 191.
25. Сказание об Идиге и Туктамыс. – Записки Императорского Русского Географического общества по отделению этнографии. Приложение к т. 24. СПб., 1905.
26. *Әуезов М.* Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962. 29-б.
27. *Янушкевич А.* Күнделіктер мен хаттар. (Орыс тілінен аударған Мұқаш Сәрсекеев). Алматы, 1979. 198-б.
28. Жанақ пен Түбек // Айтыс. Алматы, 1965. 1-т., 72-б.
29. Шөже мен Кемпірбай // Айтыс. Алматы, 1965. 1-т., 78-б.
30. Шөже мен Балта // Айтыс. Алматы, 1965. 1-т., 93-б.
31. Тезекбай мен Шөже // Айтыс. Алматы, 1965. 1-т., 81-б.
32. Түбек пен Құлмамбет // Айтыс. 1-т., 148-б.
33. Тоғжан мен Орынбай // Айтыс. 1-т., 165-б.
34. Орынбай мен Арыстан // Айтыс. 1-т., 163-б.
35. Таң. №2, 1925.
36. Орынбай ақын өлеңдері // Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қоры. 472-папка.
37. Орынбай мен Арыстан// Айтыс. 1-т., 161-б.
38. Айтыс. 1-т., 72-б.
39. *Әуезов М.* Уақыт және әдебиет. 220-б.
40. *Радлов В.В.* Образцы... Ч.3. С.339-340.

## IV. ДУЛАТ ӨЛЕНДЕРІНІҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

### 1. Өлең композициясын талдаудың жанр мен стильге қатынасы

Өлеңнің композициясын талдау – оның ішкі жүйесін, өлшем-өрнегін, синтаксисін талдау ғана емес, оның жанрын, түрін тану үшін де негізгі кілт.

Дулат өлеңдерінің дені өлшем-өрнегі, құрылысы жағынан өзіне дейінгі поэзия үлгілерінен көп бөлек. Бірақ байырғы өлшем-өрнектер мен дулаттық өлшем-өрнектер арасында сондайлық кереғар тұрған айырым-алшақтық жоқ. Дулат не қазақ поэзиясында бір кезде болып, келе ұмытылып кеткен үлгі-өрнектерді жаңғыртып, жаңартып пайдаланады, не бұрыннан барды жетілтіп, дамытып пайдаланады.

Дулат өлеңдері өзінің композициялық құрылысы жағынан ірі-ірі үш топқа бөлінеді. Олар: терме өлең; ұйқасты жолы мен синтаксистік құрылысы сәйкес келетін шумақты өлең; ішкі шумақты ұйқасы әрі шумақаралық ұйқасы бар ұйқасы тұтас өлең. Әрине, бұл бөлу де шартты. Өйткені Дулат өз өлеңдерінде әртүрлі өлшем-өрнекті қатар қолданудан тартынбаған. Бір өлеңде кейде бірнеше өлшем-өрнек үлгісі қатар жүреді.

Әрине, өлеңнің композициялық құрылысына қарай жіктеу өлеңнің ту баста ауызша я жазбаша туғандығын анықтауды да сырт қалдыра алмайды. Мұның өзі қазақ филологиясындағы өте бір даулы, әлі жүйелі зерттеу арқылы шешімін таппаған мәселе.

Қазақ поэзиясында суырып салып айтатын өлеңнің екі түрі бар: бірі арнау өлеңдер де, екіншісі өсиет-үгіт, үлгі-мысал ретінде айтылатын, өзінің дайын м о д е л і бар терме өлеңдер.

Шаршы топ алдында, алқалы кеңесті отырыс үстінде ақын көбіне осы екі түрінде өлең шығарып айтқан. Өйткені ақын үшін де, тыңдаушы үшін де ортақ шарт, дәстүр бар. Ол – ұйқасқа

құл боп, өлшем-өрнекті табуда әлсіздік жасап, ойда дарынсыздық қып мүдіруді қаламайтын салт-дәстүр. Ақын осы сын таразысында мүдірмеу үшін бұрын бар дайын үлгіге сүйенеді. Олар бұрын дайын үлгіні ғана пайдаланып қоймайды, осы үлгі аясында туған сөздерді де қоса пайдаланады. Я оларды тілге тиек етеді, ойға өткелек жасайды, я соларға сарындас ой желісін тарата айтады. Бұған үлкен ақындық дарын керек емес.

Ал арнау өлеңдер үшін бұрын бар үлгі-модель жарамсыз. Арналатын сөз сарыны, қозғалатын тақырып, ақынның өз көзқарасы, идеясы, т.б.– бәр-бәрісі дайын өлшемге сыймайды, ол үлгілер бұл ретте жарамсыз. Ақын көңілде түйюлі жүрген пікірін я алқа топ көңіл күйі қалауын негіз етеді де, «уа!» деп бастап кетеді. Ақын ендігі жерде осы сөз сарынының тұтқыны....

Дулат, біріншіден, осы ақындық мектептің өкілі. Ол өлең-жырды табан астында ауызша айтып жіберетін суырыпсалма ақын, ақпа ақын, төкпе ақын: барды, жағдайды, айналаны, жұрттың ішкі әлемін – әлі сыртқа көрініске шығып болмаған ой-пікір, мінез ұшын көз ілескісіз сәтте шолып та, шалып та, түйіп те, айтып та үлгіретін, шалымы мен алымы, түйюі мен айтуы қат-қабат түйдек келетін жойқын шабыт иесі. Оның «Барак төреге», «Сүлейменге», «Кеңесбайға», «Ешенге» деген, т.б. өлеңдері осы жолмен, осы әдіспен, осы жағдайда туған.

Әрине, бұл жолмен туған өлеңнің өлшемі екінші мәселе. Біріншіден, суырыпсалма ақын – айтқаны жадында қалып, қайта жаңғыртып айта алатын күйма құлақ ақын да. Әдетте ауызша туған жырдың ең бірінші сақтаушысы – сол жыр шығарушы жыраудың, ақынның өзі. Жоғалтып алмау үшін, ұмытып қалмау үшін олар табанда туған жырды арасын суытпай қайыра еске алып, өзі жат алған өзге жырау сөзіндей еске қалдырып, көңілге ұялатып отырған, өз сөзін өз репертуарына қосып отырған. Тек сөздік, тілдік материалын түзей, жетілте жаңғыртып отырған. Себебі сөз жиында, көп алдында біреулерге арналғандықтан, жырдың қалай айтылғанынан, не айтылғанынан хабардар, куә топ болатындықтан, ол жырды көп өзгертуге ақынның құқығы бола бермеген. Өзгертіп айту қиянаттай көрінген. Бұлардың сыртында әрбір ата жыраудың, аға ақынның қасында бата алып, жолын қуған шәкірттері болған. Олардың қағып алғыш, көкейге тоқығыш,

көкірекке түйгіш, жат алғыш ерен қабілеті болған. Олар ұстаз сөзін жат алып, өзіне қайыра айтып беру арқылы қалып қойған жерін толтырған, босаң туған тұсын ширатып, соңғы редакциясын жасатып алатын болған. Жырау сөзінің осы редакциясы әлгі шәкірт айтуымен былайғы көпке тарап отырған, ауыздан ауызға көшіп отырған.

Әрине, арнау өлеңдер белгілі бір орта, жағдай, т.б. көп себептер, әсерлер негізінде туғандықтан, арнау сөзде «сен» әрі «мен» деген айқын жік болатындықтан, кейінгі айтушының редакциялап, қосып айтуына, ұлғайтып, кеңейтіп айтуына ешқандай мүмкіндік аясы жоқ. Сондықтан бұл сөздерде қалып қойған, ұмытылған жолдары болуы толық ықтимал, ал жамау сөз, қоспа сөз жоқ.

Ақынның енді бір топ өлеңі – жалпақ жұртқа бірдей арналған, тыңдаушының, оқушының бәріне ортақ өлеңдер.

Ұлы ақын Абай өлеңін «тыңдаушысы ұғымсыз» болғанын, «сөзіне еретін еш адам таба алмағанын» торыға айтып, өзімен-өзі болатын, өзімен-өзі сөйлесетін, өзіне-өзі айтатын, оқушысымен, тыңдаушысымен ойша қатынаста болып, тыңдаушы алқа топ орнына сөзін қағазға түсіре күңіренетін сәттерге түседі.

Әзелде тәңірім сорлы етті,  
Арсыз ел мені әуре етті.  
Жалғыз үйде күңіrentті,  
Тағдырға білдік көнгенді, –

деп жалғыз отырып, күңірене жыр жазады. Дулат та осы күйге түсіп, өзін толғантқан жай тілге оралғанда, оны ағыл-тегіл төгіп айтып салуға орта таппай, өлең сөзі өзгеше құралмен сыртқа шығады. Тыңдаушы жұрт үшін сөз жаратудың өз үлгісі бар, ал мынадай өзімен-өзі боп сөзін өзінен алыс отырған (бірақ ойында, алдында тұрған) тыңдаушыға арнағанда ақында өзгеше бір талап туады. Ол – ең әуелі өлеңнің өлшем-өрнегін, яғни қалыбын ойлау, соны табу. Өлең сөзді осы қалып-модельде жарату.

Әрине, «қуатты ойдан бас құрап», «уәзінге өлшеп тізілген», «еркеленіп шыққан сөздің» қалам арқылы қағазға түскен суреті – сөз суреті сия қаламның түзетуіне, яғни мүсіншінің мүсін жасаудағы, суретшінің кескін жасаудағы құралы қыл мен қашаудың орындаушылық қызметіне ұқсас түзетуіне, сөз жоқ, ұшырамақ. Бұл сәтте Базар жырау айтқан:

Қарқыным қатты келгенде,  
 Аңдамай қалад ақылым  
 Қай сөзімнің дүзігін [1], –

деген жағдайға орын жоқ. Шын дарынға, төкпе ақындыққа тән-дікпен:

Көңілім жошып сайраса,  
 Көкірек қабы тарылып,  
 Ретімен шығарған  
 Сөз сыймайды кернеліп [1, 245-6.],

дегендей күйдегі сәтте қалам өз қызметін атқарады.

Тілім, саған айтайын,  
 Осы сөздің келісін тап.  
 Қолым, сені қайтейін

Қаламды тұрдың қатты ұстап [2], –

дегендей, сөз таңбаланып, жазылып шығады. Таңба – формаға кезегімен, ретімен түседі. Қалам-бюрократ өз әрекет-қабілетінен артық қимылға түспейді. Мұнымен ол дарынды, дарынның төкпе әрекетін өз әрекет өлшеміне сап тізгіндейді, дарын суынып, өлшемге бағынады. Өлшем, форма үстемдігі туады. Формашылдық үстем алады. Осыдан келіп, форма қуалау, формалар табу сияқты жаңа ақындық қызмет өрісі басталады. Қағазға түскен сөз суретінде үлгілік, сурет формасымен көзге ұру, материал ретінде қолдан-қолға өту, ұрпақтан-ұрпаққа өз формасында мұраға ауысу кезеңі туады.

Дулат қаламды қолға алып, сөзін жазып шығарып, өлең сөздегі осы формашылдық дәуірді бастады.

Бірақ жазу өлең сөздің жаңа түрін, формасын бірден жасаған жоқ. Көпке дейін жазу атты тәсіл-құрал көне үлгіде, бұрыннан бар өлең түрінде сөз жаратып келді. Форма, модель-үлгі біреу болды да, құрал әртүрлі болды. Сөйтіп ауызша туған сөз үлгісі мен жазбаша туған сөз үлгісінің ара-жігі айқын көрінбейді. Ол ғана ма, байырғы кезде ауызша поэзия жасалған түрде өлеңді жазып шығару келе-келе дәстүрге айналды да, ол енді келіп, керісінше, өзіне дейінгі ауызша поэзия үлгілеріне «жазба» сипат «берді». Мұның өзі кейін көптеген сөз-формалардың қай құралда ауызша не жазбаша жасалғанын айыруға мүмкіндік бермеді...

Осы дәстүр мен машықты айқынырақ көру үшін сол дәуірдің ақындарына сөз берейік. Атақты Майлықожа:



Етпекке кеңес келелі  
 Азырақ сөйлеп берелі.  
 Бақ пен дәулет тең емес,  
 Адамның толар кемелі.  
 Кімдерге бұғау салмаған  
 Дүниенің асау белеңі, –

деп келетін терме толғауының басы былай басталады:

Әлемге толса көкірек,  
 Ашылар көзі сананың.  
 Құлақ салсаң, жақсылар,  
 Азырақ сөзді жазамын.  
 Көрейін мен де толғанып,  
 Келгенінше шаманың.  
 Дүбірге қызған жүйріктей  
 Қызып тұр менің табаным [1].

Ал Нұржан Наушабаевтың «Неше фасыл, неше бап» деп басталатын (бастау сөздерінің өзі көп нәрсе аңғартады) термелі толғауы мына сипаттас:

Лашынды құс деме,  
 Қуа түсіп, жарық беріп,  
 Табанда сұңқар ілмеген.  
 Жаманды әр кез дос деме,  
 Жұмысың түссе, теріс қарап,  
 Қадірінді білмеген  
 Ғұмырды зайық өткізер,  
 Еш істен фәһім ала алмай  
 Дүниені жүріп көрмеген...  
 Адасқан адам жол таппас.  
 Қырсықты жігіт мал таппас.  
 Өзі білмей білем деп,  
 Үйден шыққан жөн таппас.  
 Ер зарығып налымай,  
 Дәулет пен бақыт тез таппас.

Ал дәл осы толғаудың келесі бір жерінде ақын өлең жолдарын ауызша поэзия машығымен қағазға түсіреді:

Жүгіресің, қаламым,  
 Қағазға салсам тоқтамай,

Бір нақыл сөз көрсетші  
 Өзіңді-өзің мақтамай,  
 Дауыс шығып күңіреніп,  
 Атылмас мылтық о қ т а м а й .  
 Ала қаптың аузын аш,  
 Ішіңе жиып сақтамай [1, 399-402-бб.].

Міне, Нұржан толғауының осы соңғы жолдары Дулаттың «Сүлейменге» деген толғауының өлең жолдарымен бар жағынан да бір сипаттас:

Қаршығаны қайырма,  
 Қалыңға салса б а т п а с а .  
 Мергенге мылтық кезетпе,  
 Атқан оғы айнымай,  
 Түтінін үзбей а т п а с а .  
 Досым деме досыңды,  
 Күле кіріп кіргенде,  
 Күңірене есік а т т а с а <sup>1</sup>.

Бір көңіл бөлетін жай: Дулат Майлықожа мен Нұржанша өлеңінде «қалам», «қағаз», «жазу» деген сөздерді қолданбайды. Әрине, өлеңнің қалай тууын бұл сөздердің қолданылуы я қолданбауы белгілемейді, оны өлеңнің композициялық-синтаксистік құрылысы белгілейді. Дулат та өлеңдерін Майлықожа, Нұржан сияқты терме үлгісінде де әрі ұйқас жігі шумаққа құрылған, шумақты өлең үлгісінде де жазып шығарған.

## 2. Дулаттың өлең түрлерін табуы

Дулат өзі көтерген, сөз еткен тақырыбымен ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ақындарынан қаншалықты оқшау, дара тұрса, өлеңдеріне тән өлшем үлгілерімен де өз кезінің поэзиясынан соншалықты ерекшеленіп тұрады.

Дулат өлеңдеріне тән өлшем-өрнектердің қайсыбірі кісіні өте көне дәуірге жетелесе, ал енді бір парасы Абай өлеңдерінің өлшем-өрнектеріне әкеледі.

<sup>1</sup> Ескерту: Дулат өлеңдері Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында 1302-нөмірлі папкада сақтаулы. Біз келтіріп отыратын өлеңдердің бәрі де осы папкадағы өлеңдер. Сондықтан келесі беттерде Дулат өлеңдері сілтемесіз беріліп отырады. – Қ.Ө.

Көне тарихқа барсақ, XI ғасырдағы түріктердің ауызша және жазбаша поэзиясында екеуіне төл-ортақ: *аааб – әәәб – вввб...* – түрінде ұйқас құрайтын 7–8 буынды өлең үлгісі болды. Айталық, М. Қашғаридың «Сөздігінде» мынадай өлең-жыр үлгісі бар:

Йай барубан е р к ү з і ,  
 Ақты ақын м у н д у з ы  
 Тоғды йаруғ й у л д у з ы ,  
 Тыңла сөзүм күлкүсүз.  
 Түрлүк чечек й а р ы л д ы ,  
 Барчын йазым к е р і л д і ,  
 Ужмақ йері к ө р ү л д і ,  
 Тумлуғ йана к е л г ү с ү з [3].

Бұл үзіндіде ұйқас құрайтын сөз негізгі емес, ұйқас негізгі: бір шумақта бастауыш сөз ұйқас құраса, екінші шумақта баяндауыш сөз ұйқас құрап тұр. Ұйқас үшін сөз тандауда еріктілік бар, бірақ ұйқас түрін сақтау шарт.

Міне, XI ғасыр өлеңіне тән өлшем-үлгі өзінің бар осы ерекшелігімен XIX ғасырда Дулат өлеңдерінде қайталайды:

Атаны бала а л д а д ы ,  
 Шешеге назар с а л м а д ы ,  
 Теңгерер жақсы қ а л м а д ы  
 Қысқа менен ұзынды.  
 Мәстек озып бәйге алды,  
 Тайынша бұл боп, тай қалды,  
 Бағасыз қыран ж а й қ а л д ы ,  
 Достықтың қылы үзілді.

Қазақтың ауызша поэзиясы XI ғасырға тән бұл сияқты **шумақаралық желі ұйқасты өлең** түрін жыр үлгісіне көшу (шумақ жігін шұбыртпалы, үдетпелі ұйқас кегізінде бұзу) арқылы өте ертеде салттан шығарған. Бұл өзгеріс жөнінде бір ғана болжам жасауға болады: X–XI ғасырлардан қалған поэзиядағы *аааә – бббә...* түріндегі тұрақты шумақтық ұйқас өлеңнің айтылу интонациясына, ырғағына, оларға тән желіге өзгеріс ену арқылы шамамен *аааә – бббә – гггә > ааааә < > ббә//бә – гггә < > ггә/гә...* түрінде дамыды да, кейінгі шумақтардың жолы азаю я көбею арқылы төрт жолды тұрақты шумақтың жігі бұзылды.

Енді өлең шумақпен жіктелмей, ұйқаспен жіктелетін болды. Ойды айту төрт жолды шумақ талабымен шектелмей, ақындар-

дың ұйқасты жол құрау қабілетіне қатысты болды. Сөйтіп желі ұйқастардың арасындағы ішкі ұйқасты жолдар сан жағынан тұрақсызданды. Кейде ішкі ұйқастардың өзі екінші сатыда тағы қайталап, желі ұйқасы ғана емес, ішкі ұйқасы да қайталама ұйқасты өлең-жыр түрлері туды. Енді шумақаралық желілі ұйқас орнына түйдекшілік желілі (сатылды) ұйқас пайда болды. Түйдек (тирада) тармақты өлең-жыр түрі келіп шықты. Қазақтың жыр үлгісіндегі толғау, тақпақ (терме), сарын, жоқтау, жылау жырларының бәрі ұйқасы жағынан осы түрде туды.

Үлгі – ортақ, ал бір үлгідегі өлең-жырды ауызша, жазбаша деп бөлуде басты-басты меже-шек не?

Проф. З. Ахметов жыр үлгілес туындылардың жанр жағынан жіктелуін көрсетіп былай дейді: «Ауыз әдебиетімізде жыр өлшемі қолданылған шығармалардың қай-қайсысын да жыр деп атаған болу керек. Кейінгі кезде, соның ішінде қазіргі әдебиетімізде лирикалық өлеңдердің жанрлық сипаты өзгеше болғандықтан, жыр өлшемімен жазылса да, жыр деп аталмайды. Қазіргі әдебиетте жыр деген сөз, өлең деген сөз сияқты, көбінесе лирикалық поэзияға жататын шығармалардың жалпылама атауы ретінде. Лирикалық туындылардың барлық түрлерін де өлең, жыр деп атай береміз» [4].

Бұл жерде «жыр өлшемі» дегенде буын саны ескеріліп отыр. Болмаса осы 7–8 буынды өлшем қазақтың байырғы ауызша поэзиясында да бірнеше лирикалық жанрға қызмет еткен. Ал жанр бір жағы тақырып, мазмұн, бір жағы буын өлшемі, ырғағы, ұйқас түрі, тармақтың (өлең жолының) белгілі мөлшердегі жік-тобы (тармақтың көлем аясы) дегендердің бірде онысы, бірде мұнысы негізгі болумен белгіленбек.

«Жыр өлшемімен жазылған жанрлық сипаты өзгеше лирикалық өлеңдер» дегенді анық тану үшін Абайдың біраз өлеңдеріне аналогия жасау керек болады.

## I

1. Берекелі// болса ел – 1
2. Жағасы жайлау// ол бір көл 2
3. Жапырағы/ жайқалып, 3
- (3) Бұлғақтайды// соқса жел 4

4. Жан-жағынан// күркіреп 5  
 (4) Құйып жатса// аққан сел 6  
 5. Оның малы/ өзгеден 7  
 (5) Өзгеше боп/ өсер тел [5]. 8

## II

1. Келдік талай **жерге енді** 1  
 2. Кіруге-ақ қалдық **көрге енді** 2  
 3. Қызыл тілім б у ы н с ы з, 3  
 4. Сөзімде жаз бар шыбынсыз, 4  
 5. Тыңдаушымды ұғымсыз 5  
 (5). Қылып тәңірім **берген-ді** 6  
 6. Осы жасқа **келгенше,** 7  
 7. Өршеленіп **өлгенше,** 8  
 8. Таба алмадың еш адам, 9  
 (8). Біздің сөзге ергенді. 10  
 9. Өмірдің өрін *тауысып,* 11  
 10. Білімсізбен *алысып,* 12  
 11. Шықтық міне белге енді 13 [5, 117-б.].

Міне, Абайдың осы екі өлеңі де 7–8 буынды жыр үлгісінде жазылған: бірінші өлең – ауызша поэзияға тән дидактикалық толғау үлгісінде; екінші өлең – элегиялы толғау үлгісінде. Алғашқы өлең ұйқас түрі жағынан да жақын. Тармақ тастап барып ұйқас құрайтын өлең. Екінші өлең – ұйқас түрі жағынан бөлек: ішкі ұйқасты тармақтар аралық желілі ұйқас жолдары бар өлең. Бұл желілі ұйқас жігінен өлеңді шумаққа (я бөлікке) жіктей, даралай бөлуге бола ма, жоқ па? Желілі ұйқас жолдардың осылай берілуі өлең өлшем-өрнегінің қай атауымен атауды қалайды? Бұлар өз алдына мәселе. Араб-парсы өлең теориясында буын саны бірдейлігіне қарамай, ұйқасты жолдардың сипатына қарай өлеңді жіктеуі еске аларлық жай.

Дулат – жыршыны, өлең-жырды жіктеп қараған бірінші ақын.  
 Ол:

*Жырымды* менің сұрасаң,  
 Сары алтынның буынан, –  
 деп, өз сөздерін «жыр» деп атай отырып,  
 Менің айтқан бұл *сөзім,* –

Саналы болса ой көзің, –  
 Өлең емес, жыр емес,  
 Құнсыз сөздің бірі емес,  
 Басына түссе білерсің, –

деп, өзіне дейінгі, өз кезіндегі «өлең», «жыр» деп жүргендерден бөліп, *Сөз* деп атайды. Тегінде, осылай деген Дулат та, ал:

Мен жазбаймын *өлеңді* ермек үшін,  
 Жоқ-барды, ертегіні термек үшін...  
 Шу дегенде құлағың тосаңсиды,  
 Өскен соң мұндай сөзді бұрын білмей, –

деген Абай да; бір нысанадан, бір талап тұғырынан келіп, зор мән беріп отыр. Бұл екі ақын да поэзияның арқалаған жүгін, міндетін, қызметін, сонымен қатар ондағы нысаналы ой-пікірге ие мазмұнды, көр-жер, жоқтан-бар жайды емес, өмір қажеттігі туғызған, айтқызған тақырыпты ескеріп отырса керек. Және де осылардың бәрін айта білген орамды тілді, қоспасы жоқ, әсіре қызылы жоқ сөзді айтып отырса керек. Абайдың жыр үлгісіндегі жоғарғы өлеңдерін ауызша поэзияға тән жырлардан айырып тұрған да осылар. Дулат өз жыры туралы:

Шашудай болып шашырап  
 Меруерттей асыл сөз деген.  
 Жыршылардың шайыры  
 Асыл сөзді еzbеген.  
 Нысананы дәл атып,  
 Қалаған жерден көздеген, –

деп суреттей, бағалай отырып, «нысанасы» не екенін:

Қайырсыз сараң малынды,  
 Еріншек есек жарыңды,  
 Халыққа емес сыйымды  
 Парақор, баспақ биіңді,  
 Ел бүлдіргіш бегіңді  
 Улы тілмен улаттым.  
 Сана беріп ойына,  
 Қуат беріп бойына,  
 Аққан жасы сел болған,  
 Етегі толы көл болған,  
 Беріш боп шері байланған

Ұйқы беріп, қайғы алған

Қайғылыны уаттым, –

деп атап айтады. Дулат өлеңдерін өзіне дейінгі және өз тұсындағы ауызша поэзия үлгілерінен айырып тұрған да олардың осылай а й т ы л у ы еді.

Дулат көтерген тақырыбы меп ұстанған идеясында ғана ауызша поэзиядан бөлектеніп қоймаған, өлең түрі мен сөз саптауында да одан іргесін таза айырып, біржола қол үзген. Ол туындыларын жыр үлгісінде әрі айтып шығара, әрі жазып шығара отырып, «кейінгі кезде оның ішінде қазіргі әдебиетімізде лирикалық өлеңдердің жанрлық сипаты өзгеше болғандықтан, жыр өлшемінен жазылса да жыр деп атамайды» деген анықтамаға ие өлеңді – «жыр деп аталмайтын», «жанрлық сипаты өзгеше лирикалық өлеңді» жасаған ақын. Бұл тұста жұрттың құлағы әбден қанық боп, көзі жете үйренген, ақылы нанып, күдіксіз иланған Абай өлеңдеріне аналогия жасау бірден-бір әрі төте, әрі көрнекі, әрі беделді тірек болмақ.

Ұлы ақын Абайдың өзінің жағымсыз кейіпкері атынан айта-тын «Болыс болдым мінеки» деген өлеңі бар.

- 1 Болыс болдым/ мінеки,
- 2 Бар малымды/ шығындап,
- 3 Түйеде қом,/ атта май
- 4 Қалмады елге/ тығындап.
- 5 Сүйтсе дағы/елімді
- 6 Ұстай алмадым/ мығымдап.
- 7 Күштілерім/ сөз айтса,
- 8 Бас изеймін/ шыбындап.
- 9 Әлсіздің сөзін/ салғыртсып,
- 10 Шала ұғамын/ қырындап...
- 15 Жай жүргенде/ бір күні
- 16 Атшабар келді лепілдеп:
- 17 «Ояз шықты,/ сыяз бар»,
- 18 «Ылау» деп, «үй» деп/ дікілдеп.
- 19 Сасып қалдым,/ күн тығыз,
- 20 Жүрек кетті/ лүпілдеп.
- 21 Тың тұяқ күнім/ сүйтсе де,
- 22 Қарбаңдадым/ өкімдеп.

- 23 Старшын, биді/ жиғыздым;  
 24 «Береке қыл» деп «бекін» деп,  
 25 Ат жарамды/ үй жақсы  
 26 Болсын, бәрін/ «күтін» деп.  
 27 Қайраттанып/ халқыма  
 28 Сөз айтып жүрмін/ күнілдеп:  
 29 «Құдай косса/ жұртымның  
 30 Ақтармын осы жол/ сүтін» деп...

- .....  
 85 Антұрғанмын/ өзім де,  
 86 Бір мінезбен/ өтпеймін.  
 87 Момындық/ күшті/ екенін  
 88 Көрсем дағы,/ күтпеймін.  
 89 Сыздан соң елімді  
 90 Қысып алып/ кетпеймін.  
 91 Әуелде к... / бос кәпір,  
 92 Мықтыға неғып/ беттеймін?  
 93 Жуанды қойып,/ жуасты  
 94 Біраз ғана/ шеттеймін...  
 136 Бұрынғыдай дәурен жоқ,  
 138 Ұлық жолы/ тарайды.

- .....  
 146 Көрмей тұрып/ құсамын  
 147 Темір көзді/ сарайды [5, 79-82-бб.].

Өлең жеті түйдектен тұрады, ал әр түйдек ұйқас жағынан бөлек-бөлек, тармақ тастап барып ұйқасып отырады, келесі түйдек өзге ұйқасқа құрылады. Әр түйдекте бірнеше желілі, сабақтас ой бар, тектес, сипаттас әрекет суреті бар. Өлең 7–8 буынды боп келеді. Екі бунақты бұл өлеңнің бірінші бунағы көбіне 4 буынды, сирек те болса, кейде 5 буынды боп келеді. Ал екінші бунақ үнемі 3 буынды.

Дулатта да өзінің жағымсыз кейіпкері атынан мақтау өлең айтып, «әр елден қайыр тілеген» ақын атынан айтылатын, – өзін-өзіне сыната, мінін мойындата отырып айтылатын өлең бар. Осы өлеңде сынау да, сынату тәсілі де жаңа.

Сөзім бар да, көзім жоқ,  
 Көзім жоқ деп жатпадым;



Би мен бекті жақтадым.  
Бай-мырзаны мақтадым,  
Бәйбішенің мойнына  
Жырдан алқа таққаным.  
Өсек болды баққаным,  
Момынға құрған қақпаным.  
Өсекші тәңірі дұшпаны,  
Күнәмді қалай ақтадым;  
Аз нәрсеге ант ішіп,  
Аруақты аттадым.  
Қылмыстыны қызықтап,  
(Маңдайынан сипадым)  
Қабағына қақпадым;  
– Бәріне мен кіріптар,  
Қайсы менің тапқаным?  
Біреудің отын үрледім,  
Өз отымды жақпадым.

Сонда дағы оңбадым,  
Көн шалбар түспей бұтымнан.  
Қыс болса тапшы қызылдан,  
Жаз болса шола жұтымнан.  
Алал сопы мен емес,  
Пірдің сөзін тұтынған.

Сәудегер сырттай қайтты өмір  
Құмар ойнап ұтылған.  
Меңіреу жұртқа ой қатты,  
Бұзауы өлген сиырдай.  
Ләпсі – төбет қабаған:  
Жемтік көрсе тұра ма  
Ырылдап танау жиырмай.  
Өзімнен-өзім қызғанып,  
Азын-аулақ жиғаным  
Өзіме де бұйырмай.  
Күнәм жойқын, тәубам аз,  
Тіршіліктен не таптым.

Дүние – жемтік, мен – төбет,  
 Соны бақпай, *не бақтым.*  
 Ырылдасып әркіммен  
 Не қапқыздым, *не қаптым.*

Өлең барынша сауатты: алғашқы үш шумақ пен соңғы алтыншы шумақ 6 тармақты боп келсе, ортадағы IV–V шумақ 8 тармақты боп келеді. Алғашқы үш шумақ ұйқасы бірдей, бір ғана түйдек. Ал соңғы үш шумақ әрқайсысы ұйқасы бөлек жеке-жеке шумақ. Әр шумақта біртүйін ой айтылып, ол ойлар өзара желілес, сабақтас боп келеді. Аяққы шумақта пікір түйіні, қорытынды ой айтылады.

Өлеңде ұйқас үшін, айтпақ ойға баспалдақ үшін көмекке алынған жанама тармақ я жеке сөз жоқ. Өлеңде бөтен сөз жоқ. Барынша бейнелі тіл, барынша мағыналық, тапқыр ойлылық, жанды сурет, тамаша дараланып айқын көрінген кейіпкер образы. Қазақ ішіндегі бірді бірге атыстырып, тас табақтай соғыстырып жүретін сан пысықтың мінезі, пиғылы, жамандық әрекеті толық көрінген. Бұл өлеңде элеуметтік тамыры тереңде жатқан келелі ой-пікір жатыр. Абайдың «Ойға түстім, толғандым» деген өлеңі мен Дулаттың осы өлеңі өзінің стилі, өлең жасау тәсілі, жалпы құрылысы, т.б. жағынан бір сипаттас.

Бойдағы мінді санасам,  
 Тау тасынан *аз емес.*  
 Жүрегімді байқасам,  
 Инедейін *таза емес.*  
 Аршып алып тастауға,  
 Апандағы *саз емес.*  
 Бәрі болды өзімнен,  
 Тәңірім салған *наз емес.*  
 Осынша ақымақ болғаным  
 Көрінгенге *қызықтым.*  
 Ғәділетті жүректің  
 Әділетін *бұзыптын.*  
 Ақыл менен білімнен  
 Әбден үміт *үзіппін;*  
 Айла менен амалды  
 Меруерттей *тізіппін;*

Жалмауыздай жаландап,  
 Ар, ұяттан күсіппін.  
 Қулық пенен сұмдыққа  
 Құладындай ұшыппын [5, 250-б.] ...

Осындай жасалу тәсілі, айту мотиві, сөз сарыны жағынан, тіпті танымы, көзқарасы жағынан да өте жақын тағы бір алуандас өлеңдер бар. Ол – «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Көжекбайға». Абай бұл шығармаларында елдің сорына біткен қу мен сұмның неше алуан жексұрын, жиренішті кескінін бейнелейді. Ұзақ жыр-өлеңнің бір тұсында ақын былай дейді:

Жат айбынар ісі жоқ,  
 Жау айдынар күші жоқ,  
 Өз еркіне жіберсең,  
 Еш нәрсеге тоймайды.  
 Қалжыңы теріс, сөзі – ұрыс,  
 Айтқан сөзге көнбейді.  
 Өз тентегін көрмейді  
 Қазанбұзар бір қырыс.  
 Сондай кесел туысқан  
 Қай жерінен болады.  
 Көңілге медеу, ол тыныс?

Жалығуды пәледен  
 Жұрт ұмытты біржола.  
 Шыныменен тамам ел  
 Кете ме екен ит бола?  
 Ішкені мас, жеген тоқ,  
 Уайым айтар біреу жоқ,  
 Тым болмаса болмады.  
 «Бұлт ала, жер шола».

Келелі кеңес жоғалды,  
 Ел сыбырды қолға алды.  
 Ел ішінде бітімші  
 Түгел алып қайтпайды  
 Сұрай келген бір малды.  
 Ел жамаған билер жоқ,  
 Ел қыдырып сандалды.

Астыртын барып жолғасқан,  
Ақша беріп жалғасқан,  
Ақысын әрең сол алды.

Орыс сыяз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Қу старшын, аш билер  
Аз жүрегін жалғайды.  
Орыссыз жерде топ болса,  
Шақырған кісі бармайды.  
Бітім қылып бір кісі  
Адал малын алмайды.  
Қызығы кеткен е л б а ғ ы п ,  
Қисыны кеткен с ө з б а ғ ы п .  
Ендігі атқа мінгендер  
Күнде ертеңге талмайды.  
Бас қосылса а р ы с қ а  
Кім шабады намысқа?  
Жатқа қарар беті ж о қ ,  
Жалынбай тұрар к... ж о қ ,  
Ісі кетер ш а л ы с қ а [5, 117-б.].

Дулат та өз заманында дәл осы сарында «ел жақсыларын» жеріне жеткізе қатты мінеп-шенейді. Сонда ол «ел жақсыларының» қай мінезін, қай іс-әрекетін міні дейді? Қалай, қай нысанадан келіп айыптайды? Сынау тәсілі қайсы? – осының бәрінде Абайдың жоғарғы өлеңімен үндестік анық көрінеді. Дулат «Тырнақтай меңі болған соң» деген шығармасында былай дейді:

Айдынбас одан д ұ ш п а н ы ,  
Бейне албасты н ұ с қ а л ы ,  
Ел ішінде бопандай  
Аяздай боп қ ы с қ а н ы .  
Шет жауға қарсы тұралмай,  
Көтінен қорқып п ы с қ а н ы .  
Жатып ішер ж а л м а у ы з  
Борсық тұмсық қанды ауыз.  
Ұлық қылған, Құдай-ай  
Қазақтан шыққан кәпірді.

Туралыққа көшпеген,  
Өркендей өніп, өспеген,  
Қозы бұты, қой саны,  
Сабаздардың ақ қаны,  
Момындардың ақ малы  
Обал болды деспеген.  
Іліп салып езілтіп,  
Дау түйінін шешпеген.

Параны жұтқан кесектен,  
Түспей жатып төсектен,  
Жезден қарғы тағынған,...  
Би деп атау бердік-ау  
Үйінді тас молаға  
Шенділердің қылығы,  
Елге істеген былығы,  
Парақор би мен ұлығы  
Ұйықтасам кіріп түсіме,  
Өнімде қуат күшіме,  
Есерлердің ісінде,  
Азған елдің ішінде  
Дулат сынды сорлыда  
Ұйқы тыныштық **бола ма?**

Дулатта тақырыбы, сөз сарыны, стиль жағынан жоғарғы өлеңдерден бөліп алғысыз, бірақ өлеңнің құрылысы, өлшем-өрнегі жағынан бөлек бір өлең бар. Ол – «Қылжың, қалжақ туысқан». Осы өлең Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңін еске түсіреді. Осы өлең жайлы М. Әуезов былай дейді: «Бар өлең өзгеше бір ұйқаспен, жалғыз ұйқаспен берілген. Түр жағынан өзгешелік, тағы бір жаңалықпен байланысты. Мұнда тұрақты шумақ жоқ. Әуелі шумақ алты жолдан басталып, оның ең соңғы жолында берілген ұйқасқа кейінгі үш жолды, төрт жолды шумақтардың үйлес келген ұйқастары тізбектеледі. Өлеңнің аяғына шейін сондай үйлесімдер созыла барады. «Бергенді», «ергенді», «белге енді» «желгенді» деген сияқтылар болады [6]. Өлең мынау:

Келдік талай *жерге енді,*  
Кіруге-ақ қалдық *көрге енді.*

Қызыл тілім б у ы н с ы з ,  
 Сөзімде жаз бар ш ы б ы н с ы з ,  
 Тыңдаушымды ұ ғ ы м с ы з  
 Қылып тәңірім **бергенді**.  
 Осы жасқа *келгенше*,  
 Өршеленіп *өлгенше*,  
 Таба алмадың еш одан  
 Біздің сөзге **ергенді**  
 Өмірдің өрін *тауысып*,  
 Білімсізбен *алысып*,  
 Шықтық міне **белге енді** [5, 117-б.].

Дулат өлеңі де шумағы жағынан тұрақсыздығымен (шумақ жолы аз-көп боп келе беруімен), әр шумақтың ең соңғы жолындағы ұйқас пен келесі шумақтың соңғы жолындағы ұйқасы үйлесіп келуімен, яғни әрі *шумақіші ұйқасты* жолы, әрі *шумақ-аралық желілі ұйқасты* жолы бар ерекше өрнегімен М. Әуезов сипаттаған Абай өлеңіне өте ұқсас. Алғашқы шумақ – 11 жол, екінші шумақ – 8 жол, үшінші шумақ – 6 жол, төртінші шумақ – 8 жол, бесінші-сегізінші шумақтар – 5 жол, тоғызыншы шумақ – 10 жол, оныншы шумақ – 2 жол (тегі бұл шумақтың өзге алдыңғы жолдары ұмытылып қалуы), соңғы шумақ – 4 жол. Осы он бір шумақ өлең шумақаралық желілі ұйқаспен біріктіріліп, бастан-аяқ бір ұйқасқа құрылған.

Ағайын араз мал үшін,  
 Андысып алды **абысын**,  
 Жаттай болып **танысын**  
 Қазақтан мүлде *түңіліп*,  
 Артына қарай *үңіліп*,  
 Қайран талай **жыл өтті**.

Аңдығаны *жілік боп*,  
 Тілегені *бүлік боп*,  
 Момынды сорып *сүлік боп*,  
 Арам дауға келгенде  
 Жел жетпейтін *күлік боп*,  
 Қонақасы бермесе,  
 Ат-шапанға *ілік боп*,

Параны көздеп **би кетті**,  
Сөзден кетіп *п а т у а* ,  
Базынан жүрмей *т а т у ғ а* ,  
Аңдысып құда **сүйекпен**,  
Көтеріп тастап **иекпен**,  
Қадір-қасиет, **сый кетті**.

Ескіден қалған *бұрынғы*,  
Патуалы *ырымды*  
Адаспастай даңғыл жол,  
Қасым салған қасқа жол  
Шиырға салып **із кетті**.

Татуға өсек жүргізіп,  
Бәленің отын **өргізіп**,  
Қайран заман аман бол,  
Ер шөгіп, есер **ер жетті**.

Біріншіден, бұл екі өлең де бір жанрдағы өлең, лирикалық өлең. Алғашқы өлеңде көп наданның әрекеті, осы көпті жақсылық жолға, жарқын өмірге бұру мақсатында жалғыздың жүргізген күресі, бұл күресте сол жалғыздың тыюсызды тыя алмай, қисықты тезге сала алмай, жеңіліп барып түңілуі, өкінуі айтылады. Екінші өлеңде сол көп наданның жағымсыз мінезі, жөнсіз әрекеті атала отырып сыналады, береке-бірліктен қалып бара жатқан азған жұрт, әділеті, туралығы жоқ, бүлікші, жемшіл би мен бек, қырсыз ұл, үлгісіз қыз сыналады. Осы жұртқа үмітпен үңіле қараған талай жылдың босқа өткеніне өкініш айтылады. Бірінде күрес, күресте жеңіліс өкініші, бірінде барды сынау, жөнделмеске ызалы өкініш айтылады. Айырмасы осылар.

Екіншіден, тақырып та біреу, назарға ілінген жайлар да біреу, ол жайларға мағына беру, бағалау, қарау тұрғысы – бәрі де бірдей. Ол жайларды атау да, суреттеу де, яғни осы атап, суреттеуде тілдік материалдарды қолдану, пайдалану, жұмсау, қызметке жегу тәсілі де өте жақын.

Үшіншіден, тапқан, таңдаған өлең үлгісі, яғни өлшем-өрнектері, шумақ сипаты, ұйқас түрі өте жақын. Егер өлеңді киім деп алсақ, бұл екі өлең бірі – шапан, бірі – бешпент емес, екеуі

де бір киім. Ал пішімділігі, қонымдылығы, модысы, қымбат бұйымнан жасалатындығы ескерілсе, олар – бешпент, бешпент-өлең. Бешпенттің үлгі-моделі біреу ғана. Бешпент боп шығу үшін ол сол модель-үлгіде ғана тігілуі керек. Оның бойы, белі, етегі, етек пен белдің шығуы – өңірі, иығы, өңірдің шығуы; жағасы, жағаның көлемі, формасы, жатысы; жеңі, оның иық-қолтық тұсы мен ұшының арақатынасы – бәрі үйлесіп келуі тапқан үлгі бар. Осының біреуі шапанға тән пішімге ұқсап кетсе-ақ, бешпенттің сыны бұзылады. Міне, осы тұрғыдан келгенде, бұл екеуі екі бешпент: бірі молдау, кеңдеу пішілген, бірі ықшам, шақ пішілген.

Төртіншіден, мұндай күрделі үлгі-пішім мәдениеттіліктің, шеберліктің, тапқыштықтың, таңдампаздықтың, жасампаздықтың, зор таланттылықтың, үлгіліліктің тоғысқан нәтижесінде тұмақ. Дулатқа дейінгі қазақ поэзиясы – ауызша туған азаматтық поэзия мұндай шеберлікпен өзгеше қисындырылған күрделі үлгіні білген емес. Бұл – жаңа үлгі.

Бұл **жаңа үлгі** ақындықты кәсіп емес, өнер тұтынған; ол өнерді жетілту, кемелдендіру негізгі нысанасы болған; осы мақсат жолында ерінбей еңбектенуді, ізерлей ізденуді мұрат тұтқан, ақындықтың, өлең сөздің қоғамдық қызметін өте терең түсініп, зор бағалаған; әлеуметтік тартыстың үлкен бір құралы деп танып, сол құралмен күреске шығып, тартыс майданына түскен; тартыс-та жену үшін күрес құралын шындап, өткірлеп отырған; әр кез ұрымтал сәтке лайық қару жұмсау тәсілін жетілтіп отырған. Міне, осындай программасы бар, осы программамен жұмыс істеген жаңа үлгідегі ақын ғана таппақ. Осындай қару тапқан кісі ғана сонау заманда әлеуметтік тартыс майданында жападан жалғыз ерлік көрсете алмақ.

Өзі – ақын өзі, шабыты, ақындық құдіреті, жыры, жыр программасы – туралы айтқан өлеңінде Дулат жырау былай толғаған:

Тегімді менің с ұ р а с а ң ,  
 Қалың найман *нуынан*.  
 Жырымды менің с ұ р а с а ң ,  
 Сары алтынның буынан.  
 Сырымды менің с ұ р а с а ң ,  
 Тыманың тұнық *суынан*;  
 Кеудеме қайғы толған соң,  
 Тынық жырмен *жуынам*.



Сорғалаған нөсердей  
Жырын тыңда **Д у л а т т ы ң !**  
Тасқын судай а ғ ы з ы п ,  
Шербет балдай т а м ы з ы п ,  
Торқалы топыр *тойында,*  
Топ бас қосар *ойында,*  
Қасқа жайсаң алдында  
Топ жиынды **дулаттым!**  
Айдасаң алыс ж е р і м - д і ,  
Алсаң ащы т е р і м д і ,  
Өзіне-өзі с е н і м д і ,  
Тоят төс, салпы е р і н д і ,  
Топтан торай бермейтін  
Тұлпар аттай **қунақпын!**  
Қайырсыз сараң м а л ы ң д ы ,  
Еріншек есек *жарыңды*  
Халыққа емес *сыйымды.*  
Парақор баспақ *биіңді,*  
Ел бүлдіргіш *б е г і ң д і*  
Улы тілмен **улаттым!**  
Сана беріп о й ы н а ,  
Қуат беріп б о й ы н а ,  
Аққан жасы *сел болған,*  
Етегі толы *көл болған,*  
Беріш боп шері *байланған,*  
Ұйқы беріп *қайғы алған*  
Қайғылыны **уаттым!**  
Жырымды менің тыңдаған,  
Сөз ұғатын соңғы адам  
Тыңдаудан әсте тынбаған.  
Гауһардай дүрге бұлдаған,  
Сарқырап аққан ж ы л ғ а д а н  
Жыр арнасы **с у а т п ы н !**  
Сусағанды сулатып,  
Шаршағанды қ у н а т ы п ,  
Кезегенді т у р а а т ы п ,  
Жырыммен елді *жетелеп,*

Мойыс жерден төтелеп,  
Ағылайын а қ п а д а й ...

Осы үлгідегі ақындық та, ақындық тіл де, осы тілді ақындық бағалау да, қызметінің қандай болуын белгілеу де, сол қызметке жегу де әдебиеттің жетістігі.

### 3. Дулат өлеңдері тексінің композициялық-синтаксистік жіктелісі

**I. «Еспенбет» поэмасы.** Поэма тексіне композициялық-синтаксистік жіктеу жасау арқылы біз бірінші кезекте поэманың композициясын анықтаймыз. Композициялық-текстологиялық қалпын көрсетеміз. Мұнсыз поэма өлшем-өрнектерін талдау мүмкін емес. Өйткені поэма ақынның автографымен (өз қолжазбасымен) жетпей, кейін ауызша айту бойынша қағазға түсірілген. Ал қолжазбада поэма ешқандай аралық жік-таңбасыз тұтас берілген.

«Үш ғасыр жырлайды» деген кітапта поэма 12 жерден аралық жік-шекпен бөліп берген<sup>1</sup>. Бұлай бөлу – поэманы тарауға бөлу де, шумаққа бөлу де емес, поэма мазмұнын негізге алып, таза сюжет-тік жікке бөлу.

Поэма төрт бөлімнен тұрады: бірінші бөлім «Бет ашар» – 6 жол, екінші бөлім «Таныстыру» я «Кіріспе» – 38 жол; үшінші бөлім «Нағашы жұртында» – 187 жол; төртінші бөлім «Туған елде», «Соғыс» – 315 жол.

Беташар орнындағы бірінші бөлім – 6 жол өлең бастан-аяқ шұбыртпалы бір ұйқасқа құрылған:

Ер Еспенбет//к е ш е г і  
Ерекше ер//д е с е д і,  
Тіл біткеннің//ш е ш е н і,  
Топта бермес//е с е н і,  
Үлгі айтса//к ө ш е л і,  
Жауға шапса//к ө с е м і.

<sup>1</sup> Ескерту: Дулат өлеңдері Қазақ ССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында 1302-нөмірлі папкада сақтаулы. Біз келтіріп отыратын өлеңдердің бәрі де осы папкадағы өлеңдер. Сондықтан келесі беттерде Дулат өлеңдері сілтемесіз беріліп отырады. – Қ.Ө.

Ақын өзі кейіпкер етіп отырған ердің бір басында бар ерекше қасиеттерді осы алты жол өлеңде өте ықшам әрі дәл, әрі толық берген. Өлшем-өрнек жағынан да ерекше: кейінгі шумақтардан ала-бөтен, бірыңғай 7 буынды «Бунақ кестесі» де тұрақты: төрт буынды + үш буынды. Ұйқас та бөлекше: біріншіден, кеше... – десе – шеше... – есе – көше – көсе... түрінде буын әрі дыбыс жағынан соншалық үйлесімді; екіншіден, ұйқасты сөздер аяғындағы келген бірыңғай «і» дыбысы бір формаға тән емес; (кеше)-гі, (десе)-ді, (шешен)-і, (есе)-ні, (көше)-лі, (кө-сем)-і түріндегі әртүрлі форма. Мұндай құбылыс қазақ өлең ұйқасында өте сирек кездесетін шеберлік. Синтаксистік сипаты да бірізді: әр тармақ (алғашқы екі тармақ бірігіп) жеке-жеке тиянақты, тең, ұқсас құрылымды сөйлем. Фразеологизмді боп келетін афоризм сөз.

Поэманың таныстыру (кіріспе) бөлімі бұл алты жол өлеңнен бөлек ырғақ желісінде басталады. 38 жол өлең жеке-жеке ұйқас жігі, мағыналық жігі, ырғақ жігі, сөйлем жігі бар 7 шумақ (I шумақ – 6 жол; II шумақ – 9 жол; III шумақ – 4 жол; IV шумақ – 7 жол; V–VII шумақ 4 жолдан. Ұйқас:– а – а; а – а – а ... түрінде «аттамалы ұйқасқа» [4, 166-б.] не еркін ұйқасқа құрылған. Ал тақ жолды шумақтар не:–а–а – а; не:–а – а– а түрінде өзгеріп келе береді. Шумақтың жік үлгісін анық көру үшін V–VI шумақ қатарын келтірейік:

Еспембеттей ұрпағын  
 Өзі/жақсы көретін.  
 Маңдайынан иіскеп,  
 Батасын/ұдай беретін.  
 Жатса-тұрса Еспембет  
 Тұлпар/мінем//деуші еді.  
 Қару-сайман асынып,  
 Шепті/бұзам//деуші еді.

Бұл шумақтарда біріне-бірі қатыссыз екі ой айтылған: бірінде Ер Қосайдың Еспембетке деген көңілі айтылса, бірінде Еспембеттің арманды көңілі айтылған.

Ұйқас түрі де бөлек, ырғақ желісі де өзгеше. Яғни тармақ іші-сөздердің ырғақ жағынан бірігуі де өзгеше. Демек, осы бірігу өзгешелігі туғызған тіркесім сипаты да бөлек. В.М. Жирмунский

өлшем жағынан бір бүтін шумақ әрі синтаксистік жағынан, әрі тақырып бірлігі жағынан қатар аяқталған болады: ол нүктемен бітіп, өз алдына бөлек тиянақталған ойды білдіреді [7], – дейді.

Поэманың «Күндерде бір күн Еспембет» деп басталатын үшінші бөлімі (187 жол өлең) 42 шумақ. Бұл бөлімнің 24 шумағы төрт жолды; 8 шумағы алты жолды. Ал қалған шумақтар ара-тұра бес жолды, әрі сегіз, тоғыз, он жолды боп келеді. Шумақтардың арақатынасы екі сипатқа ие.

Жігерім болса/жетемде,  
Еліме барып//ұл болам.  
Жігерсіз болсам/жетесіз,  
Қойын бағып//құл болам.  
Жат елде жадап жүргенше  
Жалтаң көз боп//тірі боп.  
Кім ермейді соңымнан  
Көрнекке шықсам//ірі боп, –

түрінде дара шумаққа тән барша айырым-айырым белгілерімен бөлек-бөлек боп келсе, бірінде:

Сырыңды айт маған шөберем,  
Сұлу сүйгің келе ме?  
Сұңқар шүйгің келе ме?  
Айдынды ала ту алып  
Жауға тигің келе ме?  
Асусыз асқар асқақтап,  
Аңыратып асқың келе ме?  
Менменсіген дұшпанның  
Көңілін басқың келе ме? –

түрінде келеді. Бірақ бұлар бір ұйқасты тұтас-шумақ емес. Тек бұл екі шумақтың ұйқас құрауға қатысты тәсілдерінде ғана жартылай бірлік бар: келе ме? деген сөз қайталау тәсілі ортақ. Ал негізгі ұйқас 18-шумақта сүй (гің), шүй (гің), ти (гің) сөзінде де, 19-шумақта ас (қың), бас (қың) сөзінде. Бұлар әрі дыбыс үйлесімі, әрі буын сипаты жағынан бөлек-бөлек.

Поэманың «Атасына қош айтып, Еспембет ердің кеткені» – деп басталатын төртінші бөлімі (315 жол) 53 шумақ. Бұл бөлімнің 34 шумағы төрт жолды; 8 шумағы алты жолды; 4 шумақ бес

жолды. Ал Еспембет еліне келгенде жұрт қандай ойда болғанын айтар тұста (13 жол), найман елін сипаттауда (12 жол), Ақтамберді сияқты қарт батырды суреттеуде (10 жол), қалмақ пен қазақ қолының кездесуі тұсында (21 жол) ақын айтарын 4–5 жолды шумақ аясында қайырып барып, сабақтай, жалғай айтудан әдейі тартынады. Ақындық қуат бір сипатты өрнекпен тұтас картина жасауды қалайды. Ой-нақыштың тұтас формасын – бас-аяғы бар бір картинаны беруде кесте жібі үзбей жасалатын өрнек-сөйлем жол қанша керек болса, соны үзбей, тұтас, сарқа айтады. Бұл жерде шумақтың қалайда төрт я алты жолды болып келуі сияқты шарттан, қатал өлшем шарттан гөрі ойдың үзілмей тұтас айтылуы негізгі рөлге ие.

Дулат поэманы шумаққа құрылған өлең жолымен беруді мақсат еткен. Бірақ оның жол санын бәріне бірдей ортақ өлшем аясына құруды мақсат етпеген. Сонда негізгі басым шумақ түрі – төрт жолды шумақ. 102 шумақты поэманың 62 шумағы төрт жолды боп келеді.

Қазақтың эпос әрі тұрмыс-салт жырларында төрт жолды ұй-қасқа құрылған өлеңдер ара-тұра ілуде бір кездесе береді. Бірақ өлеңнің тармақ санын осы өлшемге құру қазақ поэзиясында жүйе (система) ретінде Дулатқа дейін дәстүрге енген емес. Дулат поэма түріндегі кесек туындыны шумақ өлшемге құрған, онда да 7–8 буынды төрт жолды шумақты мол құрап, өлең түрі ретінде жүйеге айналдырған бірінші ақын. Поэма төрт жолды шумақпен былай аяқталады:

«Ел үшін туған ерім» деп,  
Бір топ келіп//жыласты.  
«Еліме қатер жауым» деп  
Өлгенін бір топ//ұнасты.  
Күні туып бір топтың,  
Қуанышы//шын асты,  
Түні туып бір топтың,  
Үстіне кейіс//мұң басты.  
Қарақасқа қосарда,  
Қалмақтың басы//белінде,  
Бақ құсы қонып басына,  
Еспембет келді//еліне.

Ер Қабанбай ту байлап,  
 Арқар таң атты борбайлап,  
 Ақтамберді айғайлап,  
 Қалмаққа кірді//желіге.

Қарқ олжаға батысты  
 Қалмақты жеңіп//қалың қол.  
 Ит ырғын да көл-көсір  
 Бақыршы тоқ//олжа мол.

Еспембеттей ер ұлын  
 Елі сонда//таныған.  
 Бет бұрып тізгін тартқан жоқ  
 Жаудың мың қол//санынан  
 Өле-өлгенше ел болды  
 Еспембеттің//арманы.  
 Өзімен бірге жасады  
 Астындағы//тарланы.

Бәрін айт та, бірін айт,  
 Еспембеттей//ер қайда?  
 Еспембеттей ер туса,  
 Ер күтетін//ел қайда?

Ал бес жолды өлеңдер таңдап алынған шумақ түрі емес. Бұлар, біріншіден, төрт жолды шумақта берілуге тиісті негізгі ойға қатысты сөздердің осы өлшем аясына сыймауынан туған «артық» жолдар. Айталық:

	1		5
Ер Қосайдай қарт білді			
	2		4а
Шөбересі жүргенін			
	3		4
Әлденеге қамығып.//			
	2	1	2
Шақырып қарт алды да,			
	4		3
Сөз сөйлейді ағылып, –			

деген шумақта сыйыстыруға болатын «басы артық» сөз, «басы артық» тіркес бар. Олар – «әлденеге қамығып» деген ауызекі тілде орныққан тіркес пен «Ер Қосайдай қарт» деген тіркестегі тәсіл. Егер ойды төрт жолда сыйыстырып беруді негізгі мақсат етіп, қатаң талап қойса, онда бұл шумақты ақын:

Ер Қосай [ – ] білді жүргенін

Шөбересі қамығып, –

түрінде еркін құра алар еді. Бұл жерде ауызша поэзияға тән еркіндік я сол дәстүр сарынынан шықпау сияқты дағды жатыр.

Төрт жолды өлеңдердің жол аттап барып екі ұйқасқа құрылуы шарт. Ал алты жолды өлеңдердің жол аттап барып үш ұйқасқа құрылуы шарт.

1. Елсізде өскен демей ме,
- 2 Елден таңдап//сұлу ал.
- 3 Ақ отау тігіп басыңа,
- 4 Төрт түлік малдан//енің ал.
- 5 Күлтелі құйрық сұйық жал
- 6 Топтан таңдап//тұлпар ал.

Жүз тайлақты есептеп,

Біреуін де алмады.

«Ердің сыйы» деседі

Ортаға олжа салғаны.

Бір шағым от барлығын

Елі сонда аңдады.

Бірақ екі ұйқасты алты жолды шумақ пен үш ұйқасты жеті жолды шумақ та кездесе береді. Бұлар да бес жолды шумақ үлгісінде туған өлеңдер. Егер:

- 1 Тірі болсам айдармын
- 2 Әлі-ақ мың мен санды да.
- 3 Тірі болсам құшармын
- 4 (Аққудайын таранған
- 5 Өкшесінен қаранған)
- 6 Ай маңдай аппақ паңды да, –

деген алты жолды шумақты «басы артық» екі жол (4–5 жол) суреттеусіз-ақ төрт жолды шумақ етіп беруге болса,

- 1 «Жолын қыл – деп – баламның»,
- 2 Қарт атаң жасын төкпей ме?

- 3 Қарт тілегі қабыл боп,  
 4 Қаныңа ұрық екпей ме?  
 5 Сопайып барсаң қу басың,  
 6 Ақтамберді, Қабанбай  
 7 Өкпелеп мені сөкпей ме? –

деген жеті жолды шумақты ауызша поэзияға тән дәл айтуға, анықтап толық айтуға бейімдіктен келіп туған 6-жолсыз құруда, я 5-жолдағы, қос фразеологизмді ықшамдап, 5–6-жолды сыйыстырып барып:

Сопайып барсаң Қабанбай  
 Өкпелеп мені сөкпей ме? –

түрінде құруға болар еді.

Міне, «Еспембет» поэмасының композициялық-синтаксистік жіктелісіндегі, әрі шумақ іші құрылысындағы бұл ерекшеліктер, әрі поэманың өзіне тән ерекшеліктер, әрі поэманың ауызша поэзияға тән стилистикалық айырым белгілері.

**II. «Ата қоныс Арқадан» дастаны.** «Ата қоныс Арқадан» [112 жол] – шумақтық жігі бар өлең. Мағына бірлігі жағынан алғашқы 41 жол өлең бір абзац. Мұның 33 жолы бір ұйқасты да, 8 жол өлең бөлек ұйқаста. Ал 25–33-жол ұйқас жағынан ілгергі жолдармен бір болса да, мағына жағынан ұйқасы бөлек 34–41-жолдармен бір топталады. Мұның өзі ұйқасы бөлек жолдардың бір абзац құруына дәнекер де боп тұр.

Ата қоныс Арқадан  
 Басында қазақ ауғанда,  
 Күздігүні нөсердей  
 Көзінің жасы жауғанда,  
 Ақтабан боп шұбырып,  
 Асып асқар таудан да  
 Алқакөлді айналып,  
 Ақ қайыңды сауған да,–  
 Арысын белден омырып,  
 Қалмақ тартып барды алды.

Бұл 10 жол өлең бір сөйлем, онда да сабақтас құрмалас сөйлемді жолдың ұйқаспен аяқталған (дәлірегі келесі ұйқастардың басы) алғашқы бөлігі. Бұдан соң «тартып алынған» («бардың бәрін тартып алды» дегендегі) не екені саналады, әрі бірінші



сөйлем баяндауышы қайталап отырады. Демек, бұл 9 сөйлем-жол арасы қос нүктемен бөлінетін сабақтас құрмаластың алғашқы сыңары ғана. Яғни ықшамдап құрғанда: *Арқадан қазақ ауғанда(...), арасын белінен омырып (отырып) қалмақ барды тартып алды*, – түрінде болмақ. Ал «тартып алынған» не?

Ұйқысы түссіз қанбаған,  
Ел қалап, ер таңдаған,  
Берген серттен танбаған  
Ақ құба ару **жарды алды**;  
Тең арқаны қиылып,  
Артқан жүгі үйіліп,  
Өрде ш ө г і п **нар қалды**;  
Күз тоқсан қыстың маусымы  
Үдере тартсаң азбайтын,  
Айсыз түнде адассаң,  
Ауылыңнан жазбайтын  
Аударып алды **тарланды**;  
Аш күзендей бүгілтті  
Алтын қарғы **арланды**.

Бұл 24 жол өлең композициясы, синтаксистік құрылысы жағынан бірлікте тұр. Бірақ сөйлем аяқталғанмен, абзац аяқталған жоқ. «Тартып алудың» зардабын тартқан жұрт жайы жалғастырыла баяндалады, онда да жоғарғы өлең жолдарына (баяндауыш-ұйқасқа немесе ырғақ заңымен баяндауыш-ұйқас орында тұрған өзге сөзге) ұйқастырыла баяндалады. Етістік – баяндауыштар бәрінде де жедел өткен шақ формасында (ал-ды//қал-ды//бүгілт-ті//зарлан-ды//төк-ті) тұр.

Аталықтай ақсақал  
Алласына сиынып,  
Тілегі мүлде қиылып,  
Шаждада жатып **зарланды**,  
Аналықтай бәйбіше –  
Көкірегін кернеген,  
Күндіз күлкі көрмеген,  
Түнде ұйқы көрмеген –  
Көзінен төкті **арманды**.

Ұйқас бірлігі, тектес, сарындас жайдың бір формада жалғастыра баяндалуы бұл екі сөйлемді өзара біріктіріп қана тұрған жоқ,

бұл жолдарды ілгергі сөйлем-жолдармен де бірлікке – синтаксистік күрделі бірлікке келтіріп тұр.

Ел үшін кешіп жанынан  
 Ереуілге шыққан ер...  
 Өлексесін құшақтап  
 Қала берді туған жер.  
 Қанаттан, құйрық айырылды  
 Қанды көз қайқы қаракер,  
 Қара бұлттай қабындап,  
 Халықты басты қайғы-шер.

Жоғарғы жолдар ұйқас жағынан бөлек болғанмен, мағына жағынан тектес, жалғас, сабақтас жайдың баяндалуы жағынан ілгергі жолдармен бір. Бұл жерде логикалық бірлік қана емес, грамматикалық бірлік те бар. Баяндау тәсілі де бар. Баяндауыш-етістіктер бәрінде де бір формада тұр. Бұл шумақ-сөйлемнің сипаты жағынан бөлек емес, ұйқас түрі жағынан (ырғақ заңымен баяндауыштың инверсияға ұшырап, ілгері шығып кетуіне байланысты) бөлек. Ұйқас бұл тұста өлең өлшемі мен өрнегінің құралы ғана.

Өлеңнің келесі шумақтарының композициясында, синтаксистік құрылысында елеулі өзгешеліктер жоқ. Шумақтар еркін ұйқасқа құрылған 4, 6, 10 жолды боп келеді.

Тек объекті мен оның әрекет-қасиеті қатар алынып баяндалатын шумақтың синтаксистік құрылысында ерекше өзгешелік бар. Ақынның шеберлігіне қас өлең өрнек-өлшемі тапқан синтаксистік бірлік немесе ұйқас – ырғақ өлшемі құндағында іштей алуан сипатты боп келетін ерекше үлгідегі біртұтас синтаксистік бірлік. Мұнда екі әрекет иесі бар: бірі – әрекетті тікелей жасаушы, бірі – әрекетті жасатушы. Сондықтан бір сипатты сөйлемдердің баяндауыш формаларында осы белгі алма-кезек көрініс береді. Бұл шумақта, әсерлеп айтсақ, жолдар сөйлем құрамайды, сөйлем жол құрайды. Яғни суреттеуі, сипаттауы жоқ таза объекті мен әрекетке құрылған бастауышты-баяндауышты сөйлемдер тізбегі қатар түзген.

- 1 Алатаудан асырды
- Арқада жатқан қалмақты,
- 2 Бозбалаға мінгізді

- Сәйгүлік пен саңлақты.  
3 Шабан тұлпар жүйрік боп,  
Сайынға шауып шаңдатты.  
4 Шалағайы берік боп,  
5 Шала мерген жамбы атты.  
6 Сарыарқа мүлде бейіш боп,  
7,8 Елі еркін, кейіс жоқ,  
9 Мыңнан бірді таңдатты.  
10 Төрт түлікке толтырды  
Толағай, тұлдыр қыратты.  
Тандыр болған жылғадан  
11 Сарқырап тұрып су ақты.  
12 Өзен қып өрге ағызды  
Жылжыған жылым бұлақты.  
13 Қураған шынар көгеріп,  
14 Қу тұқыл алды қуатты  
15 Ай маңдайлы арудың  
Жұпармен шашын сылатты.  
16,17 Оңы – күн, солы – ай болды,  
18 Қарасуы май болды.  
19 Бесіктен белі шықпаған  
Жасы өсіп, бас болды.  
20 Еңкейген кәрі жас болды,  
21 Жетім өсіп теңелді  
22 Жетісіп жесір кенелді  
23 Шалшық суы көл болды  
24 Құрамалар ел болды.

Міне, 30 жол өлең бір абзац. Ол іштей 24 сөйлем жігі бар, әрі бір ұйқас жігі бар бір ғана синтаксистік бірлікте тұр.

**III. Арнау өлеңдері.** Дулаттың жеке кісілерге арнаған: «Ешенге», «Қеңесбайға», «Сүлейменге», «Барақ төреге» деген өлеңдері де, «Аякөз», «Ақжайлау мен сандықтас» сияқты туған жерге арнаған өлеңдері де шумақ сипаты, ұйқас түрі жағынан қарайлас. Бұлар бір ұйқасқа құрылған тұтас өлең де немесе ұйқасы саумалап, іштей өрби ауысып отыратын шұбыртпалы ұйқасты жыр өлең де емес. Бұлар – шумаққа құрылған, бірақ шумақтың тармақ саны жағынан бірдейлігі сақталмаған өлеңдер. Ұйқасты жолдар

біткен жерден шумақ та бітіп отырады. Әрі ұйқас біткен жерден бір сипаттас күрделі синтаксистік бірлік те аяқтап отырады. Ал жаңа ұйқасты шумақта ілгері шумақтағы синтаксистік бірлікке ұқсамайтын жаңа синтаксистік бірлік басталады.

«Ешенге» өлеңі 8 шумақ: I, III шумақ – 8 жол; II, VIII шумақ – 10 жол; IV, VI, VII шумақ – 4 жол; V шумақ – 7 жол.

«Сүлейменге» өлеңі 8 шумақ: I шумақ – 9 жол; II шумақ – 4 жол. (Екі шумақ бір ұйқасқа құрылған. Бірақ сөйлем түрі жағынан екеуі екі бөлек). III шумақ – 25 жол – көлем жағынан да, мазмұн жағынан да, өлеңінің ұйқас формасы, синтаксистік түзілісі жағынан да өз алдына бөлек өлең сипаттас. Бұл 25 жолдың соңғы:

Дулатты Дулат деменіз –  
Тас ағызып ағыны  
Төре алдында ақпаса! –

деген бөлігіндегі «Төре алдында ақпаса» сөзін қалдырып барып, кез келген ортада, кез келген жағдайда айтуға болатын терментақпақ сөз. Дулаттың алқа топта, жиын-тойда айтып жүрген, репертуарында бұрыннан бар сөзі. Я осындай өлеңге айналу мүмкіндігі бар сөз Сүлеймен төреге арнау өлең үстінде туған.

- 1 Қаршығаны қайырма,  
Қалыңға салса//б а т п а с а;
- 2 Мергенге мылтық кезетпе, –  
(Атқан оғы айнымай)  
Түтінін үзбей атпаса;
- 3 Батыр деме//батырды, –  
Шеп құрған жауға//ш а п п а с а;
- 4 Төре деме//төрені, –  
Ел тілегін т а п п а с а;
- 5 Қару деме//семсерді, –  
Шапқанда сүйек қаппаса;
- 6 Досым деме//досыңды, –  
Күле кіріп кіргенде,  
Күңірене есік аттаса;
- 7 Жыршының аты/жыршы ма? –  
Әркімнен өлең/ж а т т а с а;
- 8 Сөз – жібек жіп; жыр – кесте;  
Айшығы айқын көрінбес,

Өрнексіз тігіп баттаса;  
 9 Шешеннің аты шешен бе? –  
 Таңдайға дәмі үйірліп,  
 Даугердің тауын шақпаса;  
 10 Дулатты Дулат деменіз, –  
 Тас ағызып ағыны,  
 Төре алдында а қ п а с а.

IV шумақ немесе бір абзац ішіндегі кіші үш шумақ (18 жол) өлең бір ұйқасқа құрылған. Бірақ синтаксистік құрылысы әрі мағыналық жігі жағынан алғашқы 4 жол бір бөлек.

Сүлеймен төре, құлақ сал, ә  
 Дулаттың төккен жырына; а  
 Үңілсең көзің жетер ме, б  
 Теңізден терең сырыма? А

Ал өзге «топыраштар» жайына көшетін 5–10-жол өлең *в г г г д а* – түрінде ұйқасып, 11–18-жол өлең: *е а ж ж ж з и к а* – түрінде ұйқасып, жеке-жеке синтаксистік бірлікте тұр. Демек, бұл 18 жол өлең синтаксистік сипаты жағынан үш топ та, ал өлең өлшемі (ұйқас бірлігі) жағынан бір абзац құрайтын өлең.

Керісінше, шумақ немесе бір абзац ішіндегі екі шумақ (19 жол) өлең өлшем жағынан бөлек те, синтаксисі жағынан мағыналық байланыста. Алғашқы –13-жол өлең:– *а; – а; а; – а; – а; – а; – а;* түрінде ұйқасып келеді де, 14-жол «Бірақ жалған қайтейін!» түрінде «бірақ» жалғаулығымен басталып, сабақтас ой айтылып кетеді. Ал бұл 14–19-жол өлең – өз алдына топтар тиянақ ұйқасы жоқ өлең. Ол: *ә – ә – а* түрінде, онда да алғашқы шумақтың тиянақ ұйқасы «қиынсын» сөзіне, «шыдайсын» түріндегі өте олақ ұйқаспен байланысқа келеді.

VI шумақ – 4 жол өлең. Синтаксистік құрылысы жағынан да, ырғақ өлшемі жағынан да өз алдына бөлек. Ырғақтық бунақ өрнегі 5 + 3, 4 +4; 6 + 3; 4 + 3 түрінде келеді. Ұйқастық-синтаксистік ырғақ та бөлек: *а:–; –; а* түрінде туған. VII шумақ (11 жол өлең) өзінің синтаксистік құрылысы, әрі ырғағы, әрі өлшемі (ұйқасы мен буын саны) жағынан бір бөлек: 3 әрі 8-жолдан өзгесі түгел сегіз буынды боп келеді; ал шумақ: – *а,– а,– – а,– а, – а* түрінде кезектесе ұйқасып, ырғақ пен синтаксистік жігі жағынан бірыңғайлас. Әрі сөйлемнің баяндауышы мен жол бойы ұйқасы бір болып отырады:

Мүйіз дескен/сиырдай  
 Байласан/бос жіп//жетер ме?  
 Еңбегің еш//тұзың – сор,  
 Қайратың селге//жетер ме?  
 Толқынды теңіз//заманнан  
 Сенімді кеме//болмаса,  
 Жел қайықпен//өтер ме?

Керісінше, VIII шумақ түгелге жуық жеті буынды: ырғақ-өлшемі жағынан ілгері шумақтан мүлде бөлекше. Әрі синтаксистік құрылысы жағынан да, ұйқас формасы жағынан да бөлек. Өлеңде инверсия өте тұрақты. Көп жолда баяндауыш пен бастауыш ілгері кетіп, тұрлаусыз мүшелер жол аяғына ауысқан. Ал ұйқасқа қатысты етістіктер мен өзге сын есімдер осы тұрлаусыз мүшелермен дыбыс жағынан сәйкесіп отырады.

Аяз қысса//мүйізді,–  
 Мүйіз қысып тұқылды,  
 Қан таласа//тұқылың,–  
 Алпыс екі тамырың  
 Қаңсып қалған сықылды;  
 Ұлық қысса//ұ л ы қ т ы ,–  
 Ұласып мидай б ы л ы қ т ы ;  
 Атқамінер ауылда  
 Итше ілігіп//ы л ы қ т ы ;  
 Орыстың көрсе//ұлығын,–  
 Қыздан дағы қ ы л ы қ т ы ;  
 Ұлық кетсе//, – қазаққа  
 Қорқау қасқыр қ ұ л ы қ т ы .  
 Бұзауы өлген сиырдай  
 Саулы иіп Дулат жүр  
 Місе қылып т ұ л ы п т ы .

«Кеңесбайға» өлеңі де композициялық-синтаксистік құрылысы жағынан бөлекше. I шумақ – 6 жол өлең. Іштей әртүрлі сөйлем формаларында келгенмен, өз алдына тұтас синтаксистік бірлікте тұр.

I

IV

О, Кеңесбай мырза, // тыңда с ө з , //  
 Айтатұғын келді к е з , –

II //Кекіректеніп/п а ң д а н б а й ,//

III //Сыртын көріп/т а ң д а н б а й //

V Менің сөзім құйылса,

VI Кеудеңе шырақ жанғандай.

Алғашқы екі жолда «сөз тыңда», «кез келді» тіркесі инверсияға түсіп барып, әрі сөз – кез түрінде ұйқасқанмен, әрі тыңда// келді сөздері бірыңғай тәсілмен ілгері шыққанмен, яғни форма жағынан дара тұрғанмен, өзара тең формада қисын тапқан кейінгі екі жолмен (3–4-жолмен) тығыз логикалық бірлікте тұр. Қайта 2-жол (Айтатұғын келді кез) формасы мен тәсілі жағынан бір болғанмен, негізгі ойға қатыстығы жағынан 1-жолға 3–4-жолдан гөрі көп окшау тұр.

II шумақ – 6 жол өлең. Алғашқы 4 жол етістіксіз қисын тапқан бірыңғай суреттеу.

1 Арғы атаң сенің Нарынбай:

1 Кең қолтық ұзын қ а р ы м д а й ,

2 Елдің жүгін көтерген

Ақ өңеш шөңгел н а р ы н д а й .

1 Көкейіне қондыра

Сөйлесін жыршың сарындай.

5–6-жол ұйқастық бірлікте тұрғанмен, алғашқы 4 жолмен мағыналық бірлікте емес. Бірінші ойды мақұлдату мақсаты айтқызылған ақындық тәсіл құралы. Мұны біз III шумақтан да көреміз.

1                    2

1 Қу дауысты Құттыбай

3                    4

2 Қазақ туын к ө т е р д і .

6                    7

(3) Даналықпен айырды

3 Келер менен *кетерді*.

[Өтірік деші, қанеки,

Мен айтпаймын *бекерді*].

Осындағы соңғы екі жол II шумақтағы 5–6-жолмен бір сипаттас.

Әрине, ұйқас жағынан, ырғақ пен ұйқастың өзара қатысы жағынан бөлектігі болмаса, III–IV шумақ бір ғана мағыналық тұтастықта тұрған шумақтар. Құттыбайдың III шумақтағы әрекет-қасиеті жалғастыра айтылады:

- |     |                                  |     |    |
|-----|----------------------------------|-----|----|
|     | 1                                | 2   |    |
| 1   | Тұлпар мініп//ту ұстап,          |     |    |
|     | 4                                | 3   |    |
| 2   | Олжа салды//еліне.               |     |    |
|     | 5                                |     |    |
| 3   | Тоятпаған сұңқардай              |     |    |
|     | 7                                | 6   |    |
|     | Құйылып еді//жеміне.             |     |    |
|     | 11                               | 10  | 12 |
|     | Қазықтай жерге қадады            |     |    |
|     | 9                                | (8) | 8  |
| 4   | Дұшпаның деген «сені ме!»        |     |    |
|     | 15                               | 16  |    |
| (5) | Тізе қосып//теңесті              |     |    |
|     | 13                               | 14  |    |
| 5   | Тепкісі тең <i>теңіне</i> .      |     |    |
|     | [Ой, ол кездегі өткен күн        |     |    |
|     | Түсім бе едің, <i>өңім бе?</i> ] |     |    |

Бірақ мұнда жол іші сөздердің орын ауысуы мен жолдардың орын ауысуында әрі мағыналық бірліктегі жолдардың ұласуында – өзгешелік бар. Бұл жағынан екі шумақ екі түрлі.

V шумақ өзінше бөлек үлгіде:

- 1 Байқара атаң бай болды,
- 2 Төрт түлігі сай болды,
- 3 Қайыры елге мол болды,
- 4 Анық әділ сол болды,
- 5 Серкештеп жылқы айдалды,
- 6 Көшкенде жұртта тай қалды,
- 7 Алдына келген дау болса,
- 8 Әділетпен жайғалды;
- 9 Дәулетіне ел кенелді,
- 10 Жетім-жесір теңелді;
- 11 Опасыз мына жалғаннан
- 12 Демі біткен күнінде
- 13 О да көшіп жөнелді.

Өлең үш түрлі ұйқаспен беріліп, форма жағынан бөлінсе де, мағыналық-сөйлемдік бірыңғайластықты аңғартарлық нүктелі



үтірі [;] бар бір ғана синтаксистік бірлікте тұр. Етістік-баяндауыш бірыңғай жол аяғында келіп, әрі өлеңнің ұйқасын құрап тұр. Үш түрлі ұйқас түбірге тән дыбыс құрамында бөлек-бөлек болғанмен, түгелдей жедел өткен шақтың *-ды* формасына бітіп те, ыңғайлас мағыналар бірлігін көрсетіп тұр.

VI шумақ – 4 жол өлең. Өрнек-өлшемі жағынан пәлендей ерекшелігі жоқ. Ал VII, VIII, IX (13, 6, 6 жол) шумақта Кеңесбайға мінездеме берілген. Ұйқас жігі бар бөлек-бөлек шумақ болғанмен, әр шумақ синтаксистік құрылысы жағынан тиянақталып отырғанмен, осы үш шумақ бір ғана синтаксистік бірлік аясында тұр. Ал «*Айтты десең, Кеңесбай*» деп басталатын соңғы шумақ (13 жол) бір ғана ұйқасқа құрылған. Мағына жағынан да әрі синтаксистік құрылымы жағынан да ілгергі шумақтардан жігі бөлек.

Осы «Кеңесбайға» деген өлеңде шумақ іші жолдың ұйқастық арақатынасында, яғни ұйқасты жолдардың келу ретінде бірізді сипат жоқ. Шумақтың басталуы мен бітуі шумақта айтылмақ болған ойдың я ой желісінің сыртқа шығу сәтіне қатысы бар сөз легін ұйқас аясында беру мүмкіндігі шегіне тәуелді болған. Ұйқастыра жалғастыру мүмкіндігі үзілген жерден ақын екінші жалғас ойды бастап кетіп отырады. Ал ұйқасты қуалап жалғастыра беруге бас-талып, туып қалған ойдың аяқталу шегі мүмкіндік бермейді. Ал келесі ойдың бұл ұйқаста тұмауы барынша ақиқат. Өйткені ол ойға қатысты сөз бөлек. Ол сөз басқа дыбыстық құрамда. Ұйқастың жалғасуы я үзілуі нақтылы ойға қатысты сөздердің дыбыс жағынан сәйкестік қатарына байланысты. Ал осы сәйкес сөз қатарын (тілдің мүмкіндігін) толық сарқа пайдалану ақындық қабілеттің ісі. Өйткені сәйкес сөздер қатары көрініп тұрғанмен, оның ілгергі жолдармен өлшемдік үлгіге түсіп барып сәйкесуі үшін «ұ й қ а с с өз» ұйытқы сөздер тобын белгілі бір жаңа тәртіппен орналас-тыруы керек болады.

Міне, осы шарттарға ауызша айту мен жазып айту екі тұрғыдан келеді. Жазып айтатын ақын алдын ала ойластырылған өлең түріне, өлшем түріне лайықтап ойға қатысты сөздерді тәртіппен тізеді.

Тілім, саған айтайын,

Осы сөздің келісін тап.

Қолым, сені қайтейін,

Қаламды тұрсың қатты ұстап [5, 169-б.], –

деп Абай айтқан суреттей отырып, сөз келісін «іздеп табады». Ауызша айтатын ақын өзі туғызған өлеңге, оның өлшем-өрнек үлгісіне жоғарыдағыдай жартылай стихиялы түрде келеді.

Қарқыным қатты келгенде

Андамай қалад ақылым

Қай сөзімнің дүзігін [1], –

деп Базар жырау айтқандай, сөз сарыны сөзді ағыза туғызып, жамырай жүгірген қозылардай тұс-тұстан қатар қаптатып жібереді. Ақын солардың ілгері озып шыққанын ұстап қалады. Я екі-үшеуін, одан көбін қатар ұстап қалып, көгендей салады. Солар ғана ақынның игергені. Өзге топ қозы жамырай жүгірген күйінде лезде өте шығады.

Сондай бір өткір сөздің айтылып кетуінде ақын осы суырып-салма тәсіл сәтіне көшкен кезде ілгергі сөздердің ұйқас сарыны табан астында, қайыптан пайда болдырар сөздер легіне, осы сөздер легінің табиғи келісіміне, ақырында осы қиыннан қиыса кетер сөз легін туғыза салған дарынға қарыздар.

Стихиялы дегенде ұйқас сәті, ұйқас туу процесі айтылып отыр. Болмаса осы ұйқасты келісім құндағындағы ой ақынның бұрыннан көңілінде, көкейінде жүреді, сабақты ойлары кеудеде өзіндік пікір-тұжырымы, пайымдауы, танымы, ақырында көзқарасы мен идеясы ретінде қатталып жатады. Жағдай сәті келгенде сол ой сыртқа көрініске шыға келеді. Осы шыға келу сәтінде ойдың өлең өлшемінде тууы таза таланттың, өнердің ісі. Шеберліктің ісі (Өркім өзінің үйреншікті құралында шебер, машықты тәсілінде тапқыр). Ал өлшем формасын табу немесе ой желісін өлшем аясында құрап шығару бар да, осы ақындық өнерді құрал ретінде пайдаланып, қызметке жегу тағы бар. Қызметке жегу үшін құралға толық қожалық керек. Ерекше жағдайға иелік керек. Онсыз құрал қызмет етпейді, іс үстінде жемісін бермейді. Тіл құралы, ақын тіл құралы осындай. Дулат тұсында мұндай құралға ие ақындар көп болды. Бірақ ол құралдар жасаған тілдік (сөз) материал мен Дулат жасаған тілдік материалды салыстыруға келмейді. Дулат мүлде басқа материалды жасады. Барлық тілдік материалдың туу сәті ақындар үшін бір сипаттас болғанмен, олар қандай материалды жасайтындығымен бөлектенеді. Ұрынысы келгенде жағдай түрткі боп, тілге оралтқан сөз – қисынмен оралған сөз сыртқа

шықпай қалатын, я шықса, мағынасын іле жуып-шаяр өзге сөз келісімі қабаттасар сәт бола береді. Яғни сөз иесі табансыздығы мен оның сөзіндегі құбылмалылық анық көрініс береді. Ал ақын үшін пайдалы жағдай сәті болғанда осы жағдай түрткі боп, тілге оралтқан сөзді, қисынымен оралған сөзді ақын ірікпей сыртқа шығарады. Міне, осы пайдалы жағдай сәтінде, өз құралында әр ақын тапқыр.

Дулаттың «Кеңесбайға», «Барақ төреге» деген суырып салып айтқан өлеңдеріне осы тұрғыдан келіп қарамайынша бағалау мүмкін емес, оның туу себебін ғана емес, тіпті өлең жүйесін, өлшем сипатын түсіну де мүмкін емес.

«Барақ төреге» өлеңі композициялық сипаты жағынан бір алуан. Өлең 6 синтаксистік бірліктен тұрады. Жол саны жағынан әртүрлі: I шумақ – 13 жол; II шумақ – 7 жол; III шумақ – 10 жол; IV шумақ – 12 жол; V шумақ – 12 жол; VI шумақ – 21 жол. Яғни шумақтың жолға бөлінуінде еркіндік бар. Бұл еркіндік шумақтың жол санын әртүрлі құруды ойластырудан, қалаудан туған еркіндік емес, ойдың белгілі бір синтаксистік бірлік аясында бітіп отыруы туғызған стихиялы еркіндік.

О, Барақ жас, Барақ жас!	1
Жегенге тоқ, ішсең, мас.	2
2                      1	
Жақсы болса/ұлығы.	3
3                      4	
Өз елін жаудай/ғаламас; –	4
1                      2                      3                      4	
Қасқыр тартып,/қан шықса,	5
6	
Жаман ит жұлып/жей берер,	6
8                      9	
Алды-артына/қарамас.	7
1                      2	
Жақсы иттің/белгісі –	8
3                      4	
Жұлмақ түгіл/жаламас.	9
1                      2	
Азған елдің/бектері	10

3	4	6	
Қан шықса, елін жұлмалар			11
	5		
Қасқырменен аралас.			12

Шумақтың ішкі жігі, яғни жеке-жеке сөйлем бірлігіне барабар жігі (шумақтың периодтары) жол саны жағынан ала-құла:  $2 + 2 + 3 + 2 + 3$ . Мұнда да ұйқас шарты топтайтын әрі жіктейтін жол өлшемiнiң бiрлiгi сақталмайды. Демек, ұйқас жол өлшеміне, жолдың аралық теңдігіне, бірлігіне бағынбайды, сөйлемнің бітуі, яғни ойдың айтылып бітуі негізгі; жол осы заң негізінде орналасқан. Сондықтан да ұйқас пен баяндауыш-етістік бір орында тұр. Тек соңғы екі жолда ғана сөздердің орналасу реті ұйқас шартынан келіп барып туған. Осы себепті де бұл шумақта өленнің өрнек өлшемінде пәлендей көркемдік жоқ. Сөйлеу тілі өлшемі молырақ.

Ал II шумақ мағына жағынан I шумақпен тығыз бірлікте. Алғашқы ойдың ілгері өрістетілуі я қорытындысы есепті. Бірақ өрнек өлшемі жағынан мүлде бөлек.

1	Қазіргі қазақ ұлығы	1
2	Жаман иттен <i>несі кем?</i> –	
3	Жемтік көрсе, қан көрсе,	2
	3                    2                    1	
4	Айырылар// мүлде <i>есінен.</i>	3
	1                    2	
5	Сендер/атқа мінген соң//	4
	3	
6	Тандыр болып суалды	6
	1                    2	
7	Шалқар көлдей <i>несібем.</i>	5

Шумақ іші жолдар да, жол іші сөздер де ұйқас заңымен инверсияға түсіп әрі орын ауыстырып, әрі жол ауыстырып барып тәртіптелген. Осы себепті де *несі кем* (баяндауыш орнындағы) сөзі, біріншіден, *есінен* (толықтауышты формадағы фраза бөлегі) ұйқасын сөздің табиғи тіркес қалпын ырғаққа бөлу арқылы инверсияға түсіріп барып тапса, екіншіден, ырғақ желісі әрі синтаксистік бірлік аяқталар тұста 6-жол мен 7-жолды, яғни «шалқар көлдей *несібем тандыр болып суалды*» түріндегі жай

сөйлемді ырғақ өлшемі қалпына салып, қайта құру арқылы *несібем* (бастауыш орнындағы) сөзін ұйқастық шекке, орынға шығарып отыр. Сөздердің табиғи тіркес қалпы ырғақ заңымен қайта құрылып, өлеңнің көркемдік сипаты едәуір артып тұр.

III–IV шумақтар да құрылым сипаты жағынан осы II шумаққа көп жақын. Ал V шумақта әрі соңғы VI шумақта біршама өзгешелік бар. Бұл шумақтағы 12 жолдың алғашқы 9 жолы тоғыз жай сөйлем. Және бәрі ұйқасты жолдар. Соңғы үш жол да өзінің толымдылығымен бөлектеніп тұрған бір ғана жай сөйлем.

	2	1
1	Құрық бердің//ұрыға,	
	1	3 2
2	Момынды алдың//қырыңа.	
3	Малсыздарды//таптадың,	
4	Малдыларды//жақтадың,	
5	Тентекті жасқап//қақпадың,	
6	Арамдарды//ақтадың,	
7	Өсекшіні//мақтадың,	
8	Арамдық болды//б а қ қ а н ы ң ,	
9	Орыс болды//ж а қ қ а н ы ң ,	
	4	1 4
10	Қашан сенің//ашылар	
	2	
11	Мұңдыларға//құрылған	
	3	
12	Қанды қара//қ а қ п а н ы ң .	

Ырғақ өлшеміне келтіріп сөзді құру – поэзияның негізгі заңы. *Құрық бердің, қырыңа алдың* тұрақты тіркесі бұл қалпында өлеңнің жол аяғында үнемі келіп отыратын 3 буынды бунақ өлшеміне, яғни ырғақ жігіне сыймайды. Ақын мұны осы өлшем аясында қайта құрып отыр. Бірінші жолдың қисыны екінші жолдың солай келуін тауып отыр. [Егер бірінші жол: «Айдап салдың// ұ р ы ң д ы» болса, екінші жол өзінен-өзі: қырыңа алдың момынды» – түрінде келер еді]. 3–7-жолдар ырғақ жағынан бірдейлікпен сөздердің орын тәртібінде айырымсыз бірлікте тұр. Біртектес етістік-баяндауыштар сөйлемдер аяғында келіп, ұйқастар қатарын жасаған. Бірақ 8–9-жолда бұл жүйе бірлігі бұзылады. Ойға қатысты

сөздердің ендігі тобы бұл өлшемге сыймайтын болған соң, ақын өзге өлшемді табады. Шумақтың 3–7-жолдарға тән құрылымы дамытылмай, кілт өзгеріс туады. Бірақ шумақтың дыбыстық үйлесімі, оның жол сайын келу шарты өзгеріске түспейді. Сондықтан шумақ бірлігі сақталып қалған. Бұл жерде *мақтадың* етістігіне *баққаның, жаққаның, қақпаның* есім сөздерін қисындап келтіріп, ақын өте ірі тапқырлық жасайды.

VI шумақ ішкі сөйлем жігі жол саны жағынан бірдей түсіп, бір сипатты композициялық құрылымда келуімен ерекше бөлектенеді. Бұл жағынан ол V шумаққа қарама-қарсы тұр.

1 Қарағысыз ел мен жұрт  
 2 Төрелік түскен *шағыңа* .//  
 1 Ие болмай айырылды  
 2 Атаңның алтын *тағына* .//  
 1 Қара толқын жау толды,  
 2 Шығыс, батыс *жағыңа* .//  
 1 Тұлпардан туған тұқым ең,  
 2 Ере алмадың *жабыға* .//  
 1 Етегін ашып кім күлмес,  
 2 Азғындаған *шағыңа* .//  
 1 Алдыңа келсе жүгініс,  
 2 Қарамай қара *ағына*,  
 1 Алалды сатып *параға*,  
 2 Болыстың арам *жағына* .//  
 Рухыңа нәлет келтірдің,  
 Қабың менен *сабыңа* .  
 1 Бұзықты құрап ел етіп,  
 2 Қондырдың оң *жағыңа* .//  
 [Ұрына елді *тонатып*,  
 Өтірік дауды *оратып*,  
 Бүлдіре бер *тағыда* ].

Бұл шумақта ұйқасқа қатысты жол санының бірдейлігі әрі ұйқасты жолдың орын тәртібі, ұйқасты жол мен сөйлем жігінің бірізділігі берік сақталған. Ал етістік-баяндауыш сөздің я сөз тіркесінің ырғақ жүйесімен ілгері позицияда келіп отыруы жағынан да шумақ құрылымы бір сипатты. Яғни шумақтың синтаксистік түзілісін жасауда өлшем-өрнек шартын сақтау басым.

Мұндай ой мен сөйлемнің екі жолда бітіп отыруы, сөйтіп егіз жолды сипатты өлең түрінің жасалуы, ал осы егіз жолдар қатары өзара ұйқас бірлігін сақтауы терме-тақпақ өлеңдерге тән. Дулат бұл шумақта осы үлгіге түсіп кеткен.

Дулаттың «Аякөз» бен «Ақжайлау» өлеңі таза жыр үлгісінде, дәлірек айтқанда, жырға тән шұбыртпалы ұйқас үлгісінде туған. Мұнда, біріншіден, ұйқаста еріктілік басым; екіншіден, ұйқасты жол мен ұйқассыз жолдың аралық шегінде шартты түрде сақталатын өлшем болмайды. Сондықтан да ұйқасты жолдардың қатар санында немесе ұйқасты жолға қатысты жолдың санында еркіндік бола береді; үшіншіден, бұларда екі түрлі ұйқас қатар жүреді: бірі – тұтас өлеңге я шумаққа тән желі ұйқас, бірі – қатар жолдарға тән ішкі ұйқас. Сондықтан да мұндай жыр-өлеңдер – тұтас күйінде ұйқасты өлеңдер, ұйқасқа толы өлеңдер.

Бірақ көркем сөзде, әсіресе, поэзияда белгілі бір жанрға тән ерекшелік, ортақ заңдылық бар да, ақынның шеберлігіне тән даралық, дара жаратылу тағы бар. Дулаттың бұл екі өлеңінде осындай ортақ жақтарымен қатар, ақынның өз, дара шеберлігіне ғана тән өрнек-өлшем үлгілері бар.

Мұны анығырақ түсіну үшін Абайдың «Сабырсыз, арсыз еріншек», «Бөтен елде бар болса» (Көжекбайға) деген өлеңдеріне назар аударған мақұл. Осы өлеңдер ұйқас сипаты жағынан, ал ұйқасты жолдардың ара-шегі, ұйқас пен сөйлем бірлігі, я сәйкеспеуі жағынан алуан түрлі. Өлеңнің ұйқас сипаты мынадай:

**«Сабырсыз, арсыз еріншек» өлеңі (85 жол)**

1	4	7
..... –	.....а	..... –
..... а	.....а	.....а
..... –	.....ә	..... –
..... а	.....б	.....а
	.....б	
	.....ә	
2	5	8
..... а	..... –	.....а
..... а	.....а	.....а
..... ә	..... –	.....ә
..... б	.....а	.....ә

.....б		.....б
.....ә		.....б
		.....—
		.....В
		.....—
		.....В
3	6	9
.....а	.....а	.....—
.....а	.....а	.....а
.....ә	.....—	.....—
.....б	.....ә	.....а
.....б	.....—	.....ә
.....ә	.....ә	.....а
.....—		.....—
.....ә		.....б
.....В		.....—
.....В		.....Г
.....Г		.....—
.....Г		.....Г
.....ә		.....б
.....Д		.....Д
.....Д		.....Д
.....ә		.....—
.....—		.....б
.....ә		.....е
.....—		.....е
.....ә		.....—
		.....б

«Бөтен елде бар болса» өлеңі (147 жол. Біз бір бөлімін алдық)

1	4	7
.....—	.....а,	.....—,
.....а,	.....а,	.....а;
.....—	.....ә.	.....—,
.....а,	.....—	.....а.
.....—	.....ә.	
.....—.	.....б,	
.....а.	.....б,	
.....—	.....ә.	
.....а.		
2	5	8
.....а,	.....—	.....а,
.....а,	.....а.	.....а?
.....ә,	.....—	.....ә,



..... Ә,		..... Ә,
..... Б.	..... а.	..... Ұ,
..... Ұ,	..... е,	[.....
..... В,	..... Ә,	
..... В,	..... Ұ	
..... Г,	..... Ұ	
..... Г,	..... а.	
..... Ұ	..... Ұ,	
..... Б.	..... Ұ	
..... Д,	..... а.	
..... Д,	..... Б,	
..... Б.	..... Б,	
..... е,	..... Ұ	
..... Ә.	..... а	
..... Б.	..... Ұ	
	..... а.	
3	6	
..... Ұ,	..... а.	
..... а.	..... Ұ	
..... Ұ,	..... а.	
..... а.	..... Ә,	
..... Ұ,	..... Ә,	
..... а.	..... Б,	
..... Ұ,	..... Б,	
..... а.	..... а.	

**«Ішім өлген, сыртым сау» өлеңі (Бір ұйқасты 28 жол)**

- |                      |                      |
|----------------------|----------------------|
| 1 ..... сыртым сау,  | 15 ..... [,]         |
| 2 ..... деймін-ау,   | 16 ..... жабырқау?   |
| 3 ..... ертең жау,   | 17 ..... [,]         |
| 4 ..... япырмау?!    | 18 ..... кестің бау. |
| 5 ..... [,]          | 19 ..... [,]         |
| 6 ..... айтсаң дау   | 20 ..... және алтау. |
| 7 ..... [,]          | 21 .....             |
| 8 ..... және шау.    | 22 ..... жүз тарау.  |
| 9 ..... [,]          | 23 .....             |
| 10 ..... батыр-ау?   | 24 ..... Қанталау?   |
| 11 ..... [,]         | 25 ..... жарқын-ау!  |
| 12 ..... бас асау.   | 26 .....             |
| 13 ..... [,]         | 27 ..... [,]         |
| 14 ..... жайдары-ау. | 28 ... бір бар-ау.   |



қатынас қызметін атқаратын тілдің нормаларына салып барып ұғынуға келмейді. Біріншіден, 8–9-жол сырттай ұқсас: екеуі де бір формалы мағыналас сөздің ұйқасында тұр, интонациялық жігі де бір тұста. Бірақ 8-жолда ырғаққа қатысты синтаксистік орын алмасу бар да, 9-жолда сөздер өзінің табиғи қалпында орналасқан. Екі жолда қатар шепте тұрған «сумаң қағып, шалқып шапқан» тіркесінің бірі баяндауыш, бірі анықтауыш болғанына қарамай, бір текті логикалық мағына береді, бір сипатты қызмет орнында тұр. Екіншіден, сөйлем көсемшеге бітіп тұр. Бірақ шумақты аяқтап тұрған «а р а с ы н» сөзі «б а р а с ы н» сөзімен ұйқас құрап тұрғандықтан, яғни шумақ ұйқастас сөзбен біткендіктен, сөйлемнің көсемшелі формасы аңғарылмайды.

II шумақ таза бір формалы ұйқасқа құрылған әрі бұл оны өзге шумақтардан бөлектеп тұр.

Тарбағатай тауынан

Токсан сала / қосыл-ып,

Тоғыз өзен / түйіс-іп,

2 1

Ақтың төмен / жосыл-ып.

Ағының тасты / ағыз-ып,

2 1

Арнаң қалды / осыл-ып.

Күркіреген / үніңнен

2 1

Аңдар қашты / шошын-ып.//

2

Қырға суың / т а р а д ы ,

3

Ойға суың / б а р а д ы

1

Тоғанменен тосыл-ып.

Көсемше формадағы сөздер бір ұйқас жасап тұрғанмен, бірінде бағыныңқылы сөйлемнің баяндауышы болып, бірде басыңқы сөйлемнің күрделі баяндауышы құрамында тұр. Оларды бірдейлестіріп тұрған ырғақ негізінде жасалған орын шебінің бір тұтастығы ғана.

ІІІ шумақ әрі өзінің ұйқасы жағынан да, әрі сөйлем түрі жағынан да, әрі сөйлем мүшелерінің теңдігінен туған ерекше интонациялығымен де бөлек.

Аякөз, сенің бойыңда,  
 Несібе, ырыс [-] тегіс қ о й.  
 Сай-салаң – балғын жеміс қ о й.  
 Қырың – малдың кіндігі,  
 Ойың – өнім, егіс қ о й .

Бұл шумақ өлеңнен гөрі ұйқасты сөзге көп ұқсас.

IV (7 жол), V (6 жол) шумақта пәлендей ерекшелік жоқ. Ал VI–VII шумақ ұйқас жігіне қарай қос жолды болып келу жағынан, бір сипатты сөйлем формасында бір келіп, бір ғана синтаксистік тұтастық құрауы жағынан ерекшеленеді. Бірақ осы қосар жолдар сөйлемдік құрамы жағынан да, баяндауыштың ұйқас позициясында тұру-тұрмау жағынан да іштей өзара айырымға ие.

Би, старшын мойнына –  
 Жезден қарғы т а ғ ы н д ы .// а  
 Аға сұлтан қазылар  
                                   2                                  1  
 Майырға болды ж а ғ ы м д ы .// а  
                                   3                                  1                                  2  
 Шайқады қулар т о л ы м д ы , –  
 Тайғызды бастан б а ғ ы м д ы .// а  
 Қара ісіңе дем беріп, –  
                                   3                                  5                                  1  
 Қарайтты әдей а ғ ы ң д ы .// а  
 Ұзын өріс қ ы с қ а р ы п , –  
 Кең қонысың т а р ы л д ы .// а  
 Сөзіңнен кетіп б ә т у а , –  
 Құт-берекең а р ы л д ы .// а  
 Ағайын араз болған соң,// –  
                                   6                                  7                                  8  
 Ел екіге ж а р ы л д ы .// а  
   4  
 Қарайласпай жоғыңа, –  
                                   2                                  3                                  1  
 Көре алмай күндеп б а р ы ң д ы . а

VII шумақ ырғақ желісінде II шумаққа көп ұқсас: мұнда үдей желдірте айту басым. Бұл ерекшелік көсемше формалы сөздің «сөйлемді аяқтаушы тәсіл» ретінде ұйқас позициясына шығуына байланысты.

3 4 5  
 Жауға шабар ерің жоқ  
 1 (2)  
 Сақадай болып *сайланып.*//  
 1 2  
 Төсек жады мырзалар  
 3 4  
 Ала баспақ *байланып.*  
 7 8  
 Үй күшіктей үреді,  
 5 6  
 Отының басын *айналып.*//  
 3 5 4  
 Жеріңнің алды шұрайын,

1 2  
 Дуан салып *жайланып.*//  
 2 3 1  
 Датынды айтсаң орысқа,  
 4 6  
 Сібірге кетгің *айдалып.*//  
 5 6  
 Бейнең қандай болды екен,  
 4 1  
 Қарасаңшы бір мезгіл  
 2 3  
 Қолдарыңа айна (а) лып.

Шумақ барынша инверсияға құрылған. Ұйқас жасауда, яғни ұйқастың орын позициясын таңдауда әрі оның әуезділігін ескеруде ақындық өнер шеберлігі анық көрінеді: (с)*айланып* – (б)*айланып* – *айналып* – (ж)*айланып* – *айдалып* – *айн(а)алып* түріндегі дыбыстық бірлік үндестігінде ұйқас жасау әрі сөз тапқырлығын, әрі өрнек тапқырлығын қажет етпек.

«Ақжайлау...» өлеңінің композициясы мен синтаксистік бірлік сипатынан мына ерекшеліктерін атауға болар: бірінші, шумақтардың бөлек-бөлек, кереғар алшақ ұйқас үлгісінде тууы; екінші, ұйқас қатарындағы шұбыртпалы сипат. «Аққан бұлақ сай-салаң» деген шумақ – 30 жол. Осы шумақ мына түрде ұйқас құраған:

1 ..... сай-салаң	16 ..... –
2 ..... ай налаң	17 ..... ай налам
3 ..... кең алаң	18 ..... –
4 ..... кең далам //	19 ..... хан қараң
5 ..... –	20 ..... –
6 ..... қай балаң	21 ..... ханы арам
7 ..... –	22 ..... бас аман
8 ..... бай балам	23 ..... бай сараң
9 ..... –	24 ..... бош алаң
10 ..... жай ланам	25 ..... қыз балаң
11 ..... –	26 ..... кер табан
12 ..... қайғ(ы)алам	27 ..... ат шабан
13 ..... [заманды]	28 ..... жо балаң
14 ..... [адамды]	29 ..... –
15 ..... –	30 ..... мен барам

Ал соңғы 9-тармақ:

Мынау азған заманда:  
 Қарасы – антқор, ханы – арам;  
 Батыры – көксер бас аман;  
 Бәйбіше – тантық, бай – сараң;  
 Бозбаласы – бошалаң;  
 Қырсыға туды қыз балаң;  
 Нары – жалқау, кер табан;  
 Құсы – күйшіл, ат – шабан  
 Жырғалаң жоқ, – жобалаң, –

түрінде келіп, өзгеше синтаксистік форманың жасалуы, оның әрі бір тармақ аясында өзгеше тәсілмен сыйыстырылып берілуі, әрі тұтас тармақтың бір ұйқаста тұруы өте сирек үлгі.

Қорыта айтқанда, бұл екі өлең де жұп-жұмыр күйінде сом құйыла салған, әртүрлі өрнек-өлшемде бірден тұтас төгіле салған туынды.

Бұлар – ауызша шығарып айту дарыны соншалық күшті, сөзді қисындау шеберлігі ерен ақындарда ғана болатын қасиет туғызған өлеңдер. Оның үстіне дүние тануы, данышпандығы зор ақындық тамаша сыншылдықпен, берік, айқын көзқараспен табысқанда ғана осындай өлең тұмақ.

**IV. Шумақаралық желілі ұйқасты өлеңдер.** Белгілі бір ұйқастың түрін табу және сол ұйқас түрінде өлең жарату, оны қазақ поэзиясында тұрақтандырып, салтқа, дәстүрге айналдыру Абайға дейінгі жерде көп ақындардың үлесіне тие бермеген. Жалғыз-ақ Дулат қана өзіне дейінгі қазақ поэзиясында жоқ ұйқас түрін жасады. Сөйтіп қазақ өлеңдерін түр жағынан бір адым ілгерілетті.

Дулат жасаған жаңа ұйқасты өлең түрі – шумақаралық желілі ұйқасты өлеңдер.

Дулаттың шумақаралық желілі ұйқасқа құрылған өлеңдері едәуір. Олар: 1. «Көргеннің көзі тойғандай», 2. «Май, май десе, май дейсің», 3. «Қылжың, қылжақ туысқан», 4. «Өзіңе-өзің тұсау сап», 5. «Әуелгі қазақ деген жұрт», 6. «Атаны бала алдады», 7. «Тегімді менің сұрасаң», 8. «Тырнақтай меңі болған соң», 9. «Ал карағай сұлу сындардай».

Жыраудың бұл өлеңдеріне тән ортақ белгі – шумақаралық желілі ұйқасты боп келуі. Ал композициялық-синтаксистік құрылысы жағынан әр өлең әр бөлек, тіпті бір өлеңнің жеке шумақтарының өзі синтаксистік сипаты жағынан бөлек-бөлек боп келе береді. Сондықтан әр өлең өзінше талдауды керек етеді.

1. «Өзіңе-өзің тұсау сап». Бұл өлең – 26 жол. Ал осы 26 жол өлең төрт шумақтан тұрады. Әр шумақ ырғақ жағынан да, ұйқас түрі мен синтаксистік құрылысы жағынан да әртүрлі. Бірақ осы төрт шумақ өзара бір желі ұйқасқа түсірілген. I–II шумақ:

1	2	
2	Өзіңе-өзің//тұсау сап,	а
4	3	
1	Кедергі жасап // бағына,	ә
7	5	6
3	Бар болса қолда // айраным,	б
	(6) (6)	
(3)	Ірімшік, құрт, қаймағым,	б
11	12	
5	Қанағат қылсаң // болмай ма?	ә

	10	8	9	
4 Көксемей-ақ//қымыз, ет				В
4 Ар сатып қымыз ішкенше,				
2 Келсең келге түскенше,				г
3 Үлгісіз тымақ пішкенше,				г
4 Адам деген атақтан				–
Садаға болып, аулақ кет.				В

Екі шумақ екі түрлі ырғақ желісінде туған. Сондықтан бұлардың синтаксистік құрылысы да екі түрлі. Соңғы шумақта баяндауыш-етістіктер ұйқас жасап тұр да, алғашқысында инверсия заңымен етістік-баяндауыштар жол басына кетіп, шумақ фонетикалық ұй-қасқа құрылған.

ІІІ шумақ өз алдына бір бөлек сипатта.

I. 1 Ақылыңмен теңгеріп,	д
2 Қайратыңа дем беріп,	д
3 Өзінді-өзің меңгеріп,	д
4 Қайрудағы сұңқардай	–
(4) Мезгілімен жем беріп, //	д
4 Қымтып ұстап тізгінді,	–
II. 3 Анадан да сақ болып,	–
1 Тарпаң атқа мінгендей	–
2 Алдына бесік өңгеріп,	д
5 Мақсатыңа сөйтіп жет.	В

Алғашқы 5 жол ырғақ өлшемі жағынан бір, әрі сөйлем түрі де ұқсас. Біртектес грамматикалық формалы тұрақты тіркес аясы мен ырғақ өлшемі сәйкес келгендіктен, жол бойы сөз қатарында инверсия жоқ. 1–5-жол (не 1–4-сөйлем) бір сипаттас. Бірақ шумақтың екінші бөлегінде айтылар ойдың сөз-материалының ырғақ өлшеміне бөлінуі, дыбыстық құрамы ұйқас желісін ары қарай созуға ерік бермейтіндіктен, ақын салмақты ұйқасқа емес, инверсия мен интонацияға салған. Ал өлең жолының ұйқаспен қайырылу шарты ақынды келесі жолдардың орнын барынша ауыстырып қайта құруға итермелейді. Осыдан келіп жолдар грамматикалық формалардың бірлігі, келу тәртібі жүйесін сақтамай, ырғақ өлшемі жүйесінде, логикалық мағына бірлігінде тұр.

IV шумақ синтаксистік құрылысы жағынан алдыңғы шумақтардан мүлде бөлек.



I Тыңдама-саң / с ө з і м д і ,	а
Келеке қыл-ма / ө з і м д і .	а
II Мұнар шалса/ к ө з і н д і ,	а
Маңайыма / жолама,	–
Жанжал танау т а л а қ бет.	В

Құрмалас сөйлем мүшелері (сыңарлары) өз ретімен тұр. Мұнда ешқандай поэтикалық рең жоқ. Бірақ ырғақ өлшемі сөйлем-сөздердің (тіркестердің) табиғи орын тәртібін бұзып, сөйлемнің баяндауыш-етістіктерін жол басына ауыстырған. Ал сөз/өз/көз – деген фонетикалық ұйқасты сөздер бір ғана грамматикалық қызметте тұрғандықтан, біртектес түрленіп, өлеңнің ұйқасын жасаған.

Өлеңде төрт шумақ төрт түрлі ұйқаспен жасалған. Ал бұл ерекшелік ақынның таңдауынан тумаған, шумақ құрып тұрған сөйлемдердің ерекшелігінен келіп туған. Ақын қожалығымен жасалған ұйқас – шумақаралылық желі ұйқас қана.

Өлеңнің тұтас ұйқас желісі мынадай:

I	III
	1 ..... д
1 ..... –	2 ..... д
2 ..... –	3 ..... д
3 ..... а	4 ..... –
4 ..... а	5 ..... д
5 ..... –	6 ..... –
6 ..... В	7 ..... –
	8 ..... –
	9 ..... д
	10 ..... В
II	IV
1..... г	
2 ..... г	
3..... г	1 ..... е
4 ..... –	2 ..... е
5 ..... В	3..... е
	4 ..... –
	5 ..... В

Жұртқа белгілі, ұйқас өлеңге түрлік сипат береді. Бірақ қанша өлең болса да, қай дәуірде жасалса да, белгілі ғана ұйқасым шарттары бар. Ал халық поэзиясындағы осы дәстүрден, ортақ үлгіде

өлең жарату дәстүрінен сытылып шығу дара ақындық дәстүрдің туған кезіне тән. Бұл кезде өлең қанша болса, оның композициялық-синтаксистік құрылысы да сонша болады. Тіпті бұл ерекшелік өлең ішіндегі жеке-жеке шумақтарға да тән болады.

Әрине, өлеңнің ұйқасы бір ғана грамматикалық формаға құрылса, онда мұндай өлеңнің синтаксистік құрылысы бірізді болмақ. Ондайда өлеңге жалпылама түрде ортақ сипаттама беру жеткілікті. Ал өлеңнің ұйқасы өзгермелі шумақтардан тұрса, ондайда әрбір шумақ жеке-жеке талдауды керек етеді. Өйткені ондай әр шумақтың синтаксистік құрылысы әртүрлі боп келеді.

2. «Қы л ж ы ң , қ ы л ж а қ т у ы с қ а н ». Бұл өлең сыналатын адамдары, сыналар мінез-құлық, сынау тәсілі жағынан Абайдың «Сабырсыз, арсыз, еріншек» деп басталатын өлеңіне көп жақын. Бұл өлең Шәкір Әбенев қолжазбасында да, «Үш ғасыр жырлайды» деген жинақта да композициялық біртұтастықта жіксіз берілген. Ал шын мәнінде, бұл өлең шумаққа құрылған. Әр шумақтың соңғы жолдары өзара ұйқасып, желілі ұйқасты өлең түрі жасалған. Әрине, шумақіші ұйқаста тұрақты шарттылық жоқ. Әр шумақтың ұйқас үлгісі де әртүрлі. Өлең жолы мен сөйлем жігінің арақатынасы да үнемі бірізді емес. Бұдан, әрине, ұйқаста тәртіп жоқ деген ұғым тумайды. Әр шумақты жеке алғанда олардың әрқайсысына тән ұйқас түрі бар.

І шумақ – 11 жол. Өлең ұйқасы: –, б, –, б, –, б, –, б, –, б, Д түрінде.

- 1 Қылжың, қылжақ туысқан,
- 2 Қырт пен мылжың ағайын.
- 3 Бәрінен де дауасыз
- 4 Өсекті қайтіп бағайын?
- 5 Мақтан күйшіл жігіттей
- 6 Бабын қалай табайын?
- 7 Жағымсыз сөз әркімге
- 8 Жұмсайтұғын малайым.
- 9 Бәрі тегін жер тезек,
- 10 Қайсысын таңдап алайын?
- 11 Асыл сөзден бұл кетті.

Шумақтың 1–2-жолы, 9-жолы бастауышты, баяндауышты дара-дара сөйлем-жол болғанмен, түр жағынан екі жол бірігіп, тиянақты бір-бір сөйлем жасап тұрған жолдардың (3–4; 5–6;

7–8) табиғатынан бөліп алғысыз. Шумақта әрі өзара тең ырғақ жүйесінде, әрі тең композициялық бірлікте тұрған жеті жай сөйлем бар. Ал 11-жол алғашқы жолдармен грамматикалық байланысқа (форма арқылы байланысқа) түспей, дара тұр.

II шумақ мүлде өзгеше: ұйқас түрі де, синтаксистік құрылысы да бөлек. Шумақ жолдары *ааабббввД* түрінде келіп, бір ғана сөйлем құрап тұр. Әр жол бір сөйлем, әрі бір ұйқасқа ие. Ал ұйқас әртүрлі болғанмен, бағыныңқы сөйлемдер мағыналас формада (-ып, -й көсемше формасында) тұр.

- 1 Келемеж қылып || атасын,
- 2 Алмай ақыл || батасын,
- 3 Мойнына алмай || қатасын,
- 4 Шаруа десе || жирендеп,
- 5 Өсек десе || сүйрендеп,
- 6 Қымыз андып / қыдырып,
- 7 Бейпіл сөзге / сыдырып,
- 8 Жаландасып **ұл кетті.**

Осы өлеңде көзге түсер үш ерекшелік бар: бірінші, адамның мінез-әрекет суреттелетіндіктен, бірлі-жарым ауытқуларды атамағанда, өлең бастан-аяқ көсемше формасына құрылған етістік-баяндауышты болып келеді. 69 өлең жолының отыз сегізі көсемше-баяндауышты да, он бірі етістік-баяндауыш. Ал осы етістік, көсемше формалы сөздердің 38-і (27+11) ұйқас жасап тұр. Екінші, осы көсемшелік өлеңнің синтаксистік құрылысына өзгеше сипат берген. I, VI шумақтан өзге жеті шумақ түгел дерлік көсемше-баяндауышты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

- 1 Қонысына қона алмай,
- 2 Шаруасы онамай,
- 3 Бай мен кедей андысып,
- 4 Арасынан жем тауып,
- Араласқан сан пысық,
- 5 Дөң асқан мал табылмай, \_
- 6 Ашылған етек жабылмай,
- 7 Біріне-бірі сеніспей,
- 8 Кешірім жасап кеңіспей,
- 9 Бет-бетімен **ел кетті.**

Осы 9 жол өлең бір ғана сабақтас сөйлем: алғашқы 8 жол-сөйлем (9 жол 8 сөйлем) бірыңғай жарыспалы бағыныңқылы сөйлемдер де, 9-жол – басыңқы сөйлем. Ал үшінші ерекшелік – әрбір

шумақіші ұйқас өз алдына бөлек-бөлек боп келеді. Мұндай ұйқас түрі анығырағы, мұндай ұйқас түрінде шумақ жасау Дулаттың көп өлеңдеріне тән.

Жұртқа белгілі, өлең шумағының жол мөлшері және олардың ұйқасты жолдарының келу реті, не бірнеше ұйқастың бірдей (я жікті ретімен, я кезектесіп) қатысуы сияқты ерекше белгілеріне қарай шығыс поэзиясында әрі ортағасырлық европа поэзиясында өлең бірнеше түрге бөлінген. Дулатта да осылай топқа бөлуге болатын ерекше ұйқас түрлері бар шумақтар кездеседі. Өкініші сол, Дулат бұларды системаға айналдырмаған. Олар белгілер түрінде ғана кездеседі. Айталық, осы өлеңнің ұйқас контуры мынадай:

I	III	V	VII
1...–	1...а	1...а	1...а
2...б	2...а	2...а	2...а
3...–	3...а	3...б	3...а
4...б	4...б	4...б	4...а
5...–	5...б	5...Д	5...–
6...б	6...Д		
7...–			
8...б			
9...–			
10...б			
11...Д			
II	IV	VI	VIII
1...а	1...а	1...а	1...а
2...а	2...а	2...а	2...а
3...а	3...а	3...б	3...б
4...б	4...–	4...б	4...–
5...б	5...а	5...Д	5...б
6...в	6...–		6...в
7...в	7...а		7...в
8...Д	8...Д		8...г
			9...г
			10...Д

Міне, осы өлеңдегі II, III, V, VI, VIII (бұл соңғы шумақты *ааббввггД* түрінде сәл өзгертсе болды) шумақтарды өзіндік тұрақты өлең тармағы, ұйқас үлгісі бар дулаттық жаңа өлең түрі

деп айтуға толық болар еді. Реті келгенде айта кетуге тура келеді: қазіргі қазақ поэзиясы ХХ ғасырдың басы мен ХІХ ғасырда, одан ілгері жасалған мұраларға тән өлең түрлерін пайдалануда, тіпті көріп тануда көп кешен жатыр.

3. «Атаны бала алдады». Бұл 50 жол өлең тоғыз шумақтан тұрады. Алғашқы төрт шумақ жол саны және олардың бір ғана ұйқаста тұруы жағынан (*аааб – әәб – ггб–ддб*) ұқсас. Бірақ, интонация жағынан да бір сарынды. Осы өлшем VII шумақта тағы қайталайлы. Ал V, VI, VIII, IX шумақтарда тармақ саны, олардың ұйқасы бірізді емес, бірақ өлең тұтас күйінде шумақаралық желі ұйқасқа құрылған: *ұзынды – тізілді – бұзылды – үзілді – қызынды – көзіңді – кезінді – өзіңді – сөзімді* түрінде келетін фонетикалық ұйқаста тұр. Ал бұл ұйқастар барынша шеберлікпен жасалған. Оны анық тану үшін ұйқасқа түсірілген бұл тоғыз сөздің (*-ұзын, -тіз, -бұз, -үз, -қыз, -көз, -кез, -ез, -сөз*) – *зынды – зілді – зылды – ілді – зынды – зіңді – зінді – зіңді – зімді* түрінде дыбыстық жағынан бір ізге түсірілуін, бірақ бұлардың әртүрлі грамматикалық форманттар екенін ойға оралту керек болды.

Әр шумақ сөйлем түрі жағынан бөлек-бөлек: біріншіден, ырғақ өлшеміне орай баяндауыш-етістіктер бірде ұйқас шенінде, бірде инверсияға түсіп, жолдың алдына ауысып отырады; екіншіден, шумақтың әрбір жолы бірде бастауышты + баяндауышты болып келсе, бірде тұтас шумақ ортақ бастауышты болып келеді. Осыған орай желі ұйқасты жолдың сөйлемдік сипаты да әртүрлі: бірде бастауышты + баяндауышты сөйлем-жол, бірде... + баяндауышты сөйлем-жол, бірде жалаң баяндауыш-жол, бірде тек тұрлаусыз мүше-жол түрінде келіп отырады. Осыларға қарамай, өлең бір ғана күрделі синтаксистік тұтастыққа құрылған: әр шумақ іштей әртүрлі сөйлем түрінде болғанмен, желілі, сабақтас ойдың бір-бір үзігі ретінде өзара тең дәрежеде ұласа жалғасып жатыр. Ол, егер өзге бірыңғай сөйлемдерін қоспағанда, мына түрде қатар жасар еді.

[Теңгерер жақсы қалмады]

Қысқа менен ұзынды;

[.....]

Бұзақы би боп түзілді;

[.....]

Елдегі жақсы бұзылды;

[.....]  
 Достықтың қылы үзілді;  
 [.....]  
 [Томаға көзді боз тарлан]  
 Қыршаңқы болып қызынды;  
 [.....]  
 Ашпассың елім көзіңді;  
 [.....]  
 Қадірді алды кезінді;  
 [.....]  
 [Елбеңдетіп көтердің]  
 Ебелектей езінді;  
 [.....]  
 Кімге айтамын сөзімді.

Өлең түрін жасауда жол қайталау, жол аяғы сөз қайталау қазақ поэзиясында бұрыннан бар құбылыс. Ал шумақаралық ұйқасты жолдың желісін жасау – қазақ поэзиясында Дулаттан басталады. Бірақ ақын осы өлең түрінің тармақ санына келгенде қатаң шарт қоймайды. Өлеңді қатаң өлшемге салып, ақындық шабытқа тұсау салуға келгенде босандық жасайды. Керісінше, осы шарт қоймаудың өзі бір принцип. Олай болса, тармақ саны әртүрлі боп келудің өзі – өлеңнің бір түрі. Ал осы әртүрлі тармақ санын олардың ұйқас түрін негізге алып, әр түрінде бір-бір өлең жасаса, Дулаттың өлшем-өрнек үлгісінде қанша өлең түрі туарын теориялық тұрғыдан келіп пайымдасаңыз, Дулат поэзиясының түр жағынан қаншалықты бай екеніне анық көз жетер еді.

4. «Әуелгі қазақ деген жұрт». Өлең тарихи тақырыпқа құрылған. Сюжетті желісі бар. Поэма деуге де болатын ұзақ толғау. 260 жол осы өлең 12 абзацқа бөлінеді. Ал әр абзац аралық желі ұйқаспен байланысатын бірнеше шумақтан тұрады. Әр абзацта шумақ саны әртүрлі.

Өлеңнің шумақтары жол саны мен ұйқастық бірлігі жағынан біртұтас емес. Демек, шумақтар өзінің синтаксистік жүйесі жағынан да әртүрлі.

I–IV абзац өткен тарихты баяндау болғандықтан, сипаттай-суреттей айту негізгі тәсіл. V абзац үш шумақ.

Сен туған жерді тастадың,	а
Теріске елді бастадың,	а

Арқаға аяқ басқаның,	ә
Қаратаудан асқаның –	ә
Түлігі төртеу мал үшін;	Д
<i>Бетегесі бырдай боп,</i>	а
<i>Майсасыры дырдай боп,</i>	а
<i>Тарлаулары балдайын,</i>	
<i>Балауы жая-жалдайын,</i>	ә
<i>Ойы түрлі кілемдей,</i>	б
<i>Солқылдап қыры кілендей</i>	
Салқын самал дала үшін;	Д
Ен жерді мекен етем деп,	а
Игілікке жетем деп,	а
Кеңшілік сүтін ішем деп.	ә
Ойменен тон пішем деп.	ә
Қара қазан, сар бала	–
Кемпір-шалдың қамы үшін.	Д

Бірақ осы үш шумақ бір ғана мағыналық бірлікте, бір ғана синтаксистік тұтастықта тұр. Яғни «Қаратаудан асу» – түлігі төртеу мал үшін; салқын самал дала үшін; кемпір-шалдың қамы үшін. Сондықтан бірінші шумақтың соңғы жолы қандай қызметте тұрса, соңғы екі шумақ тұтас күйінде сондай қызметте тұр. Бұл абзац аралары нүктелі үтірмен бөлінетін бір ғана синтаксистік бірлікте тұрған өлең.

Бұл шумақтар осылай бір ғана синтаксистік бірлікте, бір ұйқаста тұрғанмен, әрқайсысы синтаксистік құрылысы жағынан бөлек-бөлек. Екінші шумақ тұтас күйінде сөйлем мүшесі – бірыңғай анықтауышы бар баяндауыштан ғана тұрған «сөйлем». Әрине, 3–6-жолдың – (-дай- ын/-дай формалы) анықтауыштық орны анық. Ал 1–2-жол «боп» етістігімен келіп, қалайша анықтауыш орнында тұрмақ деген заңды сұрақ болары қажет. Бұл жерде ырғақ өлшеміне (буын санына) сыймаған сөздің қысқаруы бар. Негізінде бұл жолдар – «*Бетегесі бырдай боп жатқан, Майсасыры дырдай боп жатқан*» түрінде келуге тиіс жолдар. Керісінше, үшінші шумақ тұтас күйінде бірыңғай фразеологизмнен болған баяндауыш формалы анықтауыш-сөйлем.

VI абзацтың жол саны да, шумақ саны да барынша көлемді. Мұнда 8 шумақ бар (68 жол). Ақын осы 68 жолды өлеңде «*сен осылай етіп, осыларды істегенсін*» деген бір ғана күрделі ойды

(сабақтас ой желісін) айтқан. [Егер ықшамдап құрса, сегіз шумақ өлең сегіз ұйқасты жолы, осы жолдарға қатысты екі-үш ұйқассыз жолы бар бір ғана шумақ өлең етіп қайта құруға барынша бейім.] Әр шумақ мағына жағынан әрі сөйлем жүйесі жағынан тиянақталып отырады. Бірақ осыған қарамай бір ғана деммен (тыныспен) арасын үзбей айтуды тілейді. (Осы ерекшелігімен әрқайсысына тән бағыныңқы сөйлемі болатын бірыңғай салалас құрмаласқа көп ұқсайды). Сөйтсе де әр шумақтың өлшем-өрнегі бөлек-бөлек.

Бірінші шумақ – 14 жол өлең бір-ақ сөйлем. Онда да 13 жол өлең көсемше формасында (*-ын*) тұрған бірыңғай жарыспалы бағыныңқы сөйлем де, шумақты тиянақтайтын жол – басыңқы сөйлем. 6–7-жолдан басқа жолда инверсия жоқ та, көсемше формалы сөз жол аяғында келіп әрібір текті баяндауыш-ұйқас жасап тұр.

- 1 Тобышақ атты б ү г і л т і п ,
  - 2 Құйрық-жалын с ү з і л т і п ,
  - 3 Езді бордай ү г і л т і п ,
  - 13 Талдырмашты т а л д ы р ы п ,
  - 14 Ақсақ-тоқсақ қалдырып,
- Үдере тартып көшкенсін.

Шумақтың түгел жолы бір формалы болып, бір ғана сипатты қызметте (бірыңғай жарыспалы бағыныңқы сөйлем қызметінде) тұрғандықтан, әрі жолдың соңы бірыңғай баяндауыш (*баяндауыш-ұйқас*) қана болып қоймай, жол басы сөздер түгелдей бір ғана қызметте толықтауыш орнында тұрғандықтан, әрі бір ғана ырғақпен, бір ғана интонация арасында айтылатындықтан, жол қатарының көптігі тіпті де сезілмейді.

Екінші шумақ – 4 жол өлең бір-ақ сөйлем. Алғашқы шумақтан ерекшелігі – баяндауыш-ұйқастардың өзге грамматикалық формада (*-кем + де*) тұруы ғана.

- Сыр, Қуаннан кеткенде,  
Арыс, Келес өткенде,  
Талас, Шуға жеткенде,  
Түйеңнің қомын шешкенсің.

Үшінші шумақ – 9 жол өлең – бір-ақ сөйлем. Алғашқы сегіз жол бір ғана грамматикалық тәсілмен (*-ын* көсемше формасымен) жасалып, бірыңғай бағыныңқы сөйлем қызметінде тұр. Бірақ



ұйқас бірыңғай емес. Кейінгі жолдардың табиғи тіркес қалпы (алғашқы жолдардың ырғақ өлшеміне сыймағандықтан) ырғақ өлшемімен бөлініп, инверсияға түсіп, екінші ұйқас жасаған. Ырғақ бір жол бойында екі түрлі ұйқас жасап (бірі – жоліші грамматикалық ұйқас, бірі – жол аяғындағы фонетикалық ұйқас), өлеңнің көркемдік сипатын арттырып тұр.

Шу бойына//ығыр ғып,  
Төрт түлік демін//алдырып,  
(Қошқардың шешпей//күйегін)  
Қойды қысыр//қалдырып;  
Тұлпардың тозып//т а б а н ы  
Нардың апшып//қ а д а м ы  
[Бұйдасын іркіп//б а я у л а п ]  
Мұрнын жырып//ш а б а н ы  
Сарыарқаға түскенсің.

Төртінші шумақ – 8 жол өлең бір-ақ сөйлем. Синтаксистік құрылысы жағынан ілгергі шумақтармен бір сипаттас. Өлең тілінен ықшамдап (оның көркемдегіш тәсілдерінен «арылтып») алғанда: ...қоныс таптым деп,... бағыланды жеп, сапырып қымыз ішкенсің – түріндегі ғана сөйлем.

	5	7	6	
3	Ен қоныс	<b>таптым</b>	деп	оң а й
	1	2		1
1	Өрісі кең,	н у т о ғ а й ,		2
	3			
2	Суы тұнық,	шөбі қ а у ,		3
	[Жалғыз ғана	жиен ж а у ]		4
4	Бағыланды	<b>жеп</b>	еті б а л ,	5
(4)	Сары ала қазы,	ж а я - ж а л ,		6
5	Сапырып қымыз	ішкенсің;		7

Бұл шумақта өзара ұйқас жасап тұрған 1–2-жол (шумақ жолының рет санымен алғанда 2 – 3-жол) 3-жолдағы қоныс сөзінің бірыңғай анықтауыштары ғана. Ал 5–6-жол ұйқасқа түсіп тұрған бірыңғай толықтауышты жай сөйлем: сары ала қазы(ны), жая-жал(ды), еті бал бағылан-ды жеп. Шумақтағы 4-жол авторлық қыстырма сөз, ұйқасқа өткелек жасаудан туған тәсіл құралы. Демек, бұл шумақта өлең синтаксистік құрылыс ыңғайымен емес, көркемдік тәсіл амалымен формаға түскен.

Бесінші шумақ – 8 жол өлең бір-ақ сөйлем: онда да бір ғана бағыныңқы сыңары бар сабақтас сөйлем. Ал ұйқасты жолдарды жасап тұрған бірыңғай толықтауыштар немесе мүше-жолдар. Егер өлең тілінің көркемдік формаларын «сыпырып тастаса»: (1) ... қылыш дүзімен... (2) қалмақтың жерін тегін алдым деп, ойламай ақыл пішкенсін – түріндегі сөйлем ғана. Ал 4-жол қарасөзге тән нормадан ауытқып, ырғақ ұйқас заңымен жаңа норма тауып, қайта тіркеске түскен толықтырушы қызметінде тұрған анықтауыш қана. Осы шумақтағы 6-жол авторлық қыстырма сөз-жол.

1 (1)

Ақ білектің күшімен,

2(1)

Ақ найзаның ұшымен,

3(1)

Наркескен қылыш дүзімен,

[Қан қатқан жасыл дүзінен]

4(2)

Он сан қара қалмақтың

[Бермегі бар алмақтың]

Жерін тегін алдым деп,

Ойламай ақыл пішкенсін.

Бір ерекшелік: I–V әрі VII–VIII шумақта бір ғана логикалық «сен» деген бастауыш бар да, ол шумақ іші бағыныңқы сөйлем-жолдарға да, басыңқы сөйлем-жолдарға да тең ортақ. Ал VI шумақ бұлардан өзгешелеу: логикалық бастауыш («сен») орнында барлық грамматикалық бастауыштарға ортақ бір ғана логикалық анықтауыш («сенің») тұрады да, бағыныңқы сөйлем-жолдар дарадара бастауышты, баяндауышты болып келеді. Бірақ сөйлемнің түрі жағынан өзге шумақтармен бірдей. Шумақтағы 14 бағыныңқы сөйлем-жолдың баяндауышы бірыңғай көсемше формасында тұр. Олар жол аяғында келіп әрі 14 жолға ұласқан баяндауыш-ұйқас қатарын жасап тұр. Сөйлемдегі түр бірлігі, ырғақтағы бір сарындық, ұйқастағы бір формаластық әрі бұлардың сыртында сөйлем-жол бойында тұрған сөздердің тіркесіне тән өте көркем бірліктегі фразалық сипат, сөздердің өзара дыбыстық үйлесімі – бәрі соншалық астастық тауып, шумақтың тілдік, түрлік, әуездік көркемдігін барынша арттырып тұр.

Сауытты ерің зерігіп,

Сары бойдағың ерігіп,



Шаңына малың аунаған,  
 Дәулетің өсіп қаулаған,  
 Тел емес малды саумаған,  
 Бұқарай шарып дейтұғын  
 Өсіп-өнген жеріңіз.

Үшінші, бұлардан басқа: *aaa – ə – B;bb[?]-г – B* түріндегі ұйқаспен келетін шумақтар да бар.

Әзірет қонған Қаратау,  
 Аса алмаған онан жау,  
 Болмаған онда қанталау,  
 Ел соқпағы даңғыл жол –  
 Қасымның қасқа жолы екен.  
 Көнелерден сұрасам,  
 Сөзін жинап құрасам,  
 Сауысқандық Түркістан –  
 Сенің туған жерің сол екен.

Осы сияқты шумақ түрлері өлеңнің өн бойында әр тұста кездесіп отырады. Бірақ шумақ іші ұйқасты жолдардың сан жағынан бірдей болуы тұрақты емес, әрі ырғақ-интонация-пауза жағынан жұптасып бөлінетін жолдарда шартты түрдегі бірізділік жоқ. Бірақ қалай дегенде де синтаксистік құрылысы әрі композициясы жағынан өзгешелігі бар осы шумақтар қазақ поэзиясындағы жаңалық еді. Дулат өлеңнің композициясы мен синтаксисіне тікелей қатысты ұйқас түрлерін жасауда, яғни тармақіші ұйқаспен шумақіші ұйқастың түрінде, шумақаралық ұйқастың ұласа жалғасуында және бұл ұйқасты жолдардың синтаксистік жүйесінде барынша жаңашыл. Тіпті Дулат бір өлеңде бірнеше өрнек-өлшемді қатар қолдана береді.

5. «Тегімді менің сұрасаң». Бұл өлең – өзінің әрі мазмұны, әрі түрі жағынан XIX ғасырдың бірінші жартысы үшін барынша жаңа өлең. Дулат бұл өлеңде өзі туралы, ақындық, жыр-өлең туралы, өз жыры, өлең-жырының қызметі туралы айтып келіп, аяғын қазақтың сол тұстағы саяси жағдайына әкеп тірейді, ел әкімдерінің озбырлығын, топастығын, табансыздығын, момынға жасаған қиянатын сөз қылады. Мұны өлеңнің ілгергі тұсында өз жыры қандай жыр, не туралы, кімдер туралы айтылар Сөз – дегеніне дәлел-жауап ретінде айтқандай.

Өлең – 16 шумақ (117 жол). Алғашқы 7 шумақ (50 жол өлең)

шумақаралық бір ғана желі ұйқасқа құрылған. Бір ғана нәрсе – ақындық пен ақын сөзі туралы айтылады. Үзіліссіз тұтас ой, сабақты, желілі ой. Тұтас күйіндегі мағына бірлігі. Осы мағына – күрделі бір мағына жеті шумақ аясында айтылып, синтаксистік біртұтастық жасап тұр. Яғни жеті шумақ өлең бір ғана күрделі синтаксистік бірлікте келген. Бұл қазақ поэзиясы сипаттас поэзияда ғана болатын өте сирек ұшырасар құбылыс. Өлең жолының ұйқасты қатарына келгенде қазақтың ауызша поэзиясы да, дара ақындардың өлеңдері де еуропа мен шығыстың бірде-бір елінің поэзиясын алдына салмайды. Егер бұл жеті шумақты ықшамдаса: *жырын тыңда Дулаттың: мен тасқын судай ағызып, топ жиынды дулаттым; мен тұлпар аттай қунақпын; мен ел бүлдіргі бегіңді улы тілмен ұлаттым; мен қайғылыны уаттым; мен – жыр арнасы суатпын; мен бойыма біткен асылымды шашайын* – түрінде келмек. Ал өлеңдер жолы мен шумағының көптігі жалғасып, сабақтасып жатқан мағынаны әсте ұлғайтып, күрделендіріп тұрған жоқ. Мұны әр шумақтың синтаксистік құрылысы, сөйлемдік сипаты анық көрсетпек.

I шумақ (10 жол өлең) бір-ақ сөйлем. Онда да келесі алты шумақ-сөйлем үшін жалпылық мәні бар сөйлем. Сондықтан:

Сорғалаған нөсердей

Жырын тыңда Дулаттың –

түрінде бітетін шумақ аяғына қос нүкте қойылуы тиіс те, өзге шумақтар нүктелі үтірмен (;) бөлініп отыруы керек.

Бір сөйлем боп келу өзге, алты шумаққа да тән; бір шумақ ұйқасты бір ғана құрмалас сөйлем болса, ал бір шумақ бір ғана жай сөйлем боп келеді.

III шумақ – 6 жол өлең.

1 Айдасаң, алыс жерім-ді,

2 Алсаң ащы терімді,

3 Өзіне-өзі сенімді (.)

4 Тоят төс, салпы ерінді (,)

5 Топтан торай бермейтін

6 Тұлпар аттай қунақпын.

Теориялық жағынан алғанда, бұл шумақ шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Ал ырғақ өлшемі, ұйқас бірлігі, инверсия бұл шумақтың сөйлем жігін жойып жіберген. 3–5-жол «тұлпар аттың» анықтауыштары ғана. Ал олардағы «сенімді», «ерінді»

деген бірыңғайластық, ұйқас ілгергі сөйлем-жолдағы «жерім-ді», «те-рімді» деген сөздерді өзіне үйлестіріп, өзімен «бір қызметтегі» формаға айналдырып тұр.

Ал IV шумақ (6 жол өлең) бір ғана жай сөйлем.

Қайырсыз сараң // малыңды,  
Еріншек есек // жарыңды,  
Халыққа емес // сыйымды  
Парақор баспақ // биіңді,  
Ел бүлдіргіш // бегіңді  
Улы тілмен улаттым.

Ұйқас шегінде тұрған бес сөз (бес «сөйлем-жол» жасап тұрған сөз) бірыңғай толықтауыштар ғана, ал олардың алдында тұрған сөздер – анықтауыштар ғана. Сонда бес жол өлең бір ж а й с ө й л е м н і ң бір ғана мүшесі. Бұл жерде өлеңнің ұйқас шегі немесе өлең жолының ұйқас пен бөліну шегі сөйлемге, сөйлем жігіне қатысты емес, сөйлем мүшесіне қатысты. Бұл – қазақ поэзиясы стиліне тән алабөтен құбылыс.

VIII шумақтан жаңа ой басталады: егер ілгері шумақтарда Дулат өз өлең-жырының атқарған қызметін айтса, бұл шумақта жырдың жана әрекеті айтылады. Шумақаралық ұйқасы жағынан келесі шумақтармен бір болса да, мағынада олардан мүлде бөлек. Сондықтан бұл жерде ұйқас бірлігі – синтаксистік бірлік емес, өлең түріне тән бірлік, көркемдік өрнек-өлшем формасы. Ал бұл ерекшелік шумақаралық бір ғана желі ұйқасқа құрылған өзге сегіз шумаққа да тән. Бұлардың әрқайсысы дара-дара синтаксистік бірлікте тұр. Яғни формашылдық, біртектес форма бірлігі поэзияға тән негізгі тәсіл болғандықтан, форма бірлігі синтаксистік бірлікте үнемі басты белгі бола бермейді, керісінше, ырғақ өлшемі ыңғайымен инверсияға түсіп, ұйқасы басқа-басқа болып келетін шумақтардың өзі кейде бір ғана синтаксистік бірлікте тұрады.

Дулаттың бұл өлеңі де өлшем-өрнекке соншалық бай. Сондықтан өлеңнің әрбір шумағы синтаксистік сипаты жағынан біріне-бірі ұқсамайтын үлгіде:

Сусағанды сулатып,  
Шаршағанды қуантып,  
Кезегенді тура атып,  
Жырымен е л д і жетелеп,

Мойыс ж е р д е н төтелеп,  
Ағылайын ақпадай.

Сөздердің табиғи тіркес қалпы мен олардың буын жігі өлеңнің ырғақ өлшеміне сәйкес келгендіктен, өлең сөзінде ырғақ талабынан болатын инверсияға ұшырау жоқ. Сөйлем-жолдар сөйлеу тілі нормасына өте жақын. Сондықтан да баяндауыш-етістіктер бірыңғай жол аяғында келіп әрі ұйқас (грамматикалық форма ұйқасын) жасап тұр. Тұтас шумақ ортақ бастауышты жарыспалы бағыныңқылы бір ғана сабақтас сөйлем.

Ал ІХ шумақ мүлде басқа үлгіде.

Азған елдің а д а м ы :

2 3

Апшыған сұмдар қ а д а м ы ,//

2 1

Жүйрікпін деп ш а б а н ы ,//

2 3 1

Момынға жапса ж а л а н ы ,

4 5 6

Қулық, сұмдық т а б а д ы ;//

2 1 3

Арқасы елдің жауыр боп,

4 5

Артқан жүгі а у ы р боп,//

Төрт аяқтан ақсады-ай.

Біріншіден, ырғақ өлшемі сөздерді инверсияға түсірген, екіншіден, ұйқас – фонетикалық ұйқас. Үшіншіден, синтаксистік құрылысы күрделі: бастауышты + баяндауышты жай сөйлем (салалас сөйлем) тобы мен дара бастауышты жарыспалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем қатар келген. [Осындай ерекшелік өзге шумақтарға да тән].

I. 1	5	II 8	13
1	.....ж,	.....а,	.....н,
.....а,	.....ж,	.....а,	.....н,
.....ә.	.....з,	.....а,	.....м.
.....а,	.....з,	.....ә,	.....т,
.....ә.	.....к,	.....ә,	.....м.
.....а,	.....к	.....Ж.	.....Ж.
.....ә.	.....Д.		
.....-			

.....ә.	6	10	14
.....–	.....к	.....е	.....т
.....Д.	.....к	.....е.	.....–,
2	.....к.	.....е,	.....т.
.....б,	.....ғ,	.....е,	.....р
.....б,	.....ғ	.....е.	.....–
.....г,	.....Д	.....–,	.....р
.....г,		.....Ж.	.....–,
.....–			.....Ж.
.....Д			
4	7	11	15
.....е,	.....–	.....с,	.....ө.
.....е,	.....л,	.....с,	.....ф.
.....с,	.....–	.....–,	.....ө,
.....с,	.....л.	.....с,	.....ф.
.....с	.....–	.....–	.....–
.....Д.	.....л.	.....с.	.....ф.
	.....–	.....–	.....–
	.....л	.....с, –	.....Ж.
	.....–	.....–,	
	.....л.	.....Ж.	
	.....–,	12	16
	.....–	.....к,	.....ц,
	.....Д.	.....к,	.....х: –
		.....ғ,	.....ц,
		.....ғ,	.....х,
		.....ғ,	.....х,
		.....ғ	.....–
		.....б.	.....Ж.

Өлеңдегі енді бір елеулі ерекшелік – шумақіші сөйлем-жолды (сөйлем формасын) ұйқас түріне бағындыру талабы. Өлеңнің жалпы ұйқас контуры мынадай:

Мұнда өлеңнің ұйқасын бір системаға келтіруге тырысу анық байқалады. Біріншіден, өлең екі желі ұйқасқа бөлінген: алғашқы желі ұйқас жеті шумақты біріктірсе, соңғы желі ұйқас сегіз шумақты біріктіріп тұр. Екіншіден, ұйқаста жұптық жүйе бар. Ақын өлең жолын осы ұйқас шартына құру мақсатымен жол бойындағы сөздерді өзге ырғақ өлшеміне салады. Осыдан келіп, сөздердің орналасу тәртібі өзгерген. Ал мұның өзі азды-көпті сөйлемнің түріне әсер еткен.

6. «Тырнақтай меңі болған соң». Өлең 19 шумақ, 165 жол. Дулаттың бұл өлеңі өзінің бұған дейінгі шығармалары-



ның қорытындысы есепті. Әр өлеңде әр тұста, әр орайда айтылған пікірлері осы өлеңде теріліп, сұрыпталып, ықшамдалып айтылады, сол дәуір жағдайына лайығы, керегі ендігі қазақ тұрмысының көш бағытын бағдарлау тұрғысынан айтылады. Егер 1840 жылдары айтылған өлеңдерінде патшалық отаршылдық езгіге қарсылық білдірмеген, елдің, жыраулар көптің мұнын мұндамаған «ел жақсыларын» қатты сынаса, бұл өлеңде ол жоқ. Дулат «азаттыққа қол созбайтын», «аяғын бұған қойға ұсап, мойнын ұсынып берілген» ел басшыларын ездік жасағаны үшін сынағанда бұрынғы аталарын мынау «азғын туған» ұрпағына қарсы қойып мақтайтын. Мұнда ол да жоқ. Сынау бар да, сынауға сылтау етер жай, сынатар тұрғы өзгерген.

Дулатта 50–60-жылдарда қазақ өмірінде болған саяси өзгерістер алдында тізе бұғу бар. Қазақ өмірінің ендігі беталысына – отаршылдық езгі жағдайындағы өміріне көндігу бар. Бірақ Дулат отаршылдық қанауға, жерден айыруға, бұқара халықты туған жерден ығыстыруға наразылық білдіруден тыйыла бастады деуге әсте болмайды. Дулат үшін отаршылдық қанауға, ел әкімдерінің «жаман иттей» «қосыла жұлмалауына» қарсылық білдірмеу – шегіну іспетті болмақ. Бірақ Дулат қалай десе де, өзін бұратана атанған халықтың, ендігі өмір жолын патша өкіметінің езгісінде бола жүріп өткізуді біржола мойындаған халықтың өкілі ретінде таниды да, мына жаңа дәуірдің өзі кемістік деп тапқандарын аяусыз сынады. Сондықтан да ақынның «Тырнақтай меңі болған соң» өлеңі әрі бұған дейінгі творчествосының қорытындысы, әрі жаңа ақындық бетінің басы іспетті.

Ақын өлең өлшем-өрнектерінде бұған дейін тапқандарын да осы өлең үстінде саналы түрде мүмкіндігінше жүйеге салып, жетілдіріп, қайта ұсынуды мақсат еткендей. Сөйтіп шеберлік саласындағы өзіне қас дүниенің әрі қорытындысын жасады, әрі қазақ поэзиясында ауызша өлең үлгісінен іргесін біржола бөлектеген, қазақ арасына бұған дейін тараған кітаби өлең үлгісінен мүлде бөлек жаңа өлең үлгісін жасап, жаңа бір беттің бағытын байқатты.

Өлеңнің алғашқы 9 шумағының өлшем-өрнек контуры мынадай:

1	4	7
..... а,	..... Ғ,	..... с,
..... а,	..... Ғ,	..... с,
..... а,	..... к,	..... с,
..... –	..... к,	..... с,
..... Д?	..... Д.	..... –
2	5	..... –
..... ә,	..... Ғ,	..... Д.
..... ә,	..... Ғ,	8
..... ә,	..... Ғ,	..... т,
..... ә,	..... –	..... т,
..... –	..... Д.	..... р,
..... Д?		..... р
3	6	..... Д.
..... б,	..... к,	9
..... б,	..... к,	..... з,
..... в,	..... лл,	..... з,
..... в,	..... л,	..... ж,
..... –	..... м,	..... ж,
..... Д.	..... м,	..... –
	..... –	..... Д.

Өлеңнің барлық шумақ өлшеміне ортақ белгі мынау: шумақ 4 жол я 6, 8 жол немесе одан көп жол болып келмесін, бәрі бір, шумақтың ақырғы жолынан ілгері тұрған жол, біріншіден, өзінің алдындағы тармақтармен ұйқасқа түспейді, екіншіден, ақырғы жолдан (өзінен соңғы жолдан) ырғақ жағынан бөлінгенмен, сөйлем тұрғысынан келгенде бөлінбейді, екі жол бір сөйлем, бір жай сөйлем. Сол себепті де бұл жол барлық жағдайда да ақырғы жолдан тыныс белгісімен бөлінбейді. Осы ерекше сипатты жол 5 жолды IV, VIII шумақта, 7 жолды XI шумақта ғана жоқ. Тегінде бұл авторлық ауытқу өлең өрнегі нормасын сақтамау сияқты кемшілік болмауы керек, ақын өлеңін көшіріп алушылардың я түсініксіз жол болып, оқи алмауынан, қалдырған жолдары болуы.

Шумақтардың жол санында да біршама тұрақтылық бар: I, IV шумақ – 5 жолдан; II, III, V, VII–IX шумақ – 6 жолдан, VI, X, XI шумақ – 8 жолдан; XII–XV, XVII–XVIII шумақ – 10 жолдан, XVI шумақ – 14 жол. Шумақ жолының бұлай аз-көптігін сол дәуірге тән жазба поэзияның бір ерекшелігі десек те (мұның өзі Дулаттың барша шумақты өлеңдеріне тән), мұның өзін қатаң өлшем

шартына ұйқасты жол легінде келген ойды тежей бағындыру бірінші кезекте тұратын жазба поэзия нормасын жасауға дейінгі саты демеске болмайды.

Ал шумақтағы ұйқасты жолдардың келу ретінде де, оның әртүрлілігіне қарамай, жүйе бар. Ол жүйе ой легі, ой толқыны ыңғайымен шартсыз, өлшеусіз тоғытыла қаптаған шұбыртпалы ұйқасқа тән жүйе емес, ұйқасты жолдардың тобын әдейілеп бөле жасау талабынан келіп туған программалы ұйқас жүйесі. Айталық, 6 жолды шумақтар кебіне *ааәә – б* – түрінде, ал 8 жолды шумақтар көбіне *ааәәгг – б* – түрінде келіп отырады.

Өлеңнің жол саны, ұйқас түрі, бұл ұйқастардың шумақ шегіндегі орны қарайлас болса да, сөздер ырғақ өлшемі заңымен орналасқандықтан, орын жағынан ұқсас ұйқасты сөздер өздерінің синтаксистік қызметі жағынан әртүрлі боп келіп отырады. Өйткені Дулат бір өленде, тіпті бір шумақта ұйқастың екі түрін – фонетикалық ұйқасты да, грамматикалық ұйқасты да қатар қолдана береді. Мұның сыртында суреттей баяндау негізгі тәсіл болғандықтан, Дулат өлеңдерінің шумағы синтаксистік құрылысы жағынан да бөлек-бөлек боп отырады. Бұл – Дулат өлеңдері шумағына тән бірден-бір ерекшелік.

Айталық, IX шумақ пен X шумақты салыстырайық:

I	2	
1	3	2
1	Түсі суық, у т і л д і ,	а
2	Қарға адым жер боп м ұ ң ы ,	а
3	Үнемдеп жалап т о п ы р а қ ,	ә
4	Бұта көрсе тоқырап,	ә
5	Қыс болса қатып, сіресіп,	г
6	Жаз өмірмен күресіп,	г
7	Аяғы жоқ еңбектеп,	–
8	Күнелтіп жүр жылан да	В

Бұл шумақта көсемше формалы баяндауышты сөйлемдер едәуір. Әрине, бұл шумақтың әуелде ақын ойластырған өзегі «стержені» 1, 2, 7, 8-жол, онда да 2 + 1 + 7 + 8 түрінде орналасуға тиіс жолдар. Ал бұл шумақтың өзге шумақтарға әуелі тармақ жағынан, екінші, ұйқас жағынан қарайлас келу талабы соңынан 3–6-жолдарды туғызған. Сөйтіп синтаксистік жүйе жағынан қатар тұруға тиіс 1+7-жол ұйқас заңымен араға алты жол өлең салып

барып байланысқан. Бірақ бұдан өлеңнің мағыналық үйлесіміне зәредей нұқсан кеп тұрған жоқ. Қайта жолдардың үйлесуі шумақтың көркемдік сипатын көп арттырып тұр. Керісінше:

1 Мекен қып/құздың қиясын,	а
2 Бұлтқа салған//ұясын,	а
3 Айнадай көрген//аймағын,	ә
4 Түйінін шешкен//айланың,	ә
6 Жерге қонбай ұша алмас	–
5 Көк еркесі қыран да, –	В

деген шумақ, өлең жолының әртүрлі ұйқастылығына қарамай, бір ғана жай сөйлем. Жалаң бастауыш пен күрделі баяндауыштан әрі бастауышқа тән көгі бірыңғай үйірлі анықтауыштан ғана тұрған жай сөйлем. Осы үйірлі анықтауыштардың грамматикалық формалары бірдей емес. 2, 3, 4-жол үлгісімен (*бұлтқа салған...*, *айнадай көрген...*, *түйінін шешкен*) келмей, 1-жол мекен қылған... деудің орнына мекен қып... формасында тұр. Бұл – буын саны заңы еріксіз туғызған ауытқу. Бірақ бұған әсте қысылмайды.

Ырғақ пен ұйқас өлшеміне ғана тән, ал синтаксистік (грамматикалық байланыс) жүйеге қайшы келетін мұндай ауытқулар немесе «норманы бұзулар» ақынның барша өлеңіне тән. XIV шумақты алайық:

1 Шетке қылмай е р л і к т і, /	а
2 Ел қорғайтын ер бітті//	а
3 Тебінгісін тоздырып,	–
4 Құрғатпай тоқым-терлікті,	а
5 Қой ұрлыққа мақтанған,	ә
6 Кептірмей тоқып аттанған,	о
7 Ел жиренген ісінен,	б
8 Азған елдің ішінен	б
9 Қазан бұзар үй тентек	–
10 Көрдік шыққан батырды.	Д

Біріншіден, осында 1–2-жол әрі ұйқасы жағынан, әрі синтаксистік сипаты жағынан кейінгі жолдан мүлде бөлек. Ал екіншіден, қалған жолдардың грамматикалық форма бірлігі (сөйлеу тілі нормасы) тұрғысынан келгенде, орналасу тәртібі: 8 + 3 + 4 + 5 + 6 + 7 + 9 + 10-түрінде болуға тиіс еді. Тұтас шумаққа тән ырғақ желісі – шумақшілік әуез үйлесімі грамматика заңы бойынша да, ойдың жүйесі бойынша да 3-жолда тұратын сөз ора-

мын 8-жолға «қуалап» апарған. Үшіншіден, IX шумақтағыдай үлгімен «тебінгісін тоздырған» демей, «...тоздырып» деп, өлеңнің ырғақ, әуез үйлесімділігі үшін, (жолдың дыбыс-әуез жағынан ықшам келіп, екінші жолмен кідіріссіз жымдастықта тұруы үшін) жолдың ұйқас бірлігінен қашып отыр.

Міне, бұлар – Дулаттың ақындық шеберлігін, жаңашылдығын дара алып зерттеу тұсында жан-жақты келіп, тереңдеп ашылуға тиіс ерекше үлгілер.

Біз Дулат поэзиясының жанры, ақынның өлең түрін жасауда ізденіс жолдары, ақынның ауызша әрі жазбаша туған өлеңдеріне тән стильдік тәсілдер, тілдік материалдар сипаты, ал осылардың бәрі үшін аса қажет жүйе – ақын өлеңдерінің композициялық-синтаксистік құрылысы дегендерді ықшам түрде осылармен аяқтаймыз.

Жұртқа белгілі, көрші елдер арасында мәдени қарым-қатынастың тууы екі ел әдебиетінің өзара ықпал етуіне бастап әкеледі. Мұндайда, сөз жоқ, мәдениеті дамыған елдің әдебиеті ықпал етуші әдебиет болмақ. Ал Дулат ақындық құрған кезде ауыс-түйіс жасалуы мүмкін әдебиет – Таяу Шығыс әдебиеті мен түркі, түркі-татар әдебиеті болды. Ал Дулат жасаған жоғарғы өлең түрлері бұл әдебиеттерде ол кезде болған емес. Бұларды ақын қазақтың ауызша поэзиясы туғызған үлгі-түрлерді жетілдіру негізінде жасады.

Әдебиеттің басы, оның белгілі кезеңдері жаңашыл ақындардың есіміне тікелей байланысты.

## ӘДЕБИЕТ

1. Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965. 242-б.
2. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., 169-б.
3. Қашғари Махмуд. Дивану..., 1-т. Ташкент, 1960. 121, 141-б.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. 153-б.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., 94-б.
6. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. 120-б.
7. Жирмунский В. Теория стиха. Л., 1975. С.445.

## V. ДУЛАТ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ СӨЗ-ОБРАЗДАР

Өлең сөздің тілдік, стильдік реңкі, мағыналық өрісі ақынның өзі назарға алып отырған жайға қай тұрғыдан келуіне байланысты.

Әрине, ақын белгілі бір объектіге таза көркемдік тұрғысынан келіп те әрі өзінің көзқарасы, идеясы тұрғысынан келіп те ауыс мағына беруі я оны сипаттауы мүмкін. Мұның сыртында ненің қалай айтылуы дегенде оның сирек жиі қайталануы басты нәрсе: егер х объекті ақын шығармасында сирек айтылса, онда оның қалай айтылуы ескеріле бермейді; ал егер х объекті жиі қайталанса, онда ақынның сол нәрсені суреттеу тәсілі стильдік тәсілі болып табылмақ. Айталық, Абай шығармаларында «жүрек», «көңіл» сөздері жиі әрі әр алуан тіркес аясында келетін сөздердің тобын құрайды. Түптеп келгенде, мұның өзі ақынның жақсылықпен жамандық жайы тақырып болған шығармалары тіліне тән лексикалық ерекшелік, ал бұл сөздерге тән мағыналық өріс қатары ақынның гуманистік идеясының жемісі.

Сөз жоқ, Абайдан кейінгі қазақ ақындарының ішінде ХХ ғасырдың басында бұл екі сөз Бернияз Күлеев тілінде жиі кездеседі. Бірақ осы «жүрек», «көңіл» сөздері бұл ақында көбінесе махаббат жайы сөз болған өлеңдерде кездеседі.

Ал осы сөздер Бұхарда, Махамбетте, Дулатта Абай мен Бернияз қолданған стильдік ерекшелікпен кездеспейді. Өйткені «жүрек», «көңіл» бұл үш ақында Абай мен Бернияз көтерген тақырыптар аясында сөз болған емес.

Демек, сөздің ақын тілінде оралуы – ол көтерген тақырыптың жемісі, ал ол сөздердің мағыналық реңктері – ақынның сөз а т а у ы ш болған объектіге деген көзқарасының жемісі. Өйткені әрбір нәрсеге ақын өз тұрғысынан қарайды да, бірінің нақты мағынасына ү с т е м е мағына қосады, бірін екінші атпен атайды. Міне, мұның алғашқысы сөз-образ да, соңғысы сөз арқылы жасалған образ.

## 1. Әлеуметтік топ өкілдерін кейіптеуде қолданылған сөз-образдар

Ақын қолданылған образды сөздерді, яғни қалыпты сөз қатарынан өзінің қисын-қиысуы әрі мағыналық реңк-бояуы жағынан ерекше тұтатын сөздерді қарадай жіктеп көрсету – бұл әлі поэзия тілін сөз ету емес; айшықты сөз өрнектері бар да (бұл – сөз суреті), осы айшықты сөздердің жасалуы (бұл – ақынның шеберлігі), мағыналық – қызмет аясы (бұл – ақынның идеясы, көзқарасы) дегендер тағы бар.

Суретші ойына (қыл қаламды алмас бұрын) әуелі белгілі бір тақырып оралады. Ал бұл тақырыпты суретшінің идеясы, көзқарасы, дүниетанымы табады. Мұның өзі сюжетті, композициялы тақырып үшін де, жеке бір кісінің портреті үшін де ортақ. Тіпті әлемдік сәулет өнері құдайлар суретінен бастап, әлеуметтік топтардың әр алуан өкілдеріне дейінгі аралықта кімдердің пішім-бейнесін культ етуде ірі-ірі ағымға, мектепке бөлінеді. Суретші С деген нақты бір адамды табуда да, оның пішім-бейнесіне мазмұн беруде де өзінің идеясы тұрғысынан келеді, яғни С деген дараның образына суретшінің идеясы өз таңбасын салады. Ал осы бір нақты образды (портретті) шығару үшін суретші С деген жанның табиғи тұлға-тұрпатында, кескін-пішімінде, бет-әлпетінде жоқ ерекше белгілерді, ішкі сезім дүниесінің, ой әлемінің бетке шықпаған көп-көп белгілерін идеясы тұрғысынан келіп іздеп табады (Бұл жағымды образ үшін де, жағымсыз образ үшін де ортақ). Ал осы өзі іздеп тапқан портретті образдың идеялық мазмұнына қарай бояулары да бөлек: сұлулық пен жақсылық, ізгілік үшін жұмсалған қызыл, ақ, сары бояу (олардың қосындысы) жауыздық пен жамандық үшін әсте жұмсалмайды, ол үшін қара бояу бар.

Осылардың бәрі сөз искусствосы – поэзия үшін де, ол жасаған сөз образ үшін де ортақ.

Қазақ халқының поэзиясы (оның эпостық жырлары да) тақырып жағынан бір сарындас болды да, өлең-жырларда культ болған дара тұлғалар жалпылай мадақталды. Я жалпылай жамандалды (осы кітаптың алғашқы тарауын қараңыз). Мақтауына да, жамандауына да жалпы халықтық ортақ түсінік негіз болды. Өлең-жырында «хан», «батыр», «бақташы», тіпті «бай», «ке-

дей» – бәрі жүрді. Олар қоғамдық өмірде еншісіне тиген әрекет-қызметімен көрінді. Бұларды мінеуде де, мадақтауда да бір ғана тұрғыдан – жеке адам басында болатын мін-кемістікті жалпылай сынау тұрғысынан келіп отырады. Тіпті эпостық жырларда осылай бір аталып, я сюжеттік, композициялық желі (әрекетті қатынас) тұсында суреттеліп отырғаны болмаса, қазақ поэзиясында кейіпкерлер тіпті жоқ дерлік болды. Махамбетке дейінгі поэзияда тілге тиек ретінде әлеуметтік жік атымен аталып отыратын адамдар бар да, таптық тұрғыдан, саяси-идеялық көзқарас тұрғысынан келіп айырылып аталатын адамдар – әлеуметтік топ өкілдері жоқ. Ал «Махамбет өлеңдерінде әкімшілік атаулар таптық жіктеліс мәнімен аталды». Бірақ Махамбетте әлеуметтік топ өкілдері өзінің жанама атымен *хан, сұлтан, батыр, ер* түрінде осы төрт әкімшілік термин аясында ғана аталды. Соның өзінде «бұқаралық көзқарас тұрғысынан мән бере қолданған» атаулар *хан, сұлтан* (олардың синонимі *төре, ақсүйек*) сөздері ғана болды. «Махамбетте бұқара халықты әлеуметтік жағынан жіктей атау сирек ұшырайды. Ол: қазақ жұртын *көп, халқым, қара (ұлы), қарындас* деп қана атап, одан әрі тереңдеп, әлеуметтік жікке бөлмейді. Махамбетте Бұхарда кездесетін кедей, жарлы сөздері де жоқ, тек екі-ақ орайда ғана қаріп-қасер, жетім-жесір сөздері айтылады» [1].

Арғы әдебиетті атамағанда, Махамбет поэзиясында сыналатын хан, сұлтан образы – сөз арқылы жасалған образы қандай?

*Хан емессің қасқырсың,  
Қара албасты басқырсың,  
Достарың келіп табалап,  
Дұшпаның сені басқа ұрсын!  
Хан емессің, ылаңсың,  
Қара шұбар жылансың,  
Хан емессің, аянсың,  
Айыр құйрық шаянсың [2].*

Мұнда Махамбет ханды «қасқырсың», «ылаңсың», «жылансың», «шаянсың» деп атайды. Бірақ бұл, біріншіден, Махамбет жасаған образ емес; екіншіден, бұл хан атаулының образы емес, *Жәңгір ханның* ғана образы. Ол ғана емес, бұлай атау Махамбет өлеңінде система емес. Марқасқа жырау (XVII ғ.) Тұрсын ханға:



Хан емесің қасқырсың,  
Қара албасты басқырсың,

(Бір варианты: Қазаң келді Қапылсын) [3], –

дейді. Қ а р ғ а у түріндегі бұл жолдар ауыз әдебиетінде өте ертеде туған көшпелі өлең сөз. Мұны толығырақ түсіну үшін осындай өзге бір көшпелі сөздерді назарға алайық. Бұхар Абылайға былай дейді:

1 Момынға келіп бек болдың.

Атаңды білмес құл едің

2 Жалаң аяқ жар кешіп,

Бөз тоқыған сарт едің.

3 Шешенді және сұрасаң

4 Түрікпеннің төрінде

5 Қашып жүрген күң еді, –

дейді. Ал Едіге болса Жамбайға:

*Атаң қара кісі еді, –*

*Мал бергеннің құлы еді;*

*Шешең қара кісі еді, –*

*Ас бергеннің күңі еді, –*

десе, «Орақтың толғауында» Орақ Қарабатырға:

Сен Мышақыр деген шаһардан

Азып шыққан жалғыз үйлі *сарт едің.*

*Әкең қара кісі еді, –*

*Ас бергеннің құлы еді,*

*Шешең қара кісі еді, –*

*Мал бергеннің күңі еді, –*

дейді.

Міне, бұлардың қай-қайсы да идеялық қарама-қарсылық тұрғысынан айтылған сөздер емес, халық поэзиясында бұрыннан бар дәстүрлі жолдың сәт-орайы келгенде тілге оралуы ғана.

Ал Махамбет Жәңгір мен оның айналасындағыларды «жау», «дұшпан» деп атайды. Бұл – бұқара көтерілісінің жемісі, таптық-бұқаралық түсінік тұрғысынан келіп айтылған сөз. Бірақ ақын бұл қарсы жақ адамының балама бейнесін жасауда «сендей нар қоспақтың баласы» сияқты халықтық тілге тән машықтан ары асып, жаңа сөз жасаған жоқ.

Міне, осындай фон жасағанда ғана Дулат өлеңдерінде әлеуметтік топтардың, оның нақты өкілдерінің образдалып айтылуы

сипатын, оның қазақ поэзиясы тіліндегі орнын анық әрі дәл тани аламыз.

Дулат өлеңдерінде өз кезіндегі әлеуметтік топ мынадай жігімен аталады:

1. Үстем тап өкілдеріне тән атаулар: *хан, сұлтан, төре, қазы, майыр, мырза, шешен, бек, би, ұлық, батыр, бай, бәйбіше, атқамінер, төлеңгіт*, әрі жалпылық атау *басшы*, т.б.

2. Көпшілік қауымға ортақ атаулар: *жақсы; үлкен; ағайын, тату, құда, сүйек; нағашы, жиен, баба, ата, әке, ана, шеше, абысын, жеңге, ұл, қыз, бала, боз бала, тең құрбы, жар.*, т.б.

3. Бұқара халыққа (оның ішінде езілуші топқа) тән атаулар: *кедей, қоңсы, сорлы, нашар, момын, жарлы, малсыз, кем, кетік, кенде, қараша, күң, мұңды, қара қазан сар бала, жетім-жесір, кемпір-шал.*

4. Ел ішіндегі бүлік топ: *ұры, қары, тентек, арам, өсекші, бұзық, кезінді ез, құйын*, т.б.

Суретші мен ақын кейіпкерін портреттеуде бір тұрғыдан келгенмен, образ жасауда қолданылатын тәсілде бөлектенеді. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» сияқты арнайы живописік үлгіде жазылған бірлі-екілі шығарма болмаса, ақын өз кейіпкері суретін толық, тұтас беріп жатпайды (мұның өзі негізгі идеядан назарды бөліп жіберетін нәрсе), негізгі-негізгі деген ерекшелігін бөліп алып қана сипаттайды. Ал кейіпкерді сипаттауда қай қасиетін негізгі ерекшелігі етіп көрсетуде ақындар да жіктеледі. Яғни ақындар өзінің ақыл-танымы, идеясы, көзқарасы тұрғысынан келіп бөлектенеді.

Себебі ақындар осы идеясы, ақыл-танымы тұрғысынан келіп барып қана кейіпкерді көреді, оның бойында бар ерекше белгілерін таниды, бағалайды, айтып береді.

Әрине, үлкен идея, саналы көзқарас, терең ақыл кез келген ақынның ортағы болған жоқ. Бұлар жоқ жерде ақын өз дәуірінде болып жатқан оқиғаларды – өмір шындығын тереңдеп танып пайымдай алмайды, осы оқиға ішіндегі әрекет адамдарын сол оқиғаның өзімен байланыста, бірлікте алып барып көре, тани алмайды. Олар өмірдің өзіне қатысты жағын, өзіне ұнамды, жайлы, қолайлы жағын ғана көреді. Өзінің ғана қызықтайтынын сөз етеді, өлең етеді. Олардың өлеңдеріндегі оқиға да, зат та, адам-

дар да осы тұрғыда ғана сөз болады. Сондықтан да олардың өлеңдері де дәл сол құбылысқа, затқа, адамға ғана қатысты қарағанда мәнге ие, бұдан сырт қолдануға жарамсыз. Бұл өлеңдер сол өз сәтінде ғана бар. Ал ол сәтті сол кезеңде қоғамдық құбылыстардың сипаты тұрғысынан келіп қарағанда, осы қоғамдық құбылыс ішінде әрекет үстінде жүрген адамдардың қызметі дәрежесінен келіп қарағанда түкке тұрғысыз. Сондықтан да ол өлеңдер сол ақынның өзіне ғана қатысты болмаған жағдайда айтылмайтын (оқылмайтын), өмірде қолдануы жоқ өлең. Әрине, ол өлеңдерде сәтті орамдар, образды сөздер болуы ақиқат. Бірақ ол оның өз жаңалығы емес, жұртқа баяғыдан таныс фразалар.

Қоғамда билік, үкім айту – дәреженің жемісі. Ал біреудің мінін өзіне қатысты тұрғыдан ғана айту: бұл – байбаламның, ұрыстың, кектің, өштіктің ісі. Егер ол мінді өмір шындығына байланыстырып барып танып, сол өмір шындығы тұрғысынан айтса, бұл сол дәуірдің бағалауы, үкімі, соты. Дулаттың өз тұстастарын тануы, олар жайлы айтуы, бағалауы, үкімі осы сипатты.

Дулат өз кезінің қоғамдық қайраткерлерін де, үстем тап өкілдерін де, ел іші көп болымсыз мінез иелерін де, тіпті былайғы көпшілік жұртты да бір ғана тұрғыдан – қазақ халқының ынтымағы, елдігі тұрғысынан бөліп қарады. Ол адамдарды риясыз түрде екіге бөлді. Олардың суретін де осы тұрғыдан келіп барып жасады. Бірақ:

Сөз айттым «Әзірет әлі, айдаһарсыз»,

Бізде жоқ «Алтын иек, сарала қыз», –

деп Абай айтқандай, қоғамнан, өмір шындығынан сырт, қиялдан туған суретті де, я өзі тілге оралтқан адамдардың тән суретін де жасаған жоқ. Дулат адамдардың қоғамдағы қызмет-әрекетіне қатысты мінез-құлқының суретін жасады.

Дулатқа құрғақ пішімдеу қажет болған жоқ. Ол адамдардың кескін-кейпін жасаушы емес, әрекеттің суреткері. Дулат жасаған образ «әрекет иесінің» образы. Әрине, адам әрекетін баяндап айтумен сурет жасалмайды. «Әрекет иесінің» сурет әрекеттің өзін басқа бір нәрсеге балағанда ғана жасалады. Ал адамдардың әрекетін бір нәрсеге балау қазақ поэзиясында тарихи категория. Қазақтың эпостық жырларында батырлар әрекеті «арыстанның айбатына», «қарт бураның шабынуына», «қыранның аңсырап,

қан көріп жұтына тіленуіне, ұмтылуына», «кілегей қара бұлттың түнере келуіне», «еменнің бұлтқа жетіп барып шарт сынуына», т.б. баланып барып жасалады.

Эпостық жырларда жағымсыз іс-әрекеті көрінетін геройлар болды, бірақ олардың образды сөз суреті толық жасалған жоқ. Тіпті ұнамсыз, кескінсіз адамдардың (мыстан кемпір, жалмауыз, т.б. болмаса) суреті де жоқтың қасы. Ал жағымсыз іс-әрекет иесі, ниеті теріс адамдар: «атадан жаман туғандар», «көп жаман» түрінде олардың әрекеті «жаманның ісі» сипатында ғана аталды.

Қысқасы, қазақ поэзиясында (дара ақындар өлеңінде), біріншіден, адамдар бұқара халық мүддесі тұрғысынан әлеуметтік тегіне қарай жіктеліп барып баяндалған жоқ. Тек хандар, батырлар, «бек-би», «қараша жұрт», «кедей» жалпылай бір тұрғыдан – жеке бастағы міні я артықшылығы тұрғысынан ғана баяндалды; екіншіден, сол дара ақындар ішінде Байтоқ сияқты сарай ақындары, Жанак, Түбек, Орынбай сияқты айтыс ақындары болды. Сарай ақындары хан мен оның төңірегіндегілердің салтанатын суреттеді, өздерін ұғымға сыймас заттарға балады. Атақты Шалғез жырау Темір ханды:

Алып, алып, алып басқан  
*Арабы торым* өзіңсің.  
 Жазулы алтын қол кескен  
*Алдаспаным* өзіңсің.  
 Сұлтан ием сен менің  
 Бармай тапқан қағбамсың, –

десе, өзін: *«көбең семіз торыңмын, көп құлыңның бірімін»*, – деп атайды. Ал енді бір орайда:

Сен – *алтынсың*, мен – *пұлмын*,  
 Сен – *жібексің*, мен – *жүнмін*,  
 Сен – *сұлтансың*, мен – *құлмын*,  
 Сен – *сұңқарсың*, мен – *қумын*,  
 Жемсауыңа келгенде  
 Сом жүрегім аяман, –

деп керемет ақындық шеберлікпен ұқсата балама суреттейді, сөз арқылы образ жасайды. Дулаттың үстем тап өкілдерін ұқсатары, теңері мүлде басқа. Олардың көкке көтере мақталған, қасиеттей танылған әрекетін ұқсатары да, теңері де көп жұрттың ақылы

мақұл көрмейтін, ұғымына сыя бермейтін, батылы жетіп, тіліне орала қоймайтын сөздер. «Ел жақсысы» теңеліп, баланып отыратын «арыстан» да, «арғымақ» та, «тұлпар» да, «сұңқар» да жоқ; «тау» да, «бәйтерек» те, «дария-көл» де жоқ; «алдаспан» да, «алмас қылыш» та жоқ, бұлардың орнына мүлде басқа, қарама-қарсы ұғымдағы заттар алынады.

1. «Ит» сөзін өштікпен, кейіспен, ұрыспен айтылған сөз арасында («ит-ай, мұның не?») айту салты ауызекі тілде болғанмен, Бұхарға дейінгі, одан бергі қазақ ақын-жыраулары бұл сөзді үстем тап өкілдеріне балама етіп, солардың образын жасауда тілдік тәсіл етіп қолданған емес.

«Барак төреге» деген өлеңінде ақын «қазақ ұлығын» итке, ал олардың іс-әрекетін, мінезін сол иттің әрекетіне, мінезіне ұқсатады. «Жақсы болса ұлығы өз елін жаудай таламас» деп алады да, «өз елін жаудай талайтын» мінез кімге тән дегенді айту үшін:

Қасқыр тартып қан шықса –  
Жаман ит жұлып жей берер.  
Алды-артына қарамас.  
Жақсы иттің белгісі –  
Жұлмақ түгіл жаламас, –

деп, қазақ аулына, малды ауылға тән суретті жасайды. Осыдан соң сол қасқыр мен итті, олардың мінездерін, іс-әрекеттерін адамдарға ауыстырады. Өз кезіндегі ұлықтардың іс-әрекетінен қасқыр мен иттің жоғарғы әрекетін, мінезін көреді.

Азған елдің бектері  
Қан шықса, елін жұлмалар  
Қасқырменен аралас.

Бірақ ақын осындай әрекетті айтып қоюмен тоқталмайды. Өйткені әлі анық картина жоқ. Мынау сөздердің тобы бояулы картинаның эскизі іспетті. Алдыңғы бес жол өлең-картинадағы қасқыр мен ит, қасқыр тартқан мал өлексесі орнына басқа картина жасау керек.

Қазіргі қазақ ұлығы  
Жаман иттен несі кем?  
Жемтік көрсе, қан көрсе,  
Айырлар мүлде есінен.

Әдетте кемсіте салыстырғанда: «...несі артық?» дейді де, көтермелей салыстырғанда «...несі кем?» дейді. Дулат «жаман итті» бір өлшем шегі етіп алып, осы өлшемнен «қазақ ұлығының» несі кем?, тіпті де олардан кем емес», – дейді, яғни «жаман иттен кем емес» – дейді. Қандайлық өткір сөз! (Мұның өзі Абайдың: біреулерде елде өзінен жаманды тауып, құдай пәленшеден сақтасын дейтін мінез болатынын айта кеп, «жаманмен салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы боладтағы» – дейтініне өте жақын).

Өлеңге оралайық. Қан шығарған қасқыр жоқ (тіпті оны бар деуге де болады). Жемтік жатыр. Сол жемтікке басқа дүниені ұмыта анталай ұмтылып, ырылдаса, таласа, сұғына, комағайлана тартқылап жатқан, қарпа тістеп, асай қылқып жатқан иттер бар. Бұл – тағы «жақсы ит» емес, «жаман ит».

Дулат «Сүлейменге» деген өлеңде осы тақырыпта екінші бір сөз-картинасын жасайды.

Әрине, картина (тұтас полотнолы картина) жасау үшін кейіпкерлер болуы, ол кейіпкерлер әдеби пішін тапқан (образдалған) болуы, олардың типтік түрдегі әрекеті болуы, типтік образдар типтік әрекет үстінде көрінуі керек.

Қара сөзді шығармалар бұған тұтас тарау беруі я шығарма тұтас күйінде арналуы мүмкін. Ал поэзия, әсіресе, қысқа өлеңді шығарма мұны көтере алмайды. Сондықтан барлық жүк сөздің мағынасына, бояуына жүктеледі. Сөз-картина жасайды.

Ұлық қысса ұлықты,  
 Ұласып мидай былықты.  
 Атқа мінер ауылда  
 Итше ілігіп ылықты.  
 Орыстың көрсе ұлығын  
 Қыздан дағы қылықты,  
 Ұлық кетсе, қазаққа  
 Қорқау қасқыр құлықты.

Осында үш картина бар. 1. Итше ілінісіп, бірін-бірі қауып, я қапқызып жүрген атқамінер; 2. Патша үкіметінің сарала шен тағып, қылыш асынған әкімдері – айбатты, зәрлі әкімдері, солардың алдында имене иіліп, қысыла жасқанып, өте сақ әрі жай басып, момақан пішімді жуас, жүні жығылған, жүзі сынық қазақ

әкімі; 3. Осы әкім (барлық кескін-кейпі өзгертілмей) ұлықсыз қазақ аулында қорқау қасқырдай тіміски ұмтылып, обыр нәпсімен сұқтана жалтақтай қарап, былайғы жұртты жасқанта, тасаландыра жортып жүр. Осы картиналарды жасау үшін суретші қаншама уақыт, қаншама бейнет жұмсамақ, ал жазушы болса қанша сюжетті желі құрмақ, суреттей баяндамақ.

«Аякөз» деген өлеңде Дулат ел атқамінерлерінің тағы бір картинасын жасайды. «Би, старшын мойнына жезден қарғы тағынды», – деп олардың патшадан алған, мақтан көрген мансабы белгісін (шенін) ит мойнындағы «қарғыға» балайды да, артынша:

Төсек жанды мырзалар  
Ала баспақ байланып,  
Үй күшіктей үреді,  
Отының басын айналып, –

дейді. Осы өлең Абайдың:

... Елде болыс  
Үйден үрген итке ұсап [4], –

дегеніне көп ұқсас.

Дулат патшалық отаршылдық саясат алдында барынша дәрменсіздік жасаған ел жақсыларына қатты шүйлігулі. Улы тілдің бар зәр-қүдіретін соларды түйреп сынауға арнайды. Осы сынау – ақынға қазақ ортасында бар барша қор, күлкілі, мазақ жайларды, көріністерді іздетіп тапқызады. Сол қор, мазақ жайларға, көріністерге ел атқамінерлері әрекетін ұқсата отырып, оларды (сол мазақ жайларды) атқамінерлердің күнделікті әрекетіне айналдырады. Дулат би, старшынға «қарғы» тағып, үлкейтіп («қарғылы төбет» деген сияқты) барып, әрекетін барынша болымсыз, ұсақ санайды: таланған күшіктің құлағын салбыратып, құйрығын бұтына қысып, даусын бәсең шығарып, ауыл сыртындағы, дөң астындағы «үрейге» ошақ айналып жүріп қорқауына ұқсатады.

Ал «күшік иттей үретін» осы ел пысығы басқа бір әрекет үстінде көрінеді:

Майырдың алса бұйрығын,  
Борбайға қысып құйрығын  
Ел пысығы жортады-ай.  
Өзі елді қорқытып,  
Онан өзі қорқады-ай.

Майырдың алдында құйрығын борбайына қысып ап, қорқа жортып келе жатып, кездескенді (елді) қорқыта ырылдаған итгі көреді.

Бұл – живописьті карикатуралы бейнелеу, ал әдебиетте көркем тілдің бір түрі метафора сөз арқылы жасалған поэтикалық образ.

2. Қазақ поэзиясында батырды, хан-сұлтанды, т.б. қасиетті деп саналатын «алғыр қыранға», «ақ сұңқарға», «қырғиға» балау бар да, өзге жыртқыш құсқа балау жоқ. Яғни қазақ ұғымында құстар қасиеттілігімен, бағасыздығымен екіге бөлінсе де, поэзияда кейіпкерлер осылай екі жігімен қатар жасалмағандықтан, жағымсыз құс адам образында көрінген жоқ. (Тек «Қамбар батыр» жырында Қамбар аузымен Қараманға айтылар тымсал сөзде Қараман «қара құсқа» баланып айтылады). Дулат – қазақ поэзиясында осы байырғы дәстүрді бірінші «бұзған» жырау.

Дулат «қазақ ұлығына» балама етіп күйі кеткен қыранды не жемтік, өлексе іздеген күшігенді таңдайды. Бірақ ұлықтарды жай «күшіген» деп қана атаса, бұл – қалыпты метафора сөз. Мұнда толық, анық сурет, жанды образ жоқ. Дулатқа керегі ол емес, керегі – олардың жағымсыз, жайсыз іс-әрекеті.

Дулат ел «жақсыларын» топтап алып: «Төрдегі өңшең отырған топыраш, топас, күшіген», – деп, қор ете атаса, енді бірде жоғарыда айтқан «жаман итке» тән әрекет картинасын жасайды.

Ауылдың атқамінері –

Жемтікке қонған күшіген.

«Күшіген», ел ұғымында, өздігінен жасар ешқандай батыл әрекеті жоқ, өзі түсіп аң алмайтын жыртқыш құс. Бірақ осы құс қасқыр тартып кеткен ауыл малын – өлексені «жаман итпен» қосыла тартқылап үнги сұғынғанда, алдына аң салмайды. Дулат ел ұғымындағы осы құсты әдейі таңдайды. «Ауылдың атқамінері – жемтікке қонған күшіген» дегенде тыңдаушы ойына өзіне таныс жоғарғы ұғым, жанды сурет сап етеді, артынша: өткір тұмсығын сақ-сақ еткізіп, өлексені жұлқа тартқылап, еміне қорбаң-қорбаң етіп жүрген күшіген орнында «ел жақсысымыз» деген атқамінер, пәленше-түгеншелер елестейді.

Дулатта ел батырына, ел қамын жеген жұрт жақсысына аңға салар алғыр құсты балама ету сәті жиі ұшырасады. Мұның бәрінде «пәлен құс», «пәлен құс сияқты» деп жалаң айту жоқ.



Дулатқа сөзі арналып отырған кісісінің «бүркіт» болуы, я жай «алғыр қыран» болуы қажет емес, аңын қайдан іздеуі бірінші мәселе.

Шетке қылмай ерлікті  
Ел қорғайтын ер бітті, –

дейді Дулат бір өлеңінде. Дулатқа ерлігін шетке, сыртқа қылар батыр ұл керек. Сондай ерге балама етіп алған құсына да сондай мінез тілейді. Дәлірегі: батыры қыран атанса, онда ол жемін ұя төңірегінен көздейтін қыран болмай, алыстан, қиырдан іздейтін қыран болуы керек. Сол үшін де жемін алыстан іздейтін қыран – Дулат үшін культ. Батыры осы құс сипатты болуы керек. Батырдан қыранның осы мінезін көруді көксейді.

1. Тұйғын құстай *алыстан*  
*Тоят тілер* деуші едім?
2. «Тірі болса Еспембет  
*Алыстан тілеп тоятты*  
Түзден дәмді татады».

Осыған карама-қарсы: Дулат «елдің жақсыларынан» қыран құста кездесетін жағымсыз мінезді көреді. Дәлірегі: «иттің жаманына» тән қылық сияқты, қыран құстың жаманына тән әрекетті, мінезді көреді, осы мінез көрінер әрекет суретін жасайды. «Кенесбайға» деген өлеңде:

1. Қолбала құс секілді  
Биялайға қарайсың
2. Түзден тоят тілемей,  
Өлексені қорисың.
3. Тінейдің сары құсындай  
Өзіңе-өзің шеңгел сал, –

дейді.

Осы үш мінез де «Түзден тоят тілейтін» қыран мінезіне карама-қарсы: ол – қолдан жем жеп, қолға қарап үйренген, қолдан талпынары жоқ бала құс мінезі; түзге (ер үшін: шетке) талпынары жоқ, түзден жем алары жоқ (ер үшін: шетке қылар ерлігі жоқ), тек өлексені қоритын күйі, шабыты жоқ (ер үшін: зерделі, «ел» дер намыс оты жоқ) құстың («ел жақсысының») мінезі; аңға тартса, аң көрмей, аңға түспей, қақта айналып иесіне түскен («ел жақсысы» үшін: аттанып барып жау алмай, өз елін жаудай шапқан) құс («ел жақсысы») мінезі.

3. Ақынның тұтас шығармасында берілген идеясы мен көз-қарасының, құралып көрінер идеялық-мазмұнының бастау-көздері нысанаға қандай объектілерді алуында, ол объектілерін (адам, зат, құбылыс, қоғам, тап, топ, т.б.) қалай атауында, қандай әрекет үстінде көрсетуінде жатыр.

Дулат өз кезіндегі қазақ атқамінерлерін олардың іс-әрекетінің сипатынан шығарып барып, тағы да бірнеше балама атпен атайды. Бірақ осының бәрінде де ол аттар жеке басқа қатысты әрекеттен емес, халыққа қатысты іс-әрекеттеріне баға беру, сол іс-әрекеттерді жалпы халықтық мүдде тұрғысынан келіп терістеу негізінде қойылған.

**Ұлықтарды** – «ел ішіне бопандай» тиіп, «аяздай бүріп қысқан», «жатып ішер жалмауыз», «борсық тұмсық қанды ауыз», «қазақтан шыққан кәпір», ел берекесін кетірген «ылаң» («Елді судай сапырған, Белшесінен батырған, шілдеде мұзды қатырған, Толыны төгіп шайқаған. Берілді тізгін ылаңға») деп атады.

**Бекті** – ханның «жалшысы», «нөкері» («Саудалап елін тиынға, Бек дегенің бек емес, хан жалшысы нөкері»), жаудың «оғы» («Дұшпанына оқ салып, еліне қарай атылып»), ол да, бұл да емес «ағынды мырыш қолаба» («Өз еліне ебі жоқ, Жатқа зерде, кегі жоқ, Азған елге бек болды Ағынды мырыш қолаба») деп те атады.

**Билерді** – «туралығы» жоқ, елге, «обал болдысы» жоқ, «параның толмайтын ыдысы» («Ыдысысың параның Қотара құйса толмайтын»), «бұзақы» («Бұзақы би боп тізілді»), қиқулап мазаны алған «тырна» («Тырнадан би сайладың Ашпассың, елім, көзіңді»), «Тістеуік айғыр» («Тістеуік айғыр секілді, Үйіріңді сұйықтап, Тай-құнанды қуғансың»), «қу» («Шайқады қулар толымды»), шетке қарсы тұрар қайраты жоқ, әрекетсіз «тас мола» («Би деп атау бердік-ау, Үйіңді тас молаға»), елін алдап сатушы «мекері» («Би дегенің би емес, Ел алдағыш мекері») деп атады.

**Шешенді** – «елді азғырған», «аздырған», «жазғырған» өсекші, ен жатқан елді «бүлдірген» бүлік, «сөзінен бәле үдеткен» бәлеқор, бәтуасы жоқ «су жұқпайтын тақыр» деп те атады.

**Батырды** – «шетке қылар ерлігі» жоқ, «қой ұрлыққа мақтанған», «қазан бұзар, үй тентек» деп те атады.

Дулат жасаған тағы біралуан поэтикалық образ бар. Олар – адал мал табары жоқ, байдың, әкімнің қолшоқпары, айдап салдың, айтақтың адамы. Жырау олардың әрекетін:

Қымызы бар қылтиса, –  
*Сүмірейіп кетесің*  
*Ақау түсіп сағыңа.*  
 Қымызы бар қош алса, –  
*Дүрдиесін мінгендей*  
*Қара орын хан тағыңа.*  
 Қымызға тойып алған соң,  
*Сөз сөйлейсін қағына.*  
 Қымызы бар құтыртса  
*Соқтығасың әркімге*  
*Қарамай қара-ағына, –*  
 деп сипаттай келіп, оларға:  
 Қымыз құмар, сор құмар,  
 Сор құмар өңшең сорлылар, –

деп балама ат береді. Енді бір өлеңінде оларға:

*Ар сатып қымыз ішкенше,*  
*Келсең келге түскенше,*  
 Үлгісіз тымақ пішкенше,  
 Адам деген атақтан  
 Садақа болып аулақ кет, –

деп әрекет, мінез картинасын жасайды да, өздерін *жанжал танау, талақ бет* – деп атайды. Енді бірде жырау бұлардың поэтикалық образын жанды картинаға түсіреді:

Тазы ит қуған қояндай  
 Қаққанша қабақ бұлтындап.

Дау тілеп тұрған, жанжалға бейім, ұятсыз, арсыз бетті тазы қуған қоян кейпінде көзге елестетіп көріңіз. Бұл – қазақ поэзиясында жасалған жаңа поэтикалық образ, жаңа поэтикалық тіл, жаңа метафоралар.

## 2. Дулат өлеңдеріндегі әртекті сөз-образдар

Дулат жеке сөздің мағынасын кеңейте, бояуын қоюлата қолданудың, әрбір сөзді теңеуімен, эпитетімен қосарлап айтудың, халық тіліндегі фразаларды, мақалдарды мол әрі түрлентіп қызметке жегудің, жаңа фразалар мен афоризмдерді жасап барып, тоғыта пайдаланудың, фольклордағы тұрақты, дәстүрлі, сөйлем-жолдарды жетілтіп жұмсаудың шын мәніндегі шебері.

Дулат өлеңдеріндегі тақырып, ой, идея, көзқарас жаңалығы – осылардың бәрінің берілу құралы, амалы тілді де жаңа етіп тұр.

Бұлар – дара-дара талданар күрделі тілдік құбылыстар. Біз осылардың ішінен ұқсатып барып жасалатын поэтикалық образдарға ғана, ақынның идеясы ашылар сөз үлгілеріне ғана тоқталмақпыз.

**1) «Дай (-дей), тай (-тей) жұрнақтары, «секілді» сөзі арқылы жасалған айшықты сөздер, поэтикалық образдар.** Әрине, бұл тілдік амал қазақ поэзиясында, фольклорда бұрыннан бар. Ұқсатуға, теңеуге алынар бір топ дәстүрлі сөздері де ортақ боп келеді (ілгеріде бұл жайлы айтылған). Ал Дулатта баламаға, теңеуге алынар сөз де, жасалар образ да басқа.

Халық тілінде «қызғыштай болу», «қызғыштай қору» сөзі бар. Махамбет осы сөзді дамытып «Қызғыштай болған есіл ер, сүйткен жұрттан не көрді»,– деп қолданған. Ал бұл фразаның тегі – «көл қорыған қызғыш». Дулат теңеуге алынатын қызғышты да, қызғыш әрекетіне ұқсас адам әрекетін де қатар алып көрсету арқылы елге қамқор кейіпкердің образын былай жасайды:

Атам қонған, кең далам!  
 Мендей сені қызғанар  
 Баурында өскен қай балаң?!  
 Көл қорыған қызғыштай  
 Сен десе салам байбалам.

Мінез, іс-әрекет картинада көрінеді, ал кейіпкердің арман-мүддесін беру үшін суретші, сөз жоқ, қосымша заттар мен құбылыстарды көмекке алады, олармен кейіпкер арасында композициялық бірлік жасайды. Ал қосымша заттар мен құбылыстар олардың суреттелген қалып-күйі халық түсінігіндегі «армандау, қиялдау» деген ұғымды беретін болуы шарт. Ал поэзияда олардың әрекеті тек ұқсатылатын заттар мен құбылыстардың бейнесінде, әрекетінде ғана көрінеді. Сондықтан ұқсатылатын зат пен оның әрекеті ақын айтпақ болған (мысалы, «байбалам салу») ұғымға сәйкес келуі шарт. Ал осы сәйкестіктің негізінде жалпы халықтық түсінік (ортақ әрі мұралық түсінік) жатуы тиіс. Онсыз балама, ұқсатпа сөз халық құптауын таппайды.

Әрине, ақын өмірдегі ақиқат көріністерді өзінің идеясы тұрғысынан келіп табады. Сондықтан да ол осы идея тыншытпауынан туған сезім, көңіл күй қалпына не ой әлемінің әрекет үстін-

дегі қалпына ұқсас жайларды, форма, сурет түрінде көрсетуге көмектесер табиғат құбылыстарын я өзге бір заттарды (әрекетімен қоса) іздейді.

Бір ғана мысал: «Ботасы өлген түйедей зарла, Жібек» («Қыз Жібек»), «Аталы-бала екеуі Ботадай боздап көрісті» («Алпамыс»), «Боталы түйе секілді, қорада жатып өлдің бе?» (Абай). «Жас түйедей тайрандап, Шыға берме төрлерге» (ауыз әдебиеті). «Қарт бурадай жараған» (ауыз әдебиеті), «Атандай даусын ақыртып» (Махамбет).

Осының бәрінде адам әрекетінің суреті бар. Бұлардың әрқайсысын адамда болар (я болып өткен) сәттер іздеп тауып отыр. Осы іздеп табуда, сурет жасауда халықтың тұрмысында бар нәрсе негіз болып отыр.

Сөз жоқ, ақын – көңіл күйдің, сезімнің, ойдың суреткері. Ол өзінің осы көңіл күйі, сезімі, толғамы тапқан сәттерді сыртқы дүниеде бар суреттерге ұқсатып барып та образ жасайды.

Қилы-қилы заманды,  
Заманға сай адамды  
Салыстырып қарасам,  
Су мүйіз болған танадай  
Шыр көбелек айналам.

Басына қатты соққы тиіп, әлсіздіктен ол соққыны көтере алмай, есеңгіреп қап, басын ауырсына шайқай: төмен сап, бір орында шыр айналып тұрып қалған тананы көріңіз. Заманды, сол заман адамын тербей ойға алып, салыстыра аударып-төңкеріп, оның күш жетпес, ерікке көнбес жақтары санаға соққы боп тиіп, дағдарыс күйге түсіруі ақынға әлгі тананы (суретті көріністі) іздетіп тапқызып отыр. Заман таяғы (соққысы), одан есеңгіреген «мен»-нің ақыл таппай, жол таппай дағдаруы адам таяғы (соққысы) тиген тана күйін іздетіп тапқызып отыр.

Ақынның ішкі тербеніс сәттері көп болады. Оны қалай беру – ақынның стиліне тән нәрсе. Я ол сол ішкі көңіл күйдің өз қалпын сол күйінде суреттей баяндауы мүмкін, я оны өзге бір көрініске, суретке ұқсата отырып баяндауы мүмкін. В. Вересаев Пушкиннің образ бен салыстыруды қаламағанын айта келіп, былай дейді: «Меніңше, образ – шын мәніндегі поэзияның жансыз жасандылары (суррогаты), ақын өз ойын жай айтып шығуға шамасы келмеген кезде, образға жүгіреді. Мұндай көзқарас, әрине,

сандырақ әрі онымен оңай дауласуға да болады. Өйткені бұлай болғанда барша шығыс поэзиясы... жоққа шығарылмақ қой. Бірақ қалай дегенде де образ неше түрлі барша әшекейлікке, сәндікке ерекше мүмкіндік береді («Новый мир», 1950. № 1. С. 156).

Әрине, айтпағын салыстырмай баяндау, өзге ұғымдарды, көріністерді, т.б. көмекке алмай айту – ерекше бір ақындық құдірет. Бірақ поэзия үшін бірінші шарт – образдылық, сөздің образдылығы, сөздегі сурет, сөз сурет. Өмірді көркемдеп тану, көркемдеп беру – барша искусствоның шарты. Сөз искусствосында өмірдің, шындықтың көркемделіп берілуі сөз-суреттер арқылы жүзеге аспақ. Абайдың «Жүрегім менің қырық жамау»; «Әйел өлмес соқпа дерттен, Сауыға алмас сынған ер» дегенде де – бәрінде де ұқсатпа зат, сурет бар. «Қырық жамау» дегенде әуелгі кезекте ұстала-ұстала тозып, жамала-жамала қырық құрақ болған зат көңілге оралады. Ақын жүрегі де сол... «Сынған ер» дегенде болат, темір сияқты қатты нәрсе ойға оралады, ал олар сынса, қайта балқытып соқпаса бүтінделмесі қақ. Қанша сақ, қанша ұқыпты боп, амалдап ұстаған шөлмек күніге сынбағанмен, күнінде сынады. Арамдық та осылай... Ал Абайдың:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,  
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ  
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,  
Ой желке, үңірейген болса сағақ,—

деген бір ауыз өлеңінде ат басының тоғыз мүшесі аталады. Соңғы екі жолда, «ауыз омыртқа», «жал», «желке», «сағақ» ешқандай салыстырусыз суреттелген (мұнда атап өтілген бір нәрсе жоқ: «желке» а т а л у ы д а , «ой желке» суреттелуі). Ал алғашқы екі жолда «кекілі» – шоқпарға, «кұлағы» – қамысқа, «мойны» – қой мойнына, «қабағы» – бөкен қабағына ұқсатылып барып суреттелген. Яғни бірінде заттың өз суреті бар да, бірінде заттың әрі өз суреті, әрі образы бар.

Ал Дулаттың жоғарғы сөздері осы тәсілдің үшінші бір түрі: яғни мұнда заттың суреті (портреті) жоқ, бір зат әрекеті екінші бір зат әрекетіне ұқсатылып барып аталып отыр.

Саудегер сарттай қайтты өмір  
Құмар ойнап ұтылған.

Керуен тартып, ел асып, жан жалдап, мүлік бағасын артқызып, қымбатқа өткізіп, алдап-арбап, иесін мақтап арзанға мал алып,

үстінен жонып дүние жинаған саудегер бар. Сол саудегер әлгі жолмен тапқан байлықты бір кеште құмарға ұтқызып қойып, қолын мұрнына тығып, үйіне жаяулап, тозып қайтады. Дулаттың «мен-кейпкері» тап осы саудегердей: байды мақтап, бәйбіше мойнына жырдан алқа тағып, «атасы тегін жел сөзді» аямай төгіп, ат мініп, шапан жамылды. «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы секілді тез суалар» (Абай) дегендей, сол мен-герой бәрінен: малдан да, келе өнердің өзінен де айырылып, жақсы өмірді, жас өмірді думанға ұтқызып, жалығып, жеңіліп барып отырып қалған. Бірақ Дулат мен-геройы образын беруді осымен аяқтамайды, ары жалғастыра суреттейді:

Бұзауы өлген сиырдай

Мөңіреп жұртқа ой қайтты.

Қазақ аулы. Бұзауы жас өліп, ол өлімге әлі көндікпеген, желіні тырсылдай сыздап, үй айнала мөңірей иіскеп, желе шауып, бұзауын іздеп, алас ұрған сиыр. Сол ауыл, ел ескі жұртты тастап көшеді, жаңа жұртқа жамырай қуанысып қонып жатады. Әлгі сиыр болса өзінің қызығы, қуанышы қалған ескі жұртқа – бұзауы өлген жерге тартады, бұзауын іздеп мөңіреп қайта келеді. Азалы мөңіреу... Орнына келуі жоқ, қайта тірілуі жоқ бұзауды іздеп келу. Онда да ел көшіп, құлазып қалған ескі жұртқа келу. Өте трагедиялы тағдыр. Ал Дулаттың әлгі мен-геройы да тап осы айырылғанын, өткізіп алғанын іздейді, Абайдың «Көлеңке басын ұзартып» деген өлеңінде де осындай бір күй бар. Бірақ мұндағы «мен» – жағымды «мен». Осы «мен» өз өмірінің мына сұрғылт тартқан бейуағында күнгірт көңілі өткенге қыдырады, бірақ керекке жарар «осы бар екен-ау» деп медеу тұтар, көңіл көншітер түк жоқ. Өткеннен түк таппаған көңіл мына сұрғылт тартқан бейуағына қайта келеді. Бірақ Абайдың «менінің» ұқсатары басқа:

Адасқан күшік секілді

Ұлып жұртқа қайтқан ой.

Екі ақын да қазақ аулының өмір картинасын керемет біледі. Адам жан дүниесінің құлазып қалған шағын, адам тағдырындағы трагедияны бірі адасқан күшіктің айдалада ұлып-ұлып, барар жер таппай, көшкен жұртқа ұлып қайтып келуіне теңесе, бірі бұзауы өлген сиырдың жоғын жұрттан іздеп, мөңіреп қайта оралуына теңейді. Мұндайлық зор тапқырлықпен образды сөз суретін жасауды, бұл өнерді және осы екі жолдағы суреттің өзін керемет-

тей шеберлікпен жасалған ұлы картиналарға ғана ұқсатып барып бағалауға болады. Ұлы ақын Абай:

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас, –

деп айтқанда өлең тілінің осындай құдіреттілігін ескеріп барып та айтса керек.

Әрине, қыл қалам емес, тілмен сурет жасау, оны жұрт ой көзімен көріп, көңіл айнасына сәулелендіре алатындай етіп жасау бір басқа. Ол үшін әрі бояу орнына, әрі пішін орнына, әрі идеялық мазмұн орнына, әрі осылардың өзара үйлесімі орнына жүретін сөз тауып, оны қисындап бірлікке түсіру керек.

Дулат адам портретін жасаған ақын емес. Ол – адам мінезі мен әрекетінің қалпын сөз еткен, осы адам мінезі мен әрекетіне себепкер қоғамдық жайды сөз еткен, адамдардың тек әрекеті тұрғысынан көп образын жасаған ақын.

**2) Метафора арқылы жасалған айшықты сөздер, жағымсыз поэтикалық образдар.** Дулат поэтикалық тілдің бұл түрін де көп жасады. Өзінің *-дай* формасын қолдану арқылы жасаған сөз суреттері, образды сөз суреттері сияқты тамаша сөз айшықтарын, сурет-картиналарды жасады.

*Нәпсі – төбет қабаған:*  
Жемтік көрсе тұра ма  
Ырылдап танау жиырмай...  
Күнәм жойқын, тәубем аз  
Тіршіліктен не таптым.  
*Дүние – жемтік, мен – төбет*  
Соны бақпай не бақтым.  
Ырылдасып әркіммен  
Не қапқыздым, не қаптым.

Үлкен қара төбет. Дәу жілікті аяғымен баса, құныға қомағайлана қажалақтап жатыр. Тістелеп жатып ырылдай танау жиырып, айбат көрсетеді. Мұнысы қызғаныштың ісі. Қызғантып жатқан өзімшіл қомағайлық. Қомағайлатып жатқан ашкөзді қанағатсыздық. Ауыл-ауылда мұндай қара төбет аз ба, бірі қазанға түскен етті көргеннен ошақ қасын, үй айналасын қори бағып жүрсе, бірі сол еттің иісін алыстан сезіп жортып келіп, ошақ басында әлгі итпен кездесіп, таласып жатады не қапқызады, не қабады...



Ақын өзінің өмірден түйгенін даналықпен қорытып қоймай, оны әрі тірі картина түріне келтіріп барып та жұртқа осылай ұсынады.

Халық қатал мейірімсіз кісіні «тас бауыр», «ішіне мұз қатқан» деп, «іші жылымайды», т.б. деп атайды, ал оның сыртқа көрсетер «рия тонын» – көз боярын, адам тартарын «сырты жылтыраған», «жылтырағаны сырты ғой» деп суреттейді. Ал Дулат осының бәрінен басқаша келіп:

Ішің – аяз аң қырау,

Сыртың – сұлу сарайсың! –

дейді. Біле білсек, «Ішімен жау боп, сыртымен Кім сенер қылған құрметке» деп Абай көргенді Дулат та көрген. Дулаттың бұл адамы жақсылық атаулыға ішкі дүниесінде орын қалмаған, ізгілік, жақсылық деген сезімдерді «ақ қыраумен» мұздатып, қатырып тастаған. Бірақ ол әрі барынша амалкер: жаман ниеттілігін «ақ қырау аязын» танытпау үшін сыртын бояп, әшекейлеп ұстайды. «Ішің аяз ақ қырау, сыртың сұлу сарайсың». Өте күрделі образ. Жазушыға мұндай образды жасау үшін лайық келер қаншама әрекетті табуына тура келер еді де, оны сол әрекетімен өмір сахнасынан шеберлікпен жүргізіп өтуі қажет болар еді. Әрине, осы әдіспен образ жасайтын ақындар да болады. Олар – эпик ақындар. Ал ақын әрекетті б а я н д а у ш ы болмай, а й т у ш ы болған кезде ол, Дулат сияқты, бар салмақты әрекеттің сөз суретін жасауға, сөз-образын жасауға салады. Бұл машық кездейсоқ болмай, тұрақты тәсілге айналса, онда мұның өзі ол ақын шығармасының стильдік ерекшелігі болып табылмақ.

Міне, сөз-образ жасау, сөз арқылы образ жасау Дулат шығармасы тілінің алабөтен тұрған негізгі ерекшелігі. Ақын стиліне тән бұл құбылысты жан-жақты сөз ету келер күннің міндеті.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Өмірәлиев Қ.* XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976. 189-б.
2. *Өтемісұлы М.* Өлеңдер. Алматы, 1962. 51-б.
3. Алдаспан. Алматы, 1971. 103-б.
4. *Құнанбаев Абай.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-т., 146-б.

## **VI. МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Ғалымдар да жеке индивид ретінде әрбір жеке индивидте кездесетін психологиялық тосқауылдардан азды-көпті құры болмайды. Баяғыдан мәлім, «мына жер киелі» не «мына жерде шайтан бар» десе, адамдар ол жерден айналып өтеді және бұл жер жайлы қиыннан қиыстырылған неше алуан алыпқашты әңгіме таратады, осы өздері ойлап тапқан лақаптарына сенеді де. Ал бір буын өткен соң бұл әңгімелер мұраға ауысқан себепті бұрынғылардың сөзі боп берік заңданады. Осы сияқты бір кезде Бұхар, Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әубәкір, Нұржан, Ақан сері, т.б. көп ақын мұралары жайлы әуелде біржақты мақтау пікірлер айтылып, кейін оған біржақты терістеу пікірлері қарсы айтылып, қаттырақ айтылып, мақтаулар жазғырылды, жұрт енді көпке дейін бұл ақындарға туралап келмей қойды, маңайлап, орағытып қана келіп, тиіп-қашты сөз етті. Соның өзінде айтыс кезіндегі әлгі ақындарға таңылған атақ қабаттасып жүретін болды. Жұрт осыған дағдыланды.

Шындап келгенде, қалың оқушы қауым ғана емес, қазақ филологтарының өзі де ол кезде осы ақындар мұрасымен жете танысып та үлгірген жоқ еді. Осы жай қазақ филологтарында қазірде де сақталып қалып отыр. Бізде бұл ақындар көп айтылса да жеткізе айтылған емес. Сол себепті біз бұл ақындар жайлы әңгімені көп білеміз, бірақ ақындардың өзін жете білмейміз.

Бұл өзі жеке адамдарға байланысты емес, қазақ филология ғылымының шын мәніндегі ғылым боп өзінің өркендеу биігіне көтерілмеуіне байланысты. Бізде қазақ филологиясы, қазақ әдебиеті тарихы жайлы ғылымды бастар-бастамаста қатты бір қателесті де, содан өзінің анық арнасына түсе алмай келеді.

Ең бірінші кемшілік – өткендегі мәдени мұралар жайлы айтуымыз, насихаттай айтуымыз өте мардымсыз. Ал айту мен насихаттау аз болған соң, таңуымыз өте төмен. Бұлар жоқ жерде ғы-

лымды бұл салада үлкен жұмыс жасап отыр деуге болмайды, оны осы салада биіктей өркендеп отыр деп тағы да айта алмайсың.

Осы орайда Дмитрий Лихачевтің жақында ғана шыққан «Заметки о русском» деген кітапшасының бастау сөзі еске түседі. Ол өз кітабын: «Біздің түпнегізіміз, орыс мәдениетінің түпнегізі жайлы бізде өте көп жазылады, бірақ та қалың оқушы қауымға осы түпнегіздерді шын мәнінде жақсылап айтып беруде бізде өте аз жұмыс жасалды», – деп бастайды.

Бізше өлшегенде шынында да солай ма? Жоқ, олай емес. Бір ғана «Игорь туралы жыр» жайлы (көлемі 550 жолдық осы тамаша мұра жайлы) жазылған еңбектердің тізімінің өзі үлкен бір том. Орыс мәдениетінің түпнегіздерін өте көп жазғандықтан да бүгінгі буын осы әлем-тарихтың ішіне еркін кірген және олар сол мәдениет әлемінің ішінен өсіп шығады. Осылай бола тұрса да, Д. Лихачев «қалың оқушы қауымға осы түпнегіздерді шын мәнінде жақсылап айтып беруде бізде өте аз жұмыс жасалады», – дейді.

Ал бізде ше? Бізде шын мәнінде жақсылап айту, насихаттау ғана емес, шын мәніндегі зерттеу жұмыстардың өзі жоқ. Сол үшін де қалың оқушы қауым ғана емес, біздің көп қазақ филологтары, тарихшылары «Игорь туралы жырдан» үш ғасыр бұрын жазылған өте тамаша тарихи-әдеби шығарманы – «Күлтегін батыр туралы жырды» білмейді. ХІ ғасырда жазылған «Құтадғу білікті» біл-мейді. Ал бұл соңғы мұра көне шығыстық ақыл-ой қазынасының Соғдиан мен Чын-Машын аралығында бос жатқан территориясында туып, Сырдария мен Қашқар аралығын білімділіктің ошағына айналдырған теңдесі жоқ тамаша шығарма. Қазақ филологтарының қазіргі буыны осы тамаша мұраларды да білмей кетіп барады.

Көне дәуірдегі бұл мәдени мұралар ғана емес, кешегі күнгі ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясының ірі-ірі алыптарының мұраларын қазіргі қалың оқушы қауым хрестоматиялық жинақтардан ғана біледі, ал олардың өмірі жайлы өздері айтып қалдырған екі-үш жолдық деректерден басқа еш нәрсе жоқ. Осы күнге дейін бұл тамаша сөз ұсталарының, кейінгі ұрпаққа соншалық бай рухани азық қалдырған даналардың бірде-бірінің творчестволық өмірбаяны бізде жазылған емес. Өзге жұрт әдеби кейіпкер Ба-

рон Мюнхгаузеннің «Жарты бел атына» дейін ескерткіш орнатып жатқанда, бізде XVIII–XIX ғасырлардың халық поэзиясы алыптарының бірде-бірінің туған я өлген жылы да аталмайды, ойша образдан барып жасалған творчестволық портреттері де жоқ.

Неге? Мұның бірден-бірі себебі қазақ филологиясы мәдени мұраларды ғылыми тұрғыда зерттеудің төмендігі біздің ол мұраларды терең білуімізге, жан-жақты тануымызға кедергі келтіріп отыр. Ғылыми негізде тереңдеп барып білуіміз жоқ жерде күдіктену, үрке қарау басым болады.

Қазақ филологтарына кұбылыстарды марксизм классиктерінің диалектикалық метод тұрғысынан қалай қарай отырып түсіндіретінін терең меңгеру керек болады. Мұның өзі бізді, Н.К. Крупскаяның сөзімен айтқанда, көзқарастың табанды, бекем болуына, әр мәселеде ең негізгі, маңызды дегенді анықтап ала білуге үйретеді, барлық мәселенің нақты қойылуы керектігіне, кең түрде қойылуы керектігіне, барлық жағынан да байланыста және қарым-қатынаста алынып қаралуы керектігіне үйретеді (Н.К. Крупская. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. Алматы, 1973. 297-б.).

Өткен мұраға және оны жасаушыларға марксизм-ленинизм классиктері қай тұрғыдан келді, оларды қалай бағалады?

1. В.И. Ленин: «Әрбір ұлттық мәдениетте демократиялық және социалистік мәдениеттің жетілмеген болса да элементтері бар, өйткені әрбір ұлтта еңбекші және қаналушы бұқара бар, оның өмір сүру жағдайлары демократиялық және социалистік идеологияны туғызбай қоймайды. Бірақ сонымен қатар әрбір ұлтта буржуазиялық (ал көпшілігінде әлі де болса қаражүздік және клерикалдық) мәдениет те бар – қала берді бұл мәдениет «элементтер» түрінде ғана емес, үстем мәдениет түрінде болып отыр», «...біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және оның социалистік элементтерін ғана аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы аламыз» [1], – дейді.

Демек, әрбір ұлтта еңбекші бұқара бар, бұл еңбекші бұқараның өмір сүру жағдайы демократиялық идеологияны туғызбай қоймайды. Бұл – ұлттық мәдениетте демократиялық мәдениеттің элементі болып көрінеді. Сол сияқты әрбір ұлтта қаналушы бұ-

қара бар, бұл қаналушы бұқараның өмір сүру жағдайы социалистік идеологияны туғызбай қоймайды. Бұл – ұлттық мәдениетте социалистік мәдениеттің элементі болып көрінеді. Енді әрбір ұлтта буржуазия (XVIII–XIX ғасырлардағы қазақтың феодалдық-патриархалдық жағдайында феодалдық тап) бар, бұл таптың мәдениеті «элемент» түрінде емес, үстем мәдениет. Яғни ол – үстем таптың еңбекші бұқараны, қаналушы бұқараны езгіде ұстауына, олардың қарсылығын басып-жаншуына көмектесетін қызметкер түріндегі идеология.

Демек, демократиялық идеология еңбекші бұқараның мүддесін қорғаудан туатын идеология. Еңбекші халықтың өмір сүру жағдайын сөз ету, бұл – демократтық, ал бұл әдебиет – демократтық бағыттағы әдебиет, оның көтерген идеологиясы – демократтық идеология. Ал бұл идеологияның иелері – демократтар.

Демек, қазақтың XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиетіне де лениндік осы методология тұрғысынан келуіміз керек.

Бірінші мәселе: XVIII–XIX ғасырлар ақындарының шығармалары, сол кездегі үстем тап, билеуші тап, қанаушы тап хан-сұлтандардың, би мен бектің бұқара халықты езгіде ұстауын насихаттап, әрі үстем таптың мүдделерін қорғап, дәріптеп, үстем тап мүддесін бұл қорғауы, дәріптеуі бұқара халықтың қарсылығын басуға көмектесіп, өзінің идеологиялық мазмұнымен, нақты практикалық қызметімен үстем таптың үстем әдебиеті сипатындағы шығармалар болды ма?

Екінші мәселе: XVIII–XIX ғасырларда – ой-пікірдің үстемдік етуші тапқа тәуелділігі жағдайында қазақ ақындары қазақтың еңбекші бұқарасының, қаналушы бұқарасының тұрмысын суреттей алды ма? Немесе бұқара халықтың ақиқат тұрмысын суреттеуден де ілгері кетіп, олардың мүддесін қорғап, оларға ниеттес үн көтере алды ма? Немесе бұқара халыққа бұл ниеттестігі өзін солардың жағына біржола шығарып, үстем тапты осы қанаудағы жұрт көзімен көріп, сынап алды ма? Немесе бұл сыны төменгі таптың мүддесі тұрғысынан бір- жақты болмай, жалпы халықтық сипатта болды ма?

XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындары бірінші кезекте әуелі осы екі тұрғыдан келіп жіктелуі тиіс еді.

2. XVIII ғасырда Францияда Руссо бастаған ағартушылар болды. Бұл «XVIII ғасырдың ұлы ақыл иелері де өздерінен бұрын

өткен ақыл иелерінің бәрі сияқты өз заманының өздеріне қойған шегінен асып кете алмады.

Бірақ феодалдық дворяндардың және (бүкіл былайғы қоғамның өкілі болып шыққан) буржуазияның арасындағы қарама-қарсылықпен қатар, қанаушылар мен қаналушылардың, арамтамақ байлар мен еңбекші кедейлердің арасында да жалпы қарама-қарсылық болды. Дәл осы жағдай буржуазия өкілдерінің пәлендей бір жеке таптың емес, бүкіл азап шегуші адам баласының өкілі болып шығуына мүмкіндік берді» [2].

Ал Англияда Сен-Симон, Оуэн, Фурье шықты. «Бұлардың үшеуіне де бірдей тән нәрсе – олар сол кездегі тарихи пайда болған пролетариаттың мүдделерін көксеушілер ретінде шыққан жоқ. Олар (ең алдымен) белгілі бір қоғамдық тапты азат етпекші болған жоқ, ағартушылар сияқты, (бірден) бүкіл адам баласын азат етпекші болды. Ағартушылар сияқты, олар да ақыл-оймен мәңгі әділдік заман орнатпақшы болды» [2, 21-б.].

В.И. Ленин Россияда болған азаттық қозғалысы мен оның өкілдері әрі бұлар көтерген қоғамдық мәселелер жайлы былай дейді: «Россиядағы азаттық қозғалысы, орыс қоғамының сол қозғалысқа өз ізін қалдырған басты-басты үш табына сәйкес, негізгі үш кезеңнен өтті: 1) дворяндық дәуір, шамасы 1825 жылдан 1861 жылға дейін; 2) әртектілік немесе буржуазиялық-демократиялық дәуір, шамасы 1861 жылдан 1895 жылға дейін; 3) пролетарлық дәуір, 1895 жылдан қазіргі уақытқа дейін.

Дворяндық дәуірдің аса көрнекті қайраткерлері декабристер мен Герцен болды. Ол кезде, крепостниктік право тұсында, жұмысшы табын крепостной, правосыз, «төменгі» қара сословиенің жалпы бұқарасынан бөліп шығару мүмкін емес еді.

Декабристердің Герценді оятқаны сияқты, Герцен мен оның «Колоколы» да әртектілердің оянуына жәрдемдесті: бұлар – дворяндарға емес, чиновниктерге, мещандарға, көпестерге, шаруаларға жататын либералдық және демократиялық буржуазияның білімді өкілдері еді» [3].

Ал «Біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген мақаласында: «40-жылдардан 60-жылдарға дейін біздің ағартушылар жазып жүрген кезде, қоғамдық мәселелердің барлығы крепостнойлық правомен және оның қалдықтарымен күресуге тірелгендігін ұмытпау керек. Қоғамдық-экономикалық жаңа қатынастар мен

олардың қайшылықтары ол кезде әлі ұрық күйінде ғана еді. Сондықтан ол кезде буржуазияның идеологтарында ешқандай өз құлқынын көксеушілік болмаған еді; қайта Батыста да, Россияда да олар жалпы игілік орнайды деп шынымен сенген, шын жүрегімен соны тілеген, крепостниктік құрылыстан келіп шыққан құрылыстың қайшылықтарын шынында да көрмеген еді (бір есептен ол кезде көре де алмаған)» [3, 563-564-бб.], дейді. Ал бұл «ағартушылар өздерінің айрықша көңіл бөлерлік мәселе ретінде халықтың бірде-бір табын бөліп алып қараған жоқ, бұлар тек жалпы халық туралы ғана емес, тіпті керек десе, жалпы ұлт туралы сөз қылды» [3, 586-б.].

Біз бұл келтірулерден нені көреміз? Біріншіден, бұл озық ой иелері, Ф. Энгельстің сөзімен айтқанда, «өз заманының өздеріне қойған шегінен асып кете алмады». Екіншіден, ең басты нәрсе, бізге ең керегі Энгельс те, Ленин де Батыс пен Россиядағы бұл ағартушыларға Маркстің «адамзат өзінің алдына әрқашан: тек өзі шеше алатын міндеттерді ғана қояды, өйткені анықтап қарағанда әрқашан да міндеттің өзі тек оны шешуге қажетті материалдық жағдайлар болып отырған кезде ғана немесе, ең болмағанда, болып келе жатқан кезде ғана туады» [4], – дегені тұрғысынан, өз заманы қоғамдық жағдайлары айтқыза алатын ой-пікірлері тұрғысынан келіп отыр. Ал бұл ағартушыларға олардың заманы жеткізбеген танымды, ой-пікірді айтпай, оның міні ретінде теліп, айыптап отырған жоқ, тіпті өздерінің кезінде «тарихи пайда болған пролетариаттың мүддесін көксеушілер болмағанын да, «крепостник право тұсында жұмысшы табын крепостной, правосыз, «төменгі», «қара сословиенің жалпы бұқарасынан бөліп шығарып» тани алмағанын да, «крепостниктік құрылыстан келіп шыққан құрылыстың қайшылықтарын шынында да көрмегендігін» де – осылардың бәрін де ағартушылардың көзқарасындағы қайшылығы деп бағалап отырған жоқ. Ең ақырында, өздерінің саяси экономика саласындағы барынша озық ғылыми қорытындылары тұрғысынан келіп те оларды жерлей ұрсып отырған жоқ.

Тағы бір барынша ескеретін нәрсе: бұл ағартушыларға келсек, бұлардың бәрі өз заманының әрі оған дейінгі ғылым табыстарын мольнан игерген, өздері зор ғылым жасаған өте дара тұлғалар болды.

Ал қазақтың XVIII және XIX ғасырдың 2-жартысына дейінгі, тіпті 80-жылдарға дейінгі ақындары (тарихта аталып жүрген ақындары) бірі хат білмейтін, білімі жоқ, бірі хат білерлік қана сауаты бар, ал бар ой-топшылаулары зерделі көкірекпен өмірден түйгендері ғана болып келетін ақындар болса, енді бір тобы сауатты, ал «ғылыми мектебі» көне түркі тілінде, татар тілінде жазылған, бірақ қазақтың сол дәуірдегі қоғамдық жағдайын танып-білуіне зәредей қызметі жоқ діни-қиссалар, ғашықтық жырлар ғана болған, ал барша ой-пікірлері қазақ халқының жазылмаған беті ашық кітабын – тұрмыс жағдайын дана кеуденің елегінен өткізуден ғана құрылған ақындар болды. Олар отбасы, ошақ қасы жағдайына арналған үгіт-өсиет сөздерін де, ел ішінің, ел арасының дау-дамайына арналған бітім, жамау сөздерін де, халық басына салмағы түсіп отырған жағдайға арналған толғау-сарнау, болжау түріндегі сөздерін де осы сияқты жағдайлардың бұрын болып өткен сабақтарынан шығарып, өз көкіректері түйген ойдан шығарып айтты. Ал бұл ой-түйіндері қазақ халқының сол кездегі стихиялық түрде өтіп жатқан өміріне көп жағдайда ұқсас, стихиялық түрде құралып шыққан еді. Қысқасы, бұл ақындар дүниетану көзқарасы ғылыми жүйеде қалыптаспаған ақындар – ғылымға дейінгі дәуірдің ақындары болды.

Ал ғылымға келсек, К. Маркстің «Франциядағы 1848 жылдан 1850 жылға дейінгі тап күресі» еңбегіне жазған алғы сөзінде Ф. Энгельс: «Күнделікті тарихтың оқиғалары мен оқиғалар тізбегіне ой жүгірткенде экономикалық түпкі себептерге еш уақытта жете алмайсың... Қайсыбір дәуірдің экономикалық тарихының айқын суретін еш уақытта оқиғалардың өзімен бір мезгілде ала қоюға болмайды, оны тек кейін, материал жиналып, тексерілген соң барып алуға болады. Бұған қажетті көмекші құрал статистика ғой, ал ол қашан да кешігіп жүреді» [4, 189-б.], – дей келіп, мұндай өте тар уақыттағы күнделікті тарихты қорыта баяндау жағдайының қандайында болса да болып қалуға тиіс қателердің бұлағынан құтылу өте қиын екенін айтады.

Қазақ ақындары – көбіне өз дәуірінде белгілі бір кезеңінің ғана ақындары болды. Олар дәл сол кезеңнің үстінде болып жатқан күнделікті тарихтың оқиғаларын ғана көрді, онда да мұның ең әсерлі, жат, жаңа тізбектерін ғана көрді, ал оның негізгі



экономикалық түпкі себептерін, осы экономикалық түпкі себептерден келіп шығатын жаңа экономикалық нәтижелерін танып білуде дәрменсіз болды. Өйткені, біріншіден, экономика жайлы ғылым жасалып, оны тарихты баяндауға қызметке жеккен елдің ғылымының өзіне «қайсыбір дәуірдің экономикалық тарихының айқын суретін еш уақытта оқиғалардың өзімен бірге бір мезгілде ала қоюға болмайды».

Екіншіден, күнделікті тарихи оқиғаларға экономикалық өзгерістер тұрғысынан келіп қарауға әрі осы экономикалық өзгерістердің өзі тарихты ілгерілететін шешуші факторлардың (онда да «сыртқа шығудан бұрын ұзақ уақыт жасырын қимыл жасайтын» факторлардың) нәтижесі екенін білуіне ғылыми сауаты болмады.

3. В.И. Ленин: «Әлеуметтік мәселенің қандайын болса да талдағанда марксистік теорияның қоятын сөзсіз талабы – оны белгілі бір тарихи шеңберде қою болады» [5], – дейді. Яғни бір ел жайлы болсын, ақын я қоғам қайраткері жайлы болсын, оларды белгілі бір тарихи заманның нақты шеңберінде алып, сол заманның өзге заманнан нақты өзгешелігі не, сол заманның шеңберінде алғанда белгілі бір ақынның өзге бір ақыннан (сол елдің өзіндегі я бір сырт ел ақынынан) нақты өзгешелігі не дегенді көрсету болады.

Демек, белгілі бір тарихи заманның тарихи шеңберінен сырт ақын жоқ.

Ақын – творчествоның адамы: тарихқа оның қашан туып, қай уақытқа дейін өмір сүру фактісі негізгі емес, шығарма берген кезеңі негізгі. Ақын тарихқа өзінің жаратқан осы шығармаларымен ғана кіреді<sup>1</sup>.

Мәселеге осы тұрғыдан келсек, Бұхар, Махамбет, Дулат ақындық кұрған XVIII–XIX ғасырлар – Қазақстанның Россияға қосылу заманы. Демек, бұл тарихи заман қазақ халқының ішкі-сыртқы жағдайлары бірлікте алынып, дәлірегі Қазақстанның Россиямен қарым-қатынасы бірлікте алынып қаралатын заман. Ал бұл бірлікте алып қарау шарты жоғарғы ақындар үшін де сөзсіз керек.

---

<sup>1</sup> Тіпті қазақтың ауызша поэзиясында ақынның аты емес, сөзі ғана кейінгіге жетіп отыру фактісі тағы бар.

Осы қарым-қатынастың сипаты тұрғысынан қарағанда бұл заман (XVIII–XIX ғасырлар) бірнеше тарихи кезеңге бөлінеді:

Бірінші кезең – шамамен 1731 жыл мен 1822 жылдың (қазақ хандарының Россияға қарай бастауы мен Сібір қазақтары туралы Устав шыққан жылдың) арасы. Бұл аралық кезеңнің ең елеулі сипаты: (1) қазақ хандары патша өкіметіне протекторат жағдайында болды; (2) Орал казак-орыс әскерлерінің Кіші жүз қазақтарына қарсы дүркін-дүркін тонаушылық жорықтары болып тұрды [6]; (3) Линиялық бекіністер салынды да [6, 264-б.], Жайық пен Ертістен «ішке» өтуге тыйым салынды» [6, 271-б.].

Екінші кезең – 1822 жыл мен 1860 жылдың арасы. Бұл кезең іштей екі дәуірге бөлінеді: бірінші дәуірде (1) 1822 жылғы «Устав» бойынша хан өкіметі жойылды [6, 324-б.]; 1824 – 1844 жылдары Сібір өкіметі орындары жаңа округтерді құрды; (2) жаңа бекіністер салынып, жаңа жерлер кесіп алынды; қазақ ауылдары қоныс аударды [7]; (3) Орал және Сібір казак-орыстары 1820–1840 жылдар арасында қазақ жеріне экспедиция түрінде жорықтар жасап тұрды<sup>1</sup>, кішігірім отрядтар жаз айларында «тәртіп сақтау», алым-салық жинау мақсатымен қазақ ауылдарына командировкаға жіберіліп тұрды. Екінші дәуірде (1) 1850 жылдары казак-орыс әскерлері қазақ жеріне қоныс аударды; (2) қазақ жерінің Россияға қосылуы аяқталды [8].

Үшінші кезең – 1861 жылы Россияда болған «шаруа реформасы» мен 1867–1868 жылдары Қазақстанда жүргізілген реформадан кейінгі дәуір. Бұл дәуірдің айрықша белгілері: (1) казак-орыстарды Қазақстанға қоныс аударудың күшеюі; (2) орыс шаруаларының Қазақстанға көшірілуі; қазақ ауылдарында егіншілік кәсіптің өсуі; қазақ бұқарасы мен орыс халқының өзара достық ынтымағы туа бастауы; (3) Қазақстанға капиталистік қатынастың ене бастауы; қазақ ауылдарында таптық жіктелістің күшеюі, рулық томаға-тұйықтыққа негізделген салт-сананың өзгеріп түсуі;

<sup>1</sup> Бір-ақ мысал: «1853 жылы Перовскийдің Ақмешітке жорығы тұсында патша өкіметі шекті руынан 4000 түйе талап етті. Қазақтың 42000 басқа жуық малы айдалып алынды... Кузьминскийдің отрядының бірі 164 ауылға ойран салып, олардың барлық малын айдап әкетті, киіз үйлерін өртеді, адамдарын өлтірді, олардың ішінде әйел, бала, карттар да кетті» (Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. 1-т., 367-368-бб.).

Қазақстанға алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің ықпалы бола түсуі, т.б.

Байқасақ, XIX ғасырдың өзі ірі-ірі үш кезеңге бөлінеді екен. Бірақ, амал не, бізде осы ғасырдың ақын-жыраулары сөз болғанда, оларды бір-ақ топтап алып, бір-ақ тұрғыдан кінә тағу, сынау салты бар. Қараңыз: «Шортанбай (1818–1881), Дулат (1802–1874), Мұрат (1843–1906), Базар (1839–1911), Әбубәкір (1858–1903) сияқты ақындар... қазақ аулына капитализмнің енуін олар «зар заманның» тууы деп білді [9].

## I

Бұлай XIX ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы, тіпті XX ғасырдың басында өндіріп шығармалар жаратқан ақындарды – кереғар уақыт аясының әр тұсында жасаған ақындарды бір-ақ топтап, бір-ақ бағамен бағалау әрине қисынды емес еді. Белгілі бір тарихи заманның нақты бір шеңберінде алынбаған соң-ақ, қазақ ақындары творчествосының олар өмір сүрген дәуірдегі қоғамдық жағдайларға қатысы мәселесінде бірінші кезекте әрі күрделі жаңсақтық жіберілмек.

Бұл өз алдына бір мәселе. Ал қазақтың бұл көне мәдени мұралары төңірегінде болған айтысқа да отыз жылдай уақыт болды. Тіпті қазақ филологиясы тарихында – оның алғашқы қалыптасу дәуірінде болған бұл жағдайлар кезінде өз бағасын да алды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1957 жылы «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеудің, сын тұрғысынан қарап пайымдаудың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысы болды. Бұл қаулыда қазақ халқының бай рухани мұралары «Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана халықтың игілігіне айналды». «Алайда қазақ халқының өткендегі мәдениет мұрасының көп жақтары әлі де жиналмай және зерттелмей қалып отыр. Қазақ мәдениеті мен искусствосының көптеген аса көрнекті қайраткерлерінің шығармалары мен творчестволық өмірбаяны оқушылардың қалың топтары үшін мәлім болмай келеді», – деліне отырып, бұл бай мұраларды сөз еткен кезде жіберілген қателіктерге былай баға берілді: «Қазақстанның кейбір ғалымдары, жазушылары және басқа творчестволық қызметкерлері соңғы уақытқа дейін өткен

кездегі мәдени мұраға баға беруде елеулі қателіктерге жол беріп, революцияға дейінгі барлық ақындар мен жыршылардың таптық және идеялық-саяси бағытының қандай болуына қарамастан, олардың творчествосын біржақты мадақтап келді немесе өткен кездегі мәдениеттің жетістіктерін қалай болса, солай жамандап, жоққа шығарып келді», – делінген («Социалистік Қазақстан», 1957, 21 июль).

Ұлттық мәдениетке деген қамқорлықты біз Л.И. Брежнев жолдастың «Тың» атты тамаша кітабынан тағы да көріп отырмыз.

Л.И. Брежнев «Тың» атты кітапта 50-жылдардың басында өткен мұралар төңірегінде Қазақстанда болған айтысқа тоқталған. Онда: «Дегенмен, ең бастысы – творчестволық одақтардағы, интеллигенция арасындағы атмосфераның өзін жақсарту қажет болды» [10], – деп, 50-жылдардың басында қоғамдық ғылым мен әдебиет еріксіз душар болған осы айтыс-тартыс сипатына соншалық әділдікпен баға берді. Сол сияқты «Кейбір демагогтар туғызған дау-жанжалдар жазушы Мұхтар Әуезов пен академик Қаныш Сәтбаев сынды аса көрнекті адамдарды республикадан кетіп қалуға мәжбүр еткен» [10, 126-б.], – деп, сол кездің айтысында сынды ғылымда марксистік теория қоятын талап тұрғысынан келіп барып айтпаған, тек субъективтік пікір жетегінде кеткен кісілерді «демагогтар» деп, ал олар мұрындық болған әрекеттерді «дау-жанжалдар» деп, барынша әділдікпен бағалап берді.

Бұл, әрине, қазақ ғылымы мен әдебиетінде бір кезде болған жағдайға байланысты уақыт өткен соң барып айтылған естелік түріндегі бағалау емес. Бұл сол кезде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болған Л.И. Брежневтің қазақ ғылымы мен әдебиеті ісіне дер кезінде қамқорлықпен араласуының, оның ұйымдарында таза творчестволық атмосфера тууына жақсы жағдай жасауының, ғылым мен әдебиеттің дұрыс жолда өрлеуіне партиялық бағыт берілуінің анық көрінісі. Бұл – 50-жылдардың басында қазақ халқының бай әдеби мұралары төңірегінде солақай сыншылар туғызған дау-жанжалға және олар мұрындық болған пікірлерге берілген баға. Біз мұны өткен дәуір мұраларын сөз ету барысында және бұл мұралар жайлы 50-жылдары айтылған пікірлерге орайластырып та әркез басшылыққа алуға тиіспіз.

## II

Көне әдеби мұраларды зерттеп білуде ескерілуі керек екінші мәселе мынау. Бізде Абайға дейінгі дәуірдегі қазақ әдебиеті қандай сипаттағы әдебиет болды, оның тарихи кезеңдері, бұл тарихи кезеңдердің өзіндік белгілері, өзара айырмашылығы және де ол әдебиетті жасаушылар кімдер болды деген мәселе де осы әдебиеттің жасалу, даму, қалыптасу жолын тұтас алып, хронологиялық жүйеде зерттелмей отыр. Мұның өзі Абайға дейінгі дәуірдегі әдеби тілдің тарихын зерттеуге, танып-білуге едәуір қиындық келтіріп отыр. Әдебиетті танып-білмей тұрып, әдеби тілді зерттеу, оның тарихын жасау, әрине, мүмкін нәрсе емес.

Осы орайда біз екі мәселені пікір келесіне салмақпыз: бірі – Абайға дейінгі дәуірдегі қазақ поэзиясына (әдебиетіне) қысқаша сипаттама; екіншісі – Абайға дейінгі дәуірдегі поэзия (әдебиет) тіліне шолу жасау.

Қорытынды мақалада бұл екі мәселе жайлы пікір алысу ретінде сөз қозғамақпыз.

Шындығына келсек, Абайға дейінгі әдебиет – қазақ халқының көшпелі дәуіріне тән әдебиет. Қазақтың көшпелі тұрмысы жағдайлары жазудың қолданылу өрісінің кеңеюіне әкелетін қажетті алғышарттардың тууына мүмкіндік бермеді де, өндірістік қатынасы, әлеуметтік құрылысы, басқару жүйесі өте қарапайым қоғамға жазу қажетті актив құралға айналмады. Жазу еңбектің бөлінісі түріндегі құралға айналмады. Сондықтан да жазуға тікелей байланысты бір салада – жазуды әдебиет жасауда құралға айналдыру өмірге, практикаға енбеді. Қазақтың әдебиеті байырғы рулық қоғамдағы сияқты ауызша туған әдебиет болып қала берді; ал қазақтың көшпелі жағдайында жазу дүкені, мектеп-медресе, т.б. болмағандықтан, ақыл-ой тәжірибелерінің қорытылып жазуға түсуі, ғылымға айналуы, сөйтіп дүниетаным қазынасының материалдық форма табуы, осылардың негізінде жұрттың білім алуы сияқты практикалық шаралар мен оның нәтижелері тумайды. Яғни бұл салада да еңбек бөлінісі дамымады. Сондықтан да қазақтың ауызша әдебиетін жасаушылар жазудан қаншалықты алыс тұрса, ғылым-білімнен де соншалықты алыс тұрды. Сондықтан олардың санасы, ой-өрісі өмірді

тануда негізінен қауымдағы жеке адамдар арасындағы шектеулі байланыстарды, өте қарапайым қатынастарды пайымдау дәрежесінен көп ұзап кетпеді. Олар тек табиғи дарын иелері ғана болды. Олар өздерінің өмір тәжірибелері мен табиғи таланттарына ғана қарыздар, өздері өсіп шыққан бесігі – «мектеп-медресесі» ауызша сөз дүкеніне ғана қарыздар болды.

Қазақ әдебиеті тарихын жасау үшін, әсіресе, қазақтың ауызша поэзиясын жасаған сөз ұсталарын, олардың творчествосын бағалау үшін бұл мәселені ескермеу әсте мүмкін емес.

Сөз жоқ, бұл мәселенің салмағын, маңызын ойша шамалап білу тіпті де мүмкін емес. Бұл үшін бір заманда осындай ауызша әдебиеті болған, бірақ тарихтың кейінгі дамуы барысында қажетті қоғамдық алғышарттардың тууы негізінде өмірге келген жазба әдебиетке ие болған халықтарды, онда да бұл жаңа әдебиетке өте ертеде-ақ ие болған халықтарды еске алу сөзсіз керек. Осындай салыстырусыз, аналогиясыз қазақтың ауызша әдебиетіне бұл күнде қойылып жүрген талаптардың қаншалықты дәрежеде заңды-заңсыздығын анық шамалай алмаймыз.

Әдебиет, ғылым-білім дегенде, бұған ие болған халықтар қандай-қандай революциялық өзгерістер негізінде ие болыпты дегенде, Ф. Энгельстің мына сөзі өте дәл жауап әрі тұтас күйінде тарихтың өзі. Ол «Табиғат диалектикасының» «Кіріспесінде» «ғылыми, жүйелі, жан-жақты дамуға жеткізген бірден-бір зерттеу болып табылатын табиғат жөніндегі қазіргі зерттеу» – бүкіл жаңа тарих сияқты өзінің жыл санауын XV ғасырдың екінші жартысынан бастайтынын айта келіп, былай дейді: «Италияда, Францияда, Германияда жаңа, осы заманғы тұңғыш әдебиет пайда болды. Англия мен Испания содан кейін көп ұзамай өз әдебиеттерінің классикалық заманын бастан кешірді. Бұрынғы *ordis terra rum*<sup>1</sup> жақтаулары қиратылды, анығында жер жүзі енді ғана ашылып, ең бергі кездегі дүниежүзілік сауда үшін және қолөнерінің мануфактураға өтуі үшін негіз салынды, ал мануфактура, өз ретінде, қазіргі кездегі ірі өнеркәсіптің бастама пункті болды. Шіркеудің рухани диктатурасы күйретілді; герман

<sup>1</sup> Сөзбе-сөз алғанда: жер шенбері; ертедегі римдіктер дүниені, жерді осылай атаған. – *Ред.*

халықтарының көпшілігі оны тіке лақтырып тастап, протестантизмді қабылдады, ал роман халықтарында арабтардан ауысқан және жаңадан ашылған грек философиясын қорек еткен, шат көңілді еркін ой барған сайын терең тамыр жая бастады, ал мұның өзі XVIII ғасырдағы материализмді әзірледі.

Мұның өзі адамзат бұған дейін бастан кешірген барлық төңкерістердің ішінде аса ұлы прогресті төңкеріс болды, күшті ой өрісі, құштарлығы мен сипаты, сан қырлылығы мен ғалымдығы жағынан алыптарды керек еткен және сондай алыптарды туғызған заман болды. ...Ол кезде алысқа сапар шекпеген, төрт-бес тілде сөйлемеген, творчествоның бірнеше саласында жарқырап көзге түспеген бірде-бір ірі адам болған жоқ дерлік еді. Леонардо да Винчи ұлы суретші болып қойған жоқ, сонымен қатар ұлы математик, механик және инженер болды, физиканың сан алуан салаларында табылған маңызды жаңалықтар соның арқасы. Альбрехт-Дюрер суретші, гравер, мүсінші, архитектор болды, оның үстіне өзінде кейбір идеялары бар фортификация жүйесін ойлап тапты... Макиавелли мемлекет қайраткері, тарихшы, ақын болды, оның үстіне жаңа замандағы ауызға алуға лайықты бірінші әскери жазушы болды. Лютер шіркеудің ғана емес, сонымен қатар неміс тілінің де Авгий ат қораларын тазартты, қазіргі кездегі неміс прозасын жасады және XVI ғасырдың «Марсельезасы» болған, жеңіске деген сенімге бөленген хорлардың сөзі мен әнін жазып шығарды. Ол замандағы ерлер кісінің өрісін тарылтатын, сынаржақтық туғызатын, олардың ізбасарларының бойынан ықпалы бізге сондай жиі байқалып жүрген еңбек бөлінісінің құлдары әлі бола қойған жоқ-ты. Бірақ оларға ерекше тән бір қасиет сол, олардың бәрі дерлік өз заманындағы мүдделердің қалың ортасында тұратын, практикалық күреске етене араласатын, белгілі бір партияның жағына шығып, біреулері сөзі мен қаламын, біреулері семсерін, енді біреулері осылардың бәрін де қару етіп күресетін. Оларды кесек тұлғалы адамдар ететін сипат дарыны мен қуаты міне осында» [11].

Сөйтіп, «феодал дворяндардың қуатын күйретіп», «шын мәнінде ұлттарға негізделген ірі монархияларды құрып», «қолөнері мануфактураға өтіп», «жаңа, осы заманғы тұңғыш әдебиет пайда болып», ғылым мен искусство жасалып, XV ғасырда өзінің

«Ұлы заманын» бастаған Европа өзінің бұл жаңа әдебиеті заманына қарай сонау XI–XII ғасырларда-ақ жол салған болатын.

Міне, Европа халықтары сонау XI–XII ғасырларда-ақ артқа тастап кеткен ауызша әдебиетті қазақ халқы XV–XVIII ғасырларда, тіпті XIX ғасырдың бірінші жартысында да актив түрде жаратып, бірден-бір қоғамдық сана құралы ретінде тұтынды<sup>1</sup>.

Әрине, бұған өзіндік тарихи себептер болды. Қазақ халқының тарихи тағдыры оны өзге түркі халықтарынан бөлек жолға түсірді: моңғол шапқыншылығынан кейін Қазақстан жерінде жаңа көшпелі тайпалардың, рулардың бірлестігі құрылды, сөйтіп кейін қазақ халықтығын құрауға ұйытқы болған бұл тайпалардың көпшілігі бақташылық-көшпенділік тұрмысқа біржолата ыңғайланды; рулық құрылысы сақталып қалды; еңбек бөлінісі дамымады; билеу жүйесі ру құрылысы жүйесіне сәйкес болды; хандық билік ордасы киіз үйде болып, «аттың жалы, түйенің қомында» көшіп жүрді. Сөйтіп бақташылық пен көшпенділік тұрмыстың бірден-бір белгілеуші формасы болды. Бұл ру-тайпалар байырғы жазба әдебиеттен біржола қол үзді.

Міне, қазақ халықтығы бақташы-көшпенді тұрмыста болған осы рулар негізінде келіп шықты да, оларда барды әрі жоқтықты мұраланды: жоқтығы – жазба әдебиеті де, бары – ауызша әдебиеті болды.

Көшпелі тұрмыс жазудың қолданылу өрісінің кеңеюіне бастап әкелетін қажетті алғышарттардың тууына мүмкіндік бермеді де, жазуды тұтынған халықтарда жасалған әдебиеттің қызметін көшпелі қазақ халқында байырғы дәстүрмен ауызша әдебиет атқарды. Бірақ әлеуметтік-саяси жағдайларының күрделене түсуі, жеке рулардың конфедерациялануы, хандық өкімет күшейіп, билік шеңберін кеңейтуі, т.б. бұл қоғамның бірден-бір тұтыну құралы ауызша әдебиеттің қоғамдық қызметі аясын ке-

<sup>1</sup> Әрине, кейін қазақ халқын құрауға ұйытқы болған тайпалардың түркі аталған арғы аталарында VIII–XII ғасырларда дәл европалық үлгідегі бастау әдебиетке өте жақын жазба әдебиет болды. Тіпті бергі XIV ғасырда да ескі түркі тіл үлгісінде бірлі-жарым көркем шығармалар жасалды, хандар арасында ресми үлгіде хат жазу дәстүрі сақталды; хан ордасында XVI–XVII ғасырлардың өзінде хан шежірелерін жазу салты болды. Бірақ қазақ әдебиеті деген әдебиет бұлардың негізінде және солардың жалғасы ретінде туып, дамыған әдебиет емес, сондықтан бұл жазба мұралар өзінің бастау, даму және аяқталу дәуірі бар өз алдына бөлек әдебиет.



ңейтті. Жұмсалы өрісі кеңі негізінде барып оның әртүрлі жанрлары келіп шықты.

Ал осы ауызша әдебиетті жасаушы ақындар кімдер еді, олардың шыққан ордасы қайсы, қауымға қатынасы қай дәрежеде болды?

Қазақтың ауызша әдебиетін жасаған бұл ақындарды өз дәуірінің әлеуметтік-саяси жағдайларынан, рулық және патриархалдық-феодалдық институттарынан, шыққан ортасынан, әлеуметтік тегінен бөліп алып қарауға әсте болмайды.

Бұл ақындар рулық құрылыстан шыққандықтан, әуелде ру аясында «ру ақындары», «ру қолы ақындары» немесе «сарбаз-ақын» болды. Бұлар ру батырлары мен ру басылардың, ру қолының жорықтарын жырға айналдырды, рудың мүддесі тұрғысынан жырлар шығарды<sup>1</sup>.

Олардың біразы батыр-ақындар да болды. Бұл батыр-ақындар өзінің дұшпанына сес көрсетер, айбар білдірер сөзін жыр үлгісінде айтты немесе батырлар монологын сарбаз-ақындар солардың атынан шығарды. Бұл дәуірде өз атынан да, өзгелер атынан да монолог жырлар шығару салт болды. Кейінгі дәуірдегі сөздері там-тұм жеткен Қазтуған, Доспамбет, Ақтамберді осы батыр-ақындар тобына жатады. Қалай дегенде де ақындық бұлардың кәсібі болған жоқ.

Рудың бұл батыр-ақындары, би-ақындары ішінде өз руы шеңберінен шығып, хан қасында болып, сарайда – үлкен келеде жыр айтар дәрежеге дейін көтерілгендері де болды. Олардың кейбіреулері хан қолын басқарып жүріп те немесе хан келесіндегі кеңеске араласа жүріп те жырлар шығарды, тіпті бұлардың қайсыбірі, кейін әртүрлі жағдайлармен хан қасында, ордада біржола қалып қойып, анық сарай ақынына айналды. Бұлардың алғашқы тобы, яғни әлі өз руынан қол үзбеген, оған арқа сүйеп, соның атынан сөз ұстайтын би-ақындар, батыр-ақындар бірде ханды мадақтап, хан қасынан табылса, бірде өз руын арқа тұтып, егесте, дауда өзі ханға сес көрсете сөз айтты. Ал соңғы тобы, яғни жасы келіп, сөзімен, кеңесімен ханға біржола арқа сүйеп қалған ақындар, ханға тәуелсіз батыр-ақындай емес, майысқақ келді.

---

<sup>1</sup> XI ғасырдағы түркі руларының осындай ру ақындары, сарбаз-ақындары шығарған жырларды біз «XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976) деген кітапта келтіргенбіз.

Міне, осылардың алғашқы тобына батыр-ақын, би-ақын Жиёмбет жатса, соңғы тобына Шалгез жатады. Бірақ Жиёмбетте ақындық негізгі кәсібі болған жоқ. Ал ақындықты толық кәсіп ету Шалгезде де болмаса керек. Шалгезде өлең-жырды өнер тұту салты болған. Бірақ қалай дегенде де XV–XVIII ғасырлардың бұл қайраткерлері шын мәніндегі әдебиетті (поэзияны) – жалпы халықтық мүдде талабынан, дәуір талабынан туған әдебиетті жасаушылар болған жоқ. Әдебиеттің шын мәніндегі өкілдері де болған жоқ. Бұлар өз руының басшылары болғандықтан, яғни батыр-ақын, би-ақын болғандықтан (жекешіл ақын болғандықтан), өз мүдделері тұрғысынан ғана, ең демократияшыл болғанда өз руы мүддесі тұрғысынан ғана сөз айтты.

Әрине, байырғы тайпа абыздарының, яғни Қорқыттардың ұрпағы Асан қайғы, Сыпыра, Бұхар сияқты шын мәніндегі жыраулар да болды. Олар өздерін мадақтап жырлар туғызған жоқ, өз ерліктерін жырға қосқан жоқ. Ал ру мүддесінен олар жоғары тұрды. Бұл жыраулар, «Қорқыт ата» ескерткішінде «оғуз ұлұсының» бүтіндігі жайлы жыр шертетін Қорқыт сияқты, тұтас халықтың амандығын, хандықтың бірлігін толғады, болашаққа көз тігіп, болжау, аяң сөздер айтты, ұлы ескертулер жасады. Олар ханның қошеметшісі де, өзін ханға бұлдаушы да болған жоқ. Олар хан ордасының ұлы кеңесшісі, сәуегей ақылшысы болды. Өз заманының, жалпы халықтың мүддесі тұрғысынан толғаулар айтқан осы жыраулар халық поэзиясын (әдебиетін) жасаушылар да болды.

Бұхармен байырғы жыраулық мектеп аяқталды да, XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында қазақта ақындық нағыз кәсіпке айналған дәстүр өрпін алды.

Әрине, бұл дәстүрдің ақындары да бірнеше топқа бөлінді: олардың бір тобы хан қасынан табылып, ханның идеологы болған Байтоқ, Нысанбай, т.б. сарай ақындары еді, екінші топ ақын «қайда бай мақтаншаққа барған таңдап, мақтау өлең айтыпты әркімге арнап» деген топқа жататын бірсыпыра айтыс ақындары еді. Ақындық салттың ең көнесі де осы *айтыс ақындары*. Бұл айтыс ақындары ақындықты кәсіп еткен себепті ел үстінен, өзге тұтас қауымның есебінен, мақтаушы ақын болған соң, әсіресе, ел жуандарының есебінен күн көрді. Және бұлардың көбі-ақ

рудың ақындары болды. Бұлардың күнкөріс кәсібі оларды бір жағы тәуелділік жағдайға да келтіріп отырды; егер «тіршілік заттарынан құраласқан қалам демесе» олар осы күйінде қалуға да тиіс болды.

Сөйтіп күнкөрістегі осы тәуелділік ол ақындардың күллі творчествосына ықпал етіп отырды, ол ғана емес, үстемдік те етті. Ақындар айтысының ең жоғарғы формасы үстем тап өкілдерінің бас қосқан жиыны, өздері қызықтайтын сахнасы іспетті еді. Солардың рухани өндіріс құралы еді, сондықтан ол сахнаның ақындары бірде мына ел жуанын жақтап, бірде ана байдды, биді жақтап жатса да, ол «өз биіне», «өз жақсысына» қарсы тағы бір сондай ел жуанын даттап жатса да, қалай дегенде үстем тапқа бағынышты болды. Олар да ру ақыны болғандықтан, рудан, жеке бір рудың «намысынан» жоғары көтеріле алмады, ал ру шонжарларына тәуелді болғандықтан, солардың идеологы да болды.

Әрине, айтыс ақындарының бәрі бірдей «феодалдық, рушылық құрылыстың көлемінде «айтыс» өлеңдерін сол күнгі үстем тап тілегіне, қанаушылық таптың мүддесіне жұмсаған байшыл ақындар» [12] тобында болған жоқ. Біз мұны XIX ғасырдың екінші жартысында болған «Құлмамбет пен Жамбыл», «Құлмамбет пен Майкөт» айтысынан көреміз. «Құлмамбеттің көтерген туы – өз руы Албандікі» болып, «феодалдық-рушылықты дәріптеп», өзінің «тапқан санасы бойынша ру мақтанышында бірінші бәйге байлыққа тиіс жол» деп, айтыста «Албанның көптігі мен байлығын айтса», ал Жамбыл берекелі елді, ел тұтқасы ерді айтады. Егер Құлмамбет жердің құнарсызын, елдің кедейлігін, егін салу, отырықшы болу кәсібін мінеп айтса, Майкөт «халықтың еңбекшіл, кәсіпшіл тіршілігіне бесік болған өлке, ырыс өлке», – дейді [12, 332-333-бб.].

Сөз жоқ, бұл айтыс ақындары кереметтей «ірі, ақпа-төкпе ақындар», «от аузында айтқыш ақындар» болды. Өздері жөнге, жолға сыйғызған ой-пікірін, табан астында ауыздан қаға, жарыстыра айта алатын сөз ұсталары болды. Қазақ фольклорында айтыс жанрын туғызған да, дамытып қалыптастырған да осы ақындар еді. Сол үшін де қазақ сөз өнері тарихында бұлардың алатын орны ерекше.

Ал қазақтың осындай мол айтыс ақындары бар ортадан олардан бөлекше жолмен Махамбет шықты. Ол, біріншіден:

Біздің жайды сұрасаң,  
Ерте көшіп, кеш қонған  
Санаулы сәнді орданың бірі едік, –

деп өзі айтқандай, тұрмыстан кенде болмаған, екіншіден, Беріш руының ауызға жастай ілінген батыр азаматы, үшіншіден, ол аз уақыт болса да «хан жігіті», «ханға қарашы» («Мен бір қаңғып жүрген қарашы») боп, ордада тұрды. Ордада кезінде:

Алдияр тақсыр, ханымыз,  
Исатай батыр кеткелі  
Кеміді біздің сәніміз,  
Тілімізді алсаң, тақсыр-ай,  
Шайтанның мойнын жұлдырып,  
Ордана қайтып алыңыз, –

деп, ханнан бітімшілік сұрап, тілек те артар жағдайда болды. Бірақ табиғатынан батыр-ақын кезеңі келгенде ертедегі Жиёмбет, Ақтамберділер сияқты хан-сұлтанға өктем сөзін іріктей айта алар ерекше қасиетімен көрініп отырған. Бұл – көтеріліске дейінгі Махамбет.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Бұхар да емес, Махамбет те емес, көп айтыс ақындары да емес, өзіндік күнкөріс кәсібі бар, оқи, жаза білетін аздаған сауатты ақындар тобы болды. Бұлар «үйші», «ерші», «күмісші», «етікші», «қасықшы», т.б. ұсақ кәсіппен айналысты, тіпті «молда-ақын», «қожа-ақындар» шықты. Күн көрісі, кәсібі бар бұл ақындар қауымға біршама тәуелсіз жағдайда болды. Ал «молда-ақын», «қожа-ақындар» әрі айтыс ақындар салтын құрды, әрі «қиссашыл, дастаншыл ақындар» да боп, жаңа әдеби жанр туғызды, әрі қисса-дастандарын бұлға өткізіп, өз кезінің «қаламақысын» да солар бастады.

XIX ғасырда бұл ақындық мектеп ілгерілеп дамыды. Сол мектептің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы алғашқы өкілі Дулат болды.

Дулат – қоғамның төменгі табының өкілі. Бірақ сол кездің салты бойынша, Бұхардың Абылай қасында, Орынбайдың Рүстем, т.б. төрелер қабатында жүруі сияқты, Дулат та Барак төренің төңірегінде болған. Барак сұлтан оны «Жарасқұлшам» деп атаған (Дулат Сыбанның Жарасқұл деген атасынан).

Міне, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақындық ортадан Орынбай, Түбек бастаған айтыс ақындары мен Байтоқ, Нысанбай бастаған ескішіл сарай ақындары және өзге де көп-көп кәсіпшіл ақындар ортасынан ала бөтен етіп, Махамбет пен Дулатты жеке-дара шығарған қай құдірет? Мұның мәні неде? Бір тарихи кезеңде жасай тұрып, бір әлеуметтік-саяси жағдай ортасында бола тұрып, Байтоқ пен Махамбеттің екі түрлі бағыттағы ақын болуының, осы ортадан бір мезгілде шыға тұрып, Нысанбайдың бір бөлек, Жанақ, Орынбай, Түбектердің бір бөлек, ал Дулаттың үшінші бір бөлек категориядағы ақын болуының мәні неде?

Өз тұсындағы әдебиет тағдыры туралы ойлай келіп, 1825 жылы Стендаль былай деп жазған еді: «Мольер біздің тұсымызда туған болса, комедия жазғаннан гөрі депутат болғанды қалар еді деп те ойлаймын. Әр заманның өзіне тән данышпандары болады. Олар кейде өзін көрсетпей-ақ өмірден өтіп кетіп жатады (IX–X ғасырларда туғандардың сондай күйге ұшырағандары бар). Әр дәуір білім атаулының белгілі бір саласына ғана ден қояды: өмір сонда ғана тұр деп есептейді. Петрарка заманында ежелгі манускриптерді тауып жариялаумен болған. Ал біздің тұсымызда басқа татымды ештеңе болмаған соң, айналысып жүрген жалғыз кәсібіміз әдебиет еді, саясат оны да тонап жатыр» [13].

Осы айтылғандай, ақынның творчествосы үшін өз дәуірі әлеуметтік-саяси жағдайларының шешуші фактор болатыны сөзсіз. Егер Махамбет XVII–XVIII ғасырларда туса, Жиёмбет пен Ақтамбердінің бірі болар еді, көтеріліске дейін де ол Жиёмбеттерге көп ұқсас еді. Бірақ ол әсте де Бұхар болмас еді. Оны Жиёмбетше болудан да, өзінің салтанатты өмірін көксеген Ақтамбердіше болудан да құтқарып қалған өз кезінің әлеуметтік-саяси жағдайлары болды және ең бастысы, одан сырт, бейтарап тұрмай, қайта оның қалың ортасында жүруі негізгі фактор еді. Ал мұның үстіне екінші фактор – Махамбеттің басқа емес, табиғатынан батыр-ақын болуы. Ақындық табиғи болмысы мен шаруалар көтерілісі оны күрескер ақын дәрежесіне дейін биіктетіп қана қойған жоқ, күрескер ақын етіп қайта жасап шықты да.

Ал Дулаттың өзге ақын болмай, айталық, «арық түйесіне» мініп алып, XIX ғасырдың 40-жылдары генерал Вишневский-

дің экспедициясына ере жүріп, Барақтың барымта соғысын мадақтаған Орынбай, Түбек болмай, оны «қой ұрлыққа мақтанған, кептірмей тоқым аттанған» деп, сынаушы Дулат болуының сыры неде?

Неге Дулат, Кененің қанды жорығын жырға айналдырған Нысанбай сияқты, Барақ сұлтанның жапсарлас жатқан руларға жасаған барымта соғысына арнап жыр шығармай, Еспембет сияқты елге қорған ер образын қиялдап табады? Дулат үстем тап өкілдеріне мақтау өлең шығарушылар сияқты оларға неге табынбаған? Махамбеттей көтерілісті бастап жүрген жоқ, артында қалың қолы бар батыр-ақын да емес. Үстем тап өкілдеріне арлы сыншының ашулы да өткір зілдей ауыр сөзін өзін «Жарасқұлшам» деп кем тұтқан Барақ сұлтандарға Дулат қалай айта алды?

Қазақ халқының патриархалдық-рулық құрылысы негізінде, еңбек бөлінісі дамымаған бақташы-көшпелі тұрмысы негізінде қалыптасқан салт-сана бойынша ру іші «қайшылығы жоқ бүтін» сияқты көрінді. Мұның өзі қоғамдық-тарихи сананың дамуына, таптық-бұқаралық сипаты бар ой-пікірдің туып, дамуына кедергі жасады. Сондықтан да өз кезінің саяси-идеологиялық құралы қызметін атқаратын рухани өндіріс айқын жіктеліп шықпады. Ал ру ақындары осы рулық салт-сананың құндағында жатты да, оған сын көзімен қарайтын дәрежеге дейін көтеріле алмады. Олар өз руының байлығын, көптігін, малы көп байларын, екінші руды егесте мұқатар батырдың «қазан бұзар, үй тентек» мінезін, мырзасын, бәйбішесін, құлынын, желісін, сабасын, қазанын, бай сандығында жатқан жамбысын – бәрі-бәрін мақтады, мақтан тұтты. Қарсысын мұқату үшін «шалбарым бес теріден сең-сең балақ» деп те мақтаныш етті олар. «Несібе-тарысын ел үстінен теріп жүргенін» де мақтан етті бұл ақындар.

Дулат кәсіптің, еңбектің адамы болғандықтан, рудың ішкі өміріне осы еңбек адамының көзімен қарай алды: екіншіден, ақындық сезімталдықпен, ақыл-парасатының молдылығымен, адамшылық борыш талабы бойға дарытқан турашылдығымен, әділетшілдігімен, ақындық күдіреті дарытқан ұлғайып, әсерлеп, өзге формаға түсіріп барып бейнелейтін көркемдік танымымен,

бұқарашыл ниеті өзге мазмұн беретін жоғарғы санасымен бұл ортаға өзге көзбен қарай алды. Дулаттың бойында бар осы екі сала қасиеті оны өз ортасының шындығын дәл көруге, ру мүшелерін, қауым топтарын әлеуметтік тегі жағынан жіктеп, бөліп қарауға әкелді: «Бай-кедейге бірдей боп, Шаңараққа салығы», «Малсыздарды таптадың, малдыларды жақтадың», «Момынды алдың қырыңа», «парақор, баспақ би», «ел бүлдіргіш бек», «ел сілкінген ісінен аға сұлтан, қазы», т.б.

Дулаттың осы ақындық ерекшелігі қазақ жұртының байырғы тұрмыс-жағдайында болса, оны жай ғана ақиқатшыл, сыншыл ақын дәрежесінде қалдырған болар еді. Бірақ патшалықтың қазақ даласындағы отаршылдық саясатты күшейтуі, бұқара халықтың қаналуы, зорлық көруі, жерден күшпен қуылуы тұсында және осы зорлыққа қазақ хан-сұлтандарының, би мен бектерінің қолдаушы боп шыға келуін көрген кезде, Дулаттың бойында бар осы ақындық сыншылдығы, әділетшілігі – «ел жақсылары» жайында өзі келген қатесіз түсінігі, пайымы барынша белсенді әрекетке келіп, өзінің жаңа қырын көрсетті. А.В. Лунначарскийдің: «Әрбір дәуір өзінің әлеуметтік-мәдени сипатына байланысты қайсыбір таланттарды әрекетке келтіреді немесе оларды әрекетсіз қалдырып отырады: ол дәуір өзінің ішкі мәнін білдіру үшін барынша қажет болып отырған таланттарды биологиялық клавиатурасының клавиштеріне соғып, олар үшін не қолайлы болады немесе дұшпандықта болады» [13, 205-б.], – дегендей болды.

Егер Жанақ, Түбек, Орынбай, т.б. айтыс ақындары – ру құрылысының көлемінде ғана «айтыс» өлеңдеріне қатысып, рудың би мен бегіне қошемет өлеңдер шығарып дағдыланған ақындары машығында жоқ мына жаңа дәуірдің өздеріне «жат сипатына» араласа алмай қалса, керісінше, бұл жаңа дәуір сипаты «ру ақыны» болмаған, дүниетанымы, ой-өрісі, азаматтығы бұл тар шеңберден жоғары тұрған Дулат талантының өзіне керек клавиштерін соғып жіберді.

Демек, Дулат творчествосының өз дәуірі түрткі болуы негізінен келіп шыққан сипаты сол дәуірдің өз сипатымен, ақындық таланттың ішкі өрісімен астасу негізінен келіп шыққан заңды сипат. Сондықтан Дулаттың осы саяси-әлеуметтік мәселеге

қай тұрғыдан келіп түсініктеме бергені, қай тұрғыда қатынаста болғаны бір бөлек мәселе де, ал осы өз дәуірінің саяси-әлеуметтік сипатын қазақ поэзиясында қоғамдық сана формасына айналдыруы екінші мәселе.

Әрине, Дулат творчествосының өзіндік бұл ерекше сипатын тану үшін де тарихи тұрғыдан келу керек болады.

Қазақ поэзиясының арғы тарихын қысқаша шолсақ, бұл поэзияда халықтың өз кезіндегі саяси-әлеуметтік мәселелерінің күн тәртібіне қойылу-қойылмауына қарап, халықтық әрекеттің, қозғалыстың, халық тағдыры келіп тірелетін тарихи оқиғалардың тақырып болу-болмауына қарап, бұл поэзияның қай кезде қандай сипатта болғанын анық көріп қана қоймаймыз, белгілі ақын-жыраулардың қайсысы қай деңгейде болғанын да анық көреміз.

Осы тұрғыдан келгенде, өзіне дейінгі жекешіл батыр-ақындардай емес, қазақ халқының бір хандық мемлекетке бірігуі проблемасын көтеріп, Бұхар өзіне дейінгілерде жоқ жаңа сипатымен көрінсе, бұқара халықтың хан-сұлтандарға, ірі феодалдарға қарсылығын тақырып етіп, «теңдікті малды бермеуді», «тендіксіз малға көнбеуді» ұран етіп, Махамбет өзіне дейінгілерде жоқ жаңа сипатымен көрінді. Және осы екі ақынға тән бұл екі сала проблема қазақ поэзиясы үшін прогресс болды, ол қазақ поэзиясын бір-бір адым ілгерілетті де.

Ал Дулат өз творчествосында XIX ғасырдың бірінші жартысында тұтас қазақ халқының өмір таразысына түскен тарихи тағдыры жайлы сөз қозғап, қазақ халқының үстем тап тарапынан қаналуын, хан-сұлтан, би мен бектің езу, тонау сияқты озбырлығын, патшалықтың бұқара халықты жерден айыру сияқты, т.б. зорлығын сөз етіп, өзіне дейінгі және өз замандастары творчествосында жоқ жаңа тақырыпты көтеріп, жаңа сипатымен көрінді. Дулат өзі көтерген осындай қоғамдық-саяси проблемаларымен қазақ поэзиясына жаңа өріс ашты.

Қазақ поэзиясы тарихында XVIII ғасырдағы Бұхар, XIX ғасырдың 30–40-жылдардағы Махамбет, осы ғасырдың 30–50-жылдарындағы Дулат өздерінің қазақ поэзиясында сіңірген еңбегімен, қайраткерлігімен бағалануы керек болса, ең әуелгі осы жаңалықтарының сипатымен бағалануы керек болады.



Академик А. Бушмин әдебиет үшін прогресс болып танылатын бұл жаңа нәрсе туралы: «Жаңа дегеніміз – бұрын жасалғандардан гөрі жақсы жасалған ғана емес, жаңа дегеніміз, ең бастысы, бұрынғыларда жоқтың бірінші жасалуы» [13, 220-б.], – дейді.

Міне, мәселеге осылайша келу – нағыз ғылыми тұрғыдан келу болмақ.

Бірақ жана дегенде Бұхар да, Махамбет те қазақ поэзиясын өлеңнің жанры, түрі және өлеңнің ішкі құрылымы жағынан көп жетілдіре алған жоқ. Бұл екі сөз ұстасы да қазақ поэзиясындағы байырғы толғау жыр үлгісі аясында қалып қойды. Ал қазақ поэзиясын жанр, түр, стиль жағынан жетілдіру міндеті Дулаттың үлесіне тиді.

Осы орайда көп жайдан бөліп, Дулаттың бір-бірімен астасып жатқан екі ерекше сапа-қасиетін атап өткен мақұл.

Дулат – ақын туралы, ақын сөзі туралы қазақ әдебиетінде бірінші айтып, ақындыққа, өлең-жырға зор талап қойған, сол талабы тұғырынан өзі де табылып, шығармаларын да осы талап тұғырына дейін көтерген бірінші ақын.

Ақынды өз дәуіріндегі элеуметтік тартыстың белсенді қайраткері деп бағалаған, ал оның сөзін осы тартыстың мәні зор құралы деп білген Дулат бұл жайда өзі де екі өлең жаратты. Бір өлең – «Сезім бар да, көзім жоқ». Әрине, бұл өлең үлкен ақындық программадан барып анық жоспарлы түрде жасалып шықпағанмен, мұнда «мақтау өлең» иелерін қатты қағытып өткен, осы жайда көңілінде бұрын түйіп жүрген ойларының ұшы қылаң берген.

Сөзім бар да, көзім жоқ,  
Көзім жоқ деп жатпадым.  
Би мен бекті жақтадым,  
Бай, мырзаны мақтадым,  
Бәйбішенің мойнына  
Жырдан алқа таққаным.

Біреудің отын үрледім,  
Өз отымды жақпадым.  
Сонда дағы оңбадым,  
Көн шалбар түспей бұтымнан,

Қыс болса тапшы қызылдан,  
 Жаз болса шола жұтымнан.  
 Күнәм – жойқын, тәубем – аз  
 Тіршіліктен не таптым,  
 Дүние – жемтік, мен – төбет  
 Соны бақпай не бақтым,  
 Ырылдасып әркіммен  
 Не қапқыздым, не қаптым.

Мақтау өлең иесі атынан айтылған осы өлеңде Дулаттың өз тұстастары айтыс ақындарына тән мінез сондайлық айқын көрінген. Бұл өзі қазақтың айтыс ақындарының айтыс үстіндегі үйреншікті машығын – бір байды мақтап, сондай бір байды даттап айтатын салтын, телімге, сыйға өзара таласып, бірін-бірі жамандап «мінеуін» терістеу еді, соның өзінде көлденең сыншының жай сыны емес, өзінің ақындық платформасын белгілеген ақынның қатал сыны бар терістеу еді.

Тағы бір өлең – «Тегімді менің сұрасаң». Бұл өлеңде Дулат – әуелі ортасына тән өлең-жыр дүкенінің, сөз майханасының ақыны, «торқалы топыр тойдың», «топ бас қосқан ойынның» ақыны. Бірақ бұл ақын «қасқа мен жайсаңның» мақтаушы ақыны емес, толғаушы ақыны, «кеудесіне толған қайғысы» бар, сол қайғы зорайғанда, ұлғайғанда өзін осы «тынық жырымен жуып» жұбатып отырады. Ал толғанғанда, жыр төккенде не айтады? «Қайғысыз сараң малды», «еріншек есек жарды», «халыққа сыйымы жоқ паракор, баспак биді», «ел бүлдіргіш бекті» «улы тілмен улатады». Керісінше, бұл топқа қарама-қарсы жақта «сел боп аққан жасқа етегі көл боп толған», көкірегіне «беріш боп шер байланған қайғылы» көп бар, осы қайғылы көптің «ойына сана беріп, бойына қуат беріп», «жырымен уатады». «Қайғылыны уатады». Осыдан соң барып Дулат ақын – өзі жайлы айтарын топтай түйеді:

Сусағанды сулатып,  
 Шаршағанды қунатып,  
 Кезегенді тура атып,  
 Жырыммен елді жетелеп,  
 Мойыс жерден төтелеп  
 Ағылайын ақпандай, –

деп түйдектей айтып тоқтайды.

Мұнда ақын – жақсы сөзге, ақыл сөзге, тәтті жырға сусаған көптің шөлін қандырушы, көкейкесті арманына, көңіліндегі күпті ойына, тұқыртып тұйыққа тіреген сұрауына жауап беріп, көкірек көзін ашушы; ақын – бейнеттен шаршаған қалың көптің көңіліне жырымен қуат беріп, сергітуші, өмірге құштарлығын арттырушы; ал халық ішінде ел мүддесінен, көп тілегінен шет жайлап, қиыс тартар, ел тілегі мен өз мүддесі қабыспайтып, қайта сол момын көпке қаскөйлігі, жаулығы мол жат, дұшпан жандар бар, ақын соларды өткір тілімен туралап, кезеп атушы; ақын – ел ақыны, сол үшін де оның жыры елдің арманы, үміті. Ол ақын сол арманға, үмітке «жырымен елді жетелейді». Бұл өзі заманы жайлы ел ойына, халық көңіліне толғау салатын, ал ол ел тұйыққа тірелсе, ақылшы болатын биік сананың сөзі. Бұл өзі, түптеп келгенде, қазақ поэзиясының жаңа сапаға ауысуының, жаңа бағыт алуының белгісі де еді.

Өзінің алдындағы Бұхар мен Махамбеттей емес, ақын ж а й л ы, ақынның сөзі ж а й л ы бірінші айтушы болған Дулат көркемдік-эстетикалық, әлеуметтік-саяси таным мен көзқараста көп жаңа пайымдаулар жасап, өзінің алдында өткендерге қарағанда бір адым ілгері кетті және мұны ол қазақ поэзиясының жанр жағынан, өлеңнің ішкі құрылымы жағынан жаңартып, жетілдіріп барып тағы қайталады.

Бірақ Дулат белгілі дәрежеде сауаты бар ақын болғанмен, өлеңді жазып та шығарғанмен, қазақ поэзиясында жазу құралының үстемдік, жетекшілік рөлін орнықтырарлық дәрежеде тыңғылықты қызмет ете алған жоқ. Дулатта ақын еңбегінде жазу мен қалам сияқты егіз құралдың қызметінен гөрі өлең-сөзді ойша құрып, ауызша туғызу негізгі машық болды. Сөйтіп Дулатта ақындық еңбек бөлінісінде өзіне дейінгі ақындарға қарағанда нышан түріндегі ілгерілеу біршама болғанмен, ақындық еңбек құралын біршама өзгерту түріндегі еңбек бөлінісі болған жоқ.

Әрине, жазуды білу, жаза білу – кәсіптің жаңа түрін туғызды. Бірақ ел ішінде мұның қызметін керексінудің бола қоймауы жазудың дамуына қандай кедергі жасаса, жазу негізінде жаңадан жасалған сөз үлгісінің туып, дамуына да сондай кедергі жасады. Яғни жазу өнерінің жеке бір индивидтің тіршілік құралына, өнер құралына айналу үшін де ол құралдың қызметіне және жемісіне қажетсінетін ортаның, тұтынушы ортаның болуы сөзсіз керек.

Дулат кезінде қазақ ортасында жазуға зәруліктің бола қоймағаны сияқты жазба үлгідегі сөзге қажетсіну де көп бола қоймады. Әдебиетте жазу сияқты жаңа жұмыс құралын іске қосудың қажеттігі бола қоймады. Сөйтіп жазу еңбектің бөлінісі түріндегі құралға айналмады. Сол үшін де бұл сахара төрінде жаңа кәсіп иелерінің – жазумен айналысатын топтың жіктеліп шығуы болмады. Дулат өзінде бар өнерді керексінер ортасы болмаған соң, өнерсөзде – әдебиетте жазуды еркін қолдана алмаған ақын ретінде осы топтың ішіне кірмек.

Дулат ауызша әдебиеттің бесігінен шыққандықтан, ескі дәстүрге бой алдыра берді, өз ортасына көп бейімделе берді, бұл ортасына жат құралды – жазуды өзінің тұрақты, айнымас серігіне айналдырудан тартына берді.

Бізге белгілі, ақындық мектебі негізінен шығыстың ұлы ақындары мен орыстың классикалық әдебиеті болған Абайдың өзі қазақ ортасында бұрын жоқ поэзияны жасай отырып, «тыңдаушымды ұғымсыз қылып тәңірім бергенді» деп, өз сөзін оқушыға емес, тыңдаушыға арнап отырғанын анық сезінсе, тіпті кейде өзін жазушы емес, айтушы ретінде сезінеді: «Сөз айттым «әзірет әлі», «айдаһарсыз»; «Айтып, айтып өтті қарт, көнбеді жұрт не лажы», т.б.

Дулат болса, өзін толық түрінде айтушы есептеген ақын. Ал оның өлеңдерінің жазба түрде тууын қажетсінбеу, өлеңнің жазба үлгісін қажетсінбеу, ақынның жазба өнімді жасауда шеберленуіне де кедергі болды. Сондықтан да ақынның көп шығармасы ауызша туып отырды. Бірақ Дулаттың сауаттылығы бұл ауызша туған өлеңдері құрылысына өзінің зор ықпалын тигізген. Жазуға түсірген кезде редакциялау, өңдеу анық болып отырған.

Бұл дағы Дулаттың өзінің алдында өткендерге қарағанда қазақ поэзиясындағы жаңалығы болды.

Мұнысымен Дулат поэзиясы – өзіне дейінгі ауызша поэзияны өзінен кейінгі ұлы классик Абай поэзиясымен, толық мәніндегі жазба поэзиясымен жалғастыратын аралық буын сияқты, екі түрлі поэзияның бірінен-біріне ұласып кетуінің аралық қоспа жігі сияқты өзіндік ерекше сипаты бар поэзия болып табылмақ. Сөйтіп Дулат поэзиясы – бұл екі түрлі поэзияның бірі (алғашқысы) өзін «жоғалтып», екіншісі (соңғысы) өзін бастап кететін

жерді, яғни соңғының жасалу нүктесіндегі түп қалпын өзінде сақтап қалумен зор тарихтық, ғылымдық әрі теориялық мәні бар поэзия.

Бұл жағынан Дулат поэзиясы қазақ поэзиясы тарихы үшін ланцетникке көп ұқсас: ланцетник – әрі омыртқалыққа көшудің революциялық бастамасы, әрі осыдан бірнеше миллион жыл бұрын болып өткен сол бастау революциясының қазіргі тірі тарихи фактісі. Дулат поэзиясы мәнін – оның өзінің алдына өткендердің мұраларынан артықша жаңалығын, қазақ поэзиясы тарихында алатын орнын осындай салыстырулар арқылы ғана анық білуге болар. Сонда: Дулат поэзиясы, оның жанры, өлең түрі, стилі, тілі қазіргі қазақ поэзиясының, әсіресе, оның өлең түрі мен стилінің даму тарихын білудің, оның эволюциясын білудің, ең алғашқы «ұрық даму кезеңін» білудің кілті. Ақын поэзиясы осысымен де зор ғылымдық мәні бар тарихи құбылыс.

Енді Абайға дейінгі жердегі әдеби тіл жайына келейік. Шындыққа тіктеп қарасақ, бұл дәуір әдеби тілі де жүйеленіп, дәуірге бөлініп барып зерттелген емес<sup>1</sup>. Бұл әдеби тілдің өзіндік сипаты, ерекшелігі ғылыми тұрғыдан анықталған жоқ. Сондықтан да XIX ғасырдың екінші жартысынан арғы жерде әдеби тіл болды ма, жоқ па? – деген сұрақ жиі қойылады да, оған тиянақты жауапты бере алмай келеміз.

Өйткені жалпы филологияда әдеби тіл категориясы жайлы қалыптасқан пікірлер бар. Оларды ықшамдап айтсақ мынадай: «Сөйлеу тіліне, ауызекі тілге қарама-қарсы тұрған жазбаның тілі, кітаби тіл – әдеби тіл»; «Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің аздықөпті дәрежеде жазба түрде орнықтырған нормаға ие өңделген формасы»; «Әдеби тіл – тарихи категория. Оның пайда болуы мемлекеттің және цивилизацияның өте маңызды жетістігі боп табылатын жазбаның болуымен шарттас»; «Әдеби тіл – тіл зергерлерінің «қырлап мәнерлеуінен» өткен жалпы халық тілі»; «Әдеби тіл жазбамен ғана байланысты емес, ол жазбаға дейін де болуы мүмкін», т.б.

Әдеби тілді жазумен байланыстырып барып қарайтын пікірлер тұрғысынан келсек, онда жазба әдебиеті XIX ғасырдың

<sup>1</sup> Тек «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (авторлары Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е.) деген оқулықта ғана өте қысқа түрде сөз болған.

соңғы ширегіне дейін болмаған қазақ халқында арғы кезеңде әдеби тіл тумаған боп шығады. Және осындай пікір де бар. Ал тіпті әдеби тілді әдебиеттің әр алуан жанрларының, стильдік тармақтардың молығып жасалуымен байланыстыратын кісілер қазақ әдеби тілі ХХ ғасырдың басында туып қалыптасты деп қарайды.

Әрине, қазақ филологиясында Абайға дейін де әдеби тіл болды дейтін пікірлер бар. Олар «халықтың бай ауыз әдебиетімен байланысты дамыған жалпы халықтық әдеби тіл», «халықтың ауыз әдеби тілі» деп жалпы түрде айтылатын пікірлер. Бірақ бұл пікірлер «бай ауыз әдебиеті» дегенде ескерілетін дүние қайсы, немен шектелуі керек, ал «халықтың ауыз әдеби тілі» деген сөз қазақтың ауызша туған күллі сөз ұрасы тіліне тән бе, әлде оның белгілі жанрларының тілі ме? – дегенді әсте айырып қараған емес.

Себебі қазақ тіл білімінде өзге халықтардың тіл білімі «фольклор» деп қарайтын сөз үлгілері мен осы сөздің қазақ филологиясында қолданылатын баламасы «ауыз әдебиеті» деген ұғымның сәйкес келетіні я сәйкес келмейтіні жайлы мәселе күн тәртібіне қойылған емес. Тек соңғы кезде Р.Сыздықова ғана өз мақалаларында жалпы ауыз әдебиетінен (фольклордан) қазақ ақын- жырауларын жіктеп бөліп, оларды «әдебиет» деп, онда да «ауызша әдебиеті» деп, ал бұлардың тілін «жазбаға дейінгі ауызша әдеби тіл» деп айырып атап жүр. Және бұл пікір қазақтың ауыз әдебиеті табиғатын әрі әдебиетші, әрі тілші ретінде анық дәл танудан туған.

Біз «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясы тілі» деген кітапта «Абайдан бұрынғы дәуір әдеби тілі – поэзия тілі», – деп «поэзия тілі» [14] деген сөзді «әдеби тілдің» баламасы ретінде қолдандық. Неге? Бұл үшін ең әуелі «Қазақтың Абайға дейінгі әдебиеті» деген ұғым аясына не кірді және «әдеби тіл» деген ұғым бұл дәуір сөз үлгілерінің қай жанрына қатысты? – деген сұраққа жауап берілсе керек.

Әдеби тілді жазбамен ғана байланыстыру бар халықтар үшін шартты емес. Және «ауыз әдебиетімен байланысты жалпы халықтық әдеби тіл» деп жалпылай айта салу да нақты пікір емес. Сол сияқты әдеби тіл дегенді «жазба әдебиет не ауыз әдебиеті» деп айырмай, «әдебиет» деген сөздің жалаң өзімен ғана бірлікте

алып барып қарау керек. Өйткені әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, тұрмыс қалпына, салт-дәстүріне, т.б. шарттылықтарға қарай әр халықтың әдебиеті әртүрлі тәсіл-формада туады: бірақ ешбір халық өзінің ауызша әдебиетін жасамай тұрып, ол дәуірден өтпей тұрып бірден жазба әдебиетін жасаған емес.

Жұртқа белгілі, жалпы филология ғылымында әдеби тілді жазумен байланыстырып барып қана тану роман тілдеріндегі жазба сөз тарихын зерттеу негізінде қалыптасты.

Жинақтап айтқанда: біріншіден, орта ғасырда Европада жазба тіл «бөтен тіл» латын тілі болды да, бұл елдерде жазба әдебиет ең алғаш латын тілінде жасалды. Орта ғасырдағы және Ояну дәуіріндегі барлық ғылыми шығармалар латынша жазылды. Батыс Европа елдерінде ана тілі қарым-қатынаста және ішінара көркем әдебиетте жұмсалды, ал латын тілі жоғарғы ойды (ғылым, дипломатия, юриспруденция, шіркеу, белгілі жанрдағы көркем әдебиеттер, т.б.) айтудың құралы деп саналды. Екіншіден, роман тілдерінде жазба әдебиет туған кезде бұл тілдер өз ішінде шекарасы өте айқын диалектілерге бөлінді [15].

Бұлардан шығатын қорытынды: француз, т.б. халықтарда жеке-жеке диалектілерге бөліну соншалық күшті кезде, әлі біртұтас жалпы халықтық ортақ сөйлеу тілі нормасы жасалып болмаған кезде «бөтен тіл» латын тілінде я бір диалекті негізінде әдебиет жасалды, әдеби тіл жасалды, яғни бұл елдерде әдеби тіл нормасы халықтық ортақ сөйлеу тілі нормасы жасалғанға дейінгі жерде, одан көп бұрын қалыптаса бастады. Және де өз кезінің қоғамдық-әлеуметтік мәселелерінің бәрі де осы жазба әдебиетте көрінді.

Ал орыс әдебиеті мен әдеби тілі тарихына келсек, біріншіден, орыс халқының жазбаға дейінгі дәуірде жасалған әдеби тексттері сақталған емес, екіншіден, Ертедегі Киев Русі христиандықты қабылдады да, X–XII ғасырларда бұл «христиандық пен шіркеудің орыс мәдениетінің дамуында рөлі болды». «Шіркеудің ұнамсыз жақтарына көзжұмбайлық жасамай, ал оның пайдалы жақтарын әсерлемей көрсеткенде шіркеудің орыс халқы үшін прогрессивті мәні болды. Ол орыс халқының X–XII ғасырлардағы мәдениетін берді» [16]. Ол шіркеулік славян әдебиетін, әдеби тілін жасады. Бұл дәуірде шіркеулік жазба негізінде туған

шіркеулік славян әдеби тілімен арақатынасы бар ежелгі орыс әдеби тілі де қатар жасады. Бұл екі әдебиеттің де негізгі тақырыбы шіркеу мен князьдік мемлекеттің мүддесіне, билеуші таптың мүддесіне негізделген, солардың өмірі жайлы тақырыптар болды. Ежелгі Русьтің рулық-тайпалық одағы дәуіріне тән ауызша туып қалыптасқан билік-ережелерінің қызметі, бұл билік-ережелердің ауызша үлгісі болған поэтикалық творчествосы қызметі, т.б. – бәрі де осы екі әдебиеттің үлесіне тиді. Сөйтіп, бұл дәуірде орыстың байырғы ауызша поэзиясы өзінің қауымдық, саяси-әлеуметтік шаралардың құралы болған қызметін тоқтатты, ал оның бұл қызметін жазба әдебиет иемденді. Сөйтіп «уақыттар өте келе халық поэзиясы өзінің [байырғы] мәнін жоғалта бастады, әлсізденді, саңырау тарта бастады. Ал кітаби әдебиет болса, барынша кең етек алып, өз анықтамаларымен халық өмірінің барлық салаларына барынша кіре бастады» [17].

Бұл мәселенің қазақ филологиясындағы жайына келейік. Біріншіден, бізде қазақ әдеби тілі жайлы ғылым жасалған жоқ. Сондықтан да бізде ең алдымен «қазақ әдебиеті» деген тарихи категория қазақ сөз өнерін құрайтын шығармалардың қандай-қандай түрін қамтитынын, ал «қазақ әдеби тілі» деген категорияның қазақ сөз өнерінің қандай-қандай түрлерінің тіліне қатысты екенін дәлді айтуға мүмкіндік болмай отыр. Екіншіден, әдеби тіл тарихи категория болса, онда бұлар қазақ халқында қай дәуірден бастап болды? Қазақ әдеби тілі өзінің бастау арнасын қандай сөз үлгілерінің тілінен алған? Қазақ әдеби тілі қандай тарихи даму жолынан өтті, өткен дәуірдің қай кезеңінде қандай сипатта, қандай сөз жанрында көрінді? – деген жайларды шешу қиындыққа түсіп отыр.

Сөз жоқ, бұл проблемаларды шешуге ешқандай болжамның құдіреті жетпейді және әдеби тіл жайлы өзге халық ғылымында қалыптасқан ғылыми концепциялардың тұрғысынан келіп те бұл проблемаларды шеше қою қиын. Ол ол ма, өзге бір әдеби тілдің өзіндік сипатынан шығарып барып жасалған ғылыми танымдар моделін қабылдап, қазақ әдеби тілін осы модельге салып барып пікір айтуға тіпті де болмайды.

Қазақ әдеби тілі мәселесін қарастырғанда бірінші кезекте ескерілетін нәрсе – әдеби тіл мен әдебиеттің бірлігі мәселесі. Бұл



екеуі де тарихи категориялар, онда да өзара бірлікте алынып барып ұғынылатын категориялар.

Қазақ халқының ең арғы тарихына бармайынша, осы тарих көші бойында әр кезде туып отырған әдебиетіне бармайынша, бұл әдебиеттің әр дәуірдегі қызметін, қоғамдағы рөлін танып білмейінше, бұл әдебиеттің халықтың мәдени жетістігі, қоғамдық сананың көрінісі, әлеуметтік күрес-тартыстардың құралы, т.б. толып жатқан мәнін ескермейінше қазақ әдеби тілін танып-білу мүмкін емес.

Қазақ әдеби тілі тарихы қазақ әдебиеті тарихын сөз ету арқылы ғана сөз етілмек. Яғни қазақ әдеби тілі тарихы қазақ әдебиеті тарихының өзгеше үлгіде баяндалуы ғана.

Әдеби тіл дегенді «жазба әдебиет» не «ауыз әдебиеті» деп айырмай, «әдебиет» деген сөздің жалаң өзімен ғана бірлікте алып барып қарау керек.

Әдеби тіл – кең мағынада алғанда ауызекі сөйлеу тіліне қарама-қарсы тұрған, өзіндік жүйе-желісі, тақырыбы, формасы бар және өзіндік айту тәсілдері мен үлгілері, сөз өрнектері бар бір бүтін творчестволық туындының тілі; әдеби тіл – жеке бір индивидтің ақиқат жайды өз көңілінше ой қорытындысынан, пікір түйіндеуінен өткізіп барып, өзгеше бір үлгі-формада беру тілі.

Ал бұл тіл ауызша жасала ма, я жазбаша жасала ма? – Ол шарт емес.

Скульптураны, суретті, музыканы құрап тұрған материалдар және бұл материалдардың көркемдік форма табуы қандай болса, сөз искусствосын (өнерсөзді) құрап тұрған тіл материалдары және бұл материалдардың көркемдік форма табуы да сондай: нақты бір мүсіннің, суреттің, музыкалық шығарманың тұтас мәнін құрайтын көркемдегіш «бөлшектерін» бірінен-бірін айырып қарау қандай мағынасыз болса, нақты бір өнерсөздің тұтас мәнін құрайтын тілдік-жанрлық тәсілдерді бірінен-бірін айырып қарау да сондай мағынасыз болмақ.

Белгілі бір өнерсөздің негізгі материалы сөз болғанымен, ол өздігінен сол өнерсөзді жасамайды, бұл сөз-материал белгілі бір амал-тәсілдермен біріктіріліп, үлгілерге түсіріледі. Осы үлгі аясына түсіруге қатысқан амал-тәсілдер негізінде ғана шикі сөз-

материал өзінше бір көркемдік формалар табады, тілге – көркем тілге айналады. Былайша айтқанда, әдеби тіл дегеніміз әдебиеттің өзі. Олай болса, «әдеби тілді зерттеу бұл сөздің кең мағынасында алғанда, әдебиетті зерттеумен тығыз байланысты» [18].

Әрине, әдебиет деген категорияны құрайтын сөз үлгілері жанр жағынан бірнеше топқа бөлінеді және олар әр дәуірде әртүрлі жолмен туады: оны халықтар жазбаға дейінгі жерде ауызша жаратты да, жазу жасалған кезде жазбаша түрде жаратты.

Ауызша туған сөз үлгісінің де, жазбаша туған сөз үлгісінің де сөз-материалын қиюластырудың, өрлеп түрлендірудің мүмкіндік шегі бар: ол шек – олардың жанры. Әрбір жанр қоғамдық қажетсіну тапқан қызметінің, керектігінің билігі аясында ауызша да, жазбаша да туа береді. Ал ауызша туған дүниеде сөз-материалды қиюластыру, әрлеу сол жанрдың мүмкіндігі шегіне дейін толық жеткізілмеуі мүмкін, ал жазбаның артықшылығы сол: ол осы мүмкіндік шек аясында сөз-материалды әрлеп қиюластыруды іс үстінде жеріне жеткізе аяқтап шығуға қабілетті. Бірақ осы шектен асуға оның да құдіреті жоқ.

Ауызша сөз дүкенінде бірнеше әдеби жанрлардың жасалуы, бар болуы – олардың өз табиғаты тапқан формасында туып, сол форманың ішінде жетіліп шығуының дәлелі. Бұл әдеби жанрлар олардың осы жанрлық ерекшелігі тапқан сөз-материалдардың белгілі амал-тәсілдері арқылы қиюласуының, өрленуінің, формаға түсуінің, дәстүрге айналуының негізінде барып қана қалыптасқан.

Әрине, ауызша сөз дүкені (ауызша поэзия) бұл әртүрлі әдеби жанрларды өздігінен қалай болса, солай жарата берген емес және бар халықта бұл жанрлардың бәрі бірдей әр кезде де болған жоқ. Бұлардың бірінің белгілі бір дәуірде бір халықта болып, екінші халықта болмауы сол жанрды жақсартуда бір халықтың қабілеті болып, екінші халықтың қабілетсіздік етуінде де емес. Мұның өзі, біріншіден, сол жанрдың қоғамдық қызметін халықтың нақты бір дәуірде керексінуі мен керексінбеуіне байланысты; екіншіден, ауызша сөз дүкенінде туған ол жанрдың қоғамдық қызметін жазбаша сөз дүкенінде туған өзге бір жанрдың иемденуіне байланысты. Бұл жерде әдебиеттің қоғамдық бір қызметін екі түрлі әдебиеттегі бөлек-бөлек екі жанр атқарып қана отыр.

Сондықтан да бірінші кезекте ескерілетін, есепке алатын нәрсе – қазақтың ауызша әдебиеті қандай жанрларды жаратты,

ол жанрлар қандай қоғамдық қызмет атқарды, осы қызметі жұмсалған ортасы (әдеби ортасы) қайсы? – Міне, осылар болмақ.

Әңгіме нақты бір дәуірдегі сөз үлгілерінің жалаң сыртқы формасында, қандай тәсілмен жаратылуында емес, әңгіме сол сөз үлгілерінің тууына негіз болған қоғамдық қажеттіктердің сипатында жатыр, осы қоғамдық қажеттіктерді өтеудегі әлгі сөз үлгілерінің атқарған қызметінің сипатында жатыр. Адамдардың белгілі бір дәуірдегі ой-санасының, түсініктерінің, идеяларының, т.б. жиынтық көрінісі, онда да форма түріндегі жиынтық көрінісі болып табылатын әдебиетті белгілейтін нәрсе оларды жарату тәсілінің қандайлығы емес, адамдардың «материалдық тіршілік процестерінің қажетті жемісі», «материалдық іс әрекетінің тікелей туындысы болып табылатын» осы рухани дүниелердің пайда болу мәнінде және адамдардың қажеттіктері талап етуі тапқан тұтыну құралы түріндегі қызметінде және өзінің осы тұтыну құралы түріндегі қызметі үшін тыңдаушы орта табуында.

Көркемсөз де адамдардың өзге тұтыну құралдарын жарату сияқты тек қажеттіктің жемісі ғана емес, адамдардың көп уақыттар бойындағы іс-тәжірибесі мен дағдыларының да жемісі. Айталық, тұтыну заттары өзінің керек орнына қарай туған, бірақ жұмсалыу процесінің ұзақ уақыты бойында оны адамдар форма жағынан жетілдіріп отырды. Себебі құралдың бұл формасын әрекет процесінің өзі тапты. Сол сияқты бұл әрекет процесі үстінде адамдардың қол шеберлігі (дағдысы) жетіліп қана қойған жоқ әрі құралдың өзін жетілдіру сияқты творчестволық шеберлігі де туып қалыптасты.

Дәл осы сияқты керек орынға қарай көркемсөз туды, ал адамдар пайдалану процесінің ұзақ уақыты бойында оны форма жағынан жетілдірді әрі оны тыңдаушы орта пайда болды. Ал бұл формаға тыңдаушы орта екінші жағынан дағдыланды. Сөйтіп ұзақ уақыт бойында бұл форма өз кезегінде сол тыңдаушы орта үшін дәстүрлі нәрсеге айналды.

Сөйтіп, заттың өз формасы, өзінің жасалу формасы олардың қалпы болғаны сияқты, белгілі бір сөз үлгісінің де әлгі шартты формасы екінші кезекте нормаға, үлгіге айналды. Сөз жоқ, бұл форма, үлгі оның сырт көрінісіне ғана тән емес, бүкіл болмысына тән.

Бұлардан мынадай қорытынды шықпақ: көркемсөздер өзінің пайда болу мәніне, қызметіне, тыңдаушы ортасына қарай өзіндік әр алуан формаға, үлгі-нормаға ие. Сол сияқты бұлардың бәрінде дәстүрлік бар. Ал бұл дәстүрлік өз кезегінде әлгі формалардың жөнсіз өзгеруіне жол бермейді. Демек, бұларда белгілі дәрежеде тұрақтылық бар. Дәуірден дәуірге мұраға айнымай ауысып отыруының сыры да осында жатыр.

Міне, жазбаша туған және ауызша туған сөз үлгілерін, олардың тілін осы тұрғыдан келіп тану керек.

Әуелде әрбір жанр өзінше тілдік-жүйелік үлгіде туды, жанрлардың аражігі айқын болды. Бірақ ауызша әдебиет өзінің туындыларын үнемі осылай бөлек-бөлек күйінде ғана жаратып отырса, онда ол дамымаған қалпында қалған болар еді.

Ауызша әдебиет өз жанрларын тоғыстыру арқылы ғана дами алады. Айталық, қазақтың өте байырғы жоқтау жырлары мен ерлік-монолог жырлары келе батырлық жырларға айналды [19].

Ал өз кезегінде ертегі, эпостар мен батырлық жырлар тоғысып отырды. Немесе ауызша әдебиетте белгілі бір дәуірде монолог жыр туғызу машық болды. Ал батырлар жырын жаратқан кезде бұл машық-тәсіл геройлардың монологын, диалог-монологын жасауда қызмет етті, сөйтіп бір кезде жеке, өз алдына бөлек туған монолог жыр кейін эпос сияқты үлкен жанрды жасаудың бір амал-тәсіліне айналды. Немесе өте ертеде қауымның заң ережелері – мақал сөздер өзгеше формада туды. Ал кейін бұл байырғы мақал сөз формасы дидактикалық жырларда күрделеніп барып, жаңа бір форманың – поэзияның бір жыр түрінің жасалуына негіз болды. Керісінше, дидактикалық жыр-толғау түрі дамыған кезде байырғы бұл мақал сөз формасы осы дидактикалық толғау сөздің композициялық-синтаксистік құрылысының негізгі элементіне айналды, т.б.

Қазақтың ауызша әдебиеті өзінің қоғамдық қызметін өтеу барысында көп жанрлы сөз үлгілерін жаратты. Олар: 1. Әртүрлі ертегілер, ертегі-эпостар, батырлар жыры, ғашықтық-ерлік жырлар; 2. Тұрмыс-салт жырлары (сыңсу, беташар, қоштасу, бәдік, т.б.), қыз бен жігіт айтысы; 3. Аңыз әңгімелер, тарихи әңгімелер, тарихи жыр-дастандар; 4. Жоқтау, естірту-көңіл айту жырлары; 5. Мақал сөз, шешендік сөз, тақпақ сөз; 6. Қазақ ақындары-

ның айтыс өлеңдері, айтыс жырлары; 7. Қазақтың ақын-жыраулары жаратқан дидактикалық жырлар, толғау жыр, терме-тақпақ жыр, арнау жыр (сес көрсету сөзі, айбат көрсету сөзі, өсиет сөз, мақтау сөз, т.б.), сарнау жыр, т.б.

Демек, ертегілер, ертегі-эпостар, аңыз әңгімелер болмаса, өзге сөз үлгілерінің баршасы өлең-жыр үлгісінде. Ал бұл өлең-жырлардың өзді-өзіне қас «сөздік материалдарды ұйымдастыру принциптері» (М. Әуезов) болды, бір-біріне ауыстырып қолдануға келмейтін, әрбір өлең жыр түріне тән жеке-жеке сөздік образдары, т.б. болды.

Абайға дейінгі жердегі ауызша әдебиет және әдеби тіл қайсы?

Халықтың өз кезіндегі саяси-әлеуметтік жағдайларын тақырып еткен, өз кезіндегі қоғамдық ой-сананың көрінісі болған әдеби туындылар ауызша әдебиетті құрады да, олардың тілі ауызша әдебиет тілі болды.

Сондықтан да қазақ әдеби тілін сөз еткенде, жазба я ауызша дегенді жалаң меже етпей, белгілі бір дәуірдегі әдебиеттің қоғамдық қызметін – саяси-әлеуметтік жағдайларды, халықтың нақты тарихын, т.б. сөз ету, сөз етпеуін негізге алу керек. Әрбір жеке құбылысты оның өзінің тууына негіз болған мәнінен бөліп алып, оған қатыссыз тану қандай мағынасыздық болса, белгілі бір сөз үлгісінің тілін сол сөз үлгісінің тууына негіз болған мәнінен бөліп алып тану да сондай мағынасыздық болмақ. Осы тұрғыдан келгенде, қазақтың ауызша әдебиетін құрайтын жанрлар – дидактикалық жырлар, толғау жырлар, ерлік-жорық жырлары, тарихи жырлар, шешендік сөздер. Ал бұл сөз үлгілерінің белгілі шығарушылары бар немесе олар «пәленшенің сөзі», «түгеншенің айтқаны» деген ақиқаттамасымен бір жырауға я ақынға телініп жүреді. Міне, осы сөз үлгілері – ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, т.б. сияқты фольклор шығармаларынан бөлек сөз үлгілері – жазбасы дамыған өзге елдердегі «әдебиет» деген терминмен аталатын сөз мәдениетінің орнындағы «қазақ әдебиеті» деген әдебиет. Қазақтың бұл ауызша әдебиеті түгелімен жыр түрінде немесе өлең өлшеміндегі сөздер түрінде болғандықтан, бір атпен «қазақ поэзиясы» деп аталады.

Міне, басқа емес, дәл осы поэзия (әдебиет) барлық кезде де қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірінің айнасы болды: тайпалар бірлестігі дәуірі мен хандық мемлекет құрған дәуіріне дейінгі

екі аралықта өкіметке тән әкімшілік шара түріндегі үкім-биліктер, жарғы-жарлықтар, т.б. баршасы поэзия үлгісінде жасалып отырды. Ежелгі гректердегі сияқты заң, үкім шығаратын ұйым болған Билер кеңесі басынан аяғына дейін өлең формасындағы, поэзия үлгісіндегі тақпақ сөз айтысы түрінде өтетін болған. Ал бұл тақпақ сөз тұспалдап, астарлап, жұмбақтап айтатын тәсілге құрылып отырады. Мұны былайғы көпшілік жұрт андай, ұға бермейді. Әрі өз қарсыласын осындай оқыстан ұтқыр шығып, қиыннан қисындаған уәжді сөзбен жеңу тартысқан екі жақтың негізгі мұраты болған. Сонау VIII ғасыр жазба ескерткішінде:

Жұқа қалың болса,  
Жіктейтұғын алып-ты:  
Жіңішке жуан болса,  
Үзетұғын алып-ты [20], –

деп келетін Тоныкөк шешеннің тақпақ сөзінен бері қарай «Еңлік-Кебек» пьесасындағы:

Саптыаяққа ас құйып,  
Сабынан қарауыл қарап,–

деп келетін билер сөзіне дейін мың жылдан артық үзіліссіз дәстүрі бар бұл шешендік сөз, тақпақ өлең Сөз өнерінің (әдебиеттің) ерекше жанры түрінде туып қалыптасты.

Қазақ халқының қоғамдық тіршілігінің, саяси-әлеуметтік жағдайларының айнасы болған екінші бір әдеби жанр – толғау, терме-толғау өлеңдер. Арысы Асан қайғы, Сыпыра жырау, берісі XVIII ғасырдағы Бұхар, XIX ғасырдағы бір жағы Дулат сияқты бұл байырғы дәстүрді жаңарта дамытушы жазба поэзия өкілдері – бәрінің шығармаларының негізі осы толғау өлеңде жатыр. Олар ғана емес, басы XIX ғасыр, ал аяғы XX ғасырға ұласып жатқан Майлықожа, Базар, Нұржан бастаған ақындар да осы толғау өлең ішінен өсіп шықты.

Сонау XIV ғасырдағы Асан қайғыдан XIX ғасырға дейінгі жоғарғы ақын, жыраулар тұтас күйінде, үзіліссіз сипатта өмір жайлы, адамдар жайлы, заман жайлы, адамдардың тіршілік майданында ақыл-парасаттылық көрсетуі, ізгілік-мейір тұғырынан табылуы немесе жамандық-қаскөйлік жұртында болуы, «ар сатуы», «ел сатуы», «кулық саууы», яғни адам қауымына өмір жағдайы таңған жақсылық, жамандық істері мен мінездері жайлы ой топшылауларын, ой толғауларын айтты.

Бұл ақындар сөздері – қазақ халқының әр дәуіріне тән қоғамдық сана көрінісі болса, ал олардың өлең-жыр үлгілері осы қоғамдық сананы жүзеге шығарушы форма болды. Қысқасы, қазақ халқының өмір тәжірибесі, тарихқа бағасы, өксікті өкініші, мұң-шері, келер күнге болжамы, арманы, үміті – бәрі айтылған әдебиет болды. Мұның сыртында тарих ғылымының, философия, педагогика ғылымының, яғни жазбасы еркін бел алып дамымаған, мектебі, ғылыми мекемесі жоқ елде өмірдің өз қажеттігі туғызған әрі сол қажеттікті өтеген ғылымның қазақ тұрмысы жайындағы жасалған өзгеше формасы болды.

Бұл ауызша әдебиеттің тіліне, біріншіден, халық тілі негіз болды: үнемі айтылу (ауыздан-ауызға көшу) жағдайында болғандықтан, бұл әдебиет өзінің бұрын-соңды туған шығармалары тілін халық тілінің өзгерісі ыңғайымен жол-жөнекей редакциялап отырды. «Көне» жырлардың жаңа боп тұратыны да содан. Екіншіден, қазақтың ауызша әдебиеті негізінен XV–XVII ғасырларда туып, дамыды да, осы үш ғасыр бойында өзінің барша сөздік-поэтикалық тәсіл-формаларын тұрақтандырып үлгірді. Бұл байырғы сөздік-поэтикалық тәсілдер қазақ халқының қоныс жағдайына қарай XVIII–XIX ғасырларда бір-бірінен алшақтап кеткен кезінде де олардың ауызша әдебиетіне бірдей негіз болды. Үшіншіден, бұл ауызша әдебиеттің сөз етер арнаулы тақырыптары болды: заман жайлы, ерлік жорықтарды, халықтың мұң-шерін, жақсылық пен жамандықты, үлгі мен үлгісіздікті, т.б. сөз қылды. Ал бұл ұғымдық категориялардың сөз түріндегі көрінісі халық тілінде өте ертеде-ақ жалпылық сипат алып үлгірген болатын. Сондықтан да қазақ жерінің қай шетінде тумасын бұл тақырыптардағы өлең-жырлар тілінде мағыналық айырмашылығы бар сөздер кездесе бермейді. Мұның сыртында адамдар әрекеті мен тұрмыстық заттардың микро саласы бұл өлең-жырлардың тіліне оралып отырмайтындықтан, халықтың жергілікті ғана аяда қолданылатын тіліне тән ерекше белгілері оларда көрініс бере қоймайды. Міне, осы себептерге байланысты қазақтың ауызша әдебиеті тілі жергілікті мәні бар диалектик белгілерден әрқашан да жоғары тұрды.

Абайға дейінгі жердегі осы ауызша әдебиеттің тілі, яғни әдеби тіл дегеннің объектісі не болмақ? Әдеби тіл сияқты кате-

гория нелерден тұрады? Әсіресе, ол әдебиет бірыңғай поэзия түрінде боп келгенде бұл поэзияның тілін құрайтын нәрсе нелер?

Сөз жоқ, бұл тіл – кең мағынада ұғынылуы тиіс. Ол поэзияны жасайтын тілдік-көркемдегіш тәсілдердің, мазмұн мен форманың күллі жиынтығы ретінде қаралуы керек. Ал мұны жан-жақты, бүкіл болмысымен таныту – қазақ филологиясының алдында тұрған өте зәру міндет болмақ. Біз болсақ осы өте күрделі құбылысты бір саладан ғана келіп сөз еттік. XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі жердегі поэзияны және поэзия тілін зерттеуге аздаған болса да септігі тисе, біздің міндеттің өтелгені.

## ӘДЕБИЕТ

1. Ленин В.И. Шығ. тол. ж ин., 24-т., 135-б.
2. Энгельс Ф. Анти-Дюринг, 20-б.
3. Ленин В.И. Шығ. тол. жинағы. 25-т., 101-102-бб.
4. Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. 1-т., 523-б.
5. Ленин В.И. Шығ. тол. жинағы. 20-т., 413-б.
6. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. 1-т., 308-б.
7. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966. С.216-218. Айтыс, 1-т., 77-б.
8. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. 1-т., 376-б.
9. Ысмайылов Е. Қазақ ССР тарихы// XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне арналған бөлім. 1-т., 484-б.
10. Брежнев Л.И. Тың. Алматы, 1978. 125-б.
11. Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. 3-т., 40-42-бб.
12. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. 324-б.
13. Бушимин А. Наука о литературе. М., 1980. С. 204.
14. Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. 4-б.
15. Будагов Р.А. Литературный язык и языковые стили. М., 1967. С.312-332.
16. Ларин Б.А. Лекции по истории русского литературного языка (X середина XVIII века). М., 1975. С.22.
17. Добролюбов Н.А. Собр. соч.: В 3-х т. М., 1959. Т.1. С. 297.
18. Виноградов В.В. Проблемы литературных языков и закономерности их образования и развития. М., 1967. С.100.
19. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. 35-б.
20. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. С. 62.



# III

## VIII–XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

## **I. РУХАНИ ҚАЗЫНАЛАРДЫ ТАНЫП-БІЛУДІҢ МӘНІ**

### **II. ДӘУІР. ХАЛЫҚ. МӘДЕНИЕТ**

1. Түркі қағанатының тарихи аренаға шығуы
2. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің жанры
3. «Күлтегін» ескерткіші авторының тарихты баяндауы және оның таным-түсінігі
4. Ертедегі түркілердің поэзиясы

### **III. ЕРТЕДЕГІ ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ**

1. «Білге Тоңуқұқ сабы»
2. «Түрік Білге қаған сабы»
3. «Күлтегін батыр туралы сөз»
  - 1а. «Білге Тоңуқұқ сөзі»
  - 2а. «Түрік Білге қаған сөзі»
  - 3а. Күлтегін батыр туралы сөз»

### **IV. ЕРТЕДЕГІ ТҮРКІ ХАЛҚЫНЫҢ ІХ–ХІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АУЫЗША ПОЭЗИЯСЫ**

1. Жорық жырлары
2. Жоктау жыры
3. Өсиет жырлар
4. Ғашықтық жырлар
5. Мақал-мәтелдер

### **V. ЕРТЕДЕГІ ТҮРКІ ХАЛҚЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЫ**

1. «Оғуз қаған». Таныстыру
2. «Оғуз қаған туралы аңыз»
3. «Оғуз қаған»

## I. РУХАНИ ҚАЗЫНАЛАРДЫ ТАНЫП-БІЛУДІҢ МӘНІ

Өз тарихы мен әдебиетінің түпнегіздерін зерттеп білу, оның із-соқпағы көмескі тартқан тылсым сырларына үнілу, тарих пен мәдениеттің ортақ бастау кезеңдерін табу, сөйтіп өздерінің төл мәдениетінің көне дәуірден бастап бүгінгі күнге жалғасып жатқан біртұтас ортақ тарихын жасау – барлық мәдениетті халықтарға тән дәстүр. Бұл дәстүрдің тым қарапайым түрлері сонау рулық қоғамның өзінде-ақ өмірге енсе керек: олар ру шежіресі, сондай-ақ қасиетті жері мен суы туралы талай-талай түрлі аңыздар ойлап тауып, оған әрі өздері сенген, әрі кейінгі ұрпаққа осы өздері туғызған дүниені сенімдерімен қоса мұраға қалдырып отырған. Бірақ олар өздерінің «тарихын» өз аталарының, әрі кетсе аталастарының «тарихынан» ары апара алған емес. Біздің жыл санауымызға дейінгі сонау III ғасырда болған «Хун державасы» құрамындағы рулар да, бергі VI–VIII ғасырлар түркілері де, XV ғасырдағы түркі рулары да осы жағдайда болған. Тіпті XVIII ғасырдың қазақтары да осы таным дәрежесінен ұзап кетпеген. Бірақ қалай дегенде де осы «тарихтың» бәрінің негізінде **тану** мен **таныту** сияқты ұлы мақсат жататыны ақиқат.

Әрине, халықтардың мәдениеті, білімі арта түскен сайын олардың бұл ізденуі мен тануы да күрделене түскен. Мұндай мәдениетті халықтың білімді топтары өз халқының тарихы адамзат тарихының ұлы көшінде қай күйде, қандай дәрежеде болғанын, өзге халықтар тарихымен қатар қойғандағы олардың алатын **орнын** анықтауға күш салған. Осы іздену мен зерттеудің негізінде келіп өз халқының **өткені** жайлы ғылым жасаған.

Егер адамзат тарихының өткені жайлы осы ғылымға көз салсақ, қазіргі халықтардың деректі тарихының әр мезгілде басталатынына көз жеткізуге болады. Бір халықтың тарихы «Вавилон патшалығы тарихы» немесе «Урарту патшалығы тарихы», т.б. түрінде біздің эрамыздан көп бұрын басталса, қайсыбір халықтың тарихы мына иек астындағы XVI–XVII ғасырлардан басталады.

Халық тарихының «көнелігінің» бір себебі, көбіне оның арғы ата-бабаларының кезінде материалдық мәдениет жасап қала-қамалдар салып, жазу ойлап тауып, бұл жазу арқылы жазба әдебиет жасап және де бұлардың бәрін кейінгі ұрпаққа мұраға қалдыра алуына байланысты болып келеді. Мұның сыртында, өздері мәдениет қазыналарын жасамағанмен, бірақ мәдениетті ортадан оқшау қалмай, олармен тығыз қарым-қатынаста болу фактісінің де зор мәні бар.

Айталық, егіншілік кәсіппен айналысқан, өздерінің қажетіне сай түрлі материалдық игіліктер жасаған, әрі ұлан-ғайыр территорияны тұрақты иемденіп, өздерінші билік-басқару институттарын құрған, сөйтіп бағы заманнан бермен қарай осылай тіршілік жасап келе жатқан халықтардың жазба мәдениеті болмағаны себепті өздері туралы дерек қалдыра алмады. Бірақ осындай халықтардың қайсыбірі мәдениеті дамыған көрші өзге бір халықтармен қарым-қатынас жасау негізінде тарихқа мәлім болды. Міне, біздің эрамызға дейінгі III ғасыр мен біздің эрамыздың I–III ғасырларында тарих аренасына шыққан **Хун, Үйсін, Қаңлы қағанаттары** осындай халықтардың қатарына жатады. Жазу мәдениеті дамыған көршілес елдер олар жайлы алуан түрлі деректер жинады, ал бұл деректері бертін келе тарих қазынасына айналды.

Дереккөздерінің өте күңгірт болғанына қарамай, осы ежелгі Хун, Қаңлы Үйсін бірлестіктерінің тарихы адамзат тарихының сол дәуірлердегі күллі Орталық Азияға, Таяу Шығысқа, Шығыс Европаға қатысты тарихымен берік сабақтасып жатыр. Мұны бергі **Түркі, Қарахан, Қыпшақ бірлестіктерінің** тарихына да қатысты айтуға болады. Демек, бүгінгі қазақ халқының тарихы өзінің бастау көзін сонау Орталық Азияға, Таяу Шығысқа, Шығыс Европаға қатысты тарихпен сабақтасып жатқан осы тарихтан, яғни ежелгі Хун, Үйсін, Қаңлы бірлестігі мен ертедегі Түркі қағанаты, Қарахан қағанаты және Қыпшақ бірлестігі тарихынан алады.

В.И. Ленин Россия Коммунистік Жастар Одағының III съезінде сөйлеген сөзінде «адамзат білімдерінің жиынтығынан коммунизмнің қалай туғандығын көрсететін үлгі – марксизм», Маркс: «адам баласының ой туғызған нәрсенің бәрін қайта қо-

рытып, сынға салды, жұмысшы қозғалысы арқылы тексеріп шықты, сөйтіп буржуазиялық шеңберден аса алмаған немесе буржуазиялық соқыр сезімдерге шырмалған адамдар шығара алмаған қорытындыларды шығарды» – дей келіп, пролетарлық мәдениетті жасауда мұны есте ұстаудың керектігін, өйткені «адамзаттың бүкіл дамуы туғызған мәдениетті құнттап білумен, соны қайта қорытумен ғана пролетарлық мәдениет жасауға болатындығын анық ұғынбасақ, – мұны ұғынбасақ бұл міндетті орындай алмаймыз» – деп қатты ескертеді.

Міне, тарихты білудің, көне мәдениетті білудің сөзсіз қажеттігіне және оларды білу, қайта қорыту арқылы ғана бүгінгі мәдениетті жасауға болатынына осы қағиданың тұрғысынан келіп барып мән беру керек.

Ал бұл жолда ең негізгі қажетті құрал – тарихты, мәдениетті маркстік-материалистік дүниетаным тұрғысынан бағалау болмақ. Өйткені «тарихта болатын барлық қоғамдық және мемлекеттік қатынастар, барлық діни және праволық системалар, барлық теориялық көзқарастар тек әрбір тиісті заман өмірінің материалдық жағдайлары түсінілген кезде және басқаларының бәрін осы материалдық жағдайлардан қорытып шығарған кезде ғана түсінілуі мүмкін» [1].

Егер біз өткеннің рухани қазыналарын өз дәуірінің материалдық жағдайларынан бөліп және ол мәдени мұралардың мазмұнын, қызметін жалаң ғана алып қарайтын болсақ, сол сияқты олардың мәні мен маңызын біздің өз түсінігімізге сәйкес келетіндігі не сәйкес келмейтіндігі тұрғысынан алып қарайтын болсақ, онда біз ол мәдени мұралардың өз кезіндегі тарихи сипаты мен сырын түсінбей кетеміз. Сондықтан да таным мәселесіне баса назар аудару керек.

Әрине, оқушыға Ертедегі Түркі қағанаты дәуіріндегі «Күлтегін» немесе, т.б. рухани дүниелерді өздерін туғызған қоғамдық жағдайлармен бірлікті ала отырып баяндау және осы сипатты баяндаулар арқылы оларды **таныту** бар да, ілгерірек кетіп, осы тану мен танытудың қайнар көздерін айту тағы бар. Біз танытудың негізінде жатқан насихаттық, үгіттік мәні бар бір-екі жайға ғана тоқталмақпыз.

Айталық, XI ғасырдың екінші жартысында Жетісуда (қазіргі Мерке төңірегі) Юсуф Баласағуни сияқты аса талантты ақын әрі

философ өмір сүрді. Ол көлемі 13000 жолдан тұратын «Қутадғу біліг» атты атакты дастанын жазды. Бұл даналық дастанда автор «әділет», «дәулет», «ақыл», «қанағат» деген төрт категорияны мәдениетті қоғамның негізгі мәні ретінде ұсынып, жобаны мәрттік ілімнің негізін қалады.

Бірақ қазақ филологиясы мен тарихы соңғы кезге дейін осы асыл мұраны таныта алмай келеді. Ал егер осы «Қутадғу біліг» жан-жақты талданып, ондағы тілдік, әдебиеттік, тарихтық, педагогикалық, философиялық, этнографиялық материалдар бүгінгі ұрпақтың игілігіне шын мәнінде айналған болса, онда қазақ халқының өзге түркі халықтарымен ортақ «XI–XII ғасырлардағы мәдени тарихы» басқаша сипатталар еді де, бұл дәуір қазақ халқының өз «Ояну дәуірі», «Ағарту дәуірі» сияқты мәнге ие болар еді. Әсіресе, Юсуф Баласағунидың шығармасының **тарихи мәні** оны жазба әдебиет қазынасы болған және өзінің төл әдеби тілі арқылы шығармашылар тудырған сол кездегі халықтармен **салыстырғанда** арта түседі. Мұраның баға жетпес құндылығына көз жеткізеді.

Бірақ амал не, «Қутадғу біліг» сияқты өте күрделі шығарманың бір кездері тек болғандығын ғана айту біздің оған иелігімізді, сол асыл қазынаның мұрагері екенімізді толық дәлелдей алмайды. Ол үшін бұл шығарма танылуы, танытылуы керек. Және осы көне заманның мұрасына бастап алып барар ғылыми «көпір» салынуы тиіс, яғни бұл рухани қазынаға қазақ халқының қатынасы ғылыми негізде жан-жақты көрсетілуі тиіс. Өйткені біздің **өткенге қатынасымыз көрсетілмейінше**, өткен мен бүгінгінің арасы байланыстырылмайынша өткен дүниелер бізге **өгей** күйінде қала береді.

VIII ғасырдағы «Күлтегін» ескерткіші – **Алтын Тас Кітап** зерттелгенге дейін, ғылымда бұл V–VIII ғасырлар аралығын қамтитын «Ертедегі Түркі қағанаты» деген дәуір, тіпті бұл дәуір жайлы анық ұғым да, түсінік те жоқ болатын. Ал бергі XVIII–XIX ғасырлар қазақтарына келсек, олар өздерін бір шежіреде «Мұхаммед пайғамбардың сахабасынан» шығарса, енді бір шежіреде тарих басын Шыңғысхан дәуіріне әкеп тіреді. Сырт көзге XVIII ғасыр қазақтары жазуы, жазба әдебиеті, ғылымы, т.б. жоқ, қыр тағысы боп көрінді. Капиталистік елдердің Шығысты

зерттейтін ғалымдары бұл өлкені баяғыдан тағы, мәдени дүниеден шалғай жатқан мекен дел есептеді.

«Күлтегін» және, т.б. ескерткіштер табылып, олар сөйлеп беріп еді, түркі халықтарының сонау VI–VIII ғасырлары **табылды**. «Күлтегіннің» табылуы арқылы «Ертедегі Түркі әдеби ескерткіштері», «Ертедегі Түркі әдебиеті», «Ертедегі Түркі әдеби тілі», «Ертедегі Түркі тілі» деген ұғымдар туды. Сайып келгенде, түркі халықтарының VI–VIII ғасырларының табылуы, осы ғасырларға тән жазба әдебиеттің табылуы – түркі халықтары үшін «Ертедегі Греция дәуірі» іспетті мәнге ие болды.

Ал VIII ғасыр түркілері осы дүниелерді **өздері жасады**. Ал егер тереңірек көз жіберетін болсақ, бұл жазба әдебиеттің тасасында **алфавит жасау** сияқты аса зор мәдени, тарихи құбылыс жатыр. Ертедегі Түркі қағанаты алфавитті, жазуды ойлап табу арқылы мәдениеттің өте елеулі, айрықша түрі – жазу мәдениетінің таралу ареалын Орта Азиядан Орхон өзені бойына дейін жеткізді, сөйтіп бұл екі аралықты жазудың мәдени ошағына айналдырды.

Түркілердің көне заманының куәгері «Күлтегін» ескерткіші – ұзақ ғасырлық мәдени тарихтың жемісі. Онда Ертедегі Түркілердің тұтас тарихы жатыр, онда Ертедегі Түркілердің айшықты әдемі сөз орамдары, мақал-мәтелдері, жоқтаулары, шешендік сөзі, образды сөз өрнектері, эпостық суреттеулері, тарихи баяндаулары – бәрі-бәрі бар; онда Ертедегі Түркілердің таным-түсінігі, мінез-құлқы, сана-сезімі, ой-өрісі, мұң-шері, аңсаған арман-мұраты, өрлік пен ерлік үні – баршасы көрініс берген; онда Ертедегі Түркілердің тарихи шындықты тануы, өткен тарихын, өз заманын, өздерін қалай тануы, өздерін қоршаған ортасын қалай, қай дәрежеде танығаны анық көрініп тұр.

Осыдан 1250 жыл бұрын Орхон бойына қойылған осы бір тас кітап («бітіг таш») түркі халықтарының тарих сахнасына шығуы мен өзін танытуының, өзгелерге **осы** танымды мойындатуының тарихи куәсі іспетті қызмет атқарып тұр.

\* \* \*

Ежелгі Хундар сияқты Ертедегі Түркілер де тарих сахнасына зор күрес жүргізу арқылы шықты. Осы күрес кезінде олар бірде

жеңіп, бірде жеңіліп отырды. Өркендеген, күшейген тұстарында шапқыншылық жорықтар жасап, көктемгі өзен суындай аяғын кеңге көсіді. Кейде өздері өзге бір жұртқа барып сіңісіп кетсе, кейде қайсыбір жұртты өздеріне бағынышты етті. Сөйтіп Ежелгі Хун мен Ертедегі Түркілер<sup>1</sup> шығысы – Ордос, батысы – Дунай, оңтүстігі – Мысыр аралығындағы көп халықпен этникалық, мәдени жақтан жақындасты, араластық жағдайда болды. Өзінің тарихын Азия мен Еуропаның көптеген халықтарының тарихымен ортақтастырды, біріктірді.

Осы Ертедегі Түркілердің бір бұтағы – қазіргі қазақ халқы.

Әрбір халық өз тарихнамасының маңызды беттерін өзінің өткенінің мән-мағынасын құрайтын, **өткен** деген тарихты жасайтын барша асыл қазыналарын бүгінгі күнінің игілігіне айналдыру арқылы ғана қазіргі жасап жатқан рухани дүниелерінің сыр-сипатын кеңінен таныта алады. Демек, қазақ халқы да өзінің сонау арғы дәуірлерден бермен қарай жасалып келген бай қазыналарын, мол мұрасын бүгінгі күннің әдебиетімен, өнерімен, мәдениетімен ұластырғанда ғана, өзге көп ұлтты совет халықтарымен бірлесе отырып, бүгінгі социалистік мәдениетке өзіндік қолтаңбасын қалдыра алады.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Ленин В. И.* Шығ. тол. жинағы. 42-т., 197-б.
2. *Маркс К., Энгельс Ф.* Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. Алматы, 1976. I т. 1976. 528-б.

---

<sup>1</sup> Ертеде «Түрік» аталған халық та, оның мемлекеті «Түркі қағанаты» да қазіргі жазу салтымен «Түркі» деп алынды. – *Ред.*



## II. ДӘУІР. ХАЛЫҚ. МӘДЕНИЕТ

Адамзат қоғамының даму заңдылықтарынан хабары жоқ кісіге «осыдан мың жарым жыл, екі жарым мың, жыл бұрын жеке-жеке рулар өзара одаққа бірікті» деген сөз жай бір ертегі әңгіме сияқты қабылданбақ.

Ал шындап келгенде, өз алдына бөлек-бөлек жүрген рулардың бірігіп, бір одақ құруы адамзат тарихында аса зор шешуші рөл атқарды. Рулардың одақ болуы негізінде қауымды басқарудың жаңа бір ұйымдары туды, олармен бірге қоғамдық жаңа праволар, жаңа билік ережелері, т.б. категориялар туды. Қауым мүшелері жаңа бір қоғамдық тәртіп билігіне түсу арқылы мәдениетке қарай тағы да бір адым ілгеріледі, жаңа бір артықша қоғамдық сана туды.

Міне, осы бір замана заңдылығы Түркі қағанатына, яғни Ертедегі Түркі мемлекетіне де тән еді.

### 1. Түркі қағанатының тарихи аренаға шығуы

Ежелгі Хун Ордасы біздің жыл санауымыздың I ғасырында құлады да, оған ұйытқы болған туыстас тайпалардың бір бөлегі Орта Азияға, Еділ сыртына кетті де, бір бөлегі Қиыр Шығысқа ауып, жат жұрттың қолына қарады. Енді бір бөлегі Алтай тауында қалып, әуелі сянбилердің, кейін жужандардың билігінде өте елеусіз күйде 400 жылдай өмір кешті.

Ұлы Хун Ордасының алтын тірегі болған халық өзінің мемлекетін, еркін жоғалтты. Тек халықтың қастерлеп, қадірлеп ұстаған, жоғалтпаған бір-ақ нәрсесі болды. Ол – «Хун державасы» дәуірі берген **сергек сана, тіршілік етуге қабілеттілік еді.**

Өзінен сан жағынан әлдеқайда көп, мал-мүлкі мол бөтен жұртқа тәуелді жағдайдағы өмір хун ұрпақтарын Алтай тауының бір тар аңғарлы алқабына («Ергене Қон» деген жерге) апарып, ежелгі түркі тілімен айтқанда, **йатын (жатын, жатақ)**

түрде тіршілік етуге мәжбүр етті. Бір кездері ат үстінде өмір сүрген халық жаяудың кәсібіне көніп, егінші халыққа айналды, қолөнермен айналысты. Жужан ханына «салық орнына темір өндіріп беретін» [1] ханның «темір балқытқыш» ұста халқына [2] айналды.

Міне, осы кәсіп өздерінің байырғы арғы аталары – хундардан мүлде бөлек жаңа халықты туғызды.

Бұл халық егінші және темірші халық болғандықтан, тек байырғы руластық ыңғаймен ғана емес, кәсіптік жағынан да біріге бастады.

Егіншілік, теміршілік бұл халықтың көрші жұрттармен айырбасқа жиі баруын күшейтті, ал айырбас кәсібі мал өсіруді қайта жандандырды. Бақташылық тұрмыс бірте-бірте гегемондыққа ие бола бастады. Бұның себебі де болды. Өйткені айнала көшпенді соғысқұмар жұрттың қоршауында тұрған кішкентай халық, әлсіз халық егіншілік сияқты бір ғана кәсіппен өзін-өзі сақтап қала алмайтын еді. Сондықтан да тарихи жағдай бұл халықты атқа қайта мінгізді, етек-жеңін жинақы ұстауға мәжбүр етті. Бұның өзі олардың бірте-бірте нығаюына игі әсерін тигізді.

Әсіресе, 535 жыл мен 552 жылдар аралығы – ежелгі хун ұрпағының қайта ояну жылдары болады. Олар **Тумын** (Бумын) атты қолбасшыларының бастауымен бұл кезеңде өз тәуелсіздігі үшін күреске шықты. Тумын әуелі күшею үшін өзіне туыс әрі қауіпті жауы, бәсекелес тайпа одағы – телеуттерді (тиелэстерді) өзіне қаратып алды. Сол дәуірдің салтына қарсы соғысқа шығудың, терезесі тең ел екенін білдірудің бірден-бір жолы – жауының қызын әйелдікке сұрау болған. Тумын жужанның билеушісі Анахуанға «қызыңды әйелдікке бер» деп елші жібереді.

Жужан ханы қатты қорланып намыстанады. «Менің темір балқытушымның осындай тілек айтуға дәті қалай барады?!» деген намысқа тиер хабар қайырады. Тумынның тілегені де осы болатын. «Темір балқытушылар» өздеріне 200 жылдай үстемдік еткен жужандарға – көшпелі шапқыншы мемлекетке қарсы азаттық күреске аттанады. 552 жылы жужандарды қирата жеңіп, өздерін ерікті ел деп жариялайды. Билік ордасын **Түрік** деп атайды да, оның билеушісі Тумынға Ел хан (елдің ханы) деген ат береді. Осылайша **Түрік мемлекеті** дүниеге келеді.

\* \* \*

Енді осы VI ғасырда пайда болған Түркі хандығына тән әдебиетті, тілді білу үшін ең әуелі осы әдебиетте тікелей көрініс беретін әрі әдебиеттің өзіне сипат, мағына беретін өзге де тарихи категорияларға назар аудару керек. Бұларсыз, әдебиетті, тілдік деректерді жалаң алып қарайтын болсақ, онда біз бұл екі тарихи категорияның сол дәуірде неге дәл осы сипатта болуының **тарихи сырын** есте түсіне алмаймыз.

**Қағанаттың шаруашылығы және материалдық мәдениеті.** Түркілер VI ғасырдың 50-жылдарына дейін негізінен жартылай жатақ, жартылай көшпелі халық болды. Бертін келе Ертедегі Түркілер бақташылық жағдайға көбірек ойыса берді. Өйткені бір жағы шапқыншылық заман, бір жағы қытаң, табғач сияқты көршілес жау елдер бұл халықтың егіншілік кәсіпке біржола көшуіне ерік бермеді. Мұның сыртында түркі халқының өзі де малды, әсіресе, жылқы малын көбейткен сайын ат үстіне жиі қонып, егіншілікпен айналысуды мүлде азайтты. Бірақ егіншіліктен түркі тайпаларының ешқайсысы да біржолата қол үзіп кетпеді<sup>1</sup>. Керісінше, жорық-шеру ісі кең көлемде негізгі кәсіпке айналған сайын, теміршілік-ұсталық кәсіп те ұлғая түсті. Тіпті сол кездегі соғыс шарттарының өзі осы екі кәсіптің мүддесіне негізделіп барып жасалатын болды.

Әдетте мәдениеттіліктің аксиомалық өлшемі – қалалар, биік қамалдар, сарайлар, храмдар және қолөнершілік, егіншілік, жазу, ақша, әдебиет, т.б. болып келеді. Ал көшпелі тұрмысы басым бақташы халық мәдениетке аксиома болған бұл материалдық игіліктерді түгел қамти алмады. Егер адамдардың іс-әрекетін олардың шаруашылық жағдайлары белгілеп отыратынын ескерсек, олардың шаруашылық жағдайлары талабынан аттап өтіп, өздеріне «керексіз» игіліктерді, «басы артық» мүліктерді жасауға есте әуес болмағанын аңғарамыз. Сол сияқты Ежелгі Хундар да, Ертедегі Түркілер де, отырықшы халықтардай емес, көбіне

<sup>1</sup> VII–IX ғасырларда қырғыздар арпа, бидай, кара тары, зығыр екті... Астықтан ботқа, боза жасады. Бидайды ұн ететін диірмендері болды. Ажа етке нан салды да, ал бағынышты бұқара жұрт жылқы, түйе етінің өзін пісіріп жеді (Н.В. Кюнер. Китайские известия о народах Южной Сибири... М., 1961. С. 32–58).

өздерінің көшпелі тұрмыс жағдайлары талап еткен, соған лайық материалды игіліктерді жасады. Олар тіпті соғыста темір қаруды қолдану мен оны өндіруде сол кездегі отырықшылық жағдайда болған халықтардан асып түсті. Сөз жоқ, оларға мұны өз кезінің саяси-экономикалық жағдайлары міндеттеді.

Сонымен бірге Орхоннан Еділге дейінгі өздері иемденген **ұлан-ғайыр территория** түркі тайпаларын бақташылық тұрмысқа бейімдей берді. Бұл кең территория төрт түлік малға ғана жайлы мекен болып қойған жоқ, ол сондай-ақ қытаң, табғач сияқты күшті көршілермен, ұсақ халықтарды тәуелді жағдайға кіріптар ету саясатын берік ұстанған көршілермен қаша ұрысып, құтылып кету үшін де қажет болды. Отырықшы жұрт мұндайда қала, қамал салып қорғанса, түркі халқы үшін кең жер осындай қорғаныс құралы қызметін атқарды. Сол үшін де осы екі керекке бола жерді, мекенді сақтады, ал бұл құт мекен олардың өзін де сақтады. Егер ертедегі түркілердің мекені шағын болып келсе және сол мекеннен өзге барар жер, басар тауы болмаса, онда олар жауынан я жеңіліп, құрып кетер еді, я болмаса, жауы ала алмайтын қолайлы жер тауып, тас қамалдар салып, берік қорған ішіндегі қала жұртына айналар еді. Бірақ табғач, қытаң сияқты цивилизациялы көршілердің отаршылдық мақсатпен үздіксіз соғыс жүргізуі түркі халқын отырықшылықтан үнемі қақпалай берді. Сонау «Хун державасы» өмір сүрген дәуірден бермен қарай Орталық империяның осы саясаты түркілерді егіншіліктен жерден тым өгейсітіп жіберді. Бұған, біріншіден, құлдыққа бой ұсынбайтын қасиет пен «Хун державасынан» мұраға қалған мінез өрлігі де үлкен себепші болды.

Міне, Ертедегі Түркілер осындай экономикалық саяси жағдай ортасында өмір сүрді. Ал замана болса өзін аман сақтау үшін жауына қарсы төтеп бере алатын тұрмыс сипатын «таңдауға» түркі халқын үнемі мәжбүр етті.

Сонымен бірге жаулаушы мемлекетпен, қидан сияқты варварлықтың орта шенінде тұрған хандықпен ортақ географиялық шеңберде өмір сүру жағдайы ертедегі түркі халқына негізінен бақташылық тұрмысты, бақташылық таңған көшпелі өмірді сыйлады. Бірақ бұл бақташылық тұрмыс ертедегі түркі халқының өздерінен ғана басталған жоқ. Түркілер арғы аталары хундар-

дан басталатын, ең кемі мың жылдық үзіліссіз даму жағдайында болған, өзіндік тарихы бар өте байырғы бақташылық тұрмысты мұраланды. Сондықтан да бұл бақташылық тұрмыс әуелі көшпелілік, одан соң отырықшылық түріндегі сатылы дамудың тұрғысынан барып бағалануға тиіс емес. Бұл – өзімен-өзі томағатұйық жатқан бақташылық тұрмыс та емес. Бұл – өзінің байырғы отырықшы көршілерімен ұзақ уақыт қарым-қатынаста болған, солармен жарыса дамып отырған, отырықшылыққа тән көптеген тұрмыс белгілерін («балық» деген өздерінің орда-қалаларын, қыстау-ауылдарын, т.б.) қабылданған, **ерекше күрделенген бақташылық тұрмыс** еді. Бұл бақташылық – малды еңбек өнімі ретінде барынша көбейткен және өнімдерінің неғұрлым көбейе түскен бөлімі тікелей айырбас үшін өндірілген, мал байлық белгісіне, мал үстемдік қызметіне, мал билік бәсекесіне арналған, мал тіпті адамдарды әлеуметтік тапқа бөлген бақташылық еді.

Егер біздің заманымызға дейінгі III ғасырдан біздің заманымыздың IV ғасырына дейінгі дәуір ішінде ежелгі гректер мен римдіктер құлдардан еңбек армиясын құрып, олардың еңбегін кеңінен қолдану арқылы қала-қамал орнатып, храмдар, сарайлар, т.б. салғызып жатса, дәл осы уақыт аралығында әлемнің екінші бір бөлегінде Орта Шығыс Азияда хундар, үйсіндер, ал VI–VIII ғасырларда түркілер бақташылық тұрмысты кең көлемде дамытып жатты. Олар жылқы, түйе, қой, сиыр малын көп өсірді, олардың тұқымын жетілдірді, мәдени сұрыптау тәсілін қолданып отырды. Жазба тарихтың өте сараң мәліметтерінің өзі бұл жұрттың төрт түлік малды соншалық есепсіз өсіргенін аңғартады. Бірде Үйсін қағаны Батыс Хундарға жорық жасап, **жеті жүз мың** жылқы, өгіз, қой, есек, түйе айдап әкетеді. Осы жорыққа Үйсін қағаны өзінің **елу мың атын** жауынгерлерге мінгізген.

Ал Хун қағаны Модэ бір жорықта **үш жүз мың** кісіні атқа қондырған. Түрк Кигин қаған бір жолға **жүз мың** қолды, ал Шабола хан **төрт жүз мың** қолды әр кезде-ақ атқа қондыра алған. Ал түркілердің дәулеті орташа байларына да **төрт мың**, кейде **алты мың** жылқы біткен [2]. Міне, сондықтан да қазақтың көне жырларында өзге ешбір халық эпосына тән емес өлшем, «тоқсан мың жылқы», «тоқсан тоғай түйе» тек бір кісінің байлығы болып келе береді.

Сөз жоқ, байлықтың осылай жеке-жеке семья қолына топталуы еңбек бөлінісіне де, меншік формасына да өте ерте дәуірде өзгеріс енгізді. Байлық бір қолға топтала түскен сайын аристократ семьялар мен «қара халықтың аражігі анық ашыла берді. Жерге қауымдық меншік болғанмен, қауым жерін жеке бай семьялардың молырақ иемденуге тырысуы қара халықты оларға жер жағынан тәуелді ете түсті. Халықтың малсыз бөлігінің ірі аристократтардың тұрақты басыбайлы жалшы қызметкерлеріне **айналуы** қауымдық жерге телінген **бақташы шаруалармен** (жерге телінген крепостнойлар сияқты) қатар қауымның ірі аристократтарының мал байлығына телінген **кедейлердің**, яғни **қаналушы таптың** пайда болуына әкеліп соқты.

**Қағанаттың басқару және билік жүйесі.** Ашина ұрпақтары әуелі VI ғасыр ортасында қағандықты «бірікі оғуш» (тайпалар одағы) негізінде құрды. Кейін қағандыққа осындай бірнеше «бірікі оғуштар» біріктірілді. Әкімшілік, этникалық бірлік әрі территориялық ыңғайластық негізінде бірнеше тайпалық одақтар федерациялық жағдайда бір мемлекет құрды, әрі **бірыңғай халық** болып бірікті.

Хандық мемлекеттің байырғы рулық, тайпалық бөлінуді бұзбауы өзіндік бір ерекшелігі болды. Экономикаға әрі тарихи дәстүрге негізделген бұл жікті бұзуға хандық билік әлсіздік етті, керісінше ол басқару жүйесін осы рулық, тайпалық жікке ыңғайлап құрды. Сөйтіп, бұл мемлекет рулық-тайпалық құрылысқа негізделген мемлекет болды.

Бірақ хандық билеуші орган ру-тайпа билеушілернің негізінде құрылмады. Хандық үкіметтің өзінің сатылы басшылық органдары болды. Оған тек ұлығ қағанның аға-інілері және олардың балалары ғана мұрагерлік етті. Мемлекеттің ең жоғарғы органы – Старшиналар кеңесі болды. Старшиналар кеңесі үлкен қағанды мұралық жолына қарай сайлап отырды. Қағаннан төмен бірнеше сатылы әкімшілік-әскери басшы орындары болды.

Ең жоғарғы билік – **Шеху** (хундардағы – *Чжуки*, орхон жазуындағы *жабгу //йабгу*);

екінші – **Дэлэ** (хундардағы – *Лули*, орхон жазуындағы – *тегін*);

үшінші – **Сылифа** (хундардағы – *улыг бег*, орхон жазуындағы – *сіліг бек*);

төртінші – **Тумаофа** (*түмен бег*, хундардағы – ұлы Дуюй) деп аталды. Бұл төрт билік-дәреже орындарын «төрт мүйіз» деп атады.

Төменгі дәрежелі 20 әкімшілік-әскери басшы орындар болды. Бұлардың бәрі мұрагерлік орындар еді. Бұл 24 билік орын Хун Ордасына тән 24 старшинаны еске түсіреді.

Қаған әулеті деп аталатын үлкен тайпалар болды. Қағандар осы тайпалардан қыз алуға тиіс еді. Егер қаған төменгі тайпалардың бірінен әйел алса, одан туған баланың қаған болуға мұрагерлік правосы болмады. Қаған ұрпақтары такты жолына, жасына қарай иеленетін болды. Бірақ бұл «жол» тақ тартысына кедергі бола алған жоқ.

Түркілерде **ел төресі** (мемлекет конституциясы), әр алуан кесік, жарғы-жарлықтар (кодекстер) «Билер кеңесі» деген негізгі өкілдігі бар жиында жасалып отырды. Олардың негізгі өкілдері қаған қасындағы *айғучы* (кеңесші) және *өге буйуруқы бек*, *ана тарқан*<sup>1</sup>, т.б. болды.

Ел төресі негізінен *Түрік будунның* (қағандықтың) бірлігін, тұтастығын, қоғам мүшелерінің азаматтық праволарын қорғаған ірі-ірі жеті статьядан тұрды:

**1-статья.** Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын (*Бұл статья мемлекеттің бүтіндігін сақтау талабынан туды*).

**2-статья.** Түрік будун мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына бұйырылсын (*Бұл статья халықтың ортақ мүддесі – елдің бүтіндігін қорғаған біртұтас қоғамдық сананың жемісі*).

**3-статья.** Қағандық ішінде жазықсыз кісі өлтірген кісілер өлім жазасына бұйырылсын (*Бұл статья варварлықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірушілік культына тыйым салған және мәдениеттіліктің белгісі ретінде танылуға тиіс өте елеулі жаңалық*).

**4-статья.** Өзге біреудің әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушыларға өлім жазасы бұйырылсын (*Бұл статья семьяның бірлігін, адалдығын талап еткен, неке парызына аса биік талап қойған маңызы зор жаңалық*).

<sup>1</sup> Термин-атаулар жылнамалардағы жазылу үлгісінде беріліп отыр.

**5-статья.** Өреде тұрған, тұсаулы тұрған сайгүлік атты ұрлаған кісіге өлім жазасы бұйырылсын (*Ол кезде «ер қанаты – ат» елдің, қағандықтың соғыс күші ретінде бағаланды*).

**6-статья.** Төбелесте мертігудің түріне қарай мүлік түрінде құн төленсін:

а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, ал қызы жоқ болса қыздың қалыңмалын береді;

ә) төрт мүшенің бірін мертіктірген кісі айыпқа ат береді.

**7-статья.** Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін.

Міне, бірнеше заман өткен соң, бергі XVII ғасырда «Өз Тәукенің жеті жарғысы» деп өмірге келген заңның негізі – Түрік қағанатында VI ғасыр ортасында осылай туған еді.

**Қағанаттың әскери күші, қару-жарағы, жорықтары.** Ертедегі Түркілердің өз тәуелсіздігіне ие болғанша төрт жүз жыл өткенін, бұл кезеңде олардың «темір балқытушы», егін салушы ел болғанын жоғарыда айтып өттік. Осы дәуірде олар **темір, алтын, күміс, қалайы, мыс** сияқты түрлі металдарды өңдейтін теміршілікті кәсіп етті. Бұл «темір балқытушылар» темір рудасын тауып, балқытып, оған көміртегі тотығын қосу арқылы «құрыш» деп атаған кеуекті металл айырып алып отырды. Қазір осы ежелгі түркілер «құрыш» деп атаған темірдің сапасы домналық балқытудан шыққан темірдің сапасынан әлдеқайда жоғары болатындығы анықталды [3].

Түркілер темірді теңдік әперетін құрал деп білді. Халық тағдыры алмас семсерлер жүзінде тұрған заманда бірінші кезекте қару жасау ұлы мақсат болды.

Ертедегі Түркілер әлгі өздері тапқан құрыштан қайқылау келген сала құлаш қылыш, екі жүзді ауыр семсерлер жасады. Ұзындығы кезге жуық сүңгілі найза, құрыштан жасалған ысқырық оқ, мүйіз жақ, темір сауыт, іші мақпал, етегі мойынды жапқан темір дулыға жасады [4].

Түркілердің екінші бір ұлы қаруы – ат болды. Сөйтіп бір кездегі «жатақ халық» көк темір құрсанып атқа қонды. Төрт жүз жыл тәуелдікте болған халық әуелде бостандық үшін атқа қонса да, сол дәуірдің тарихи-саяси жағдайына, көшпелі тұрмысқа тән жауынгершілік салт түркілерге ат басын іркуге ерік бермеді. Олар



бас-аяғы төрт-бес жылдың ішінде шығыста татабы (қидан), отыз татарды бағындырып, Корей түбегіне дейінгі жерді өзіне қаратты, ал батыста Амудария – Арал теңізі – Еділ өзеніне дейінгі жерді [4, 229] қаратып, өзіне тәуелді, бағынышты халқы бар үлкен держава құрды. Сөйтіп, өздерінің арғы аталары – хундардың ісін жеті жүз жылдан соң қайта жаңғыртты.

**Ертедегі Түркілердің мәдениеті.** Ертедегі түркі жазуы жайлы VI ғасырдағы көне жазбаларда «мола алдына өлген кісінің бейнесі салынған және өзі жүргізген соғыстары баяны жазылған тастар қояды, олардың жазулары, әрпі ху халқының әрпіне ұқсас» [4, 230-231], «түркі жазуы ху (соғды) халқының жазуын еске түсіреді» [5] деген деректер бар.

Бұл жазудың Алтай түркілеріне келу тарихы Хун ордасы құлап, оның ұрпақтары «түркі» атанып, қайта күшейгенге дейінгі II–V ғасырлар арасындағы белгісіз тарих сияқты өте күңгірт.

Ертедегі Түркілердің жазбаға түскен аңызында мынандай қызғылықты дерек бар: Ел хан Тумынға дейінгі аты мәлім түркі билеушілері **Надул шад, Акхан шад** деп аталады. Екеуінде де соғдыларға тән «шад» деген билік, атақ кездеседі. Шамамен осы билік-дәреже атауы сияқты жазуды да Ертедегі Түркілер сол V–VI ғасырларға дейінгі күңгірт дәуірде жасаған болса керек.

Руна жазуын Ертедегі Түркілерге өліні сөйлету сияқты наным-сенім әкелді ме, болмаса көршілес халықтармен болған саяси-мәдени қарым-қатынас әсер етті ме? – ол өз алдына шешімін табар жай. Бірақ қалай дегенде де Ертедегі Түркі руна жазуларының көбі қайтыс болған кісілердің басына қойылған құлпытас-тағы жазулар боп келеді.

Түркілер бұл ескерткіш жазуларды «*bimig tauu*» деп атаған. Бұл «бітік тастар» – ұйғыр ханы Моюнчурдың «мың жылдық, түмен күндік (мәңгі) бітігіміді, белгімді жасыл тасқа қашап түсірдім» дегеніндей, тас кітаптар өзінің жанры жағынан өлінің атынан баяндалған бес-алты сөйлемдік «арыздасу-бақылдасу сөз» түрінде және «ел тұтсықы» («халық өсиеті») аталған өмірбаяндық тарихи шығарма, т.б. түрінде болып келеді.

Сөйтіп, Ертедегі Түркілер V–VI ғасырларда өзіне ғана тән алфавиттік жүйесі мен жазу емлесі бар (кейін орхон-енисей атымен аталған) руна жазуын дүниеге әкелді. Жазу сияқты мәде-

ниеттің ұлы қазынасын жаратты. Бұл жазумен оның кейінгі VIII ғасырдағы ұрпақтары Түрік қағанатының VI–VIII ғасырлар арасындағы тарихын қысқаша баяндаған тарихи шежірелерді туғызды. Сонымен бірге олар кейінгі дәуірге өздері және арғы аталары жайлы жазба тарих қалдырды.

## **2. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің жанры**

Орхон-Енисей ескерткіштері қандай жанрда жазылған? Бұл ескерткіштер түркі халықтарының сол кездегі ауызша әдебиетінің жалпы сипаты туралы қандай мәлімет бере алады? Міне, бұл мәселе Ертедегі Түркі әдеби ескерткіштерінің негізгі мәселелері болып табылады.

Орхон-Енисей ескерткіштерінің жанры туралы ертеректе жалпылай айтылып келді. Ал соңғы кезде бұл дәуір жазбалары тұтас күйінде «поэзиялық туынды» деп танылды. И.В. Стеблева-ның «Поэзия тюрков VI–VIII веков» (М., 1965) деген еңбегі шықты; қазақ филологиясында да осы пікірді жақтау тенденциясы бой көрсетті.

Сөз жоқ, орхон-енисей жазбалары – бұл күнде тарихы белгілі ең көне сөз үлгілері. Бірақ бұл ескерткіштер VI–VIII ғасырлардағы түркі халқының фольклорлық әдебиетінің, нақтырақ айтқанда, ауызша поэзиясының сипаты қандай болды деген сұраққа бірден жауап бере алмайды. Өйткені бұл жазулар – өлең өлшемінде туған поэзиялық туындылар емес.

Халықтардың тарихы қай жерден басталса, олар жайлы ой барысы да сол жерден басталады дегендей, ежелгі түркі тайпаларының ауызша поэзиясының тарихы да сол халықтың поэтикалық сөз<sup>1</sup> үлгісінің тарихы сияқты белгілі дәуірден басталады. Бірақ түркі тайпалары поэзиясының тууының қайнар көзі сол тарихы белгілі сөз үлгілері емес. Бұл тарихы белгілі сөз үлгілері тарихы белгілі әдебиеттің ғана басы болып табылады. Сондықтан да V–VIII ғасырларға тән сөз үлгілері – түркі тектес халықтардың сөз мәдениетінің шартты түрде ғана «басы» болып есептелмек. Ал VI–VIII ғасырлардан ары, айталық, I ға-

<sup>1</sup> «Сөз» бұл жерде «көркемсөз» деген мағынада.

сырға тән тұтас сөз үлгілері (жазба ескерткіш» табыла қалған кезде, бұл VIII ғасырдағы сөз үлгілері түркі тектес халықтардың сөз мәдениетінің басы болудан қалып қояды. Ол кезде түркі халықтарының сөз мәдениеті жайлы ой барысы қазіргідей VI–VIII ғасырдан басталмай, I ғасырдан басталатын болады.

Міне, Орхон ескерткіштерін «түркі поэзиясы» деп тану – бізге жеткен дүниені (табылған барды) түркі халықтарының сөз мәдениетінің басы деп түсінуден барып туған қате пайымдаулар.

Жұртқа белгілі, *қола дәуірі* деген ұғым ежелгі ру адамдарының жасаған, тұтынған құралдарының сипатынан барып қалыптасты. Және бұл қола дәуірі деген дәуір мен арғы *мыс дәуірі* деген дәуірді осылардан жасалған құралдарға қарап айырып, белгілеп отыр. Егер археология қазба арқылы табылған мыс құралды *қола* деп таныса, біріншіден, ол сол құралдың уақытқа қатысты тарихын жоғалтар еді, екіншіден, заттардың өзіне тән қасиеті, сапасы туралы ұғымды шатастырар еді.

Міне, Орхон ескерткіштерін *поэзия* деп танудан да осы жайды анық көреміз. Яғни ауызекі тілге тән стильден алшақ емес сөз үлгісін поэзия деп тану – «түркі халықтары VIII ғасырда ауызекі тіл стилі мен поэтикалық стиль бөлінбеген, поэтикалық стильдің элементтері ғана жасала бастаған сөз үлгісіне ие болды» деген қате түсінікке ұрындырады. VIII ғасырда түркі тайпаларында бір-қалыпқа түскен ауызша поэзия болмады деген пікір туғызады.

Шынында да солай ма? Жоқ, VIII ғасырдан қалған ескерткіштерді поэзия деп тану – түркі халықтарының сол тұстағы және оған дейінгі поэзиясын жоғалту және оның анық сипаты турасында ғылымда жасалар танымдардың алдын кесу болып табылар еді.

Түркі тектес халықтардың ауызша поэзиясының нақты жасала бастау дәуірі туралы пікір айту қиын. Егер түркі халықтарының белгілі тілдік құрылымының сипаты сол тарихи дәуірге дейінгі жерден ары тағы қанша дәуірді қамтыды дегенді айту қандайлық қиын болса, тарихы белгілі поэзия үлгілері сол дәуірден арғы жерде тағы қанша дәуірді қамтитынын айту да сондайлық қиын.

Қазіргі түркі тілдері өзінің фонетикалық, грамматикалық құрылымы жағынан бұдан 1300–1500 жыл бұрынғы руна жазу тіліне қаншалық жақын болса, мұның өзі, V–VIII ғасырлардағы тіл аздаған ғана өзгерісімен сол өзіне дейінгі тағы да сондай бі-

рер дәуірді қамтыды деген сөз. Мұны түркі халықтарының ауызша творчестволық табыстары туралы айтқанда да басшылыққа алуға болады. «Өлең тілі халықтарда тіл әлі жетілмеген кездің өзінде-ақ жасала бастауы мүмкін» [6]. Сондықтан да бізде әдетте айтыла беретін, көбіміз қолданып жүрген «түркі халықтары поэзиясының V–VIII ғасырлардағы алғашқы дәуірі» сипатында келетін танымдарымыз барынша шартты танымдар.

Түркі тайпаларында айтыс, қайым айтыс өте көне дәуірден бар [7]. «Егер өлең тілі халық тілінің әлі жетілмеген кезінің өзінде-ақ жасала бастауы мүмкіндігін» ескерсек, сөз дүкенін керек ететін айтыс халық поэзиясы жасалып, қалыптасқан дәуірден көп кейін, жеке ақындардың шыға бастауымен орайласа жатады. Жеке ақындық өнер – халық поэзиясының даму негізінде барып туатын тарихи құбылыс.

Осы жеке ақындық өнердің тууымен байланысты ғана тұрмыс-салт жырларынан бөлек, тарихи-элеуметтік тақырыптағы өлеңдер туа бастайды. «Дивану луғат-ит түрктегі» X–XI ғасырларға дейін туған «Алп Ер Тоңа», «Мыңлақ елін алғанбыз», «Мен жеңбесем кім жеңер» сипаттас азаматтық жырлар, өзге де өсиет өлеңдер – осындай жеке ақындық өнердің жемісі.

Міне, VIII ғасырда, осыған қарайлас кезеңде түркі халқында тұрмыс-салт жырлары, айтыс дәстүрі, жоқтау өлең айту салты, жеке ақындар, олар шығарған ерлік-азаматтық, өсиет өлеңдер болуын мойындамау ғана «Күлтегін», «Тоңукук», т.б. сипаттас ескерткіштерді «поэзия» деп тануға әкеледі.

Рас, «Күлтегін», «Тоңукук» ескерткіштерінде поэзияға тән, соған жақын үзіктер бар. Бірақ ол тұтас ескерткіштер тіліне, жанрына тән, бір бүтіннің жасалуына тән ерекшелік емес, ол – ескерткішті тасқа түсірген автордың ауызша поэзияға тән тәсілдерді арагідік пайдалануы, кіргізуі ғана.

«Күлтегін», «Тоңукук» – поэзия да, творчестволық өлең-жыр да емес. Олар, жұрт айтқандай, «поэма» да емес, түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме. Оның стильдік ерекшелігі бірінші жақтан баяндалуы («мен»). «Күлтегін» айтып отырып жаздырылған («барқ ітгүчі, бедіз йаратығма, бітіг таш ітгүчі табғач қаған чықаны Чаң, Сүңүн келті...»). «Тоңукук»

та айтып отырып жаздырылған [Түрк Білге қаған іліне бітітдім (жаздырдым) бен Білге Тоңуқук]. Сондықтан да бұлар ауызекі сөйлеу тілінің баяндап айту нормасына жақын.

Әрине, Орхон ескерткіштерін поэзия жанрында туған сөз үлгілері емес деу үшін бұл ескерткіш текстерін прозалық үлгіде бере салу жеткіліксіз (Ал орхон жазбаларын жоғарғы авторлар өлең өлшеміне қолдан түсірген). Бұл үшін ең әуелі поэзияға, өлеңге қайшы келетін тілдік-стильдік белгілер атап-атап көрсетілуі, олардың ғылыми негізде дәлелденуі керек.

Үлгі үшін нақты салыстырудан бастайық. В.В. Радлов XIX ғасырдың орта тұсында Қырым татарларынан «Тумалай ару» атты ертегі жазып алған. Егер осы ертегіні «поэзиялық тәртіпке» түсіріп жазсақ, не сөйлем ыңғайымен жазсақ, төмендегіше болмақ:

(жолда) бір кумай жылқы көрдү,  
 (шу жылқынын) ішінде бір тай көрдү,  
 (о тай) жұртта болса екі еді,  
 болмаса бір еді.  
 ондай ділбер айуан жоқ еді.  
 Өзі жүрүк еді,  
 өзі арық еді.

Егер Орхон ескерткіштері тексін осы ретпен берсек, мына үлгіде болмақ:

I. Үзе Көк тенрі йеті йегірмі йашыма Танут тапа сүледім,  
 Танут будунығ буздым;  
 оғлын йотузын, йылқысын, барымын анта алдым. Секіз йегір-  
 мі йашыма Алты чуб Соғдақ тапа сүледім, будунығ анта буздым.

II. Ол йылқа Түргіс тапа Алтун йышығ аша, Ертіс үгүзіг кече йорыдым.

Түргіс будунығ уда басдым.  
 Түргіс қаған сүсі отча, борча келті.  
 Болчуда сенүшдіміз.  
 Қағанын, йабғусын, шадын анта өлүртім.  
 ілін анта алтым («Могилян хан»).

Бұл «Туламай ару» ертегісі мен «Могилян хан» ескерткішінің жай сөйлем үлгісі де, олардың баяндауыштары да бір сипаттас. Егер бұларды «поэзия» десек, онда жалпы ертегі тілі деген тіл жоқ болып шығар еді.

Енді мәселеге бұдан да жақынырақ келіп, салыстыру жасайық. Әуелі Орхон ескерткіштері тексін әрі пікір (мағына) жүйесі жігімен, әрі синтаксис (форма) жүйесі жігімен жол-жолға бөліп түзейік.

### Текст

I. 1. Үзе Көк тенрі, асра йағыз йір қылынтуқда,

(1) екін ара кісі оғлы қылынмыс.

2. Кісі оғлынта үзе ешүм-апам Бумын қаған, Істемі қаған олурмыш.

3. Олурыпан Түрк будуның ілін, төрүсін тута бірміс, іті бірміс.

4. Төрт булуң қоп йағы ерміс.

5. Сү сүлепан.

(5) төрт булуңдақы будуның қоп алмыс,

(5) қоп баз қылмыс.

6. Башлығығ йүкүнтүрміс.

7. тізлігіг сөкүрміс.

8. Ілгері Қадырқан йышқа тегі, кірү Темір қапығқа тегі қонтурмыс.

9. Екін ара іді, оқсыз Қек Түрк анча олурур ерміс («Күлтегін»).

Орхон ескерткіштерінің поэзияның ырғақ-бунақ өлшеміне, ұйқас-тармақ өлшеміне, тармақ-сөйлем не шумақ-сөйлем жігіне, объекті (зат) сөздердің әрі оларға үйірілетін сөздер тобының үйлесімділігіне, буын санының белгілі дәрежеде сақталуы талабына келе бермейтін, яғни жалпы поэзияға жат тілдік-стильдік белгілер оның қай жанрда жасалғанын анық танытпақ.

Біріншіден, Орхон ескерткіштері тексінде бір сөйлем ішінде бірыңғай мүшелердің көп қатарлы тізбегі жиі келіп отырады.

1            2

I. **Иуғчы, сығытчы//Қытан, Татабы** будун башлайу// Удар сеңүн келті// Табғач қағантa/ Ісіі Лікең келті//

1            2            3

бір түмен **ағы/ алтун, күмүш/ кергексіз күлүрті//Түпүт қағантa** Бөлен келті//. Қурыйа /күн батсықдақы/

1            2            3

**Соғд, Берчекер, Буқарақ** улыс будунтa/ Нең сеңүн оғул тарқан келті.

Егер бұл жолдарды сөйлем жігімен берсек, мына үлгіде болмақ:

1                    1                    2                    2

1. Йуғчы, сығытчы, Қытаң, Татабы будуң башлайу Удар сеңүн келті (жоқтаушы, сықтаушы қытаң, татабы жұртын бастан Удар сеңүн келді).

2. Табғач қағанта Ісиі Лікең келті, бір түмен ағы, ал-гун, күмүш керегексіз келүрті (Табғач қағаннан Ісіі Лікең келді, бір түмен ағы, алтын, күмісті есепсіз келтірді).

3. Түпүт қағанта Бөлен келті.

4. Курыйа күн батсықдағы Соғд, Берчекер, Буқарақ улыс будунта Нең сеңүн оғул тарқан келті (кейіннен – күнбатыстағы Соғд, Берчекер, Бұқарақ жұрт халқынан Нен сеңүн оғыл тарқан келді).

II. Йуғчы /сығытчы/ өңре, күн тоғсықда /Бөклі чөлліг/

1        2        3        4        5        6        7

**іл, табғач, түпүт, апар, пурум, қыркыз, үч курықан,**

8                    9                    10

**отуз, татар, қытаң, татабы** – бунча будун келінен, сығтамыс, йуғламыс [жоқтаушы, сықтаушы ілгері күн шығыстан – Бөклі шөл ел, табғач, тибет, абар, пурум, қырғыз, үш құрықан, отыз татар, қытаң, татабы – бунша келіп сықтаған екен, жоқтаған екен] («Күлтегін»).

III. (1) Теңрі тег Теңріде болмыш түрк білге қаған бу өдке олуртым (2) Сабымын түкеті есідгіл: (2а) улайу інійігүнім, оғланым, бірікі оғушым, будунум, бірііе шад-апыт, беглер, йырыя тарқат бұйурук беглер, отуз татар, тоқуз оғуз бектері, будуны, бу сабымын едгүті есід, қатығды тыңда [Тәңрідей Теңріде болған түрк Білге қаған бұл заманда билеуге отырдым. Сөзімді түгелдей есіткіл: жалғасқан інішегім, оғланым, жаныма біріккен руым, халқым, оң жақ шад-апыт бектер, сол жақ тарқат бұйрық бектер, отуз татар, тоғуз оғуз бектері, будуны, бу сабымды жақсылап есіт, мықтап тынла!] («Күлтегін»)

IV. (1) Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты («Тоң». 3.)

V. (1) Ечүміз – апамыз Бумын қаған төрт булуңың қысмыс, йығмыс, йаймыс, басмыс. Ол қан йоқ болтуқда кесре, ел йітміс, ычғынмыс, қачышмыс (48, 18) («Ілтеріс қаған»).

Екіншіден, Орхон ескерткіштерінде жалаң сөйлемді төл сөз жиі келеді. Сөйлем жігімен бергенде олар мына сипаттас:

1 2

I. (1) Қара ігіл будунығ йоқ қылмадым (2) *ебін, барқын,*  
3

*йылқысын йулмадым.*

(3) Қыйын **айдым.**

(4) турғуру **қотым.**

(5) «кентү **будуным**» – **тідім**

(6) «Уду **келің**» – **тідім.**

(7) Қодуп **бардым.**

(8) **келмеді.**

(9) Йіче іртім.

(10) Бурғуда йетдім.

(11) Төртүнч ай токуз йаңықа **сүнүсдім, санчдым.**

1 2 3 4

(12) *йылқысын, барымын, қызың, қудузын келүртім...*

II. (1) Тай Біле тутуқ **йаблақын үчүн,**

(2) бір-екі атлығ **йаблақын үчүн,** –

(3) қара будуным, **өлтің, йетдің,**

(4) йана **ічік!**

(5) «**Өлмечі, йітмечі сен**», – **тідім.**

(6) «йіче іс-іг, күч-іг **біргіл**», – **тідім.**

(7) Екі ай күтдім.

(8) **келмеді**

(9) Секізінч ай бір йаңықа сү **йорыйын,** – **тідім** («*Моюн чур*»).

III. (1) Ол саб-ығ **есідіп,**

(2) қағаным:

(3) «Беи еб-герү **түсейін**», – **тіді.**

(4) «Қатун **йоқ болмус ерті,** аны **йоғлатайын**», – **тіді.**

(5) «Сү **барын**», – **тіді.**

(6) «Алтун йысда **олуруң**», – **тіді.**

(7) «Сү басы Инел қаған, Тардус сад **барзун**», – **тіді.**

(8) Білге Тоңуқуқ баңа айды:

(9) «Бу сүг **елт**», – **тіді.**

10) «Қыйынығ көңлүңче ай, бен не **айайын**» – **тіді** («Тоңуқуқ»).



Әрбір сөз үлгілерін бір-бірінен жіктейтін өзіндік тілдік, стильдік белгілері болады. Бұл тілдік, стильдік белгілер – әрбір сөз жанрының табиғи сипатының суреттері. Олардың бұл табиғи қалпы жұрттың өз көңіл қалауымен сырттай «солай» деп ат қойып, айдар тағуына ерік бермейді.

Айталық, *қарағай, қайың, тал, теректі* бәрін тұтастай «ағаш» деп атағанмен, олардың осы «ағаш» деген ортақ атқа ие бітімі, сырттай өте жақын ұқсастықтары болғанмен, бірінен-бірін бөлектейтін ішкі бітім жүйесі, формасы, бояуы, т.б. бар. Міне, бұл олардың осы өзіндік белгілері *талды «терек»* деп, не *теректі «қайың»* деп атауға әсте ерік бермейді.

Міне, осындай ерекше белгілер сөз үлгілерінде де бар. Сөз, сөйлем, т.б. сөз үлгілерінің бәріне ортақ болғанмен, олардың жасалуында, бітімінде, формасында, т.б. бір-біріне ұқсамайтын бөлектік, өзгешелік бар.

**Қарасөз, мақал-мәтел, өлең-жыр** – бұл үшеуі ту баста өзді-өзіне ғана тән ерекше белгілерімен бөлек-бөлек аталған. Әрине, *сөз, сөздердің өзара тіркесуі, сөйлем* дегендер бұлардың бәріне ортақ. Бірақ олар о баста осы ортақ материалды бөлек-бөлек тәсілмен пайдаланды. Осы тәсілдері олардың әрқайсысына тән модель-үлгілердің жасалуына бастап әкелді. Бұл **модель-үлгілер** әрі бұлардың **тәсіл-қалыптары** болды. Келе-келе бұл **қалыптар** жалпылық сипат алып, **ортақ өлшемге** айналды: мақалды да, өлең-жырды да осы өз өлшемдерінде туғызу, жасау заңға айналды. Жұртқа белгілі, адамдар *қазан* жасаймын деп, оның материалын, құралын дайындап алып, бұл материалдан әлгі құрал арқылы *құман, я ожау* жасамайтыны анық. Осы сияқты адамдар қай сөз үлгісін қаласа, оны өзге сөз үлгісіне ұқсатпай туғызатын болды. Өйткені әр жанрдың дайын **қалыбы, өлшем-формасы** бар. Осы қалыпқа, өлшем-формаға салмайынша нақты бір жанрда сөз тұмақ емес. Орхон ескерткіштері, олардың жанры туралы да осыны айтуға болады.

Сөз жоқ, бұл ескерткіштердің жанрын тану үшін оларды белгілі бір жанрдың өлшем-формасына **салмау** керек, әуелде қандай өлшем-формада туғандығын **анықтау** қажет.

Поэзия әуел баста туғанда әуездің қатысына, сөз бен әуездің үйлесіміне немесе сөзге әуездің биік, ұзын үйлесімінің я **төмен**,

**қысқа** үйлесімінің қызметі керектігіне қарай екі сипатта – белгілі формадағы **ән құндағында**, не **ырғақ желісі аясында** туды. Мұның соңғысында сөйлеу тілінің, дәлірек айтқанда, қарасөз стилінің кейбір белгілері болды. Бірақ бұл таза күйіндегі белгі болған жоқ.

Біз жоғарыда Орхон ескерткішіндегі екі белгіні (қарасөзге тән өлшем-форманы) келтірдік. Бұл екеуі де өлеңнің ырғақ, ұйқас қатыстығымен жасалатын өлшеміне қайшы келетін белгілер.

Орхон ескерткішінде баяндау барысында **дәлдікті сақтау, ойды толық беру**, қажетті **сөздерді түгел қатыстыру** үнемі ескеріліп отырады. Мұның өзі екінші **кезекте** келуге тиісті грамматикалық формаларды **түгел әрі ашық беруді** қалайды. Ал поэзия ырғақ өлшемі, буын өлшемі қалауымен тармақ бойындағы сөздерді осы өлшемге сиятын етіп таңдауға, тармақ қатарындағы бунақтарды ұйқастыруға бейім тұрады. Поэзияда ықшамдау, ұйқастыру заңы үстем. Мұның бәрі өлшемнің, форманың талабынан келіп тұмақ.

Поэзияға тән өлшем, өзгені былай қойғанда, ой желісінің жігіне де барынша қатал. Айталық, «Үлкен Күлтегін жазуында» 15-жолдың аяғы мен 16-жолдың басы Елтеріс қағанға қатысты сөз. 16-жолдың соңы Қапыған қағанға арналған. Ал ескерткіш тексін өлеңнің тармақ жігіне бөліп беруге әуес авторлар осы екі бөлек ой желісін, екі бөлек тақырыпты бір тармақ аясында береді, сөйтіп, «өлеңнің» тармақ жігін «кереді» де, ойдың жігін, екі түрлі тақырып жігін байқамай кетеді.

Енисей жазулары – өлінің тарихын сол өлген кісінің өзінің атынан баяндайтын мұңды шежіре. Мұның «тарих» болатыны – тірі кездегі бірді-екілі істері аталады; мұңды шежіре болатыны – тума-туыстарымен бірге өмір сүре алмағаны, олардан айырылғаны айтылады.

1                      2                      3                      4                      5

**(Қараңыз:** Сіз: еліме,/кунчуйума,/оғланыма/будунума,/сізіме/алтмыш йашымда/ **алдырылдым**. Атым – Ел Туған Тутук, бен /теңрі елімке **елшісі ертім**,/ алты бағ будунқа **бег ертім** [9]. (Сіз: елімнен, күнекейімнен, ұлымнан, халқымнан – сіздерден алпыс жасымда айырылдым. Атым Елтуған тұтық мен, теңрінің еліме елшісі едім, алты бау халыққа бек едім).

Бірақ мұнды шежіренің бәрі – өлең тілі емес және оның өлең тілі формасында тууы шарт та емес.

Көлем жағынан бір-екі сөйлем мен он шақты сөйлемнің арасынан шығып отыратын бұл жазулардың қазір жетпістейі табылды және бәрі де шамалы ғана топтағы заттық мәнді сөздерден тұрады. Ал бұл заттық мәнді сөздер үнемі қайталанып, бірыңғай тіркестіріліп, аталып отырады да, сөйлем өлген кісі атынан айтылады, онда да үнемі қайталанып келетін санаулы етістік сөздермен аяқталып отырады.

Енисей ескерткіштерінде етістік сөздер жалпы аз, қырық-елу түрлі ғана етістік сөздер қолданылған. Олардың өзі де өте сирек қайталанады. Ал өзге реттің бәрінде жазудағы сөйлемдер **адырылдым** (айырылдым, өлдім), **бөкмедім** (қызықтамадым, өлдім) деген екі етістік сөзге бітіп отырады.

Енисей жазуларында «қан ердім» сөзі кездеспейді, «қанға бардым», «бек ердім», «алп туран», «Алп уруку (*тулы*) тутук бен», «батур мен», «йолчы бен», «Күч күл тутук», «Қутлуғ. Бақа тарқан», «Өге буйуруқы мен» деген сөздер жиі кездеседі. Мұның өзі ескерткіштердің әлеуметтік топтың орта тобына, көпшілік бұқараға жағатын кісілердің басына қойылғанын аңғартады. Екінші кезекте, мұның өзі жазудың халықтың орта тобына да тарағанын, ескерткіш сөз жазу («*бегімке бөкмедім*», «*жолчы бен*» дегендерді ескерсек) халықтың бұқара тобына да ортақ болғанын көрсетеді.

Өлінің сөзі ретінде келуі, өлінің атынан айтылуы – енисей жазуының стильдік, жанрлық ерекшелігі. Бірақ бұл ескерткіштер өлең жанрындағы туындылар емес.

\* \* \*

VIII ғасырдың, басына тән «Тонукук», «Күлтегін», «Моюн чур», «Могиян хан» ескерткіштері – қағандар мен қаған қасындағы сәуегей даналардың мавзолейі жанына тасқа ойып жазылған туындылар. Бұлардың енисей жазуымен жақындығы – мола басына жазылуы. Ал негізгі айырмашылығы – тірілерге, бүкіл халыққа арнау сөз ретінде жазылуы. Мұнда жеке бастың **меншікті** заты **аталмайды**, тірлікте істеген **іс-әрекеті суретте-**

ле әңгімеленеді. Яғни оқиға баяндалады. Ал бұл оқиға түркі тайпаларының белгілі бір бөлігін билеп отырған қағандардың ел басқаруы, көрші туыс тайпалармен, елдермен жүргізген қатынасы, соғысы, т.б. жайлы сыр шертеді. Бұл **оқиға** – түркі халықтары тарихының белгілі бір кезеңіне тән тарихи оқиға. Демек, бұл ескерткіштер – тарихи деректер баяндалатындықтан, тарихи ескерткіштерге жатады... Ал жеке адамның қызметіне байланыстырылып баяндалатындықтан, бұл ескерткіштер әрі Шежіре – тарих. Бұлар бергі XIV–XVI ғасырлардағы «Жамиғ-ат тауарих» «Шейбани-наме» сияқты хандар шежіресіне жақын. Ал халыққа арнай айтылатындықтан, бергі дәуірдегі белгілері де бар.

Бұл ескерткіштер өзінің жазылу стилі жағынан бергі Алтын Орда дәуіріндегі, XV–XVI ғасырлардағы шежірелер мен хан жарлықтарын еске түсіреді. «Кіші Күл-тегіннің *«Теңрі тег теңріде болмыш түрк Білге қаған бу өдке олурдым. Сабымын түгеті есідгіл»* деп басталуы мен «Могилян хан» ескерткіштерінің *«Теңрі тег теңрі йарат-мыш түрк Білге қаған сабым»* деп басталуы бергі XIV–XVI ғасырлардағы хан жарлықтарына, хаттарына ұқсас. Айталық, «Тоқтамыстың хаты» *«Тоқтамыш сөзүм йағайла-ға»* деп басталады. Ал «Кіші Күлтегіннің» осы сөзінің жалғасы *улайу инійгүнім, оғланым, бірікі оғушым, будуным, бірйие шад-аныт беглер, йырайа тарқат-буйуруқ беглер, отуз... тоғуз оғуз беклері, будупы...* деп санамалана айтылады. Осы үлгіні *«Улуг улусының оң қолының уа сол қолының түмен, мың, йүз, он білкін оғланлар, билер және ішкі кентлернің уа шаһарларының даруға беклер...»* деп басталатын Дәулет Герой жарлығынан да көреміз.

Мұның өзі «Күлтегін», т.б. ескерткіштер жазылған дәуірде, яғни VII ғасырдың аяғы, VIII ғасырдың басында Түркі қағанатында осы ескерткіштер стиліне жақын үлгіде хат, жарлық жазу дәстүрі болған дегенге аналогия жасауға мүмкіндік береді. Ал тасқа жазылған ескерткіштер стилі – осы жарлық стилінің шежіре-тарих стиліне ұласқан түрі, бұл екеуінің араласуы негізінде келіп шыққан жаңа стиль үлгісі.

Әрине, Орхон ескерткіштері Білге сияқты қағандардың, Тоңуқуқ сияқты даналардың атынан айтылған, солар айтқан (не жазған) сөз болып көрінгенмен, оны жазған екінші авторлар бар.

Олар – қаған қасындағы шежірешілер, хатнама иелері, білімді ғұлама кісілер.

Ескерткіш авторлары текстің өзінде «сабым» (сөзім) деп айтып отырса да, аяғында келіп бұл сөзді «бітім» деп атайды. Бұл – сөзге иелік пен жазуға иеліктің бөлек екенін, «бітімді» жазушылар басқа кісілер екенін аңғартады. «Күлтегінде» «беңгу таиш тоқытдым, бітімдім» (біті-дім – жаз-дым) деп, автор атынан айтыла тұрып, артынша «Бу бітім бітімге атысы Йолығ тігін» деп ескерткіш сөзін аяқтайды. Ал «Могилян ханда» «Білге қаған атынан «бітімдім» деп аяқталып келіп, ең соңғы сөзі «Білге қаған бітімдігін Йолығ тігін бітімдім... қаған атысы Йолығ тігін мен ай артуқы төрт күн (бір ай төрт күн. – Қ.Ө.) олуруп бітімдім, бедітім» деп аяқталады. Демек Білге қағанның жарлық сөзін, шежіре-тарихын жазған оның туысы (атысы) Йолық тегін деген бітімші, дәлірегі жазушы-тарихшы.

Тіпті осылайша «бітім» сөзімен аяқтау Алтын Орда хандарының жарлықтарында, хаттарында да кездеседі.

1428 жылы жазылған Улуғ Мухаммед ханның жарлық хаты «...өзүңүз білүрсіз тіп бітім сәлем үйрдік, йыл бічін, Орда йағасында бітімді» деп аяқталады.

Қорыта айтқанда, VIII ғасырдың басында жазылған Тоңуқуқ», «Күлтегін», «Могилян хан» сияқты ескерткіштер – жазба әдеби нұсқалар. Олар – хан жарлықтары мен шежіренің үлгі-нұсқалары негізінде жазылған көркем шығармалар. VIII ғасырда туған (шартты) бұл жанр XIV–XV ғасырларға келіп жеткен.

Демек, түркі халқында Орхон ескерткіштерімен бірге туған хат, жарлық сөз жанры VIII ғасырға дейін де болды. Ал «Тоңуқуқ» пен «Күлтегінде» осы жарлық сөз стилі біршама сақталған. Бірақ олар өз алдына туып қалыптасқан бөлек жанрдың жемісі. Олардың стиліне тән белгілер мыналар: бұларда ауызекі әңгіме тіліне өте жақын монолог түріндегі әңгімеден автор диалог сөзді беруге оңай көшіп отырады; сөйлемдері қысқа (түрік будун өлті, алқынты, жоқ болды; Барс бек ерті; қаған ат бунта біз бердік); кейде мақалдап, фразеологиялық тіркестерді тізіп, шешендік сөздер қолданып сөйлейді.


Сол сияқты тарихи деректерді, оқиғаларды соншалық дәлме-дәл, кішігірім детальдарына дейін тәптіштеп тізіп баяндай-

ды. Ал ұқсас оқиғаларды суреттей әңгімелегенде белгілі топтағы сөздерді қайталап қолданып отырады. Мұның өзі ескерткіштердің негізгі бір стильдік тәсілі.

Әрине, Орхон ескерткіштері поэзия емес дегенде, олардың ішінде поэзия үлгілерінің аралас жүретінін жоққа шығаруға болмайды. Оларда арагидік өлең-жыр шумақтары аз да болса ұшырасып отырады.

\* \* \*

Адамдар дүние кеңістігін симметрия заңы тұрғысынан қабылдайды. Олар өзін дүние кеңістігінің дәл ортасында тұрмыз деп есептейді де, кеңістікті екіге бөледі.



Тіршілік мүмкіндігі мол кеңістік бетті – *оң жақ*, тіршілік мүмкіндігіне қолайсыз жақ бетті – *сол жақ* деп атады. Мұны ежелгі түркілер «**төрт булуң**» (дүниенің төрт бұрышы) деді. Бұл төрт бұрыш: – ілгерү (*күн тоқсық*) – құрыяа (*күн батысқақ*); беріяе (*күн ортусы* – оңтүстік) – йырайа (*түн ортусы* – солтүстік) түрінде аталды.

Міне, ертедегі түркі халықтары өздерін тепе-тең төрт жағы бар аспан кеңістігінің ортасында тұрмыз деп есептеп қана қойған жоқ, олар өздерінің де төрт жағы бар деп, әрі өздері тұрған мекеннің де төрт жағы бар, яғни төрт географиялық-территориялық (мекендік) кеңістік бар деп ұғынды. Өздерінің іс-әрекеті (соғыс істері) осы төрт бағытта жүргізілді. Ал осы әрекетті баяндаған (шежіреге түсірген) кезде, әрекеттің бағытында да тепе-теңдік бар болып шықты. Бірақ әрекет, іс-қимыл біреу, бір сипатты болғандықтан, бұл төрт жақта (кеңістік ата-

уы да), төрт бағыт барысы да (қимылдың барыс бағытын білдіретін төрт атауыш сөз де) бір қимылға (қимыл сипатын білдіретін бір сөзге) тіреліп отырды.


Сөйтіп тепе-тең бағытта жасалған ұқсас әрекеттер тілге тепе-тең бағыттың тепе-тең формадағы атауын (сөз форманы) әкелді. Ал осы тепе-тең бағыттың бәрінде жасалған әрекет бір сипаттас болды да, бұл тепе-тең формадағы атау сөздерінің бәрі келіп әлгі бір сипатты әрекеттің атауына бағынып отырды. Немесе әрбір тепе-тең (не қарама-қарсы) бағытта жасалған әрекеттер тілде жеке-жеке баяндалды. Мұндай формаластық зат, я объект атауларында ғана емес, қимыл атауларында да көрініс берді.

Айталық, ежелгі түркі жазуларында өз іс-әрекетінің баяндаған түркі қағандары өздерінің соғыс қимылдарын геодезия тілі көмегімен білдірсе, олары мына суреттегідей болмақ.

Ал осыны тілдік, грамматикалық формаға түсірсе, мынадай болып шығады:

<b>Ілгеру</b> // күн тоғсыққа,	—	анта ічрекі будун
<b>Біргеру</b> //күн ортусыңару,	—	қоп маңа көрур,
<b>Қурығару</b> // күн батсықыңа,	—	анча будун қоп <i>імдім</i>
<b>Йырғару</b> //түн ортусыңару	—	

Мұнда да солай: **ілгеру** (*ілгері, күншығысқа*), **біргеру** (*оңға, оңтүстікке*), **қурығару** (*артқа, күнбатысқа*), **йырғару** (*солға, солтүстікке*). Бұлар – Түркі қағанатының территориялық-географиялық төрт бағыты, ал *күн тоғсық, күн ортусы, күн батсық, түн ортусы* – астрономиялық төрт бағыты. Ал осы сөздердегі ұқсас грамматикалық формалар поэзияға тән ұйқас заңымен жасалып отырған жоқ. Бағытты білдіретін біртектес, бір сипаттас (*йырыя – қурыя*) сөздер бір тәсілмен бұл текіске тәуелсіз жасалған: *іл-геру, бір-геру, қуры-ғару, йыр-ғару, тоғсықыңа, бат-сықыңа, орту-сыңару*. Мына текстердің құрылымы да осы сипаттас:

<b>I. йырғару</b> // оғуз будун т а п а ,		улуғ су екі
<b>ілгеру</b> //қытаң, татабы будун т а п а ,		иегірмі сү-
<b>біргеру</b> // табғач будун т а п а		ңүшідім
<b>II. ілгеру</b> // Шантуң йазыға т е г і сүледім,		





Айталық: «Түрк қара қамуғ будун тіміс: «Ілліг будун ертім, ілім амты қаны? кімге іліг қазғанурмен?» тір ерміс. «Қағанлығ будун ертім, қағаным қаны? не қағанға ісігкүчіг бірүрмен?» – тір ерміс. Анча тіп, табғач қағанға йағы болмыс. Йағы болып, ітіну-йаратуну умадук, йана ічікміс»

Осы тексттің төл сөз бен төлеу сөзін айыра көрсетсек, мына сипатта болар еді:

Бұқара түрік, барлық халық былай деген екен:

«Елді халық едім елім енді қані?

Кіммен елді құрармын? [дер екен]

Қағанды халық едім, қағаным қані?

Қай қағанға іс-күшімді беремін? [дер екен].

Бұлай деп табғаш ханның жауы болған екен. Жауы болып, итініп-салынып күш жинай алмай, тағы бағынған екен.

Осындағы төл сөз, шешендік сөз үлгісіндегі сөз – «Күлтегін» ескерткіші жазылғанға дейін көп бұрын туған сөз. Ескі шежіре тарихты жазушы бұрыннан айтылып жүрген сөзді пайдаланғанның өзінде де баяндау стиліне әрі дәлдік тәртібіне бағынып, әрбір төл сөйлемнен соң «*дер екен*» («*тер ерміс*») деген сөзді қосып отырады.

Осындай ерекшелікті мына текст аясынан да көруге болады (*тілін оңайлатып беріп отырмыз*):

Қурығару Кеңү Тарманка дейін түрк будунды анша қондырдык, анша [ел] еттік. Ол кезде:

Құл құлды болған еді,

Күң күңді болған еді,

Інісі ағасын білмес еді,

Ұлы әкесін білмес еді, –

Анша қураған [ел] қылған еліміз – жұртымыз еді.

Түрк оғуз бектері, будуны есітіндер!

Үсте тәңірі баспаса, аста жер тілінбесе, Түрк будун, [сенің] еліңді, жұртыңды кім бұзады?

...[мені] қаған [қып]отырты, Мүлкі мол будунға [хан боп] отырмадым: ічре ашсыз, ташра тонсыз йабыз-йаблақ будун үс-тінде [хан боп] отурдым.

...[Содан] соң тәңірі жарлықтап, құтым бар үшін, енші үлесім бар үшін

Өлмеші будунды тіргізіп еңсерттім [еңсесін көтердім].

жалаңаш будунды тонды [қылдым]

шығай будунды бай қылдым

аз будунды көп қылдым

Тіпті соңғы текстегі төрт жол Білге қаған қайтыс болғанда шығарылған жоқтаудың немесе көзі тірісінде арнай айтылған мақтау сөздің үлгісі де болуы мүмкін. Ауызша поэзияда бір кісіге оның тірі кезінде айтылған мақтау өлеңдер кейін ол кісі өлгенде айтылған жоқтау өлеңге оп-оңай ұласып отырады.

Мысалы:

Өлмеші будунды тірілтіп еңселеді.

жалаңаш будунды тонды қылды,

кедей будунды бай қылды,

аз будунды көп қылды.

Немесе:

өлтечі будунығ тірігру ігітміс

[өлмеші халықты тірілтіп еңсеген]

йалаң будунығ тонлығ қылмыс

[жалаң халықты тонды қылған]

чығай будунығ бай қылмыс

[шығай халықты бай қылған]

аз будунығ үкүш қылмыс

[аз халықты көп қылған], –

деген үлгіде айтылған сөзді шежіреші мына тарихи шығарманы жасау үстінде Білге қағанның аузымен айтқызып, текст ыңғайымен өзгертуі мүмкін.

Тіпті «Үлкен Күл тегіндегі» осы жолдар «Кіші Күлтегінде» сәл ғана өзгерген түрде кездеседі: «Теңрі; йарлықадуқын үчүн, өзім қутым бар үчүн қаған олуртым. Қаған олурып: йоқ-чығаң будунығ қоп қобартдым, чығаң будунығ бай қылтым, аз будунығ үкүш қылтым».

Шежірені жазушы бұл сияқты сөз үлгілерімен қатар, «Қызыл қаным төкті, қара терім йүгірті», «Көк качмыс, түн тірілміс», «Көзін көрмедүк, қулақын елімедүк» (көз көрмеген, құлақ естімеген), «сары алтун, өрүң күмүс», «сабы сүгіг, ағы йымшақ», «сүчиг сабы, йымшақ ағы» деген фразеологизмдерді де, мақал үлгілес сөздерді де орайы келгенде «айтушы автор» аузына салып отырады.

Міне, бұл сияқты сөз үлгілерін, жыр жолдарын шежіренің негізгі стилінен айыра, ажырата білу керек.

Ал түркі халықтарында ту баста ауызша туған жыр жолдары, шешендік сөздер бертінде туған осындай сөз үлгілерінен форма жағынан соншалық алыс жатқан жоқ. Себебі сөзді жасау құралы бір болды, ал бұл құралдың тәсілі әр кезде де бір сипаттас болды. Біз көне дәуір поэзиясын сөз еткенде, басқа емес, дәл осы сөз жасау тәсіліне сүйене отырып сөз етеміз. Ал мұндай тәсілмен туған сөз үлгілерінің көне дәуірде жазба ескерткіштерінде өте аз кездесуі бұл дәуірде болған поэзия туралы пікір айтуымызға ешқандай нұқсан келтірмейді.

К. Маркстің: «Можно априорно определить культурный уровень какого-нибудь народа, зная лишь, из какого металла – золота, меди, серебра, или железа – он изготавливают свое оружие, свои орудия или свои украшения» [9] деген көрегендік сөзі бар. Міне, көне дәуір ескерткіштерінде кездесіп қалатын бірді-екілі осындай сөз үлгілерін негізге ала отырып, сол дәуірдегі ауызша поэзия сипатын атауға да болады.

XI ғасырда М. Қашқари төмендегі өлеңді ел аузынан жинап алып, өз сөздігіне енгізген.

Алп Ер Тоңа өлді му?  
Есіз ажун қалды му?  
Өзлек өчін алды му?  
Емді йүрек йыртылур.

Улышып ерен бөрлейү  
Йыртып йақа үрлейү  
Сықырып үні йурлайу  
Сығтап көзі өртүлүр...

Түркілердің ұлы қағаны Тоңа Алп ер – Афрасиаб VII ғасырдан бұрын өмір сүрген. Жоғарыдағы өлең – осы Тоңа Алп ерге арналған жоқтау. Бұл жоқтау өлең кейбір тілдік (лексикалық, грамматикалық, фонетикалық) өзгерістермен сол VII ғасырдан XI ғасырға – М. Қашқари заманына келіп жеткен. Яғни бұл жоқ-тау жыр VII ғасырға дейінгі түркілердің тілдік нормасынан гөрі X–XI ғасырлар түркілерінің тілдік нормасына жақындаған. VIII ғасырдың басында жазылған «Тонукук» ескерткішінде:

Йуіқа ерікліг топлағалы учуз ерміс,  
Йінчге ерікліг үзгелі учуз ерміс:  
Йуіқа қалын болсар,  
Топлағулук алп ерміс;  
Йінчге йюған болсар,  
Үзгүлук алп ерміс, –

деген жолдар бар.

Ал бұл жолдар – **шешендік толғау өлеңнің үлгісі.**

Әрине, бұл сөз Тоңуқуқ білге-шешеннің өз сөзі болуы да мүмкін. Бірақ сөз үлгісі (жанры) Тоңуқуққа дейін де көп бұрын жасалған. Яғни түркі халықтарының ауызша әдебиетінде дидактикалық-философиялық мазмұндағы шешендік толғау да ескерткіш жазылған дәуірге дейін бар болған.

Өлеңнің мұндай түрін айтушыларды – жыраулар деп атады. Олар ру-тайпа басына **қаған** (хан), оның, **бек** (би), **шад**, **жабғу**, **тарқан** сияқты әкімдері отырғанға дейінгі ең ежелгі тайпалардың көсемдері еді. Бұл әкімдік орынға олар өздерінің, білгірлігі мен шешендігі арқылы келген. Олар өз кесім-үкімін, байлам-болжамын жырмен айтқан. Ал түркі тайпаларында (одан бұрын хундарда) хандық билік құрылған кезде, бұл тайпа көсемдері ханның (қағанның) ақылшылары болды.

### 3. «Күлтегін» ескерткіші авторының тарихта баяндалуы және оның таным-түсінігі

«Күлтегін» (немесе «Түркі қағанаты туралы сөз») – тарихи шығарма. Ескерткіштің авторы – Йоллығ тегін. Ол – өз дәуірінің ірі идеологы, саяси қайраткері, үлкен тарихшысы. Йоллығ тегін бұл еңбегінде Түркі қағанатының қашан, қалай туғанын, бұл қағанатты құрған ұлы қағандар мен батыр ұлдардың өмірбаянын, халықтың өз мемлекетін ұстап тұру үшін жүргізген ерлік жорықтарын айтуды мақсат еткен. Сонымен қатар автор күшті де айлакер Қытаң және Табғач сияқты империямен көршілік қарым-қатынастың ұзақ жылдық тарихын айта отырып, даланың аңқау, сенгіш жұртын бұл Қытаң, Табғач билеушілерінің айлакер саясатынан сақтандыруды нысана етеді. Қара бастарының қамымен болып, «екі тізгін, бір шылбырды бердік» дейтін бір-

тұтас елдікке нұқсан келтірген, алауыздық көрсеткен тақ мұрагерлерін – түркі бектерін қатты сынады, бірлікті, ынтымақты уағыздайды. Осының бәрін кейінгі ұрпаққа «ел тұтсықы» (мемлекет өсиеті, кодексі) етіп жазып қалдырып отырғанын айтады, түркі халқының бүгінгі жағдайын ескере отырып, келешегіне көз жібереді: *«Түрк беглер, будун, буны есідің! Түрк будунығ ел тутсықының бунта уртым», йаңылып өлесікінің йеме бунта уртым»* дейді.

Қысқасы, бұл тарихи-әдеби шығармада Ертедегі Түркілердің өзін, өзінің елдігін, айналасын тануы, өзін сол кездің тарихи-географиялық ортасында тануы, тарихи-саяси оқиғаларға баға беруі, оның себебін дәлелдеуі, болашақ жайлы толғануы сияқты халықтық сана, ой-пайымдаулары көрініс берген, елдіктің тынысы, өз дәуірінің үні айтылған.

Ертедегі түркі халқында осы «Күлтегінге» дейін де тарихнама болды ма? Әрине болған. Ол – халық жанында сақталған бабалардың шежіресі, солардың ерлік істерін мадақтаған жыр, аңыз, әңгімелер еді. Ертедегі Түркілерде ауыздан-ауызға көшіп, ел ішінде айтылып жүрген тарих болған.

Әрине, «Күлтегін» түркілері өздерінің Хун Ордасына барып тікелей тірелетін өздерінің шын тарихын өте көмескі білген. Олар арғы аталары жайлы тек бағы заманғы аңыз түрінде жеткен деректі ғана білген. Онда да атақты Оғыз қағанға қатысты шежірені, Оғыз қағанға қатысты тарихи жырдың аңызға, эпостық ерте-гіге айналған үлгілерін ғана білген (кейін ғылымды «Оғузнама» атымен белгілі болған шежіре мен батырлық дастан немесе «Оғуз қаған» деген эпос осы VI–VIII ғасырлар түркілерінің айтуында бізге келіп жеткен).

Олардың Хун Ордасынан басталатын бұл тарихты білмеуінің түрлі себептері болды: біріншіден, көне тарих пен «Күлтегін» түркілерін II–VI ғасырлар аралығындағы езгіде өткен 400 жыл бөліп жатты, екіншіден, VIII ғасыр түркілерінде ортақ билік династиясы тек VI ғасырдан – Тумын қаған мен Естемі қаған таққа келген дәуірден басталады, бұдан арғы ғасырларда ондай династия болған жоқ, үшіншіден, VI ғасыр түркілері жаңа рулық жігі бар жаңа халық болды да, өздерінен басталатын тарихтан арғы жердің бәрін мифке апарып тіреді [10, 222]. Өзге де ежелгі рулар

сияқты өздерін мифологиядан шығару VI ғасыр түркілеріне де тән болды.

Бірақ «Күлтегін» авторы VIII ғасыр түркілерінің тарихын осы түркілердің тарихи аренаға шыққан кезі – 6 ғасыр ортасынан ғана бастайды. Тумын қаған билік құрып, Түркі ордасын құрған дәуірден бергі 200 жылдық тарихты сөз етеді. Сөз жоқ, мұның өзі – мифтік, образды ойлаудан арылудың, таза тарихи тұрғыдағы ойлаудың көрінісі, шындықты танудағы аса зор прогресс еді.

Өткен тарихты, өзінің өткенін білу – әрбір кейінгі дәуірдегі ұрпақтардың білім дәрежесіне байланысты. Өткен тарихты бүгінгілердің керегіне айналдыру сол өткен тарихқа деген патриоттық сананың жемісі болса, ал бүгінгісін өткеннің озық дүниелерімен байыту – зор білгірліктің жемісі. Ал өткенді қай тұрғыдан баяндау – индивид-тарихшының танымы мен саяси-идеологиялық бағытына және тарих деп нені қабылдайтынына байланысты. Осылардың негізінде тарихи топшыламалар жасалады, қалыптасады және өткен тарихтың қандай сипатта баяндалуы белгіленеді.

Біз мұны «Күлтегін» авторынан да анық көреміз. Ол өткен екі жүз жылдық тарихты тәптіштеп түгел тізіп шығуды мақсат етпеген. Халық жадында аруақты образға айналған әуелгі екі қаған жайлы екі-үш ауыз ғана сөз айтады. Тумын және Естемі қағанның «түркі халқының мемлекетін құрып, билігін ұстап тұрғанын», «төрт жағын қаптаған қалың жауға әскер жүргізіп, тізеліні шөгеріп, бастыны жүгіндіргенін», шығыста Қадырқан тауы, батыста Темір қапығ арасын Көк Түріктің еркін жайлағанын», «қағандары, бұйрықты бектері ақылды алып болғанын, халықтың түзу болғанын», осындай ел ұстаған, билік жүргізген қағандардың да дүниеден өтіп кеткенін баян қылады.

Автор бұдан кейінгі қағандар билік құрған дәуірге – 553 жыл мен 630 жылдар аралығына көп тоқталмайды. Бұл дәуір туралы: «Одан кейін інісі қаған болған екен, баласы қаған болған екен, бірақ інісі ағасындай, ұлы әкесіндей етіп іс қылмаған екен, зердесіз қаған ел билеген екен, бұйрықшылары да біліксіз болған екен, жәутік болған екен» десе, былайғы жұртты: «бектері, халқы түзу жолдан шықты, табғач жұртының алдап берген сыйына

қызықты, біріне-бірін айдап салған аяр саясатының құлы болды, ағалы-інілер бір-бірімен кектесті жау болды» деп қана қояды.

Автор бұл дәуірде негізгі назарды Суй және Хань сарайының айлакерлік саясатына аударады және даланың аңқау жұртының сенгіш мінезіне, сый-құрметке қызыққыш, алдана салар аңқаулығына осы саясатты қарама-қарсы қояды: «Алтынды, күмісті, шарапты, жібекті есепсіз берер табғач жұртының сөзі тәтті, сыйы қымбат келеді, тәтті сөзімен, қымбат сыйымен алдап-арбап алыс жатқан халықты өзіне жақындатады, ал ақын қонған соң бұл халық олардың жаман пиғылдарын өзіне жұқтырады». Ал осы қулық торына түскен түркі халқының бір бөлегі туралы: «Тәтті сөзіне, қымбат сыйна арбалып, түркі халқы, көбің өлді... Жаман кісілер «Жырақ жүрсең, жаман сый берер, жақын жүрсең, қымбат сый берер» деп сені үгіттеді. Ақылы жетпеген кісілер ол сөзді қабыл алып, жақын барып, көп кісі өлді» дейді.

Мұнымен автор түркілердің біраз тобының Ордосқа барып қоныс тепкенін, сол жерде қатты жеңіліске ұшырап, қырғын тапқанын, тірі қалғандарын өздеріне- табғачтарға бағынғанын саясаттағы алданыс деп біледі.

«Күлтегіннің» «...жақын барып, көп кісі өлді» деген тарихи дерегі 630 жылдың оқиғасын мезгейді. 630 жылы Шығыс Түркі қағанатының Хйелі ханы (Қатты Ел хан) Суй сарайынан күйрей жеңілді. Қағанат құлады. «Түркілер Қытайға бағынды. Орталық империя оларға жат тұрмыс түрін күшпен таңды: егіншілік және тоқымашылық кәсіппен айналыстыру үшін оларды тұтқындар есебінде ішкі Қытайға қоныстандырды» [12, 257]. Оларды төрт губернияға, жиырма төрт округке бөліп, әрқайсысын басқаруға князьдар тағайындады. Қытайға күшпен апарып қоныстандырылған түркі халқының бұл бөлігі жат жерде 630–679 жылдар аралығында езгіде күн кешті. Суй әкімдігінің егінші, тоқымашы жұмыскері болды.

«Күлтегін» авторы осы түркілер жайлы былай дейді: «Түрік бектері «түрік» атын тастап, табғачша ат алып (қытайша дәрежені айтып отыр. – Қ.Ө.), табғачқа қарапты, текті ұл баласы құл болып, сұлу қыз баласы күң болып», «Табғач қағанға қолжаулық болып, елу жыл ісін, күшін беріпті; Табғач қаған үшін шығыста Бөклі қағанға дейін әскер жүргізіліпті. Табғач қағанға

ел алып, билік алып беріпті». Бұл жерде автор «жұрт болған елін тоздырып, қаған тұтқан қағанын өлтіріп», «табғачқа көшкен» бектерді, жұртты айыптайды және бұл түркілердің табғачтарға тәуелді болған мерзімін өте дәл көрсетеді.

Тарихта бұл түркілер тек 679 жылы ғана «Нишуфи князьді хан көтеріп, 24 округтің старшиналары түгел көтеріліске шығады» [10, 265]. Бірақ, көтерілісті қытай әскерлері күшпен басады.

«Күлтегін» авторы осы көтерілісті жалпы халықтық көтеріліс ретінде баяндайды:

«Түріктің күллі қара халқы сонда былай деген екен «Мемлекетті халық едім, мемлекетім енді кәні? Кіммен мемлекетті құрамын?.. Қағанды халық едім, қағаным кәні? Қай қағанға ісімді, күшімді беремін?... деп, табғач қағанға жау болған екен».

Бірақ автор көтерілістің жеңілуін бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған ынтымақтықтың жоқтығынан, екі тізгін, бір шылбырды ұстатар күшті көсемнің болмағандығынан деп түсіндіреді: «Жау болғанмен, итініп-тартынып, тез бірікпеген себепті, тез күш алып, бел алып кетпеген себепті жеңіліп, қайыра бағынған екен дейді. Тіпті, автор табғачқа тәуелді жағдайдан құтылып еркіндік алуға мұрындық болмады деп түркі бектерін қатты кінәлайды: «Түрік бектері мұнша ісін, күшін Табғач қағанға бергенін ойлап, қайғыланбады» деп, олардың бағынышты, құлдық жағдайға қорланбайтын зердесіздігін айыптайды.

Орталық империяның тарихында түркі халқының өз тәуелсіздігі үшін жасаған бұл көтерілісі «бүлік» деп аталғанын, «бүлікшілерге» қарсы Пхэй Хинь дегеннің қолбасшы болып тағайындалғаны жазылған. Ол кісі «680 жылы Хэй-Шань тауында бүлікшілерге қатты соққы берді, түгелдей талқандады. Өз қарауындағылар Нишуфу қағанды өлтірді, басын кесіп әкеліп, қайта бағынды» [10, 265] делінген.

«Күлтегін» авторы айтқан 50 жылдық тәуелді тарих осымен бітеді, 681 жылы түркі халқы қайта көтеріліс жасайды. Бұл жолы оларды Қутлу Елтеріс қаған бастап шығады.

Йоллығ тегін Елтеріс бастаған көтеріліске үлкен мән береді: «Үсте түрік Теңірісі, түріктің қасиетті Жері, Суы сонда былай деген екен: «Түрік халқы жойылып кетпесін, халық болып тұрсын» депті, солай деп әкем Елтерісті қаған көтеріпті»



дейді. Яғни «Түркі халқы жойылып, құрып кетпесін» деп «халық боп тұрсын» деп түркілердің «қасиетті Жері, Суы» мен түркілердің «Теңірісінің» өзі ұран тастайды. Қасиетті соғысқа, азаттық көтерілісіне жалпы халықтық аттанысты автор осылай басталды дейді.

«Күлтегін» түркі халқының азаттық үшін болған осы көтерілісінің тарихын, Түркі ордасының қайта құрылуын жан-жақты баяндайды. Бұл тарихта Қутлу Елтеріс қағанның «он жеті ермен» түркі халқын аралап жүріп, жұртты көтеріліске жар салып шақырғаны, оның ұран салғанын «естіп, халықтың жиналғаны», «жиналып жетпіс ер болғаны», бұл жетпіс ерді соңынан ертіп Елтеріс қағанның күншығыс пен күнбатысқа хабаршы – әскер жүргізгені, сөйтіп, «жеті жүз ер жиналғаны», бұл «жеті жүз ер мен мемлекетінен айырылған, қағанынан айырылған» халықты, күң болған халықты, билікті қолдан көтірген халықты қайта жинап, «арғы ата-баба орнатқан әкімдікті қайтадан орнатқаны» айтылады. Қытай езушілеріне қарсы күресте жеңіске жетіп, Түркі ордасын байырғы ата-бабаның орнатқан тәртібінше билеу барысында Елтеріс қаған мен Қапаған қағаның, Елтеріс балалары Білге қаған мен Күлтегіннің жүргізген саяси шараларын, ел іргесін сақтау үшін табғач татабы, отыз татар сияқты сыртқы жауға қарсы соғыстарын, тоқуз оғуз, он оқ (түркеш), қырғыз бектері мәжбүр еткен ішкі соғыстарын баян етеді, отыз бес жылдық тарихты баяндайды.

«Күлтегін» ескерткіші желісі жағынан екі бөлек. Ғылымда олар «Кіші Күлтегін» және «Үлкен Күлтегін» деп аталады. Егер «Үлкен Күлтегін» Түркі ордасы тарихының негізгі бөлігі болса, «Кіші Күлтегін» жазылу мерзімі жағынан кейін тұрғанына қарамай, осы тарихтың кіріспе бөлімі іспетті. Бұл кіріспе бөлім Көк Түрікке арнай айтылады, кейінгі бөлімде баяндалған тарихтың сабақтары жинақталып, қорытылып, тұжырымдалып айтылады да, келесі сөзді – «Үлкен Күлтегінді» «Ел тұтсықы» («Ел өсиеті») деп атайды.

Автор: «Түрік бектері, халық, мұны есітіндер! Түрік халқын жинап, ел тұтсықын осы [еңбекте] баяндадым. Жаңылып, жолдан тайып, өлер кезге жеткен өткен кездерімді де осында баяндадым. Нендей сөзім болса да оны мәңгі тасқа түсірдім. Бұны

көріп, біліндер. Түріктің ендігі халқы, бектері – таққа қызыға көз салғыш (тақ құмар) бектері, жаңылуға, жолдан азуға бейім тұрасындар-ау!» – деп үлкен ой тастайды. Одан соң «көңілдегі сөзімді он оқ оғлына, татына дейін арнадым. Мұны көріп біліңдер! «Мәңгі тас» соқтырдым. Бұл қасиетті орын, қасиетті жер! Осы қасиетті жерге «Мәңгі тас» соқтырдым, [өздеріне деген сөзімді] жаздырдым. Оны көріп, мәнін ұғындар!» деп өсиет мәнді **арнау сөзін** жазған.

Ал «Ел тұтсықы» («Ел өсиеті») деп аталған «Үлкен Күлтегін» үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлім – 550-716 жылдардың тарихы, екінші бөлім – Күлтегіннің 700-716 жылдары жүргізген ішкі-сыртқы жорықтарның тарихы, үшінші – Күлтегінге некролог.

Бірінші бөлімнің өзі төрт желіге құрылған: Түркі қағанатының құрылуы, Тумын қаған билігінен соң түркі бектерінің алауыз болуы, жат жұртқа тәуелді күйге түсуі, Елтеріс қағанның Түркі ордасын қайта көтеруі және Елтеріс пен Қапағанның, Елтеріс балалары Білгешад пен Күлтегіннің ішкі-сыртқы жорықтары.

Осында көңіл бөлетін бір жай бар. Күлтегін 731 жылы қайтыс болды. Бірақ автор бірінші бөлімді де («Түркі қағанаты тарихын» да) және екінші бөлімді де («Күлтегін батыр туралы сөзді») 716 жылдың оқиғасы мен – таққа қағанның келуімен аяқтап, бұл екі бөлімде де «Күлтегін қайтыс болды» деп бітіреді. Арадағы он бес жылдың тарихы жазылмайды. Автор Қапаған қағанның тоғуз оғуздар қолынан өлуін де, Білгенің таққа келуі кезіндегі сарай төңкерісі жайлы да, сарай төңкерісі кезінде Күлтегін жүргізген күресті де сөз етпейді.

Ал «Күлтегін некрологы» үш бөлек: бірінші – Күлтегінге арналған «Қоштасу сөз» (жоқтау сөз), екінші Күлтегіннің асына (жерлеуіне) қай-қай елден кімдерді келгендігі жайлы ұзын тізім, үшінші, Күлтегіннің қашан, қанша жасында өлгені, ескерткіш «бітік тастың» қай кезде қойылғаны жайлы дерек.

Қорыта айтарымыз, «Күлтегіннің» авторы өз кезінің қоғамдық пікірінен бөлектенбейді. Ол болып өткен және болып жатқан жағдайларға баға бергенде түркі халқының, қағанаттың ортақ мүддесі талабы тұрғысынан келіп отырады. Сол үшін де

«Күлтегін» авторы көтерген ой-пікір – өз кезінің ортақ қоғамдық ой-пікірі.

«Күлтегінде» автор, біріншіден, Түркі ордасын VIII ғасыр ортасында Табғач сияқты ірі империяның жаулап алуын, жат жұртқа кіріптар болған түркі халқының азаттық күресін баяндайды. Бұл тұста «Күлтегін» авторының пікірі жалпы түркі халқына ортақ пікір болып келеді. Екіншіден, «Күлтегін» авторы Түркі ордасын нығайту, бір орталыққа бағынған мемлекетті құру жолында қағандар жүргізген әрекеттерді, түркі тайпалар бектерінің бұл тұстағы ішкі алауыздығын, Табғач қағаннына сатылып, соларды жақтап жүргізген іс-әрекеті, т.б. баяндайды. Автор түркі жер-суының бүтіндігі үшін қағанаттың тұтастығы үшін кіші хандар мен бектерді тізгіндеп ұстауды, олардың қарсылығын күшпен басуды дұрыс деп қолдайды. Бұл жерде автор хандық үкіметтің мүддесін қостап, құптап отыр. Үшіншіден, «Күлтегінің негізгі қаһарманы, қозғаушы күші, сөз етер объектісі **халық, түркілердің жері, суы.** «Күлтегінде» түріктердің жер-суы мен түркі халқының белсенді әрекет-қимылы мол көрсетілген. Табғачқа тәуелді күйден құтылу үшін бірінші болып үн қатқан да халық, автор «Түрк қара қамуғ будун анча тіміс», «Үзе түк теңрісі, түрк ыдук йері, суы анча тіміс» дегенді жиі айтып отырады. Ал қағандар әрекеті халық мүддесін көздеуші ретінде баяндалады. Сол үшін де «Күлтегін» сөзі тұтастай «түрік будунына» арналады. Төртіншіден, «Күлтегін» авторы өз кезінің идеологы. Ол Суй сарайының түркі халқына қарсы жүргізіп отырған идеологиялық күресін ашық әшкерелейді, империяның «дала халқын» қымбат сыймен, жақсы уәдемен өзіне қарату, бір-біріне айдап салу сияқты саясатының бетпердесін сыпырады.

Бесіншіден, «Күлтегін» авторы Түркі ордасының әкімшілік территориясы шығысы Хинган тауынан, батысы Арал теңізіне дейін, ал оңтүстігі «Йашыл өгүзге, Хуанхэ (Қуаң, Сары өзен). Ордос жайлауына дейін созылып жатқанын», осы географиялық ортаның тұтастығы үшін Ертедегі Түркі қолы жүргізген ерлік соғыстарды мақтанышпен айтады. Бірақ автор соғыс жүргізіп барып қаратып алған, өзге елмен шектесетін мекеннен Ертедегі Түркілер әуелде орда көтерген мекенді «түріктің ыдук (қасиетті) жер-суын» бөліп айтады. Ол – **Орхон өзені, Өтүкен**

**тауы, Алтай мен Жоңғар** (*Сол қар – Сол қол*). Ол – **Алатау** сілемдері, **Іле** бойы. Автор осы «ыдуқ жер-суда» түркі халқын қозғалмай отыруға үгіттейді. Түркі ордасының бөлініп, жерді тастап, қаша көшуге, әсіресе, Хуанхэ өзеніне, Ордосқа қарай баруына қарсы. Ол: «Сен көшпе, ол жерге барсаң, түркі халқы, құрып бітесің. Өтүкен жерде отырып, алым үшін керуен жіберіп тұрсаң, дүниең көп, қайғың жоқ болады. Өтүкенде отырсаң мәңгілік бірлігің бұзылмайды»– дейді.

Ал бұлардан мынадай жайлар аңғарылады: «Күлтегін» түркілерінің өз бірлігі мен елдігін сақтау жолындағы әрекеті, өз болашағына деген үміті мен қаупі, Табгач сияқты империядан келетін қауіптен сақтануы анық көрінеді. Сонымен қатар тарихты әсірелеусіз, мифсіз, шындық аясында баяндай білген біліктілігі көрінеді, өздерінің сол тұстағы жағдайын еларалық көлемде, сол кездің күн тәртібінде тұрған тарихи проблемалар аясы тұрғысынан қарай алатын саяси білімділігі анық аңғарылады. Сол сияқты Түркі ордасының өткен тарихын, ішкі-сыртқы соғыстарын, тақ тартысын, бұқара халықтың көңіл күйін, соғыс суреттерін, қаған мен бектердің олардың халықтық және жекебастық мүдде-мақсаттарын – барша-баршасын соншалық қисынды тілмен жеткізудің форма-моделін табу, сөйтіп, біртұтас шығарма жасау сияқты жазушылық шеберліктері көрініс береді. Бұлар – үлкен әдебиетке ғана тән ерекшеліктер.

Бұдан 1250 жыл бұрын жазылған «Күлтегін» сияқты тарихи шығарма авторы Йоллығ тегіннің өз заманының тарихы мен әлеуметтік-саяси жағдайын баяндау дәрежесі, ой-өрісі, ойлау қабілеті, жазушылық шеберлігі, міне, осындай.

«Күлтегін» ескерткіші – Ертедегі Түркілердің «ыдуқ жері, суы» мен әкімшілік территориясының сөзге түсірілген картасы, өз кезінің тарихи актісі.

#### **4. Ертедегі түркілердің поэзиясы**

VIII ғасыр жазба ескерткіштеріндей емес, одан бергі дәуірдегі (XI ғасырдағы) ескерткіштерде, сол кездегі түркі тайпалары арасында айтылып жүрген поэзия үлгілері мол ұшырасады.

М. Қашқаридың «Сөздігінде» келтірілетін өлең үзіктеріне, олардың мазмұнына зер салсақ, атақты филологтың осы мұра-

ларды әр рудан, әр тайпадан, әртүрлі мекеннен жинағанына көз жеткізуге болады. Мысалы:

Бузруч йеме құдурды  
Алпағутын азырды  
Сүсін йана қадырды  
Келгелімет іркешүр

[Бузруч тағы құтырды  
Алыптарын топтап бөлді  
Әскерін және қайырды  
Келу үшін топтасар], –

деп келетін өлең үзiгiнде *йабағу* тайпасының бастығы Бузручтың өзге бiр тайпаға соғысқа дайындалып жатқаны айтылады. Өлең жұртты Бузручтың шабуылын тойтаруға үндейдi. Бұл қай ел едi?

«Сөздікте» сондай-ақ «Жауға шап» деген өлең де бар:

Тан ата йорталым  
Бузруч қанын іртелім,  
Басмыл бегін өртелім  
Емді йігіт йувулсун!

Бұл өлең Бузруч батырдың қанын жоқтап, Басмыл тайпасына қарсы аттан салған йабағы тайпасында туған. М. Қашқари «Сөздіктің» енді бiр жерінде:

Отгуз ічіб қықралым,  
Йоқар қобуб секірелім  
Арсаланлайу көкрелім  
Качты сақынч севнелім, –

деген өлең шумағын келтіреді де, былай дейді: «Үшті *отыз* сөзімен айтушылар да бар. Мен мұны Көңгүтте йағмалардан естідім. Олар «*отгуз ічелім*» деп үштен ішкенін өз көзіммен көрдім. Өлеңде *отыз* сөзі *үш қайтара* деген сөздің мағынасын береді».

Демек, бұл үзік *йағма* тайпасына тән.

«Сөздікте» М. Қашқари *Етіл* деген атаудың қыпшақ еліндегі бiр дарияның аты екенін айта отырып:

Етіл сувы ақа турур  
Қайа түбі қақа турур

Балық тілім бақа туруп

Көлүң тақы күшерүр, –

деген өлең шумағын келтіреді. Сөз жоқ, бұл өлең Етіл өзені бойында болған тайпалардың біріне тән. Мына үзіндіде де солай:

Авлап мені қоймаңыз  
Айық айып, қаймаңыз,  
Ақар көзүм өш теңіз  
Тегре йүре куш учар

[Көңлімді аулап, қоймаңыз,  
Уәде айтып таймаңыз,  
Көз жасым ағар теңіздей  
Айнала шүйіп құс ұшар.

Йүкүнүп маңа ымлады,  
Көзүм йашын йамлады,  
Бағрым башын емледі,  
Елкін болуп ол кечер

Жүгініп маған ымдады,  
Көзім жасын құрғады.  
Жарасын бауыр емдеді,  
Елекем болып ол кешер].

Осы үзіндіге мағыналас әрі формалас тағы да екі шумақ бар. Жігіттің қызға арналған бұл ғашықтық жыры сөз жоқ, оғуз бен қыпшақтың біріне тән. Өйткені мұнда *қой* деген етістік сөз кездеседі. Бұл дәуірде түркі тілдері *д/дз/й* түрінде жіктелгендіктен, *қой* етістік сөзі | *қод* || *қодз* || *қот*), әрі *қой* түрінде әр жерде әртүрлі айтылған.

Егер М. Қашқари дәуірінде *қой* түрінде айту тек қыпшақтарға ғана тән болғанын ескерсек, бұл жырда қыпшақтар арасында туған деуге әбден болады.

Бұл пікірді М. Қашқаридың осы өлеңге қатысты грамматикалық формалар мен жеке сөздерге берген түсініктемесі дәлелдей түседі. Ол былай дейді: «көптік үшін *барыңлар қамуг* дейді. Тыңдаушы жасы үлкен құрметті кісі болса, біреу болса да, құрмет көрсетіп, көптік формасын қолданады: «*барың*» дейді. Тегінде мұның мағынасы *барыңлар* деу. Оғуз бен қыпшақтар даралықта *бар*, көптікте *барың* дейді. Олар *лар*-ды түсіріп қолданады: –*лар* орнына тыңдаушы біреу болса да –*ыңыз* қолданады». Бұдан соң ол «мына үзіндіде де оспай келеді» деп барып, жоғары «Авлап мені қоймаңыз» деп басталатын бір шумақ өленді келтіреді.

Ал екінші шумақта «*елкін*» сөзі бар. Бірақ «*өтрук*» деген сөзге қатысты өзге бір жерде М. Қашқари «*Өтрук отун ағрылайу йүзге бақар, Елкін ташуп, бермиш ашығ башқа қақар* –

өтірікші, оттама ұрыдай бетке қарар жолаушыны қуып, берген асын басына соғар» деген өлеңді келтіре отырып, «*өтрук* – айлакер, алдамшы (оғуздарша)» дейді. Ал «*елкін*» сөзіне келсек, «Древнетюркский словарь» (1969) бұл жайлы «**елкін қыпшақ оғуз, путник, странник**» (675-б.) дейді. Қазақта «ел жатса да *елекем* жатпайды» деген мақал бар. Осындағы «*елекем*» сөзі байырғы «елкін» сөзімен бір.

Демек, бұл тілдік фактілер де жоғарғы «Авлап мені қоймаңыз» деп басталатын өлеңнің қыпшақтарға (не оғуздарға) тән екенін дәлелдемек.

Осы деректерге қарағанда «Сөздіктегі» өлең-жырлар түркі тайпаларының біреуіне ғана тән болмаған. М. Қашқари оларды әр тайпадан, әр мекеннен жазып алған. Бірақ бұл жырларды белгілі бір тайпа тіліне тән белгілері анық көрініп тұратынына қарамай, түркі халқының X–XI ғасырлардағы (әсіресе, ауызша поэзиясының) үлгілері деп тану керек.

Бұл поэзия үлгілерінде әр алуан жанр ізі анық көрінеді. Олар мазмұнына қарай: табиғат-наурыз жырлары, ғашықтық-жастық жырлары, жоқтау жырлары, ерлік-жорық жырлары, тұрмыс-салт жырлары болып бөлінеді.

Біз енді осы жырларға қысқаша шолу жасалық.

### Табиғат-наурыз жырлары

Бұл дәуірдің табиғат жырларында адамды қоршаған табиғат құбылыстары шебер суреткердің сезім көзімен танылып, көркем бейнеленеді. Жайнаған жаз, масаты кілемдей құлпырған жер, туған жердің аң-құсы мен жан-жануары – бәрі-бәрі көркем суреттеледі. Ақын:

Иай барубан еркүзі,  
Ақты ақын мундузы,  
Туғды йаруқ йулдузы,  
Тыңла сөзүм күлгүсүз!

Түрлүк чечек йарылды  
Барчын йазым керілді.  
Ужмақ йері көрүлді  
Тумлуғ йана келгүсүз,

Ағды булыт көкрейү,  
 Йағмур толы секрейү  
 Қалық аңы үкрейү  
 Қанча барыр белгүсүз, –  
 деп жырлайды. Табиғат құбылыстары, олардың ерекше көзге түсетін қасиеттері жан-жақты қамтылған:

Жаз келді тоң жібіді  
 Ақтарыла сел жүрді,  
 Туды жарық жұлдызы,  
 Тыңда сөзді күлкісіз.

Түрлі шешек жарылды,  
 Барқыт жазым жазылды,  
 Ұрмақ жері көз ұрды,  
 Суық қайта келгісіз.

Шықты бұлт күркіреп,  
 Жаңбыр, бұршақ сіркіреп,  
 Жел айдады дүркіреп,  
 Қайда бармақ белгісіз?

Тіпті осы бір табиғат суреті кешегі Абай, Ыбырай дәуіріне дейін өзгеріссіз келді деуге де болады. Табиғатты, тіршілікті, дүние болмысын қабылдаулары, сезінуі мен тануы да тым ұқсас.

Сәуірде көтерілер рахмет туы  
 Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.  
 Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,  
 Жайылар жер жүзіне қардың суы.

Ұрмақтың бір сәулесі жерге түсті.  
 Өсірер жерден шөпті нұрдың буы.

XIX ғасыр ақыны сонау Ертедегі Түркі ақынынша жырлайды. Өзгешелік тек өлең формасында ғана.

### Ғашықтық-жастық жырлар

Бұл дәуірдің ауызша поэзиясы ғашықтық жырларға өте бай. «Ғашықтық тілі – тілсіз тіл, Көзбен көр де, ішің біл» деп Абай суреттеген ішкі сезім әлемінің нәзік қырларын тілмен айтып



жеткізу де үлкен жетістік. Бұл, біріншіден, мәдениеттің, мәдениеттіліктің жемісі болса, екіншіден, поэзияның толыса бастауының белгісі.

Ертедегі жазба ескерткіштерден белгілі, ежелгі түркі халықтары тілінде «өз» деген сөз көп кездеседі. Ол, біріншіден, а) *барлық, мән*; ә) *адамның өзі* – «мен өзүм»; б) *өзінікі* – «өз тілі өз башыны йейүр» сияқты мағынаны білдірсе, екіншіден, – *өмір* – «өз қысылур» – *өмір қысқарар; өзек; іші* («йығач өзі» – «өзүм ағырды» – *ішім ауырды*) деген мағына берді. Сол сияқты қазіргі тілде басқа мағыналық реңк алған «қойын» < «қон» сөзі **кеуде** мағынасында қолданылады. Міне, осы екі сөздің тіркесінен жасалған «өз қонуқы» деген сөз «*кеуде ішінде әрекет ететін нәрселердің*» аты ретінде жұмсалды, бұл сөз кейіннен араб тілінен енген «*рух, жан*» деген сөздің қызметін атқарды. Осыларға өте жақын түбір сөз – «*өд*» (*өдз*) (*өзек, іш*) сөзі әрі «*үд* (*үдз*) > (*үдік үздік*)» – *өте жақсы көру, құмарту, ынтықтық* сөзі ретінде де жұмсалынды. Бұлардан басқа «махаббат» деп аталатын қатынасқа қатысты ішкі әрекеттерді білдіретін: *сев /сүй/, сақының* (іштей құса болу), *қадғу* (қайғы), *қомы* (сағыну, мұңдану), т.б. сөздер болды.

Адамның ішкі мүшелерінің атаулары *көңүл* (жүрек), *йүрек, бағыр* (бауыр), *өкпе* (өкпе) сияқты сөздер осы махаббат сезімін суреттеуге қызмет етті. Ал осы сөздерден: *йүрек йарды, йүрек йыртты* (жүректі тілді), *көңүл йалынуды* (жүрек өртенді), *көңүл булған* (көңіл тұтқын болды), *көңүл урды* (көңіл құлады), *көңүл ал* (көңілін алды), *көңүл бер* (көңілін берді), *көңүл бағлайу* (көңілім, жүрегім байланды), *өкпе, йүрек қағрулар* (*өкпе, жүрек қуырылды, өртенді*), *йүрек еріді* (жүрек еріді), *көңлүм емітті* (көңілім, жүрегім емседі, еміренді), *көңлүм қайнайу* (көңілім қайнап тасыды), *бағрым башын қартдымі* (бауыр жарасы жаңғырды), *бағрым башын емледі* (бауыр жарамды емдеді), *үдік қомытты* (ынтық жабықтырды), *өзүк/оты тутунуп* (ынтық оты тұтанды), *ішім йығлайу* (ішім қан жылады), *үдік күчейүр* (ынтық күшейді, ұлғайды) деген сөз тіркестері жасалды.

Ғашықтық тіліне сүйген арудың жүзі, көзі, көркі де сөздік материал болып енді. Осы сөздердің қатысуымен жасалған тіркестер махаббат тілінің нәзік иірімдерін жеткізе білді: *қарақ*

булнады (көзі тұтқындады); толун айын йүзі йүрек йарды (толған айдай жүзі жүрегімді жарды), көзум йаруқы... (көзімнің сәулесі болған); көзум йашын йамлады (көз жасымды құрғатты); ақтурур көзум йулақ (көзім сел боп ағар), көзі айалвын //йалвын көз/көзі сиқырлы //сиқырлы көз), өлес көз (мұнды көз), толун айын йүзі (жүзі толған ай), башлағ көз (жаралы көз), т.б. эпитетті тіркестер болған. Сол сияқты: йүз-көрк, меңіз йүз, көрк-меңіз (образ, форма), көрк-йараши (көрік сәні, жүз жарастығы, грация), сілік (сұлу, таза, пәк, әдемі), арығ (сұлу, таза, пәк), арығ-сілік, т.б.

Ертедегі Түркілерде осы сипатты адамның ішкі жан дүниесінің сан түрлі сиқыр сезімдерін білдіретін сөздік материалдың болуын, бір жағынан, рухани мәдениеттілік деп, екінші жағынан, әдебиеттің мәдениеттілігі деп санау қажет.

Поэзиядағы сезім тілі лирика жанрын туғызды. Бұл махабат лирикалары сезімді тербер өте нәзік мұнды сазымен, көңіл толқытар құсалы әуенімен, бояуы қанық, айшықты да әсерлі тілімен ерекшеленді. X–XI ғасырлар әдебиетінде поэзияның осындай үлгісі болды. Бұл көркем үлгіні түркі халықтарының сол дәуірдегі көшпелі тұрмысынан, осы тұрмыстың салт-дәстүрінен, салт-салтанатынан, осы салт аясында, табиғат бесігінде дүниеге келген олардың қуанышынан, қайғы-зарынан, көңіл күйінен бөліп алуға болмайды.

Барды көзум йаруқы,  
Алды өзүм қонуқы.  
Қанда ерінч қанықы,  
Емді узын удғурур.

Үзік мені қомытты,  
Сақынч меңе йумытты.  
Көңлүм аңар емітті,  
Йүзүм менің сарғарур.

Осы жолдардағы ғашықтық сезімге құндақталған сөздердің мағынасын, ол мағынаның реңкін, бояуын, әсерін сонау XI ғасыр адамдарына қабылдау мүмкін емес. Бізге осы тамаша ескерткіштен сөз-формалар, сол сөздердің араға мың жылды салған мағыналық жаңғырығы ғана көрінеді де, сол заман адамдарының сезім сипаты, оның сөздегі формасы, мағына аясы,

түсінігі, танымы, идеясы өте күңгірт елес береді. Біз өткен заманның поэзиясында жасалған бұндай көркемдік әлемге тек перде сыртынан қарап отырғандай әсерде боламыз, көп тұсына көзіміз айқын жетпейді, көптеген суреттеулер көңілге қона қалмайды. Мұндайда жеке сөздің мағынасын арнаулы сөздіктерге қарап білуіміз сол сөздің қатысуымен жасалған біртұтас көркемдік картинаны тануымызға толық кепіл бола алмайды.

Біз сол заманнан жеткен «Аужар өлең» атты ескерткішке де осы тұрғыдан қараймыз. Бұл ескерткіш пен біздің арамызды бөліп жатқан уақыт ескерткіште өрнектелген сол заман адамдарының психологиясын, эстетикалық талғамын, көзқарасын, салттық ұғымдарын жете білуімізге, терең тануымызға кедергі келтіреді.

Ертедегі Түркілерде «қалыңмал төлеу» сияқты әдет-ғұрып тұрақтанғанмен, оны сақтау-сақтамауда біршама еріктілік болған. Егер «Қалың берсе қыз алыр» деген түркілердің мақалы «қыз алудың» шарты – «қалың беру» екенін анық бұлтарыссыз кесіп айтса, ал «қызымын қалыңсыз бертім» деген сөздің астарында мақтаныш, еркөңілділік, сонымен бірге әкенің қыздың қалауына лайық «жол жасауы» сияқты өзгеден ерекшелену ізі де жатыр. «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз жоқ» деген мақалдың төркіні де осыған жақын.

Қыз бен жігіттің көңіл қалауы мен дәстүр арасындағы күресте көбіне «үлкендердің ұйғаруы» басым түсіп жатқан соң, көңіл өз қалауын, өз қызығын жоқтайтын болған. Жоқтау (құса-сағыныш) жырлары осылай келіп туды.

Алысқа кеткен сүйгенін аңсаған жас:

Өзік оты тутунуп,

[Ынтық оты тұтанып,

Өпке-йүрек қағрулур.

Өкпе-жүрек өртенер.

Түн-күн туруп йығлайу,

Күні-түні жылаумен,

Йашым менің саврулур.

Жасым алдым сел етер], –

деп, жас төксе, ал енді біреуі көз алдында кете барған сүйген жарына:

Йығлап үзу артадым,

Бағрым башын қартадым.

Қачмыш қутуқ іртедім,

Йамғур күні қан сачар, –

[Жылап артынан іздеп жүдедім, бауырымның аузы біткен жарасы қайта жаңғырды, құт-бақытым қолымнан қашты, соны артынан іздедім, көзімнен қанды жас жаңбырша төгілді] деп көкірегін жайлаған мұңы мен зарын ақтарады.

Қорыта айтқанда, сол X–XI ғасырларда ғашықтық сахнасында ауызша және жазбаша туған поэзияның тамаша үлгілері күні бүгінге дейін өз құнын жойған жоқ деп білеміз.

### Жоқтау өлеңдер

Қазақ халқының ұлы перзенті М.О. Әуезов жоқтау жырлары жайлы былай дейді: «Қазақта дүние салған адамды жыл бойына, ас бергенге дейін жоқтау салты ежелден бар. Өлген адамның әйелі немесе шешесі мен қарындасы оны күніне екі рет таңның атуы, күннің батуы жоқтауға тиіс болған. Оған арналып шығарылған жоқтау өлеңде оның қадір-қасиеті мақталады, оның қазасының орны толмас өкініші, ауыртпалығы айтылады... «Жоқтаудың» өзіне тән аянышты, қайғылы сазы болады. «Жоқтаудың» образдық-поэтикалық желісінде салыстырыла алынған бейнелер мен теңеулер көп ұшырасады. Өлген адамды мадақтағанда бояуы қалың эпитеттер мен метафоралар қолданылуы шарт.

Үй ішінің қайғы-шерін білдіретін өлеңнен «жоқтау» кейде жалпы адам баласына ортақ тақырыптарды қозғайтын, терең де түбегейлі, ой тербейтін өлеңге айналады» [11].

Ертедегі Түркі әдебиетіндегі жоқтаулар өзінің барша мазмұны мен сөз саптау тәсілі жағынан осы бір анықтаманың аясына сыйып тұр. Сол заманның әдебиетіндегі жоқтау жырлардың айқын сипатын «Алп ер Тоңа өлді мұ?» деген жырдан көруге болады.

Алп ер Тоңа елді мұ?  
Есіз ажун қалды мұ?  
Өзлег өчін алды мұ?  
Емді йүрек йыртылур, –

деп келетін ұзақ жоқтауда әуелі Тоңа алп ердің дүниеден өтуі, дүние-мүлкінің иесіз қалуы, алмай қоймас ажалдың алып ерді

мерт етіп, өлімнен қорықпаған батырдан өшін алғаны айтылады. Сол сияқты бұл ауыр қазаға елдің қабырғасы қайыса қайғырғанын, жорықта жолдас болған ерлердің аттарын болдырып, қайғымен жүздерін солдырып, бөрідей ұлысып, өкіре, өкси жыласып, ат қойып келгенін айтып кетеді. Бұдан соң осы өлімнің халыққа ауыр тигенін баяндайды. Ендігі бір жерде Ер Тонаның жұртқа қамқоршы болған кездерін еске түсіріп, сол бір шуақты күндерді «аһ» ұра жоқтайтынын айтып өтеді. «Күлтегін» ескерткішінде *«Өд теңрі йасарл, кісі оглы қоп өлгелі төрүміс»* деп келетін жоқтау сияқты бұл өлімнің жұрттың бәріне ортақтығы, сұм ажал өзінің тұзағына жұрттың бәрін түсіретіні, осы ажалдың бектердің бегі Тоңа алыпты да алып кеткені сөз болады. Ажал алдында ешкімнің де көлденең тұра алмайтындығы, оның мың түрлі опаты болатындығы айтылады. Енді бірде жоқтау сарыны тыңдаушысына қарай ойыса бастайды.

Тірілерге өсиет айтады. Осылайша, адамдарды Тоңа алыптың қазасына әрі мойындатады, әрі пенденің өлімге шүкіршілікпен қарау керек екендігін шегелей түседі.

Бұндай қаза жыры дүние салған батыр ұлды жоқтау ғана емес, сондай-ақ замана туралы толғау да. Мұнда философиялық таным мен түйіндеулер кездеседі. Мұның өзі сол заманның әдебиеті үшін үлкен жетістік.

Осыдан шамамен 1200–1300 жыл бұрын дүниеге келген жоқтау жырлар XIX ғасыр жоқтау жырларымен үндесіп жатыр. Бұл – өзара бірлікті көрсетеді. Ал бұл бірлік – сонау байырғы жоқтаулар мен кешегі жоқтау жырлар арасындағы үзілістің болмағанын байқатады.

### Ерлік-жорық жырлары

М. Қашқари заманында, тіпті оған дейін де түркі халқының ауызша поэзиясында соғыстың тарихын баяндайтын, ерлікті, батырлықты мадақтайтын өлеңдер өте көп болған. Өйткені жауынгершілік психология үстем болған ол дәуірдегі көшпелі елде соғыс өмір сүрудің бір қажетті құралы ретінде болды да, ал бұл соғыстарды жырлау, мадақтау салтқа айналды.

Түркі тайпалары сол XI ғасырға дейін, әсіресе, VI–VIII ғасырларда «ұлы жорықтарға» көп шықты. Осы жорық жолдарын мадақтай баяндау сол VIII ғасырдың өзінде жазылған «Күлтегін», «Тоңукук» сияқты әдеби ескерткіштерде мол орын алған. Бұл шығармаларда сырттай өлең жолына ұқсас келетін біртектес сөйлемдер жиі ұшырайды:

Елдісін елсіз еттік,  
Қағандысын қағансыз еттік.  
Жауды ел еттік,  
Тізелісін шөгердік,  
Бастысын жүгіндірдік.

Академик М. Әуезов IX–X ғасырларда «Қырғыздардың ұлы мемлекет» құрғанын, осы кезде «ұлы жорықтар» жасағанын, осы жорықтар қырғыздың «Манас» жырының әуел бастағы нұсқасын тудырғанын айта келіп, «Манас» сол «ұлы жорықтың» тұсында немесе соған іле-шала шығарылған болуға тиіс» дейді. Қырғыздар сияқты, өзге түркі тайпалары да сол заманда «ұлы жорықтардың» салтанатын баяндаған жырларды көп шығарған. Оларды сол соғыстың куәгері батырлар мен қолбасшылардың жанында жүрген ақын-жыраулар шығарды. Бірақ соңғысы мұны өз атынан емес, көбіне қолбасшы батырлар атынан жырлап отырды. Ертедегі Түркі әдебиетіндегі бұлайша екінші бір кісінің (толғау жырларда жеке батыр, хан атынан, ал эпостық жырларда кейіпкердің монологаы түрінде) атынан сөз шығару салты бергі дәуірде қазақ әдебиетінде Махамбет ақынға дейін келіп жетті.

М. Қашқари осы жырларды ел ішінен жазып алды. Бірақ оларды «Сөздік» талаптарына сай ғана пайдалана алды. Сөздерді талдау және таңдау ниетімен бұл жырлардың біразын «Сөздікке» түгелге жуық енгізсе, біразын жарым-жартылай ғана немесе үзінді түрінде келтірген.

«Сөздіктегі» үзіктерді әрі мазмұнына, әрі ұйқасына қарай жіктеп топтағанда, көлемі әжептәуір бес-алты жорық-жырының басы құралады. Олар: «Мен жеңбесем кім жеңер» (44 жол), «Мыңлақ елін алғанбыз» (24 жол), «Таңғутқа жорық» (32 жол),

«Үдіре қуып» (24 жол), «Жауға шап» (16 жол), «Соғыс» (24 жол) сияқты өлеңдер.

Бұл жырларда «Тоқтамыс жыры» мен «Орақ – Мамай жырындағы» батырлар монологына, тіпті бергі Махамбеттің өршіл жырларына ұқсап кететін сарындар мол.

Мысалы:

Кеме ішіне отырып,  
Іле суын кештік біз.  
Ұйғыр жаққа бет қойып,  
Мыңлақ жұртқа астық біз.

Түнделетіп бастық біз  
Тұс-тұсынан бостық біз.  
Ат жалдарын кестік біз,  
Мыңлық ерін пістік біз.

Бұл «Мыңлақ елін алғанбыз» деген жырда өктем-үстем сес, мадақ-даңқ үні бар. Өлеңде жорық жаңғырығы, жеңіс ырғағы сол қалпында беріле салған. «*Фурхаң үйін жықтық*», «*бурхан үстіне т...қ*» деген сияқты жұрттың жеңілген жауы мен жауының қаласын ойрандап, тұлымдысын тұл қылған, кекілдісін күң қылған жорықтар жайлы өлеңдегі мінез XIX ғасырдағы Махамбетке дейінгі («Керегесін керту», «туырлығын тілу», «Қанекедей көріктіні тегін олжа қылу», т.б.) поэзияда кеңінен көрініс берді. Бұл мотив XI ғасырдан XIX ғасырға дейінгі барша ерлік-жорық жырларына ортақ боп келеді.

### Үйлену-салт жыры

Халық поэзиясының өзге түрлері сияқты X–XI ғасырлардағы түркілерде үйлену-салт жырлары да басым болды.

Әрине, бір жыр түрінің пайда болуы үшін бұл жыр туатын, жыр айтылатын институт болуы шарт. Ертедегі Түркілерде ондай өнер орны бар еді. Олар бұл жиын-тойды «*аш*» деп атады. Және бұл *аштың сүннет ашы* (ұл тойы, сүндет тойы), *күдеңке аш* (үйлену тойы, неке тойы, келін тойы), *қыз аш* (қыз тойы) жә-

не т.б. түрлері болды. Егер қыз ұзатар тойы болса, оны «қыз ашы» деді де, келін түсіру тойын «күдеңке ашы» деді.

Осы жиын тойдың ала бөтен қызығы йырағу (жырау) айтқан йыр (жыр), жігіттер мен қыздар боп бөлініп айтқан я жеке-жеке айтқан көз (ән) өнері болды. Қалыңдыққа тігілген үйде қыз бен жігіт айтысы қызып жатса, тойы болып жатқан қыздың тұсына келіп, ашығы өзінің қоштасар жырын, табыспаған көңілдің өксікті сырын ақтарып жатты. Сондай-ақ дәл осы той думаны «келін» түскен ауылда да қайталанатын болды. Бірақ қалыңдыққа айтылған қоштасу жырдың орнына келінге жаңадан түскен ауыл-аймағын таныстыру жыры, жаңа ортаның өсиет, үлгі-өнеге жыры, бет ашар жыры айтылды.

Махмұд Қашқари «Сөздігінде» осы жырлардың там-тұм іздері бар.

«Жар-жар» өлең. Бұл өлең-жыр әуелде «жар-жар» сөзінсіз айтылған. Бұл «жар» сөзі «сүйген жар» деген тіркестегі «жар» сөзі (йар парсы тілінде «сүйікті дос» деген сөз) болу керек. «Сүйген жар» тіркесі түркі тілдерінде кейін жасалған. Парсының бұл йар (яр) сөзі М. Қашқари «Сөздігінде» де жоқ. Демек, түркі халықтарының сөйлеу тілінде де, поэзиясында да бұл сөз жоқ, ол кезде қолданыста болмаған. Демек, ол кездің «жар-жар» өлеңі бұл «жар-жар» сөзінсіз айтылған.

Бұл дәстүрдің қай дәуірде туғанын тап басып айту өте қиын. Бірақ жас жігіттің ұзатылып бара жатқан сүйген қызы тұсына келіп өлең айту салты X–XI ғасырларда болды. Мұндай кезде жігіт жол-жораға берік мінез көрсетуге міндетті. Қызды қаншалықты сүйсе де, қимаса да, қиналса да сүйгенінің мына аттанар сапарына оң тілек айтуға тиіс. Жылаған көздің жасын құрғатар, көңіл жұбатар жақсы сөз айтуы керек. Тағдырына мойынсұнған қызға көңіл жұбату сол өлеңдер мына сипатта болып келді:

Кізлеп тутар севүклүк,  
 Азыш күні белгүрер.  
 Башлығ көзүг йапсама,  
 Йашы аның савруқар.

[Бұл күнге дейін жасырын ұстаған сүйген көңіл мынау ажырасар күні білінді, жаралы көзіңді жұрттан жасырып тасалама, бәрібір жас көңілдің сыры әшкере болады].



Осы бір шумақ өлең тұтас бір жыр түрінің – «жар-жар» салты мен қыз-жігіт айтар ғашықтық айтыс өлеңі түрінің тарихын баяндайды. Осы бір шумақ өлең айтыс өлеңнің сипаты қандай болғанын топшылай пайымдауға мүмкіндік беретін белгі-ескерткіш.

**«Беташар» үлгісіндегі өсиет өлең.** XI ғасырдағы үйлену-салт жырларының бір түрі «Беташар» өлеңнің бергі XIX–XX ғасырларға келіп жеткен үлгісі – дәл сол қалпында өзгеріссіз болды ма, жоқ па, ол белгісіз және сол заманда «Беташар» жырдың қалай аталғаны да бізге беймәлім. Өйткені ол дәуірде «бет» сөзі түркі тілінде қолданылған жоқ. «*Көкке сағурса йүзге түшер*» деген мақалдан, «*кіші көркі йүз ол, бу йүз көркі көз*» деген өлең жолынан көрінетіндей, тек «йүз» сөзі ғана қолданылған. Бірақ қалай дегенде де «Беташар» өлең орнында айтылатын жыр да, оның атауы да болды.

Ежелгі түркілер келін түсіруге байланысты өткізген жиынтойды «*күдеңке ашы*», неке түнін «*күден түні*» деп атаған. Чігіл тайпалары келін түсіріп, той қылғанда күйеу мен қалыңдықты жолықтырып, шашу шашып өткізетін салтты «*мендірі*» деп атаған. Осындай тойда келінді жұрттан алабөтен жасандырып киіндіретін болған. Сол үшін де ол заманның ақындары табиғаттың құлпыра жасануын жаңа түскен келінге балайтын болған.

Безеніп бұл дүниа өзін көргүтүр,

Етінміш келін тег көңүл йелгүтур, –

дейді атакты «Қутадғу білігтің» авторы Юсуф Баласағуни.

Туған ұясы үлде мен бүлдеге бөлеп, жасандырып, салтанатымен шығарып салған қыз жаңа жұртқа келін боп келеді. Жаңа түскен келінді құрметтеп, келген аяғың құтты болсын деп шашу шашып, «көрімдік» деген атпен қымбат бұлдан жыртыс жыртып, жұртқа үлестіреді. Одан табылдырық аттатып барып, отқа май құйғызады, «от ана, май ана жарылқа!» деп жас жұбайларды жүгіндіреді, табындырады. Осыдан соң жаңа қауымның үлкендері алдында бір ақын келінге өсиет айтды. Өсиет өлеңнің мазмұны жол-жоралғыны, салтты, дәстүрді берік ұстауға үйрету болып келеді.

Осы айтылғандардан нені аңғаруға болады? Мұның бәрі X–XI ғасырлар түркілерінде барынша жетілген ауызша әдебиет болғанын толық дәлелдейді. Сонымен бірге бұл әдебиет көп жанрлы болған. Оның із-белгісін, із-соқпағын VIII ғасырдың жазба ескерткіші «Күлтегіннен» толық байқауға болады.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Бичурин Н.Я.* Собрание сведений о народных обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I, М.– Л., 1955. С. 226.
2. *Бичурин Н.Я.* Собрание... С. 228.
3. *Кисилев С.В.* Древняя история южной Сибири. М., 1951. С. 515.
4. *Бичурин Н.Я.* Собрание... С. 229.
5. *Кляшторный С.Г.* Древнетюркские рунические памятники. М., 1964. С. 49.
6. *Гегель.* Сочинения. Т. XIV, М., 1958. С. 200.
7. *Бичурин Н.Я.* Собрание., М., 1961. С. 230.
8. *Малов С.Е.* Енисейская письменность тюрков. М. – Л., 1952. С.11.
9. *Маркс К., Энгельс I.* Об искусстве. В двух томах. М., 1957. С. 93-94.
10. *Бичурин Н.Я.* Собрание... С. 222.
11. *Әуезов М.* Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962. 47-б.

### III. ЕРТЕДЕІ ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫНЫҢ ӘДЕБИЕТИ

#### «Білге Тоңуқуқ сабы»<sup>1</sup>

1. Білге Тоңуқуқ бен өзүм Табғач іліңе қылынтым. Түрк будун Табғачқа көрүр ерті.

2. Түрк будун қанын болмайын Табғачқа адырылты, қанланты. Қанын кодуп, Табғачқа йана ічікді. Теңрі анча теміс ерінч: қан бертім.

3. (қаныңын) кодуп, ічікдің, ічікдүк үчүн теңрі өлүтіміс ерінч. Түрк будун өлті, алқынты, йок болты. Түрк сір будун йерінте.

4. бод қалмады. Уда ташда қалмысы қубранып, йеті йүз болты. Екі үлүгі атлығ, ерті, бір үлүгі йадағ ерті. Йеті йүз кісіг.

5. удызығма улуғы шад ерті. Йағыл – тіді. Йағмысы бен ертім – білге Тоңуқуқ. Қаған му қысайын – тідім. Сақынтым: туруқ букалы, семіз букалы арқада.

6. білсер, – семіз бука, туруқ бука, тійін, білмез ерміс, – тійін. Анча Сақынтым. Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн өзүм өк қаған қыстым. Білге Тоңуқуқ бойла баға тарқан.

7. бірле, Ілтеріс, қаған болайын, беріе Табғачығ, өдре Қытанығ йырайа Оғузығ – үкүс өк өлүрті. Біліг есі, чаб есі бен көртүм. Чуғай кузын, Қара кумуғ олурур ертіміз.

8. Кейік йійү, табысған йійү, олурур ертіміз. Будун боғзы ток ерті, йағымыз тегіре учук тег ерті, біг шег ертіміз. Анча олурур еріккі. Оғуздантан көрүг келті.

9. Көрүг сабы антағ: Тоқуз оғуз будун үзе қаған олурты, тір. Табғачғару Қуны сеңүнүг ыдмыс. Қытаңғару Тонра семіг ыдмыс, саб анча ыдмыс: азқына түрк будун.

10. йорыйур ерміс, қағаны алп ерміс, айғучысы білге ерміс. Ол екі кісі бар ерсер, сіні Табғачығ өлүртечі, тірмен, өдре Қытанығ өлүртечі, тірмен, біні Оғузуғ.

<sup>1</sup> С.Е. Маловтың кітабынан түпнұсқаның жол тәртібі бойынша берілді.

11. өлүртегі өк, тірмен. Табғач беріденйен тег! Қытаң өнденйен тег! Бен йырдаңтайан тегейін! Түрк сір будун йерінте іді йорымазун! Усар, іді йокқысалым! –

12. тірмен. Ол сабығ есідіп, түн удусықым келмеді, күндүз олурсықым келмеді. Анта өтрү қағаныма өтүнтүм, анча өтүнтүм. Табғач, Оғуз, Қытаң бу үчегү қабысыр.

13. қалтачы біз, өз ічі тасын тутмыс тег біз. Йуйқа ерікліг топлағалы учуз ерміс, йінчге ерігліг үзгелі учуз, йуйқа қалын болсар, топлағулук алп ерміс, йінчге.

14. йоған болсар, үзгүлүк алп ерміс. Өңре Қытанда, беріе Табғачда, қурыяа Қурданта, йырайа Оғузда, екі үч бң сүмүз, келтечіміз бар му не? Анча өтүндүм.

15. Қағаным, мен өзүм білге Тоңуқуқ өтүнтүк өтүн-чүмін есідү берті. Қөңдүнче удыз тіді. Көк Өңүг йуғуру Өтүкен йысғару удыз-тым. Ингек көлүкін Тоғлада Оғуз келті.

16. Сүсі алты бың ерміс, біз екі бың ертіміз. Сүңүсдіміз, теңрі йарылқады... йандуқ йолта йеме өлті күк Анта өтрү Оғуз қопын келті.

17. келүртім өк (?) Түрк будунуғ Өтүкен йерке, бен өзүм білге Тоңуқуқ Өтүкен йеріг қонмыс, тейін, есідіп беріекеі будун, қурыяқы, йырайақы, өңрекі будун келті.

18. Екі бың ертіміз, біз екі сү болты. Түрк будун олурғалы, Түрк қаған олурғалы, Сантун, балық (к) а, талуы үгүзке тегміс йок ерміс, қағаныма өтүнүп, сүлетдім.

19. Сантуң балық (к) а, талуы үгүзке тегүртүм, үч отуз балық сыды. Усын бунтату йуртда йату қалур ерті. Табғач қаған йағымыз ерті, он оқ қағаны йағымыз ерті.

20. арт (уқы Қырқыз) күч (ліг қаған йағымыз) болты. Ол үч қаған өглесіп: Алтун йыс үзе қабысалым тіміс, анча өглесміс, өңре Түрк қағанғару сүлелім, тіміс, аңару сүлемесер, қач неңі, ерсер, ол бізні.

21. Қағаны алп ерміс, айғучысы білге ерміс, қач нең ерсер, өлуртегі күк, үчегүн қабысып сүлелім аны боққысолым, – тіміс. Түргес қаған анча тіміс. – бенің будунум анта ерүр, тіміс.

22. Түрк будун йеме булғанч (ол, – тіміс), Оғузы йеме тарканч ол, – тіміс. Ол сабын есідіп, түн йеме удысықым келмес ерті олурсықым келмес ерті анта сақынтым...

23. ...сүлелім, – тідім. Көгмен йолы бір ерміс, тумус, тийін, есідіп, бу йолын йорысар йарамачы тідім... йерчі тіледім, чөлгі Аз ері бултым.

24. Өзүм Аз йірім, аны біл... ерміс, бір туруқы ерміс, Анын бармыс, анар йатып, бір атлығ бармыс, – тийін. Ол йолын йорысар, унч, – тідім, ақынтым, қағаныма.

25. өтүнтүм сү йорытдым, атлат, – тідім. Ақ термел кече, оғрақлатдым, ат үзе бінтүре, қарығ сөкдім, йоқару ат йете, йадағын, ығач тутуну, ағтуртум, өнрекі ер

26. йуғуру тегүрүп, ы бар бас асдымыз, йобалу інтіміз, он түнке йантықы туғ ебіру бардымыз. Йірчі йір йаңылып, боғузланты, бунадып қаған: йелү көр, тіміс.

27. Аны суғығ баралым! Ол суб коды бардымыз, санағалы түсүртіміз, атығ ықабайур ертіміз... Күн йеме, түн йеме йелү бардымыз, Қырқызығ уқа басдымыз.

28. ...сүнүгін ачдымыз, қаны сүсі тірілміс. Сүнүсдіміз, санчдіміз қанын өлүртіміз. Қағанқа Қырқыз будуны ічкіді, йүкүнті, йантымыз. Көгмен йысығ ебіру келтіміз.

29. Қырқызда йантымыз. Түргес қағанта көрүг келті, сабы антег (?) өнден қағанғару сү йорылым, тіміс, йорымасар бізні: қағаны алп ерміс, айғучысы, білге ерміс, кач нең ерсер.

30. бізні өлүртечі күк, – тіміс. Түргіс қағаны тасықмыс, тіді он оқ будуны қалысыз тасықмыс, тір, Табғач сүсі бар ерміс. Ол сабығ есідіп, қағаным: бен ебгерү түсейін, – тіді.

31. Қатун йоқ болмус ерті, аны йоғлатайын, тіді, сү барың, – тіді, Алтун йысда олуруң, – тіді. Сү басы Інел қаған, Тардус сад барзун, – тіді. Білге Тоңуқуқ баңа айды:

32. бу сүг елт, тіді. Қыйынығ көңлүнче ай, бен саңа не айайын, – тіді. Келір ерсер, кү ер үкүлүр, келмез ерсер, тылығ сабығ алы олур, – тіді. Алтун йысда олуртымыз.

33. үч көрүг кісі келті, сабы бір: қағаны сү тасықды, он оқ сүсі қалысыз тасықды, – тір. Йарыс йазыда тірілелім, – тіміс. Ол сабығ есідіп, қағанқару ол сабығ ыт(т)ым. Қантайын. Сабығ йана.

34. келті: олуруң, тийін тіміс. Йелме, қарағу едгүті урғыл, басытма тіміс, бөг (ү?) қаған баңару анча айыдымыс. Апа тарқанғару ічре саб ыдымыс: білге Тоңуқуқ аңығ ол, өз ол – аңлар.

35. сү йорылым.... унамаң! Ол сабығ есідіп, сү йорытдым. Алтун йысығ йолсузын асдым. Ертiс үгүзүг кечiгiсiзiн кечдiмiз, түн катдымыз. Болчука тан үнтүрү тегдiмiз.

36. Тылығ келүрті, сабы антағ: йарыс йазыда он түмен сү терiлті, – тiр. Ол сабығ есiдiп, беглер қопан.

37. йаналым! Арығ обуты йiг, – тiдi. Бен анча тiрмен: бен, бiлге Тонукук, Алтун йысығ аса келтiмiз, Ертiс үгүзү.

38. кече келтiмiз. Келмiсi алп, – тiдi. Туймады. Теңрi, Умай, ыдук Йер суб баса бертi ерiнч. Неке тезербiз.

39. үкүс тiйiн, неке қорқур бiз, аз тiйiн. Не, басыналым, тегелiм, – тiдiм. Тегдiмiз, йайыдымыз. Екiнтi күн келтi.

40. өртче қызып келтi. Сүңүсдүмiз бiзiнте екi учы сыңарча артуқ ертi. Теңрi йарылқадуқ үчүн үкүс тiйiн, бiз.

41. коркмадымыз, сүңүсдүмiз, Тардус сад ара бады. Йайдымыз, қағанын тутдымыз, йабғусын, садын

42. анта өлүртi, елiг че ер тутдымыз, ол оқ түн будунын сайу ытымыз. Ол сабығ есiдiп он оқ беглерi будуны қоп

43. келтi, йүкүнтi. Келiгме беглерiн будунын iтiп йығып аз(ч)а будун тезмiс ертi, он оқ сүсiн сүлетдiм.

44. Бiз йеме сүледiмiз, аны iртiмiз. Йенчү үгүзүг кече, Тiнесi оғлы йатығма беңлiгек тағығ...

45. Темiр Қапығқа тегi iртiмiз, анта йантуртымыз, Инел қағанқа... (...ғқа тезiк, токрысын)

46. анта йерүкi (?) суқ баслығ Соғдақ будун қоп келтi. Ол күнте тегтi Түрк будун Темiр Қапығқа.

47. Тiнесi оғлы йатығма тағқа тегмiс, iдi йоқ ермiс. Ол йерке бен, бiлге Тонукук, тегүрдүк үчүн

48. сарығ алтун өрүң күмүс, қыз кудуз, егрiтебi, ағы буң суз келүртi. Илтерiс қаған бiлiг есiн үчүн,

49. алпын үчүн Табғачқа йетi йегiрмi сүңүсдi, Қытаңқа йетi сүңүсдi, Оғузқа бес сүңүсдi, айта айғучы

50. йеме бен өк ертiм йағычысы й(еме бен) ертiм. Илтерiс қағанға... Түрк бөгү қағанқа Түрк бiлге қ...

51. Қапыған қаған... Түн удыматы,

52. күнтүз олурматы, қызыл қаным төктi (төкетi?), қара терiм йүгүртi, iсiг күчiг бертiм өк, бен өзүм узун йелмег йеме йт(т)ым оқ.

53. Арқуй карағуғ улғартдым, басыныңма йағығ келүрір (?) ертім, қағанымын сүлетдіміз, теңрі йарылқазу!

54. Бу түрк будунқа йарықлығ йағығ келтүрмедім, төгүнліг атығ йүгүртмедім. Ілтеріс қаған қазғанмасар,

55. уду бен өзүм қазғанмасар, іл йеме, будун йеме йоқ ертечі ерті, қазғантуқын үчүн удуғ өзүм қазғантуқым үчүн

56. іл йеме іл болты, будун йеме будун болты. Өзүм қары болтым, улуғ болтым, нең йердекі қағанлығ будунқа

57. бұнтүгі бар ерсер, не буңы бар ертечі ерміс

58. Түрк білге қаған іліңе бітітдім бен білге Тонукук

59. Ілтеріс қаған қазғанмасар, йоқ ерті ерсер, бен өзүм, білге Тонукук, қазғанмасар, бен йоқ ертімі ерсер,

60. Қапаған қаған Түрк сір будун йірінте бод йеме, будун йеме, кісі йеме іді йоқ ертечі ерті

61. Ілтеріс қаған, білге Тонукук қазғантуқ үчүн Қапаған қаған Түрк сір будун йорыдуқы (бу...)

62. Түрк білге қаған, Түрк сір будунуғ Оғуз будунуғ ігіду олуруп.

### ТҮРІК БІЛГЕ ҚАҒАН САБЫ<sup>1</sup>

(«Күлтегін» ескерткішінің «Кіші жазуы»)

1. Теңрі тег теңріде болмыш Білге қаған бу өдке олуртім. Сабымын түкеті есідгіл: улайу іні-йігүнім, оғланым бірікті оғушым будуным, бірейе шаң апыт беглер, йырайа тарқат буйурук беглер отуз...

2. Тоқуз оғуз беглері будуны бу сабымын едгүті есід қатығды тыңла. Ілгерү күн тоғсық(қ)а, біргерү күн ортусыңару, қурығару күн батсықыңа, йырғару түн ортусыңару, анта ічрекі будун қоп м (аңа көрүр, анч)а будун.

3. қоп ітдім. Ол амты аңығ йоқ түрк қаған Өтүкен йыш олурсар, ілте буң йоқ. Ілгерү Шантуң йазықа тегі сүледім, талуйқа кічіг тегмедім, біргерү Тоқуз ерсенке тегі сүледім. Түпүтке кічіг тегмедім, қурығару Йінчү үг (үз)

4. кече Темір қапығқа тегі сүледім, йырғару Иір Байырқу йіріне тегі сүледім, будча йірке тегі йорытдым. Өтүкен йышда йіг

<sup>1</sup> С.Е. Маловтың кітабынан түпнұсқаның жол тәртібі бойынша берілді.

іді йоқ ерміс, іл тутсық йір. Өтүкен йыш ерміш. Бу йірде олурып, табғач будун бірле.

5. түзелтім Алтун, күмүш, ісігті, қутай буңсыз анча бірүр табғач будун сабы сүчиг ағысы йымшақ ерміс; сүчиг сабын йымшақ ағын арып, ырақ будунығ анча йағутыр ерміс; йағру қонтуқда кісре анығ біліг анта өйүр ерміс.

6. едгү білге кісіг, едгү алп кісіг йорытмаз ерміс; бір кісі йаңылсар оғушы будуны, бісүкіңе тегі, қыдмаз ерміш. Сүчиг сабыңа, йымшақ ағысыңа артурып үкүс, түрк будун, өлтіг. Түрк будун үлесікің, біріе Чугай йыш түгүл, Түн

7. йазы қонайын, тісер, Түрк будун үлесікіг анта аңығ кісі бошғурур ерміс: «ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр, йағуқ ерсер, едгү ағы бірүр», тіп, анча бошғурур ерміс. Біліг білмез кісі, ол сабығ алып, йағру барып, үкүш кіші өлтіг.

8. Ол йіргерү барсар, түрк будун, өлтечісен; Өтүкен йір олурып, арқыш тіркіш ысар, нең буңуғ йоқ, Өтүкен йыш олүрсар, беңгү іл тута олуртачы сен, түрк будун, тоқ. Арық оқ сен, ачсық, тосық өмез сен; бір тодсар, ачсық өмезсен: антағыңын

9. учүн ігідміш қағаныңын сабын алматын, йір сайу бардығ, қоп анта алқынтығ, арылтығ. Анта қалмышы йір сайу қоп туру өлү йорыйур ертіг. Теңрі йарлықадуқын үчүн, өзім қутым бар үчүн, қаған олуртым. Қаған олурып

10. йоқ чығаң будунығ қоп қобартдым, чығаң будунығ бай қылтым, аз бу дунығ үкүш қылтым. Азу бу сабымда ігід барғу? Түрк беглер будун, буны есідің! Түрк (будунығ ті)ріп іл тутсықыңын бунта уртым, йаңылып үлесікінін йеме

11. бунта уртым, неңнең сабым ерсер, беңгү ташқа уртым; анар көрү білің, түрк амты будун беглер: бөдке көрігме беглер гү йаңылтачысіз?! Мен б(еңгү таш... табға)ч қағанта бедізчі келүртім, бедізтім. Менің сабымын сымады:

12. табғач қағаның ічрекі бедізчіг ыты. Анар адынчығ барк йаратуртым, ічін ташын адынчығ бедіз уртуртым таш тоқытдым, көңүлтекі сабымын у... (он оқ оғлың)а татыңа тегі, буны көрү, білің; беңгү таш

13. тоқытдым (бу еріг) ерсер амтықа еріг йірте ерсер анча еріг йірте беңгү таш тоқытдым, бітідім. Аны көріп, анча білің ол таш...дым. Бу бітіг бітігме атысы Йол(л)ығ т(ігін).



**«КҮЛТЕГІН БАТЫР ТУРАЛЫ СӨЗ»<sup>1</sup>**  
 («Күлтегін» ескерткішінің «Үлкен жазуы»)

1. Үзе көк теңрі асра йағыз йір қылыңдукда, екің ара кісі оғлы қылынмыс. Кісі оғлынта үзе ечүм апам Бумын қаған Істемі қаған олурмыш. Олурыпан түрк будуның ілін, төр(үс)ін тута бірміс, іті бірміс.

2. Төрт булуң қоп йағы ерміс, сү сүлепен, төрт булундақы будуның қоп алмыс қоп баз қылмыс, башлығығ йүкүнтүрміс, тізлігіг сөкүрміс, ілгерү Қадырқан йышқа тегі, кірү Темір қапығқа тегі қонтурмыс. Екін ара

3. іді оқсыз көк түрк (іті) анча олуруп ерміс. Білге қаған ерміс, алп қаған ерміс, буйуруқы йеме білге ерміс ерінч, алп ерміс ерінч; беглері йеме будуны йеме түз ерміс. Аны үчүн іліг анча тутмыс ерінч, іліг тугып төрүг ітміс. Өзі анча

4. кергек болмыс. Йуғчы сығытчы өңре, күн тоқсықда Бөклі чөл(л)іг іл, табғач, түпүт, апар, пурум, қырқыз, үч қурықан, отуз татар, қытаң, татабы – бунча будун; келіпен сығтамыс йуғламыс: антағ күліг қаған ерміс. Анта кісре інісі қаған

5. болмыс ерінч, оғлы та (немесе – аты) қаған болмыс ерінч. Анта кісре інісі ечісін тег қылынмадуқ ерінч, оғлы қаңын тег қылынмадуқ ерінч, білігсіз қаған олурмыш ерінч, йаблақ қаған олурмыш ерінч, буйуруқы йеме білігсіз ерінч, йаблақ ерміс ерінч.

6. Беглері будуны түзсіз үчүн, табғач будун теблігін күрліг үчүн, армақчысын үчүн, інілі ечілі кіңшүртүкін үчүн, белгі будунлығы йоңшуртуқын үчүн, түрк будун ілледук ілін ычғыну ыдмыс,

7. қағанладуқ қағанын йітүрү ыдмыс, табғач будунқа бегілік уры оғлын қул болты, сілік қыз оғлын күн болты. Түрк беглер түрк атын ыты, табғачғы беглер табғач атын тугыпан, табғач қағанқа

8. көрміс, еліг йыл ісіг күчіг бірміс. Ілгерү күн тоғсықда Бөклі қағанқа тегі сүлейү бірміс, қурығару Темір қапығқа тегі сүлейү бірміс, табғач қағанқа ілін төрүсін алы бірміс. Түрк қара қамуғ

9. будун анча тіміс: «ілліг будун ертім, ілім амты қаны? Кемке іліг қазғанурмен?», – тір ерміс «қағанлығы будун ертім қағаным

<sup>1</sup> С.Е. Маловтың кітабынан түпнұсқаның жол тәртібі бойынша берілді.

қаны, не қағанқа ісіг күчіг бірүрмен?», – тір ерміс, анча тіп, табғач қағанқа йағы болмыс.

10. Йағы болып, ітінү йаратуну умадуқ, йана ічікміс, Бунча ісіг кучіг біртүкгерү сақынматы, «түрк будун өлүрейін уруғсыр атайын», – тір ерміс, йоқаду барыр ерміс. Үзе түрк теңрісі түрк ыдук йірі

11. субы анча тіміс: түрк будун йоқ болмазун, тійін, будун болчун, тійін, қаңым Ілтеріс қағанығ, өгім Ілбілге қатунығ теңрі төпесінте тутьп йөгерү көтүрміс ерінч. Қаңым қаған йіті йегірмі ерін ташықмыс, ташра

12. йорыйур, тійін, кү есідіп, балықдақы тағықмыс, тағдақы інміс, тіріліп йетміс ер болмыс. Теңрі күч біртүк үчүн қаңым қаған сүсі бөрі тег ерміс, йағысы қоң тег ерміс; ілгерү қурығару сүлеп тірміш кобартмыш қамуғы

13. йеті йүз ер болмыс. Йеті йүз ер болып елсіреміс қағансырамыс будунығ, күнедміс қуладмыс будунығ, түрк төрүсүн ычғынмыс будунығ ечүм апам төрүсінче йаратмыс, бошғурмыс, төліс, тардуш (будунығ анта етміш),

14. йабғуғ шадығ анта берміс. Біріе табғач будун йағы ерміс, йырайа Баз қаған тоқуз оғуз будун йағы ерміс, қырқыз, қурықан, отуз татар, қытаң, татабы қоп йағы ерміс. Қаңым қаған бунча...

15. қырқ артуқ(ы йіт) і йолы сүлеміс, йегірмі сүнүс сүнүсміс теңрі йарлықадуқ үчүн іллігіг ілсіретміс, қағанлығығ қағансыратмыс, йағығ баз қылмыс, тізлігіг сөкірміс, башлығығ йүкүнтүр (міс қаңым қаған) інче іліг

16. төрүг қазғанып, уча бармыс. Қаңым қағанқа башлайу Баз қағанығ балбал тікміс, ол төрүде үзе ечім қаған олурты Ечім қаған олурыпан, түрк будунығ йіче ітді, ігіті, чығаңығ (бай қылты, азығ үкүс қылты).

17. Ечім қаған олуртуқда, өзім тардуш будун үзе шад ертім. Ечім қаған бірле ілгерү йашыл үгүз Шаңтуң йазықа тегі сүледіміз, қурықару Темір қапығқа тегі сүле- діміз, Көгмен аша қы(рқыз йіріне тегі сүледіміз).

18. Қамуғы бiш отуз сүледіміз, үч йегірхй сүнүшдіміз іллігіг ілсіретдіміз қағанлығығ қағансыратдымыз, тізлігіг сөкүртіміз, башлығығ йүкүнтүртіміз, түргіс қаған түркіміз (будуным ерті, білмедүкін.)

19. үчүн, бізіңе йаңлуқын үчүн қағаны өлті, буйурук беглері йеме өлті, он оқ будун емгек көрті. Ечүміз апамыз тутмыс йір сүб ідісіз болмазун тийін аз будуның ітіп йаратып...

20. Барс бег ерті, қаған ат бунта біз біртіміз, сіңлім қунчуйуғ біртіміз; өзі йаңылты, қағаны өлті, будуны күң, кул болты. «Көгмен йір сүб ідісіз қалмазун», – тийін, аз қырқыз будуның йаратып келтіміз сүңүстіміз ілін.

21. йана біртіміз. Ілгерү Қадырқан йышығ аша, будуның анча қонтуртымыз, анча ітдіміз; қурығару Кеңү Тарманқа тегі түрк будуның анча (қонтуртымыз, анча ерті ітдіміз. Ол өдке кул қуллығ болмыс ерті күң күңліг болмыс ерте, інісі ечісін білмез ерті, оғлы қаңын білмез ерті).

22. Анча қазғанмыс ітміс іліміз төрүміз ерті. Түрк оғуз; беглері будун есідің! Үзе теңрі басмасар, асра йір тілін месер, түрк будун, іліңін төрүңін кем артаты? (удачы ерті түрк будун)

23. өкүн! көргүңін үчүн ігідміс білте қағаныңа, ерміс бармыс едгү еліңе кентү йаңылтығ, йаблағ кігүртіг. Йарықлығ кантан келіп йаңа елтді? Сүнүгліг қантан келіпен сүре елтді? Ыдук Өтүкен йыш (будун бардығ, ілгерү барығма)

24. бардығ, қурығару барығма бардығ; бардук йірде едгүг ол ерінч: қаның субча йүгүрті, сөңүкүң тағча йатды, бегілік уры оғлың кул болты, сілік қыз оғлың күң болты! Білмедүк үчүн йаблақыңын үчүн ечім қаған уча барды

25. башлайу қырқыз қағанығ балбал тікдім. Түрк будуның аты күсі йоқ болмазун тийін, қаңым қағанығ, өгім қатуның көтүрміш теңрі, іл бірігме теңрі, түрк будун аты күсі йоқ бол (мазун тийін, өзімін ол теңрі)

26. қаған олуртды ерінч. Нең йылсығ будунқа олурмадым, ічре ашсыз ташра тонсыз йабыз йаблақ будунта үзе олуртым. Інім Күлтігін бірле сөзлеидіміз, қаңымыз егіміз қазғанмыш будун аты күсі йоқ болмазун)

27. тийін, түрк будун үчүн түн удымадым күнтуз олурмадым; інім Күлтігін бірле, екі шад бірле өлү йіту қозғантым; анча қазғанып, бірікі будуның от суб қылмадым; мен (өзім қаған олуртуқыма йір сайу)

28. бармыш будун өлү йіту йадағын йалаңын йана келті. Будуның ігідейін тийін, йырғару оғуз будун тапа, ілгерү қытаң

татабы будун тапа, біргерү табғач тапа улуғ су екі йегірмі... (сүңүшдім, анта)

29. кісре, теңрі йарылказу, кутым бар үчүн үлугім бар үчүн өлтечи будуның тірігрү ігітім, йалаң, будуның тонлығ, чығаң будуның бай қылтым, аз будуның үкүш қылтым, ығар еллігде (ығар қағанлығыда) йег қылтым, төрт булуңдақы

30. будуның қоп баз қылтым, йағысыз қылтым, қоп маңа көрті. Ісіг күчіг бірүр бунча төрүг қазғанып інім Күлтігін өзінче кергек болты Қаңым қаған учдукда інім Күлтігін йі(ті йашда қалты, он йашда)

31. Умай тег өгім қатун қутыңа інім Күлтігін ер ат болты. Алты йегірмі йашыңа ечим қаған ілін төрүсін анча қазғанты, алты чуб Соғдақ тапа сүледіміз, буздымыз. Табғач Оң тутук біс т(үмен сү келті, сүңүсдіміз).

32. Күлтігін йадағын оплайу тегді. Оц тутук йорчын йарақлығ елігін тутды йарақлығды қағанқа анчулады (н е м е с е – інч улады). Ол сүг анта йоққышдымыз. Бір отуз йашыңа Чача сенүнке сүңүшдіміз, ең ілкі Тадықын Чурың боз (атығ бініп тегді, ол ат анта)

33. өлті. Екінті Ышбара йамтар боз атығ бініп тегді, ол ат анта өлті, үчинч Йегін Сіліг бегің кедімліг торығ ат бініп тегді, ол ат анта өлті. Йарақынта йалмасынта йүз артуқ оқун уртыйізеки (?) башыңа бір (тегүрмеді)...

34. тегдүкін, түрк беглер қоп білірсіз. Ол сүг анта йоққышдымыз. Анта кісре йір Байырқу улуғ Іркін йағы болты. Аны йаңып Түргі йарғун көлте буздымыз; улуғ Іркін азқыңа ерін тезіп барды. Күлтігін (алты отуз)

35. йашыңа қырқыз тапа сүледіміз; сүңүг батымы қарығ сөкіпен, Көгмен йышығ тоға йорып, қырқыз будуның уда басдымыз; қағанын бірле Суңа йышда сүңүшдіміз; Күлтігін Байырқун (ың ақ адғырығ)

36. бініп оплайу тегді; бір еріг оқун урды, екі еріг удышру санчды; ол тегдукте Байырқунуң ақ адғырығ удлығын сыйу урты. Қырқыз қағанын өлуртүміз, ілін алтымыз. Ол йылқа тү(ргіс тапа Алтун йышығ)

37. тоға Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз, түргіс будуның уда басдымыз; түргіс қаған сүсі Болчуда отча борча келті, сүңүшдіміз; Күлтігін Башғу боз ат бініп тегді; Башғу боз...

38. ...екісін өзі алтызды. Анта йана кіріп түргіс қаған буйу-руқы, аз тутукуғ елігін тутды. Қағанын анта өлүрітіміз, ілін алтымыз; қара түргіс будун қоп ічікді, ол бу дунығ (табарда қондуртымыз, йана йорып

39. соғдақ будун ітейін тійін, Йінчү үгүзіг кече Темір қапығ-қа тегі сүледіміз. Анта кісре кара түргіс будун йағы болмыш Кеңерес тапа барды. Бізің сү аты турук, азуқы йоқ ерті, йаблақ кісі ер...

40. алп ер бізіңе тегміш ерті. Антағ өдке өкүніп, Күлтігініг аз ерін іртүрү ытымыз. Улуғ сүңүш сүңүшміш, алп Шалчы ақ атын бініп тегміш, қара түргіс будунығ анта өлүрміш алмыш, йана йорып...

41. ...бірле Қушу тутуқ бірле сүңүшміш, ерін қоп өлүрміс, ебін барымын қалысыз қоп келүрті. Күлтігін йіті отуз йашыңа, қарлуқ будун ерүр барур еріклі йағы болты. Тамағ ыдук башда сүңүсдіміз.

42. (Күл) тігін ол сүңүшде отуз йашайур ерті; алп Шалчы ақ атын бініп оплайу тегді; екі еріг удышру санчды. Қарлукуғ өлүртіміз, алтымыз; аз будун йағы болты; Қара көлте сүңүшдіміз, Күлтігін бір қырк йашайур ерті; алп Шалчы ақын.

43. бініп оплайуы тегді; аз елтеберіг тутды; аз будун анта йоқ болты. Ечім қаған ілі қамашығ (қашмақ?) болтуқынта, будун ілігі кегі болтуқынта ізгіл будун бірле сүңүшдіміз. Күлтігін алп Шалчы ақын бініп

44. оплайу тегді, ол ат анта түс(ді, із)гіл будун өлті. Тоқуз оғуз будун кенту будуным ерті; теңрі йір булғақын учүн йағы болты; бір йылқа бiш йолы сүңүшдіміз; ең ілік Тоғу балықда сүңүшдіміз

45. Күлтігін Азман ақығ бініп, оплайу тегді, алты еріг санчды, сү тегісінте йітінч еріг қылычлады; екінті Қушлағақда едіз бірле сүңүшдіміз, Күлтігін Аз йағызын бініп, оплайу тегіп, бір еріг санчды

46. тоқуз еріг егіре тоқыды; едіз будун анта өлті үчінч Бол...нда оғуз бірле сүңүшдіміз, Күл тігін Азман ақығ бініп, тегді, санчды; сүсін санчдымыз, ілін алтымыз төртінч Чуш башынта сүңүшдіміз; түрк

47. будун адақ қамаштды, йаблақ болт(ач)ы ірті; оза келміс, сүсін Күл тігін ағытып, Тоңра бір оғуш алпағу он еріг, Тоңа

тігін йоғынта, егіріп өлүртіміз. Бісінч Езгенті Қадазда оғуз бірле сүнүсдіміз, Күлтігін.

48. Аз йағызын бініп тегді, екі еріг санчды, балық(қ)а бармады. Ол сү анта өлті. Мағы Қурған қышлап йазыңа оғузғару сү ташықдымыз. Күлтігін ебіг башлайу қытымыз; оғуз йағы ордуғ басды, Күлтігін

49. өгсіз ақын бініп тоқуз ерін санчды, ордуғ бермеді, өгім катун улайу өглерім, екелерім, келіңүнім, қунчуйларым бунча йеме күң болтачы ерті, өлүгі йуртда йолта йату қалтачы ертігіз!

50. Күлтігін йоқ ерсер, қоп өлтечі ертігіз! Інім Күлтігін кергек болты, өзім сақынтым; көрүр көзім көрмез тег, білір білігім білмез тег болты, өзім сақынтым. Өд теңрі йасар, кісі оғлы қоп өлгелі төрүміс.

51. Анча сақынтым; көзде йаш келсер, еті да көңүлте сығыт келсер, йантуру сақынтым, қатығ ды: сақынтым екі шад улайу інійгүнім оғланым беглерім будуным көзі қашы йаблақ болтачы тіп сақынтым. Йуғчы сығытчы қытаң, татабы будун башлайу

52. Удар сеңүн келті; табғач қағанта Ісиі Лікең келті, бір түмен ағы, алтун, күмүш кергексіз келүрті; Түпүт қағанта бөлөн келті. Қурийа күн батсықдақы Соғд, Берчекер, Буқарақ улыс будунта Нең сеңүн оғул тарқан келті.

53. Он оқ оғлым түргіс қағанта Макрач тамғачы, оғуз Білге тамғачы келті, қырқыз қағанта тардуш Ынанчу Чур келті; барқ ітгүчі, бедіз йаратығма бітіг таш ітгүчі табғач қаған чықаны Чаң сеңүн келті.

Күлтегін қон йылқа йіті йегірміке учды: токузынч ай йеті отузқа йоғ ертүртіміз. Барқын бедізін бітіг ташын бічін йылқа йітіңч ай йіті отузқа қоп алқадымыз. Күл тігін өліп қырқ артқуы йіті йашың булыт (немесе – болты?) таш... бунча бедізчіг тойғун елтебер келүрті.

## БІЛГЕ ТОҢУҚУҚ СӨЗІ

*(Қазіргі қазақ тілінің нормасына келтіріліп оқылуы)*

### 1.

(1) Білге Тоңуқуқ – мен өзім. Табғач елінде тәрбиелендім, өстім.

## 2.

Түрк жұрты Табғачқа қарайтын еді. (2) Түрк жұрты [Табғачтан болған]<sup>1</sup> ханымен болмастан, Табғачтан кетті, ажырады. [Өздері] ханды (ханы бар жұрт) болды. [Бұдан соң өздерінің] ханын қойып, Табғачқа тағы бағынды, кіріптар болды.

## 3.

Теңрі сонша айтқан екен: «Хан бердім (3) ханыңды қойып, [Табғачқа] бағындың!»

Бағынған үшін теңрі [қақары келіп] өлтірген екен (өлім жіберген екен).

## 4.

Түрк жұрты өлді, алқынды<sup>2</sup> (азайды), жоқ болды. Түрк-сыр жұрты жерінде (4) тұтқа қалмады.

## 5.

Тал-таста (тоғай-тоғайда, тау-таста) қалған-құтқаны қобы-расып (бас көтеріп) жеті жүз болды. Екі бөлегі аттылы еді, бір бөлегі жаяу еді. (5) Ұйыстырған [бірі тірген] ең үлкені шад<sup>3</sup> [қана – шад дәрежесінде ғана кісі] еді. [Ол болса ұран салып] жағыс! (бірік!) – деді. [Сонда] жағысып-жанасқаны мен едім – Білге Тоңуқук.

## 6.

[Сол бір кезде мен өзімше ойлап] қаған [+ ды қоюды] қыстайын (асықтырайын), – дедім. Уайым жеп толғандым, «арық бұқалы, семіз бұқалы» екенін – хан болашақ кісі кейінен (6) білсе екен, – деп ойладым. Бірақ ол қаған «семіз бұқа, арық бұқа» деп айырып білмес екен. [Көңілге түйдім] Сонша ойладым, толғандым.

<sup>1</sup> Ескерту: квадрат жақша ішінде тексттің мазмұны бойынша қосылған сөздер берілген, ал жақша ішінде алдыңғы сөздің түсінігі, синонимі берілген.

<sup>2</sup> алқынды – «сабынның алқындысы» деген мағынада; жұқанасы қалды, азайып қалды» деген сөз.

<sup>3</sup> шад – әскери дәреже...

## 7.

Бұдан кейіи теңрінің артық білік бергені арқасында өзім-ақ қаған [болуын] қыстым<sup>1</sup> (асықтырдым).

## 8.

«Білге Тонұқұқ – бойла бақа, тарқан, [онымен] (7) бірге мен Ілтеріс – қаған болайын» [деді].

[Осыдан соң] түстікте Табғачты, шығыста Қытаңды, терістікте Оғузды көп-ақ өлтірді, жоқ етті.

## 9.

Ақылшы серігі, атақты серігі мен болдым. Шұғай Құз бен Қарақұмды жерлеп (қоныстап) отырар едік (8). Киік жеп, қоян жеп (азық етіп) отырар едік. Халықтың тамағы тоқ еді.

[Бірақ] жауымыз төңірегімізде айналып ұшқан жыртқыш құс сияқты еді [де], біз жемтік сияқты едік.

Осылайша [қысылтаяң жағдайда] отырып, тіршілік жасадық.

## 10.

[Күндерде бір күн] Оғуз жұрты жақтан жансыз (тыңшы) келді (9). Жансыздың сөзі мынау [болды]: «Тоғуз Оғуз халқының үстіне тағына қаған отырды», – дейді. Ал ол қаған Табғач қағанға Қуны Сеңүнді (Тоғуз Оғуздың Қуны тайпасының бегі. – Қ.Ө.). Қытаң қағанға Тоңра Семді (Тоғуз Оғуздың Тоңра тайпасының бегі. – Қ.Ө.) жіберген. Мынадай сөзбен жіберген

«Азғана Түрк елі [өзінше мемлекет болып] (10) [жүреді еміс, қағаны алып еміс, ақылшысы білікті еміс<sup>2</sup>. Ол екі кісі тұрса, сені (Табғачты) өлтірер деймін, шығыста Қытаңды өлтірер деймін, мені (Оғузды) (11) өлтірер-ақ деймін. Табғач [сен] түстік жағынан ти! Қытаң [сен] шығыс жағынан ти! Мен терістік жағынан тиейін! Түрк-сыр халқының жерінде [иеленер] ие қалмасын! [Йелікті] көксер иені жоқ етелік!» – (12) деп айтыпты.

<sup>1</sup> *қыста* – бір нәрсені істеуге я бір іске көнуге, т.б. мойынсұндыру.

<sup>2</sup> Осы формада хабар сөз айту «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» кездеседі: Сол екі байдың жайлауы Түмен еміс,  
Киік атып, аң атып жеген еміс,  
Екі байды сұрасаң, азаматтар,  
Қарабай мен Сарыбай деген еміс (Ч.Ч. Валиханов. Соч., Т. 3. 54-б.).



## 11.

Ол сөзді есітіп, түнде ұйқым келмеді, күндіз [жай тауып] отырғым келмеді. Содан соң қағанымнан өтіндім, былай деп өтіндім:

Табғач, Оғуз, Қытан – бу үшеуі қабысар (қосылар). (13) [Сонда екі ортада] қалатын біз, өз іші-сыртын қорғалағандай [болатын] біз.

Тозған жұқа (әлсіз) топтауға оңай,

Тозған жіңішке үзуге оңай.

[Бірақ] Жұқа қалың болса,

Жіктейтұғын алып-ты.

Жіңішке (14) жуан болса,

Үзетұғын алып-ты.

[деген бар]. Шығыстағы Қытанға, түстіктегі Табғачқа, батыстағы Құрданға, терістіктегі Оғузға екі-үш мың әскеріміз [ғана] бар [басқа] неміз бар?»

Осылайша өтіндім (15) Қағаным, мен өзім – Білге Тоңуқұқ – етінген өтінішімді есіте берді. [Ол «өз» көңіліңше жүргіз!» – деді.

[Осылай деген соң] Көк Өң[ір]ді өрлеп, Өтүкен қалыңына<sup>1</sup> қарай [әскер] жүргіздім. Сиыр-көлікпен Тоғлада Оғуздар келді (16) әскері алты мың екен. Біз екі мың едік. Соғыстық.

## 13.

Тәңрі жарылқады... Қайтқан жолға тағы да өлді-ау келіп...

## 13.

Осыдан соң Оғуздар [түгел өз аяғынан] көтеріле келді (17) Келтіргендей-ақ келтірдім-ау.

## 14.

Түрк жұртын Өтүкен жеріне, [ал] мен өзім Білге Тоңуқұқ Өтүкен жеріне қоныстайды екен – дегенді есітіп, түстіктегі жұрт, батыстағы, терістіктегі, шығыстағы жұрт [+ тың бәрі] келді. (18) Екі мың едік, [енді] біз екі әскер [қол] болды [+ қ.]

<sup>1</sup> «йыш» деген сөзді «қалын» деп алдық. Көне түркі тілінде сөз «ағашы қалың тау баурайын» білдіреді.

### III. 15.

Түрк халқы отырғалы (Түрк түрк болғалы), Түрк қағаны отырғалы (Түрк қаған қаған болғалы) Сантуң қаласына, Теңіз суына жеткен жоқ екен. Қағаныма өтіндім [де], қол жүргіздім. (19) Сантуң қаласына, Теңіз суына [келіп] жеткіздім. Жиырма үш қала қирады.

### IV. 16.

Усын бұрынғы (?) жерінде жайлап қалған еді, [ал] Табғач қаған жауымыз еді, Он оқ қағаны (хандығы) жауымыз еді, (20) әсіресе Қырқыз – күшті қаған (күшті хандық) жауымыз болды. Бұл үш қаған ақылдасып (сөз байласып), Алтынжышта қосылайық (түйсейік) дескен екен. Осылайша сөз байласқан екен.

«Шығыста Түрк қағанына әскер жүргізейік», – деген екен. «Оған әскер жүргізбесек, [онда] қанша біреу балсаң да<sup>1</sup>, ол бізді алады – (21) қағаны алып, ақылшысы дана емес пе, – қанша біреу болсаң да өлтірер-ақ қырып-жояр-ақ), үшеуіміз бірігіп қол (әскер) жүргізейік, оны жоқ қылайық (қырып-жояйық)», – дескен екен.

[Сонда тұрып] Түргес қаған[ + ы] былай деген екен: «Менің халқым сонда ғой», – деген екен (22), «Түрік халқы тағы бүлінешек», – деген екен, «Оғуздар тағы бытырашақ» – деген екен.

### 17

Сол сөзді есітіп түн тағы ұйқым келмеп еді, [күндізі] отырғым келмеп еді.

Сонда ойладым... [...], ... (23) соғысайық! – дедім.

### V. 18.

Көгмен жолы біреу ғана екен, [ол] жабық – дегенін есітіп, бу жолмен жүрсе жарамас (болмас) – дедім [...] Жерші (жол білетін кісі) сұрадым. Шөлгі Аз (шөл Азы – шөлдегі Аз) кісі [ + сін] таптым.

<sup>1</sup> «Қанша біреу болса да» – фраза: «кім болсаң да», «қанша мықты біреу болсаң да» деп келетін варианты да бар.

[Ол кісі:] (24) «Өзім – Аз жер [ + інікі]+мін. Оны (жолды) білемін [ – деді: Бір өзен бар, Аны] еміс, бір тоқтар (бір тоқтап, еру етіп алар жер) еміс, соған бара +мыш, онда жатып [ары жүреміш. Ар жағында] бір аттық (ат мойны жер) бар екен» – дегенді айтты.

[Мен:] «Сол жолмен жүрсе, мақұл», – дедім. Ойладым. Қағанымнан (25) өтіндім (қаған алдынан өттім): «Әскер жүргіздім, аттандыр!» – дедім.

## 19.

[I-вариант]

Ақтермел өтіп, аялдаттым,  
Ат үстіне міндіріп, қарды сөктім,  
(26) Жоғарылап ат жетектеп, таяқ тұтып, асу бардым,  
Маңдай ерлер қар таптады, тау астық,  
Шұбатылып еңістедік  
Он түн дегенде етекке жеттік.

[2-вариант]

Ақтермел өтіп, [бір] тоқтатып алдым (аялдадым). [Содан соң] ат үстіне қондырып, қарды сөгіп [жүріп] отырдым. (26) Жоғары атты жетектеп, таяқ ұстап (таяққа таянып), асуға тырмыстық. Алдыңғы кісілері қарды таптап, тау астық. Шұбатылып [жүріп] еңістедік. Он түн дегенде тау етегіне айналып жеттік.

## 20.

Жерші жер жаңылып (жерден, жолдан адасып) бауыздалды.

Қысылып-булығып қаған: Желе көр! (Желді өте жүргізе көр!) – деді (27). «Аны суды [бойлап] баралы! – [ – дедім]. Ол су[+ менен] төмен бардық. [Әскерді] санағалы түсірдік. Ат [+ тар] + ды ағашқа байлап едік.

[Бұдан соң] күн демей, түн демей желіп жүріп отырдық. Қырқызды ұйқыда бастық. (28) [Түндігін] сүнгіменен аштық.

Ханы, әскері тізілді. Соғыстық, саншыдық (айқастық). Қағанын өлтірдік. Қаған [+ ышыз] + қа Қырқыз жұрты қарады, жүгінді (бағынды).

Қайттық. Көгмен тауын айналып келдік.

## VI. 21.

(29) Қырқыздан қайттық. Түргес қағаннан жансыз келді. Сөзі мынау: «Алдынан қағанға әскер жүргізелі» – деген екен, [«Әскер] жүргізбесек бізді, – қағаны алып, ақылшысы дана емес пе, қанша біреу болсаң да (30) бізді, – өлтірер-ақ» – деген екен. [Ол жансыз:] «Түргес қағаны [жолға] шықты», – деді. «Он оқ халқы қалмай шықты», – дейді [деді]. Табғач қолы да бар екен.

Ол сөзін есітіп, қағаным: «Мен үйге түсейін (үйге қарай жолға түсейін)» – деді. (31) «Қатын қайтыс болған еді, соны қойғызайын (жерлейін)» – деді: «Әскер [сендер] барыңдар!» – деді. «Алтынжыста отырыңдар (күтіңдер)», – деді. «Әскер басы [болып] Инел қаған Тардус шад барсын!» – деді. [Ал] Білге Тоңұққ маған айтты: (32) «Бу әскерді [соңыңа] ерт!» – деді. «Кесігінді көңіліңше (өз қалауыңша айт, мен саған не айтайын!)» – деді. [«Егер ерлер] кедер болса, онда әруақты ер[+ лер] көбейер. Келмес болса, онда тіл алып, сөз (хабар) алып отыр!» – деді.

## 22.

Алтынжыста ерулеп отырдық. (33) Үш жансыз (немесе: шолушы) кісі келді. Сөзі біреу: [«Түргес] қағаны әскері шықты», – дер. «Он оқ әскері қалмай (түгел) шықты», – деген.

Ол сөзді есітіп, қағанға ол сөзді жібердім (айтып жібердім).

Қайтейін (34) Сөз (жауабы) қайта келді: «Отырыңдар!» («Күтіп отырыңдар!») – деп айтыпты. Бөг қаған маған осылай деп айтқан екен.

[Және] Апа тарқанға (қолбасыға) жасырып сөз жіберген екен: «Білге Тоңұққ қу ол, өзі-ақ байқар. Егер (35) «қолды жүргізейік!» – десе, келіспе!» деп айтыпты].

## 23.

Ол сөзін есітіп қол (әскер) жүргіздім. Алтынжысты жолсыз (жермен) астым. Ертіс суын өткелсіз жерден өттік. Түн қаттық. Болчыға таң ата жеттік. (36) Тіл келтірді (әкелді). Сөзі мынау: «Жарыс жазығында он түмен әскер жиылды» – дер.

Ол сөзін есітіп бектер: (37) «Көтерілейік, қайталы. Ару ұят жақсы<sup>1</sup> (босқа қырылғаннан таза ұят көп артық)» – деді. Мен бы-

<sup>1</sup> «Ару ұят жақсы» – фраза.

лай дедім: «Мен Білге Тоңқұқ, Алтынжысты аса келдік, Ертіс суын (38) кеше келдік. Келген [кісі] алып!» – деді[+ м]. Түймеді (түсінбеді, өкіліме түспеді).

«Теңрі, Умай, Ұйық жер-су жар берді емес пе, неге қашамыз? (39) Көп [екен] деп неге қорқамыз, аз дейік. Неге басыналы? (неге басылып қаламыз?)<sup>1</sup>, тиелік!» – дедім. Тидік (тиіп бердік). Бытыраттық (быт-шыт қылып қуып жібердік).

#### 24.

Екінші күні [қайта] келдік... (40) Өртше қызып (лаулап) келді. Соғыстық. [Жаудың] бізден екі-үш сыңары (легі) артық еді. Теңрі жарылқаған үшін, көп екен деп біз (40) қорқпадық. Соғыстық.

Тардус шад ара барды (арадан келіп кірді, тиді). Бытыраттық (быт-шыт қып бет-бетіне қудық). Қағанын тұттық (тұтқын еттік), жабғусын, шадын (42) сонда өлтірді. Елуше (елудей) кісіні тұтқын еттік).

#### 25.

Сол түні-ақ ел сайын [кісі, шапқыншы] жібердік (шаптырдық). Ол сөзді есітіп, Он оқ бектері, елі өз аяғымен көтеріле (43) келді, жүгінді (бағынды).

#### 26.

Келе бастаған бектерді, елді жиып-теріп [жатқанда] аз ел қашқан еді. Он оқ әскерін [артынан] жүргіздім. (44) Біз тағы [әскер] жүргіздік. Оларды [екшелеп] қудық. Йінчү суын кеше, Тінесі ұлы жайлап жатқан Беңлігек тауын [аса] (45) Темір қақпаға дейін [өкшелеп] қудық. Сол жерден қайтардық.

#### 27.

Инел қағанға, [...] + ғ + қа Тәжік, Токрысын (46), сол жерлік (?) суқ (құшық) басты (?) Соғдақ елі өз аяғынан көтеріле келді. Ол күнге дейін Түрк елі Темір Қақпаға (47), Тінесі ұлы жайлап жатқан тауға жеткен [+ ге дейін ол жерде] ие жоқ екен.

<sup>1</sup> Бұл фраза әуелде «көп деп қорықпа, аз деп басынба» деген мақал болуы ықтимал.

Ол жерге мен Білге Тоңұқұқ жеткен үшін (48) сары алтын, ак күміс, қыз-қырқын, бір өркеш аруана, қымбат бұйым келтірді.

### 28.

Елтеріс қаған [ – өзінің] ақылды [үзеңгілес] жолдасы [бар] үшін (49) [өзі] алып болғаны үшін, – Табғачқа [қарсы] он жеті [жолы] соғысты, Қытаңға [қарсы] жеті [жолы] соғысты, Оғузға [қарсы] бес [жолы] соғысты. Сондағы ақылшысы (50) тағы мен-ау едім, қолбасшысы тағы мен едім.

Елтеріс қағанға, Түрк Бөгү қағанға, Түрк [Білге қағанға, Түрк] (51) Қапаған қаған [+ ға мен Білге Тоңұқұқ ақылшы серігі мен болдым. Сонда] түн ұйықтамады [ + м] (52), күндіз отырмады [ + м] Қызыл қаным төгілді, қара терім жүгірді (ақты). Ісімді, күшімді бердім-ау. Мен өзім ұзақ жортуылшы тағы жібердім-ау.

(53) Арқуй қарауылды (Қарауыл тұрғы) көбейттім, [күші] басылған (тауы шағылып, бас иген) жауды келтіріп едім. Қағаныммен [бірге] жортуылдадық.

Теңрі жарылқасын! (54) Бұл Түрк елінің үстіне жаракты жауды келтірмедім, [жал-құйрығы] түйілген атты шапқыздым (жауға ел үстіне ат ойнақтатқызбадым).

### 29.

Елтеріс қаған иеленбесе (55) және мен өзім иеленбесем мемлекет те, халық та жоқ болатын еді, әрекет қып иеленгенім үшін (қамын жегенім үшін) (56) [құлаған] мемлекет тағы [қайыра] мемлекет болды. [Жоқ болған] халық тағы [қайыра] жұрт болды.

### 30.

Өзім қарт болдым, ұлық болдым.

(57) [Егер] нелер жердегі қағанды елде әрекетсіздік бар (басым) болса, [онда ол елде] нешеме қиындық бар болажақ екен.

### 31.

(58) Түрк Білге қаған еліңе [арнап] жаздырдым. – Мен Білге Тоңұқұқ.

### 34.

(59) Елтеріс қаған қам жеп, иелік қылмаса, ол жоқ болған болса, мен өзім Тоңұқұқ қам жеп, иелік қылмаса, мен жоқ болған бол-

са [+ м], (60) [онда] Қапаған қаған Түрк-сыр халқының жерінде мемлекет те, жұрт та, кісі де, иесі де жоқ болажақ еді.

(61) Елтеріс Қаған, Білге Тоңұқұқ қам жеп, иелік қылғаны үшін Қапаған қаған Түрк-сыр халқы бар болып отырар.

### 35.

(62) Түрк Білге қаған Түрк-сыр халқын, Оғуз халқын асырап, мерейін үстем қылып отырар!

#### «ТҮРІК БІЛГЕ ҚАҒАН СӨЗІ»

(«Күлтегін» ескерткіштің «Кіші жазуы».

Қазіргі қазақ тілінің нормасына келтіріліп оқылуы)

#### I. 1.

(1) Теңірдей Теңірден болған Түрк Білге қаған бұл таққа отырдым. Сөзімді түгете (түгел, тауыса) есітіндер (ұғып алыңдар)!

[Соңымнан ерген] іні-туғандарым, ұлдарым, біріккен (одақтасқан) руларым, ел-жұртым, оң қол шад-апыт бектер; сол қол тарқат-бұйрық бектер, Отыз [Татар], (2) Тоғыз Оғуз бектері [мен] ел-жұрты! [Сендер] бұ сөзімді жақсы [+ лап] есіт, қатты (ойланып) тыңда!

#### 2.

Ілгері күн шығыстағы, оң жақта күн ортасындағы (түстіктегі), қиырда күн батысындағы, сол жақта түн ортасындағы (терістіктегі) – осы аралықтағы жұрт [+ тың] бәрі маған қарайды. Осынша жұртты тұтас құрадым. Ол – қазір жамандығы жоқ Түрк қағаны Өтүкен жышта отырса, мемлекетке мұң (қауіп-қатер) болмайды.

#### II. 3.

Ілгері Шаңтуң жазыққа дейін әскер жүргіздім, – Теңіз [суына] кішкене (сәл) жетпедім; оң жақта (түстікте) Тоғыз Ерсенге дейін әскер жүргіздім, – Түпүтке (Тибетке) кішкене (сәл) жетпедім; қиырда (батыста) Жінжу суын (4) кеше Темір Қақпаға дейін әскер жүргіздім; сол жақта (терістікте) Жер Байырқу жеріне дейін

әскер жүргіздім – буынша жерге дейін жорттым (жорық жасадым, шаптым).

### III. 4.

Өтүкен жышта жақсы (ақылды) ие (басшы жоқ екен. Ел тұтар (ұстар, басқарар) жер Өтүкен жыш екен. Бұл жерде отырып Табғач жұртымен (5) түзелдім (түзу болдым, ел болдым). [Қазір] алтын, күміс, ішімдік, жібек сонша көп береді.

### IV. 5

Табғач жұртының сөзі – тәтті, қымбат заты – жұмсақ екен. [Ол] тәтті сөзімен, жұмсақ қымбат затымен арбап, алыс [жатқан] елді [өзіне] сонша жақын келтіреді екен. [Ал] жақын [келтіріп] қондырғаннан кейін сол жерде [оларға] жаман мінез-құлық үйретеді екен.

(6) Игі, ақылды кісіні, игі батыр кісіні [өзінше, еркінше] жүргізбейді екен. [Егер] бір кісі жаңылса («теріс» кетсе) [айыбына] ру-тайпасына, үрім-бұтағына дейін босатпай ұстайды екен. [Міне, осылайша Табғачтың] тәтті сөзіне, жұмсақ қымбат затына арбалып, көп түрк халқы жоқ болды.

### V. 6.

Түрк халқы, өлешексің: [егер] Чуғай жыш түгіл, Түн (7) жазы қонайын, – десе, Түрк халқы, өлешексің!

### 7.

Онда бұзық [ниетті] кісі сонша үйретер екен: «Жырақ (алыс) болсаңдар, жаман сый берер, жақын (жуық) болсаңдар, жақсы сый берер», – деп, сонша үйретер екен.

Білігі жоқ (ақылсыз) кісі ол сөзге алданып, жақын барып [қонып] көп кісі өлді.

### VI. 8.

(8) Ол жерге барсаңдар, Түрк халқы, өлер-ақсын! Өтүкен жерінде отырып, керуен-тіркеу жіберсең, ешқандай мұның (қауіп-кәтерің) жоқ. Өтүкен жерінде отырсаңдар, мәңгі мемлекетінді ұстап отырашақсын!



Түрк халқы, [сені тоқ-арықсың (ашты-тоқсын). [Бірақ] аш-тоғынды ойламайсың: бір тойсаң, аштықты ойламайсың. Сондайлығың (9) үшін [басына] көтерген, [өзінді] тойдырған қағаныңның сөзін алмастан, жер-жерге [кезіп] бардың, соның бәрінде аздың, тоздың. Сол [барып,] тұрып қалған жер-жеріңнің бәрінде тірі-өлі (тірі өлік боп) жүріп едің.

### VIII. 9.

Теңрі жарлықағаны үшін, өзімнің құтым (бақ құсым) бар үшін қаған [болып] отырдым.

Қаған [болып] отырып, (10) жоқ-жітік халықты түгел жинадым, шығай (жарлы) халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Әлде бұл сөзімде жалған бар ма?!

### IX. 10.

Түрк бектері, жұрты, мұны есітіндер! Түрк жұртын жиып-теріп, мемлекет құрғанымды (немесе: Қағанатқа өсиетті) осында [тасқа] ұрдым (қашап салдым), жазып-жаңылып, өлешегінді де (11) осында [тасқа] ұрдым (қашап салдым). Нендей сөзім болса, мәңгі [+лік] тасқа ұрдым (қашап салдым). Оған қарап біліңдер!

Түрктің ендігі халқы, бектері, билігіме қараған бектер! Ай, жаңылашақсыз!...

### VIII. 11.

Мен м(әңгітас (ескерткіш) тұрғызу үшін Табғач қағаннан бедізші (тас оюшы) келтірдім. Бедіздірдім (ойып жаздырдым). Менің сөзімді бұзбады (өзгертпеді).

### 12.

(12) Табғач қағанның ішіндегі (қарауындағы) бедізшіні жіберді. Оған айрықша күмбез (мавзолей) жасаттым. Іші-сыртына айрықша бедіз (бедер, ою) ұрғыздым. Тас тұрғыздым. Көңілдегі сөзімді у(рғыздым. Он оқ улына, татыңа дейін [ – бәрің] муны көріп, біліңдер! Мәңгі тас (13) тұрғыздым. [Бұл жер – тұрғы жер] ғой. Ендіге осы тұрғы жерде – сондай қасиетті тұрғы жерге [мен] мәңгі [ескерткіш] тас тұрғыздым, жаздым. Оған қарап, сонша біліңдер.

Ол тасты [жаз + ]дым. Бұ жазуды жазушы немересі Жоллығ тегін.

**«КҮЛТЕГІН БАТЫР ТУРАЛЫ СӨЗ»**

(«Күлтегін» ескерткішінің «Үлкен жазуы».

Қазіргі қазақ тілінің нормасына келтіріліп оқылуы)

**I. Бумын қаған мен Істемі қаған баяны**

Жоғарыда Көк Тәңірі<sup>1</sup>, төменде Қара Жер жаралғанда екі арасында кісі оғлы жаралған екен. Кісі оғлының үстінен [билік жүргізуге] менің арғы бабаларым Бумын қаған, Істемі қаған [таққа] отырған екен.

[Таққа] отырып, түрк халқының мемлекетін ұстап, үкім-билігін жүргізе берген екен, [оны] көркейте берген екен.

[Ол кезде] төрт жағы түгел жау екен. Әскер жүргізіп төрт бұрыштағы халықтарды түгел алған екен, бұғалықтаған екен. Бастыны жүгіндірген екен, тізеліні шөгерген екен. Ілгері (күн шығыста) Қадырқан жышқа дейін, кері (күн батыста) Темір қапығқа дейін [халқын] қондырған екен. [Қадырқан жыш пен Темір қапығтың] екі арасында бас иесіз, руы тоз-тоз болған Көк Түрк мекен тапқан екен.

[Бұл екі қаған] дана қаған екен, алып қаған екен. Бұйрықшылары (өкім-билік жасаушылары) да дана екен, алып екен. Бектері де, халқы да сондайлық азбаған екен, түзу жолда екен. Сол үшін де [ол қағандар] жұртты (мемлекетті) көп уақыт сұраған екен дағы.

Елді (жұртты, мемлекетті) ұстап, [әділ] жарғы-жарлығын (заңын) жасаған екен. Өздері сөйтіп [барып] қайтыс болған екен.

[Бұл екі қағанның асына сауын айтқан жерлерден] жоқтаушы, сықтаушы болып ілгері күн шығыстағы Бөклі шөлді ел, табғач, түпүт, апар, пурум, қырқыз, уч құрықан, отыз татар, қытан, татабы – осынша халық келіп, жылаған екен, жоқтаған екен. Олар сондай бір күліг қаған екен.

**II. Бумын қаған мен Істемі қағанның інілері мен балаларының қаған болған баяны**

Одан кейін інісі қаған болған екен дағы, баласы да қаған болған екен дағы. [Бірақ] одан кейін інісі ағасындай [етіп іс]

<sup>1</sup> Сенім-нанымдарға қатысты тотем сөздер, жер-су, ел-ру атаулары бас әріппен берілді, күрделі атаулар бөлек берілді, дыбыстық тұлғасын барынша сақтау жағы ескерілді.

қылмағанға ұқсайды, ұлы әкесіндей [етіп іс] қалдырмағанға ұқсайды. Зердесіз қаған ел билегенге ұқсайды, жәутік қаған ел билегенге ұқсайды. Бұйрықшылары да [зердесіз], біліксіз екенге ұқсайды, жәутік екенге ұқсайды.

Бектері, халқы [азғаны себепті], түзу жолдан шыққаны себепті табғач халқының алдамшы-көлгірлігі себепті, арбаушылығы себепті, ағалы-інілілердің кектесекені, [өштескені] себепті, әкімі бар халықты [бір-біріне] шағыстырғаны себепті түрк халқы ел етіп құрған елін (мемлекетін) қолдан берген екен, ел билеген қағанын қолдан шығарған, [айырылған] екен.

### **III. Түрк халқының табғач жұртына тәуелді болу баяны**

Табғач жұртына текті ұл балаң құл болды, сұлу қыз балаң күн болды. Түрк бектері «түрк» атын (түркше билік-мансап атын) тастап, табғачша билік-мансап атауын тұтынып, табғач қағанға қараған екен. Елу жыл [бойы] ісін, күшін [соған] берген екен. [Табғач қағанға қолжаулық болып] ілгері күн шығысқа Бөклі қағанға дейін әскер жүргізіп (соғысып) барған екен, батыста Темір қапығқа дейін әскер жүргізіп (соғысып) барған екен. Табғач қағанға [олардың] жұртын, билігін (тағын) алып берген екен.

### **IV. Табғач жұртына тәуелді болған түрк халқының өкінішті сөзі**

Түрк қара күллі халық (түріктің күллі бұқарасы) сонда былай деген екен:

«Мемлекетті халық едім, мемлекетім енді қані? Кімге (кіммен) мемлекетті құрармын?» – деп айтқан екен. «Қағанды халық едім, қағаным қані? Қай қағанға ісімді-күшімді беремін?» – деп айтқан екен.

Бұлай деп Табғач қағанға жау болған екен. Жау болып (жау болғанмен), итініп-тартынған, күш алып кетпеген себепті қайыра бағынған екен. [Түрк бектері] мұнша ісін, күшін [табғач қағанына] бергенін [ойлап] қайғыланбады. [Ал] түрк халқы: «өліп бітуге айналдым, ұрығым құрып бітуге айналдым» – деп қайғырып айтқан екен. Жоғалып бара жатқан екен.

## V. Көк Теңрі, Түрк Ыдуқ жер-суы не дегені баяны. Елтеріс қағанның таққа отыруы мен Табғач қағанға түрк халқын қарсы көтеру баяны

Жоғарыда Көк Тәңрісі, Түрк Ыдуқ жері, суы былай деген екен:

«Түрк халқы жоқ болмасын!» – деген екен. – Жұрт болсын!» – деген екен. [Сөйтіп] әкем Ілтеріс қағанды, шешем Ілбілге қатынды Теңрі төбесіне қойып, жоғары көтергенге ұқсайды.

Қаған әкем он жеті ерменен жортып жөнелген екен: «Сыртқа (сырт жұртқа) жүріс қылайын», – деген екен.

Ілезде есітіп, қаладағы [жұрт] тауға шыққан екен, таудағы [жұрт] еніске түскен екен. Жиналып жетпіс ер болған екен.

Теңрі күш [-қуат] берген себепті, қаған әкем әскері бөрідей (бөрі сияқты) болған екен, жауы қойдай (қой сияқты) болған екен. Ілгері-кейін (күн шығыс пен күн батысқа) әскер жүргізіп тұр екен. [Бәрін аяғынан тік] тұрғызған екен. Барлығы жеті жүз ер болған екен.

Жеті жүз ер болып, елсіреген (мемлекетінен айырылған), қағансыраған (қағаннан айырылған) халықты, күң болған, құл болған халықты, түрк өкіметін [қолдан] шығарған халықты [құрап], арғы ата-бабалары [орнатқан] өкіметіндей етіп [қайтадан] өкімет орнатқан екен. Төліс, тардуш халқын сонда [жұрт] еткен екен. [Оларға] *жабғу, шад* (деген атақпен билеуші-бұйрықшы бектер) берген екен.

## VI. Ілтеріс қағанның жорықтары баяны

Бірія (оң жақта|оң түстікте) табғач жұрты жауы екен, жырайа (сол жақта|сол түстікте) Баз қаған [билеген[ тоғуз оғуз халқы жауы екен. Қырқыз, құрықан, отуз татар, қытаң, татабы өте [қатты] жауы екен.

Қаған әкем [...] қырық жеті [жолы] жорыққа шыққан екен, жиырма [жолы] соғыс салған екен. Теңрі жарылқаған себепті елдік құрғанды елдігінен айырған екен, қағанды болғанды қағанынан айырған екен. Жауын бойсұндырған екен. Тізеліні шегерген екен, бастыны жүгіндірген екен.

Қаған әкем осындай мемлекетті, өкіметті жасап барып, дүниеден өткен екен. Қаған әкем басына «Баз қаған» мүсін салған балбал қойған екен.

## **VII. Қапаған қаған мен Білге шад жорықтары баяны**

Ол төрүде (Ілтеріс қаған құрған өкіметтің басына) қаған ағам (Қапаған) отырды. Қаған ағам [таққа] отырған соң, түрк халқын [бұрынғыдан гөрі де зор] етті: шығайын бай қылды, азын көп қылды.

Қаған ағам [тақта] отырғанда өзім тардуш халқының үстіне [билік жүргізіп тұрған] шад едім. Қаған ағамменен бірге ілгері Жасыл өзен Шантуң жазығына дейін әскер жүргіздік. Құрығару (батысқа) Темір қапығқа дейін әскер жүргіздік. Көкмен асып, қырқыз жеріне дейін әскер жүргіздік. Он үш жолы соғыстық. Елдік құрғанды елдігінен айырдық. Тізеліні шегердік, бастыны жүгіндірдік.

Түргіс қаған (түргіс қағаны) [өз] түрк [тері]+міз, [өз] халқымыз еді, білместік еткені себепті, жаңылғаны себепті [бізбен ұрыста] қағаны өлді, бұйрықшы бектері және өлді. Он оқ халқы бейнет көрді. Арғы аталарымыз ұстаған (билігінде ұстаған). Жер-су ессіз, иесіз қалмасын деп, аз жұртты [құрап ел] етіп, [...]

Барс бек еді, [оған] қаған [деген] ат [мансап] сол жерде біз бердік. Қарындасымды күнекейлікке (ханшалыққа) бердік. [Бірақ оның өзі] жаңылды. [сол себепті] қағаны өлді. (яғни: қарсы шығып, теріс ниетте болғаны себепті, қағаны ұрыста өлді), халқы күң, құл болды.

Көгмен жер-суы иесіз қалмасын деп, аз [қалған, азып-тозып азайған] қырқыз жұртын құрап, жиып келдік. [Теріс ниетпен сырт тартқысы келгендерімен] соғыстық. Елін (өз тізгінін өзіне) тағы бердік.

## **VIII. Қапаған қаған мен Білге шад құрған мемлекет баяны**

Ілгері (күн шығыста) Қадырқан жыштан асыра халықты көп қондырдық. Көп [жұрт] жасадық. Құрығару (күн батыста) Кеңу Тарманға дейін түрк халқын көп қондырдық. Көп [жұрт] жасадық.

Ол заманда құл құлды болған еді, күң күнді болған еді, інісі ағасын білмейтін еді, баласы әкесін білмейтін еді<sup>1</sup>. [Міне,] осынша көп етіп құраған [Көк түрк] еліміз (мемлекетіміз), өкіметіміз еді.

### IX. Білге қағанның түрк жұртына арнау сөзі

Түрк, [бектері,] оғуз бектері, халқы есітіндер!

Үстіміздегі Көк Теңрі баспаса, астымыздағы Жер тілінбесе, түрк халқы, [сенің] жұртыңды (мемлекетінді), төрүнді (өкіметінді) кім бұзады?

[Түрк халқы,] өкін! [Асып кетіп, болдым-толдым деп] алданғаның себепті [өзіңді аяғыңнан тік қойған], тең еткен Білге қағаныңа, [өзің] ерген, барған езгі мемлекетіңе [қарсы шығып] өзің жазып-жаңылдың, жамандық жасадың.

[Өзіңді] жарақты [жау] қайдан келіп қуып әкетті? Сүңгілі [жау] қайдан келіп сүріп әкетті?

Қасиетті [мекен] Өгүкен жышты [тастап] бардың, Батысқа босып бардың. [Бірақ] барған жерде ізгілік таба қойдың ба? [Жок,] қаның суша (судай) ақты, сүйегің тауша (таудай боп) жатты. Билікке ие ұл балаң құл болды, сұлу қыз балаң күң болды.

Білмегенің себепті... бастатып қырқыз қағанға балбал қойдым.

### X. Білге қағанның таққа отыру баяны. Білге қаған мен Күлтегін батырдың Көк Түрк мемлекетін күшейту жолында жүргізген жорықтары баяны

Түрк халқының аты, айбар-даңқы құрып кетпесін деп, қаған әкемді, ханыша шешемді таққа отырғызған Тәңірі, ел (мемлекет) берген Теңрі түрк халқының аты, даңқы жоқ болмасын деп, мені де қаған етіп отырғызды.

<sup>1</sup> «Інісі екісін білмез ерті оғлы қаңын білмез ерті» – метафоралы фразеологизм; халықтың соншалық өсуін, кең мекенге жайыла қоныс тебуін, емін-еркін молшылықта тұрмыс кешуін білдіреді.

Мал-мүлікті халыққа [қаған боп] отырмадым, іші ассыз, сырты тонсыз шәу-жәутік халықтың үстіне [қаған боп] отырдым.

Інім Күлтегінменен сөйлестік. Әкеміз, ағамыз құрған мемлекеттің аты, күші, даңқы жоқ болмасын деп, түрк халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Інім Күлтегінменен, екі шадменен бірге өліп-жітіп [жүріп ел] құрадым. Осылай [елді] құрап, [бұл] одақтасқан, біріккен халықты от-су қылмадым (отқа күйдірмедім, суға батырмадым).

Өзім қаған [боп] отырғанымда ойға-қырға босқан халық өліп-жітіп, жаяу-жалаңаш тағы келді.

Халықты тойдырайын деп, сол түстіктегі оғуз халқы тарапқа, шығысқа қытан, татабы тарапқа, оңтүстіктегі табғач тарапқа ауыр қол әскерді он екі [жолы жүргіздім], соғыстым. [Осыдан] кейін Теңрі жарылқап, құтым бар себепті, ырыс-үлесім бар себепті өлмеші халыққа жан кіргізіп, асырадым, жалаңаш халықты тоңды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Айбарлы жұрттықта, айбарлы қағандыққа жақсы жеткіздім. Төрт тараптағы халықты тұтас бас игіздім, жуасыттым, жауықпас жұрт қылдым, бәрі маған қарады.

Ісін, күшін берер осынша әкімдікті құрап, інім Күлтегін ажалынан қайтыс болды.

## **XI. Күлтегін батырдың ерлік жорықтары баяны**

Қаған әкем қайтыс болғанда інім Күлтегін же [ті жаста қалды. Он жаста] Умай сияқты ханша-шешем бақытына інім Күлтегін ер ат алды (батыр атанды). Он алты жасына қаған ағамның жұртын, өкіметін сондайлық зор етіп құрды: алты Шуб Соғдақ тарапқа әскер жүргіздік, [елін] бұздық.

Табғач Оң тутуктың елу мың әскері келді. Соғыстық. Күлтегін жаяу әскерімен еміне тиді. Он тутукты қолбасшысымен, жаракты қолымен тұтты (тұтқын етті). Жаракты қолды қағанға тартты (қаған еншісіне сауғаға тартты). Ол әскерді сол жерде жоқ қылдық. Жиырма бір жасына Чача Сенұнмен соғыстық: ең ілкі-әуел Тадықтың Чуры Боз [атын мініп тиді. Ол ат сонда] өлді.

Екінші Ышбара Жамтар Боз атты мініп тиді, ол ат сонда өлді.

Үшінші Жегін Сілік бектің торы атын мініп тиді, ол ат сонда өлді. [Оның] жарағына (сауытына), жалмасына (қалың киіміне)

жүзден артық оқ тиді [...]. Түрк беклері, бәрін білерсіз, ол әскерді сол жерде жоқ еттік.

Содан кейін Жер Байырқының Ұлығ Іркін жау болды. Оны қуып, Түргі Жарғұн көлде қираттық. Ұлығ Іркін азғана ерімен қашып кетті.

Күлтегін [отыз] жасына қырқыз тарапқа әскер жүргіздік. Сүнгі бойы (найза бойлаған) қарды бұзып, Көгмен тауын аса жортып, қырқыз халқын ұйқыда бастық. Қағаныменен Суңа жышта соғыстық. Күлтегін Байырқының Ақ Айғырын мініп ебіне тиді. Бір ерін оқпен [атып] түсірді, екі ерін ..... шанышты. Сол [жолы] ебіне тигенде Байырқының Ақ Айғырының қабырғасын сындыра [тебініп тиді]. Қырқыз қағанын өлтірдік, елін алдық.

Сол жылы түргіс тарапқа Алтын жышты аса, Ертіс өзенін кеше жорттық. Түргіс халқын ұйқыда бастық. Түргіс қаған әскері Болчуда отша, құйынша келді. Соғыстық. Күлтегін Башғу Боз ат мініп тиді. Бошғу Боз....., .... екеуін өзі алдырды. Сол жерде [соғысқа] тағы кіріп, Түргіс қаған[ның] бұйрықы (жабғу, шад) [бектері] мен аз тутуқты [өз] қолымен тұтқын етті. Қағанын сол жерде өлтірдік, елін алдық. Қара түргіс халық (қара халық) бәрі [бізге] қарады. Ол халықты [...] қондырдық.

Тағы жорық жасап Соғдақ [+ ты ішкері] халық етейік деп, Инжу өзенін кеше Темір қапығқа тие әскер жүргіздік.

Осыдан кейін түргіс халық жау болып Кенерес тарапқа барды. Біздің әскер[дің] аты [арық-]-тұрық, азығы жоқ еді. Жаман-жәутік кісі [бізге тиісе қоймас еді], алып ер бізге тиіскен еді. Сол уақытта өкініп, Күлтегінді аз ермен(қолмен) ілгері жібердік. [Кейін білдік, Күлтегін] ұлығ соғыс соғысқан, Алып Шалчы Ақ атын мініп тиген, қара түргіс халықты сол жерде қиратқан, алған. Тағы да жорық жасап, Кушу тутуқпен соғысқан, ерінің бәрін өлтірген. Үй-мүлкін қалдырмай бәрін әкелді.

Күлтегін жиырма жеті жасына қарлұқ халқы [қайғысыз емін-еркін көшіп жүріп] жау болды. Тамағ Ыдық Баста соғыстық. [Күл] тегін ол соғыста отыз жасар еді. Алып Шалчы Ақ атын мініп ебіне тиді. Екі ерін қуа барып шанышты. Қарлұқты қираттық, алдық.

Аз халқы жау болды. Қара көлде соғыстық. Күлтегін отыз бір жасар еді. Аз [жұртының] елтеберін (басшысын) тұтқын етті. Аз халқы сол жерде жоқ болды.

Қаған ағам елі (қаған жұрты) дүрліккен кезде, елдің халқы



өзара өшті-кекті болған кезде езгіл халқымен соғыстық. Күлтегін Алып Шалчы Ақ атын мініп, ебіне тиді. Ол ат сонда қалды. Изгіл халқы қирады.

Тоғуз оғуз халқы өз халқым еді. Теңрі, Жер [түртіп] дүрлік-тірген себепті (немесе: түлен түртіп) жау болды. Бір жылда бес жолы соғыстық. Ең ілкі [-әуел], Тоғу Балықта соғыстық. Күлтегін Азбан Атты мініп, ебіне тиді. Алты ерін шанышты. [қалың] әскер тигенде жетінші ерін қылыштады. Екінші, Күшлағақта едізбенен соғыстық. Күлтегін Аз Жағызын мініп, ебіне тиді. Бір ерін шанышты, тоғыз ерін иіре тоғады. Едіз халқы сол жерде қирады. Үшінші, Бол...нда Оғузбенен соғыстық. Күлтегін Азбан Ақты мініп тиді, шанышты. Әскерін шаныштық, елін алдық. Төртінші, Чуш Басында соғыстық Түрк халқы аяқ қамасты (табаны тиіп), жапа шекті болды. Оза келген әскерін Күлтегін қуып, тоңраның (тоңра руының) бір ру алпағуын (алпауыт-батырын), он ерін иіріп қойып өлтірдік. Бесінші, Езгенті Қадазда оғузбенен соғыстық. Күлтегін Аз Жағызын мініп тиді. Екі ерін шанышты. Балыққа (қала-қамалға) бармады. Ол әскер сол жерде қирады.

Мағы Құрған қыстап, жазына оғузға қарай әскер шығардық. Күлтегінді орданы бастатып (орда-ауылға басшы қылып) қалдырдық. Оғуз жау орданы басты. Күлтегін Өгсіз Атын мініп тоғыз ерін шанышты. Орданы бермеді.

## **XII. Күлтегіннің ерлігі жайлы Білге қағанның қаған әулетіне (қарата) айтқан сөзі**

Ханым-шешем бастап, шешелерім, апаларым, келіндерім, күнекей-қанекейлерім – бәрің, тағы да өзге тірі қалғандар! [Сендер] күң болашақ еді[ніз], өлігі жұртта, жолда жатып қалашақ едіңіз. Күлтегін жоқ болғанда, бәрі[ніз] өлешек едіңіз.

## **XIII. Білге қағанның Күлтегін өлгенде айтқан бақыл сөзі**

Күлтегін інім қайтыс болды,  
 Өзім қайғырдым!  
 Көрер көзім көрместей,  
 Білір білігім білместей болды.  
 Өзім қайғырдым!

Тағдырды тәңрі жасар –  
 Кісі оғлы бәрі өлмек үшін туған,  
 Сонша қайғырдым!  
 Көзден жас келсе,  
 Көңілден жылау келсе,  
 Тағы да қайғырдым!  
 Қатты да қайғырдым!

Екі шад, ізбасар іні-жиенім, оғланым, бектерім, халқым, [сендердің] қас-қабағың жаман болашақ деп қайғырдым!

#### **XIV. Күлтегіннің асына жиналған жұрттың баяны**

[Күл тегіннің асына сауын айтқан жерлерден] жоқтаушы, сықтаушы болып Қытан, Татабы жұртын бастап Удар Сеңүн келді. Табғач қағаннан Ісиі Лікең келді. Олар бір түмен ағымен, алтын, күмісті есепсіз етіп келтірді. Түпүт қағаннан Бөлек келді. Арт жақта күн батыстағы Соғд, Берчекер, Бұқарақ ұлыс жұртынан Нең Сеңүн, Оғыл Тарқан келді. Он оқ оғлым Түргіс қағаннан Мақрач тамғашы, Оғуз [жұртымнан] Білге тамғашы келді. Қырқыз қағаннан тардуш Ынанчу чур келді.

Барқ..... салушы, өрнек жасаушы, бітіг (жазу) тас қашаушы Табғач қаған жиені Чаң Сеңүн келді.

#### **XV. Күлтегіннің қашан және қанша жасында өлгені, басына Балбал тас, Бітіг тас ескерткіш қашан қойылғаны дерегі**

Күл тегін қой жылының он жетінші күні қайтыс болды. Қой жылының тоғызыншы айының жиырма жетінші күні жоқ (ас) бердік..... балбал тасын, бітіг тасын мешін жылының жетінші айының жиырма жетінші күні бағыштадық.

\* \* \*

Күл тегін өлді қырық жеті жасында.

\* \* \*

Бітіг тас, бедіз тас жасаушыны тойғун, елтебер келтірді.

#### IV. ЕРТЕДЕГІ ТҮРКІ ХАЛҚЫНЫҢ IX–XI ҒАСЫРЛАРДАҒЫ АУЫЗША ПОЭЗИЯСЫ

##### «Жауға шап»

Қыкрып атығ кемшелім,  
Қалқан, сүңүн чүмшелім,  
Қайнап йана йумшалым,  
Қатты йағы йувылсун.

[Қиқулап атты шабалы,  
Қалқан, сүңгі қадалы,  
Бұрқанып, қайта басалы,  
Қатты жауым емінсін].

Таң ата йорталым,  
Бузруж қанын іртелім,  
Йасмыл бегін өртелім,  
Емді йігіт йувулсун.

[Атыра таңды жорталы,  
Бузруж қанын жоқталы,  
Басмыл бегін тапталы,  
Жігіттер енді жұмылсын.]

Түнле біле көчелім,  
Йамар сувын кечелім,  
Тарнук сувын ічелім,  
Йувға йағы увулсун.

[Түнімен көшелі,  
Жамар суын кешелі,  
Тас бұлақтан ішелі,  
Жұқарған жау үгілсін.]

Тегре алып егрелім,  
Аттын түшүп йүгрелім,  
Арсланлайу көкрелім,  
Күчі анын кевілсун.

[Топтап алып йірелі,  
Аттан түсіп жүгірелі,  
Арыстандай күкірелі,  
Күштері жаудың кемілсін.]

##### «Ертіс сулық жемек-ті»

Ертіш сувы Йемекі  
Сығтап тутар білегі  
Құрмет аның йүрегі  
Келгелімет іркішүр.

[Ертіс сулық Жемек-ті,  
Сыбана ұстап білекті,  
Жаулы біткен жүректі,  
Келуге беттеп топтасар].

Бузрач йеме қудурды.  
Алпағутын азырды

[Бузраш тағы кабынды,  
Алыптарын айырды,

Сүсін йана қадырды  
Келгелімет іркешүр.

Әскерін және қайырды,  
Келуге беттеп топтасар.]

### «Арыстандай күркіреп»

Алп еренні езүрдім,  
Бойнын аның қадырдым  
Алтун, күмүш йүзүрдім  
Сүсі қалын кім етер?

[Алып ерлерін үйірдім,  
Мойнын оның қайырдым,  
Алтын, күміс тендедім,  
Әскері қалын, кім өтер?]

Өпкем келіп оғрадым  
Арсланлайу көкредім  
Алплар башын тоғрадым  
Емді мені кім тұтар?

[Ашумен қайта ойыстым,  
Арыстандай күркіредім,  
Алыптар басын турадым,  
Енді мені кім тұрар?]

Тоқыш ічре урыштым  
Улуғ бірле қараштым  
Түкүз атын йарыштым  
Айдым емді ол Отар!

[Қан майданда ұрыстым,  
Алыпқа қарсы тұрыстым,  
Қасқа атқа мініп жарыстым  
Оздым да, айтым, мен – Отар!]

### «Мыңлақ елін алғанбыз»

Кімі\* ічре олуруп  
Іле сувын кечтіміз  
Ұйғур тапа башланып  
Мыңлақ елін ачтымыз.

[Кеме ішіне отырып,  
Іле суын кештік біз,  
Ұйғыр жаққа бет қойып,  
Мыңлақ жұртқа астық біз.]

Бечкем уруп атлақа  
Ұйғур дақы татлақа  
Оғры йавуз ытлақта  
Қушлар кебі учтымыз.

[Байрақ байлап аттарға,  
Ұйғыр жаққа таттарға,  
Ұры-жауыз жаттарға  
Құс сияқты ұштық біз.]

Қудруқ қатығ түгдіміз  
Теңріг өкүш өкдіміз  
Кемшіп атығ тегдіміз  
Алдап йана қачтымыз.

[Ат құйрығын түйдік біз  
Тәңірге тілек үйдік біз,  
Тебіне атты ұрдық біз,  
Алдап қайта қаштық біз.]

Түнле біле бастымыз  
Тегме йанақ бустымыз  
Кесмелерін кестіміз  
Мыңлақ ерін бычтымыз.

[Түнделетіп бастық біз,  
Тұс-тұсынан бостық біз,  
Ат жалдарын кестік біз  
Мыңлақ ерін пістік біз.]

Келіңізлейү ақтымыз  
Кендлер үзе чықтымыз  
Фурхан евін йықтымыз  
Бурхан үзе сычтымыз.

[Селдетіп бір ақтық біз,  
Кент үстіне шықтық біз,  
Фурхан үйін жықтық біз,  
Бурхан үстіне тыштық біз.]

## ЖОҚТАУ ЖЫРЫ

### «Алп Ер Тоңа өлді ме!»

Алп ер Тоңа өлді мұ?  
Есіз ажун қалды мұ?  
Өзлек ечін алды мұ  
Емді йүрек йыртылур.

[Алып Ер Тоңа өлді ме?  
Опасыз дүние қалды ма?  
Заман өшін алды ма?  
Енді жүрек жыртылар...]

Беглер атын арғуруп,  
Қазғу аны турғуруп,  
Меңзі йүзі сарғарып,  
Күркім анар түртүлүр

[Бектер атын болдырып,  
Қайғы оларды солдырып,  
Менді жүзі сарғайып,  
Запран рең сүртілер.]

Улышып ерен бөрілейү,  
Йыртып йақа урлайу,  
Сықырып үні йүрлейү,  
Сығтап көзі өртүлүр.

[Берідей жұрт ұлысып,  
Айқаймен жаға жыртысып,  
Өкірген үнін өршітіп,  
Жылаған кезден жас өрер.]

Көңлүм ічун өртеді,  
Йетміш башығ қартады,  
Кечміш үзік іртеді,  
Түн күш кечіп іртелүр.

[Көңілім ішті жандырды,  
Жазылған жара жаңғыр(ды),  
Кешкен күндер кезге ұрды,  
Күн, түн демей ізделер.]

Өзлек йарағ күзетті  
Оғры тузақ узатты  
Беглер бегін азытты  
Қачса қалы құртулар.

[Тағдыр кезін келтірді,  
Ұры тұзағын ілдірді,  
Бектердің бегін ап кетті  
Қашса қалай құтылар.]

Өзлек күні тебретүр  
Йалынуқ күшін кевретүр  
Ердің ажын севрітір  
Қачса тақы артылу

[Тағдырың күнің тербетер,  
Пәнденің күшін мендетер,  
Пәниді жұрттан тазартар,  
Қашсаң тағы артылар.]

Өгрейүкі мундағ ақ  
Мунда азын тендағ ақ  
Атса ажын оғрап ақ  
Тағлар башы кертілу

[Тербетер салты мұндай-ақ  
Бұдан да басқа сыр көп-ақ  
Заман атса кезеп-ақ  
Таулардың басы күйрелер.]

Атса оқын кез керіп,  
Кім тур аны йығдачы  
Тағығ атып ағраса.  
Өзі қуйы йыртылу

[Оғын атса дәл кезеп,  
Кім тоқтатар көлбеу кеп,  
Тауды атса кездей кеп,  
Шың шатқалы қақырар.]

Өзлек қамуғ күвреді  
Ердем арығ саврады  
Йунчығ йавуз туврады  
Ердем бегі чертілу

[Замана түгел күйреді,  
Білімді жақсы сиреді  
Жаман-жәутік түптеді,  
Ізгі бектер шертілер.]

Білге, бөкү йунчыды  
Ажун аты йанчыды  
Ердем еті тынчыды  
Йерге тегіп сүртүлүр

[Білімді батыр жүнжіді  
Замана аты жаншыды,  
Ізгілер тәні жидіді  
Жерге тиіп сүртілер.]

**ӨСИЕТ ЖЫРЛАРЫ**

1

Болмыш неңіг северсен,  
Акрун аңар севінгіл.  
Бармыш неңіг сақынма,  
Азрақ аңар өкүнгіл.

[Келген малға сүйінсең,  
Жайырақ оған сүйінгіл,  
Кеткен малға қайғырма  
Жайырақ оған өкінгіл.]

Күлсе кіші йүзіңе,  
Көрглүг йүзін көрүнгіл.  
Йавлағ күзез тіліңні  
Езгү савығ тіленгіл.

[Караса күліп жүзіңе,  
Жылы бір жүзбен көрінгіл  
Қатты күзет тілінді  
Жақсы тілек тіленгіл.]

2

Ешітіп ата анаңның  
Саваларыны қадырма  
Нең қоп болуп күвезлік  
Қылып йана қутурма.

[Тыңдап ата-анаңның,  
Сөзін ал, сөз қайтарма,  
Дүниең көп боп, менменсіп  
Түсіп жүрме тайтаңға.]

Қолдаш біле йарашғыл,  
Қаршып адын удурма,  
Бек тут йаваш тақағу  
Сүвлін йазын едерме.

[Тендесіңе тату бол,  
Қас ойлап, жатты көздеме,  
Үйдегі қусың бек ұста  
Қырдан құсты іздеме.]

Ағруқ ағыр ішіңні  
Азнағуқа йүзүрме  
Ачруп өзүң ешеріп  
Азнағуны тозурма.

[Ауырдан ауыр ісінді  
Өзге арқаға қойдырма,  
Ашығып көзің қарайып, –  
Өзге жатты тойдырма.]

**ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАР**

Үзік мені қомытты  
Сақыныч меңе йумытты  
Көңлүм аңар емітті  
Йүзүм менің сарғарур.

[Ынтық күнде қамынты,  
Мұнын маған қабынтты,  
Көңлім алды, табынтты,  
Сана жүзім сарғайтар.]

Барды кезүм йаруқы  
Алды өзүм конуқы  
Қапча ерінч қанықы  
Емді узын узғуруп.

[Кетті көзім жарығы  
Алды тәнде жанымды,  
Іздеп өкпем қабынды,  
Елесі түнде оятар.]

## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Ертедегі Түркілердің ауызша әдебиеті мақал-мәтелге соншалық бай. Және бұл мақал-мәтелдер тұрақты тілдік формасы өте ерте қалыптасуы жағынан да, көркем образ жасау жағынан да, логикалық тұтастығы мен өмір шындығының нақты сурет-бейнесін жасауы жағынан да барынша біртұтас, жұп-жұмыр үлгі-модельге ие. Бұл мақал-мәтелдер синтаксистік композициялық құрылысы жағынан, көркемдік компоненттері (ырғақ, бунак өлшемі, буын өлшемі, ұйқас түрі, т.б.) жағынан барынша әртірап. Сол сияқты бұл мақал-мәтелдерде өте көне тілдік белгілер мол.

### I

1. Улығны улуғласа,  
Қут болур.  
2. Умайқа табынса,  
оғул болур.  
3. Күнге бақса,  
көз қамар.  
4. Ағыз йесе,  
көз уйазур.  
5. Іңен іңресе,  
боту бозлар.  
6. Иағыны ақшаласа,  
башқа чықар.  
Көкке соғурса,  
йүзге түшүр.

Қартты сыйласа,  
Құт болар.  
Умайға<sup>1</sup> сыйынса  
Ұл табар.  
Күнге қараса,  
көз қамар.  
Ауыз жесе,  
көз ұялар.  
Інген еңіресе,  
бота боздар.  
Жауды елемесе,  
басыңа шығар.  
Көкке түкірсе  
жүзге түсер.

<sup>1</sup> «Умай» – мифтік бейне.



Иарын булғанса,  
ел булғанар.

7. Тевей сілкінсе,  
ешекке йүк чықар.

8. Көзден йыраса,  
көңүлден йеме йырар.

9. Арслан қарыса,  
сычған өтін көзезүр.

10. Қаз қопса,  
өрдек көліг ігенур.

11. Арслан көкресе,  
ат азақы тушалыр.

Евлік тозғурса,  
көзі йолқа болур  
Қутсуз кузуғқа кірсе,  
Құм йағар.

Тілкү ез ініге урса,  
Узүз болур.

Эгуш севінч болса,  
қатығ охсунур.

Қарға қазға өткүнсе,  
буты сынур.

Жаурын бұзылса  
ел бұзылар.

Түйе сілкінсе,  
ешекке жүк шығар.

Көзден кетсе,  
Көңілден кетер.

Арыстан қартайса,  
тышқан інін көздер.

Қаз кетсе,  
үйрек көлді иеленер.

Арыстан күркіресе,  
ат аяғы тұсалар.

Үй иесі тойғызса,  
Қонағы жолға қарар.

Құтсыз құдыққа түссе,  
Құм жауар.

Түлкі өз ініне үрсе,  
Құтылар

Көп қуаныш болса,  
қатты бір өкінер.

Қарға қазға ұқсаса,  
бұты сынар.

\* \* \*

Ағылда оғлақ туғса,  
арықда оты өнер.

Йурт кічіг болса,  
анут бедук ур.

13. Күмүш күнге урса,  
алтун азақын келір.

14. Теңсізде тегірмен  
турғурса  
йарағсызда йар барыр

Қорада лақ туса,  
арықта от өнер.

Тесік кішкене болса,  
тығынды үлкен тық.

Күміс күнге жетсе,  
Алтын аяғымен келер.

Жайсыз жерге тиірмен  
тұрғызса  
Мезгілсіз кезде жар пайда  
болар.

15. Күч алдын кірсе,  
төрү түңлүктен чықар.

16. Қулан қудуғқа түшсе,  
қурбақа айғыр болур.

Тіріг есен болса,  
таң өкүш көрүр.

Авчы нече ал білсе,  
азығ анча йол білір.

Түне булыт өртенсе,  
Евлук уры келдірмішче  
болур

Танда булыт ертенсе,  
Евге йағы кірмішче  
болур

Атасы ачығ алмыла  
йесе

оғлының тышы қамар.

Йазыда бері улыса,  
евде ит бағры тартышур.

Қағун қарма болса,  
ызысы екі елігін тегір.

Күш есіктен кірсе,  
жол-жора түңліктен шығар.

Қулан құдықа түссе,  
Құрбақа айғыр болар.

Кісі есен болса,  
қызықты көп көрер.

Аңшы қанша айла білсе,  
Аю сонша жол білер.

Кешке бұлыт қызарса,  
Қатыны ұл туғандай  
болар,

Ертемен бұлыт қызарса,  
Үйге жау кіргендей болар.

Әкесі ащы алма жесе,  
ұлының тісін қамар.

Қырда бөрі ұлыса,  
Үйде ит бауыры тырысар.

Қауын талау болса,  
иесі қос қолдап ұстар.

## II

От тесе,  
азығ күймес

Ім білсе,  
ер өлмес.

Егір болса,  
ер өлмес.

«От» десе,  
ауыз күймес.

Ім (күпия шартты сөзді)  
біл  
ер өлмес<sup>1</sup>.

Иір [шөп] болса,  
ат өлмес<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> *иір* (орысша айтылуы – аир) – дәрілік өсімдік.

<sup>2</sup> *андыз* – дәрілік өсімдік: оны көбіне «қара андыз» деп атайды.

Андуз болса,  
ат өлмес.

Андыз [шөп] болса,  
ат өлмес<sup>1</sup>.

\* \* \*

Ай толун болса,  
елігін імлемес.  
Күзегү ұзун болса,  
елік күймес.  
Ытка увут атса,  
Улдаң йемес.  
Барығ отру тутса,  
йокқа санмас.  
Тевей бедүк ерсе,  
майақы бедүк ермес.

Ай толы болса,  
қолмен көрсетпес, болар.  
Көсеу ұзын болса,  
қол күймес.  
Итке ұят келсе  
ұлтан да жемес.  
Барын алдына тартса,  
жокқа санамас.  
Түйе үлкен болса да,  
Құмалағы үлкен емес.

### III

Уры қобса,  
Оғуш оқлышур;  
Йағы келсе,  
Імрам тебрешүр.  
Тулум анутса,  
Қулун болур;  
Тулум унутса,  
болун болур  
Қылыну білсе,  
Қызыл кізер;  
йарану білсе,  
йашыл кізер.  
Чақса тутунур,  
Чалса білінур.

Ұран көтерілсе,  
ру жиналар;  
Жау келсе,  
ел қозғалар.  
Құрал сайласа,  
Құлын болар,  
Құрал ұмытса,  
бұлын<sup>2</sup> болар.  
Қылығын көрсетсе,  
Қызыл киер;  
Жағынар болса,  
жасыл киер.  
[Шақпақ] шақса от тұтынар,  
[Құлақ] шалса, сөз білінер.

<sup>1</sup> Бұл мақал «қонақ барға ыразы» дегенге келеді.

<sup>2</sup> *булын* – құл.

Қалын берсе,  
 Қыз алар;  
 Керек болса  
 Қыз алар.  
 Қылыш татықса,  
 іш йүнчір;  
 Ер татықса,  
 ет тунчыр.

Қалын берсе,  
 Қыз [келін] алар;  
 Керек болса,  
 Қымбатты алар.  
 Қылыш тоттанса,  
 іс бұзылар;  
 Кісі таттанса<sup>1</sup>,  
 Тұқымы тыңшы болар.

#### IV

Ач не йемес,  
 Тоқ не темес.  
 От тутұнсыз болмас,  
 Йігіт йазуқсыз болмас.  
 Тезек қарда йатмас,  
 Езгү есіз қатмас.  
 Қуруғ йығач егілмес,  
 Курмыш кіріш түгілмес.  
 Субузғанда ев болмас,  
 Тубурғанда ав болмас.  
 Тағығ укрукын егмес,  
 Теңізні қайғықын бүкмес  
 Тайақ біле таймас,  
 Тануқ сөзүн бүтмес.  
 Кең тон обрамас,  
 Кеңешліг біліг артамас.  
 Йазмас атым болмас,  
 Йаңылмас білге болмас.

Аш не жемес,  
 Тоқ не демес.  
 От түтінсіз болмас,  
 Жігіт жазықсыз болмас.  
 Тезек қарда жатпас,  
 Есті есерге қатыспас.  
 Құрғақ ағаш иілмес,  
 Құрған кіріс<sup>2</sup> түйілмес.  
 Мазар тамы үй болмас,  
 Шаңдақ жерде аң болмас.  
 Тауды арқанмен имес,  
 Теңізді қайықпен бумас.  
 Таяққа сүйенген таймас,  
 Куәге сүйенген бітпес.  
 Кең тон тозбас,  
 Кеңісті ақыл кемімес.  
 Жаза атпас мерген болмас,  
 Жаңылмас дана болмас.

<sup>1</sup> *tat* – бұл жерде жат жұрт.

<sup>2</sup> *kiric* – садақтың кірісі, бұл жерде «тартылған кіріс байланбайды» деген сөз.

\* \* \*

Қуруқ қашуқ ағызға  
 йарымас  
 Қуруғ сөз қулаққа  
 йақышмас  
 Тегме кіші өз болмас,  
 Йат, йағуқ түз болмас.

Оғлан ышы ыш болмас,  
 Оғлақ мұңүзі сап болмас  
 Чахшақ үзе отболмас,  
 Чақрақ біле увут болмас  
 Арпасыз ат ашумас,  
 Арқасыз алп черік сыйум  
 Тікмегінче өнмес.  
 Тілемегінче болмас.  
 Тутүшмегінче [9]  
 түзүлмес,  
 Тубіргеінше ачылмас.  
 Тәлім сөзүг ұқса болмас,  
 Йалым қайа йықса болмас

Құрғақ қасық ауызға жақпас  
 Құрғақ сөз құлаққа жақпас.

Жұрттың бәрі өзің болмас,  
 Жат пен жақын бірдей бол-  
 мас

Баланың ісі іс болмас  
 Ылақ мүйізі сап болмас.  
 Шағыр таста от болмас,  
 Қырма тазда бет болмас.  
 Арпасыз – ат жол алмас,  
 Арқасыз<sup>1</sup> – алып жау алмас.  
 Тілемейінше болмас.  
 Тікпейінше онбес,  
 Шекіспейінше бекіспес,  
 Желдемейінше ашылмас.

Көп сөзді<sup>2</sup> ұғып болмас,  
 Жалын қияны бұзып болмас.

## V

Йығач үчіне йел тегір,  
 Көркліг кішіге сөз келір  
 Ерге муң тегір,  
 Тағ сеңіріне йел тегір.  
 Еркеч еті ем болур,  
 Ечкү еті йел болур.

Ағаш басына жел тиер,  
 Көрікті кісіге сөз ерер.  
 Ердің басы мұңсыз болмас,  
 Таудың басы желсіз болмас.  
 Теке еті ем болар,  
 Ешкі еті жел болар.

<sup>1</sup> *арқа* – тірек, сүйеу; «кімді арқаланып жүр, арқа сүйері кім» – деген фразалар да бар; «Өнерпаз болсаң арқалан» дегендегі *арқа* сөзі де осы сөз.

<sup>2</sup> *тұт* – көрісу; «Түбі бірге түтпейді» деген мақалдағы «тұт» сөзімен бір.

Бірін-бірін мың болур,  
Тама-тама көл болур.

Қалын булутуғ түпі  
сүрер  
Қараңғу ышығ урунч  
ачар.

Қарға қарасын кім  
білур,  
Кіші аласын кім тапар.

Кеңешлік білік узрешүр,  
Кеңешсіз білік опрашур.

Біреуден жиса мың болар,  
Тама, тама кел болар.

Қалын тұманды жел ашар,  
Күмәнді істі пара ашар.

Қарға жасын біліп болмас,  
Кісі аласын танып болмас.

Кеңескен іс озар,  
Кеңессіз іс тозар.

## VI

Тағ тағқа қавушмас,  
Кіші кішіге қавушар.  
Йылан кендү егрісін  
білмес,  
тевей бойын егрі тер.  
Құртқа бүзіг білмес,  
Иер тар тер.

Тау тауға қосылмас, –  
Кісі кісіге қосылар.  
Жылан өз йірін білмес,  
Түйе мойнын йір дер.

Кемпір би білмес, –  
Жер тар дер.

\* \* \*

Алын арстан тутар, –  
Күчін уйук тутмас.

Айламен арыстан тұтар, –  
Күшпен қарақшы тұтпас<sup>1</sup>.

\* \* \*

Ыт чақыры атқа  
тегір, –  
Ат чақыры ытқа  
тегмес.

Шегір ит атқа теңелер,  
Шегір ат итке теңеспес.

<sup>1</sup> көп – «Көп сөз – көмір» деген мағынадағы «көп» сөзі.

## VII

Алллар бірле урушма,  
Беглер бірле турушма.

Алл еріг йаврытма,  
Ықлач арқасын  
йағрытма.

Қыз бірле күрешме,  
Қысрақ бірле йарышма.

Күштiмен ұрыспа,  
Әкiммен тұрыспа.

Батыр ұлды жауыр етпе,  
Жүйрiк арқасын жара етпе.

Қызбен күреспе,  
Қысырақпен жарыспа.

## VIII

Күш – қанатын,  
Ер – атын.

Алл – черiкде,  
бiлге – тiрiкде.

Алл – йағыда,  
алчақ – чағыда.

Сөкүт – сүлiне,  
Қазын – қасыңа.

Татығ көзре,  
тiкениң тубре.

Кiшi аласы – iчтiн,  
Йылқы аласы – таштын.

Барчын йамағы –  
барчынқа,

Қарыш йамағы –  
қарышқа.

Құс – қанатымен,  
Ер – атымен.

Алып – майданда,  
Дана – тiрлiкте.

Батыр – жауда,  
сабыр – дауда.

Тал шыбығымен,  
Қайын қабығымен.

Татты көзiнен:  
Тiкендi түбiнен.

Кiсi аласы – iшiнде,  
Жылқы аласы – сыртында.

Баршын жамауы – баршынға  
Бөз жамауы – бөзге.

## V. ЕРТЕДЕГІ ТҮРКІ ХАЛҚЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЫ «ОҒУЗ ҚАҒАН»<sup>1</sup>

### Таныстыру

«Оғуз қаған» – түркі халықтарының ең ежелгі фольклорлық мұрасы. Бірақ өте көне дәуірде жасалған бұл фольклорлық мұра бергі XII–XIII ғасырда ғана жазуға түскен<sup>2</sup>. «Оғуз қағанның» қағазға түскен дәуірінің тілдік белгілеріне сүйеніп, оны XII–XIII ғасырдың мұрасы деп тануға әсте болмайды. «Оғуз қағанды» әуелі әдеби мұра ретінде қарастыру керек. Сонымен бірге оның сюжеттің желісін, оқиға тізбегін, ондағы ел-жұрт, мекен атауларын, кісі аттарын және бұлардың оқиғаға, ал оқиғаның уақытқа қатынасын, сол сияқты суреттеу тәсілдерін, мифтік ұғымдарды, ақырында кличаға айналған формулаларды – бәрі-бәрін негізге ала отырып зерттегенде ғана оның қай дәуірдің жемісі екенін анықтауға болады.

Осы аталмыш белгілеріне қарағанда, «Оғуз қаған»! ежелгі хұндардың ұрпақтары Ашина-түріктердің тарихи аренаға шыққан кезінен көп бұрын – VI–VIII ғасырға дейінгі жерде-ақ түпкілікті жасалған болса керек.

Ал «Оғуз қағанды» жазуға түсірген XII–XIII ғасыр – осы әдеби мұраның қай дәуірге тәндігін белгілейтін дәл жеңе-өлшем

<sup>1</sup> Түркологияда «Оғуз-нама» атымен белгілі бұл әдеби мұраның көне ұйғыр жазуымен келіп жеткен бір ғана нұсқасы бар. Париждің Ұлттық кітапханасында сақтаулы осы нұсқаны шетел түркологтары бірнеше рет бастырды. Бізде ескерткіштің транскрипцияланғаны толық тексін әрі орысша аудармасын А.М. Шербак «Огуз-наме. Мухаббат-наме» (М., 1959, 22–42-бб.) деген кітапта жариялады. Осы кітаптан алып қазақ әдебиетшілері бірінші рет «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» (Алматы: Мектеп, 1967. 72–77-бб.) деген жинаққа енгізді.

<sup>2</sup> Бұл мұраның жазуға түсу мерзімі жайлы әртүрлі пікірлер бар. Солардың ішінде А.М. Щербактың пікірі әрі ғылыми жағынан әрі тарихи тұрғыдан өңге әріптестеріне қарағанда дәлелді шығып жатады. А.М. Шербак. Огуз-наме..., 16, 107-бб.



емес, ол тек XII–XIII ғасыр түркілерінің байырғы сөз қазынасының жазуға түсу фактісін көрсететін тек мерзім-өлшемі ғана. Бұл уақыт өлшемі яғни «XII–XIII ғасыр» деген уақыт өлшемі «Оғуз қағаның» тілдік фактілері (фонетикалық-грамматикалық белгілері) үшін ғана маңызды. «Оғуз қағанның» өзі – өте көне заманның мұрасы. Өйткені ауызша туып, ауыздан-ауызға тарап, кейінгі (дәуірге көшіп отыратын фольклорлық туындыларға «әрбір кейінгі дәуірдің тілдік нормасы өзінің шешуші редакциясын жүргізеді, жеке сөздерде ғана емес, дыбыстардағы, грамматикалық формалардағы, тіркестердегі, сөйлемдегі, сөздің орналасу тәртібіндегі жаңа дәуірге тән жаңа норма бұрынғы дәуір сөзіндегі өзіне сәйкеспейтіннің бәрін өзгертеді» [1].

Бірақ фольклорлық шығарманың негізгі өзекті жүйесі өзгеріссіз қалып отырады.

Халықтар қай заманда да өзінің тарихын жасауға бейім тұрады. Жазуы дамыған халықтарда бұл тарих *жылнама*, не ұлы қолбасшылар мен патшалардың жорық жолын баяндау түрінде *хатқа* түскен. Ал жазуы жоқ халықта бұл тарих ата-бабалар және атақты қолбасы туралы ауызша туған аңыз әңгімелер түрінде, не басы осы аңыз-әңгімелерге барып тірелетін шежірелер түрінде жасалып отырған. Ертедегі Түркілер осы тарихтың екі түрін де иеленген еді. Олар «Күл тегін» және т.б. жазба ескерткіштерінде қолбасы батырлар мен қағандардың ел басқаруы мен ел қорғаудағы ерліктерін, түрлі жорықтарын жазып қалдырса, ал өздерінің ауыз әдебиеттерінде ұлы қолбасшылар жайлы қиял мен мифтік сана құндағында туған тамаша шығармаларды дүниеге келтірді.

Ертедегі Түркілердің осы екі жүйеде жасалған ең ежелгі тарихи дерегінің де басы Оғуз қаған деген тарихи тұлғаға барып тіреледі. Оғуз қаған – Ертедегі Түркілердің өз арғы аталарын тарихқа белгілі еткен алғашқы жазба шежіре мен аңыз-әңгіменің тарихи кейіпкері. Ертедегі Түркілердің арғы аталарының тарихи әдебиетте көрінуінің өзі осы Оғуз қағанның тарих сахнасына келуімен тұтас жатыр. Яғни Оғуз қаған және оның қоғамдық қызметі жайлы жылнама [2] түркі тектес халықтар тарихының бізге жеткен мәліметтерінің басы. Оғуз қаған туралы аңыз-әңгіме – түркі халықтарына тән ауыз әңгімелердің (фольклорлық шығармалардың) бізге келіп жеткен ең ежелгі, ең көне үлгісі.

Демек, түгел сөздің түбі осы Оғуз қағанға қатысті тарихи дерек пен аңыз-әңгімеде жатыр. «Оғуз қаған атты эпос сипатты аңыз-әңгіме осы Оғуз қағанның әрекетіне немесе ежелгі хундардың қағаны Модэ әрекетіне құрылған. Демек, «Оғуз қаған» тарихи негізі бар фольклорлық шығарма.

Біз кітаптың көлеміне орай «Оғуз қаған» жайлы деректі осы шағын таныстырумен шектедік. Төменде «Оғуз қағанның» екі тексі беріліп отыр: бірі – байырғы қолжазбаның транскрипциясы, екіншісі – осы текстің қазіргі қазақ тілі нормасына түсірілген үлгісі. Біз мұны бірінші рет осылай желі-желіге бөліп беріп отырмыз.

«Оғуз қағанның» транскрипциясына қатысты ескертпе: екінші, үшінші буында келетін «е» дыбысын а әрпімен таңбалау дәстүрі бар. Айталық, тіпті бергі XIX ғасырдың екінші жарты-сында жазып алған «Ер Тарғын» жырын В.В. Радлов «Ертада... бір Тарған деген батыр... қамалға кірган»... деп береді. Осы дәстүр А.М. Шербакқа да тән. Ол «Оғуз қаған» тексін «күнлардан», «кэна», «кэча», т.б. түрінде беріп отырған. Біз бұларды «кене», «кече», т.б. түрінде алдық.

### **«ОГУЗ ҚАҒАН ТУРАЛЫ АҢЫЗ» (Ұйғырша қолжазбаның транскрипциясы<sup>1</sup>)**

- I. Болсунғыл деп деділер. Ануң анағусу
- II. ошбу турур. Тақы мундан соң севінч
- III. таптылар. Кене күнлерден бір күн Айқаған –
- IV. нуң көзү йарыб бадады, еркек оғул тоғурды.
- V. Ошул оғулнуң өңлүгі чырағы көк
- VI. ерді, ағызы аташ қызыл ерді, көзлері ал, сачлары, қашлары
- VII. қара ерділер ерді. Йақшы напсікілерден
- VIII. көрүклугрек ерді. Ошул оғул ана –
- X. сының көгүзүндүн оғузны ічіб мүндун.

<sup>1</sup> Шербак А.М. Огуз-наме. Мухаббат-наме. М., 1959. 22-42-66.

2

- I. артығырақ ічмеді, йіг ет аш сүрме
- II. тіледі, тілі(ге) келе башлады. Қырык, күндүн соң
- III. бедүкледі, йүрүді, ойнады. Адағы уд адағы дег, беллері
- IV. бөрі беллері дег, йағры кіш йағры дег, көгүзү
- V. адуғ көгүзү дег ерді. Баданінүң қамағы
- VI. түг түлүклүг ерді, йылқылар күтейе
- VII. турур ерді, атларға міне турур ерді, кік
- VIII. ав авлайа турур ерді; күнлерден
- IX. соң, кечелерден сой й(i)гіт болды. Бу

3

- I. чакта бу йерде бір улуғ орман бар ерді.
- II. Көб мүренлер кеб өгүзлер бар ерді. Бунда келген –
- III. лер кік көб кеб, бунда учқанлар куш көб ерді.
- IV. Ошул орман іч(i)нде бедүк бір қат бар
- V. ерді, йылқыларны, ел кунлерні йер ерді. Бедук
- VI. йаман бір кік ерді. Берке емг(е)к бірле
- VII. ел күнни басуб ерді. Оғуз қаған бір еріз
- VIII. қағаз кіші ерді. Бу қатны авлам(а)қ тіледі. Күн
- IX. лерде бір күн авға чықты, жыда бірле

4

- I. йа оқ бірле тақы қылыч бірле қалқан
- II. бірле атлайды. Бір буғу алды. Шул буғуны тал
- III. нуң чубуғы бірле (й)ығачқа бағлады, кетті.
- IV. Андан соң ерте болды. Таң ерте чақ –
- V. та келді, керді кім қат буғуны алуб
- VI. турур. Кене бір адуғ алды. алтунлуғ
- VII. белбағы бірле йығачқа бағлады, кетті.
- VIII. Мундун соң ерте болды, таң ерте
- IX. чакта келді. Көрдi кім қат адуғны алуб турур.

## 5

- I. К(е)не ошу (й)ығачның түб(і)нде турды. Қат
- II. келіп башы бірле Оғуз қалқанын урды. Оғуз
- III. жыда бірле қатның башын урды, аны
- IV. өлтүрді. Қылыч бірле башын кесті, алды, кетті. Кене
- V. келіп көрді кім бір шуңқар қатнқң ічегүсін
- VI. й(е)мекте турур. Иа бірле оқ бірде
- VII. шуңқарны өлтүрді, башын кесті. Андан
- VIII. соң деді кім шуңқарның аң(а)ғу –
- IX. сы ошуб турур. Буғу й(е)ді, адуғ й(е)ді. Жыдам

## 6

- I. Өлтүрді, темүр болса. Қатны шун –
- II. қар й(е),ді. Йа оқум өлтүрді, й(е)л болса деб деді,
- III. кетті. Тақы қатның ануғусу ошбу
- IV. турур. Қене күнлерде бір күн
- V. Оғуз қаған бір йерде теңріні жалбарғу –
- VI. да ерді. Қараңғулуқ келді. Көктүн
- VII. бір көк йаруқ түшті. Күндүн айан
- VIII. айдан қуғулуғулуғрак
- IX. ерді. Оғуз қаған йүрүді, керді кім

## 7

- I. ошбу йаруқнуң арасында бір қыз
- II. бар ерді. Йалғуз олтурур ерді. Йақшы көрүк –
- III. луғ бір қыз ерді. Анун баш(ы)нда аташ –
- IV. луғ йаруқлуғ бір меңі бар ерді,
- V. алтун қазуқ дег ерді. Ошул қыз андағ
- VI. керүклүг ерді кім күлсе, кек
- VII. теңрі күле турур; й(ы)ғласа көк теңрі
- VIII. й(ы)ғлайа турур. Оғуз қаған
- IX. аны көрдүкте өзі қалмады, кетті, севді, алды, анун

8

- I. бірле йатты, тілегүсін алды. Тел бағаз
- II. болды. Қүнлерден соң, кечелерден соң
- III. йаруды, үч еркек оғулны тоғурды. Бірінчі
- IV. сізге Күн ат қойдылар, ікін –
- V. чісіге Ай ат қойдылар, үчүнчү
- VI. сүге йулдуз ат қойдылар. Қене бір күн
- VII. Оғуз қаған авға кетті. Бір
- VIII. көл арасында алындан бір (й)ығач
- IX. көрді. Бу (й)ығачнуң қабучағында

9

- I. бір қыз бар ерді, йалғуз олтурур ерді.
- II. Иақшы көрүклүг бір қыз ерді. Ануң
- III. көзү көктүн кәгрек ерді,
- IV. ануң сачы мүрен усуғы дег, ануң
- V. тіші үнжү дег ерді. Андағ көрүк –
- VI. лүг ерді кім йернін. ел күні аны көрсе
- VII. ай ай ах ах өлербіз деп, сүттен
- VIII. кумуз бола турурлар. Оғуз қаған
- IX. аны көрдүкте езі кетті, йүрегіге аташ

10

- I. түшті, аны севді, алды, ануң бірге йатты, тілегү
- II. сүн алды. Төл боғаз болды, күнлер –
- III. ден, соң, кечелерден соң
- IV. йаруды, үч еркек оғулны тоғурды, бірін –
- V. чісіге Көк ат қойдылар, ікін –
- VI. чісіге Тағ ат қойдылар, үчүнчү –
- VII. сүге Теңіз ат қойдылар.
- VIII. Андан соң Оғуз қаған бедүк
- IX. той берді, ел күнге жарлық

## 11

- I. жарлаб кеңештілер, келділер. Қырық шіре,
- II. қырық бандан чаптурды, түрлүг ашлар түр –
- III. лүг сүрмелер, чубуйанлар, қымызлар
- IV. аш (а) дылар, ічтлер, Тойдан соң Оғуз
- V. қаған беглерге, ел күнлерге
- VI. жарлық берді, тақы деді кім мен сенлер –
- VII. ге болдум қаған, алалын. йа тақы
- VIII. қалқан, тамға бізге болсун
- IX. буйан, көк бөрі болсунғыл уран: темур жыда –

## 12

- I. лар бол орман; ав йерде йүрүсүн қулан
- II. тақы талуй тақы мүрен; күн туғ болғыл кек
- III. курықан деб деді. Кене андан соң
- IV. Оғуз қаған төрт сарыға жарлық,
- V. Жумшады. Білдүргүлүк бітіді, елчілеріге
- VI. беріб йеберді. Ошбу білдүргүлүкте бітіл –
- VII. міш ерді кім мен уйғурныщ қағаны боламан
- VIII. кім йернің төрт булуңының қағаны
- IX. бол керек турур. Сенлерден баш чалунғу –

## 13

- I. лүк тілеб мен турур. Ошул кім менін. ағыз –
- II. умға бақар турур болса таратғу
- III. тартыб дост тутарман, деб ддді ошбу кім
- IV. ағызумға бақмас турур болса, чамат
- V. чақыб черіг чекіб душман тутарман.
- VI. Тағурақ басыб астурыб йоқ болсунғыл
- VII. деп қылурман, деб деді. Кене бу чақ-
- VIII. та оң жаңақта Алтун қаған
- IX. деген бір қаған бар ерді. Ошбу Алтун

14

- I. қаған Оғуз қағанға елчі йумсаб
- II. йеберді. Көб телім алтун күміш тартыб көб телім
- III. қыз йақут таш алыб телім ерданілер йебер –
- IV. іб йумшаб Оғуз қағанға сойурқаб
- V. берді, ағызыға бақынды. Йақшы бегү бірле
- VI. дослуқ қылды, ануң бірле амырақ
- VII. болды. Чоң жаңақыда Урум деген
- VIII. бір қаған бар ерді. Ошбу қағаннун
- IX. черігі көб көб балықлары көб көб ерділер.

15

- I. ерді. Ошул Урум қаған Оғуз қаған –
- II. нун жарлығын сақламас ерді, катағла-
- III. ғу бармас ерді. Мұны сөз сөз –
- IV. ні тутмас мен турурман, деб жарлық –
- V. қа бақмады. Оғуз қаған чамат
- VI. атуб анга атлағу тіледі, Черіг бірле
- VII. атлаб туғларны тутуб кетті. Қырық
- VIII. күндүн соң Муз тағ деген
- IX. тағнун адағыға келді. Қурықан –

16

- I. ны түшкүрді, шүк болуб уйуб турды. Чаң ерте
- II. болдукта Оғуз қағаннун
- III. курықаныға күн дег бір
- IV. жаруқ кірді. Ол жаруқтун көк
- V. түлүк лүг көк жаллуқ бедүк
- VI. бір еркек бөрі чықты. Ошул бөрі Оғуз
- VII. қағанға сөз беріб турур ерді.
- VIII. Тақы деді кім ай ай Оғуз Урум
- IX. үстіге сен атлар боласан

## 17

- I. Ай ай Оғуз тапуғуңларға мен
- II. йүрүр боламан, ідеб деді. Кене
- III. андан сонОғуз қаған
- IV. курықанны түртүрді, кетті, көрді
- V. кім черігнін, тапуғлары –
- VI. да көк түлүклүг көк жаллуғ
- VII. бедүк бір еркек бері йүрүгүде
- VIII. турур. Ол бөрінің артларын қатағ –
- IX. лаб йүрүгүде турур ерділер ерді. Бір

## 18

- I. нече күнлерден сон. көк
- II. түлүклүг көк жаллуқ бу бедүк
- III. еркек бөрі туруб тұрды. Оғуз тақы черіг
- IV. бірле туруб тұрды. Мұнда ітіл мүрен деген
- V. бір талай бар ерді. Ітіл мүреннүң кудуғ –
- VI. ыда бір қара тағ тапығыда
- VII. урушғу тутулды. Оқ бірле жыда
- VIII. бірле қылыч бірле уруштылар. Черіг –
- IX. лернің араларында көб телім болды урушғу.

## 19

- I. Ел күнлернін. көнүллеріде
- II. көб телім болды қайғу. Тутулунч урушунч
- III. андағ йаман болды кім Ітіл мүрен –
- IV. нуң суғы қып қызыл сіп сіңгір дег
- V. болды. Оғуз қаған башты, Урум қаған
- VI. қачты. Оғуз қаған Урум қаған –
- VII. нун, қағанлуғын алды, ел
- VIII. күнін алды. Ордусыға кеб
- IX. улуғ өлүг барғу көб телім тіріг



20

- I. барғу түшү болды. Урум қағаннун
- II. бір қарундашы бар ерді Урус бег деген
- III. ерді. Ол Урус бег оғулун тағ башы –
- IV. да Терең мүрен арасыда
- V. йақшы берік балукда йумшады. Тақы
- VI. деді кім балукны қатағлағу керек турур.
- VII. сен тақы урушғулардан соң балук –
- VIII. ны бенге сақлаб келгіл, деб ідеді. Оғуз
- IX. қаған ошул балукк.а атлады. Урус

21

- I. бегнін, оғулы анга көб алтун
- II. күмүш йеберді. Тақы деді кім ай меннің
- III. қағанум сан Менге атам бу
- IV. балукны берүб турур. Тақы деді кім балук –
- V. ны қадағалау керек турур. Сен тақы
- VI. урушғулардан соң балукны бенге
- VII. сақлаб келгіл деб деді. Атам чамат атуб ерсе.
- VIII. менүң тапум ерүрмү? Сенден
- IX. жарлуқ байлуқ біллүк білемен.

22

- I. Бізнің қут(ы)быз сеннің
- II. қутуң болмуш, бізнің уруғы –
- III. быз сенің (й-ығач (у)ңнуң
- IV. уруғы болмуш болуб турур. Теңрі сен –
- V. ге йер беріб буйурмуш болуб турур. Мен сенге
- VI. башумны кутумны беремен. Бергү
- VII. беріб дослуқтан чықмас турурман,
- VIII. деб деді. Оғуз қаған й (i) гитнің
- IX. сөзүн й(а)кшы көрді, севінді, күлді тақы

## 23

- I. айтты кім менге кеб алтун йумшабсан
- II. балукны йақшы сақлабсан деб деді. Ануң
- III. үчүн анға Сақлаб ат қойды, достлук
- IV. қылды. Қене черіг бірле Оғуз қаған
- V. Ітіл деген мурен (гекечті). Ітіл (деген)
- VI. бедүк бір (мурен) турур. Оғуз қаған аны.
- VII. көрді, тақы деді кім Ітілнің усуғыдан
- VIII. нечук кечербіз деб деді. Черігде бір.
- IX. й(а)қшы бег бар ерді. Ануң аты Улуғ Орду

## 24

- I. бег ерді. Узлуғ укғулуқ бір ер ерді.
- II. Көрдi кім (қудуғыда кеб телiм) таллар көб телiм
- III. йығачлар (бар ерді. Ошбу бег...) ошул йығачлар
- IV. ----- кесті, йығачларда
- V. йатты, кечті. Оғуз қаған севiнч атты күлдү.
- VI. Тақы айтты кім ай ай сен мұнда бег
- VII. болуң Қыпчак деген сен бег болуң,
- VIII. деб деді. Тақы iлгерү кетті... Андан соң
- IX. Оғуз қаған кене кек түлүклүг

## 25

- I. көк жаллуқ еркек бөрі көрді. Ошбу көк
- II. бөрі Оғуз қағанға айтты кім емді
- III. черіг бірле мундун атла Оғуз.
- IV. Атлаб ел күнлерні беглерні келдүр –
- V. гiл, мен сенге башлаб Гюлны көргүрүр –
- VI. ман, деб деді. Таң ерте болдукта
- VII. Оғуз қаған көрді кім ерекек бөрі
- VIII. черігнің тапуқларыда йүрүгү –
- IX. де турур. С(е)в(i)нді, iлгерү кетті. Оғуз

26

- I. қаған бір чоқур тан айғыр атқа міне
- II. турур ерді. Ошул айғыр ат бек чоқ сев(е)йүр
- III. ерді. Жолда ошбу айғыр ат көзден йіту
- IV. қ(а)чты, кетті. Мунда улуғ бір тағ бар
- V. ерді. Өше үстүнде тоң тақы мұз
- VI. бар турур. Ануң башы соғуқтан ап ақ
- VII. турур. Ануң үчүн ануң аты Муз тағ
- VIII. турур. Оғуз қағанның аты Муз тағ
- IX. ічіге қачыб кетті. Оғуз қаған мұндан

27

- I. кеб чакы емгек чекүб турды. Черігде
- II. бір бедүк қағаз ер бег бар ерді,
- III. Чалаң булаңдан курукмас турур
- IV. ерді. Жүрүгүде соғурғуда оңа
- V. Ер ерді. Ошул бег тағларға кірді,
- VI. Иүрүдү. Токуз күндүн соң Оғуз
- VII. қағанға айғыр атны келдүрді. Мұз
- VIII. тағларда көб соғуқ болубдан ол бег
- IX. қағардан сарунмыш ерді, ап ақ ерді. Оғуз

28

- I. қаған сев(і)нч бірле күлдү айтты кім
- II. ай сен мунда беглерге болғыл башлығ,
- III. (ме)м(е) нлеб сенге ат болсун Қағарлығ,
- IV. (деб деді. Көб ердені сойурқады, ілгерү кетті.
- V. Қене йолда бедүк бір үй көрді, Бу үйнүң
- VI. тағамы алтундан ерді, тунлуклары тақы
- VII. күшмүштүн, калық(а)лары темүрдүн ерділер
- VIII. ерді. Қапулуғ ерді, ачқыч йоқ ерді.
- IX. Черігде бір йақшы чебер ер бар ерді, ануң

## 29

- I. аты Төмүрдү қағул деген ерді. Анға
- II. жарлық қылды, кім сен мұнда қал, ач. Қалық(а)
- III. ачғундун соң кел ордуға деб
- IV. деді. Мундан анға Қалач ат қойды, ілге –
- V. рү кетті. Кене бір күн көк түлүк –
- VI. луг көк жаллуғ еркек бөрі йүрүмейін
- VII. турды. Оғуз қаған тақы турды. Қурықан
- VIII. түшкүре турған турды. Тарлағусыз
- IX. бір йазы йер ерді. Мунга Чурчіт дедүрурлер ерді.

## 30

- I. Бедүк бір йурт, ел күн ерді. Йылқылары
- II. кеб, уд, бузағлары кеб, алтун күмүшлері көб,
- III. ерденелері көб ерділер ерді. Муида Чүрчіт қағаны
- IV. ел күні Оғуз қағанға қаршу
- V. келділер. Уруш тоқуш башланды, оқлар бірле қылыч –
- VI. лар бірле уруштылар. Оғуз қаған башты,
- VII. Чүрчіт қағанны басты, өлтүрді, башын
- VIII. кесті. Чүрчіт ел күнін ез ағызыға
- IX. бақынурды. У(ру)шғудун соң Оғуз қаған –

## 31

- I. нуң черігіге, нукерлеріге ел күн –
- II. іге андағ улуг өлүг барғу түшті кім
- III. йүклемекке келдурмекке ат, қағатыр, уд
- IV. азлық болды. Анда Оғуз қағаннун.
- V. черігіде узлуғ ышаіі бір чебер кіші бар ерді. Аньң
- VI. аты Бармақлуғ Жосун Білліг ерді. Бу чебер –
- VII. бір қанға чапты. Қанға үстүнде өлүг
- VIII. барғуны қойды, қанға башыда тіріг
- IX. барғуны қойды; тарттылар, кеттілер. Нукерлер –

32

- I. нұң ел күннүң қамағы муны көрділер, шаштылар.
- II. Қанғалар тақы чаптылар. Мунлар қанға йүрүмек-
- III. те қанға қанға сөз бере туруп
- IV. ерділер ерді. Ануң үчүн анларға
- V. қанға ат койдылар. Оғуз қаған қанға
- VI. ларны көрді, күлді. Тақы антты кім қанға, қанға
- VII. бірле өлүгні тіріг йүрүгүрсүн, Қанға –
- VIII. луғ сенге ат болғулуғ қанға
- IX. билгүрсүн деб деді, кетті. Андан соң

33

- I. кене бу (көк) түлүклүг көк жаллуғ
- II. еркек бөрі бірле Сыңду тақы Таңғут тақы
- III. Шағам йаңғақларыға атлаб кетті
- IV. Көб урушғудан көб токушғудун соң
- V. анларны алды, ез йуртыға бірледі
- VI. башты, басты. Қене ташқарун қалмасун
- VII. биллүг болсун кім күндүнкү булуңда
- VIII. Барақа деген бір йер бар туруп. Улуғ
- IX. барғулуғ бір йурт туруп, көб ысығ бір йер

34

- I. туруп. Мунда көб киклері көб қушлары бар туруп,
- II. алтуны көб күмүші кеб ерденілері көб туруп. Ел күн –
- III. лерінің еңлүгі чырағы қап қара туруп.
- IV. Ошул йернің қағаны Масар деген бір қаған;
- V. ерді. Оғуз қаған ануң үстіге
- VI. атлады. Андағ йаман урушғу болды. Оғуз
- VII. қаған башты, Масар қаған қачты. Оғуз
- VIII. аны басты, йуртын алды, кетті. Ануң достлары
- IX. кеб севінч(ліг) ерді, ануң душманлары көб

## 35

- I. қайғулар т(апты). Оғуз (қаған) (аны) башты,
- II. санағулуқсыз немелер йылқы-
- III. лар алды, йуртыға, үйіге түшті, кетті,
- IV. Кене чашқарун қалмасун кім
- V. біллүг болсун кім Оғуз қағаннун
- VI. жаныда ақ сақаллуғ муз сачлуғ
- VII. узун узлуғ бір қарт кісі турур бар ерді,
- VIII. укғулуғ түзүн бір ер ерді, түшімел
- IX. ерді. Ануң аты Улуғ Түрүк ерді. Күн

## 36

- I. лерде бір күн уйқуда бір алтун
- II. йа көрді тақы үч күмүш оқ көрді. Бу алтун
- III. йа күн тоқушыдан да күн батушы –
- IV. ғача те(к) кен ерді, тақы бу үч
- V. күмүш оқ түн йаңғаққа кете
- VI. турур ерді. Уйкудун соң түште көр –
- VII. генін Оғуз қағанға біддүрді.
- VIII. Тақы деді кім ай қағанум сенге
- IX. жаш(а)ғу болс(үн)ғыл узу(н). (Ай қаған)ум сенге

## 37

- I. Төр(ү)лүк болс(ун)ғыл түзүн, (бенге көк)
- II. теңрі берді түшүмде, келдүрсүн. Талай
- III. турур йерні уруғуңға бердүрсүн,
- IV. деб деді. Оғуз қаған Улуғ Түрүк –
- V. нүң сөзүн й(а)қшы көрді, өгүдүн
- VI. тіледі. Огүдүге көре қылды. Андан
- VII. соң ерте болубда ақаларны іні –
- VIII. лерні чарлаб келдүрді тақы айтты кім ай менің
- IX. көнүлүм авны тілеб турур. Қары болғумдан

## 38

- I. менің қағазлуғум йоқ турур. Кун
- II. Ай, йулдуз тая сарыға сенлер баруң.
- III. Көк, Тағ, Теңіз түн сарыға сен –
- IV. лер баруң деб деді. Андан соң үчегү –
- V. сү таң сарыға бардылар, тақы үчегү –
- VI. сү түн сарыға бардылар. Күн, Ай
- VII. Йулдуз көб кіклер көб қушлар авлағу –
- VIII. ларыдан соң жолда бір алтун йаны
- IX. чаптылар, алды(лар), атасы(ға берділер).

## 39

- I. (Оғуз қаған севінді, күлді тақы аны)
- II. үч бузғулуқ кылды тақы (айтты) кім ай ақа-
- III. лар йа болсун сенлернүң, йа дег
- IV. оқларны көккече атуң деб
- V. деді. Кене андан сон Көк, Тағ
- VI. Теңіз көб кіклер, көб қушлар авлағу –
- VII. ларыдан соң жолда үч күмүш оқ –
- VIII. ны чаптылар, алдылар, атасыға берділер.
- IX. Оғуз қаған севінді, күлді тақы оқ –

## 40

- I. ларны үчүге үлештүрді, тақы айтты
- II. (к)ім.ай інілер оқлар болсун сенлер –
- III. нүң. Йа атты оқны. Оқлар дег
- IV. сенлер болуң деб деді. Кен(е) андан.
- V. соң Оғуз қаған улуғ қурылтай
- VI. чақырды, нүкерлерін ел күнлерін
- VII. чарлаб чақырды. Қеліб кеңешіб олтурды(л)ар. Оғуз
- VIII. қаған бедук орду(да)..
- IX. .....(он, нағыда)

## 41

- I. (қырық қулач йығачны тіктүрді. Анун)
- II. башыда бір алтун (тағуқ қойды, адағы)
- III. да бір ак қойун бағлады. (Чо)ң
- IV. нағыда қырық қулач й(ы)ғачны тіктүр –
- V. ді. Аның башыда бір күмүш тағуқ қойды,
- VI. адағыда бір қара қойунны бағлады.
- VII. (Оң) йақта бузуклар олтурды,
- VIII. чоц йақта үчоқлар олтурды.
- IX. Қырық күн, қырық кече аш(а)дылар

## 42

- I. і(ч)тілер сеvінч таптылар. Андан соң Оғуз қаған
- II. (оғ)уларыға йуртын үл(е)штүрүб берді. Тақы деді кім
- III. ай, (оғ)улар кеб мен аштум, урушғулар көб мен көрдүм
- IV. жыда біле көб оқ аттум, айғыр б(і)рле көб йүрү –
- V. дүм, душманларны й(ы)ғлағурдум, достарумны мен
- VI. күлдүрдүм, Көк Теңріге мен етедүм,
- VII. сізлерге беремен йургум, деб деді...

## ОҒУЗ ҚАҒАН

*(Қазақ тілінің қазіргі айтылу қалпына түсірілген үлгісі)*

## I. Оғуз қағанның тууы мен балалық шағы баяны

1 ...Тағы мұнан соң сүйініш тапты және күндерде бір күн Ай қағанның көзі жарыды, босанды, еркек бала туды.

Осы баланың өңі, шырайы көк еді, аузы оттай қызыл еді, көздері қара кер, шаштары, қастары қара еді. Жақсы тектілерден де көрікті еді.

2 Осы ұл анасының омырауынан (бір-ақ рет) сүт ішіп, бұдан артық ішпеді. Шикі ет, тамақ, шарап тіледі. Тілі шыға бастады. Қырық күннен соң үлкен болды, жүрді, ойнады.



[Осы ұлдың] аяғы өгіз аяғындай, белі бөрі беліндей, жауырыны бұлғын жауырынындай, кеудесі аю кеудесіндей еді. Денесінің бөрі түгел түк басқан еді.

Малдарды күтіп жүретін болды,  
Аттарға мініп жүретін болды,  
Аң-құс аулап жүретін болды.

## II. Оғуз қағанның жігіт болуы және ерлік көрсету үшін аттануы баяны

[Оғуз қаған] күндерден соң, түндерден соң жігіт болды. Бұл заманда бұл жерде бір үлкен орман бар еді, көп теңіздер, көп өзендер бар еді. Мұнда жүтірген аң көп-көп еді, мұнда ұшқан құс, та көп еді.

Осы орман ішінде үлкен бір қат<sup>1</sup> бар еді. Малдарды, ел-жұртты жеп қоймаушы еді. Өзі үлкен еді, өзі үрейлі бір аң еді. Зор айбатпен ел-жұрттың жүрегін шайлықтырып еді.

Оғуз қаған бір ер жүрек кісі еді. Ол бұл қатты аулауға ой қылды.

Күндерде бір күн [Оғуз қаған] ауға шықты. Найза, // жай, оқ, тағы қалқан алып аттанды.

[Сол орманға барды. Барып] бір бұғы [ұстап] алды. Сол бұғыны талдың шыбығымен ағашқа байлады. [Өзі қайтып] кетті.

Бұдан соң ертеңіне таң ертең қайта келді. [Келіп] көрді. Қат бұғыны алған екен.

Және де бір аюды [ұстап] алды. [Сол аюды] алтынды белбеуімен ағашқа байлады. [Өзі қайтып] кетті.

Бұдан соң ертеңіне таң ерте қатқа келді. [Келіп] көрді. Қат аюды алған екен. //

[Оғуз] тағы да осы ағаштың түбіне [келіп] тұрды. Қат келіп басымен Оғуздың қалқанын соқты. Оғуз найзамен қаттың басына соқты. Оны өлтірді, қылышпен басын кесті. [Кесіп] алып кетті.

Тағы да келіп көрді. Көрсө бір сұңқар қаттың ішек-бауырын жеп отыр екен. [Оғуз] жайымен, оқпен сұңқарды өлтірді, қылышпен басын кесті.

<sup>1</sup> қат – мифтік жыртқыш аң.

**«Сұңқардың белгісі мынадай»**

Бұдан соң [Оғуз] айтты:  
 Бұғы жеді,  
 Аю жеді, –  
 Найзам өлтірді.  
 Темір болған соң,  
 Қатты сұңқар жеді,  
 Жай мен оғым өлтірді.  
 Жел боп үшқан соң, –  
 деп айтты да, [жүріп] кетті.

**«Және қаттың белгісі мынадай»**

**III. Оғуз қағанның үйленуі баяны. Ай, Күн, Йұлдыз тағы  
 Кек, Тағ, Теңіз деген балалары тууы баяны**

Күндерде бір күн Оғуз қаған бір жерде тәңірге жалбарынып отыр еді. Қараңғы болды. Көктен бір көк жарық [сәуле] түсті. Күннен аяң, айдан қуқылырақ еді.

Оғуз қаған [көк жарыққа қарай] жүрді. Көрді. Көрсө//әлгі жарықтың арасында бір қыз бар екен, жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың маңдайында оттан сәуле шашқан бір меңі бар екен. Алтын қазықтай<sup>1</sup> екен.

Осы қыз сондайлық көрікті еді, күлсе көк тәңірі[нің өзі] күлетіндей, жыласа көктеңірі[нің өзі] жылайтындай еді.

Оғуз қағанның оны көргенде жаны қалмады. [Ол қызды алып үйіне] кетті. [Оны] сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. [Сол қыз] жүкті болды.

Күннен күн өтіп, түннен түн өтіп, көзі жарыды, үш ер бала туды. Біріншісіне Күн [деп] ат қойды, екіншісіне Ай[деп] ат қойды, үшіншісіне Жұлдыз[деп] ат қойды.

Бір күндері Оғуз қаған тағы да аңға кетті. [Анда жүрсе] бір көлдің ортасынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қуысында//бір

<sup>1</sup> Алтын қазық – Темірқазық жұлдызы.

қыз бар екен, жалғыз отыр екен. Ол қыздың көзі көктен<sup>1</sup> де көгірек екен, оның шашы теңіз толқынындай екен. Тісі інжудей екен.

[Осы қыз] сондай көрікті еді: жер басқан ел-жұрт оны көрсе: «Ай, ай, ах, ах өлеміз», – деп сүттен қымыз болатындай еді.

Оғуз қағанның оны көргенде ынтығы кетті, жүрегіне от//түсті. Оны сүйді, алды, бірге жатты. Тілегі қабыл болды. [Сол қыз] жүкті болды. Күннен күн өтіп, түннен түн өтіп, көзі жарыды, үш ер бала туды. Біріншісіне Көк[деп] ат қойды, екіншісіне Тау[деп] ат қойды, үшіншісіне Теңіз [деп] ат қойды.

#### IV. Оғузын қаған болуы және үлкен той жасауы, төрт тараптағы елдерге елшілер жіберу баяны

Бұдан соң [бір күні] Оғуз қаған үлкен той берді, ел-жұртын жарлық//шашып шақырды. [Тойға жұрт көп] келді. Үлкен жиын болды. [Тойға арнап] қырық орындық, қырық стул шаптырды. Неше түрлі тамақ неше түрлі шарап, сорпа су, қымыз ішіп-жеді.

Тойдан соң Оғуз қаған бектеріне, ел-жұртына жарлық берді. Тағы да айтты:

Мен сендерге болдым қаған!  
Алалық жай, тағы қалқан!  
Тамға бізге болсын бұйан<sup>2</sup>.  
Көк бөрі болсын ұран!  
Темір жыда//лар<sup>3</sup>, бол орман!  
Ау жерде<sup>4</sup> жүрсін құлан!  
Тағы талуй<sup>5</sup>, тағы мұрен<sup>6</sup>  
Күн ту бол! Көк – қорықан<sup>7</sup>! –

деп айтты.

<sup>1</sup> көк – бұл жерге «аспан көк» мағынасында.

<sup>2</sup> бұйан – ізгілік.

<sup>3</sup> жыда – найза.

<sup>4</sup> ау жерде – аң аулар жерде.

<sup>5</sup> талуй – мұхит.

<sup>6</sup> мұрен – дария, теңіз.

<sup>7</sup> қорықан – шатыр, хан шатыры.

Және бұдан соң Оғуз қаған төрт тарапқа жарлық жүгіреді. Білдіргілік<sup>1</sup> жазып, елшілерінен беріп жібереді. Әлгі білдіргілікте былай деп жазылған еді:

«Мен Ұйғырдың<sup>2</sup> қағаны боламын!  
 Жердің төр бұрышының қағаны болсам керек-ті.  
 Сендерден бас имек//тілеймін, көнсең керек-ті,  
 Кімде-кім аузыма қарар болса,  
 Тарту тартып, дос тұтармын.  
 Кімде-кім аузыма қарамас болса,  
 Шамырқанып, әскер құрып, дұшпан тұтармын.  
 Үдере басып, асып-састырып,  
 Жоқ ету үшін қыларымды қылармын! –

деп айтты.

Сол заманда оң жағында<sup>3</sup>. Алтын қаған деген бір қаған бар еді. Сол Алтын//қаған. Оғуз қағанға елшілерін жұмсады, жіберді. Қыруар көп алтын-күміс бастатып, нешеме қымбат жақұт тас алып, есепсіз асыл бұйымдар жіберіп, жұмсап, Оғуз қағанға сый берді. Ауызына қарады. Жақсылап бергі<sup>4</sup> [төлеп], достасты, онымен жақындықта болды.

Сол жағында<sup>5</sup> Урум<sup>6</sup> қаған деген бір қаған бар) еді, Сол Урум қаған Оғуз қағанның жарлығын тұтпас еді. Қатағлағу бармас еді<sup>7</sup>. «Мұның сөзін қабыл алмаймын! [Тұрысатын болса] тұрысамын!» – деп, жарлығына бағынбады.

<sup>1</sup> *білдіргілік* – елші хат, нота.

<sup>2</sup> *уйғыр* – оғуз (оғ – уз) (оғ – ур) деген мағына береді. сөзі сияқты «одақ», хандық»

<sup>3</sup> *он жақ* – шығыс.

<sup>4</sup> *бергі* – салық.

<sup>5</sup> *сол жақ* – батыс.

<sup>6</sup> *Урум* – Бизантия.

<sup>7</sup> «*қатағлау*» сөзі контекске қарай әртүрлі мәнде келе береді. Бұл жерде: «соңына еру, жолында болу» деген мәнде.

## V. Оғуз қағанның Урум қағанға қарсы аттануы баяны. Оғуз әскерін көк бөрінің бастап жүруі баяны

Оғуз қаған қатты қаһар шақырып, Урум қағанға аттануға ниет қылды. Әскермен бірге аттанып, туларын ұстап [жүріп] кетті.

Қырық күннен соң Мұзтау деген таудың табанына келді. Шатырлар//ын түсіріп, шөк болып<sup>1</sup>, ұйықтап кетті.

Таңертен, болғанда Оғуз қағанның шатырына күндей бір жарық кірді. Ол жарықтан көк түкті, көк жалды бір еркек бөрі шықты.

Осы бөрі Оғуз қағанға сөз беріп тұрып, былай деді://

« – Ай, ай Оғуз!

Урум үстіне сен аттанар боласын!

Ай, ай Оғуз!

Қызметінде мен жүрер боламын!» –

деп айтты.

Бұдан соң Оғуз қаған шатырын түргізіп, [жүріп] кетті. [Бір уақытта] карады, [қараса] әскердің алдын бастап көк түкті, көк жалды үлкен бір еркек бөрі шауып барады екен. [Оғуз да әскерімен] ол бөрінің артынан соңына түсіп, шаба жөнелді.

Бір//неше күндеріден соң көк түкті, көк жалды бұл үлкен еркек бөрі тоқтады. Оғуз дағы әскерімен тоқтады.

## VI. Оғуз қағанның Урум қағанмен соғысы баяны. Урум қағанды жеңуі және елін қаратуы баяны

Ол жерде Етіл теңіз деген бір теңіз бар еді. Етіл теңіздің төменгі жағында бір қара тау етегінде ұрыс болды. Оқпен, найзамен, қылышпен ұрысты.

Әскерлердің арасында көп-көп ұрыс болды//

Ел-жұрттың көңілінде көп-көп қайғы болды.

Ұстасыз, соғысыс сондай жаман болды: – Еділ теңізінің толқыны қып-қызыл, сіп-сіңірдей болды.

Оғуз қаған басты,

Урум қаған қашты.

<sup>1</sup> шөк болып – бұл жорық кезіндегі ерулердің бір түрі болуы керек.

Оғуз қаған Урум қағанның қағандығын алды. Ел-жұртын алды. Ордасына есепсіз өлі олжа, есепсіз тірі олжа түсті.

### **VII. Оғуз қағанға Урус бектің оғылы Сақлаптың тарту-таралғымен келу баяны**

Урум қағанның бір жақын-жуық адамы бар еді. Урус бек деген еді. Сол Урус бек баласын тау басындағы, Терең өзеннің арасындағы өте берік қалаға жұмсады. Тағы да айтты: «Қаланы қадағалап жақсы күзету керек. Сен және ұрыстан соң қаланы маған аман сақтап тұр», – деп айтты.

Оғуз қаған сол қалаға аттанды. Урус//бектің баласы [Оғуз қағанның алдынан] көп алтын-күміс жіберді. Тағы айтты: «Ай, менің қағанымсың. Маған атам бұл қаланы берді және айтты: «Қаланы қадағалап жақсы күзету керек. Сен және ұрыстан соң қаланы маған аман сақтап тұр», – деді. Атам қашар қылса, менің еркім бар ма? Сенен жарлық, байлық, білікті көремін.//Біздің құтымыз сенің құтың, біздің ұрығымыз сенің ағашыңның ұрығы. Тәңірі саған жер<sup>1</sup> беріп, [бар игілігін] бұйыртып тұр. Мен саған басымды, жан-тәнімді беремін. Салық сый беріп, өзіңмен дос-тыққа [ынтымақта] боламын», – деп айтты.

Оғуз қаған жігіттің сөзін жақсы көрді, сүйінді, ризалықпен күліп//айтты:

«Маған көп алтын жұмсапсың,  
Қаланы жақсы сақтапсың», –

деп айтты. Сол үшін де оған Сақлап [деп] ат қойды. Дос болды.

### **VIII. Оғуз қағанның Еділ суынан өтуі. Еділ суынан өту амалын тапқан Улуғ Орду бекке Оғуз қағанның «Қыпчак» деп ат беру баяны**

[Күндерде бір күн] Оғуз қаған әскерімен Еділ деген теңізге келді. Еділ [деген] үлкен бір теңіз болатын. Оғуз қаған оған қарап тұрып айтты: «Еділдің суынан қалай өтерміз?» – деп айтты.

---

<sup>1</sup> «жер» сөзі осы арада Оғуз қаған иелігіндегі территорияны мезгейді.

Әскерінде бір жақсы бек бар еді. Оның аты Ұлығорда//бек еді. Үздік<sup>1</sup>, ұғымтал<sup>2</sup> бір ер еді. [Сол ер] қарады. [Қарап тұрса] жағада қалың тал, қалың ағаш бар екен. Ол бұл ағаштарды, талдарды кесті. Ағаштардан [сал жасады, жұрт үстіне] жайғасты, [теңізден] өтті.

Оғуз қаған [қатты] сүйсінді, [ризалықпен] күліп айтты:

«Ай, ай, сен осы жерге бек бол!

Қыпчак деген сен бек бол!» –

деп айтты.

### **IX. Оғуз қағанға көк бөрінің екінші рет келуі баяны.**

#### **Оғуз қағанның шауқар таң атының жоғалуы және ол атты белгісіз ердің Мұзтауынан табуы баяны**

[Оғуз қағанның әскері] тағы да ілгері (шығысқа қарай) жүрді. Бұдан соң Оғуз тағы да көк түкті, // көк жалды еркек бөріге қарады. Ол көк бөрі Оғуз қағанға айтты: «Енді әскеріңмен бұл арадан аттан, Оғуз! Аттанды, ел-жұртыңды, бектеріңді жый, Мен бастап, саған [жол] көрсетермін», – деп айтты.

Таң ертең болғанда Оғуз қаған қарады. Қараса еркек бөрі әскерлерінің алдында жүріп бара жатыр екен. Оғуз қаған сүйсінді, ілгері жүріп кетті.

Оғуз//қаған бір шауқар таң [деген] айғыр атқа мініп жүруші еді. Осы айғыр атты бек қатты сүйетін еді. Жолда сол айғыр ат көзден тез қайып болды, қашып кетті.

[Сол арада] үлкен бір тау бар еді. Ұша-қырқасы тоң және мұз болатын. Оның басы суықтан апақ болатын. Сол үшін оның аты Мұзтау еді. Оғуз қағанның аты осы Мұзтаудың ішіне қашып кетті. Оғуз қаған бұған//көп уақыт қапа шекті.

Әскерде бір зор қайратты ер, өзі бек кісі бар еді. Анау-мынаудан қорықпайтын еді, [қиын] жүрісте, боранды шақта оңтайлы, икемді еді. Осы бек тауға кірді, [қарап] жүрді. Тоғыз күннен соң Оғуз қағанға айғыр атты алып келді. Мұзтауда көп суық, аяз болғаннан, ол бек қырауға малынған еді, аппак еді.

<sup>1</sup> үздік – «өнері озық» деген мағынада.

<sup>2</sup> ұғымтал – «ұғымы мол», «білікті» деген мағынада.

Оғуз//қаған қуанышпен күлді, күліп айтты:

«Ай, сен мұнда бектерге болғын бастық,  
Менен саған ат болсын Қағарлық!» –

деп айтты. Көп қымбат бұйым сыйлады.

**X. Оғуз қағанның тағы ілгері жол шегуі, жолай бір  
алтын сарайға кездесуі, осы сарайды ашқан ерге  
«Қалач» деп ат беруі баяны**

Ілгері кетті және жолда бір үлкен үй көрді. Бұл үйдің шатыры алтыннан еді, түндіктері тағы күмістен, қалқалары<sup>1</sup> темірден еді. Берік жабық еді. Кілті жоқ еді.

Әскерде бір жақсы шебер ер бар еді. Оның//аты Темірді Қағыл деген еді. [Оғуз қаған] соған жарлық қылды:

«Сен мұнда қал, аш қалқа,  
Ашқан соң кел ордаға!»

деп айтты. Бұдан оған Қалач [деп] ат қойды.

**XI. Оғуз қаған қолын көк бөрінің үшінші жолы  
бастап жүруі баяны. Оғуз қолының  
Чүрчіттермен соғысуы, жеңуі баяны**

Ілгері (шығысқа) жүріп кетті. Және де бір күні көк түкті, көк жалды еркек бөрі [ілгері] жүрмей тоқтады. Оғуз қаған да [ілгері жүрмей] тоқтады. Шатырларын түсірді. Егістіксіз бір жазық жер екен. Бұларды Чүрчіт дейтін еді.// Үлкен бір мемлекет, ел-жұрт еді. Малы көп, сиыр-бұзаулары көп, алтын-күмістері көп, асыл бұйымдары көп еді.

Бұл жерде Үірчіт қағанның ел-жұрты Оғуз қағанға қарсы келді. Ұрыс, соғыс басталды. Оқпен, қылышпен ұрысты. Чүрчіттің ел-жұртын басып-жаншыды, Чүрчіт қағанды жеңді, өлтірді, басын кесті. Чүрчіт ел-жұртын өз аузына қаратты.

<sup>1</sup> қалқа – екінші, үшінші қабаттағы беті ашық ложа типті бөлмелер.



## **XII. Оғыз қаған қолына ұрыста көп олжа түскені баяны.**

### **Олжаны алып жүру үшін қаңға жасаған шеберге**

#### **«Қаңғалуғ» деп ат бергені баяны**

Ұрыстан соң Оғуз қаған//ның әскеріне, нөкеріне, ел-жұртына сондай үлкен өлі олжа түсті, оларды жүктеуге, алып жүруге ат, қашыр, сиыр аздық етті.

Оғуз қағанның әскерінде үздік шебер бір кісі бар еді. Оның аты Бармақлұғ Жосун Біліг еді. Бұл шебер бір қаңға [арба] шапты. Қаңға үстіне елі олжаны қойды, қаңға басына тірі олжаны жекті. Тартты, [жүріп] кетті.

Нөкерлерінің, ел-жұртының бәрі мұны көрді, көріп асықты, қаңғаларды тағы шапты.

Бұл қаңғалар жүргенде «қаңға, қаңға» деп дыбыс беретін еді, сол үшін оларға «қаңға» [деп] ат қойды.

Оғуз қаған қаңғаларды көрді, [сүйсініп] күліп айтты:

«Қаңға, қаңға» дегізіп өліні тірі жүргізсін.

Қаңғалуғ саған ат болар, қаңға білгізсін!» –

деп айтты.

## **XIII. Оғуз қағанның көк бөрі бастап Сынду, Таңғут,**

### **Шағам жұрттарына аттануы және ол жұрттарды**

#### **жеңуі баяны**

[Оғуз қаған тағы да жорыққа] кетті//тағы да көк түкті, көк жалды еркек бөрімен Сынду, Таңғут, Шағам жақтарына аттанып кетті. Көп ұрыстан соң ол елдерді алды, басып-жаншыды, жеңді. Өз жұртына біріктірді.

## **XIV. Оғуз қағанның күн түстіктегі Бараққа деген жердегі**

### **Масар қағанға қарсы аттануы, Масар қағанды жеңуі, өз**

#### **жұртына қайта жүруі баяны**

Және тысқары қалмасын, белгілі болсын. Күн түстік бұрышта Барақа деген бір жер бар болатын. Мол олжа түсер бір жұрт болатын. Қатты ыстық бір жер//еді. Көп аңы, көп құсы бар жер еді

Алтыны, күмісі көп, асыл бұйымдары көп еді. Жұртының өңі, шырайы қап-қара еді. Осы жердің қағаны Масар деген қаған еді. Оғуз қаған оның үстіне аттанды. Сондай жаман ұрыс болды.

Оғуз қаған басты,  
Масар қаған қашты.

Оғуз оны басып-жаншыды, жұртын алды. Оның достары көп сүйсінді, дұшпандары көп//қайғыға батты. Оғуз қаған есепсіз мүлік, мал алды. Жұртына, үйіне [қарай жолға] түсті, [жүріп] кетті.

### **XV. Оғуз қағанның аян айтатын жырауы Улуғ Түріктің түс көруі және бұл түсін Оғуз қағанға айтып жоруы баяны**

Тағы да тысқары қалмасын, белгілі болсын. Оғуз қағанның жанында ақ сақалды, мұз шашты, шексіз өнерлі бір қарт кісі бар еді. Ақылы тура бір ер еді. Түсімел<sup>1</sup> еді Оның аты Улуғ Түрік еді.

[Осы Улуғ Түрік] күн//дерде бір күн ұйқыда бір алтын жай көрді, тағыда үш күміс оқ көрді: бұл алтын жай күн шығар [жерден] күн батар [жерге] тиіп тұр еді. Ал үш күміс оқ солтүстікке қарай кетіп бара жатыр еді

Оянған соң түсінде көргенін Оғуз қағанға білдірді Тағы да айтты:

«Ай қағаным! Саған жасар жас болсын ұзын!  
Ай қағашым! Саған//берер төре болсын түзін<sup>2</sup>  
Маған Көк Тәңір аян берді түсімді келтірсін!  
Талай тұрар жерді ұрығыңа бердірсін! –

деп айтты. (Оғуз қаған Улуғ Түріктің сөзін жақсы көрді. Үгітін<sup>3</sup> сұрады. Үгітіне қарай іс қылды.

<sup>1</sup> *түсімел* – түсінде аян беретін, түс жоратын кісі.

<sup>2</sup> *түзін* – түзу, тура, әділ.

<sup>3</sup> *үгіт* – ақыл-кеңес.

**XVI. Оғуз қағанның балаларын аң аулауға жұмсау баяны. Балаларының жолай алтын жай және үш күміс оқ тауып алуы, оны аталарына алып келу баяны**

Бір күні таң ертең [Оғу қаған] ағалы дауыстап шақырды, және [оларға] айтты:

«Ай, менің көңілім ауды тілеп тұр-ау,

Кәріліктен қуат-күшім жоқтыр-ау.

Күн, Ай, Жұлдыз, таң атар жаққа сендер бар.

Көк, Тау, Теңіз, түн түндер жаққа сендер бар», –

деп айтты. Бұдан соң үшеуі таң атар жаққа барды, тағы үшеуі түн түнер жаққа барды.

Күн, Ай, Жұлдыз көп аң, көп құс аулаған соң, [қайтып], жолда бір алтын жайды тапты, [оны] алды [Келіп] атасына берді//.

Оғуз қаған сүйсінді, [ризалықпен] күлді. Тағы жайды [сындырып] үшке бөлді. Тағы айтты:

Жай болсын сендерге, ай ағалар!

Жайша оқтарды көкке атыңдар!» –

деп айтты.

Және одан соң Көк, Тау, Теңіз көп аң, көп құс аулаған соң [қайтып], жолда үш күміс оқты, тапты, [оны] алды. [Келіп] атасына берді.

Оғуз қаған сүйінді, [ризалықпен] күлді. Тағы оқ//тарды үшеуіне үлестірді. Тағы айтты:

«Ай, інілер!

Оқтар болсын сендерге!

Жай атты оқты, –

Оқтардай бол сендер де!» –

деп айтты.

**XVIII. Оғуз қағанның ұлы құрылтай шақырып, бектерін, ел-жұртын жиып той беру баяны. Балаларына жұртын бөліп беру баяны. Оғуз қағанның өсиет сөзі**

Оғуз қаған ұлы құрылтай шақырды. Нөкерлерін, ел-жұртын жарлық [шашып] шақырды. [Нөкерлері, ел-жұрты] келіп кеңес құрып отырды.

Оғуз қаған үлкен ордада отырды. Тағы жарлық беріп, оң жағына//қырық құлаш ағашты тіктірді, оның басына бір алтын тауық қойды, түбіне бірақ қойды байлады. Сол жағына қырық құлаш ағашты тіктірді, оның басына бір күміс тауық қойды, түбіне бір қара қойды байлады. Оң жаққа Бұзықтар отырды, сол жаққа Үшоқтар отырды. Қырық күн, қырық түн жеді//ішті, қуанышқа бөленді. Бұдан соң Оғуз қаған ұлдарына жұртын үлестіріп берді. Тағы да айтты:

Ай, ұлдарым, көп мен астым,  
Ұрыстарды көп мен көрдім.  
Найза сілтеп, көп оқ аттым.  
Айғыр мініп көп жорыттым,  
Дұшпандарды жылаттым,  
Достарымды күлдірдім.  
Көк Тәңірге мен өтедім.  
Сендерге беремін жұртым –

деп айтты.

## ӘДЕБИЕТ

1. *Өмірәлиев Қ.* XV–XIX ғасырларындағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, «Ғылым», 1976. 101-б.
2. Бичурин Н.Я. Собрание... С. 39-57; *Щербак А.М.* Огуз-наме. Мухаббат-наме. М., 1959. С. 22-42.

# ҚОСЫМША

## ҚҰЛМАТ ӨМІРӘЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

### 1957

**Тағы да Абай текстологиясы жайында.** – Қазақ әдебиеті. – 1957. – 8 март. – №10.

[Қазақ мектептерінде ана тілі мен әдебиетін оқыту мәселесіне арналған республикалық кеңесте **сөйлеген сөзінен**]. – Қазақстан мұғалімі. – 1957. – 4 апрель. – №15.

### 1958

**Біздің Сәрсен ағай.** – Педагог кадрлары үшін. – 1958. – 1 февраль. – №4.

### 1961

**Қазақ тіліндегі септіктердің алмасуы жөнінде бірер сөз.** – Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, филология және өнертану сериясы. – 1961. – 3(19)-шыңуы.

### 1962

**Қазақ емлесі туралы кейбір ойлар.** – Қазақстан мектебі. – 1962. – №12.

**Абай шығармаларындағы кейбір тілдік ерекшеліктер.** – Уч. зап. Гурьевского пед. ин-та, сер. историко-филологическая. – 1962. – вып. II.

**Абай текстологиясы және оны бір ізге келтіру мәселесі.** – Қазақстан мектебі. – 1962. – №11.

### 1963

**Қазақ әдеби тілінің тарихын қай тұрғыдан зерттеу керек.** – Қазақстан мектебі. – 1963. – №4.

**Сөздеріміздің тарихынан.** – Қазақстан мектебі. – 1963. – №3 [Ереуіл, Маңғыстау, садақ, жиен, арса-арса, соқа сөздерінің этимологиясы].

**Құнды еңбек.** – Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, қоғамдық ғылымдар сериясы. – 1963. – 5-шығуы [М. Балақаев, Т. Қордабаев (Алматы, 1961) және І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтардың (Алматы, 1962) «Қазіргі қазақ тілі» атты оқулықтары жөнінде].

**Жаңа сөздік.** – Қазақстан мұғалімі. – 1963. – 14 ноябрь. – №46 [Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі туралы].

[**Өміршин Қ.**]. **Қазақ тілінің көмекші екі оқулығы туралы.** – Қазақстан мектебі. – 1963. – №12 [Н. Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясына методикалық нұсқау» (Алматы, 1963) және А. Әбілқайыптың «Қазақ тіліндегі жай сөйлемнің түрлері» (Алматы, 1963) деген еңбектері туралы].

**Аманов Ш., Өмірәлиев Қ. Жазба мәдениетіміздің елеулі табысы.** – Қазақстан мектебі. – 1963. – №11 [«Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі (Алматы, 1963) туралы»].

**Омарбеков С., Өмірәлиев Қ. Социалистік қоғамдағы ұлт тілдерінің даму заңдылықтарын зерттеу.** – Қазақстан мектебі. – 1963. – №1. – 70-76-бб. (СССР халықтары әдеби тілдерінің совет дәуірі тұсындағы даму заңдылықтарына арналған мәжіліс туралы).

## 1964

**«Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» пайдалану туралы.** – Қазақстан мектебі. – 1964. – №4. – 70-74-бб.

**«Жаяу», «үрім» сөздерінің тегі және оның тіл тарихына қатысы.** – Қазақстан мектебі. – 1964. – №11. – 88-89-бб.

**Қазақ тілі тарихының мәселесі.** – Қазақстан мектебі. – 1964. – №1. – 78-82-бб.

[**Келесұлы Қ.**]. **Қазақ тілінің тарихы мен әдеби тіл тарихын жасау мәселесі.** – Қазақстан мектебі. – 1964. – №4. – 74-75-бб.

[**Келесұлы Қ.**]. **Абай қара сөздері синтаксисіндегі екі ерекшелік.** – Қазақстан мектебі. – 1964. – №2. – 74-76-бб.

[**Бейсенов С., Өміршин Қ.**]. **Қазақ тілі кеші («Сөйлем мүшелері өзара ашық пікірлеседі» деген тақырыпта).** – Қазақстан мектебі. – 1964. – №12. – 38-42-бб.

## 1965

[*Өміршин Қ.*]. **Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші.** – Қазақстан мектебі. – 1965. – №6. – 84-85-бб. (Рец.: Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. I бөлім. Алматы, 1965).

**Үлкен сөзінің этимологиясы.** – Қазақстан мектебі. – 1965. – №1. – 81-82-бб.

[*Келесұлы Қ.*]. **Сөздеріміздің этимологиясы.** – Қазақстан мектебі. – 1965. – №4. – 83-84-бб. (*Жөргем, жөргектеу* сөздерінің этимологиясы).

[*Келесұлы Қ.*]. **Абай қара сөздері синтаксисінің кейбір түрлері жайлы.** – Қазақстан мектебі. – 1965. – №8. – 69-73-бб.

[*Келесұлы Қ.*]. **Сырлы сөз.** – Қазақстан мектебі. – 1965. – №10. – 78-79-бб. (*Піш, пішім, пішен, пышақ* сөздерінің төркіндестігі туралы).

**Методика зерттеушісі.** – Қазақстан мұғалімі. – 1965. – 23 декабрь. – №52 (Қ. Исабаев туралы).

**Қазақ тілінің жаңа оқулығы.** – Қазақстан мектебі. – 1965. – №3. – 84-86-бб. (Рец.: Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқаев. Қазақ тілі. Практикалық курс. Алматы, 1964).

## 1966

[*Өмірәлин Қ.*]. **Қазақша жазуға болмай ма?** – Қазақстан мектебі. – 1966. – 6 январь. – №2.

[*Келесұлы Қ.*]. **Тіліміздегі кейбір сөздердің этимологиясы төңірегіндегі ой.** – Қазақстан мектебі. – 1966. – №2. – 70-72-бб.

[*Келесұлы Қ.*]. **М. Қашғаридің «Дивани луғат-ит түрк» деген кітабындағы мақал-мәтелдер.** – Қазақстан мектебі. – 1966. – №7. – 78-79-бб.

**Жазбаша емтихан кемшіліктері.** – Қазақстан мұғалімі. – 1966. – 16 июнь. – №25.

[*Өміршин Қ., Серғалиев М.*]. **Қазақ тілінің тұңғыш методикалық оқулығы.** – Қазақстан мектебі. – 1966. – №3. – 88-90-бб. (Рец.: Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1965).

## 1967

**Қазақ және мадияр (венгер) тілдеріне ортақ сөздер.** – Қазақстан мектебі. – 1967. – №2. – 82-83-бб.



**«Қазығұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы** (Этнолингвистикалық очерк). – Қазақстан мектебі. – 1967. – №4. – 78-84-бб.

[**Өміршин Қ.**]. **Тұрап Айдаров** – ғылым кандидаты. – Қазақстан мұғалімі. – 1967. – 6 июль. – №27.

## 1968

**XVIII-XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының VI-XII ғасырдағы бастапқы іздері.** – Қазақстан мектебі. – 1968. – №9. – 92-96-бб.

**Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісіне пайдалану.** Мұғалімдерге көмекші құрал. – Алматы. – 1968. – 64 бет.

**Қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша бақылау-пысықтау жинағы.** Университет пен педагогикалық институттардың филология факультеттерінің студенттеріне арналған. Құрастырушылар: А. Әбілқаев, Қ. Өмірәлиев, Ш. Сарыбаев. – Алматы. – 1968. – 79 б.

## 1969

**Түркі тілдеріндегі р, л дыбыстарының алмасуы.** – Исследование по тюркологии. – Алма-Ата, 1969. – 138-140-бб.

**Ортақ мотивті, вариантты поэзия үлгілері жайлы.** – Қазақстан мектебі. – 1969. – №6. – 85-90-бб.

**Шешендік толғау өлеңдердің мақал-мәтелдермен стилдік-тілдік бірлігі және өзіндік ерекшеліктері.** – Қазақстан мектебі. – 1969. – №7. – 84-88-бб.

[**Келесұлы Қ.**]. **Мақал-мәтел және афоризмдерді оқушыларға таныту.** – Қазақстан мектебі. – 1969. – №3. – 47-49-бб.

[**Келесұлы Қ.**]. **Әдебиетті оқыту теориясы туралы көмекші кітап.** – Қазақстан мектебі. – 1969. – №9. – 91-93-бб. (Рец.: Ақшолақов Т. Шығарманың көркем компоненттерін оқыту. Алматы, 1968).

## 1970

**Язык казахской поэзии XV-XIX (40-е годы) веков.** Автореферат дисс... кандидата филологических наук. Алма-Ата, 1970, 26 с. На правах рукописи.

**Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуіріндегі поэзия үлгілерімен байланысы.** – Қазақстан мектебі. – 1970. – №6. – 72-75-бб.

### 1971

**«Жер ұйық» па, «Жер үйек» пе?** – Қазақстан мұғалімі. – 1971. – 19 июль. – №31.

**Иә, терең зерттеу қажет.** – Қазақ әдебиеті. – 1971. – 19 декабрь. – №52 (Көне әдебиет нұсқаларының тілін зерттеу жөнінде).

**Көне түркі сөз үлгілері туралы.** – Қазақстан мектебі. – 1971. – №9. – 91-95-бб.

**Көне дәуірдегі сөз үлгілері және олардың зерттелу тәсілі.** – Қазақстан мектебі. – 1971. – №2. – 88-93-бб.

### 1972

**М. Қашғари «Сөздігіндегі» поэзия үлгілері және оның дәуірі.** – Қазақстан мектебі. – 1972. – №2. – 77-82-бб.

### 1973

**Әбілқасов А., Өмірәлиев Қ. Қазақ тілі тарихи грамматикасының практикумы.** Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған көмекші құрал. – Алматы. – 1973. – 120 б.

**Қалиев Ф., Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілі.** – Қазақстан мұғалімі. – 1973. – 31 декабрь. – №52 (С.А. Аманжолов туралы).

### 1975

**Әбілқасов А., Өмірәлиев Қ., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы** (бақылау-пысықтау жаттығулары). Педагогика институттарының филология факультеттерінде сырттан оқитын студенттерге арналған. – Алматы. – 1975. – 84 б.

**Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.** – Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – 1975. – №2. – 60-65-бб. (Рец.: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I том. Алматы, 1974).

## 1976

**XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі.** Алматы. – 1976. – №8. – 270 б. Жауапты ред. І.К. Кеңесбаев.

**Қазақ тілінің тарихи іздері.** – Қазақстан мектебі. – 1976. – №8. – 87-92-бб.

**Жұбанов Е., Өмірәлиев Қ.** «Хусрау уа Шірін» дастанының сөздігі. – Қазақстан мұғалімі. – 1976. – 27 август (Рец.: А. Ибатов. Кутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. Алматы, 1975).

## 1977

**Жанпейісов Е., Өмірәлиев Қ.** Ғылым асқарында (проф. М. Балақаев 70 жаста). – Қазақстан мұғалімі. – 1977. – 9 декабрь.

## 1978

**Қазақ тілінің тарихи іздері.** – Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – 1978. – №2. – 53-61-бб. (Резюме орыс тілінде).

## 1980

**Жұбанов Е., Өмірәлиев Қ.** Сөз құпиясының сыры. – Қазақстан мұғалімі. – 1980. – 5 декабрь (Рец.: Р. Сыздықова. Сөздер сөйлейді. Алматы, 1980).

## 1981

**Тереңге тартқан тамырлар.** – Қазақ әдебиеті. – 1981. – 17 июль (Әдеби тіл тарихына қатысты ескерткіштер тілі жөнінде).

## 1982

**Өмірәлиев Қ., Мырзахметов М.** Рухани қазына көздері. – Қазақ әдебиеті. – 1982. – 24 декабрь (Көне жазба мұралар туралы).

**«Күл тегін» ескерткішіне 1250 жыл.** – Қазақ әдебиеті. – 1982. – 23 июль.

**Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және әдеби тіл.** – Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. – 1982. – №3. – 54-60-бб. (Резюме орыс тілінде).

## 1983

**Өмірәлиев Қ., Мырзахметов М. Қазақ филологиясының актуальды проблемалары.** – Қазақ әдебиеті. – 1983. – 16 сентябрь.

**«Оғуз қаған» ескерткішінің текстологиясы.** – Кітапта: Исследования старотюркских письменных памятников. – Алма-Ата. – 1983. – 63-72-бб.

**Қазақ поэзиясының жанры мен стилі (XIX ғасырдың бірінші жартысы).** Алматы. – 1983. – 240 б. (Жауапты редактор Р. Сыздықова).

**Қалиев Ғ., Өмірәлиев Қ. Халық мақтанышы.** – Қазақстан мұғалімі. – 1983. – 30 декабрь (С.А. Аманжолов туралы).

## 1984

**Қазақ әдеби тілінің тарихи кезендері.** – Қазақстан мектебі. – 1984. – 23 июль. – №2. – 61-64-бб.

**Азамат ғалым.** – Қазақстан мектебі. – 1984. – №11. – 77-79-бб. (Р.Ғ. Сыздықова туралы).

## 1985

**VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері.** Алматы. – 1985. – 128 б.

**Ата тарихымызға үңілсек...** (эссе). – Жалын. – 1985. – №5. – 106-121-бб.

## 1987

**Әміров Р., Жұбанов Е., Өмірәлиев Қ. Сөйлеу тілінің ауыз әдебиеті мен ақын-жырау шығармаларының қазақ әдеби тілін қалыптастыруындағы орны.** – Кітапта: Қазақ әдеби тілінің проблемалары (ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – Алматы. – 1987. – 70-88-бб.

## 1988

**«Оғуз қаған» эпосының тілі.** – Алматы. – 1988. – 280 б. Жауапты редакторлары: Р. Сыздықова, М. Мырзахметов.

**1989**

**Ісмет ағаға хат.** – Зерде. – 1989. – №2. – 26-37-бб.

**«Зерде» журналының** 1989 жылғы 2 және 3 сандарында жариялаған материалдарды (**Қ. Өмірәлиевтің** Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі І. Кеңесбаевқа ашық хаты және Е.С. Аманжолованың мәлімдемесі) тексеру жөніндегі Қазақ ССР ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімшесі комиссиясының тексеру қорытындысы. – Зерде. – 1989. – №8. – 38-41-бб. (Х.А. Арғынбаев, Ғ.С. Сәдуақасов, М.С. Турабаев, Ә.Қ. Нарымбетов, Т.Ж. Жанұзақов, А.Н. Гаркавец қол қойған).

**Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері.** – Алматы. – 1989. – 155 б. (Авторлар коллективі: Б. Әбілқасымов, Е. Жұбанов, **Қ. Өмірәлиев**, М. Малбақов, Б. Омаров, Ғ. Айдаров, Д. Менжанов, Т. Арынов, Ә. Құрышжанов, С. Құдасов, Ә. Ибатов, А. Мектепов, З. Керімбаева, А. Төлегенов.

**Өлеңдер.** – Өркен. – 1989. – 24 маусым.

**2010**

**Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер.** – Алматы: «Арыс» баспасы. – 2010. – 656 бет + 8 бет суретті жапсырма («Арыс» қорының «Қазақ ғылымының озық үлгілері» сериясы).

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы. – 1977. – 712 б. Жауапты редакторлар: А. Ысқақов, Қ. Өмірәлиев.

\* \* \*

**Қ. ӨМІРӘЛИЕВТІҢ ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ**

**Қалиев С.** Бағалы еңбек. – Қазақ әдебиеті. – 1969. – 26 июль. – №30 (Рец.: Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісіне пайдалану. Алматы, 1968).

**Құрышжанов Ә.** Көне мұра хақында. – Қазақ әдебиеті. – 1970. – 18 декабрь. – №51 (Рец.: Қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша бақылау-пысықтау жинағы. Құрастырғандар А. Әбілқаев, Қ. Өмірәлиев, Ш. Сарыбаев. Алматы, 1968.).

**Уәлиев Н.** Пайдалы еңбек. – Қазақстан мұғалімі. – 1974. – 1 март. – №9 (Рец.: Әбілқаев А., Өмірәлиев Қ. Қазақ тілі тарихи грамматикасының практикумы. Жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған көмекші құрал. Алматы, 1973).

**К. Омиралиев.** – Библиографический словарь. Сост.: Сарыбаев Ш.Ш., Нурмагамбетов А., Абилхасимов Б. – В кн.: Развитие казахского советского языкознания. Алма-Ата, 1980, с. 169-243.

**Мырзахметов М.** Олең сөздің өрнегі. – Қазақ әдебиеті. – 1977. – 4 февраль (Рец.: Қ. Өмірәлиев. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976).

**Бердібаев Р.** Байсалды зерттеу. – Жұлдыз. – 1984. – №1. – 173-175-бб. (Рец.: Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. Алматы, 1983).

**Жанпейісов Е., Уәлиев Н.** Қарымды зерттеу. – Қазақстан мұғалімі. – 1984. – 17 август (Рец.: Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1983).

**Мырзахметов М.** Іргелі зерттеулер. – Қазақстан мектебі. – 1984. – №2. – 77-80-бб. (Рец.: Қ. Өмірәлиев. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976; Қазақ поэзиясының жанры мен стилі. Алматы, 1983).

**Жубанов Е. [Рецензия].** – Советская тюркология. – 1986. – №6. – С. 82-83 (Рец.: Құлмат Өмірәлиев. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. Алматы, 1985).

*Жиыстырған Ғ. ӘНЕС*

## МАЗМҰНЫ

<i>Жанпейісов Е., Әнес Ғ.</i> Алғы сөз .....	3
I. XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі .....	9
II. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі .....	287
III. VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері .....	497
IV. Қосымша .....	629

**Құлмат ӨМІРӘЛИЕВ**

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Редакторы Төлеубек Алпысбаев  
Корректоры Шәрипа Жамықаева  
Беттеуші Нұрбүбі Садықова  
Суретші Нағым Нұрмағамбетов

*Басуға 04.08.2014 қол қойылды.  
Пішімі 60x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз.  
Баспа табағы 40,0. Шартты баспа табағы 40,0.  
Таралымы 4000 дана.*

*ЖШС «Абзал-Ай»  
050009, Алматы қаласы  
Абай даңғылы, 143, 425-кеңсе  
тел/факс: 8(727) 394 38 32, 385 74 67  
E-mail: Bekbosin-serik60@mail.ru*

ISBN 978-601-7172-38-1



9

7 8 6 0 1 7 1 7 2 3 8 1